

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

**ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ**

Грета Соловьева

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН
АУМАҒЫНДАҒЫ ДІНДЕР ТАРИХЫ**

**Алматы
2020**

ӘОЖ
КБЖ
Қ

Пікір жазғандар:

Құрманалиева А.Д., философия ғылымдарының докторы, профессор
Сейтахметова Н.Л., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
философия ғылымдарының докторы, профессор
Сатершинов Б.М., философия ғылымдарының докторы, профессор

Соловьева Г.Г.

Қ Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы. Оқу құралы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020. – 324 б.

ISBN –

Оқырмандарға ұсынылып отырылған оқу құралындағы материалдар тарихтағы және заманауи кезеңдегі еліміздегі зайырлы мемлекетті қалыптастырудағы діннің рөлі мен орнын анықтауға арналған. Оқу құралы екі үлкен тараудан тұрады. Бірінші тарауда Қазақстанның мәдени-өркениеттік, ұлттық бірегейлігін анықтайтын негізгі тарихи оқиғалар аясындағы діннің тарихы кезеңдеп ашылып көрсетілген. Екінші тарауда дәстүрлі діндер мен зайырлы мемлекеттегі оның жаңа мәртебесі мен қызметі, сонымен қатар жаңа діни бірлестіктердің қалыптасуы сияқты Қазақстанның заманауи діни ахуалы баяндалады.

Оқу құралы бакалаврлар мен магистранттарға, PhD докторанттарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына және еліміздің ғалымдары мен жалпы көпшілікке арналған.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN –

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	6
I бөлім.	
ДІН - ӨРКЕНИЕТТІК БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ӨЗЕГІ	
1 тарау. Тарих және дін.....	11
Дін, сенім, руханият.....	11
Діндер тарихын зерттеу қағидалары.....	18
Қазіргі заман тұрғысынан алғандағы Қазақстан территориясындағы діндер тарихы.....	24
2 тарау. Тарихи контекстердегі дін. Түркі әлемінің бірегейлігіне қатысты ойлар.....	27
Ежелгі замандағы Қазақстан. Ежелгі тайпалардың діни сенімдері.....	27
Тәңіршілдік. Түркі мәдениетінің дүниетанымдық өзегі.....	33
Митраизм. Түркі тайпаларының келісім діні.....	40
Ұлы Даладағы зороастризм. Өмірге деген құштарлық діні.....	45
Буддизм: бірігу діні.....	52
Манихейшілдік. Ұлы Даладағы діни ахуалға қарама-қайшы әсер етушілік.....	62
Несториандық. Түркі тайпаларының христиандық қауымдастықтары.....	68
3 тарау. Ислам және түркілік-исламдық бірегейліктің қалыптасуы.....	74
Мұхаммед пайғамбардың тұлғасы.....	74
Ислам діни ілімінің рухани мағынасы.....	78
Исламның Қазақстан территориясында Қожа Ахмет Яссауи сопылығы формасында таралуы.....	90
Исламдағы құқық мектептері және Қазақстанда қабылданған Әбу Ханифа мазхабы.....	99

Исламның Қазақстан территориясында таралуы. Тарихи кезеңдер.....	106
4 тарау. Қазақстан территориясындағы иудаизм мен христиан діндерінің тарихы.....	116
Иудаизм және оның басқа діндермен өзара әрекеттесуі.....	116
Христиан діні: діни ілімнің негіздері.....	126
Православие және оның Қазақстан территориясында таралуы.....	144
Қазақстан территориясындағы католицизм.....	154
Қазақстан территориясындағы протестантизм.....	160
Бірінші бөлім әдебиеттері	169

II бөлім. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН. ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН

1 тарау. Зайырлы мемлекет, діни сенім бостандығы және діннің жаңа мәртебесі.....	172
Зайырлы мемлекет пен діни сенім бостандығы.....	172
Қазіргі Қазақстандағы діндер. Жаңа мәртебесі мен қызметтері.....	182
2 тарау. Қазақстан сияқты зайырлы мемлекеттегі дәстүрлі діндер.....	190
Мемлекеттің жаңа тарихындағы ислам.....	190
Қазіргі Қазақстандағы православие діні.....	200
Қазіргі Қазақстандағы католицизм.....	209
Республика жеке этностарының діндері.....	215
3 тарау. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар.....	220
Неопротестантизм.....	221
Неоориенталистік ұйымдар.....	231
Бахаи діні.....	232
Қазақстандықтардың дәстүрлі діндер мен жаңа діни ұйымдардың қызметін бағалауы.....	234

4 тарау. Дін, қоғам, мемлекет. Азаматтық бірегейліктің басымдылығы.....	242
Дінаралық келісімнің ұлттық үлгісі.....	242
Псевдодінилік экстремизмге қарсы әрекет ету туралы.....	251
Түркі-ислам мәдениетінің «ислам фобиясына» қарсы тұруы.....	262
Қазақстандық отбасындағы зайырлы және діни құндылық тардың ара-қатынасы.....	277
Қазақстандықтар діндарлығы мен менталитетінің зайырлы сипаты туралы.....	284
Екінші бөлім әдебиеттері.....	298
Терминдер сөздігі.....	301
ҚОРЫТЫНДЫ. Дін және қазіргі әлем.....	312
Қосымша 1.....	317
Қосымша 2.....	318
Қосымша 3.....	321

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі таңдағы жаһандану аясындағы үрдістердің бірі – барлық адамды бір-біріне ұқсас етіп, бірдейлестіру, ұлттық және мәдени айырмашылықтарды жою болып отыр. Сондықтан бастапқы міндеттердің бірі ұлттық, мәдени және азаматтық бірегейлікті сақтап қалу болып табылады. Философтардың пайымдауынша: «барлық адамдар бір-бірінен айнымайды, алайда біреуі де өз-өзіне ұқсамайды». Өз келбетіңнен, ерекшелігің және қайталанбас өзгешелегіңнен айырылмас үшін бар күш жігеріңді жұмсау керек.

Еліміздің тұңғыш Президентінің «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. ... Жаңғыру атаулы бұрынғыдан тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс ... Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабасқтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы»¹, – деп қоғамдық сананың өзгерістерінің қажеттілігі қатысты дәйектелген бағдарламасын ұсынады.

Сонымен бірге жаңа жаһандық әлемге табысты енуіміз үшін біз архаикалық әдеттерден, ойлау тәсілдерінен және мінез-құлықтардан бас тартуымыз керек. Бұл жерде әңгіме қанша өзгерістерді жүзеге асырғанмен де «ұлттық меніміздің ішкі өзегін сақтау» жайында болып отыр. Біз ұлттық бірегейлігімізді, халықтың символдық жадын сақтай білуіміз шарт болып отыр. Өз кезегінде жаһандық деңгейде табыстарға жетуімізге негіз қалыптастырады.

Әр түрлі мәдениеттердің ұлттық үлгісін сақтап қалу арқылы ғана мәдениет пен халықтар арасындағы келісім мен өзара түсіністікті көздеген әлемнің жаңа архитектуроникасын орнату, «әралуандылықтағы бірлік» қағидасын жүзеге асыру мүмкін. «Кез-келген моножүйе жалпы адамзаттың ғана емес, тіптен оның бір ғана бөлшегінің тұрақтылығын, тепе-теңдігін және дамуын қамтамасыз ете алмайды. Онда әрқашан қақтығыс пен жарылыс қаупі болмай қоймайды. Көптүрліліктің, көпұлттылықтың және көпконфессиялықтың бірлігі ғана – жалғыз ақиқат».

¹ Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». www.akorda.kz, 12 сәуір 2017.

Мәдени-өркениеттік бірегейлікті сақтап, қорғап қалу үшін өз ұлтыңның мәдени мұрасын, ұлттық сана-сезімнің қалыптасу бастауына бет бұрып, қазақ мемлекеттелігі мен қазақ мәдениетінің тарихи көрінісін толығымен қайта қалпына келтіру керек.

Тарихи жады, тарихи мұра, тарихи сана-сезім – міне осылардың барлығы рухани тәуелсіздігімізді, ұлттық абыройымызды, рухани ерекшелігімізді жаһандандудың теріс әсері мен әлемді бірполярлы геосаяси жүйеге айналдыру қаупінен қорғап қалудың бірден-бір жолы.

Бүгінгі таңда Қазақстан тарихын еуроорталықтық және кеңестік кезеңнің таптаурындарынан тыс жаңа дүниетанымдық және әдіснамалық тұрғыдан пайымдау уақыты келді. **Біріншіден**, ғылыми зерттеулер отандық тарихтың беймәлім көкжиегі мен қырсырын ашады. Қазақстан ешбір асыра сілтеусіз және аңыздарсыз-ақ ұлы өркениеттің мұрагері болып табылады.

Қазақстан территориясы – бұл Батыс пен Шығыс мәдениеттері тоғысындағы жаһандық сұхбат алаңы, мұнда әлемдік тарихтың даму барысына әсер еткен көптеген ұлттар өзара әрекеттесіп, дала мәдениеті дамыған және оның қала құрылымымен түйіскен ұлы кездесу орны. Ерекше тауарларын саудалаған көпестермен қатар, түрлі идеялар, мәдени дағдылар, діни сенімдерді әкелген Ұлы Жібек жолы осы Қазақстан жері арқылы өтті. Ең бастысы – Ұлы Дала жазықтарында өз бойында дүниеге деген ерекше қатынасы, мәдениеттің ерекше типі мен түркілік ұлттық сипаты бар түркі өркениеттік әлемі қалыптасты.

Екіншіден, бүгінгі таңда дінді мәдениеттің маңызды феномені ретінде, рөлі мен маңыздылығының жоғары екендігін мойындау арқылы өткеніміздің тарихын заманауи тұрғыдан түсіндіру мүмкіндігі пайда болды. Әрбір тарихи сатыдағы діни қажеттіліктер, діни сана-сезім түрлі формада, белгілі бір дәуірдегі халықтың даму деңгейінде сәйкес көрініс тапты. Дін адамның бастапқы мәні бола отырып, тарихтағы маңызды рөлді атқарды. Сонымен қатар дін, үнемі өмір сүру құқына ие болу жолында қалай күресу керектігіне ғана емес, өмірде орын алып жатқан оқиғалардың мәні, адамның бұл дүниедегі мақсаты, мәңгі өмір сүру мүмкіндігіне қатысты сұрақтарға жауап іздейді. Діндер халықтардың сипаты мен рухани келбетін анықтай отырып, мәдени-өркениеттік

қауымдастықтың түйіні мен мәні болып отырды. Тек бір кездері ғана аз уақыт көлемінде дін әлеуметтік саладан жеке өмірге қарай ығыстырылды. Кеңестік билік жылдары тарих қайта жазылып, дін материалистік идеология тұрғысынан жағымсыз термин ретінде түсіндірілді.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында дін қайта жандана бастады. Ол әлеуметтік институт, еліміздегі азаматтық қоғам мен рухани-адамгершілік жағдайдың ықпалды факторына айналды. Сондықтан қазіргі таңда ғалымдардың еңбегімен қайта қалыптасып жатқан Қазақстан тарихы тек соғыс, хан әулеттерінің ауысуы, ұлы империялардың пайда болуы мен қайта күйреуі, қолөнер, экономика мен саясаттың дамуы сияқты сыртқы оқиғаларды сипаттаумен ғана шектеліп жатқан жоқ.

Жаһандық тарихи оқиғалардың негізгі өзегі адамның рухани тұрғыдан қалыптасуы, оның өз еркіндігін сезінуі мен осы өмірдегі басты бағыты болып табылады. Дін тарихы – бұл үлкен тарихи эпопеяның тек қосымшасы ғана емес, оның мәнді мазмұны да болып табылады. Дін тарихы ғылыми пән ретінде дінтанудың құрамында болады, сонымен қатар ол елдің жалпы тарихының ішкі негізі де болып табылады. Барлық тарихи оқиғалар, тәуелсіздік жолындағы ерлік күрестер, ашылған жаңалықтар, ғылым мен өнердегі жетістіктердің барлығы адамның қолымен дүниеге келгені белгілі, ал оның қол жеткізген жетістіктері мен жеңілістері көбіне оның сенімімен анықталады.

Қазақстан тарихында дін рухани ұстаз, біріктіруші және мемлекетті қалыптастырушы ұлы міндетті орындады және жаңа сипаттағы өркениеттік бірегейліктің негізі болып келді.

Бірақ, Қазақстан қазіргі көпшілік елдер сияқты зайырлы мемлекет болып табылады. Елбасы өзінің соңғы еңбектерінде бұл біздің Республикамыздың тарихи таңдауы және одан басқа бізге жол жоқ және болуы да мүмкін емес екендігін атап өткен еді¹.

Бұл дегеніңіз елімізде әртүрлі этностар мен конфессиялардың өкілдері тұрады деген сөз ғана емес, сонымен қатар азаматтарымыз дінге сенумен қатар бейтарап қарап, негізінен зайырлылықты таңдайтынын білдіреді. Осындай жағдайда ешқандай дін елімізде мемлекеттік мәртебесіне үміттен алмайды.

¹ Назарбаев Н.А. Тәуелсіздік дәуірі. – Алматы: Қазақпарат, 2017. - 368 б.

Барлық азаматтарға жалпы болып келетін зайырлы дүниетанымына, ойлау образына және мінез-құлық типіне азаматтық және саяси қатыстылық анықтаушы әлеуметтік-мәдени вектор болып отыр. Түйінді құндылықтарға этносаралық және дінаралық келісім, өзаратүсіністік, сенім, тұрақтылық және қауіпсіздік жатады. Біз нені зерделеп, ұынуға ұмтылуымыз керек? Герменевтика принциптерін басшылыққа ала отырып, яғни түсіну ғылымына жүгініп, алдын ала тұтастай мазмұнының сұлбасын ұсынамыз және содан соң әрбір қырын нақтылай түсеміз.

Біздің ұсынып отырған пәнімізде діни ілімдердің мәні тарихи ретроспективада және кроссмәдени қырынан қарастырылып, сонымен қатар діни белгісіне немесе зайырлы өмір сүру үлгісіне қарамастан Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының рухани-адамгершілік әлеуетін қалыптасыру мақсатында тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа сатысын да қамту көзделіп отырғандығы пайымдалады.

Оқу құралының материалдарымен танысу арқылы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев пен қазіргі таңдағы еліміздің президенті Қ.Ж.К. Тоқаевтың¹ еңбектері мен халыққа арнаған жолдауларындағы тарихи сананы, тарихи жадыны, халықтың рухани дәстүріне бейімделген ұлттық кодты қалыптастыру, діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұру, жаңа жалған діни ағымдардың әсеріне қарсы тұру, бейбітшілік орнату мен адамзаттың дамуы үшін мемлекет пен діннің жаһандық сұхбатына бағдарлану сияқты алға қойылған міндеттерді шешуге септігін тигізеді.

«Дін – өркениеттік бірегейлік негізі» атты **бірінші бөлімінде** тәуелсіздік кезеңіне дейінгі Қазақстандағы дін тарихы қайтадан қалыптастырылады. Діни ілімдердің рухани мағынасы мен олардың тарихи оқиғалар аясындағы қызметі жан-жақты ашып көрсетіледі.

Басты назар түркі әлемінің рухани негіздері мен түркі-ислам руханиятының қалыптастыруға аударылады. Қазақ халқының ата-бабасының дүниетанымдық негізін тәңіршілдік құрады, бірақ өзінің диалогқа деген інкәрлігінің арқасында ол митраизм, зоро-

¹ Тоқаев Қ.-Ж.К. Сындрлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі // Егемен Қазақстан 3 қыркүйек 2019 ж.

Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы

астризм, буддизм, манихейлік және несториандық сияқты діни көзқарастардың элементерін бойына сіңірді. Исламның келуімен ахуал біршама өзгерді. Ислам тәңіршілдікпен өзара әрекеттесуге түсіп, соның арқасында түркі-ислам руханияты қалыптасты. Оқу құралында ислам ілімінің рухани мағынасы ашылып көрсетіледі, исламдағы құқықтық мектептер, ханафит мазхабының негізгі қағидалары, Ахмет Яссауидің сопылық тұжырымдамасы және Қазақстанда исламның таралуының тарихи кезеңдері талқыланады.

Екінші үлкен бөлім – «Қазіргі Қазақстан. Зайырлы мемлекет және дін» деп аталып, Қазақстанның тәуелсіздік дәуірінен басталып, оның жаңа тарихына арналады.

Бұл тарихи кезеңде діндер жаңа сападағы форма мен мазмұнға ие болатындығы атап көрсетіледі. Қазақстанға дәстүрлі діндердің рөлі мен қызметі өзгеріп жатыр, дін картасында жаңа діни ұйымдар пайда болуда. Мемлекет конфессия аралық сұхбат пен мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың ұлттық моделін қалыптастыру арқылы азаматтардың діни қажеттіктерін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауда.

Оқу құралында Қазақстанның заманауи діни картасы ұсынылған және оның ішінде 18 конфессияның рөлі мен исламның ханафиттік мазхабы және православия түріндегі христиан дінінің дәстүрлі діндік мәртебелері айқындалған. Сонымен бірге қазақстандық дінтанушылардың зерттеулерінің нәтижелері, атап айтқанда әлеуметтанулық деректердің аналитикасы қолданылады.

Сонымен бірге қазіргі тарихи кезеңнің ең өзекті мәселелер күн тәртібіне қойылып отыр: жалған діни экстремизмге қарсы тұру, ислам фобиясымен күрес, қазақстандық отбасындағы зайырлы және діни құндылықтардың өзара қатынасы, қазақстандықтардың зайырлы дүниетанымының қалыптасуы, ұлтаралық келісімнің ұлттық моделі және әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бес Съезінің тәжірибесі.

Әртүрлі өркениеттік даму контекстінде Қазақстандағы дін тарихын зерделеу «Рухани жаңғыру» Мемлекеттік бағдарламаның төмендегі міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді: ұлттық кодты сақтау, ұлттық бірегейлікті, жауапкершілігі мықты зияткерлік ұлтты қалыптастыру.

I бөлім.

ДІН – ӨРКЕНИЕТТІК БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ӨЗЕГІ

1 тарау. ТАРИХ ЖӘНЕ ДІН

Дін, сенім, руханият

Дін – жеке және әлеуметтік өмірдегі күрделі, көпжоспарлы, көпқырлы құбылыс болып табылады, оның бастауы сонау ерте кезеңде жатыр. Енді осы құбылысқа анықтама беріп көруге тырысып көрелік. Біріншісі, бұл дінтанушы-ғалымдардың жиі келтіріп жүрген анықтамасы, яғни **дін – өнер, ғылым, философиямен қатар қоғамдық сананың формасы** болып табылады. Бұл дегеніміз, дін әуелбастан-ақ тек жеке адамға ғана емес, ұжымға соның ішінде, ру, тайпа, халық, ұлт, мемлекетке тән құбылыс.

Тек осы анықтамалармен ғана шектелмеу керек. Мына анықтаманы да қосуға болады: **дін – әлеуметтік институт** болып табылады. Бұл дегеніміз, дін өзінің тарихи формасы арқылы белгілі бір ұйымдық құрылымға ие болып, қоғам мен мемлекеттегі әлеуметтік рөлге ие.

Сонымен қатар, дін – Құдай мен әлем (діни онтология) қатынасы жайлы, болмыс, адамның шығу тегі мен өмірдегі мақсаты (діни антропология), адам болмысының құндылықтары (діни аксиология) жайлы түсініктерді қарастыратын **дүниетаным мен дүниеге деген қатынастың** маңызды типі болып табылатындығын да атап көрсетуге болады. Дүниетаным тек **көзқарастардың** өзара байланысты жүйесін ғана емес, оларға деген белгілі бір **қатынасты** да білдіреді. Біздің әлем, Құдай және өзіміз жайлы білетінімізді, ойларымызды жанымызбен, жүрегімізбен қабылдағандықтан, бұл білім жоғары құндылыққа айналады, біз тіпті бұл білім үшін жанымызды қиюға да әзір тұрамыз. Алайда математикалық теорема немесе физика заңдары үшін ешкім әлі өмірін құрбан еткен емес.

Адамзат тарихында дін халықты этнос, ұлт, мемлекет ретінде қалыптастыратын біріктіруші фактор рөлінде болды, бұл өз кезегінде Шығыс пен Батыс кеңістігіндегі этносаяси үдерістерді жүзеге асыруға әсер етеді. Исламдағы жасыл түсті нышандар

арқылы бірнеше ғасыр бойына көптеген мемлекеттердің басын біріктірген және әлемдік тарихи үдерісте маңызды рөлді ойнаған араб халифаты құрылды. Діни рәсімдеріне тамсана отырып, бірыңғай православие дінін қабылдау үшін өркениеттік жолды таңдау барысында орыс князі Владимир де діннің біріктіруші, топтастыру мүмкіндігін ескерді.

Бірақ сіздер байқағандай, біз адамзат тарихында маңызды рөл атқарған діннің тек кейбір қасиеттері мен мүмкіндіктерін ғана сипаттап бердік. Алайда, оның біз атаған барлық қасиеттері мен атап үлгермеген мүмкіндіктері оның мәнінен, яғни ең бастысы, ішкі мазмұнынан туындады, көптеген анықтамалар осыған байланысты. Оның терең мәні қандай?

Философтар, теологтар, дінтанушылар дінді сан алуан тарихи формасында зерттеу, мәдени-өркениеттік миссиясын, этноса-яси және азаматтық бірегейлігін анықтау үшін бар күштері мен уақытын сарп етіп, жұмсауда. Өте көп философиялық-теологиялық, мәдениеттанулық, дінтанулық тұжырымдар мен теориялар жинақталды, ал оларды талдау жұмыстары бір ғана кітаптың көлеміне сыймайтыны анық. Алдымен, біз, «дін» сөзінің этимологиясына бет бұрайық. Үлкен энциклопедиялық сөздік бойынша: «**Дін** (лат. religio – «діншілдік», «құдайшылдық», «аса құрметті», «ғибадаттық» деген мағынаны білдіреді) – бұл дүниетаным мен дүниені сезіну, сонымен қатар Құдай немесе құдайлардың, тылсым дүниенің барына деген сенімге негізделген өзін-өзі ұстау тәртібі және арнайы әрекеттер (діни рәсім)»¹. Бұлардың қатарына тағы бір «дін» терминінің түсіндірмесін қосуға болады. Religio – діншілдік, құдайшылдық, аса құрметті дегенді білдірсе, ал religare – бұл байланыстыру, біріктіру деген мағынаға ие болады. Екі термин ортақтасып «дін» дегенді білдіреді. Дін Құдай мен адамды байланыстыратын, ортақ рухани нақты әлемді қалыптастыратын қасиетті байланыс, мұнда адам Құдайдан қолдау тауып, жігерленіп отырады.

Діндар адамдардың пікірінше осы байланыс арқылы адамдар жалған дүниедегі жалғыздық, үрей мен сағыныш және бұл дүниенің мәні арасындағы алшақтықтан арылып, қайғы-мұңнан

¹ Большой энциклопедический словарь. – М.: Большая Российская энциклопедия. – СПб: Норинт, 2004. – С. 1009.

құтылуға, өмір ғажаптарына сеніп, өмірдің мәніне ие болуға үміт оты жанады. Енді діннің мәнісі нақтылана түсті. Бұл өмір мен өлім құпиясын ашуға тырысатын рухани бастауға деген сенім, осыдан рухани бастауға бет бұрып, онымен тығыз байланыса түсуге ұмтылыс пайда болады. Дін адамның Құдайға ғана емес, Құдайдың да адамға деген қатынасын білдіреді.

Құдайға бір қадам жақындауға, онымен бірігуге ұмтылған қадам жасауға деген сенімнің түрі **діни культ** болып табылады, бұл діни рәсімдер жүйесі. Бұл «белгілі бір дін өкілдерінің Құдай немесе құдайларға табынуын білдіретін рини рәсімдер кешені» [...]. Культтің сыртқы формасы – діни мақсатты көздеген жеке немесе ұжымдық іс-әрекеттер [...]. «Культ құдаймен байланысқа түсу жолы ретінде қарастырылады»¹. Діни рәсімнің екі мағынасы бар: **біріншіден**, жеке адамның Құдайға жақындай түсуінің терең діни қажеттілігін білдірсе, **екіншіден**, қоғамда орын алып жатқан құрылымдар мен болмыс әдісіне рұқсат алу, оны ақтау. Сонымен қатар, кең тараған діндердің ілімі бойынша бірлесе жүзеге асырған ғибадат етудегі әрекеттер мәдени-тарихи контекстегі түрлі формасы бар діни ұйымдардың, діни бірлестіктердің пайда болуына алып келеді.

Егер дінді сенім, діни рәсімдердің жиынтығы, белгілі бір ұйымдық құрылымдарды қамтыған біртұтас жүйе ретінде қарастырсақ, енді осылардың барлығының басын біріктіретін **діни ілім, діни доктрина, догматтар жиынтығы** болып табылады. Бұлардың барлығы Құдай, адам мен әлем қатынасы жайлы ойларды қалыптастыратын негізгі қағидалар. Бұлардың барлығы күмән келтірілмейтін айқын қағидалар, ал олардың мағынасы белгілі бір діни ілімнің мәні саналады. Әр діннің догматикасы оның асқан ұқыптылықпен сақталынып отыратын киелі өзегі болып табылады.

Алайда әртүрлі діндердің бойында догматикамен қатар, жалпыадамзаттық, іргелі, мәңгі болып қалатын рухани-адамгершілік құндылықтар да бар. Бұл дегеніміз, түрлі мәдени-тарихи және өркениеттің аясында, әр түрлі діни доктриналардың бойында бәрінің басын біріктіретін ортақ біріктіруші діни иман

¹ Культ религиозный. Новая философская энциклопедия. В 4-х томах. Т. 2. – М.: Мысль, 2001. – С. 340.

феномені бар, ол өз кезегінде ортақ құндылықтық ұстанымдар мен адамгершіліктік императивтердің тұтастығы сияқты құбылыстың пайда болуына мүмкіндік береді. Құндылықтар жүйесіне кіретін өмір мен өлім, қайырымдылық пен зұлымдық, махаббат пен өшпенділік, мейірімділік пен рақымдылық, сенім мен әділеттілік, ар мен борыш, адам өмірі мен тарихтың мәні сияқты ұғымдар ең киелі, маңызды ұғымдар, бұдан жер бетіндегі бірде-бір адам қашып құтыла алмайды. Иман феноменінен туындайтын осы бір мәңгілік құндылықтар ежелден бастап қазіргі күнге дейінгі барлық тарихи сатыларында дін сұхбаты мен өзара қатынарудың берік іргесін қалады.

Иман, яғни **Сенім** феноменін тереңірек қарастырып көрейік. Ең бастысы иман өзінің бастапқы мағынасында, яғни, сенім арту ұғымы ретінде қарастырылады. Бұл дүниеде сенімі жоқ адамның болмауы мүмкін емес. Ұрпақтар сабақтастығы, мәдени тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің өзі сенімге негізделген. Негізінде біздер, әлем тарихы аясында өткен бірде-бір шайқасқа өзіміз қатысып көрген емеспіз. Бірақ біз көптеген ғасырлар қойнауындағы оқиғаларды білу үшін мәліметтер мен жылнамаларға сенім артамыз, ал біраз жылдар бұрын ғана орын алған оқиғаларды білу үшін сол оқиғаларды көзі көрген адамдардың айтқандарына сенеміз. Тарихи жады сенім арқылы ғана құнды бола түседі.

Неге тек шайқастар ғана? Біз барлық оқиғалар, деректер, әсіресе ғылыми жаңалықтар, әдебиет пен өнер жауһарлары, махаббат, ана болу, қайырымдылық жасау тәжірибесінің барлығы бізге ата-бабамыздың күші мен даналығы арқылы жетті, осылайша мәдени мұрамызға сенім арту арқылы, бар мейірімізбен оларды қабылдаймыз.

Біздің күнделікті өмірімізде иман сенім арту құбылысы ретінде өмір сүруге, әрекет етуге, сүюге және жеңуге мүмкіндік береді. Біз көптеген таныстарымызға да, бейтаныс адамдарға да, жақынымызға да, алысымызға да сенім артамыз, әйтпесе айналамызды терең үнсіздік жаулайтын еді. Дәрігерлер, мұғалімдер, құрылысшылар, такси жүргізушілері, әуелайнер командирлеріне күнделікті мыңдаған адамның өмірі жүкетеледі.

Неліктен біз сенім білдіруге қабілеттіміз? Бұл қабілет ортақ рухани жақындастықты, көзге көрінбейтін, білінбейтін әрі айқын байқалатын рухани нақты әлемді туындатады. Сенім арту мен

адалдықтың көрсеткіші ретінде иманның қайнаркөзі – діни сенім болып табылады.

Осылайша «діндар» сөзін барлығына қатысты қолдана алмаймыз. Заманауи қоғам діндарлар мен атеистерден, дінге бет бұрғандар мен зайырлы бағытта ойлайтын әрі әрекет ететін адамдардан тұрады. «Ар-ұждан еркіндігіне» сай әркімнің жеке таңдау жасауға құқығы бар. Ең бастысы бір-бірімізді мойындап, арадағы сыйластықты сақтап қалу керек. Біз бұларға біздің иманымыз жалған, соқыр емес таза, шынайы болған жағдайда қол жеткізе аламыз. «Соқыр иманның, көзі де соқыр» деген сөз осыдан шыққан.

Кім батылданып, өзгенің иманы туралы сөз қозғай алады? Бұл өзгенің пікірін қажет етпейтін әркімнің ішкі және жеке мәселесі. Дегенмен, нағыз және жалған иманды бір-бірінен айыратын сенімді өлшемдері бар. Адамның рухани ажарлануы, ішкі жанының жарықтығы, өмірдің қиын сәттеріне, қайғы-қасіреттеріне қарамастан, жақыны мен жолдастарына деген өнегелі істері – міне нағыз иманның сипаты. Тұлғаның психолоиялық құрдымға кетуі, қатыгездік пен агрессия, фанатизм мен экстремизм – бұл жалған, соқыр иманның жемісі деуге болады.

Мәдениет тарихы мен күнделікті өмірде иманды ақыл және біліммен қатар қойып жатады. Әр дәуір мен өркениетте адамзат байлығы мен мәдениеттің әр түрлілігін қалыптастыратын, олардың арақатынасы туралы өз жауабы бар. Кең тараған үш түрлі жауапты әлі күнге дейін энциклопедия мен интернет желілерінде келтіріп жүрміз. Аврелий Августин ақыл мен иманның үйлесімділігіне талпына отырып, иманның алдыңғы қатарға шығуын алға тартып: «Тану үшін, сенемін» деген болатын. Ал Петр Абеляр мұндай үйлесімді жоққа шығармай, «Сену үшін, танимын» деп өзге шешімді ұсынды. Лев Толстой болса бұл қарама-қайшылықты «Тану үшін, сенемін және сену үшін, танимын» деп шешуге тырысты. Осы үшеуінің пайымдауынша даналық дегеніміз діни ақиқат туралы білім дейді. Тереңірек үңілсек, білім мен иман бір – біріне сәйкес келеді. Қазақ даласының ұлы тұлғасы әл-Фараби, иман да, сенім де бір мақсатқа бағытталған, ол «Құдайды тану» деген. Бұл жағдайда иман жүректі билесе, ал білім ақыл, ғылым, философияға сүйенеді.

Бірақ, ақылмен бекітілген иман өзінің аумағынан тысқары шығып, шексіздікке ұшырайды. Ақылмен танылмағанды, иманмен

танисың. Ол адамның ақылын, жүрегін, жанын жаулайды. Оның үстіне иман, рухани істердің жиынтығы, ол жаңа шынайылықты Құдаймен рухани байланысты қалыптастырады. Жаның рақат тауып, үміт оты жағылған, өзара келісімі бар ортада ғана иман болады.

Көптеген адамдар, иманды дәлелдеу қажет деп жатады. Мұндай пікір әлі де анықтауды талап етеді. Қандай дәлел қажет? Егер логикалық дәлел қажет болса, мұны түсінуге болады. Себебі неміс философы Иммануил Канттың пікірінше, логика адам өміріндегі маңызды мәселелерді шешуде тым әлсіз. Адам жанының мәңгілігі, өмір мәні мен еркіндігі сияқты Құдай болмысын да логикалық тұрғыдан дәлелдеп, жоққа да шығаруға болады.

Бірақ, барлық ой аргументтерінен асып түсетін, дәлелі айқын, толығымен дәлелденген логикадан тыс айғақтар да бар, олар: сенім мен өз қалауы арқылы іске асқан, шынайы, риясыз, марапат пен мақтауды қажет етпейтін өнегелік істер. «Екі нәрсе менің таңданысымды тудырады, – дейді Иммануил Кант, – төбемдегі жұлдызды аспан және менің жүрегімдегі адамгершілік заңдылығы».

Өзінің нағыз иманға деген жолы туралы орыс философы Владимир Соловьев жақсы жазды. «Адам өзінің дамуы барысында дінге қатысты үш кезеңді басынан өткереді: бірінші балалық шағы немесе соқыр иман кезеңі, келесісі, есі қалыптаса бастаған шағы, яғни соқыр иманды жоққа шығаратын кезеңі, соңғысы, саналы, ақылға негізделген иман кезеңі». Соловьев бұл жерде өзі туралы айтып отыр. Ол өзінің әлсіз иманын қатаң сынға алып, ойын күмән мен сан түрлі сұрақтар мазалап, мың толғанады. Тек осыдан кейін ғана оның иманы саналы, ақылға жүгінген иманға айналды.

Қазақтың ұлы данышпаны Абай да иманның екі типі жайлы айтады. Біріншісі – адам жүрегіне жол тауып, оның ақылымен жетіле түскен шынайы иман («якини иман»). Абай, шынайы иман ораза тұтып, парызыңды орындаумен ғана шектелмейді, ол ішкі қажеттілік, рухани ісіңнің жемісі дейді. Иманның екінші түрі – тек дін иелерінің айтқанына иланудан, соларға еліктеуден туған, ақылға салынбаған дәстүрлі иман («таклиди иман»). Мұндай иман шынайы иманнан айырықша, ол қиын сынақтарға төзбей, бірден құлдырауы мүмкін, ал шынайы иман адамға жоғарғы Ақиқат пен Өмір мәніне жол аша отырып, оны рухани тағдырының орталығына айналдырады.

Иманның бойында сезім, ақыл, адамның ерігі, оның психикасының саналы да, бейсаналы тұстары бар. Иманды адам өзін толыққанды сезінеді. Тек қана сезініп қоймай, өмірдің ләззатын алады, себебі иман тек діни тәжірибе ғана емес, ол адамның іс-әрекетін, ойлау образы және өмір сүру салты, отбасына, жақындарына, қоршаған ортасына, отанына, барлық адамзатқа деген қатынасын білдіреді. Иманды нағыз білім көзі мен сол білімге жетелейтін іс-әрекетерге деген нұсқау ретінде қарастыруға болады.

Енді бізге күрделі сұраққа жауап беру керек, руханият дегеніміз, яғни діни және зайырлы өмір сүру салты мен тәртібін байланыстыратын қандай категория? Ғылыми әдебиеттерде көптеген анықтамалар кезігеді. Біз келесі бір анықтаманы ұсынып отырмыз: **руханият** – бұл адамның құдаймен кезігіп, осы кездесу арқылы өнегелі істерді жасауға күш алып, зұлымдықтан арылуға, өзінің бойындағы ең жақсы қасиеттерді тәрбиелеуге итермелейтін, көзге көрінбейтін нақты әлем. Адамгершілік – бұл руханилықты жүзеге асыратын жол.

Ал егер руханияттың, содан кейін адамгершіліктің түбірі мен бастауы дінилікте жатса, зайырлы құндылықтар мен бағдарларды таңдайтын адамдар жайлы не деуге болады? Олардың рухани құндылықтарға қатысы болмау керек пе? Кейде діни көзқарастары жоқ адамдар, өмірде діндарларға қарағанда әлдеқайда мейірімді, әділ болып келеді Оның жауабы мынадай болуы мүмкін: діни немесе зайырлы көзқарастары мен таңдауларына қарамастан, рухани дүние мен адамгершілікке әр адам құштар болады Адамдар шынайы мәдениетті игеру арқылы осы бір құштарлыққа ие болады, оны философтар «рух болмысының формасы» деп атайды. Осы кезде зайырлы бағдардағы адам иманның бастауына бүкіл жан дүниесімен енбей, тек сырттай ғана діни рәсімдерді орындап, өзін діни өмірмен шектейтін адамдарға қарағанда, әлдеқайда әділетті және адал болуы мүмкін.

Бақылау сұрақтары

1. «Дін» сөзінің этимологиясын ашып көрсетіңіз.
2. Діни рәсімдердің мағынасы неде жатыр?
3. Біртұтас жүйе ретінде діннің негізін не құрайды?

4. Кең мағынадағы сенім мен діни сенімнің арақатынасы қандай?
5. Діни иман мен ғылыми білімнің арақатынасы қандай?
6. Абай өзінің «Қара сөздерінде» иманның қандай типтерін атап көрсетеді?
7. Руханият дегеніміз не және зайырлы бағдардағы адамдар оған қалай бейімделеді?

Діндер тарихын зерттеу қағидалары

Алдымен, діни білім мен дінтанулық білімнің ортақ тұстары мен айырмашылығын анықтап алуымыз қажет. Осындай білім беру типінің екеуіне де сөзсіз ортақ тұстары бұл: отбасының, қоғамның, мемлекеттің, жаһандық халықаралық қауымдастың рухы жандандыру мақсатында тұлғаның рухани оянып және рухани тұрғыдан қалыптасуы болып табылады. Білім берудің екі типінде де білім мен ақпарат қана беріліп қоймай, адам мен оның өмір сүріп отырған әлемінің рухани дамуы көзделуі де керек.

Алайда осы бір басты мақсатқа қол жеткізудегі діни және дінтанулық білім берудің амалдары мен әдістері әртүрлі болып келеді. **Біріншіден**, діни білім **белгілі бір конфессияның** кеңістігінде жүзеге асып, өзге діндермен руханилықтың ортақ концепциясы негізінде сұхбатқа түсуі мүмкін.

Дінтанулық білім, керісінше, дінаралық сонымен қатар, діни-зайырлы кеңістікте жүзеге асырылады, сондықтан бұл жерде сұхбат стратегиясы негізгі анықтаушыға айналады. Сұхбаттық орта плюрализммен ортақ келісімді дегенді білдірмейді. **Плюрализм** әдіснамалық амал ретінде сөзсіз абсолютті ақиқаттың жалпыға ортақ негізін, әмбебап базасын, өлшемдерін мойындаудан бас тартады.

Плюралистік көзқарас дүниетанымның тұтастығын бұзып, релятивизм мен скептицизмге алып келеді, мұндай жағдайда барлығының айтқаны дұрыс әрі барлығы кінәлі болады, ақиқатқа көз жеткізу мүмкіндігі болмайды, бірақ рұқсат етілген де, рұқсат етілмеген барлық амал арқылы өз пайданды дәлелдеп көрсетуге болады. Жоғарғы ақиқаттың тұрақты негізі, өлшемі анықталды, бұл – осы әлемдегі адам болмысының рухани бастауы. Осы негізде діндарлық пен зайырлылық үлгісінің түрлі бағыттары, түсіндірмелері, үлгілері жүзеге асады.

Екіншіден, діни білім беру – дін туралы дінтанулық білімге қарағанда бұл тек діни білім беру түрі ғана емес. Осындай жіктелеу білім берудің типтерін талқылаудың ерекшеліктерін алдын ала қарастыруға мүмкіндік береді. **Дінтанулық білімге** қарағанда, **діни білім** догмат, діни ғибадат, діни ережелер жайлы ақпарат беріп қана қоймай, сол ғибадаттар мен діни ережелерді орындау, белгілі бір үлгіде ой толғау мен өмір сүруге бағыттайды яғни, білім мен іс-әрекеттің жиынтығы.

Дінтанулық білім, дінаралық пен діни-зайырлы кеңістікте жүзеге асырыла отырып, белгілі бір діни рәсімді орындау немесе білім мен іс-әрекет жиынтығын жүзеге асыруды мақсат етпейді. Ол мәдени-тарихи, өркениеттік кеңмәтінде мәдениаралық код арқылы руханиятты, Республикадағы әртүрлі этнос өкілдерінің дәстүрі мен мәдени мұрасының әр алуандығын игеруге ұмтылдырады.

Үшіншіден, діни білім беру белгілі бір дінді қабылдап, діни ілімін шындай түсуге талпынғандарға арналған (теологиялық білім діни білімнің теориялық сатысы болып табылады). Ал дінтанулық білім, белгілі бір өлшемдермен шектеліп қалмайды. Ол барлық немесе белгілі бір дін өкілдері, зайырлы бағыттағы азаматтар, атеистер де болуы мүмкін. Дінтанулық білім бұл – азаматтардың діни немесе зайырлы бағытта ойлайтындығына қарамастан, қоғам қажеттілігі болып отыр.

Қазақстандағы діндер тарихы бойынша аталған кітап өзінің дүниетанымдық және әдіснамалық тәсілдемелерін діни білімнің сұраныстары мен әдістерінен бөлек қарастыра отырып, діни оқу әдебиеттерінің тізіміне кіріп отыр. Зайырлы білім беретін мекемелерде дінтанудың бір бөлігі ретінде дін тарихы сабағы өтуі мүмкін, ал діни білім болса тек діни білім беретін орталықтардың құзырында болады.

Оқу материалы білім алушыларға қандай дүниетаным тұрғысында жеткізілуі мүмкін? Бірінші жауап, сөзсіз, зайырлы тұрғыдан, себебі, мәселе зайырлы білім мекемелері жайлы болып отыр. Осы орайда, дін тарихы биология, математика, физика және т.б. пәндерімен қатар, ғылыми объективтіліктің өлшемдеріне сай келе отырып, өзінің пәні мен әдісі арқылы ғылыми пән ретінде мойындалады. Бірақ, **біріншіден**, заманауи зерттеулер көрсетіп отырғандай, барлық ғылыми пәндер «ғылыми объективтілік»

ұғымына «физика да, химия да адам мен оның әлемі жайлы ғылым» деген субъективті аспектіні де қосып қарастырады. Оның үстіне, дінге қатысты мұндай пікірлер орынды болып табылады. **Екіншіден**, объективтік тәсілдемелер діннің мәні, оның рухани негізін назардан тыс қалдырып, білім беруді тек ақпарат беру жолына айналдырып, терең мәнін жоғалтып жатады.

Бұл мәселеден шығудың жолы зайырлы ұстанымнан діни ұстанымға өту болып көрінуі мүмкін. Алайда мұның да өз тәуекелдері бар. Бұл жерде басты дін ретінде қандай дінді таңдау керек екендігі жайлы сұрақ туындайды. Ал, көпдінді қазақстандық қоғам аясында мұндай сұрақтың туындауы дұрыс емес. Діни және зайырлы ұстаным арасындағы қарама-қайшылықтардың ортақ мәмілеге келуін тек «**руханият**» категориясының эвристикалық әлеуетін көтеру арқылы қол жеткіземіз. Бұл күрделі феноменнің бастауы – сөзсіз, абсолютте, мәңгі кеңістікте жатыр. Бұл дегеніміз руханият тек діндар адамдардың ғана қажеттілігі дегенді білдірмейді. Зайырлы да, атеист адамдар да шынайы мәдениет арқылы рухани әлемнің ішіне енеді, өйткені мәдениет Рух болмысының формасы. Сондықтан да руханият діни және зайырлы өмір сүру мен ойлаудың арасындағы делдал категория болып табылады.

Осы себептен де біз дінді **руханилық тұрғысынан** зерттейміз, себебі біздің ендігі мақсатымыз әлем аясындағы адам болмысының рухани негіздерін оятып, тәрбилеу болып отыр. Осындай тәсіл арқылы зайырлылық талаптарын бұзбай-ақ (руханият зайырлы қоғамдағы да жоғары құндылық болып табылады), тарихи болмыстағы діннің мәні мен мағынасын ашып көрсетуге болады. Бұл адам мен Құдай арасын байланыстыратын жаңа шынайылықты қалыптастыру қадамы, адам осы шынайылыққа ену арқылы отбасына, қоғамға, мемлекетке, саясатқа, экономикаға ең бастысы, өзі және өзінің ішкі әлеміне игі әсер алады. Философтар мұны жандану үдерісі деп атайды.

Біз осы еңбекте Қазақстанда тұрып жатқан ұлттардың, әсіресе ұлы өркениеттің мұрагерлері ретінде қазақтардың әртүрлі діни көзқарастары мен түсініктерін қарастырамыз. Дін тарихын өткеннің негізгі тарихи сатылары болып табылатын ежелгі Қазақстан, Қазақстанның ортағасырдағы тарихы, Қазақ хандығының құрылуы мен дамуы, Қазақстан Ресей империясы

құрамында, кеңестік кезең, өзінің бейбіт бастамаларымен алға ұмтылған тәуелсіз Қазақстанның құрылуы мен даму кезеңін шолып өтеміз. Әр тарихи кезеңнің өзіндік атмосферасының болғандығы, халықтардың діни және зайырлы дәстүрді қатар алып жүргендігін, әр түрлі діни наным-сенімдердің болғандығын көрсетіп береміз. Қазақ халқында үнемі діни төзімділік пен толеранттылық болғандығы, діни белгісіне қарай басқаларға деген басқыншылық пен қуғындаудың мүлдем болмағаны сияқты тарихи тағдырына сәйкес ерекшеліктерді анықтап береміз. Қазақ ұлтына тән осы бір ерекшеліктердің барлық тарихи кезеңдерде де болғандығын көрсете отырып, оның мемлекеттің дамуы мен дін саласындағы ұлттық саясаттың негізгі белгілерін анықтау үшін маңызды екендігін алға тартамыз.

Діни ілімдердің тарихын бастамас бұрын, ең бастысы оның догматын, кейін оның Қазақстан территориясына таралуындағы ерекшеліктерін талқылап алған жөн. Әсіресе шығу тегін түркілермен байланыстыратын, бір құдайға сену үлгісі болып табылатын тәңіршілдікке аса назар аударамыз. VII ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына ислам діни тарала бастап, X–XII ғасырларда түркі халықтарының сенімімен өзара әрекеттесіп, берік орныға түсті, бұл қазіргі Қазақстандағы исламдық діни сананың заманауи типтеріне де сай. Діни төзімділік пен толеранттылық бастауы ретінде ханафи мазхабының тарих алдындағы міндетін зерттеу осы еңбектегі басты тараулардың бірі болмақ.

Христиан тарихын қарастыру барысында православие, католик және протестант діндерінің догматтары мен рәсімдерін, кейін V–VI ғғ.(несториан мен монофизиттер кезеңі) бастап қазіргі кезге дейінгі христиан дінінің үш тармағы да бар Қазақстан территориясындағы аталған діни ілімдердің таралауының ерекшеліктері мен оларға тән сипаттарды қарастырамыз. Осы тармақтардың ішінде «ислам мен православие» арасындағы дінаралық сұхбаттың маңыздылығын ескере отырып, елдегі тарихи маңыздылығы мен заманауи рөлі анағұрлым жоғары саналатын православие дініне ерекше назар аударылатын болады.

Ал ислам діни мен оның догматын зерттеу әлемге үлкен ғылыми жаңалықтарды, поэзияны, керемет философиялық ойларды сыйлаған ислам өркениетінің аясымен байланысты болады.

Исламның жасампаз құндылықтары мен оның өзара байланыс орнату мен өзара түсіністікке бағытталғандығын талдау арқылы экстремизм мен терроризмге тек ресми түрде емес, нақты түрде қарсы тұруға болады. «Ислам діні тарапынан төнетін қатер» мен діни экстремизм ислам ілімінің негізінде жатқандығын алға тартатын қауіпті стереотиптерден арылып, исламның сұхбат пен келісім діні, әлемдік ірі өркениет тарихындағы рухани өзек екендігін көрсету үшін тарихи тәжірибеге сүйену арқылы исламның бейбіт мақсаты көрсетіледі.

Тарих сабағынан алынатын өнегелі тәрбие арқылы исламның жалған түсіндірмелерін тамырымен жойып, бүгінде бір полярлы әлем осын ұстап тұруға тырысып, геосаяси мақсатта қолданылып жатқан діннің бейбіт мақсатын айқындаймыз.

Діннің тарихы қазақ халқының этномәдени мұрасының, табиғаттың жандануы сияқты сонау заманнан бері келе жатқан тарихқа тән маңызды қағидалар қазақы сананың тарихилығы мен зайырлылығы қалыптасуы аясында қарастырылады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетін мағынасы бірыңғай мәтінде көрсетіп береміз. Қазақ мәдениетінің негізі құраушылары саналатын тіл, аңыз, рәсім, сонымен қатар қазақ үй, тамақ жүйесі, киім, жас көрсеткішіне қатысты дәстүрдің барлығы қоғамның мәдени-рәсімдік тәжірибесінің көмегімен жүзеге асып біртұтас мәнге ие тұтастықты құрайды.

Оқу құралының **екінші бөлімі** діннің тарихы және оның тәуелсіз Қазақстандағы зайырлы құрылымдар мен құндылықтарымен сұхбатқа түсуіне арналған. Бұл діннің тарихындағы ерекше, заманауи тұрғыдан маңызды және өзекті тақырыптардың бірі. Біз, ислам дініндегі ханафи мазхабы мен христиан дініндегі православие бағытын қазақстандықтардың діни санасының дамуындағы негізгі үрдіс ретінде айшықтап беріп, Қазақстандағы діндердің догматы мен рәсімдерінің мәнін анықтауға тырысамыз. Аталған оқулықта ислам мен христиан діні арасындағы сұхбаттың бай теориясы мен тәжірибесіне сүйенеміз, сонымен қатар, зайырлы және азаматтық бірегейлік маңыздылығына мән бере отырып, дін мен мемлекет арақатынасындағы басым контексті ерекше көрсетіледі.

Қазіргі Қазақстандағы діни ахуалды зерттеудің маңызды тұсы діннің шынайы қасиетті мағынасынан ажырап, елдің рухани және ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жаңа жалған діни ағымдардың іс-әрекетін әшкерелеу болып табылады. Соңғылардың, жаңа діни ағымдардың мазмұны діннің шынайы сакралды мазмұнынан алыстау келеді және олар еліміздің ұлттық және рухани қауіпсіздігіне қауіп-қатер тигізетін сыртқы факторлар арқылы анықталады.

Діни ахуалды сипаттап көрсету үшін қазақстандықтардың діни санасының ерекшеліктерін анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтанулық сауалнама қорытындысының талдау жұмыстары қолданылды. Діни сананың түрлі типтері мен үлгілерінің көрсеткіші жаһандық әлемнің қатерлері мен тәуекелдеріне қарсы тұрудың басты жолы саналатын Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығына бағытталған зайырлы бағдарлар мен азаматтық, патриоттық құндылықтар тұрғысынан көрсетілді. Бұл жаһандық әлемнің қауіп-қатері мен тәуекелдеріне қарсы тұру маңызды шарты болып табылады.

Діни фанатизм мен экстремизмге тек күш көрсету арқылы қарсы тұрмай, осы бір қауіп-қатерге ғасырлар бойы келе жатқан тарихи тәжірибе, мәдениет пен өркениеттің сұхбаты мен өзара түсіністігі негізінде рухани-өнегелік тәрбие, дінтанулық білім, рухани тұрғыдан даму сияқты тиімді әдіс арқылы қарсы тұруға аса мән берілген. Қауіпті қатерлерді жеңудің ең тиімді тәсілі – рухани-адамгершілік тәрбие, мындаған жылдарғы ынтымақтастықтың тарихи тәжірибесінің, сұхбаттың және мәдениеттер мен өркениеттердің өзара түсіністігінің негізінде рухани кемелдену.

Бақылау сұрақтары

1. Дінтанулық білімнің діни білімнен айырмашылығы қандай?
2. Оқу материалдары қандай дүниетанымдық тұрғыдан жеткізіледі?
3. Қазақ халқының тарихи тағдырына қандай ерекшеліктер тән?
4. Заманауи Қазақстандағы діни ахуалды зерттеудің негізгі аспектілерін атап беріңіз.

Қазіргі заман тұрғысынан алғандағы Қазақстан территориясындағы діндер тарихы

Ежелден бері қазақ халқының болмысына тарихи уақыттағы ұлттық жады мен ұлттық топтасуды тасымалдауды қамтамасыз ететін панорамалық тарихи сана тән болып келеді. Өзіндік дүниетанымның көкжиегін кеңейту үшін көшпенді сонымен қатар, қала өркениетінің ұтымды тұстары көп болды және ол уақыт пен кеңістікті ерекше қабылдау қабілетімен сипатталды. Көшпенділердің ұлы даласындағы үлкен мәнге ие бұл жеті атасынан бергі ата-бабасын білуді міндеттейтін «Жеті ата» институты ол – салт-дәстүр, рәсімдер мен тыйымның негізі, адамның жеке тәжірибесі арқылы ата-бабасының тарихын игерудің ұлттық әдісі. «Жеті ата» институты арқылы мәдени-тарихи тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды, ал ең маңыздысы сенім арқылы руға, жүзге бөлінген қазақ қоғамын берік нығайтып отырды.

Бірақ тарих өткенге сүйене отырып, бүгінін қалыптастырады, болашағын мәнге толтырады. Тарих уақыт аясындағы адамның болмысын ашып көрсететін өткеннің, бүгінгінің, ертеңгі күннің бірлігі. Біз өткенімізді бүгінгі күндегі сұранысымыз бен негізгі мәселелерімізді ескере отырып ұғынуымыз қажет. Біз тарих арқылы бұрындары беймәлім болған жаңа кезеңдерді танып, жақын болашағымыздағы өзге заманның өкілдері бола тұра, өткеннің мәні мен мағынасын ашып қарастырамыз. Заманауи тұрғыдан қазіргі замандағы Қазақстан территориясындағы діндер тарихын зерттеу талабына сәйкес бірқатар маңызды, іргелі ережелер анықталды.

Біріншіден, қазіргі әлем бір полярлықтан арылып, көп орталықтыққа бағытталған жаңа геосаяси құрылымды қажет етіп отыр. Осы орайда біздің тақырыпқа қатысты айтатын болсақ, аталған ережелер діни әр алуандылық пен мәдени дәстүрдің түрлі сарында екендігін ескере отырып, діни догматтар мен ғибадат етудің мәнін анықтау қажеттілігін білдіреді. Қазақстан тарихына тән діни көптүрлілік пен мәдени дәстүрлердің полифониясына негізделген ұстанымдардың маңызы зор. Сонымен қатар, діннің негізгі рухани құраушысы иман феномені деп қарастырмайтын діни плюрализм қаупінен сақтану қажет.

Таразыға салынып, әбден ой сүзгісінен өткен формула: **әр алуандылықтың бірлігі**. Осы көзқарас бойынша дін бір-бірімен байланысы жоқ догмат пен ғибадат ету ретінде қабылданбай, ал олардың тарихын жоғары рухани бастауға ұмтылған талпыныс тұрғысынан зерттеу мүмкіндігі пайда болады. Осы тұста кезінде Елордамыз Астанада өткен әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінде (2003) орын алған маңызды оқиғаның себебі белгілі болады: еліміздің тәуелсіздігінің белгісі болып табылатын Бәйтеректің етегінде түрлі дін өкілдері әртүрлі тілде Құдайдан бейбітшілік пен елдің амандығын тілеп, ортақ дұға жасады. Осы жасалған ортақ дұға мыңдаған жылдардан бері дінді қашан да Иман феноменімен қатар қарастырған еліміздегі тарихи үдерістердің барысымен орындалды.

Екіншіден, барлық салаға әсер ету мен жаңа көп полярлы құрылымды қалыптастыру жолындағы күрес жүріп жатқан қазіргі замандағы геосаяси жағдайдың аясында сұхбатқа түсу стратегиясы әлеуметтік болмыстың барлық саласына да, әсіресе соның ішінде дін саласындағы басым бағыт болып табылады. Қазақстанда ашық және көпсатылы сұхбат концепті негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің ұлттық үлгісі құрылып, сәтті жүзеге асып жатыр. Қазақстандағы діндер тарихын осы тұрғыдан зерттеп, ел тарихындағы түрлі діндердің ортақ келісімге келу жолдары мен әдістерін анықтау қажет. Сұхбатқа түсудің негізі иман болып қала береді, ал дін өзінің бойындағы қасиеттілігін сақтап қалады.

Үшіншіден, Қазақстандағы тарихи үдеріске тән діндер сұхбаты қазіргі замандағы мәдени-өркениеттік кеңістікте жаңа сапа мен жаңа мазмұнға ие болады. Мыңжылдықтың күн тәртібінде тұрған басты мәселе – адамзат өркениетінің басты құндылықтарына жалған діни ағымдар мен «адам құқын қорғау» ұранымен алға ұмтылған белсенділер тарапынан келетін қауіп-қатерге әлемдік және дәстүрлі діндердің бірігуі арқылы қарсы тұру. Ең маңыздысы, қазіргі таңда тарихи кезеңнен бері қалыптасып үлгерген діндердің сұхбаттық келісім тәжірибесі дін шеңберінен шығып, зайырлы және діни құндылықтар мен өмір сүру үлгісінің жаһандық сұхбатына айналып барады. Дін тарихын зерттеу барысында түрлі діндердің сұхбатқа түсуінің оңтайлы тәжірибесі мен оның жасампаздық рөліне аса мән береміз.

Тарихқа үңілсек, дінді соғыс, билік жолындағы күрес, қанды соғыстар сияқты өз мәнісіне сай емес, теріс бағытта пайдалануға тырысты. Діннің әлеуметтік, мәдени-тарихи дамуындағы рөлі мен орнын анықтауда мұндай жағдайлар орын алмауы керек. Діннің өткені мен бүгінгі күндегі басты міндеті және бағыты – адамның осы дүниедегі барлық әрекеттерін жүзеге асыру үшін оның рухын көтеріп, жоғары рухани шынайылыққа жақындастыруға әсер ету болып отыр.

Осы бір жалпы ережелер анықтап, нақтылау қажет. Тәуелсіз Қазақстан – 130-дан астам ұлт өкілдері өмір сүріп жатқан және заңдық негізде жұмыс істейтін 18 діни бірлестігі бар көпұлтты, көпдінді қоғам. Ал бүгінгі таңда қоғамдағы рухани-өнегелік ахуалды анықтайтын екі негізгі дін бар, бұлар - ханафи мазхабындағы ислам діні мен христиан дінінің православие тармағы. Қазақстандағы діндер тарихын зерттеу барысында ең бастысы осы діндерге аса назар аударылу керек, әсіресе олардың догматтарын, ғибадаттарын, құндылықтар жүйесін, тарихи-мәдени және этно-өркениеттік үдеріске әсер етуін, тарихи уақыттағы осы діндердің сұхбаттық келісімде болғанын қарастыру қажет. Осылайша, көшпенді халыққа тән діни әр алуандылықты, ислам мен христиан дінінің өзара байланысын қайта жандандырылып, сонымен қатар, Қазақстан территориясына тараған исламның ерекше сипаты мен оның түркі халықтарының сенімімен, яғни тәңіршілдік пен қазақтың ұлттық дәстүрлерімен өзара үйлесімділігі кеңінен ашып қарастырылады.

Бақылау сұрақтары

1. Еліміздің тұңғыш Президентінің «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласында қойылған негізгі міндеттерді атаңыз.
2. Тарихты игерудің ұлттық әдісі ретінде «Жеті ата» институтының мазмұнын ашып көрсетіңіз.
3. Тарихты «әр алуандылықтағы бірлік» қағидасы тұрғысынан зерттеу дегеніміз нені білдіреді?
4. Неліктен қазіргі замандағы Қазақстан территориясындағы діндер тарихын түрлі діндердің сұхбаты мен келісімі тұрғысынан зерттеу керек?
5. Қазіргі замандағы Қазақстан үшін қандай діндердің тарихы неғұрлым маңызды болып табылады?

2 тарау. ТАРИХИ КОНТЕКСТЕРДЕГІ ДІН. ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БІРЕГЕЙЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ОЙЛАР

Ежелгі замандағы Қазақстан. Ежелгі тайпалардың діни сенімдері

Қазақстан тамыры терең жайылған ұлы тарихы бар ел. Ғалымдар әлі күнге дейін ежелгі тас дәуірінен (палеолит) бері осы территорияларда біздің ата-бабаларымыз аң аулап, мал шаруашылығы, жер шаруашылығымен айналыса өмір сүріп, сүйек пен тастан өнер туындыларын жасағандығын дәлелдейтін естеліктер мен көптеген қоныс-мекендерін іздеп тауып жатыр. Ғалымдар аң аулау ісінің сиқыры жайлы жазуда. Ежелгі адамдар аңшылық сәтті өту үшін түрлі сиқыр әдістерін қолданды, ал сиқыр жасаудың әмбебап құралы көбіне түрлі жануарлардың бейнесі мен сәйкес дуалар болды. Сол кездің өзінде-ақ біздің ата-бабаларымыз о дүниенің барына сенді. Олардың жерлеу рәсімі күрделі болды. Өлген адамды ұзақ сапарға дайындады: қабыршақтар мен хайуандардың азу тістерінен әшекей жасап, о дүниеге қажетті бұйымдарды дайындады.

Ежелгі тарихтың жақсы әрі терең зерттелген тұстары төрт мың жыл бұрын, яғни қола дәуірі кезеңдерінен басталады. Сол кезеңдері Қазақстан территориясында материалды және рухани мол мұраны қалдырған Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеті қалыптасқан еді. Бұл мәдениеттің өкілдері жер және мал шаруашылығымен қатар, үй кәсібі, металлургия, тау-кен істерімен айналысты. Олар қоладан тек қару-жарақ қана емес, керемет әшекей-бұйымдар да дайындады. Андроновтықтарда арнайы соғыс арбаларында соғыс жүргізген алдыңғы қатарлы әскерлер де болды. Олардың бейнелері жартастарға ойылып бейнеленді.

Көк аспан астындағы таулар аясында тайпалар өздері ғибадат жасап, аспан, жер, су, жел рухына дұға жасап отырды. Олар биік қамалдармен қоршалған кішігірім қоныстар мен қалаларды мекен етті. Ғалымдар бұл тайпалардың шығу тегіне қатысты бірқатар гипотезаларды жасап отыр. Осы гипотезалардың бірі бойынша, андроновтықтар үнді-ирандық топқа жатады, бұған

қатысты ежелгі ирандық Авеста кітабының мәтіні мен үнділердің ежелгі діни кітабы Веда да дәлелдер келтірілген. Соңғы кездері танымал түркітанушылар, этнографтар мен тарихшылар андронов тайпаларының түркі тілді болғанын жаңадан табылған археологиялық ескерткіштерімен дәлелдеп отыр.

Қола дәуіріндегі тайпалар өздерін табиғаттың бір бөлігі ретінде сезінгендіктен, табиғатты үнемі қорғап отырды. Ғалымдар тіпті күнге табыну рәсімінің болғандығын айтады. Ол қашан да жанға жылу сыйлайтын тіршіліктің нағыз көзі болып табылады. Көптеген бұйымдар да, әсіресе әшекейлер де күннің бейнесі бейнеленген. Күнге табыну сонымен қатар ежелгі жарық дүниенің тылсым күшін білдіретін отқа табыну дегенді білдіреді. Сол себептен де, өлген адамның жанын жындардан тазарту үшін өртейді. Көбіне өлікті өртеу кезінде қызыл жосаны қолданған. Бұл түс от немесе қанның түсімен байланыстырылып, тылсым күшке ие болған. Сонымен қатар, ай мен жұлдызға табыну рәсімі де болды, андроновтықтар жорыққа шығу немесе көшу барысында осы ай мен жұлдызға табынып, көшпенді мал шаруашылығы сияқты жаңа шаруашылық формасын игерді.

Ғалымдардың пікірінше, дәл осы қола дәуірінде, құрбан шалу рәсімі пайда болды. Молалардағы жүргізілген қазба жұмыстары барысында жануарлардың сүйектері табылды. Күнге, айға, жұлдыздарға, ата-баба рухына құрбан шалынып отырды. Андроновтықтар о дүниелік өмір мен ата-баба рухына сенді, олардан қолдау іздеп, үнемі олардың құрметіне құрбан шалып, қорқып отырды. Жерлеу барысында арнайы тұрақ дайындап, үй бұйымдарын, киім еңбек құралдарын қоса жерлеп отырды. Кейіннен оларды арнайы күзетіп отырды.

Б.э.д. бірінші мыңжылдықта қазіргі Қазақстан территориясында гректердің «скифтер», ал ежелгі парсылардың «сақ» деп атап өткен тайпалар пайда бола бастады. Б.э.д III–IV ғғ. олар Жетісудың орталығында өздерінің алғашқы мемлекетін құрды. Сақтар тарихқа өздерінің жоғары дамыған мәдениеті бар халық ретінде енді. Олардың өздерінің жазбалары мен мифологиясы болды. Сақтар өнердегі әйгілі саналатын, бұғы, сайғақ, ат, тауешкі, қабан, барыс, жыртқыш құстардың, түйелердің бейнесін бейнеленген «аң стилінің» негізін қалады. Өнердің бұл туындылары әлемнің көптеген мұражайларында әлі де сақталуда.

Аңыздық дүниетанымның барлық қырлары сақ тайпаларына тән. Мұндағы негізгі дүниетаным Күнге табыну мен бұл рәсімнің ошақ қамқоршысына айналуы болып табылады. Оттың жындардан тазартатын күші бар деген сенім болды. Қазба жұмыстары барысында табыттарда Күн мен от рәмізін білдіретін қызыл бояулар табылды.

Сақ тайпалары бұл дүниемен қатар о дүниеге, әруаққа сенді. Ол жерде адамдар рулық қауымдастықтың дәстүрі бойынша әлеуметтік мәртебесіне сай өмір сүрді. Сондықтан да оларды «соңғы сапарға» барлық қажеттілерімен қамтамасыз етіп шығарып салып отырды әрі олардан өздерін қорғап отырды. Сол себепті де, өлген адамның жаны тірілердің ортасына қайта оралмас үшін өлікті жерлеу барысында қорғанның маңайын қоршап, өртеп отырды.

Сақтар өздерінің тайпасының шығу тегін өз бойларындағы құдіретті күштерін адамдарға таратып отыратын мықты жануарлардан таратты, Сақтардың арғы тегін білдіретін жануарлардың мүсіндері ат-тұрмандардан, әшекей бұйымдардан, көптеген тұрмыстық заттардан табылды. Еуразия даласындағы «таза» көшпенділер тек ғұндар ғана болды. Олардың шығу тегі прототүркілер болып саналады. Дәл осы ғұндар Моңғолия мен Синьцзяннан Қазақстан территориясына басып кіріп, ұлы халықтар көшін жасап, отырықшы мәдениетке өзгерістер енгізіп, қиындықтар туындатты. Қалған тайпалар түрлі шаруашылық жүргізу әдістерін қатар алып жүрді. Сақ пен үйсіндер жартылай көшпелі мал шаруашылығымен бірге, жер шаруашылығын да бірге алып жүрді, ал қаңлылар көбіне жер өңдеумен айналысты.

Үйсіндер тайпасы б.э.д. II ғасырда «гуньмо» (күнби – билеушілерден биік тұратын әмірші) басшылығымен сақтарды бағындырып, өз мемлекеттерін құрды. Тарихшылардың айтуынша, олардың өз жазбалары мен ескерткіш жазбалары болды. Үйсіндердің ежелгі астанасы Чигу Ыстықкөл жағалауында орналасты. Б.э. мыңжылдықтар тоғысында Оңтүстік Қазақстан өңірінде қаңлылар мемлекетінің негізі қаланды. Олардың тұрғындары жер өңдеу, мал шаруашылығы және сауда-саттықпен айналысты. Қаңлылар жер суару жүйесін ойлап тауып, Сырдария өзенінің бойында көптеген қалалардың негізін қалады. Осылайша, Ұлы Дала

адамдарды тек көшпелі өмірге ғана емес, отырықшылыққа, жер өңдеу, қала тұрғызу ісіне де бейімдеді. Бірақ ежелгі Қазақстан тұрғындарының дүниетанымы бойынша көшпенді мәдениеттің әсерінен туындаған кеңістік, уақыт, өмір мен өлім түсініктері негізгі анықтаушы әмбебаптар болды.

Адамзат қоғамның дамуының бастапқы сатыларында адамдарды күннің, айдың, жұлдыздардың, адамдардың, өмірге келудің құпиясы, өлім мен өмір жайлы сұрақтар мазалады. Алғашқы кезде олардың діни түсініктері мен өмірлік тәжірибелері оларға адам өмірінде қоршаған табиғат, кең дала, өзен-таулардан өзге көзге көрінбейтін, санаға бағынбайтын, алайда тірі жан атаулының барлығына әсер ететін, түсініксіз, құпия тылсым дүниенің бары екендігін көрсетті.

Адамдардың өмірі, шаруашылық істеріндегі мол өнім, аяқ асты болатын өлімнің неге тәуелді екендігін және оның қандай тылсым күш екенін рационалды түрде түсіндіріп, ұғына алмады. Осылайша олар өздерінің аңыздық түсініктеріне сай жоғары тылсым дүниемен өзара әрекеттескен қоршаған ортаның үлгісін қалыптастыру үшін идеялар, ойлар, образдар мен рәсімдер кешенін жасады.

Мифология (грек. *mythos* – аңыз және *logos* – ілім) - құдайлар мен батырлардың әрекеті, жаратылыс туралы және адамдардың болашақ тағдыры жайлы аңыз-әңгімелердің жиынтығы. Әлемнің көптеген халықтарында, солардың ішінде египеттіктер, түркілер, славяндардың өзіндік аңыз-әңгімелерінің жүйесі бар. Осы жүйелердің негізінде тарихтың алғашқы сатыларында ерекше аңыздық дүниетаным қалыптасты. Оның үстіне, мифология тарихи тұрғыдан қалыптасқан болмыс формасы, оның терең мәнін ұғыну, білім мен сенімнің бірлігі, белгілі бір тайпаның дәстүрі және құндылықтар жүйесімен байланысы бар қасиетті рухани мұра ретінде болды.

Мифологиялық қабылдаудың бірқатар ерекше белгілері бар. Адам әлі де өзін әлемнен бөліп қарастырмайды. Ол әлеммен біртұтас, ол шынайылық пен мінсіздікті, объективтілік пен субъективтілікті, сөз бен оның мәнін ажырата алмайды. Адамның қиялындағы дүниенің барлығы шынайылық ретінде қабылданады. Табиғи құбылыстардың барлығы рулық қоғамның құрылымы

ретінде қабылданады, яғни жұлдыздарды, күн мен айды адамзат қасиеттерімен теңейді. Себебі бір кездері олар да тірі адам болып, жер бетінде өмір сүрген деп есептелінеді. Сонымен қатар, адами қатынастар да табиғи үдерістермен тең қабылданады.

Мифологиялық кешеннің бойында діни сенімдер мен рәсімдердің түрлі формалары бар, олар: фетишизм, тотемизм, анимизм, магия. **Фетишизм** (португал. сөзінен *feitico* – бойтұмар, сиқырлы зат) – ежелгі уақытта кең тараған жансыз заттарға табыну рәсімі. Табынатын зат ерекше пішіндегі тас та, ағаш кесегі де, жануардың тісі де болуы мүмкін. Бұл заттарды ерекше кие тұтып, тылсым күші арқылы кеселден айығуға, табысты аңшылық жасауға, жауларын жеңуге көмектесетіндігіне сенеді. Фетиш сезімге бағынбайтын жоғары әлемге жетелеудегі табыну объектісіне айналды. Егер адамның жолы сәтті болса, фетиш өз мәртебесін сақтап қалады. Ал егер адамға сәтсіздік келетін болса фетишті тастауға ұмтылады.

Тотемизм – ежелгі халықтардың діни сенімдерінің бір формасы. Олар тайпа мен белгілі бір жануардың арасында тылсым байланыстың барына сенді. Сол жануар тайпаның ата-тегі ретінде саналып, қорғап-қоршап жүрді. Оған табынды, оның құдыретті күші барына сенді. Тотемизмді көптеген зерттеушілер ежелгі адамдардың аңшылықпен, мал шаруашылығымен айналысу сияқты шаруашылықпен айналысу істерінің ерекше болуымен байланыстырады. Діни сенімнің осы бір формасы әлеуметтік қатынастарды ретке келтіретін маңызды механизм ретінде саналды. Өйткені тотемизм, ата-тегі саналатын ортақ жануар арқылы тайпаның басын біріктіріп және неке қатынастары, тамақтану, маңызды жағдайларда өзін-өзі ұстау тәртібіне қатысты тыйымдар мен тыйым салу жүйесін қалыптастырды. Бұл тыйымдар тайпаның өмірін ретке келтіріп, тәртіп орнатып отырды.

Мифологиялық кешеннің құрамына **магия** да кірді, бұл белгілі бір әдістер жиынтығы, ол арқылы адамдар фетишсіз-ақ тылсым күштерге әсер ете алды. Осы бір тылсым күштерін қажет бағыттарына қарай жұмсады. Магиялық рәсімдерді өмірдің сан алуан саласына, соның ішінде үй салу, соғыс, үйлену тойы, ауруға шалдығу, өлім барысында қолданды. Магияның екі түрі болды, бірі ақ магия (адамдардың игілігіне жұмсалды) және қара магия

(адамды дуалап, кеселге ұшыратады). Егер дінде адам құдайға үміт артып, құдайдан рақымшылық сұраса, ал магияда адам тылсым күшке сүйеніп, басқарып, кейде теріс мақсатта қолданып та жатты. Сондықтан кейбір дамыған діндер магияға рұқсат бермейді.

Ежелгі діни сенімдердің тағы бір маңызды формаларының бірі – **анимизм** (лат. *anima* – жан). Адамдар табиғаттың қаһарлы күштері, өсімдік, жануар сияқты өздерін қоршаған ортаның жандары бар екендігіне сенді. Әсіресе ата-баба рухына деген сенім (қазақтардағы әруаққа деген сенім) маңызды болды. Уақыт өте келе әруақтар әлемі көптеген құдайларға ұласып, кейіннен жалғыз құдайды мойындады (монотеизм).

Біздің көз жеткізгеніміздей, жоғарыда аталған мифологиялық дүниетанымды қалыптастырушылардың барлығы өздігінен пайда бола қойған жоқ, дегенмен олар өзара байланысы бар діни сенімдер кешенін қалыптастырды, мұнда фетишизм де, тотемизм де, анимизм де мәдени-тарихи және ру-тайпалар дәстүрінің ерекшеліктеріне сай алдыңғы қатарға шығып отырды.

Қазақстан территориясында мекен еткен көптеген тайпалардың дүниетанымы анимизм, тотемизм, фетишизм, магияны қатар санағанда мифологиялық сипатқа ие. Алайда қазақ халқының ата-бабалары саналатын ғұн, сақ, үйсін, қаңлы тайпаларының барлығы Митра құдайына табынумен қатар түркі халқының діні саналатын тәңіршілдікке де сенді. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолының бойында – буддизм, несториандық, зороастризм діндері де тарап, жергілікті тайпалармен қабылданды. Бұл өз кезегінде мәдениеттердің өзара әрекеттесуіне, Қазақстан территориясындағы күрделі этно-лингвистикалық және этно-діни үдерістерге әсер етіп отырды.

Бақылау сұрақтары

1. Ежелгі Қазақстан территориясын қандай тайпалар мекен етті?
2. Андронов мәдениеті өкілдерінің діни сенімдері туралы айтып беріңіз.
3. Сақ тайпалары мен олардың сенімдері қандай болғанын талдап беріңіз.
4. Үйсіндер мен қаңлылардың діни дүниетанымдарының негізгі белгілерін ашып көрсетіңіз?

5. Дін мен мифологияның өзара арақатынасы қалай қалыптасатынын пайымдаңыз?

6. Фетишизм, тотемизм, анимизм, магия дегеніміз не?

Тәңіршілдік. Түркі мәдениетінің дүниетанымдық өзегі

Бірінші мыңжылдықтың ортасы «түркілер кезеңі» болып саналады. Қазақстан территориясында түркі тайпалары, әсіресе Алтай өңірінің тайпалары үстемдік етті. VI ғасырдан бастап дереккөздерінде «түркі» этнонимі пайда бола бастады. Сол кезеңде моңғол шапқыншылығына дейін бірін-бірі алмастырып отырған батыс-түркі, түргеш, қарлұқ қағанаты, оғыз, қарахан, қимақ, қыпшақ мемлекеттері сияқты ірі түркі мемлекеттерінің негізі қаланды.

Еуразия даласындағы халықтардың басым көпшілігі түркі тайпаларының болуының әсерінен өзге елдер мен аймақтардан келген діни сенімдермен қатар, түркілердің халықтық діні саналатын тәңіршілдік те маңызды рөлде болды. Оның бойында дала халқының рухани еркешеліктерімен мен ұлттық ділі толығымен көрініс тапқан.

Тәңіршілдік – ежелгі түркілердің діні. Ол Еуразия даласында тараған көптеген діндермен, кейіннен әлемдік діндердің бірі исламмен өзара әрекеттесе отырып, өзінің діни негіздерін сақтап қалды, түркі әлемінің дүниетанымдық өзегіне айналып, аңыз-әңгімелер, жазба деректер мен қазақ халқының және өзге де түркі халықтарының дәстүрі арқылы бүгінгі күнге дейін келіп жетті. Тәңіршілдіктің бойында түркілердің жеке рухани сипаты, тарихи санасы мен әлемнің ұлттық бейнесінің ерекшелігі мен бірегейлігі көрініс тапты.

Тәңіршілдікте арнайы әзірленген догматтар мен қағидалар жүйесі, белгілі бір рәсімдер құрылымы болған жоқ. Дала көшпенділерінің барлық ғұмыры, өтпелі қиын кезеңдері, әр жерге үнемі көшіп отырулары, киіз үй құру, күнделікті тұрмыстық әурелендер, туған жерінді қорғау, міне осылардың барлығы күнделікті жүзеге асып отырған діни рәсім, Құдайға қызмет ету болып саналды. Ата-бабалардан келген аңыз-әңгіме, діни тәжірибенің барлығы ұрпақтан-ұрпаққа ауызекі тілде жеткізіліп, ана сүтімен дарып отырды, бұл өз кезегінде адамның бүкіл ғұмырына әсер етті.

Бір құдайға табыну тәңіршілдікке тән бірінші белгі, кейіннен монотеизм терминімен аталды. Түркілік құдайлар пантеонында бірнеше құдайлардың атаулары болды. Дәлірек айтсақ, әлем мен барлық адамдардың тағдыры басты құдай Тәңірдің қолында болды. Ол әлемді үшке бөлді: Жоғарғы әлемнің құдайы Тәңір, Жер-су – Ортаңғы әлемнің бас құдайы және төменгі әлем (бұл жер асты әлемін өте қорқынышты, сұсты кейіптегі Ерлік биледі).

Тәңіршілдіктің екінші белгісі – символизм. Бұл дегеніміз біздің қабылдауымыздағы дүниенің қыр-сыры әлі де белгісіз, көзге көрінбейтін рухани әлемі бар. Мысалға көк аспанды алайық. Ол ашық болып, сәтті аңшылық пен жеңіске әкелетін жорықтың белгісі болуы мүмкін. Ал кейде, түнеріңкі, қаһарлы, қара бұлтқа толы болып, сәтсіздіктің, қатердің төніп келе жатқандығын білдіруі мүмкін. Киіз үйдің төбесін көк аспан жайлап, ал оның көкжиегінде ат үстінде қыр адамы келе жатыр. Бірақ кейде ашық, кейде түнеріңкі болып құбылып отыратын осы бір шынайылықтың астарында көзге көрінбейтін, күдіретті Тәңір отыр, оның рәмізі көк аспан болып саналады.

Ал ортаңғы әлемде көшпенді өзінің Жерін құрметтеп, қорғап отырады. Көне түркі мифологиясында Жер төрт бұрышты, шаршы кеңістік ретінде саналып, оның бұрыштарына жаулар жасырынған. Төрт бұрыштың кеңістіктің дәл ортасына – түркі қағандарының ордасы болып табылатын қасетті Отүкен орналасқан, қағандар бұл жерден жаулардан қорғап, жорыққа аттанып отырған. Жер сумен суғарылады. Су өзінің күміс сыңғырымен өзендердің бойымен келеді, көк аспаннан жаңбыр болып құйылады, ол жерге нәр берерді. Жер-Су құдайдың рәмізі ретінде қабылданады, ол көзге көрінгенімен, адамдардың өміріне айтарлықтай әсер етеді. Енисей өзенінің атауы осы жерден шығады (Су-ана).

Жер-Сумен қатар Ұмай-ана да рәміздік мәнге ие. Сөзбе-сөз аударғанда Ұмай – «баланың орны», «жатыр» деген мағынаны береді. Ұмай сөзінің терең астары бар. Ол отбасының қамқоршысы, сәбидің дүниеге келуіне және оларды бәле-жала мен аурдан қорғап жүреді, қолөнер кәсібі мен өнерге үйретеді. Қолына садақ пен оғын ұстаған ұзын қолаң шашты, қасиеті жоғары әйел бейнесіндегі Ұмай-ана үнемі балалардың маңында жүріп, отбасы ошағын

барлық бәле-жаладан қорғайды. Бір рудың өзі отбасы сияқты саналады, сондықтан Ұмай әскерлер мен батырларды да, өз жерін қорғаштап жүреді.

Уақыт өте келе Ұмай да Жер-Сумен қатар үлкен рөлге ие болды. Олардың екеуі де – Құдай аналар, олар өмірдің көзі. Адамды өлімге әкететін де, өмірге қайта әкелетін де Жер-Су. Ұмайды өте қатты қасиет тұтқаны соншалық, үш жасқа дейінгі баланың жанын оның атымен атады. Баланың кіндігін алып, оны бесіктің басын іліп қою ырымы болды. Егер баланың дені сау, ойнап-күліп жүрсе, оның қасында Ұмайдың жүргені, ал егер де сырқаттанып жылай берсе Ұмайды қайта оралту қажет болды. Баланы немесе үлкен кісіні ұзақ сапарға шығарып салар алдында үнемі: «Ұмай-анаға тапсырдым» дейтін болған.

Жер асты әлемі – бұл жазықтықтағы терең шұңқырлар мен аңғарлар. Ал негізінде ол көзге көрінбей жасырын тұратын астыңғы әлем. Оның билеушісі – үлкен сақал-мұрты, азу тісі ақсиган, көмірдей қара қасы бар Ерлік. Ерлік өте жауыз әрі зұлым, адамдарды жер асты әлеміне алып кету үшін, оларды аңдып тұрады. Ол адамның көз жасынан тұратын, әрі тойымсыз келетін Тоймадым өзенінің жағалуын мекен етеді.

Тәңіршілдік маңызды сипаттарының бірі жоғары, ортаңғы және астыңғы әлемнің бір-бірімен қатынасатындығы. Тәңір құдайы кей уақыттары «ала атты жол тәңірі» мен «қара атты жол тәңірі» бейнесінде ортаңғы әлемге түсіп отырады. Осылайша ол адамдарға әмір беріп, мейірімділік танытып, оларға өзінің көмегі мен қол ұшын, қолдауын көрсетіп және кеңесін ұсынып отырады.

Ал төменгі әлемнің билеушісі Ерлік ортаңғы әлемге өзінің қуғыншыларын жіберіп отырады. Бұлар Ерліктің туған қыздары сегіз көзді Кішкентай ана мен Ерке Сұлтан, олар адамдарға барынша зиянын келтіру үшін әкесінің әмірін орындайды. Сонымен қатар Ерліктің туған ұлдары да бар. Беттері қара, бастары темір, күдіретті және түр-әлпеті жағынан ұлдары әкесіне ұқсағанымен, пейілдері мүлдем басқа. Олар қашан да рулар мен тайпаларды қорғап адамның жанында жүреді. Көшпенділердің санасында төменгі әлем болған жоқ, сондықтан да оны бір мағынада қабылдаған жоқ. Олар жер асты әлемінде адамдарға мейірім танытатын құдайлар да мекен ететіне сенді.

Тұтастай алғанда тәңіршілдік табиғатты қоршаған әлемнің рухқа толы болуымен ерекшеленді. Дала мен ормандар, ну-тоғайлар мен аңғарлар, ағаштар мен бұталар, құстар мен жануарлардың барлығының жаман да, жақсы да рухтары болды. Жақсы рухтар игілік пен бақытқа кенелтсе, жаман рухтар қасірет пен сырқатқа ұрындырып отырды. Осы тұста әруақтардың да рөлі ерекше болды, олар өзінің адал, әділетті ұрпақтарын желеп-жебеп отырса, арам да, әділетсіз ұрпақтарын жазалап отырды.

Мейірімді рухтар (сары-ене) адамдарға қиын-қыстау кезінде көмек ұшын беріп отырды. Сәбиді дүниеге әкелу барысында сары-ене өз шашын жіберіп, болашақ ананың денесін жауып тұрады, осылайша оған күш беріп, тірі қалуына септігін тигізеді. Ал жаман рухтар, яғни албасты болса адамдарға барынша кесірін тигізуге тырысады. Олардың түрлері қорқынышты болды, бірде жезтырнақ болса, бірде түн жарымда жүрген жолаушыларды андып, ұзын белдікті салып қалып, жанын алатын жын бейнесінде болды.

Адамдардың табынатын мейірімді рухтардың қатарында әруақтар да болды. Тірілер әлемі өлілер әлемімен берік байланыс ұстап отырды. Тірілер өлілерге тағзым етіп, естерінде сақтады, құрбан шалып отырды, жаумен күресуге аттанғанда, аурудан айықтыруды сұрағанда, бедеуліктен құтқарып, ұл тілеп, жалбарынды. Өлі күнге дейін қазақтардың санасында әруақтың желеп-жебеп, қорғаштап жүретіндігіне деген сенім сақталып келеді.

Әруақтарға табыну арқылы адамдар өздерін қара күштің әсерінен қорғап, оларды өздеріне қарай тартты. Шоқан Уәлихановтың айтуынша, адамдар әруақтардың қолдауына ие болып, қара күштің әсерінен өздерін қорғау үшін түрлі әрекеттерді қолданып отырды. Олардың ойынша айналудың әсері күшті болды. «Адамды айналу дегеніміз – оның барлық ауруын, қара күшін өз бойыңа қабылдау дегенді білдірді. Сондықтан сүйіспеншілікті білдіретін ең жылы «айналайын» сөзі осыдан шыққан¹. Жақынын қорғаштап қалу үшін кез-келген адам бұл қадамға дайын.

Сонымен қатар, әруақтармен байланысқа түсетін **«шаманизм»** сенімі де ерекше орында болды. Бұл қасиет тек таңдаулыларда, Тәңір қолдауына ие адамдардың бойында ғана болды. Оларды ша-

¹ Уәлиханов Ш. Қырғыздардағы шамандықтың іздері. – Алматы, 1980. – 91 б.

ман, бақсы деп атайды, олар дала өміріне оң әсерін тигізген өте беделді адамдар (ниеті қара шамандарды есептегенде) болды. Шамандар емшілік қасиетке ие, сонымен қатар олар көріпкел, ақын, музыканттар еді. Егер жеңіл ауруды емдесе, тек арнайы дуа оқумен ғана шектелді. Ал басқа жағдайларда өзге жолдарды пайдаланып, қобызда ойнап, өлең айтты, желігіп, терең трансқа кетіп отырды, көпшіліктің көз алдында адам нанғысыз әрекеттерді орындады. «... көпшіліктің көз алдында еш кедергісіз қыздырылған орақ немесе пышықты тілімен жалап, лаулап тұрған отқа шапанын тастап, оны бүлінбеген күйінде қайта алып шыға алды ... тіпті өздеріне семсерді сұғып алып, тірідей екі-үш жыланды жұтып, қайта алып шығып, елдің таңдайын қақтырып отырды»¹. Бақсының мақсаты – адамдар мен әруақтар арасындағы елші болып, өз күшін халықтың пайдасына жұмсау еді. Адамның ауруының бетін қайтарып, бақсы оның бейсанасында халық тарихындағы батыл образдарды жандандырып, адамды сырқатынан айықтыруға көмектеседі.

Тіпті ұлы шешуші шайқастардың алдында да бақсылардың көмегіне жүгінді. Олар шайқастың барысын ғана болжап бермей, өздері де сол ұрысқа аттанып, жауды үрейлендіріп, кері шегіндіру мақсатында найзағай соқтырып, қар жаудырып табиғаттың сұрапыл күшін пайдаланды. Осылайша шамандар өздерінің әскери борышын орындап, өздерінің туған жерін, отанының қорғаушысына айналды.

Дала халқы исламды қабылдағаннан кейін, шаманизм толығымен жоғалып кете қойған жоқ, бірақ ол мұсылмандық салт-дәстүрмен етене жақындасып, діни **синкретизмнің** қалыптасуына алып келді. Ш. Уәлихановтың пікірінше, дала халқы Аллаға да сенді, сонымен бірге әруақтарға да сенді, бақсы-шамандардың да көмегіне жүгініп, ислам дініндегі қажыларды да құрметтеп отырды.

Тәңіршілдік сенімі мифологияға толы болды. Көптеген мифтер түркілердің атажұрты саналатын Алтай өңірімен байланысты болды. Ежелгі аңыздардың бірі прототүркілердің шығу тегін баяндайды. Жау түркілерді әбден қанап, қырып-жойған қиын кезеңдерді бастан кешіп жатқан кезде, он жастағы бет-әлпеті әбден

¹ *Орынбеков М.С.* Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 30.

зақымданған жалғыз ұл бала ғана тірі қалған. Оны қасқыр асырап алып, аман сақтап қалады, кейін одан он баланы дүниеге әкеліп, олар бірнеше тайпаның негізін қалайды. Қасқырдың Ашина есімді ұлдары түркі тайпасының негізін құрды. Әрине бұл тек аңыз ғана. Бірақ бұл аңыздың бойында түркілердің өздерінің ұлттық сипаты мен ұлттық этнотипін қалай түсінетіндігі жатыр, олар: құдіретті, еркін, тәуелсіз, батыл, ержүрек, өз отанын қорғаудан қажымайтын, еңбек пен қолөнер саласында зерек, өнертапқыштар болды.

Алтай өңіріндегі қасиетті жерлерді де аңызбен байланыстырады. Ол жерде Сүт көлі орналасқан және оның маңында Алтын емен өседі, бұл ағаш Жоғарғы және Ортаңғы әлемді байланыстырады. Бұл өңірде сонымен қатар, теңіз жануарларының иесі саналтын Кер балық мекен ететін Қызыл-көл орналасқан.

Тәңіршілдікте Тәңір құдайының көмегімен отқа қол жеткізіп, өнер мен қолөнерді үйрене алғандарын баяндайтын аңыздар бар. Ежелгі грек аңызындағы құдайлардан отты ұрлап халыққа әкелгені үшін, қатаң жазаланған Прометей құдай жайлы аңыз белгілі. Тәңіршілдік сеніміндегі аңыздар да мұны басқаша түсіндіреді. Тәңір отты адамдардан жасырмайды, керісінше адамдардың отқа қол жеткізуіне көмектеседі. Сонымен қатар, өзінің сүйікті атымен ұзақ жолға аттанған Шах жайлы аңыз бар. Жол үстінде ат қырысығып, аяқ астынан тоқтап қалады. Шах үзеңгіге тұрып қараса, жолда жатқан жыланды көреді. Ол оған тасты көздеп, лақтырады. Тас жыланды үркітіп, өзге тасқа барып соғылып от шашады. Құрғақ шөп бірден тұтанып, өртенеді. Осылайша халық оттың не екенін біліп, бүкіл өмірлері өзгереді.

Тәңіршілдікке отқа деген сенім тән. Ол тек жылытып қана қоймай, адамның өмірін сақтап, бойында тылсым күші бар қасиетті құбылыс ретінде саналады. Сондықтан да оны, әулие ретінде атап немесе «Ана» сөзін қоса қолданып, табынады. Оттың тазалау қасиеті де бар. Қыстаудан оралған көшпенділер екі оттың ортасымен көштерімен бірге өтеді. Халық алдында ант беру барысында да отқа сүйенеді.

Адамдардың өміріндегі барлық маңызды кезеңдерде оттың қасиетті күшіне сүйенеді. Осы орайда, Ш. Уәлиханов өзге отбасына жаңа келіннің кіруін толық түсіндіріп береді. Біріншіден, ата-енесінің шаңырағына кіргізіп, отқа тағзым еткізеді де, «От-

ана жылуың мен жарығыңды сыйлай гөр!» деген сөздермен отқа май құяды. Осы аралықта әйелдер қолдарын отқа жылытып, қолдарымен келіннің бетін сыйпалайды. Сәби дүниеге келер алдында да күш-қуаттың бастауы ретінде отқа арнайы құрбан шалады. Сондықтан да, отты ерекше құрметтейтін көптеген салт-жоралғылар бар. Отқа түкіруге болмайды, отты аттап өтуге немесе оттың жағылған орнын басуға болмайды. Отпен ант береді (Отқа күйейін!), отпен емделеді және оның қаһарынан қорқады.

Дала халқы үшін тәңіршілдік олардың еңбек етуімен, күйбең тірлік, болмыспен байланысты дін болды. Олар көк аспанға тек сүйсініп қана қараған жоқ, көк аспан уақыт пен кеңістік аясында оларға бағдар берді. Түнгі аспанда Шолпан жұлдызы пайда болып, жарқырайды. Бұл кешкі малды иіретін уақыттың келгенін білдіреді. Ал жетіқарақшы болса көшу барысында қажетті бағытқа бағдарлануға мүмкіндік береді.

Тәңіршілдіктің бойында түркі халықтарының көптеген діни тәжірибесі ұштасқан. Олар Тәңір мен құдайлардың айтқанымен жүріп қана қоймай, қоршаған әлемнің мәнін де тануға тырысты. «Табиғат пен адам, өмір мен өлім құпияға толы дүние. Адам мен табиғаттан асқан қандай керемет бар?»¹ – дейді Шоқан Уәлиханов.

Тәңіршілдікті алғашқы діндердің бірі ретінде санауға болмайды. Бұл дүниетанымның рухани құндылығы жоғары. **Біріншіден**, тәңіршілдік о бастан-ақ политеизмнен бір құдайға табынуға өтті, Тәңір – жалғыз билеуші, ал қалғандары құдайлар және аруақтар әлемі оларға бағынышты. **Екіншіден**, тәңіршілдік табиғатты рухтандырып, соның арқасында орман-таулар, дала мен өзен-көлдер тіршілік көзі ретінде саналып, рухқа толы болды. Қоршаған табиғатты осылайша қабылдауды ежелгі экология деуге болады. Бүгінгі таңда, табиғат байлығын оңды-солды пайдаланудың нәтижесінде, адамзаттың экологияға залалы тиіп, жаппай жұмылдырыған көмекті қажет етіп отыр.

Үшіншіден, тәңіршілдіктің бойында табиғатты ғана емес, отбасын, ру-тайпасын, Отанын құрметтеуге үгіттейтін рухани-адамгершіліктік, этикалық қағидалар жүйесі бар, олар: үлкенге, әйел-анаға деген құрмет, еліңді жаудан қорғау, қонақжайлылық,

¹ Уәлиханов Ш. Қырғыздардағы шамандықтың іздері. – Алматы, 1980. – 71 б.

қайырымдылық, қашан да көмек көрсетуге деген әзірлік. Халықтың дүниеге деген осындай қатынас түрі – бұл Тәңір алдындағы үрей емес, дархан даланың кең құшағы, көк аспан аясы, бала сүйіспеншілігі, тұлпардың жүйріктігі, руластар арасындағы бейбіт қатынас үшін және өз елін жаудан қорғау мүмкіндігін бергені үшін шексіз ризашылық. Тәңірге деген ризашылықты білдіру сынаққа толы мына өмірді қуаныш пен шаттыққа бөлейді.

Тәңіршілдік түркі мәдениетінің дүниетанымдық өзегіне айналды, саналы және бейсаналы деңгейде түркілік ділді қалыптастырды, түркі руханиятының ерекшелігін анықтады. Көшпенді қала мәдениеті өзінің рухани серпінін тәңіршілдікпен, сонымен қатар зороастризм, буддизм, манихей, несториан сияқты өзге де діндермен өзара әрекеттесу арқылы алды.

Тарихи кезең барысында тәңіршілдік әлемнің басты діндерінің бірі исламмен тоғысты. Тарихи маңыздылыққа толы тоғысу барысында тәңіршілдік халықтық сенімдермен етене араласып кетті. Осылайша халықтық ислам қалыптасты. Ол жайлы келесі тарауларда айтатын боламыз.

Бақылау сұрақтары

1. Ежелгі түркілердің монотеистік діні ретінде тәңіршілдікке сипаттама беріңіз.
2. Жер-су және Ерлікпен Тәңіршілдіктің қалайша байланысатындығын сипаттап беріңіз.
3. Тәңіршілдіктегі шаманизм тәжірибесінің қандай орын алатынын анықтаңыз?
4. Тәңіршілдіктің діни жүйесіне кіретін мифтерді атаңыз?
5. Неліктен тәңіршілдік түркі мәдениетінің рухани негізіне айналды?

Митраизм. Түркі тайпаларының келісім діні

Қазақ халқының ата-бабалары мекен еткен Еуразияның кең-байтақ даласында тәңіршілдікпен қатар, ежелгі ирандық митраизм діні де кеңінен тарады. Мал шаруашылығымен айналысатын көшпенділер үшін оның маңызы жоғары болды, бұл дін олардың терең құндылықтар жүйесін білдіріп, қайырымдылық, адалдық, шыншыл болу, сөзге берік болуға ұмтылуға итермеледі.

Жаңа жерлерді игеру, алыс жолдарды бағындыру, ауа-райының қытырмылығы, өз жерлерін жаулардан қорғау – міне осы қасиеттердің барлығы ауызбірлікті, келісімді орнатып, халықтың рухын көтермеледі. Мал шаруашылығына бейім көшпендінің жүрегіне жақын қасиеттердің барлығы – ғарыштық және әлеуметтік универсумды жасаушы, бейбіт сүйгіш, қайырымды әрі қатал да, қаһарлы Митра құдайының бойында болды. Оның мекені ұшы қиыры жоқ, жайнаған, домалақ жер мен биік ашық аспан болды.

Митра алғаш рет (еж. үнді Mitra – сөзбе-сөз дос) ежелгі әлем мәдениетінің мұрасы, ежелгі үнділердің «Ригведасында» (құдайларға арналған гимн) көрініс тапты. Мұнда оның серігі аспан құдайы Варуна болып жарияланған. Олар екеуі бірігіп Жер мен Аспанды қолдап, олардың ортақ көзі болып табылатын Күннің шығуына себепші болады. «Ригведада» Митраның ғарыштық қызметі анықталған, ол жерде оның өз серігімен келісімді, бірлесе қызмет ететіндігі аталып өтеді. Олардың келісіп әрекет етуі ғарыш заңдылығына, ақиқат пен келісімнің әмбебап қағидасына сәйкес келеді.

Ары қарай Митраның ғарыштық қызметі келісімге сәйкес сақталып отырады, сонымен қатар, оның образы ежелгі түркілердің тәңіршілдік дініне жақындастыра түсетін қосымша белгілерге де ие болады. Л.Н. Гумилевтің айтуынша, «митраизмнің негізгі тезистері бойынша, Көк аспан өзінің Жер серігімен бірлесіп негізгі қосбірлікті құдіреттен туындаған өзге құдайларды билейді»¹. Бізге дейінгі жеткен бейнелерде Митраның екіжынысты жан, құдай да, құдай-ана ретінде де суреттелуі кездейсоқ емес. Осындай түсіндірме арқылы митраизм тәңіршілдікке жақындай түседі де, басты құдай Тәңір болып мойындалып, ал оның көмекшісі ретінде асқан күшке ие Жер-Су болып саналады. Митраизм дүниетанымы арқылы тәңіршілдіктің құрылымын өзгеше құрып береді, мұнда: жоғарғы әлем, оны жарқын құдайлар басқарады, ортаңғы әлем – адамдардың мекені, ал төменгі әлем – қара күштердің ортасы.

Митраизмнің бойында көшпенді халық ерекше қабылдайтын идеялар болды. Бұл Митраның бойында әуелден бар – келісті достық идеясы. Даму жолында оның бейнесі зороастризм жүйесінің

¹ Кузнецов Б.И., Гумилев Л.Н. Бон (древняя тибетская религия) // Доклады географического общества СССР. – Л., 1970. – Вып. 15. – С. 86.

бойына қосылып, мұнда Митра Ахура-Мазда атты әмірші жолдасын тапты. Ол жайлы «Авеста» атты ежелгі ирандықтардың мәтінінде кезігеді, бұл жерде Митраға ең басты маңызды гимн арналған. «Авестада» әлеуметтік ғарыштың жасаушысы ретінде ерекше рөл берілген. Ол адамдарды келісімге шақырып, бастарын қосып, шаруашылық, отбасылық, мемлекеттік істер бойынша келісім жүргізеді.

Митра әділдік пен сауаптың нышаны. Ол өзінің алтын күйме арбасына мініп, адал, өтірікті білмейтін, өз сертін орындайтын халыққа көмекке келіп, ант бұзушы қылмыскерлерді, зұлымдарды, өз сертінде тұрмай, сөздерін жерге тастайтындарды жазаға тартады. Митра сөзге берік адамдардың қолына билік пен керемет әскерлерді, ажарлы әйел мен мейірімді балаларды сыйлайды. Ал өтірік айтып, алдап-арбайтындар, келісім-шартты бұзатындармен басқаша әрекетке барады. Ондай адамдарды жанары мен есту қабілетінен айырып, тұлпарлары бір орында тұрып қалып, атқан оқтары өздеріне қарай кері ұшады. Митра оларға күш те, қуат та бермейді.

Ұйықтамайтын, мызғымайтын, мыңдаған құлағы бар және сансыз көздері бар құдай ешкімнің арбауына түспейді. Биік таулардың басында оның сегіз көмекшісі отыр, олар келісім шарттың орындалуын, берілген анттардың орындалуын қатаң қадағалап, арамдық пен сатқындықтың адалдық пен шыншылдықтан асып түсуіне жол бермейді. Осындай түсінік арқылы Митра келісім, өзара түсіністік, берілген антты орындау идеясын жүзеге асырады. Митраның адамдармен арасындағы келісім-шарттың ғарыштық мәні жоғары. Митра сонымен қатар, адамдардың әділетті болуға деген талпыныстарын қолдап, антты бұзатын қылмыскер, зұлымдардың міндетті түрде жазаланындығына көз жеткізіп, ал адал, таза, өз сөзіне берік адам құдайдың қолдауы мен көмегіне ие болатынығына сенім ұялатады.

Ары қарай Митра бейнесі жауынгерлік образға ие. Ол ақиқат пен әділдіктің басында тұратындықтан, ол жауынгерлер құдайына айналып, оларды батырлыққа, ержүректікке, батыл істерге итермелейді. Митраизмді батыстық және шығыстық болып бөледі. Батыстық митраизмде Митраның жауынгерлік рухы басым, ол – Рим легионерлерінің, Марк Аврелий, Диоклетиан, Юлиан

императордың құдайы. Осындай қасиетімен ол Галия (Франция) мен Пиреней (Португалия) территориясы аралығында тарады.

Шығыстық митраизмде ақиқатты, сөзге беріктік пен келісім-шартты адал орындау әрекетін батырлық рухпен қорғау күші басым. Осындай бейнедегі Митра Орталық Азия, Тибет, Шығыс Сібір, Моңғолия және Қазақстан территорияларына тарады. Бұл аймақтарда ол бақташылық құдайы ретінде мал мен жайылымның желеп-жебеушісі болды. Оның міндеті – адамдардың өмірін келісімді етіп, олардың жайылымдары мен малын қорғаштау болды.

*«Ол адамдар мен жануарларға
жайылымға дархан жер сыйлайды»¹.*

Өзінің осындай рөлі арқылы Митра барлық табиғаттың желеп-жебеушісіне айналып, оны биіктете түседі, мал шаруашылығымен айналысатын көшпенді халыққа боранның, ызғар-желдің күшімен күресуге көмектесіп, әлемге татулық пен үйлесімділік орнатады. Оны «береке, молшылық, қора-қора мал, ұл сыйлаушысы» деп санайды. Митраның осы бір әрекеттері Күнмен теңестіріледі, себебі ол «жарқын», «нұр сәулесін шашқан» жарық күш иесі, ал жасалған келісімді орындағандарға ол берекелі өмір сүруге кепіл беріп, халық арасына татулық пен тұрақтылық орнатады. Митраға деген сенім көптеген мәдени-тарихи дәстүр мен діни-мифологиялық жүйе құрамдас бөлігіне айналды. Көшпенділердің санасында бұл сенім Тәңір мен өмірге құштар Заратуштра құдайына табынумен теңдей. Мұндай дүниетаным **діни синкретизм** атауына ие болды.

Митраға тайпа көсемдері де табынды, себебі ол елдерге тыныштық орнатып қана қойған жоқ, сонымен қатар елдердің біртұтас болуына әмірлік етті. Отбасындағы ауызбірлікті орнату үшін, отағалары да Митраға табынды. Тіпті, аш қалған кедейлер де табынды, себебі ол бүкіл әлем игілігінің қорғаушысы. Оның алдында Анхра-Манью сияқты зұлым күштер, өтірікші мен сатқындар да қауқарсыз. Ол тек бұл дүниенің ғана желеп-жебеушісі емес.

*«Екі дүниеде де,
Бұл жалғанда да,*

¹ *Авеста*. Избранные гимны из Видевдата. – М., 1993. КРАМДС Яхмед Ясави. – С. 105.

*О дүниенің рухани кеңістігінде де
Митра, бізді сақтай гөр»¹.*

Өмірге құштар, әділ де қайырымды Митра құдайдың құрметіне Ұлы Даланың дархан кеңістігінде арнайы мейрамдар ұйымдастырылды: түнде от жағылды, көңіл көтерілді, қайырымдылық танытқаны үшін алғыс білдірді, ақ түсті жануарды құрбандыққа шалып отырды. Мистерия атты арнайы рәсімдерді де орындап отырды, мұнда олар Митра құдайдың құпия және қаһарлы күшіне табынып отырды.

Бұл құдайдың өзге құдайлардан ерекшелігі, ол тек ғарыштық тұтастықты емес, сонымен қатар әлеуметтік әлемнің де жаратушысы болды. **Біріншіден**, ол дос деген атаудың мағынасына сай, өзінің бойында келісім-шарт жасау, екі жақтың ортақ келісімі деген сияқты идеяны ұстады. **Екіншіден**, ол адалдар мен шыншылдарды қолдап, сөздеріне берік емес сатқындарды, қылмыскерлерді жазалай отырып әділдік идеясын алға тартып отырды, көшпенділер бұған өте қатты сенді.

Ол адалдардың жасаған дұғасы мен шалған құрбандықтарын қабыл етіп, ниеті терістерді еш аяусыз жазалап отырды.

Көшпенділер арасындағы Митраға деген сенім олардың санасын өмірге құштарлығы зор, оптимизмге толы зороастризм дінін қабылдауға бұрды.

Бақылау сұрақтары

1. «Митра» атауы нені білдіреді?
2. Митраизмнің қандай идеясы көшпенді халықтың діни санасына жақындау келді?
3. Митра құдайы Еуразия даласында қандай міндеттерді атқарды?
4. Бұл құдайдың көшпенді халықтың діни санасына қабылданған өзге құдайлардан несімен ерекшеленеді?

¹ *Авеста*. Гимн Митра. – С. 100.

Ұлы Даладағы зороастризм. Өмірге деген құштарлық діні

Түркі мәдениетінің ерекше қайталанбас келбетін қалыптастырған рухани-адамгершілік өзегі тәңіршілдік болып табылады. Алайда, Қазақстанның кең байтақ жері көптеген ұлттардың бір-бірімен етене араласып, мәдени-өркениеттік сұхбатқа түскен, діни сенімдер мен ұлттардың өзара әрекеттескен мекені болды. Осы бір сан алуан мәдениеттің аясында ирандықтардың ежелгі сенімі саналатын зороастризм діні маңызды рөлде болды. Тарихшылардың мәліметі бойынша сақтар да, массагеттер мен үйсіндер де зороастралықтар болған екен. Бұл діннің екінші толқыны кейінірек VI–VII ғғ. Қазақстанға миссионерлер арқылы келді. Археологтар зороастризмдік ескерткіштерді көбіне Сырдария, Жетісу өңірлерінен тапты, бұл жерлерде кезінде Тәңір, Жер-Су мен Ұмайға табынған, шамандық өнерге жүгінген көшпенділер мекен еткен болатын.

Зороастризмді ғалымдар алғашқы аян арқылы келген діндердің бірі екендігін мойындайды. Бұл дегеніміз, Құдай адамға авеста тілінде Заратуштра, ежелгі грек тілінде Зороастр деп аталған пайғамбар кейпінде келіп өзін ашты. Ол осы діннің негізін қалаушы және діни қызметкері саналады.

Бұл оқиғалардың барлығы б.э.д. II мыңжылдықтың аяғы I мыңжылдықтың басында орын алғандықтан, Заратуштраның атауы мен іс-әрекеттерінің барлығы миф пен аңызға толы болды. Бірақ сөз таластыруға келмейтін тарихи деректер де бар. Олардың бірі: мұндай адам расымен де Шығыс Иран немесе Орта Азия өңірінде өмір сүрген. Оның әкесі алғашқылардың бірі болып хаома өсімдігінің сөлін алуды үйреніп, одан арнайы діни рәсімге қажет шырын дайындады. Заратуштра атауы «кәрі-түйелік» дегенді білдіреді. Оның мұндай мағынасының екі маңызды себебі бар: **біріншіден**, Заратуштра көшпенді, мал шаруашылығымен айналысып кейіннен отырықшылыққа өткен тайпаның өкілі болды. **Екіншіден**, оның есімі «бойтұмар» ретінде де болды. Мұндай «арық жылқы», «арық бұқа» деген сияқты теріс сипаттағы атауларды халық өз балаларын теріс әсерден қорғау үшін қойған.

Аңыз бойынша, Заратуштра, өмірге келе салысымен күлген жалғыз сәби болған. Оның осы бір сәби күлкісі, өмірі жарқын, нұрлы, жақсылыққа толы болатындығын болжаған. Деректерге

сенсек, ол алғаш рет отыз жасында өз қабілетін ашты. Бірақ оны өз жерлестері түсінбеді және мойындаған жоқ. Көптеген жылдар бойы жер кезген ол шығыс-ирандықтардың патшасы Кави-Виштапсының сарайынан бірақ шығып, пана тауып, түсіністікке ие болды. Хутоса патшайым мен оның сарай маңындағылары ең алғашқы зороастрлықтар болып саналды. Заратуштраның өмірі қайғылы аяқталды. Оның рухқа толы өмірге деген құштарлығы жаңа отандастарының да қарсылығына ұшырап, алауыздыққа тап болды. Ғибадат ету барысында оның арқасына пышақ сұғылды. Ол тіпті күліп те үлгермеді...

Заратуштраның уағыздарын ешкім жазып алмаған. Ирандықтардың пікірінше, хаттар қасиетті ілімнің мәнін жеткізе алмайды, керісінше зиянын тигізеді. Алайды бұл дін тек мойындалып қана қоймай, парфияндық Аршакидтер патшалығы мен Сасанидтердің Ұлы империясы сияқты ресми мемлекеттік құрылымдардың арасына да кеңінен тарады.

Заратуштраның уағыздары халықтың жадысында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, сан жыл уақыт өтсе де жоғалған жоқ. Тек мың жыл уақыт өткен соң, парсы және ежелгі үнді (санскрит) тіліне жақын авеста тілінде жазылып, зороастризмнің қасиетті «Авеста» («Тағзым ету») кітабы пайда болды. Бізге дейін оның көлемі толық болған жоқ. Оның бірінші бөлімі уағыздар және Заратуштра мен құдайдың арасындағы сұхбаттан яғни, Гаталардан тұрады. Олар Ясна деп аталатын зороастрлық литургияның (діни қызмет) мазмұнына кіреді. Авестаның кейінгі бөлімдері – олар Яшта деп аталатын құдайларға арналған гимндерден тұрады. Осы аталғандардың барлығы өлең формасында жеткізіліп, өзінің жоғары көркемділігімен, қисындылығымен, логикалық байланысымен ерекшеленеді.

Зороастризм әлем мен адамның жаратылуы, күнә, жұмақ пен тозақ, сауап, құдай алдындағы жауап, жанның қайта жанданып тәнмен қосылып мәңгі өмір сүруі жайлы діни ойларды қалыптастырып, таратты. Осы бір ойлар жинағы адамзаттың дін жолындағы кейінгі ізденістеріне, иудаизм, христиан, ислам діндерінің догматикасының қалыптасуына үлкен әсер етті.

Зороастрлық доктринаның негізіне – адамгершілік ұғымдар, қайырымдылық пен зұлымдықты жоғары ұғымдар деңгейіне көтеру

түсініктері жатыр. Өмір сүру, қуаныш, игілік қағидаларын бекіте отырып, Заратуштра өзін қоршаған ортаның бойынан күресті, өлім мен қайғыны көрді. Ахура-Мазда деп аталатын қайырымды әрі мейірімді құдай зұлымдық жасамайды. Зұлымдықты Анхра-Манью жасайды. *«Екі әуелбасты саналатын, егіздей рух бар. Олар ойымен сөзімен де, ісімен де әрі қайырымды, әрі зұлым. Осы екеуінің арасынан зұлым емес, жақсылық дұрыс таңдау жасады. Осы екеуі қосылған кезде болмыс пен бейболмыстың негізін қалады, ақырында жамандар ең нашар болмысқа, ал жақсыларға ең үздік мекен тиесілі болды»*¹. Сондықтан да зороастрлық бойтұмарларда қасиетті екібасты бүркіттің басы бейнеленген.

Осындай деректерге сүйеніп, тарихшылар зороастризмді дуалистік дін деп атайды яғни, бір-бірімен үнемі күрес үстіндегі жақсылық пен зұлымдықтың теңдей, тең құқықты қағидасына негізделген дін. Бірақ терең жасалған зерттеулерге жүгінсек, зороастризмде жақсылық пен зұлымдық теңдей көрсетілмеген. Біріншісінде рухани-адамгершілік күш басым болып, нәтижесінде адам өмірін де, тарихта да жоғары орында тұрады.

*«Жақсы ой зұлымдықты жеңуге көмектеседі
Ақиқат қашан да жалғандықты жеңеді
Ал сол кезде жауыз Анхра-Манью,
Билігінен айырылып, қаша жөнеледі»*².

Осыдан кейін, нәтижесінде зороастризмде тек бір ғана билеуші бар, яғни монотеизмге деген үрдіс байқалады.

Ахура-Мазда жалғыз өзі ғана әрекет етпейді. Оның ізгі ой, үздік ақиқат, қасиетті діншілдік, таңдаулы билік, тұтастық пен ажалсыздық сияқты діни-адамгершілік ұғымдармен сипатталатын көмекшілері бар. Осы аталғандардың барлығы Ахура-Маздамен «біртұтас жетілікті» құрап, адамды, малды, отты, жерді, аспан, су мен өсімдікті қорғап жүреді. Бұл қасиеттілердің барлығы аңыз бойынша, ең алғашқы адам «йим» мекен еткен жұмақта тұрады. Алайда ол қасиетті бұқаның етімен тамақтанып, мәңгі өмір сүру мүмкіндігінен айырылып, жұмақтан қуылған. Осылайша зоро-

¹ *Авеста*. Ясна.30. – С. 5.

² *Авеста*. Избранные гимны. – Яшт 19. – С. 173.

астризмде, бірінші рет, әлемдік діндер догматикасының негізгі құраушысына айналған күнәлар жайлы идея айтылды.

Бірақ адам, Заратуштраның ойынша, Ахура-Мазданың рақымынан толығымен айырыла қалған жоқ. Пайғамбардың айтуынша, ол өзінің **ізгі ойлары, ізгі сөздері және ізгі істері** (зороастризм этикасының негізгі үштігі) арқылы Анхра-Манью сияқты теріс күштерді және онымен қатар жүретін дэва сияқты жындарды жеңіп шығады.

Ізгі істер – бұл ертеңгі күні жұмаққа түсу үшін адамның жеке тағдырындағы жақсы істердің санын арттыруға тырысу ғана емес, қасиетті жоғары күшпен де бірігу дегенді білдіреді. Заратуштра жеке адамның адамгершілік жолындағы ерлігін жоғары бағалайды, осылайша ол жалпы жақсылықтың еншісін көбейте түсуге көмегін тигізеді. Ал өз еркімен дұрыс жолды таңдамағандар, соңында Анхра-Манью және оның зұлым диюларымен бірге тозаққа аттанады.

Зороастризм – **эсхатология** рухындағы адам болмысының тарихилығы, Заратуштраның ұлдары бейнесіндегі ұлы Құтқарушының келуі, қиямет күні мен қайта тірілу жайлы тақырыпты көтерген алғашқы діндердің бірі. Бұл ілімде тарихтың дәуірлері көрсетілген.

Бірінші кезең – бұл үш мыңжылға созылған жақсылық пен жарық дүниенің билеген заманы. Бұл «алтын ғасыр» болды. Жер бетінде ауру да, қайғы да, кәрілік те, өлім де болмады. Адамзаттың барлығы Ахура-Мазда қамқорлығының аясында өмір сүріп, дархан даланың жемісін жеп, ізгілік пен әділеттілікке толы ой, сөз бен іс сияқты зороастрлық үштіктің адами парыздарын орындап жүрді. **Екіншісі** – жақсылық пен зұлымдықтың күресі жүріп жатқан біз өмір сүріп отырған заман. «Алтын ғасырдың» осы бір тыныштығын Ахура-Мазда мен Анхра-Майньюдің бір-біріне деген қарама-қайшылығы бұзды. Ол бұл әлемге қайғыны, ауруды, аштықты, өлімді алып келді. Ол әлсіздердің зороастрлық адами парыздарды орындамауына үндеді. Осылайша жер өзінің құнарлығын жоғалтып, адамдардың аш қалмаулары үшін тынбай еңбек етуіне тура келді. Әлем түнеріп, «алтын ғасыр» артта қалды.

Бірақ Ахура-Мазда адамдарды тастап кеткен жоқ. Осылайша дана құдай түзу жолды таңдаған діндар адамдарға қол ұшын созып бірлесе күрес жүргізді. Осы кезде Заратуштраның әулетінен шыққан құтқарушы пайда болып, барлық адамдарды Соңғы сотқа

шакырып, өлілерді тірілтеді. Ал үшінші кезеңде барлық зұлымдық тамырымен жойылып, жақсылық орнайды.

Зороастризмге табиғатты қасиет тұту, от, су, ауа мен жел сияқты оның негізгі күштерінің қасиеттілігін мойындау тән. Әсіресе отты жоғары қасиет тұтты. Зороастрлықтар, Ахура-Мазда адамдар арасына қасиетті, мәңгі алау ретінде келіп, ғибадатханаларда осы қасиетті отты жағып, сөндірмеуге тырысатындығына сенді. От, жарықтың үдемелілігі, оның кернеуі мен сөнбей лаулап тұруы жарық пен адамгершілік бастауы саналатын мейірімді құдайларға тән.

Сондықтан да зороастрлықтардың негізгі сенімі отқа табынумен болды. Ғибадатханалар әлі болмаған кезде, таудың жоғарғы шыңында от жағылып, дұға жасалынды. Оған арнайы еріген май мен арнайы рәсімге арналған хаома өсімдігінен алынған шырынды құйды. Шырынның әсері ерекше, оны от кейінде келген ахура-Маздаға әкеліп, кейін өздері ішті. Кейін мейірімді құдайға арналған гимндерді орындады.

Арнайы ғибадатханалар салына бастағаннан кейін, қасиетті орында үнемі шырақ жағылып тұрды. Абыздар литургияны (қызмет) орындап, Авестаның маңызды бөлігі саналатын Яснадағы Заратуштраның уағыздары гаталарды оқыды. Хаома сусынын ішу жалғастырылып, Ахура-мазда мен оның көмекшілеріне арналған гимндер орындалды.

Осылайша Ахура-Маздаға арналған гимн формасы бойынша Заратуштра мен құдайдың арасындағы сұхбат сияқты болды. Пайғамбар өз сөзінде: *«Қасиетті өшпес өмір иелері, сіздерге дұға жасап, сіздерді ойымызбен де, сөзімізбен де, күшімізбен де ұлықтаймыз»* дейді. Кейін дэв пен адамдар арасындағы араздықты жоюды, ең өктем және емдігі жоғары не екендігін көрсетіп беруді сұрайды. Құдай былай деп жауап қатады: *«Менің есімім... өшпейтін қасиетті есім, – қасиетті дұғалардағы сөздер бәрінен де құдіретті»*.

Осылайша Құдай көптеген есімдерді атайды. Бастапқыда олардың саны жиырма болса, кейін жетпіс екіге дейін өсті. Олардың арасында – қуатты, Ақылды, Құдіретті, Мейірімді, Қайырымды деген есімдер. Ал ең үздігі Игілік пен Ақиқат құдайы. Зороастрлықтар осы қасиетті есімдерді атап, дұға жасасаңыз Ахура-Мазданың өзі мен су да, өсімдіктер де, адамға көмектесіп, барлық теріс тылсым күштің, күнаһарлардың бетін аулақ ететіндігіне сенген.

Авестада Ахура-Мазданың көмекшілері саналатын ниеті он құдайларға да арналған гимндер бар. Мысалы, бесінші Яшт су мен құнарлық құдайына арналған, оны Әмудария өзенінің құдайымен теңестіреді. Заратуштра құдайларға «сенім жайлы ойлауды, сенім бойынша сөйлеуді, сенімге жүгініп әрекет етуді» үндеді. Оның сөзінен сенім табиғатының тұтастығы байқалады, олар ізгі ой, ізгі сөз, ізгі әрекет, бұлар зороастризм этикасының негізі. Ардвиг сәттілік сыйлайды және тек ізгі іске қатысты көмек сұрағандардың тілегін қабыл етеді. Егер одан жаман әрекетке қатысты тілек тілесе, ол оның бетін қайтарады. «Авестада» тек жақсы істерге қатысты ғана тілек тілеу қажет делінген.

Мәдениеттің сипаттамасын анықтау үшін адамдардың қалай еңбек еткені шаруашылық түрлерінің қандай болғандығын анықтау ғана емес, сонымен қатар, олардың мереке кезінде құдайларды ұлықтап, қалай бас қосқандары, бейбіт те, бақытты күндерге қол жеткізгендерін қалай атап өткендері де маңызды. Өмірге құштар зороастриліктерде Ахура-Мазда құдайдың, егін алқаптарындағы жұмыстың басталып, аяқталуы, малдың өрістен қайту құрметіне арналған көптеген мерекелер болды. Әсіресе, жаңа жылды қарсы алу, яғни қыстың қайтып, күн жылынып, бәйшешек гүлдей бастаған кезде аталып өтетін Наурыз мерекесі ерекше сүйікті мейрам болды. Бұл мейрам бүгінгі күнде қайта жаңғыртылды. Біз де оны ең сүйікті мейрамның қатарына жатқызамыз. Бірақ көпшілік осы мейрамның зороастриліктерден келгенін біле бермейді.

Өзінің өмірге құштарлығы, үнемі жақсылық пен әділдікке бейім келуінің арқасында көшпенді халық зороастризмді өздерінің дүниеге деген ерекше қатынасының құрамдас бөлігі ретінде қабылдады және олардың негізгі сенімі саналатын тәңіршілдік дінімен өзара әрекеттесе отырып, дала өркениетінің рухына, сұранысына сәйкес өзгеріп отырды. Қазақстандағы діндарлықтың генезисін зерттеуші танымал ғалым М. Орынбековтың айтуынша «Зороастризм Орталық Азиядағы көшпенді қоғамның қалыптасуы мен дамуында ерекше рөл ойнады, оның идеологиясы мен мәдениеті еркінсүйгіш және жарқын халықтың болмысына терең әсер етті»¹.

¹ *Орынбеков М.С.* Генезис религиозного сознания в Казахстане. – 2 изд. – Алматы: ИПР КН МОН РК, 2013. – С. 80.

Көшпенділер зороастризмді өздерінің жергілікті сенімдері мен дәстүріне құрмет таныта отырып, ерекше формада қабылдады. Осылайша Қазақстан территориясындағы зороастризмдік ескерткіштерде көшпенді мәдениеттің белгілері табылған, олар қазақ үйі, әйел киімі мен әшекей бұйымының қалдықтары. Әлемнің жаратушысы, мейірімі мен шапағаты мол Тәңірге деген сенім жарық құдайы Ахура-маздаға табынуға кедергі болмады. Зороастризмге де, Тәңіршілдікке сияқты әлемнің рухтануы, табиғат күштеріне, әсіресе құдай болмысымен байланыстыратын оттың күшіне табыну тән болды. Зороастризм де, тәңіршілдік сияқты өз туған жерін қорғайтындарды даңққа бөлеп отырды. Осындай ортақ қасиеттері зороастризмнің дархан далаға енуіне себеп болған сияқты.

Бірақ Тәңір рухы мен көшпенді дүниетанымына сәйкес келмейтін айырмашылықтар да болды. Бұл әсіресе, мәдениеттің маңызды бөлігі саналатын өлілерге деген қатынастағы айырмашылықтар. Зороастрылықтарда өлілер таза емес болып саналды, олар жермен жанаспау қажет, сондықтан оларды көмуге болмайды. Олардың денелерін тауға тастап, сүйектерін төменде орналасқан арнайы ыдысқа салып қойды. Ал тәңіршілдіктер үшін ата-баба рухына деген тағзым, олардың өз ұрпақтарын ең жауапты сәтте желеп-жебеп жүретіндігіне деген сенім жоғары тұрды. Сондықтан да зороастризмдегі бұл рәсім мен ата-баба рухына деген құрмет танытпаушылық далалықтар үшін жат саналды.

Тұтас алғанда, зороастризм жергілікті салт-дәстүрмен етене араласа отырып, көшпенділердің діни синкретизмін құрады, бұдан тек ислам ғана асып түсті. М.С. Орынбековтың пікірінше, ислам зороастризмнің көптеген діни идеяларын қабылдады «бес уақыт намаз, адамды бейнелеуге тыйым салу, садақа беру, ақыр заман жайлы болжамдар, жұмақ пен тозақтың барына сену, қиямет күннің болатынына деген сенімнің барлығы исламға зороастризмнен келді»¹. Ислам сияқты жаңа дін арқылы ығыстырылып, зороастризм ақырындап Үндістан өңіріне қарай тарады, ол жерде өзгеріске ұшырап, парсизм формасын қабылдап, әлі күнге дейін артынан он мыңдаған сенушілері ерген сенімге айналды.

¹ *Орынбеков М.С.* Генезис религиозного сознания в Казахстане. – 2 изд. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 82.

Бақылау сұрақтары

1. Заратуштра пайғамбардың өмірі мен сенімі жайлы не білдіңіз?
2. Зороастризмнің діни идеялары қаншалықты маңызды?
3. Зороастризм этикасының үш негізгі қағидасын атаңыз.
4. Неліктен зороастризм қазақ халқының ата-бабасының діни синкретизмін құраушы ретінде болды?

Буддизм: бірігу діні

I ғасырдан бастап Қазақстан территориясына Үндістаннан Ұлы Жібек жолының бойымен тайпалық емес, тайпааралық емес, сенушілер саны мыңдаған және көптеген елдер мен аймақтардың мәдени-тарихи үдерістеріне әсер еткен әлемдік діндер келе бастады. Бұл – буддизм діні, ол қазақ ата-бабаларын өз ілімінің біріктіруші күшімен баурады. Ол тек бір халықтың, әлеуметтік ортаның, ұлттың ғана емес, өз өмірлеріндегі маңызды сұраққа жауап іздеген барлық адамдардың дініне айналды.

Ел билеушілері үшін өз иелігі астындағы аймақтардың басын біріктіретін өте күшті идеологиялық құрал болды. Түркі қағанаты өзінің негізі қаланған күннен бастап, буддизмнің әсеріне ұшырады. Бумынның ұлы мен Мұхан-Қаған осы сенімді бірінші болып қабылдады. Оның Тобо-Қаған буддалық мәтіндерді түркі тіліне аударуға бұйрық берді. Таспар-Қағанның билігі барысында келесі қадам жасалды: буддизм мемлекеттік дін болып жарияланды.

VII–IX ғасырда буддизм Шығыс Түркістан өңіріне қарай ығыстырылды. Ыстықкөл маңынан бірқатар буддалық ескерткіштер табылған болатын. Ысык-Ата шатқалынан будданың тасқа қашалып салынған бейнесі табылды. Ал Іле өзенінің жағасындағы Тамғалы шатқалынан осындай қашалынған тағы да бірнеше сурет табылды. Осылардың барлығы ортағасырдағы Қазақстанның діни ахуалына айтарлықтай әсер етті.

Үнділік діни сананың негізгі қағидаларын сақтай отырып, буддизм ежелгі Веда дәстүріне өз ұстанымдарын қарсы қойды, бұл дегеніміз тек бір ерекше қастаның өкіліне ғана емес, барлық ұлт пен тап өкілдеріне теңдей қарады. Ведалар, құдайларға арналған гимндер жиынтығы және оларға деген Упанишаданың берген философиялық түсіндірмелері барлық

үнділік мәдениеттің, яғни мифология, дін, этика, психологияның негізін құрады. Осы бір қасиетті мәтіннің күрделі аппараты, анықтамалар мен ұғымдар жүйесі болды, олар өз кезегінде терең діни-философиялық ойлар айтуға мүмкіндік берді. Буддизм бұл ұтымды категорияны қолданғанымен, мыңдаған адамның санасын жаулаған, үнділіктердің ішкі доктринасы ғана емес, көптеген халық пен мәдениеттің, соның ішінде Ұлы Дала көшпенділерінің дүниетанымына айналған ерекше ілім болды.

Буддалық әдебиеттер, буддалық өнер сияқты ерекше құбылыс. Ол өзінің хронологиялық, географиялық және этнографиялық көлемімен таң қалдырады. Оның тарихы екі мыңжылдық кезеңді қамтиды, Жапония мен Индонезия аралдарынан бастап Қалмақ жеріне дейін, Моңғолия мен Тибетке, Үнді мен Цейлон жеріне дейінгі кеңістікте таралды. Буддизм бұл мекендерде жергілікті әдеби және фольклорлық дәстүрлермен араласып кетті.

Деректерде көрсетілгендей, б.э.д. 567 жылы патша отбасында дүниеге келді. Оның өз есімі – Сиддхартха («Мақсатына жеткен»), тегі – Гаутама, әкесінің есімі – Мудуходана, анасы – Майя. Ол Шакия патшалығының мұрагер ханзадасы және Капилавастуда (Гималай тауының бөктері) патшаның екінші әйелінің тәрбиесінде болды, себебі анасы жеті жасында дүние салды. Ер жетісімен өзінің немере қарындасы Яшодхарға үйленіп, Рахулу есімді ұлды болды, кейін баласы өзінің шәкіртіне айналды. Жанында сүйікті әйелі, адал достары, байлық, даңқ, махаббат... Бір қарағанда өмірі тыныш, бақытты болып көрінеді.

Бірақ бір күні серуендеп жүріп, үйіне оралып келе жатқанда, жас ханзада әбден қартайған қария адамды кездестіреді, кейін безгек ауруына шалдыққан науқас адамды, қайыр сұрап жүрген тақуаны, одан соң өліктің артынан кетіп бара жатқан, өздерін жұла, жылап еңіреген адамдарды кезіктіреді. Осылайша ханзада адамның қашып құтылғысыз қайғы-қасіретінің куәгері болды. Бірақ ол сол кездің өзінде-ақ шешім қабылдап, өзге өмір жолымен кетуге даяр болған. Жеті жасында сүйікті анасынан айырылып, оны жоқтап отырғанда қайғы мен өлімнің қандай қасірет екендігін ұғынған еді.

Осылайша, Гаутама байлық, даңқ пен патша тағынан, махаббаттан, ұлынан бас тартып, өз өмірін өзге бағытқа бұрды. Халық

анызы будданың бұл әрекетін ерекше сипаттайды. Ол жарым түнде тұрып, әйелінің бөлмесінің есігіне жақындап келгенде, оның баласын құшақтап тәтті ұйқыда жатқанын көреді. Ол баланы қолына соңғы рет алып сүйгісі келіп еді, бірақ жас ананы оятып алатындығынан қорықты. Сөйтіп ол бар күш-жігерін жинап жарым түнде жарық жолды іздеуге аттанды. Ол 29 жаста ғана еді.

Гаутама тақуалардың сары жамылғысын киіп халықтан қайыр сұрап, адамдарды қасіреттен құтқаратын ақиқат жолын іздеу үшін ел-елді аралады. Ол Урувела тоғайына бес жолдасымен аттанып, өз денесін әбден азапқа салды, дұға жасады, мінәжәт етті. Ол адамның маңдайына жазылған қайғы-қасірет болмысының мәнін тануға тырысты. Бірақ аскеттік жол осы құпияны шешуге мүмкіндік бермеді. Содан кейін ол данагөй тақуаларға барып, көп сұрақтар қойып, білім, ілім алуға тырысты. Бұл жерде де өзінің «Осы өмірде адам неліктен қайғы-қасіретке душар болады?» деген сұрақтың жауабын таба алмады.

Алты жыл жер көкті кезген Гаутама, ешкімге сенім арта алмайтындығын ұғынды. Ақиқатты өздігінше іздеуге бел буды. Бір күні Урувилви тоғайында Бо ағашының (үнділік інжір ағашы, буддалықтар оның Бодхинанда – ақыл-ой тағы деп атады) саясына отырып, медитациямен айналысты. Гаутама қозғалмай Шығысқа қарап отырды. «Мен жоғарғы және абсолютті білімге қол жеткізбейінше өз орнымнан қозғалмаймын» деді. Сол қалпында ағаштың саясында жеті апта бойы отырды. Ақыр аяғында оған жарық нұры түсті. Ол іздегенін тапты. Ол барлық қасіретінен құтылып, жаны рақатқа бөленіп, тыныш күйге, яғни нирванаға қол жеткізді. Оның жаны қайта жаңғырып, жүрек көзі ашылды.

Будданың денесінен нұр шашылып, ол өзінің ақиқатымен халықпен бөліскісі келді. Ол өзінің алғашқы уағызын Сарнатхтағы Бұғылар бағында жүргізді. Оны өзінің бес шәкірті мен екі бұғы тыңдайды. Бірақ уақыт өте келе ол мыңдаған адамның ұстазы мен ақиқатты болжаушысына айналады, ал оның ілімі діни сипатқа ие болып, христиан және ислам дінімен қатар әлемдік діндердің қатарына қосылды. Тарихи үдеріске әсер етуі жағынан ғана емес, діндарларының саны мен таралған елді-мекендеріне қарай да әлемдік дінге айналды.

Будданың басты канондық шығармасы «Трипитака» («Ілімнің үш қоржыны») деп аталады. Бұл атау Будда өлгеннен кейін оның

ауызша тараған ілімдерін мен көзарастарын шәкірттері жинап, олардың үшеуі ұстаздың көзқарастарын қайта жаңғыртып жинауымен байланысты. Кашьяпу өзінің метафизикалық идеялары мен психологиялық этикасын «Ахидхаммапитакаға» жинастырды. Буддалық ордендегі ең қария адамы Упали заңдар мен тәртіп ережелерін «Винаяпитакаға» жинастырды, ал Ананда Будданың ел кезіп жүргендегі уағыз әңгімелері мен өсиеттерін «Суттапитакаға» жинады (осы кітаптардың барлығы пальма жапырақтарына жазылып, себеттерде сақталды делінеді).

Каоннның негізгі бөлігі «Дхаммапада» (дхамма – заңдар, қайырымдылық, пада – ілім, жол) болып табылады. Бұл Будданың шәкірттері жазып алған нақыл сөздер жинағы, буддалық өмір оқулығы (б.э.д. IV–III ғғ.). «Дхаммапада» канондағы ерекше орында және танымалдыққа ие. Платонның, ежелгі христиандық шығармалардың, ортағасырлардағы мистиканың, Паскаль мен Тютчевтің тіпті заманауи экзистенциалистердің идеяларымен үндес бұл діни мәтін өзінің тереңдігімен және ерекшелігімен оқырманды таң қалдырады. Бұл жерде адамды қашан да толғандыратын өмір мен өлім, қасіреттен арылу, болмыс мәні деген сияқты мәңгі мәселелер көтерілген.

Сонымен Будданың жүрек көзі ашылғаннан кейін адамдарды неге шақырды? Бо ағашының саясында қандай ақиқатты таныды? Ең бастысы ол, веда дәстүріне қатаң сынмен қарады: «өзге біреудің бізді бақытты немесе бақытсыз ететіндігін болжау, қате пікір» дейді. Құдайға табынудағы қатаң рәсімдер Будданың санасын улады. Адам біреудің абыройы мен беделіне қарап емес, өз тәжірибесіне сүйене отырып тану қажет. Әрине Будда Құдайдың барын жоққа шығарған жоқ, бірақ онымен сұхбатқа түсуге тырысқан жоқ. Ол үшін ең бастысы – нирванаға, рақатқа бөленуге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жеке адамның жігері. Будданың пікірінше, құдай, абсолют, бастауды білу міндетті емес. Мұндай білім ауыртпалық түсіріп қана қоймай, этикалық тұрғыдан да жарамсыз болып табылады.

Будда метафизикалық сұрақтарға тікелей жауап беруден бас тартады, ал ондай сұрақтардың саны он: 1) Әлем мәңгі ме? 2) Немесе мәңгі емес пе? 3) Әлемнің шегі бар ма? 4) Әлде ол шексіз бе? 5) Тән мен жан ұқсас па? 6) Тән мен жанның бір-бірінен

айырмашылығы бар ма? 7) Ақиқатты таныған адам мәңгі өмір сүре ме? 8) Әлде оның ажалы бар ма? 9) Ақиқатты таныған адам бір уақытта мәңгі де өмір сүріп, ажалы бар адам да бола алды ма? 10) Ол мәңгі де өмір сүрмей, ажалы бар адам да бола алмауы мүмкін бе? Бұлар буддалық әдебиеттегі «жауабы табылмаған он сұрақ» ретінде танымал.

Әлем мен адам үшін маңызды сұрақтардан Будданың бұлтартуы құпия болып қалды. Будда Шығыстық рухтың бейнесі, жүрегі кең, мейірімді, бәрінен хабардар әрі үндемейтін, болмысы құпия әрі қолға ұстатпайтын данагөй. Өзі даналыққа құштар болып, бірақ өзін аямай азаптайтын адам ақымақ дейді Будда, себебі бүйіріне тиген уланған садақ оғын шығаруға асыққаннан гөрі сол улы садақты кім жасап, кім көздегені және оны анықтау керектігі жайлы толғанып отырады.

Будда өте қарапайым, ол «ормандағы жапырақтардың саны сияқты ақиқаттың да саны көп, ал олардың мадақтаған ақиқаты жапырақтардың үйіндісі сияқты ғана» дейді. Будданың үнсіздігі мен қарапайымдылығы тек құпия ғана емес, олар қарамақайшылықты да. Будда нирванаға жетеді, бірақ ол нирвананың абсолют болмысына қатысты сұраққа жауап бермейді. «Мен осы бір мистикалық кереметтер тәжірибесінен қауіп көремін. Олар маған кедергі келтіреді, мен олардан жиіркенемін; мен олардан ұяламын» дейді. Шынымен де парадокс! Нирванаға ұмтылып, қол жеткізетін адам сонымен қатар одан ұялады¹.

Буддаға метафизикалық тұрғыдағы қойылған сұрақтарға үнемі үнсіздік танытатындықтан, оны діни қайраткер емес, реформатор және этиканың ұстазы деп қана атады. Ол теориялық пікірталастарды ұмытып, Ведалардың құдаймен тілдесу тәжірибесінен бас тартып, тек өз өміріне бет бұрып, өз бойында көп дүниені өзгерте алатын, көптеген жетістіктерге қол жеткізе алатын күш-жігердің барын түсінуге шақырады.

Будданың ұлы ақиқаты кішігірім қарапайым және қайырымды ақиқаттан тұрады, олардың саны төртеу: 1) қайғы-қасірет бар; 2) оның себептерін табуға болады; 3) олардан құтылуға болады;

¹ См.: *Колчигин С.Ю.* Загадка Будды (Книга-гипотеза). – Алматы: ИФиП, 1997. – 286 с.

4) оның белгілі бір жолы бар. Даңқы ғасырлардан асып, нәтижесінде құдай болу үшін осы төртеуі аздық етпейді ме?

Осы төрт ақиқатты бір идея түзіп отыр. Қарапайым адам жалған өмірді үлкен қуаныш деп санап, өзгеруге тырысу керек, бұл жайлы Упанишадаларда айтылған. Бірақ бұл өмір адамның өмірге келуі, сырқаттануы, мұңаюы, сатқындық, жоқшылық, іштарлық, өлім сияқты қайғы-қасіретке, азапқа толы. Сондықтан өмірге келу – бұл азап. Одан гөрі адам өмірге келмей, өзгермейтін күйге түсуі керек, ал мұндай күйге ол тек мәңгі паринирванаға түскенде ғана тап болады.

Осындай рақатқа бөлену үшін, тынбай көп еңбек ету керек, рухани да, физикалық тұрғыдан да тазаруы шарт. Осылайша акцент өзгереді. Бұл өмір нағыз азаптың ортасы. Бұл өмірге қайта келу қажеттілігінен босаған адам рақатқа бөленеді. Келесі жолы өмірге қайта келеміз деп қуанған сауатсыздардың қуанышы бекер.

Бірінші игі ақиқат: бұл өмір азапқа толы. Бұл дүниенің қуанышының уақыты қысқа және қуаныш аяқталысымен адамды азапқа түсіреді. Бірақ азаптың себебін табу керек. **Екінші игі ақиқат** азаптың себебін іздейді. Бұл – тілектердің қанағатсыздығы: махаббатқа, билікке, даңқ пен байлыққа деген құмарлық. Бұл қатты ағыстың ортасында тұрған қауіпсіз арал секілді. Мұндағы ағыс – адамды құмарлыққа, күнәға, адасуды білдірсе, арал – нирвана, құтылу дегенді білдіреді. **Үшінші игі ақиқат** азаптардан құтылу жолын іздейді. Мұнда ешқандай құмарлық жоқ. «Өзге ойлардан азат ақыл сөніп бара жатқан алау секілді». Данагөй Будда толығымен құтылуды сананың таза күйі, яғни нирванамен теңестіреді. Бұл – пессимизм емес, бірақ керісінше, ең жоғарғы рақатқа бөлену мен рухтың белсене түсуі себепсіз әрекет ету күйі. Будда жолындағылар нирвананы бірқатар тұтас метафоралар арқылы анықтайды. Нирвана мұхит сияқты терең; таудың шыңы сияқты биік; балдай тәтті. Бірақ ешқандай сөз де, метафора да нирвананың қандай екенін жеткізе алмайды. Ақиқатты тек осы бір сөзбен айтып жеткізе алмайтын күй арқылы ғана жеткізуге болады. Будданың пікірінше, «барлық заттар шынайы емес, олар тек елес, жалғыз ақиқат ол-нирвана».

Сансара – азап-қасіретке толы өмірге қайта келудің, өмір мен өлімнің үздіксіз айналымы. Нирвана осы айналымды бұзады.

Бұл субъект-объект қатынасының шеңберінен шығады. Мұнда «мен» деген сана жоқ. Ол – шынайы әрі ұзақ, бірақ уақыт пен кеңістіктен тыс. Бұл – таңның ату алдындағы жұлдыздарды сөне бастауы немесе жаздың шырайлы күніндегі ақ бұлттардың таралуы сияқты. **Төртінші игі іс** әр адамға нирванаға деген жолды ашады. Бұл **сегіздік жолы**, рақатқа бөлену үшін жасалатын сегіз қадам. **Біріншісі** – дұрыс көзқарастар, төрт игі ақиқатты дұрыс түсіну. Қалғандарының барлығы осыған байланысты. Осы тұстан адамгершілік қасиетті жетілдіру жолы, нирванаға деген жол басталады. **Екінші қадам** дұрыс ынта (бел байлау) – барлық теріс әрекеттен бас тартып, өз жолыңды бастауға белінді бекем буу. **Үшіншісі** – дұрыс сөйлеу: өтіріктен, арам, жеңіл сөздерден аулақ болу.

Төртіншісі – дұрыс тәртіп. Будда салт-рәсімге ашық соғыс жарияламайды, дегенмен ұстамды қатынаста да емес. Дұрыс тәртіп рақымшылық ету мен құдайларды ұлықтауға ғана байланысты емес, ашу-ызадан, масаюдан, өтірік пен көре алмаушылықтан құтылумен анықталады. Ниеттің таза болуы, көну, зорлықтан бас тарту және өзін құрбан ету – бұл буддалық адамгершіліктік кодекс. **Бесінші қадам** – алдыңғы айтылғандардың басын қосады. Бұл дұрыс өмір сүру салты. Мұндағы ең бастысы – жеке басты ғана ойлаудан бас тартып, таза еңбекпен табыс табу керек.

Соңғы **үш қадам** іштей тазару мен пайымдауға өту жолына қатысты. Бұл – дұрыс бағытқа күш салу, жаман ойлардан арылып, жақсысын арттыру. Жаман ойлардан арылу үшін Будда бірнеше кеңес береді: а) жақсы оймен тоқталу; б) жаман ой жүзеге асса, оның салдары неге әкелетініне баға беру; с) оның себептерін талдау; д) дене жаттығуларымен ойынды бөлу. Дұрыс бағытқа күш салудың нәтижесінде дұрыс ойлар жүреді, яғни дененің, сезім мен ақылдың мәңгі еместігін мойындау.

Біздің денеміз жиіркенішті материяға толы, олар: ет, сүйек, өт, қақырық, қан, май. Олардың бәрі мәңгі тұрмайды, шіриді. Барлық өтірік сезімнен арылып, өзіңнің және басқаның денесіне деген ынтызарлықтан, болашақта біреуден айырылып қалу қасіретінен, осы әлемге деген құштар болудан құтылу қажет. Буддизмде мінәжәт студі алмастыратын биік әрекет бұл асқан байсалдылық танытып, нирванаға ену. Осылайша, қайырымдылық пен даналық

бірлесе отырып, бірін-бірі тазартады. «Тіпті құдайдың өзі де өз-өзін жеңген адамды жеңісінен айыра алмайды».

Қайта дүниеге келу идеясы барлық ежелгі үнділер іліміне тән. Ең алғашында бұл ұғым «Упанишадаларда», «Ведаларға» (VII ғ.) берілген философиялық түсініктемелерде талданды. Бұл мәтіндерде барлық тірі жанның, мейлі ол адам болсын, мейлі жануар, жәндік, ағаш, өсімдік болсын олардың маңызы мен құқығы бірдей. Танымал өлең жолдарында былай делінген: «Сен – әйелсің. Сен – Ер-азаматсың. Сен – бозбаласың. Сен – қыз баласың. Сен – қаракөк түсті құссың. Сен – қызыл көзді жасыл түсті құссың. Сен – найзағайлы бұлтсың ... Сен – жыл мезгілісің...». Егер дәл осы өлең жолындағыдай болса, адамның жаны, өзінің бұрынғы өмірінде кім болғанына және осы өмірдегі әрекеттеріне байланысты басқа да жанға өтеді, себебі оның жанының өзге тірі жаннан айырмашылығы жоқ.

Буддизм адам жанының өзге денеге қонуын, сансара айналымын қабылдамайды, себебі ол қасірет пен азапқа толы өмірге қайта оралу дегенді білдіреді. Адам өз кармасынан құтылу үшін барлық күшін салу керек, яғни өзінің өткен өмірдегі әрекеттерін, сансара айналымынан құтылып, қасіретке толы ортаға қайта оралмуы тиіс.

Ислам мен христан діні сияқты әлемдік діндер адам жанының өзге денеге қонуы тұжырымын толығымен жоққа шығарады. Адам жаны мұндай құбылыстардан аулақ болуы шарт. Оның осы өмірдегі рөлі мен міндеті өте жоғары. Оның жаны құдаймен тікелей байланыста, рухы жоғары, болмысы дара болғандықтан, жаны өзге де бір табиғи формаға өтеді деген сияқты пікірден алыс болу керек.

Буддизмнің этикалық тұжырымдамасы «Дхаммапада» жинағында ежелгі үнді әдебиетінің дәстүрінде, көркемдік формада жеткізілген. Бұл Будданың уағыздарын жинақтап жүрген шәкірттерінің жазба деректері. Әрбір сутра – қанатты сөздерден тұрады, ал олардың жинағы сегіздік жолдың мәнін анықтайды.

Бұл танымал еңбек қос шумақтардан тұрады. *«Ол мені қорлады, ол маған соққы берді, мені жеңді, мені айласына түсірді. Әркім өз санасынан осындай ойларды шығармаса өшпенділіктен құтылмайды»* – бірінші шумақ. Екіншісі жоғарыда айтылған ойларды қайталағанымен, өзгерістері бар *«Ол мені қорлады, ол маған соққы берді, мені жеңді, мені айласына түсірді. Әркім өз сана-*

сында осындай ойларды ұстамаса өшпенділіктен құтылады». Соңғы шумағында былай делінген: «мына әлемде өшпенділікті өшпенділікпен қайтара алмайсың, егер өшпенділік жоқ болса, ол тамырымен жойылып кетеді. Бұл мәңгі дхамма»¹.

Жоғарыда айтылған сөздер мәнісі жағынан «адамгершіліктің алтын ережелері» болып табылады, бұл жайлы көптеген діни мәтіндерде айтылған және ол адамгершілік қасиеттің негізіне айналды. Буддамен қатар дәл осы ойды өзге мәдени ареалда Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций де айтады, бірақ оның ойы сәл өзгеше: «өзіңе не жасағанды қаласаң, өзгеге де соны жаса, сонда отбасының да, мемлекеттің де саған деген араздығы болмайды». Бұл идея әлемдік христиан және ислам діндерінің адамгершілік кодексіне кіріп, жалпыадамзаттық құндылықтардың негізгі жүйесіне айналды.

«Дхаммапада» жинағында адам өзін қанағатсыздық, атаққұмарлық, қызғаныш, араздық, нәпсі сияқты адам басын шыр айналдыратын кем дүниеден ада болу керектігі жайлы айтылған. «Шатыры тесік үйдің төбесінен өтіп кеткен жаңбыр сияқты, толыққанды жетіле қоймаған санаға да арам ойлар тез енеді», – дей отырып Будда өз білімінді, ақылынды жетілдіруге шақырады. «Орныңнан тұр! – дейді Будда. – Жеңілтек болма! Қайырымды дхамманың соңынан ер! Дхамманы ұстанған адам бұл дүние мен о дүниеде де бақытты өмір сүреді».

Ежелгі буддизмді «кіші жол» (хияяна) деп атайды, себебі ол тек таңдаулыларға ғана арналған. Олар бұл өмірдің барлық игілігінен бас тартып, ұстаздың уағызына ерген тақуалар, аскеттер болды. Кейінгі кезеңдерде буддизм «азаптан құтылудың кең жолын», яғни «Үлкен жолды» (махаяна) таңдады. Нирванаға жетіп, ілімнің мәнісін ұғынып, адамдарды ақиқат жолына салу үшін бұл әлемге қайта оралған адамның, Бодхисатваның мүсіні пайда болды.

Будда адамгершілікті үгіттеген ұстаздан құтқарушы құдайға айналды, оның маңында кішігірім буддалық пантеондар қалыптасты, адамдар оларға да табынып, сыйынды. Алайда, ежелгі буддизмде адамның нәсіліне, жас көрсеткішіне, шығу тегіне қарамастан,

¹ Дхаммапада. Перевод с пали. – М.: Восточная литература, 1960. – С. 59.

барлығының бір жұдырық астына жұмылу идеясы сақталып келеді. Хинаяна мен махаяна формасындағы буддизм де барлық халыққа бағдарланған әлемдік дін болып саналады.

V ғасырда Шығыс пен Батыстың мәдени әлемін біріктіріп, Ұлы Жібек жолы арқылы келген көптеген діндер сияқты махаяна формасындағы буддизм де Қазақстан территориясына тарала бастады. «Жаңа дін Тәңір жолындағы халықты несімен еліктірді?» деп сұрақ қоялық. Неліктен Бұмынның ұлы Мұхан-Қаған, бұл дінді таңдап, ал оның мұрагері Тобо-Қаған буддалық мәтіндерді түркі тіліне аударуға бұйрық берді? Неге Тасқар-Қаған Үндістаннан келген уағыз таратушыны бұл сенімнің негізін түсіндіру үшін арнайы шақыртып, нәтижесінде буддизмді мемлекеттік дін ретінде қабылдады? Бірінші және негізгі себеп – буддизмнің бойында халықтың басын біріктіру, тұтастық қағидасы нақты қалыптасқан және Қаған бұл қағидалардың іргетасы берік, ұлы мемлекетті қалыптастыру үшін қолданды. Сонымен қатар, көшпенділердің «махаянаны» мойындауының бір себебі, мұнда адамның кемелденуін, өтерік пен зұлымдық жасамауын, көре алмаушылық пен кек алудан бас тартып, қайырымдылар мен мейірімділерді мадақтап, бейбіт өмірді насихаттады. Осы аталғандардың барлығы Тәңір жолындағылардың ұстанымдарына сәйкес келді.

Көшпенді халықты буддалық жол еліктірді. «Буддизмнен келген жол ұғымы көшпенділердің ұғымымен үндес... Олар бұл діннің бойынан кеңістіктегі жолды ғана емес, адамның өмірлік жолын да көрді...олар үшін бұл діннің жаһандық мәні болды»¹.

Қазақстан территориясына ислам діні келгенге дейін, буддизм, бірнеше ғасырлар бойы тәңіршілдік пен зороастризм сияқты өзге де діндермен өзара әректесе отырып, дала халқының болмысына тән діни синкретизмнің типін қалыптастырды. Жетісу өңірінен көптеген буддизм ескерткіштері табылды, себебі, дәл осы аймақтың бойымен Қытай мен Үндістаннан аттанған керуен жүріп, олар арқылы буддизм де кеңінен тарады.

Ақ-Бешімде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасырдың басына жатқызылатын екі буддалық ғибадатхана табылды, ал

¹ *Орынбеков М.С.* Генезис религиозного сознания в Казахстане. – 2 изд. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 118.

Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы

ортағасырдағы Испиджаб (Сайрам) қаласының маңынан хужралары (келья) бар монастырь мен мінәжәт ету бөлмелері табылды.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақстан территориясындағы буддалық ескерткіштерді атаңыз.
2. Будданың өмір жолы мен ілім жолындағы іс-әрекеті жайлы айтыңыз.
3. Будда ілімінің негізгі қағидалары қандай?
4. Буддизм діні қазақ халқының ата-бабасының діни санасына қалай әсер етті?
5. Бірқатар түркі тайпаларының буддизм дінін ұстанғанын дәлелдейтін археологиялық ескерткіштер жайлы айтып беріңіз.

Манихейшілдік. Ұлы Даладағы діни ахуалға қарама-қайшы әсер етушілік

Манихей діні Қазақстан территориясында сан алуан діни ағымдармен өзара әрекеттесе отырып, қарама-қайшы, бір мағыналы емес, Дала өміріне кереғар әсерін тигізген, өзіндік орны болды. Бұл діннің негізін қалаушысы Мани есімінің екі түрлі мағынасы («маньяк», ессіз әрі «асыл тас», «тірі» деген мағынада) болды. Оның барлық өмірі, ілімі мен өлімі барлығы аңыздық және мифологиялық мазмұндағы жартылай фантастикалық әрекетке толы болды.

Мани ежелгі Месопатамияда (б.э.д. IIIғ.) иудейлік-христиандық сектадағы отбасында дүниеге келді (әкесі – вавилондық, анасы – иран ұлтынан). Ол өзінің ересек шағында-ақ өзгелердің шүбәсіз сенген сенімдеріне өздігінше сынмен қарап, баға беретін қабілетін байқады. Ол өзінің бойында құдайдан келген басты бағдары мен ұлы міндеті бар екендігіне қатты сенді. Мани саяхаттап, ғылым және философиямен айналысып, анасының отаны Ираннан пана тапты. Ол 24 жасында Иран халқының I Шапур патшасын ұлықтау барысында өзінің алғашқы уағызын айтады. Осылайша Манидің шыңға өрлеген әрі радикалды жеңіліске ұшыраған кезеңі басталды. Ол адам ең әлемді құтқаруға бағытталған, бірақ жүзеге аспаған мәселелерді шешу үшін тәңіршілдік, зороастризм, христиан діні сияқты алдыңғы ілімдердің элементтерін біріктіре

отырып, діни жүйенің негізін қалағысы келді. Өзінің бойындағы шешендік, ақындық, музыкалық қабілеттерін пайдалана отырып, өз іліміне ерекше күш пен мән беру үшін мифологиялық жүйелерді қолданады.

Оның осы әрекетінен екі маңызды дүниені атап өтуге болады. **Біріншісі**, манихей дінінде дала көшпенділерінің дүниетанымы мен өмір сүру салтына әсер еткен барлық діндер бір ілімнің аясына жиналады, нәтижесінде олардың дүниетанымы синкретті болып қалыптасты. **Екіншіден**, Манидің бойында көшпендінің ашық, рухы жоғары жанына жақын келетін, музыка мен аңыздық, ақындық шығармашылық пен діни көзқарасты біріктірген идеясы болды.

Бұл діннің осы бір ерекшелігі бірнеше ғасыр бойы Италия мен Қытайға дейінгі территорияларда кеңінен танылып, манихейшілдіктің діни орталығы саналатын Самарқанд жерінен Қазақстан территориясына қарай келуіне әсер етті.

Кеңінен таралып үлгерген ілімдердің элементтерін үйлестіре отырып, мифологиялық негізде жаңа дінді қалыптастыру идеясы сәтсіздікке ұшырады. Діни қағидалардың тұтастығы, діни догмалар жүйесі философиялық, ғылыми пайымға бағамдалуы керек, мұнда логос пен ақыл мифтен жоғары тұрады. Ал Мани ілімінде миф тек қосалқы элемент қана емес, сонымен қатар негізгі мазмұны болып табылады.

Осы мазмұндағы манихейшілдік кейде зороастризм, тәңіршілдік, буддизм, христиан дінімен ұқсас болып кетеді. Бұл сенімнің тұжырымдамасының негізінде жарық пен түнек, жақсылық пен жамандық сияқты екі бастаудың қарама-қайшылығы жатыр. Заратуштра сияқты Мани де адамзат тарихын үш кезеңге бөліп қарастырады. Біріншісі жарық пен түнектің тең дәрежеде болуымен сипатталады: мұнда жарық жоғарыда, түнек төменде орналасқан. Ал, Л. Гумилевтің сипаттауы бойынша «жаппай түнек болды, бірақ бұл бірыңғай түнек, қалың қара бұлт торлап, сөйілтілген қараңғылық басты, бейберекет қозғалыста жүріп, жарықтың шекарасына кездейсоқ тап болды да, ішіне еніп кетуге тырысты»¹.

¹ Гумилев Л.Н. География этноса в исторический период. – Л., 1990. – С. 128.

Олар шынымен де еніп кетті, осылайша құдай мен эзәзіл, жарық пен түнек бір-бірімен араласып кетті. Бірақ, жарық құдайы өзінің жанындағы періштелерімен, әруақтарымен жамандыққа, эзәзілдерге қарсы тұрды. Жарық құдайы құдіретті, дана және терең білімді, төзімді, әділетті, қырағы болды.

Мани бойынша, екі әр түрлі бастаудың қарама-қайшылығы түнектің жақсылық пен жамандықты жеңуіне алып келеді. Осылайша, көптен күткен тарихтың үшінші дәуірі басталады. Манидің басты міндеті жарықтың түнекті жеңетіндігін, адам бойындағы зұлымдықтың түбінен жанның жарығын алып шығу қажет екендігін уағыздау.

Бұл тұжырымдар жайлы не айтуға болады? **Біріншіден**, бұл ойлар жаңа емес: жарық пен түнектің, жақсылық пен жамандықтың, жан мен тәннің қарама-қайшылығы Шығыс пен Батыстағы көптеген діни ілімдердің өзегін құрайды. Негізінен, бұл жерде жер бетіндегі «құдай патшалығы» мен әділетсіздіктен, азаптан, ауру мен өлімнен құтылып, рухани негіз бен жарқын өмір игілігіне ие болу жайлы адамзаттың ғасырлар бойғы арманы айтылған.

Екіншіден, жарық-түнек, аспан-жер, ақиқат-жалған, жақсылық-жамандық сияқты бинарлы қайшылықтардың көмегімен әлемнің үлгісін сипаттау біздің алдымызда айқын дүниетанымдық дуализм жүйесі тұрғандығын аңғартады. Мани өз ілімін сенімді әрі салмақты ету және абстрактілі сипаттан арылу үшін оны мифологиялық элементтерге толтырып, жарық пен түнек құдайының көптеген кейіпкерлерін ендіреді. Өмір анасы, ең алғашқы адам – Ормизд, Жұмақ, Өмірлік рух, Үшінші елші және т.б. – бұлардың барлығы жарық құдайының кейіпкерлері. Оның қарсыластарының да өз көмекшілері бар – Ашаклун мен Намраэль эзәзіл, түнек патшасының әйелі және т.б.

Манихейлік канон жеті кітаптан тұрады (жеті саны – дүниенің біртұтастығы білдіретін қасиетті сан). Дерек бойынша түрлі мәтіндер келтіріледі. Соның бір нұсқасында «Шапуракан» (I Шапурдың құрметіне орай), «Тірі Евангелие», «Өмір қазынасы», «Мистерия кітабы», «Прагматейя», «Алыптар кітабы» және «Хаттар» шығармасы жайлы айтылған. Бұл шығармалар сақталып қалмаған, бірақ оның мазмұны мен Манидің нақыл сөздері өзге түркілік деректер бойынша бізге мәлім болды.

Осылайша, манихейшілдіктің жазба дерегі саналатын танымал «Жорамалдар кітабында» түркілік аңыздар мен шаман сеніміне ұқсас тұстар кезігеді. Оның үстіне жарық құдайы ала атты жол Тәңірі образында жер бетіне келеді. Мәтіннің мазмұнында кеңістік пен жүйрік тұлпар секілді зымыраған уақытты байланыстыратын жол идеясы сияқты Тәңіршілдіктің мәндік концепті жатыр. Алдымнан адамзат баласын кезіктірдім. Ол менен қорқып кетті. «Қорықпа» – дедім. «Мен саған бақыт сыйлаймын» дедім¹. Зерттеушілер «Жорамалдар кітабы» мен ежелгі түркілердің Күлтегін, Тоныкөк пен Білге қағанға арналған жазба ескерткіштер арасындағы ұқсастықтарды атап өтерді.

Манихей ілімін ұғынудағы басты дерек көзі Хуасуанифт саналады. Бұл манихей дінін ұстанатын түркі халықтарына арнайы жазылған тәубеге келу дұғалары (шамамен V ғ.). Жарық құдайынан көптеген ауыр күнәлерді кешіруді сұрап, әсерлі және мәнерлі формада жеткізілетін дұғалар жинағы. Ең бастысы, зұлымдық жарық пен рухани күштерді жеңген, материалды әлемнің күнәсіне әбден батқан адамдар құдайдан жан-тәнімен кешірім сұрайды. Нәтижесінде жер де, өсімдік те, жануарлар мен үнемі қайғы-қасіретпен күрес үстінде жүретін адамдар да зардап шегіп қалды. Адамдар өздерінің жасаған қателіктері, айтқан өтіріктері, жасаған арамдықтары және эзезіл мен жын-перілерге табынғандары үшін кешірім сұрайды. Олар жасаған істеріне өкінеді, бірақ қанша дегенмен де сол жаман істерді жасады. «... Біздің жүрегімізге жарықтың төрт мөрі қойылған: біріншісі Зервана құдайының махаббат мөрі; екіншісі күн мен ай құдайының сенім мөрі; үшіншісі хабаршылардың дана білім сенімі. О, құдайым, біз өз біліміміз бен жүрегімізді осы аталғандардан алшақ ұстаппыз².

Манихейшілдік жайлы мәліметтер беретін тағы да бір дерек Шығыс Түркістандағы Турфаннан табылған «Маниге арналған үлкен гимн» шығармасы. Мұнда манихейшілдік буддизмге жақындау келеді: *«ұлы әзиз әкем Мани, менің Буддам! барлық бес әлемнің үміті / таза ілімнің ұстазы / жүрегіммен, барлық тұла*

¹ Стеблева И.В. Синкретизм религиозно-мифологических представлений дому-сульманских тюрков // Народы Азии и Африки. – 1989, №4. – С. 53.

² Дмитриева Л.В. Хуасуанифт / Тюркологические исследования. – М.: - Л., 1963. – С. 230–231.

бойыммен сенің алдыңда басымды иемін!»¹. Осылайша барлық табылған деректер Қазақстан территориясындағы манихей дінінің таралуымен тікелей байланысты.

Самарқандтан келіп, тараған манихейшілдікпен қатар, зороастризм, буддизм, христиан діні сияқты өзге діни ілімдердің орталығы Тараз қаласы болды. Сол кездің өзінде-ақ әйгілі қала көптеген діндердің ешқандай қақтығысқа түспей, өзара ықпалдасып, бір-біріне құрмет танытуымен кеңінен танылды. Біздің қазіргі көпінді еліміз де осындай келісімге ұмтылып отыр. Осы орайда тарих бізді көп нәрсеге үйретті. Әрине, дін жолында түрлі соғыстар орын алды, бір дінді екінші дін ығыстырып отырды. Бірақ бізге өз ата-бабамыздың өзара келісім тәжірибесін алға тартып, насихаттауымыз қажет.

Тараз қаласын кездейсоқ Әулие-ата деп атаған жоқ. Бұл шаһарда түрлі бағыттағы діни қызметкерлердің уағызы жүрді. Мұнда буддалық ғибадатханалар да, христиан шіркеуі де, кейіннен мешіттер де көршілес тұрды. Үнемі шу мен көңілді базардың, сан алуан шығыс тауарларының, түрлі тағамдар мен жеміс-жидектің арасына дін таратушылары арқылы алыс елдерден келген кітаптар тарады және ең өзекті, әрі толғандыратын мәселелер талқыланып отырды.

Таразда арнайы манихейлік діни шіркеулер болды, оларды діни қауымдастықтар деуге де болады. Дала адамдары мен қала адамдары да жарық құдайының зұлымдық құдайын, қараңғылық патшалығын жеңетіндігі жайлы қызыл тілді шешендердің уағыз-әңгімелерін тыңдау үшін жан-жақтан ағылды. Айтылған ойлар барлық тыңдаушылардың құлағына жетімді болды, өйткені ол зороастризм, соның ішінде тәңіршілдіктің де басты міндетін қайта жаңғыртты. Бұл қайырымдылыққа пен ұлы Тәңір құдайына деген сенім. Әсіресе, жанның өзге жанға қонатындығы жайлы айтылған болжам жергілікті халықты таң қалдырды, манихейшілдік бұл болжамды әлеуметтік мәнге толтырды: «бұл әлемде кімде-кім бай, ауқатты болса, оның жаны өлгеннен кейін кедейдің денесіне қонып, одан кейін елден қайыр сұрап, жанына ауыртпалық батуы керек»².

¹ *Стеблева И.В.* Синкретизм религиозно-мифологических представлений дому-сульманских тюрков // Народы Азии и Африки. – 1989, №4. – С. 54.

² *Кац А.Л.* Манихейство в Римской империи / Вестник древней истории. – 1955. Т. 3. – С. 176.

Алайда Қазақстан территориясында, манихей дінінің барлық ілімдері толығымен қабылдана қойған жоқ. Жоғарыда айтылғандай, манихей діні өзінің қарама-қайшылығымен, құпиялығымен, толыққанды болмауымен ерекшеленді. Оның бойында қазақ халқының діліне жат айқын теріс элементтер болды, нәтижесінде сөзге шебер, музыкалық шеберлігі де бар манихейліктер өз тыңдаушыларынан айырылып, Қазақстан территориясынан кетуге мәжбүр болды.

Сонымен манихейшілдіктің жеңіліске ұшырауының басты себебі неде? Ол жарықтың түнекті жеңетіндігін уағыздаса да, ол өзінің бағыты бойынша зороастризмге қарағанда әлдеқайда пессимистеу болды. Егер зороастризм өмірдің рақатын көруді, адал еңбекті, аман-саулықты, бақытты жырласа, манихейліктер керісінше, материалды әлемге және бұл дүниенің барлық рақатына қарсы шығып отырды. Олардың логикасы мынадай болды: жер бетінде рухтан жоғары тұраты материяның басым болуына жол берілді, ал бұл әлем күнәға толы, сондықтан өзіндік болмысты да, денсаулықты да, еңбекті де, өмірдің мәнін де жоққа шығарып отырды. Олар қатаң тақуалық өмірге бет бұрып, жанын азаптап, отбасынан бас тарту ұсынылды, тек суық қанды жәндіктерді, яғни жылан мен құрбақа, өсімдікпен ғана қоректену керек болды. Бұл өмірдің рақатынан бас тарту және ешқандай да мәні жоқ әрекеттері дала дүниетанымының мәнін құраушы негізгі кешендеріне, өмірге деген құштарлыққа бағыттайтын тәңіршілдіктің доктриналарына қарсы келді. Күннің нұрына шомылған және көзінен нұр шашқан адам қалайша тақуалыққа бет бұрып, өз денесін азаптайды. Ұрпақ жалғастырудың негізі саналатын отбасынан және ата-бабасына тағзым етуден қалайша бас тартады?

Өз пессимизмін байқаған манихейшілдік Қазақстан территориясынан кетуге мәжбүр болды. Бірақ Иранда оның тағдыры алдын-ала шешіліп қойған еді. Мани түрмеге жабылып, I Бахрам шахтың бұйрығымен дарға асылды. Ал оның артындағы ізбасарлары қуғындалып, жан-жақтағы елдерге тарап кетті, осылайша Мани халықтың жадында қалған жоқ, дегенмен кейде бұл діннің өкілдері ортағасырлардағы дін бұзарлардың арасынан кезігіп отырды. Осылайша өзін әлем құтқарушысы ретінде жариялап, алдыңғы ұстаздары мен пайғамбарлардан асып түскісі келіп,

көптеген халықтың діни өміріне ерекше әсерін тигізген ілімдерді тарихтың өзі-ақ ізін қалдырмай, Қазақстан территориясынан ығыстырып отырды. Дала халқы бұл діннің тек жақсы жақтарын ғана қабылдап пессимизм мен өмір құндылықтарына бас тарту идеяларымен келіспеді.

Манихей діні өзінің негізгі мәнін Ұйғыр қағанатының мемлекеттік діні ретінде жарияланғанда ғана анықтады. Моян-гур Хан өзінің билікке таласу күресінде қолдау көрсеткені үшін манихейліктерді билік құрылымының алдыңғы қатарына шығарды. Нәтижесінде, олар ханды тақтан құлатып, несториандықтарды, буддалықтарды, мұсылмандарды елден қуды да халықтың басым бөлігі несториан дінін қабылдады. Діни ілімдер адам өміріне алауыздық пен араздықты емес, бейбіт өмір мен келісім әкелгенде ғана ақиқатқа қол жеткізеді.

Бақылау сұрақтары

1. Манихей дінінің негізін қалаушының өмірі жайлы не білдіңіз?
2. Манихейлік доктринаның негізгі тұжырымдарын атаңыз.
3. Біздің ата-бабамызды бұл дін несімен қызықтырды?
4. Манихей дінінің қандай тұстары ежегі түркілердің наразылығын туындатып, Қазақстан территориясынан кетуіне түрткі болды?

Несториандық. Түркі тайпаларының христиандық қауымдастықтары

Ежелгі ортағасыр кезінде қазіргі Қазақстан территориясында сан алуан діни дәстүрлердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде мәдени және рухани құндылықтар алмасу үдерісі белсенді жүріп жатты. Бұл Шығыс пен Батыстың тоғысып, Ұлы Жібек Жолы арқылы тек тауарлар ғана емес, мәдени және діни құндылықтарды қоса алып келген ерекше аймақ болды. Алдыңғы тарауларда айтылғандай, Ұлы Жібек жолы арқылы Қазақстан территориясын буддизм, зороастризм және христиандық діні келді. Әлемдік бұл дін осы аймақта тамырын жайып үлгерген өзге діни ілімдермен өзара ықпалдасып, жергілікті халықтың дүниетанымына әсер етті және бұл діннің өзі де түркілік ділдің дәстүрін қабылдады.

Осы аймақтағы христиан дінінің тарағаны жайлы алғашқы деректерді Араб тарихшысы әл-Бируниден алуға болады. Оның айтуынша III ғасырда Мерв қаласында (қазіргі Түркіменстандағы Мары қаласы) христиандық қауымдастықтың негізі қаланды. Тіпті ежелгі сириялық православияның өкілдері болып табылатын мелькит-түркілер жайлы деректер де бар. V ғасырдан бастап, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға Ұлы Жібек Жолының бойымен нестриандық христиандар, кейіннен христиандық яковиттер белсенді ағылып келе бастады, нәтижесінде христиандық шіркеулер тұрғызылып, найман, керей және өзге де көптеген түркі тайпалары арасына христиан діні кеңінен тарала бастады.

Қазақстан территориясына христиандық қауымдастықтардың белсенді түрде ағылып келе бастауына не себеп болды? Бұлар ортодоксалды ілімді жоққа шығарғандары үшін өз елдерін тастап кетуге мәжбүр болған христиан дінінің өкілдері еді.

Христиан діні – монотеистік аян діні, оның негізінде құдайдың адам кейпінде келу догматы жатыр. Құдай-әке Мариядан туған жалғыз баласын бүкіл адамзаттың күнәсін өтеп, оларға құтылу мен мәңгі өмір сүруге болатындығын жеткізу үшін жібереді. Христан діні өзінің пайда болған кезінен бастап, құдайдың адам кейпінде келу догматының мәні жайлы ойларымен ерекшеленді. 325 жылы Никеяда өткен христиан шіркеулерінің жалпы жиынында Құдай үш мәннің бірлігі, бір мәнді Үштік деген ұстанымы қабылданды.

Кейіндері, түрлі пікірлердің әсерінен екі қарама-қайшы көзқарас туындады. Бірінші қарама-қайшы көзқарасты архиепископ Несторий Константинопольский тұжырымдады. Оның ойынша, бір мәннің астарына Иса Пайғамбарды, құдай мен адам табиғатын да біріктіру логикаға сәйкес келмейді. Егер де «Мария Құдайды емес, ол жай адамды дүниеге алып келді, ал оны шоқындыру барысында оған Киелі рухтың қасиеті өтті» десек, догмат әлдеқайда түсінікті болар еді.

Бұл түсіндірмені несториан бағытына өткен христиандар қабылдады. Бірақ бұл христиан ілімінің рухы мен мәніне сәйкес келмеді, сол себепті де Эфесте өткен жалпы жиында күпірлік деп танылып, қудаланды (431 ж.). Осыдан кейін несториандықтар елден қуылып, Сирияға, кейіннен Қытай мен Моңғолиядан Солтүстік Оралға дейінгі ұлан-ғайыр мәдени территорияларға бет алды.

Егер **несториандықтар** крестке керілген Дәуіттің ұлы Исаның адами табиғатын алға тартса, **монофизиттер**, керісінше, Иса Пайғамбарды құдай қасиетіне ие деп санады. Монофизиттерді Сирия мен Орталық Азияның епископы Яков Барайдың атымен яковиттер деп атайды, ол 40 жыл бойы Кіші Азия, Египет және Сирия елдерін кезіп монофизиттердің басын біріктіріп, қолдау көрсетуге тырысты. Алайда, оның осы бір әрекеті де төртінші Халкидон жиынында да (451 ж.) қуғынға ұшырады. Монофизиттер, несториандар сияқты өз көзқарастарына бас тартпай, өзге мәдени аймақтарды таңдауға мәжбүр болды.

Христиан діні Қазақстан территориясына Сирия мен Парсы елінен несториандық (V ғ.), кейіннен монофизиттік (VII ғ.) түрінде келе бастады. Әрине жергілікті халық Иса Пайғамбардың табиғаты туралы айтыс-тартыстар мен қабылданған догматтар жайлы хабардар емес еді. Несториандар мен яковиттердің көзқарастары отырықшы және жартылай көшпенді халыққа қолайлы болды, себебі олар Тәңіршілдік, Митра, Ахура-Мазда сияқты дала халқының қабылдаған сенімдеріне сәйкес келді.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда несториан ілімі белсенді түрде тарайды. VII–VIII ғғ. осы аймақтарда көптеген христиан шіркеулері болды. Түркі қағаны Арыслан Иль Түршік несториандық Тимофей митрополитке Жетісуда жеке митрополияның (христиандық шіркеулер бірлестігі) негізін салуды өтінді. Христиан халқы Тараз, Меркі, Навакет өңірлерін мекендеп, үлкен соборлық шіркеулерді тұрғызды. В.В. Бартольдтің деректері бойынша Тараз маңында тұрған түркілердің Сіргелі тайпасы, Сырдария өзенінің төмен жағындағы оғыздар мен Талас пен Ыстықкөл өзені маңында мекен еткен қаңлылар, қазіргі Моңғолияның Батыс бөлігіндегі наймандардың барлығы христиандар болды. Патриарх Тимофей кезінде «түркілердің патшасы, қарлұқ жағбысы христиан дінін қабылдаған көрінеді. IX–X ғасыр аралығында ерекше қарлұқ митрополиясы құрылды... христиандар Сырдария бойындағы қалаларды мекендеді. XII ғасырда Қашғар мен Навакет митрополиясының негізі қаланды»¹.

Кейінгі кезеңде, XII ғасырда гурхандардың астанасында да несториан митрополиясы салынды. Ыстықкөл жағалауында да

¹ Бартольд В.В. Еще о христианстве в Туркестане в домонгольский период // Сочинения. Т. 2. 4.2. – М.: Изд. вост. лит, 1964.-345 с. С. 55.

қасиетті Матвей атындағы шіркеу болғаны белгілі¹. 1. Христиан дінінің ортағасырдағы Қазақстанның этномәдени ортасына енгендігін христиан дініне қатысты бейнелері бар құнды заттардың табылуы дәлелдейді. 2. Жетісуда крест бейнеленген көптеген христиандық бейіттер табылды, ал Тараз қаласынан сирия тілінде «Петр және Жәбірейіл» деген жазуы бар қыш ыдыстар табылған болатын.

Несториан діні Қазақстандағы мәдени-діни кеңістікке кіріге отырып, жергілікті салт-дәстүрді қабылдады. Ол жайлы археологиялық қазба жұмысы нәтижесінде табылған әйгілі күміс табақшаға қарап айтуға болады, оны Орталық Азияның несториандары дайындаған (қазір Эрмитажда сақталып тұр). Табақшада танымал евангелиелік сюжет бейнеленген, бірақ кейіпкерлердің бойынан жетісулық тас мүсіндеріне ұқсас келетін түркі халықтарына тән белгілер байқалады. «Ғалымдар несториандық ескерткіштердегі стильдердің әр түрлі екендігін негіздеп жазады ...бұл жерде дәстүрлі сенімдердің жаңа ағымдарға бейім келгендігі байқалады, нәтижесінде жаңадан еніп келе жатқан діннің образы мен мәні қабылданды, мұнда бұрынғы сенім мен жаңа сенімнің арасындағы сабақтастық факторы маңызды рөлде болды»². Зерттеушілер Талас өзені бойындағы түрлі этнодіни кешендерді ұштастырған қызықты ескерткіштерді сипаттай отырып, «христиандық-сириялық-түркілік мәдениет» терминін ендірді.

Қазақстан территориясында мекендеген халықты несториан діні несімен еліктірді? Ең бастысы, рухани бағыты жағынан дала халқының менталитетіне жақын келді, себебі көп жағдайда көшпенділердің несториан дініне дейін қабылдаған тәңіршілдік, митраизм, зороастризм сияқты діндеріндегі ілімдерді қайта жаңғыртты. Бұл – Құдіретті жалғыз жаратушы-құдайға деген сенім, қиямет күні, қайта тірілу, адамзат тарихындағы жақсылықтың жамандықты жеңіп шығуына деген сенім. Сонымен қатар, жалпыадамзаттық құндылықтардың негізгі белгілері арқылы адамға жоғары талаптар қойылды, бұлар: қайырымдылық, махаббат, бейбіт қатынас, қайғымен бөлісу императивтері.

¹ Байпаков К.М. Христианство Казахстана в средние века / Из истории древних культов. Христианство. – Ташкент, 1994. – С. 98.

² Орынбеков М.С. Генезис религиозного сознания в Казахстане. – 2 изд. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 154.

Жергілікті халық христиан дінінің бойынан еркіндікті сүйгіш көшпенділердің өмірлік ұстанымдарына сәйкес жаңа мазмұнды тапты. Құдайдың қалауымен жаратылған адам қасиетті еркіндікке ие. Ол өз жолын өзі таңдайды. Тек шын ниетте өз еркімен жасалған игі іс қана нағыз игі іс болып саналады.

Түркі тайпалары, христиан дініндегі манихейліктердің дуализміне қарсы бағытталған жақсылық пен жамандық теңдей қағида емес деген идеяны қолдады. Бастапқыда жақсылық болмыс деңгейінде болды, себебі мейірімді Жаратушы ол – кемел, ал жамандық болса жақсылықтан қалыс қалып, оның ырғағының бұзылып, оның болмыстығының жоқтығын көрсетеді. Жамандықты қара көлеңкемен салыстыруға болады. Ол қашан да белгілі бір объектіні сүйемелдеп жүретін секілді. Бірақ күн батысымен, көлеңке жоғалып, тек бұлдыр бейнесі ғана қалады.

Христиан ілімінің көшпенділердің жүрегіне жақын келуінің тағы бір себебі, олар бұл діндегі Мәриямнің образын шаңырақтың, отбасының балалардың, туған жердің жарылқаушысы Ұмай анамен байланыстырды. Көшпенділердің түсінігі бойынша Мария Иса Пайғамбар сияқты сондай ерекше сәбиді дүнеге әкелгендіктен, сәби Құдайдың назарына ілігіп, ол оны жамандықтан құтылып, адамзатты құтқару үшін асырап алып, бойына рухани қабілетті дарытты. Аңыз бойынша, Марияның бойындағы аналық махаббат, рухани жарқындық бала бесігінің басындағы Ұмай жырлайтын әндер сияқты керемет болған.

Иса Пайғамбардың адамдарға таратқан ілімі, Қазақстан территориясын мекен еткен халықтың жанына жақын келді. Себебі түркілік тәңіршілдік дінінде, зороастризм ілімінде де жақсылықтың, мейірімділіктің, қайырымдылықтың, аяушылықтың қағидалары көрсетілген. Бұл қағидалар көшпенділер мен қала тұрғындарының өмірі мен тұрмысына қатысты туындаған болатын. Өзара көмек, қолдау көрсету, қонақжайлылық, тілектес болуға деген қажеттілік түркі мәдениетінің этикалық императивінің, өмірдің берік негізі болды.

Қазақстан территориясын христиан діні тез тарады, себебі ол тек бір халыққа, тұтас бір дәуірге немесе мәдениетке ғана емес, барлық уақыттағы барлық халыққа арналған дін. «Евангелие күллі әлем мен барлық ұлттарға паш етілетін болады» (Матфейдің Евангелиесі, 24:14).

Иса Пайғамбар өзінің уағыздарын шәкірттері мен апостолдарына жыныс белгісі мен ұлтына, әлеуметтік дәрежесіне қарамастан адамзаттың барлығына таратуын өсиет етті. Христиан дінін таратушылар, осы өсиетке сүйеніп, өте жоғары белсенділік танытты. Ұлы Жібек Жолының бойымен жүрген керуендер арқылы Қазақстан территориясына келді. Шығыс пен Батысты тоғыстырған Ұлы жол бойындағы экономикалық, сауда және мәдени бекінісі болған қалалар мен ауылдық жерлердің барлығы христиан дінінің әсеріне ұшырады. Жетісудағы мәдени және сауда ағыны түрлі діни сенімдердің өзара белсенді әрекеттесуіне, қолайлы сұхбат орнатуға, тәңіршілдік, зороастризм, буддизм, христиан дінінің байытыла түсуіне мүкіндік берген ерекше ортаны қалыптастырды.

«VIII ғасыр, – дейді М.С. Орынбеков, – Қазақстан территориясындағы түрлі діндердің бейбіт қатар өмір сүруіне үлкен жол ашты. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға келген осы бір кішігірім космос бұл әлемдегі негізгі діндердің көрінісін ашты, өз кезегінде бұл адамгершіліктік пен моральға бейім дала қоғамының рухани өміріне әсер етті»¹.

Ал кейіннен арабтардың басып кіруі, Қазақстан территориясына жаңа әлемдік діндердің бірі – исламның келуі сияқты өзге дәуір орын алды. Бұл түркі өркениетінің рухани тарихындағы жаңаша даму кезеңі болды. Алдыңғы – зороастризм, буддизм, христиан діндері әлі де өз қызметтерін жалғастырғанымен, өзгерістер орын алды: тәңіршілдік пен ислам діні халықтық дәстүрмен ұштаса отырып, ұлттың рухани келбетін қалыптастырудағы бастапқы рөлге ие болды.

Бақылау сұрақтары

1. Қазіргі Қазақстан территориясында христиан діні алғаш рет қашан пайда болды?
2. Несториандықтар мен яковиттер дегеніміз кімдер?
3. Христиандық қауымдастықтар қандай себеппен Қазақстан территориясына келе бастады?
4. Түркілердің ортасына христиан дінінің таралуын дәлелдейтін негізгі археологиялық заттар жайлы айтып беріңіз.

¹ *Орынбеков М.С.* Генезис религиозного сознания в Казахстане. – 2 изд. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 139.

3 тарау. ИСЛАМ ЖӘНЕ ТҮРКІЛІК-ИСЛАМДЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мұхаммед пайғамбардың тұлғасы

Дала халқының рухани өміріндегі жаңа дәуір Қазақстан территориясына әлемдік діндердің бірі исламның келуімен басталады. Тарихи фактілерге сүйенсек, бұл арабтардың жаулап алу кезеңінен бастау алады (б.э.VII–VIII ғғ.). Олардың әскерлерімен қатар, жаңа діни ілімді таратушылар қоса келді. Бұл тек сыртқы жағдайлар ғана. Негізінен қазақ халқының ата-бабасы рухани-адамгершіліктік тұрғыдан кемелдене түсу жолын ашқан жаңа дінді қабылдауға іштей дайын болған. Жоғарыда аталып өткендей, Еуразия территориясында бірнеше ғасырлар бойы тәңіршілдік, митраизм, зороастризм, несториан діндері өзара ықпалдасып, бейбіт қатар өмір сүрді. Олардың доктринасы өзіндік дүниетанымдық синкретизмді қалыптастырып, дала халқының діни сұранысына толығымен жауап берді

Бірақ уақыт өте келе өзге де мәселелер пайда болды. Құдай, адам мен әлем қатынасы, өмір мен өлім деген не, бұл дүние ғана емес, о дүниедегі адамның тағдыры қалай болады деген, көкейді мазалаған сұрақтардың жауабын іздеу қажеттілігі туындады. Қолайсыз ауа-райы аясында тек өмір сүріп қана қоймай, жүрегіңнің түбінде жалғыз Құдайдың рақымына үміт арта отырып, асыл қасиеттерді жоғары ұстаған күйі қалайша абыройлы өмір сүруге болатындығына қатысты жанды мазалаған сұрақтар жауабының қажеттілігі сезілді, рухани шөл басты. Көптеген құдайлар, политеизм дала халқын бұрынғыдай қанағаттандыра қойған жоқ. Көптеген діни сенімдер көптеген құдайлар есімінің астарында құдіретті жалғыз Құдайдың жатқанын болжады. Тек сол ғана жүректің түбіне үміт отын жағып, рухани тірек бола алады. Қоғамда пайда болған бұл сұраныс исламның еш кедергісіз еніп, көшпенді халықтың ішкі сұранысына толық жауап берді.

Ислам (араб. – «мойынсыну, бағыну»), кейбір деректер бойынша ең жас (буддизм және христиан діндерімен салыстырғанда) діндердің бірі. Ол VII ғасырдың басында қазіргі Сауд Арабия

түбегінде пайда болып, орталығы – Бағдад қаласында орналасқан Палестина, Сирия, Египет, Иран, Солтүстік Африка, Испанияның оңтүстігі, Закавказье, Орталық Азия елдерінің басын біріктірген ұлы Араб Халифатының ресми діні болды. Ислам ілімі тұрғысынан ислам діні салыстырмалы түрде жас деген пікірлер қабылданбайды. Аталған діннің таратушылары оны VII ғасырда өмір сүрген ұлы Мұхаммед пайғамбардың ғасырларға ұласқан діни өмірімен байланыстырады. Алайда Мұхаммедтің өзі бұл өмірге арабтардың ата-бабаларының сенімін қайта жаңғыртуға келгендігін алға тартты, Адам ата мен Хауа ана да ислам дінін уағыздап, мұсылмандар болды. Уақыт өте келе, жоғарғы ақиқаттан бас тартып, пұтқа табынды. Сол сәтте Алла адамдарды тәубесіне келтіріп, дұрыс жолға бағыттау үшін, Мұхаммед пайғамбарға елшілік міндетті жүктеді.

Мұхаммед пайғамбардың тұлғасы исламдағы ерекше орында болды. Қазіргі уақытқа дейін миллиондаған халықтың оған деген құрметі мен ықыласы ерекше, оның бойында ақыл, ерлік, адалдық, әділдік, мейірімділік пен дархандылық сияқты үздік қасиеттер ұштасып, оны нағыз кемел тұлға ретінде мойындады. Мұхаммед адамзат тарихындағы біртуар тұлғалардың біріне айналды. Мұсылмандар Алла Мұхаммедті өзінің елшісі (расұл) мен пайғамбары (нәби) етіп таңдағанына сенеді. Мұсылмандардың қасиетті «Құран» кітабының негізін құрайтын Алланың сөздері Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) аян арқылы түсті. Әлемге әйгілі сәулет ескерткіштерін, ғылыми жаңалықтарды, философиялық теорияларды, білім берудің жаңа үлгісін сыйлаған ұлы ислам өркениеті Мұхаммед пайғамбардың есімімен тікелей байланысты.

Мұхаммед Меккеде дүниеге келіп, сол мекенде өскен және Меккедегі ең беделді құрайыш тайпасының Хашим руына жатты. Ол ерте жетім қалды. Әкесі баласы өмірге келмей жатып дүние салған, ал анасы алты жасында өмірден озған. Оны бастапқыда атасы, кейіннен ағасы Әбу Бәкір асырағанымен, анасының аялы алақанын аңсап өтті, кейіннен одан балалық жайлы сұрағанда, ол қысқа әрі нұсқа «Мен жетіммін» деп қана жауап беретін. Ерте жасынан еңбекке араласып, қой бақты, саудагерлердің тапсырмасын орындайтын. Мекке нағыз қызу сауданың қаласы және арабтардың діни өмірінің орталығы болды. Бұл жерде араб түбегінің тайпалары өз пұттарына табынып, тағзым ететін қасиетті Қағба орналасқан еді.

Мұхаммедтің бала кезінде үнемі Құдайдың оған жүктеген аса маңызды міндеті бар екендігі болжамдайтын оқиғалар орын алып отырды. Меккеліктердің дәстүрі бойынша, ол бірнеше жыл бойы көшпелі тайпа отбасында, яғни Бану Садтармен бірге өмір сүреді. Дәл осы уақытта алғашқы белгі беріледі. Аңыз бойынша Мұхаммед пайғамбар үй маңында қой бағып жүргенде, жанына қолдарында зэмзэм суға толы алтын тостағы бар аппақ киімді екі адам жақындап келді. Олар баланың кеудесін тіліп жіберіп, жүрегін жұлып алады да қарға ұқсайтын зэмзэм суымен шайып жіберіп орнына қайта салып қояды. Мұсылмандар бұл екі адамның періштелер екендігіне сенеді, олар баланың мойнына жүктелген аса жоғарғы міндетті біліп, оны тазартты.

Екінші ғажайып оқиға кейінірек орын алды, он екі жасар Мұхаммед ағасы Әбу Тәлібтің Сирияға бет алған керуеніне еріп бара жатқан еді. Басра қаласының маңында оларға Багира есімді христиандық монах жолықты. Ол жолаушылардың күннің аптап ыстығынан шаршап келе жатқандарын және тек баланың артынан ғана бұлт еріп, оны күннің сәулесінен қорғап келе жатқандығын бірден байқап қалады. Ал келе жатқан керуен ағаштың саясына демалу үшін тоқтаған сәтте ағаштың бұтақтары бір-бірімен бірігіп, Мұхаммедке қарай иіледі. Монах осы ғажайып белгілерді көре отырып, қасиетті кітапта жазылған болжамды есіне түсіріп, ағасы Әбу Тәлібке баланы ерекше қорғаштау қажеттігін, себебі оны алда үлкен тағдыр күтіп тұрғандығын айтады.

Мұхаммед есейді, берекелі, ауызбірлікті отбасының иесі атанып, сүйікті әрі сенімді серігі әйелі Хадиша, ұлдары мен қыздары болды. Мұхаммед Меккедегі адал және шебер керуенші ретінде танымал болды. Сонымен қатар ол рухани ізденіс және кемелдену жолында өз-өзімен іштей белсенді жұмыс жүргізді. Ол өзінің мойнына үлкен міндет жүктелгенін біліп, сезініп жүрді.

Міне ол іске асты. Мұхаммед қырық жасқа келді және ол өз уақытының басым бөлігін құдайға арналған дұға оқуға арнады. 610 жылы рамазан айында Мекке маңында орналасқан Хира тауының басына Жәбірейіл періште келіп, қолындағы бұрама қағазды оған ұсынып, «Оқы!» деді. Мұхаммед өзінің оқи алмайтындығын айттып жауап берді. Сонда Жәбірейіл періште қағаздағы бірнеше жолды оқып берді, ол кейіннен Құрандағы тоқсан алтыншы сүренің

алғашқы бес жолын құрады. Бұл жолдар Мұхаммедтің жүрегінде мәңгі қалды: «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын /Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы!/ Ол, адам баласын ұйыған қаннан жаратқан/ Оқы! Ол адамзатты кәләмға үйреткен аса ардақты Раббын/ Ол, адамзатқа білмеген нәрселерін үйреткен». Құран түскен күн исламдағы ардақты және қасиетті күн саналады (Ләйлә-тул-қадр) және ерекше мейрам ретінде аталып өтеді.

Мұхаммедке түскен аяттар оның руханиятын көтеріп, өмір мен өлімнің, табиғат пен Алла болмысының мәнін ашты. Ислам дінін алғашқы болып әйелі Хадиша, жақын туыстары мен шәкірттері қабылдады. Бірақ құрайыштар бұл сенімге қарсы болды. Мұхаммедтің бір құдайға табыну қажеттігін алға тартқан уағыздары оларға әбден үйреншікті болған политеизмді құртып, нәтижесінде Меккеге келетін қажылардың саны азайып, экономикалық пайдадан қағылатындарын ұғынды.

Ұзақ қарсыластықтың нәтижесінде Мұхаммед өзінің жақтастарымен Меккеден Мәдинәт ән Нәби яғни пайғамбарлар қаласы аталып кеткен Йәсрибке көшті. Мұсылмандар жыл санауды Қыжыра көшінен бастайды. Осы кезде олар пұтқа табынушылықтан (айям-әл-жахилия) Аллаға сенуге (айям-Аллах) көшті. Бұл тек территориясын өзгерту мен жаңа күнтізбенің пайда болу кезеңі ғана болған жоқ. Мәдинә мен Алланың шапағаты жауған дәуір – бұл ислам өркениеті мен соған сәйкес ерекше рухани дүниетанымы бар адамның пайда болғанын білдіретін рухани категория. Мұсылмандар әлі күнге дейін Мәдинә мен Алланың шапағаты жауған дәуірдің рухани өлшемінде өмір сүруді жалғастырып келеді.

Меккеден көшу күні қарсаңында, ислам дәстүрі бойынша айтулы оқиға орын алды. Ол исламдағы Қадір түні (Ляйлят әл-Мирадж). Осы түні періште Жәбірейіл келіп, оны қанатты Бұрақ атқа отырғызып Иерусалимге апарады, мұнда ол әуелі Меккеден Иерусалимде орналасқан Ақса мешітіне келеді. Алланың елшісі екі рәкәғат намаз оқып шықаннан кейін, Жәбрейіл періште (ғ.с.) оны жеті көкке көтеріп алып кетеді, бұл жерден ол «кімде-кім бір құдайға ғана сенсе, жұмақтың төріндегі орны даяр тұрғандығын» біліп келеді. Мұхаммед жұмақта болып келді, Алланың назарына

ілініп, жұмаққа түскендердің рақат өмір сүріп жатқандарын көрді. Сонымен қатар Мұхаммед тозақта да болып қайтты, күнәһарлардың қалай қиналып жатқанын көріп Меккеге қайта оралды. Міне, осылардың бәрі небәрі бір түннің ішінде болған оқиғалар еді. Ислам діні бойынша, исра мен миғраж Мұхаммед пайғамбардың жаны Алланың құдіретін көрген кезең елеулі оқиға. Бұл оқиғалар Жаратушының Пайғамбарына рақымын жаудырғандығының дәлелі.

Қадір түнінен кейін Мұхаммед өзінің жақтастарымен Мединаға келеді. Осы уақытта алғашқы мешіттің қабырғасы тұрғызылды, діни ілімнің қағидаларын, арнайы рәсім тәжірибесінің негізін дайындады. Мұхаммед өзін тек діни көшбасшы ретінде ғана емес, саяси қайраткер ретінде де танытты. Оның іс-әрекеттерінің нәтижесінде Араб тайпаларының басым көпшілігі, соның ішінде ең маңыздысы Мекке тұрғындары ислам дінін қабылдады. Олар жаңа сенімді мойындап, Мұхаммед Қағбаға кіріп, пұтқа табынушылықты жойды. Жаңа дәуірде адамдардың да жаңа рухани өмірі басталды. Олар тек жалғыз құдайды ғана мойындады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақ халқының ата-бабасының монотеизмге деген қажеттілігі немен түсіндіріледі?
2. Мұхаммед пайғамбардың ислам дініндегі рөлі қандай?
3. Мұхаммед пайғамбардың діни өміріндегі негізгі кезеңдерін атап көрсетіңіз.

Ислам діни ілімінің рухани мағынасы

Мұсылмандардың ең басты қасиетті кітабы – Құран (арабша Оқу). Ислам бойынша, оның мәтіні көк аспанның аясында, яғни Аллада сақталынады. Ал адамдарға Құранның қасиетті жолдары Мұхаммед Пайғамбар арқылы берілді. Құранның адамдардың ақыл-ойы мен жүректеріне деген әсерінің зор күші Құдайдың адамдарға өз атынан үндеу салып, өмір мен өлімнің мағынасын, Жаратушының еркіне бағынышты және тақуалы болу үшін ұстану қажет рухани қағидалардың рухани мағынасын ашып көрсететініне негізделеді.

Құран 114 сүреден (бөлім), ал оның әрқайсысы көптеген аяттардан (белгілер) тұрады. Қасиетті мәтінді екі негізгі бөлікке бөледі. Біріншісі – меккелік кезең. Мұхаммед осы кезеңде құдайдың рақымдылығы, Ақыр заман, Қайта тірілу, жәннат пен тозақты уағыздап, пайғамбарлық идеясын айта бастайды (90 сүре). Екінші кезең – мәдиналық. Оған исламдық этика мен құқықтың мағынасын ашып көрсететін сүрелер, тыйымдар, ескертулер мен уағыздар жатады (24 сүре). Құран өз кезеңінің тарихи-мәдени нақты дүниесін қайта жаңғыртқанымен, оның ең басты мақсаты – Мұхаммед Пайғамбардың көмегімен адамдарға Алланың дауысын естірту болып табылады. Исламда араб тілінде жазылған Құран мәтіні ғана емес, ол сонымен қатар нағыз, шынайы деп түсініледі, ал қалған аудармалар тек түсіндірме ретінде қарастырылады.

Исламның Құраннан кейінгі екінші қайнар көзі Сүннет (әдет-ғұрыптар, мысалдар). Оған Мұхаммедтің өмірі мен әрекеттерін сипаттайтын хикаялар мен хадистер, оған қоса өзінің ақыл-кеңестері кіреді.

Сүннет шабыттандырып, Құдайдың мейірімділігіне лайықты болу үшін адамдардың түрлі жағдайларда не істеп, не қою керек екендігін көрсетеді. Сүннетте, сонымен қатар, исламның рәсімдік-ғұрыптық тәжірибесін ашып көрсететін үлкен материал, мұсылмандық қауымдастықтың моральдік-этикалық және құқықтық нормалары сипатталған. Олардың ішінде ең беделдісі деп Мұхаммед әл Бухаридің («Ас-сахих»); Муслимнің («әл-Джами Ас-сахих»); ибн Маджидің («Китаб ас-сунан»); ибн Маджи Мұхаммед ат-Тирмизидің («әл-Джами аль-Кабир»); ан-Нисайдің («Китаб а-сунан») хадистерінің жинағы мойындалады. Исламдық дәстүрде, сонымен қатар, Құранды түсіндіру жайлы илм-ат-тафсир, исламдық құқықтану (фикх) және теология (қалам) сияқты ерекше ғылым қалыптасты.

Осы іспетті негізгі қайнар көздерден шарифаттың мағынасы, Құдайды, әлем мен адамды түсінудің мәні, құдаймен тілдесудің мүмкіндіктері, рәсімдік тәжірибе мен ғұрыптардың мән-маңызы ашып көрсетіледі¹. Иман (сенім) исламдық догматиканы құрайтын келесі **ақидалардан** тұрады:

¹ Али-Заде А. Исламский энциклопедический словарь. Серия «Золотой фонд исламской мысли». – М.: Ансар, 2007.

1. Дүниені жаратушы Аллаға сену (таухид);
2. Алланың күн сәулесінен жаратқан, Құдайдың әмірін орындаушы Періштелеріне сену (малаика);
3. Алланың Мұхаммедтің қызметіне дейін басқа пайғамбарларға түсірген Қасиетті мәтіндеріне сену;
4. Өзге пайғамбарларға қарағанда Мұхаммедтің барлық халықтарға ортақ болып, «пайғамбарлардың мөрі» болып табылатынына сену;
5. Ақыр заман күніне, қайта тірілу, жұмақ пен тозаққа (Ақырет) сену;
6. Алланың рақымдылығы мен әділдігіне, пешенеге сену.

Осы негізгі ақидаларды тереңірек қарастырып өтейік.

Бірінші ақидада (таухид) ислам ілімінің негізі – бір құдайға сену идеясы жарияланады. Мұхаммед адамдардың этностық және мәдени белгісіне қарамастан бәріне ортақ болып табылатын Авраамның (Ибрақым) бастапқы сенімін, яғни бір ғана құдіретті Құдайға сенуді жаңғырту үшін келген болатын. Бір құдайға сену барлық жаратылған дүниеден, табиғаттан, адамның өзінен, оның әлеуметтік ұйымдасуынан құдайдың сәулесін көруге мүмкіндік береді, ал ол өз кезегінде дүниетанымдық біртұтастықты қалыптастырады.

Ислам концепциясында Құдай құдіретті Жаратушы деп мойындалады. *«Расында көктер мен жерді және екі арасындағы нәрселерді алты күнде жараттық, шаршамадық. (Құран, 50:37(38). «Ол, құрлық және теңіздің қараңғылықтарында сол арқылы жол табуларың үшін жұлдыздарды жаратқан. Расында аяттарымызды білетін елге ашық түсіндірдік» (Құран, 6:97). «Күдіксіз Алла, дән және ұрықты жаратушы. Және өліден тіріні, тіріден өліні шығарушы. Міне Алла осы. Ал сонда қайда бұрылып бара жатырсыңдар?» (Құран, 6:95). «Көктер мен жердің және екеуінің арасындағылардың иелігі Аллаға тән. Ол қалағанын жаратады әрі Алланың әр нәрсеге толық күші жетуші!» (Құран, 5:20).*

Адам да – Жаратушының жаратылысы. *«Шын мәнінде Біз адам баласын біріккен тамшыдан жараттық. Оны сынаймыз. Сондықтан оны еститін, көретін қылдық. Расында оған тура жол көрсеттік. Мейлі шүкірлік қылсын, мейлі қарсы келсін».*

Құдай адамға таңдау береді – ол не тура жолмен жүріп, жаннаттағы қуаныш пен бақытқа бөленеді, немесе осы жолдан тайып, тозақтың оты мен бұғауына тап болады.

Құдай өзінің құдіреттілігі мен даналығын білдіре отырып, табиғатты жаратты, адам оның жемісін көрсін, бірақ оған махаббатпен және ұқыптылықпен қарасын деді. *«Расында сендерді жер жүзіне орналастырып өздеріңе онда күн көрістер жасадық. Неліктен аз шүкір етесіңдер!»* (Құран, 7:9). *«Жер жүзі түзетілгеннен кейін бүліншілік қылмаңдар. Және Аллаға қорқа отырып әрі үмітпен жалбарыныңдар. Расында Алланың рақымы қайырымды жандарға жақын»* (Құран, 7:54(56)).

Құдай, әлем және адам туралы ислам ілімі біртұтастық пен үйлесімділікті білдіреді. Ондағы барлық нәрсе бірегей рухани қағидамен байланысты болып келіп, соған қарап адам өмірінің мәні былайша айқындалады: өз өзінді ұлықтамай, тәкаппарлыққа берілмей, Алла Тағаланың еркіне бағынып, адамдарды тура жолға бағыттау үшін оның түсіріп отырған рухани сәулесіне әбден берілу керек.

Исламның екінші ақидасы – періштелерге сену (Малаика). Мұсылмандардың сенуінше, Алла адамдарды жаратпай тұрып, періштелерді сәуледен жаратты. Олар тәні жоқ дерексіз көп қанатты жандар, найзағайдың жылдамдығымен қозғалады. Періште арқылы ұрыққа жан бітеді. Періштелер адамның барлық әрекеттерін жазып алып, оларды Қиямет күні жария етеді. Және де адамның жанын періште алады: *«Сендерге уәкіл етілген өлім періштесі жандарыңды алады. Сосын Раббыларыңа қайтасыңдар»* (Құран, 32:11). Періштелердің ішінде ең мәртебелісі Жәбрейіл, ол арқылы Мұхаммедке Құран түсті. Пайғамбар сонымен Қадір түнінде исра мен миғраж жасады. Жұмақты күзетуші періште – Ридван, тозақты күзетуші – Мәлік.

Исламның үшінші ақидасы – Алланың басқа халықтарға жіберген қасиетті кітаптары – Таурат, Зәбүр және Інжілдің мәтіндеріне сену. Бірақ осы кітаптардың қазіргі нұсқалары бұрмаланған және сенімді емес. Барлық халықтардың бастапқы және ақиқатты діні деп бекітілген ислам дінінде иудаизм мен христиан діндерінің кейбір кітаптары мойындалғанымен, ондағы ақиқат Құрандағыдай толыққанды емес.

Исламның төртінші ақидасы – пайғамбарларға сену және де Мұхаммедтің олардың қатарын аяқтап, «пайғамбарлардың мөрі» болып саналатынына сену. Пайғамбарлық жайлы догмат ислам концепциясының мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Ислам бойынша Алла барлық адамдардың ортақ Құдайы ретінде өз пайғамбарларын түрлі халықтарға жіберіп, олардың жүректерінде нағыз ақиқаттық сенімді оятқысы келді. Құранда 28 пайғамбардың аттары көрсетілген. Олардың ішінде Ибраһим мен Иса ерекше аталады. Ибраһим өз халқын Құдай көрсеткен жерге апарды. Ол бұл жерде халқы мен өзінің ақиқатты дінді тауып, соған кенелетініне сенді. Құдай оның басына сынақ түсіріп, өзінің тұңғыш баласы, ұлы Исмаилды құрбандыққа шалуға мәжбүрлейді. Ибраһим Алланың осы еркін орындауға дайын болады. Ол өзіне ең қымбат баласының денесіне пышақ тигізе бастайды. Өйткені, қандай жағдайда да Алланың өз баласын сақтап қалатынына сенді. Адам сенгенде бұл дүниеде мүмкін емес нәрселер де орын алуы мүмкін. Бұл Құранның ең негізгі ойларының бірі болып табылады. Алла ақырғы сәтте Ибраһимді тоқтатып, өз құлының сеніміне көз жеткізе отырып, оған тағы да бір ұл Исхакты сыйлайды.

Исламда ұлы пайғамбарлардың бірі ретінде Мариямның ұлы Иса мойындалады. Ол осы дүниеге әкесіз, Алланың жаратқан ғажайыбымен дүниеге келеді. Осы қылығы үшін оның анасы жазаға тартыла жаздады. Бірақ, сәби өз анасын қорғап қалып, өзінің Алланың құлы екенін айтты. Ол отызға толған шағында Құдай оны пайғамбарлық міндетіне шақырды. Ол адамдарды Таураттың ақиқаттылығына көндіріп, оларға ізгілік пен адамгершіліктің жаңа заңдарын әкеліп, өзінен кейін осы дүниеге жаңа пайғамбар Мұхаммед келіп, сол арқылы Құдайдың оларға ақиқатты дінді түсіретінін сендіруге тиіс еді.

Исламда Исаның тайпаластары оны керіп тастағаны, содан кейін оның аспанға шарықтағаны расталмайды. Ислам бойынша Алла Исаны тірі кезінде көкке алып кетті, және де ол Қиямет күнінің алдында исламды қабылдап, Алланың еркін орындау үшін жер бетіне оралады. Сонымен, тарих адамдардың бірітіндеп Құдайға жақындап, болмыстың ислам тұрғысынан шынайы рухани мағынасын ұғынуды білдіреді.

Бесінші ақида – Қиямет күніне сену. Онда исламдық эсхатологияның, яғни «ақыр заман» және о дүние (ақира) туралы

ілімнің мәні көрсетіледі. Ислам бойынша алдымыздағы оқиғалар рационалды ұсынылған формада, яғни хронологияны сақтай отырып сипатталуы мүмкін емес, өйткені, ол тек Аллаға ғана мәлім. Құран мен Сүннетте айтылғандардың бәрі адамның болашағы жайлы жалпылама түсінік болып табылады.

«Ақыр заманға» жақын қаһарлы күндердің келуі бірқатар оқиғалармен, ескертпелермен белгіленген. Олардың біреуі – қауіпті азғырушы, жалған пайғамбар Дәжжәлдің пайда болуы. Ол Мекке мен Мәдинадан басқа әлемнің барлық бұрыштарын басып алып, ғибадатханаларды бұзып, жалған ғажайыптарды көрсетіп, адамдарды тірілтуге дейін барады. Сонымен қатар Яжұж және Мажұж деген халықтар пайда болып, жер бетіне сансыз қасірет-қайғы төндіреді. Адамзат баласын осы жаулардан Алла жіберген дін қорғаушылары Махди мен Иса пайғамбар құтқарады.

Осыдан кейін белгілі бір уақытқа дейін бейбітшілік пен тыныштық орнығады. Дегенмен, көп ұзамай ақыр заманның жаңа белгілері пайда бола бастайды: күн Батыстан шығып, жер бетін тұман басып, адамдар тұншыға бастайды. Олар діннен безіп, маскүнемдік, бұзықтық пен зинақорлық сияқты үлкен күнәларға батады. Сол кезде Исрафил періштенің кернейлік даусы естіліп, Алла өзінің азғындалған жаратылысын – жер, көк пен жұлдыздарды жойып, жаңа жер жаратады.

Екінші кернейлік дауыстан кейін адамдар қайта тіріліп, Ақыреттегі сот басталады. Адамдардың жасаған әрекеттері таразыға (мизан) салынып, ол өз кезегінде олардың о дүниедегі тағдырларын шешеді. Тақуалар шаштың қылы сияқты жіңішке, қылыш сияқты өткір көпірден (Сират) өтіп, жаннатқа кіреді, ал күнәһарлар осы жолдан өте алмай, тозаққа түсіп, мәңгі азап шегеді.

Исламдық дәстүрдегі жаннат жарқын гүлдерге толы ғажайып бақша ретінде түсіндіріледі, онда тақуалар шарап ішіп, аршын төсті қор қыздардың құшағына бөленеді. Бірақ, ислам ілімінің көптеген түсіндірушілері бұл сипаттаманы адамдардың қайғы-қасірет пен түрлі қиындықтар жағдайында армандайтын тыныш өмірдің аллегориясы деп есептейді. Тозақ пен жаннат адамның о дүниедегі тағдыры ғана емес. Тозақ пен жаннат оның ішінде өмір бойы күресіп өтеді. Бұл жағдайда адам ішкі тыныштық пен жұмаққа бөлену үшін өзінің құмарлықтарымен күресіп, азғындалуды басынан өткереді.

Исламның алтыншы ақидасы – тағдырға сену (кадар). *«Бізге Алланың жазғаны ғана болады. Ол біздің иеміз»* (Құран: 9:51). Және тағы да – *«Алланың бұйрығы болмайынша ешкім өлмейді, ол жазулы бір мерзім»* (Құран, 3:139(145)). Бұл постулат ислам дінінің маңызды сұрақтарының біріне, яғни адамның тағдыры Алланың еркімен шешулі болса, ол өзінің әрекеттеріне жауап береді ме деген сұрағына жауап береді. Құдайдың қалауымен жаратылған адам ерікті және де жасаған әрекеті үшін жауап беру қажеттілігіне иеленеді ме?

Ислам бойынша Құдай адамды ізгілік жасауға баулиды және де жүрегінде сенімі бар адам Алланың еркін орындау үшін қандай жолмен жүру керек екенін біледі. Жүрегінде ақиқатқа деген сенімі жоқ адам Құдайдың оны ізгілікке бағыттайтынын түсінбейді, Алланың қалауын орындағысы келмей, күнәға батады. Сонымен тағдыр мен еріктілік және адамның жауапкершілігі бір ілімнің бойында үйлесіп келеді.

Исламның тағы бір ерекшелігі догматтардың ғұрыптық тәжірибемен және адамның күнделікті өмірімен тығыз байланысты болып келетініне негізделеді. Бұл байланыс исламның бес діңгегінен көрініс табады, олар өз кезегінде исламдық қауымдастықтың бірінші кезеңдерінен ақ қалыптасқан.

Бірінші діңгек – исламдық «сенім символы», әрбір дұғада ерекше рухани жігермен айтылатын қасиетті сөздер. Олар екі маңызды ақидалардан, бір құдайға және Мұхаммед Пайғамбарға сену қағидаларынан тұрады. *«Алладан басқа ешбір тәңір жоқтығына куәлік беремін және анығында Мұхаммед с.ғ.с. Алланың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін»*. Осы қасиетті сөздерді басқа адамдардың көзінше шын жүректен айтқан жағдайда адам мұсылманға айналады.

Исламның екінші діңгегі – канондық дұға (арабша саят, парсыша намаз). Мұсылмандардың дұға ету уақыты Сүннетте көрсетілген: таңертең, түсте, кешкісін, күн батқанда, түнгі уақытта. Мұсылмандар жүрек қалауымен ғұрыптық тұрғыдан кез-келген таза жерде және кез-келген уақытта басқа да дұғалар қылуы мүмкін. Жұма күні мешітте намаз оқылып, уағыз айтылады. Дұға қылғанда ең бастысы – Аллаға өтініш айтып, тілек тілеу емес. Ол адамға не керек екенін онсыз ақ біледі. Ең бастысы – адамның

ішкі жинақталған, рухани күйі, бұл жағдайда Құдай мен адам арасындағы сұхбаттың ерекше шынайылығы қалыптасып, жан тазарып, жоғарылана түсіп, Алланың үндеуі қабылданады.

Исламның үшінші діңгегі – мұсылмандық ай күнтізбесінің тоғызыншы айында ораза ұстау (арабша – саум), рамазан. Бұл уақытта тәуліктің жарық уақытында тамақ пен судан бас тарту керек. Оразаның басты мәні – рухани тазару, кемшіліктерден айырылып, ізгілікті амалдар жасау болып табылады. Адам өзінің тәні мен жанын қинаған сезімдерден айырылып, рухани қуаттық ерекше күшеюін сезе отырып, Алланың алдына келгендей болады. Осы қасиетті уақытта ол Алланың *«Мен аш болғанда неге тамақтандырмадың?»* деп сұрап қалатынын есінде сақтап, садақа жасауға тырысады. Ораза кезеңі әдетте Ораза айт мейрамымен аяқталады. Бұл мейрамда мол астар дастарханға қойылып, қонақ күту ұйымдастырылып, марқұмдардың зираттарына барып, сыйлықтар мен садақалар таратылады.

Исламның бесінші діңгегі – мұсылмандардың қасиетті қаласы, исламның бесігі Меккеге қажылық жасау. Әрбір мұсылман өмірінде бір рет қажылыққа бару керек. Қажылыққа барып келгеннен кейін оны құрметтеп қажы деп атайды. «Қағба» ғибадатханасының алдында күллі әлемнің мұсылмандары жиналып, бірлесіп діни рәсімдер жасап, ислам дінінің зор күшін растайды. Аңыз бойынша жұмақтан қуылған Адам Алладан өзінің дұға жасайтын үйреншікті ғибадатханасын қайтаруды өтінеді. Сол кезде Алла жерге осы аспан ғибадатханасының көшірмесін, яғни Қағбаны түсіреді. Ол пұтқа табынушылармен бұзылған кезде, оны Ибраһим өзінің баласы Исмаилмен қайта қалпына келтіреді.

Қағбаның қабырғасында, жерден 1,5 метр биіктікте қара тас орнатылған (Хаджар Асвад). Содан бастап Қағбаның (Таваф) айналма жолы, яғни Аллаға бірлесіп табыну рәсімі басталады. Аңыз бойынша жұмақтан әкелінген Хаджар Асвад бір кездері ерекше ғажайып сәуле шашып тұрды. Бірақ, көп ғасырлар бойы күнәһарлардың оған қол тигізіп келуі оны қара тасқа айналдырды. Қажылықтың мәні – мұсылмандарды барлық қиыншылықтар мен сынақтарға төтеп беру қабілетін шыңдап, жүректеріне ислам дінін қондырып, сенімдерінің мызғымастығын нығайту мақсатында исламның қасиетті жерлеріне табынуға баулу болып табылады.

Қажылық күллі әлемнің мұсылмандары тойлайтын құрбандық шалу сияқты ұлы мейраммен аяқталады (арабша ид Аль-адха; түрікше құрбан – байрам). Бұл мейрам адамдардың Ибраһим пайғамбар секілді Алла еркін орындаудың дайындығын білдіреді. Аллаға сену рәсімі құрбан-байрам мейрамында малды құрбандыққа шалу рәсімі арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, діннің негізгі қалыптары болып табылатын ақидалар мен исламның бес діңгегі өзара тығыз байланысты. Мұсылман құдайға деген сенімін өмірінде, жасаған рәсімдерімен, ойларымен, әрекеттерімен, айналасындағы адамдарға деген қарым-қатынасымен іске асырып, діншілдіктің тура жолымен жүре отырып, Алланың еркін орындайды.

Құран мен Сүннет адам өркениетінің іргелі және негізгі құндылықтарының негізін құрайтын рухани-ізгіліктік қағидалар мен исламдық этиканы қалыптастырушы қайнар көз болып табылады. Мұсылман ең алдымен Алланың болмысын жоққа шығару, оған серік қосу (ширк), зина жасау, дуагерлік, жетімдердің меншігіне қол тигізу, жалған куәлік беру сияқты күнәлардан (ильм) аулақ болу керек. Құдайға тәріздену жолына түскен әбір адам өзінің нәпсілері мен кемістіктерінен, яғни көре алмаушылық, қорқыныш, зұлымдық, пайдамкүнемдіктен арылып, ізгі амалдарды, яғни тақуалық, жанашарлық, мейірімділік, әділеттілікті дәріптеп, Мұхаммед Пайғамбардың асқақ істерін үлгі тұтыға тырысып, ұқсап бағу керек. Исламның рухани-ізгіліктік әлеуеті өзге діни ілімдермен, ең біріншіден, христиан дінімен сұхбаттасу және өзара түсінісу үшін нағыз негіз бола алады.

Исламның ең маңызды ережелерінің бірі жиһад (қасиетті соғыс) болып саналады: *«Өздеріңмен соғысқандармен Алла жолында соғысыңдар да шектен шықпаңдар. Шыныменде Алла шектен шығушыларды жақсы көрмейді!»* [Құран, 2:186 (190)]. Алланың Мұхаммед арқылы адамдарға жеткізген бұл сөздерімен қоса басқа сөздерін де ислам бойынша Құранның толық контекстін және оның ең негізгі мағыналық концепциясын ескере отырып, түсіну керек. Сонда ғана жиһадтың ең алдымен «жүрек жиһады», яғни адамның өз кемшіліктерімен үздіксіз күресу, ізгілік пен рухани жетілудің жолына түсу дегенді білдіретіні айқындалады. *«Аллаға, Елиісіне*

иман келтіресіңдер; малдарыңмен, жандарыңмен Алла жолында күресесіңдер. Егер білетін болсаңдар, осыларың сендер үшін қайырлы. Күнәларыңды кешіреді, Сендерді төменде өзендер ағып жататын пейіштерге; жаннаттардағы керемет орындарға кіргізеді». [Құран, 61:11–13].

Оған қоса, қылмыс жасайтын немесе ізгіліктің қалыптарын бұзатындарға қарсылық көрсету, яғни «қол жиһады» да болады. Сонымен қатар тілдің тазалығын сақтауға, оны ерсі сөздерден арылтуға бағытталған «тіл жиһады» да мойындалады. Ал кәпірлерге қарсы «қасиетті соғыс» ретінде түсінілетін «қылыш жиһады» ең алдымен дінге қастандық жасағандармен қарсы күресуді, яғни дінді сақтап қалуды ұйғарады.

Құран мен Сүннеттің негізінде мұсылмандардың күнделікті өмірінің барлық салаларын реттейтін нақты нормалар мен ережелер жинағы, **шариғат** (дұрыс жол) әзірленген болатын. Алланың өзі осы дұрыс жолды адамға бұйырып, оған Діни заң беріп, өзінің уағыздары мен ережелерін айтқан болатын. Адамның өмірі туылу сәтінен бастап өлімге дейін діни мағынаға иеленетін ережелермен жолдамаландануы тиіс. Алдыңғы төрт тақуалы халифтердің мәртебесі мен теологтардың еңбегіне негізделген шариғатта қылмыстық және азаматтық құқықтың жүйесі әзірленген. Сонымен, шариғат діни-ізгіліктік ережелер мен құндылықтардың біртұтастығынан, оған қоса ислам қауымдастығының құқықтық негіздерінен тұрады.

Сүнниттер мен шииттер. Тарих тұрғысынан исламда екі негізгі бағыт, яғни сүнниттер мен шииттер қалыптасқан. Күллі элем мұсылмандарының 90% суннизмді ұстанса, Иран мен Иракта ғана шииттердің саны көбірек болып келеді. Осы бағыттардың пайда болуына себеп болған бұл айырмашылықтар құдай билігінің табиғатын әр-түрліше түсінуден және оны исламдық мемлекет-қауымдастығында іске асырудың нәтижесінен көрініс тауып отыр.

Мұхаммедтің өлімінен кейін оның орнын кім басады деген сұрақ туындады. Үмбет мүшелерінің көбісі пайғамбардың ең жақын ізбасары Әбу Бәкірге дауыс беріп, ол бірінші халиф болып тағайындалды. Бұл рухани жетекші қауымдастықпен сайланады деген қағиданың жүзеге асырылуы болды. Бұны әдетте сүнниттер қолдап, орындайтын.

Үмбеттің басқа бөлігі осы шешіммен келіспей, рухани биліктің Мұхаммедтің отбасынан шығу керектігін айтып, заңды үміткер ретінде оның немере ағасы, сонымен қатар күйеу баласы Әлиді таңдаған болатын. Болашақта да билікті өткізудің осы тізбегін жалғастырып, Пайғамбардың жанұясының алдында адалдықты сақтап қалу керек.

Бұл қайшылық шариғаттың негізгі ережелеріне қатысты айырмашылықтардың орын алуына себеп болды. Сүнниттер исламдық құндылықтарын қатал ұстанып қалған, және де төрт тақуалы халифтердің билігінің заңдылығын мойындап, хадистердің алты канондық жинақтарының ақиқаттылығына сенеді. Олар Әлидің құдайлық табиғатын жоққа шығарып, Мұхаммедтің өзінің өлімінен кейін Алла мен адамдар арасында делдал болып қалғанымен келіспейді.

Шииттер тек төртінші халифтің, яғни Әлидің билігін заңды деп қабылдап, оның құдайлық табиғатына көндіріп, оның билігі тек ұрпақтарына ғана тиесілі деп ұйғарып, Мұхаммедтің өлімнен кейін де оның өз елшілік қызметін атқарып келетініне сенеді. Шииттер Мұхаммедтің серіктестерінен бастау алатын хадистерді жоққа шығарып, олардан Әлидің Пайғамбардың ізбасары ретінде бейнесі көрініс таппайды деп ойлайды. Суннизмге қарағанда шиизмде көптеген ағымдар мен тармақтар қалыптасқан болатын.

Еуразияның даласына ислам араб шабуылдарымен бірге келсе де, жергілікті халықтың қажеттіліктері мен рухани сұраныстарына жауап бере алды. Бір құдайға сену көптеген діни ағымдардың бақталастығын еңсере отырып, құндылықтардың жаңа жүйесі үшін негіз қалыптастырған болатын. Құндылықтардың бұл жаңа сипаты рулас қатынастардың шеңберінен шықпай, сенімнің әмбебап қағидаларына негізделді. Исламға негізделген рухани бірліктің әлеуеті қоғамның саяси бірлесуіне септігін тигізді. «Ислам көзқарастар мен идеялардың жалпы кешенін қалыптастырып, соның негізінде көшпенді халық үшін ортақ ішкі және сыртқы саясатты іске асырып, тайпалықтан жоғары типтегі мәдениетті дамытып, ортақ білім беру мен ағарту саясатын жүргізіп, сол арқылы ізгіліктік құндылықтардың жаңа шкаласын қалыптастыруға мүмкіндік берді»¹.

¹ *Орынбеков М.С.* Генезис религиозного сознания в Казахстане. – 2 изд. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 161.

I бөлім. Дін - өркениеттік бірегейліктің өзегі

Жаңа дін көшпенді халықтың әлемдік өркениеттің қазынасына ортақтасуына септігін тигізді. Ислам Қазақстанның территориясына ену шағында-ақ ұлы араб-мұсылман мәдениетінің орталығына айналды. Дәл осы өркениеттік кешен ежелгі халықтардың ең жақсы дәстүрлерін сақтап қалып, адамзаттың рухани тәжірибесін шоғырландырып, бірегей ислам өркениетін қалыптастырып, болашақ ұрпақтарға көптеген халықтармен жинақталған мәдени жетістіктерді, яғни ғылым, поэзия, білім және өнердің жетістіктерін табыстап, сақтауға мүмкіндік берді. Бұл Құранның шығармашылық әлеуетінің арқасында туындаған қуатты рухани күшінің нағыз серпіні болды.

Әлемдік мәдениеттің тарихи тақтасына энциклопедиялық пен әмбебаптылық идеясын іске асырған, әлемге ғылыми білім, өнер, музыка мен философияның түрлі салаларында ғажайып ғылыми жаңалықтарды ашқан Әбу Насыр әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн-Араби, әл-Ғазали, Омар Хайям және басқа да көрнекті ғалымдардың аттары мәңгілікке жазылған. Көшпенді халықтар үшін ислам әлемдік тарихтың ағымына кірудің мүмкіндіктерін ашып көрсеткен еді. «Исламның ең басты артықшылығы мұсылмандық әлемнің материалдық және рухани мәдениетте де өзінің мәдени біріншілігін ұстануында»¹.

Сонымен қатар, исламның Еуразия даласына енуі де жалпы заңға бағынды. Жаңа дін жергілікті әдет-ғұрып пен діни сенімдердің, оның ішінде түркі халықтарына тиесілі тәңірлік пен соның шеңберіндегі бірқатар рәсім мен ғұрыптардың ықпалында болды. Ислам Қазақстанның территориясына тамырын жая отырып, жергілікті халықтың өмір салтына сай формасын қабылдап, өз діни ілімінің мәнін сақтап қала алды. Бұл жағдайда тек тәңірлік исламның ықпалына түсіп қойған жоқ, ислам да көшпенді халық ұстанатын ежелгі діннің белгілерін қабылдады.

Бақылау сұрақтары

1. Исламның Қазақстан территориясына енуіне қандай тарихи оқиғалар түрткі болды?

¹ *Орынбеков М.С.* Генезис религиозного сознания в Казахстане. – 2 изд. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 163.

2. Мұсылмандық сенімнің ең негізгі рухани қайнар көздерін атап шығыңыз.

3. Исламның алты ақидасының мәні неге негізделетінін түсіндіріп беріңіз.

4. Исламның бес діңгегінің мәнін ашып көрсетіңіз.

5. Ислам діні Қазақстанның территориясына неліктен тамырын жайды?

Исламның Қазақстан территориясында Қожа Ахмет Яссауи сопылығы формасында таралуы

Дала халқы үшін Еуразияның дархан кеңістігіндегі ислам, әсіресе оның мистикалық сопылық формасы түсінікті және жақын болып кетті. Қазақтардың ата-бабалары қоршаған ортаны, таулар, дала мен өзендерді рухқа толы және тірі әлем деп қабылдады. Жоғары күшті олар ақыл және санамен емес, ал көп жағдайда жүрекпен сезінді. Бұл қажеттілікті сопылық қанағаттандыра алды, ондағы Құдай-әлем-адам қатынастарының рухтандырушы қағидасы махаббат болды.

Сопылық исламның шеңберінде философиялық-мистикалық бағыт ретінде қалыптасты. Бұл түсініктің өзі бірнеше түсіндірмеге ие. Олардың ішіндегі ең танымалдысы оның мәнін араб тіліндегі «суф» сөзімен, яғни аскет, қасиетті адамдар мен жаһанкездердің жүннен тоқылған киімімен байланыстырды. Басқа зерттеушілер мұндай түсіндірменің сопылыққа сай рухтылық пен символизмді ескермейді деп ойлайды. Олар терминді «сафа» (тазалық) сөзімен байланыстырып, осы дүниеге деген әсіре ынтықтық пен құштарлықтан арылған және Құдайға жанымен асығатындардың кемелденуін білдіретінін атап өтті. Тағы да бұл ұғымның бір түсіндірмесі – «суфа» (орындық), өйткені, ерте исламның кезеңінде баспанасы жоқ кедейлер Мұхаммед Пайғамбардың Мәдинада салған мешітінің алдындағы орындықтарды паналайтын.

Сопылық көпғасырлық тарих, көптеген бағыттар, символдар, аллегориялар мен метафораларға толы жүйелерден тұратын күрделі философиялық дәстүрге иеленеді. Бастапқыда сопылар деп аскеттер мен дуаналарды атайтын, олар Құдаймен тілдесуге кедергі келтіретін күйбең тіршіліктен алыстау үшін оқшауланатын.

Біртіндеп олар бірлесіп, «ханаки», кейін рухани ұстаз, шейх басқаратын «орден» қалыптастыратын. Олар Құран оқып, мистикалық толғауларымен бөлісетін, бірақ, әр адам Құдаймен бірігудің өз сопылық жолын өтуі тиіс болды.

Бастапқыда дәстүрлі ислам сопылықтың теориясы мен тәжірибесін жақтыртпады. 922 жылы танымал сопылық ғалымы Мансұр Әл-Халладж өзінің мистикалық тәжірибесінде ең қалаулы жетістігі – Алламен біріккенін білдіріп, «Мен ақиқаттың тап өзімін (Құдаймын)!» деп айтқаны үшін қиналып, өлтірілген болатын.

Тек XI ғасырдың аяғында келісім орнатылып, сопылық ұйымдар дәстүрлі исламның мақұлдмасын алды. Бұл танымал сүнниттік теолог, заңгер, философ Әбу Хамид Мұхаммед әл-Ғазали-ат-Тусидің еңбегінің арқасында іске асырылған еді. Оны құрметпен исламның Дәлелі деп атайды. Алла исламды әр жүзжылдықтың басында жаңғыртуға уәде берді деген түсінік қалыптасқан және де оның осы қалаулыларының бірі әл-Ғазали болатын. Ол дәстүрлі суннизм мен сопылықты бірлестірудің маңызды міндетін орындай алды. Өзінің «Сенім туралы ғылымдардың қайта тірілуі» атты еңбегінде ол дәстүрлі ғұрыптар мен әдеттерді діннің жана тәжірибесімен толықтырғандай болды.

Еуразияның даласына ислам, жоғарыда аталып өткендей, сопылық формасында еніп, көшпенділердің халықтық наным-сенімдері, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына тап болып, түркілік кейіпке енді. Дала халқының дүниетанымына ықпал еткен танымал сопылық ордендердің бірі Накшбандийа болды. Оның тарихын Әбу Йакуба Йусуфа әл-Хамадани атымен және танымал Орта азиялық сопы Бахааддин Накшбандидің қызметімен байланыстырады. Бұл орденнің жетістіктері оның исламға дейінгі жергілікті дәстүрлерге жақын болып келуі және үндемес (құпиялы) зікір (Алла атын атау) тәжірибесімен байланысты болып келеді.

Бірақ, тәңірлік пен ислам синтезінің сопылық формадағы міндеті халықтың арасында Қасиетті деп аталған, көрнекті түрік ойшылы Шейх Қожа Ахмет Яссауидің тауқыметіне түсті. Оның аты қазақ мемлекеттілігі мен рухани тәуелсіздіктің символына айналды. Ахмет Яссауидің өмірі мен қызметі туралы көптеген аңыз-әңгімелер бар, олардан халықтың махаббаты мен Қасиеттінің рухани ерлігін құрметтеу көрініс табады.

Қожа Ахмет Яссауи XII ғасырдың басында Сайрам (Исфиджаб) қаласында дүниеге келді. Бұл қала Оңтүстік Қазақстанның территориясында, қазіргі Шымкент қаласынан алыс емес жерде орналасқан. Ахметтің әкесі Ибраһим танымал шейх болды. Оның шежіресі Мұхаммедтің жиені, төртінші әділ Халиф Әлиден бастау алады. Анасы, Қарашаш-ана да текті отбасыдан шықты. Сайрам оған қоса Түркістандағы ең ірі мұсылмандық орталық болды. Онда сол кездің өзінде мұнаралар, көптеген мешіттер, кітапханалар, медреселер болды. Исламдағы түрлі бағыттардың өкілдері еркін пікір алмасып, пікірталастарға түсе алатын. Бұл ақиқатты іздеудің, болмыс мәнін анықтаудың игілікті ортасы еді.

Ахмет Яссауидің айтуы бойынша ол бес жасынан бастап шарифат жолына түсіп, үздіксіз ораза ұстаған. Жеті жасында ол Мұхаммед Пайғамбар сияқты әке-шешесінен айырылып, жетім қалды. Сол кезде Пайғамбардың сахабасы Арыстан Баб балаға құрманың ардақты дәнегін беріп, оны ұлы болашақ күтіп тұрғанын білдірту үшін оны іздеп табады (аңызда Мұхаммед Пайғамбар мен Арыстан Баб арасындағы уақыт аралығы 300 жыл құрайтыны әдейі айтылмай кетеді).

Ұлы Шейх жетекшілігімен Ахмет Яссауи исламның негізгі догмаларына үйреніп, Алланың құдіреттілігі мен бірлігіне таза, мықты сенімімен беріліп, бірнеше тілдерді меңгеріп шықты. Білімге деген құштарлық пен ішкі сенімділік оның Бұқараға баруына түрткі болды. Ол онда белгілі шейх Жүсіп Хамаданидің ынталы шәкіртіне айналды. Аңыз бойынша шейх 33 рет Меккеге қажылықпен барып, мың рет Құранды оқып шыққан. Соның бойынша Қожа Ахмет нағыз дін екі әлемнің тәңірі, бір Аллаға деген махаббатпен толықтырыла түсетінін аңғара білді.

Туған өлкесі Түркістанға орала отырып, жүрегі осындай махаббаттан жылу алған және ғалымсымақтармен пікірталастарда зердесі шыңдалған Қожа Ахмет айналасына шәкірттерін жинап, сопылық бауырластықты, Яссауи орденін қалыптастырды. Бұл Құран мен Сүннетті бірлесе оқитын, Аллаға құлшылық ету ғұрпын, зікірді орындайтын рухани бірлестік болды. Зікір жасау барысында музыкамен жолдамаланатын, белгілі бір қимылдармен және тыныс алудың нақты ойластырылған тәртібімен Хикметтер әндетілетін. Бұл зікір салулар мұсылмандық әдеттерге қарамастан

әйелдер мен ер адамдарға бірдей өткізілетін. Арабиядан келген дервиштер осыған қатысты өз түсініспеушіліктерін білдірген кезде Яссауи оларға символдың көмегімен жауап берді. Ол ішінде матаға оралған жанып тұрған көмірі бар қорапшаны берді. Үйге оралғаннан кейін олар матаның өрттенбегенін байқады. Сөйтсе, үйлеспейтін зат үйлеседі екен және де Алланың алдында ер адамдар мен әйелдер тең болып келетіні аңғарылды.

Ахмет Яссауидің өмірлік жолы оңай болмады. Ол айналасындағы адамдардың қолдауы мен түсіністігіне бірден кенелген жоқ. Ол кейін адамдардың оған отыз жыл бойы тас лақтырып келгенін күрсініп еске алатын. Оның көзінше туған жалғыз баласын өлтіріп тастаған да еді. Бірақ, оның сенімінің тазалығы, ойларының жоғарылығы, Алланың игілігіне арналған үздіксіз рухани еңбегі оған деген көптеген адамдардың махаббаты мен құрметін бұйырды. Оның сенімді шәкірттері (мүридтер) пайда болып, бауырластық кеңейіп, оның қоғамдағы рухани ортаға деген әсері өсе бастады.

Ахмет Яссауи 63 жасқа, Пайғамбардың жасына толғанда ол жер астына түсіп, аңыз бойынша, дәл осыншама жыл өмір сүріп, Құдайдың келбетін іштей тануға шомыды. Сонда ол өзінің танымал еңбегі – әрі ғұмырнама, уағыз-насихат, дұға, рухани-ізгіліктік өсиеттерден тұратын «Диуани Хикметті» (Данышпандық туралы кітап) түрік тілінде кейінгі ұрпаққа қалдырды. Түрік әлемінде бұл ұлы Кітап Құраннан кейінгі екінші қасиетті кітап деп саналады. Ғасырлар бойы ол жатталып, көп рет көшіріліп, түрік тілінен әлемнің басқа тілдеріне аударылды. Ол тек түрік халықтарының ғана емес, сонымен қатар барлық рухани дамыған адамзаттың ар-ұжданы, жадысы және рухани қазынасы болып табылады.

Сонымен Ахмет Яссауи әлемге не айтып еді? Неліктен өлімнен кейін оның зиратының үстінен Мазар, ал кейін ақсақ Темірдің бұйыруы бойынша Кесене салынды? Неліктен Түркістан мұсылмандар үшін екінші Мекке, ең белгілі рухани орталықтарының біріне айналды, ал қазір Қожа Ахмет Яссауидің Түркістандағы мазары көптеген мұсылмандардың жүрегін баурап, нағыз Дін мен исламдық руханилықтың түйіні болып табылады?

Ахмет Яссауи өмір бойы ислам ілімі мен бір Құдайға деген сенімнің беріктігіне сендіріп келді: *«Бір Алланы танымаған*

адамда сенім жоқ». Ол түркілік ортада туылып, өсті, ана сүтімен өз бойына халықтың әдет-ғұрыптарын, дәстүрлері мен наным-сенімдерін сіңіре алды. Сол себептен ол Алланы барлық түріктерге жақын және ортақ сөзбен, Тәңір, Аспан құдайы, тіршілікті жаратушы деп атады, ал кей кезде зороастризмнің ықпалымен байланысты түріктер үшін үйреншікті сөзбен Құдай деп атады.

Діннің исламдық символы бойынша Қожа Ахмет әлемге Алланың кітабы мен ережелерін жеткізген Мұхаммед пайғамбарды дәріптейді. Яссауи үшін Мұхаммед – оның өмірінің қиын кезеңдерінде көмектесіп, азапты жолмен жүргізіп, қажытпай, ерлік пен рухани мызғымастықты күшейткен ұлы тұлға, ізгілікті идеал болып табылады.

Алғашқы хикметтерде ақ Яссауи кедейлер, мүсәпірлер мен жетімдерге қорғаушы болған Пайғамбарға тәнті болып, оған деген өзінің махаббатын білдіреді. Ол өзінің жүрегімен Мұхаммедпен байланысты болған еді. Олар екеуі де бала кездерінде жетім болып қалды, екеуі де қиын заман мен қайғыны бастарынан кешірді. Екінші хикметте Ахмет Яссауи Миғраждың ұлы түнінде Мұхаммедпен бірлесті. Пайғамбар оған: «Сен менің – баламсың» деп батасын берді.

Мұхаммедті дәріптей отырып, Қожа Ахмет түркі елінің қасиетгісі, данышпан, оны өмір бойы жолдамалап келген Қыдыр атадан ажырамай келеді: «Әрдайым көмекке даяр қасиетті Қыдыр, ыстық ықыласпен маған қол ұшын берді». Қазақтардың халықтық дәстүрі бойынша қасиетті Қыдыр әлемді кедей қарт ретінде шарлайды-мыс. Адамдар өз үйлерінің табалдырығы алдында не кедей, не қасиетті тұрғанын білмей қалады екен. Бірақ кез-келген жағдайда қол ұшын беріп, одан ешқандай марапат күтпеу керек. Сонда Қыдыр міндетті түрде кедейлерге көмектескен адамдарға ризашылығын білдіреді екен.

Қожа Ахмет Болмыс бірлігінің «вахдат-әд-вуджуд» сопылық тұғырнамасын ұстанып келді. Осы түсінік бойынша Құдай өз жаратқан дүниесінің әрбіреуінде өмір сүріп, адамның жүрегіне ене отырып, барлық тіршілікті жаңғыртып, рухтандырады. Қоршаған ортаны тірі және рухтарға толы деп есептеп жүрген дала халқына мұндай түсіндірме мәдениетте қалыптасқан дәстүрлерге сай болып келді, соның негізінде түсінікті де болды. Құранның

мәтіндерін қолдана отырып, Яссауи оның түсіндірмесіне түркілік және ирандық ұғымдар мен терминдерді енгізеді. Алланың тұңғыш жаратылысы – «топырақ» (түркілер тілінде), топырақ пен саздың қосындысы. Тағы да бір алғашқы ұғым – дария (парсы) – жанның шексіздігін білдіретін теңіз. Осылайша исламға халықтың менталитетіне сай түркілік белгілер беріледі.

Алланың ең жоғарғы туындысы – адам баласы. Ол Алланың қолымен кемелденген күйде болып жаратылды. Құдай өзінің рухымен бөлісіп, періштелерді оған бағындырып қойды. Бірақ, періштелердің ішіндегі біреуі, яғни Ібіліс көре алмаушылықтан булығып: «Мен Адам мен оның балаларына зардабымды тигізіп, зұлымдыққа үйретемін» деп жар салды. Бұған Алла Тағала: «Мен Адамға ақыл бердім, соның көмегімен ол жақсылықты жамандықтан ажырата алатын болады. Ал бірде-бір адам саған бағынатын болса, өз қылықтары үшін өзі жауап береді. Сен нағыз есті адамдарға ешқашанда да зардабынды тигізе алмайсың» деп жауап берді. Сол кезден бергі адамның өмірлік міндеті – жетіліп, дамып, нәпсілерінен айырылып, қайтадан Аллаға жақындау үшін тақуалық пен ізгілікке қол жеткізу болып табылады.

Яссауи осы аталған жоғарғы мақсатты анықтап қана қоймай, өзі осы жолмен жүріп өтіп, өзінің тұлғалығы және әрекеттерімен адамның жетілдірілуі іспетті сопылық идеяны шынайылыққа келтіріп өтті. Мұндай жетілудің негізінде шексіз, жанкешті махаббат жатыр. Ол көз, сана мен жүректі оятып, аша түседі. Яссауи оған өзінің кітабында ең керемет өлең ұрандарын арнайды.

*«Ғашығы жоқ адам ба екен, аңдасаңыз,
Махаббатсыз шайтан – қауым, тыңдасаңыз.
Асығыңнан өзге сөзді сөйлесеңіз,
Желкеңізден иман, ислам кетер болғай»¹ (123 хикмет)*

Аллаға деген махаббат тек таза және шынайы бола алады: «Елірме «шын ғашықпын» деп көп көпірер» (87 хикмет). Аллаға деген махаббатты сезбей өткен адам өзін мұсылман деп есептегенімен әдептіліктің не екенін білмей өтеді.

¹ Ходжа Ахмет Ясави. Хикметы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 241 с.

*Ләйлі-Мәжнүн, Фархад-Шырын сияқтанып,
Ғашық болмай хақ дидарын көрсе, болмас (81 хикмет)*

Яссауи Аллаға ғашық адамды көбелекпен салыстырады. Ол өзінің күйетінін біле тұра отқа қарай ұшады. Сол сияқты жүрегі махабаттан лаулайтын адам қорқыныш пен жан сыздауына қарамастан әруақытта әр нәрсеге де дайын болады.

Жетілу жолы – Аллаға жақындау жолы және оның нұрлы жүзін көру талпынысы, яғни махаббат жолы. Сопылықта нұрға бөленудің мистикалық тәжірибесін бастан кешіруге мүмкіндік беретін әдістер бар. Жиһанкездің жолы дәстүрлі түрде үш негізгі кезеңнен тұрады: шарифат, тариқат және хақиқат. Яссауи осы кезеңдердің барлығын мойындай отырып, хақиқаттың алдында тұратын мағрифат деген кезеңді қосады. Аталған кезеңдерді қысқаша сипаттап, бұл әдістерді әр адам оп-оңай игере алмайтынын естен шығармайық. Мистикалық тәжірибе зор еңбекті талап етіп, астарында Аллаға деген махаббат жатқан барлық кезеңдерді жаңғырта түседі.

Сопылық жол Яссауидің «Бақыр-нама» (Кедей туралы аңыз) трактатында сипатталған. Данышпанның ең алғашқы және негізгі идеясы – көп және қажырлы еңбек ету керек:

*Ғашықтық қиын жұмыс білсең мұны,
Мехнатпен жаратушы сынар сені.
Реніш, азаппенен бірге болсаң күні-түні,
Көңілді тәңіріден өзгеге бөлме достар (34 хикмет)*

Бірінші кезеңде сопы негізінде Құран мен Сүннет жатқан шарифаттың барлық талаптары мен ережелерін мүлтіксіз орындайды. Екінші кезеңде ол рухани-ізгіліктік жетілудің жолына, тариқаттың жолына түсіп, бірнеше «аялдамалардан» өтуге міндетті болады: осы дүниенің қызығынан бас тартып, өзімшілдіктен, тәкаппарлықтан, көре алмаушылықтан арылып, ізгіліктік мінсіздік, рақымдылық пен мейірімділікке үйренуге тиіс болады. Осының бәрі – үшінші кезеңге, мағрифатқа, яғни әлемнен және оның қызықтарынан толықтай оқшаулану қалпына деген дайындық. Төртінші кезең – хақиқат («шынайы болмыс»), бұл кезде сопы өз

күші, санасы мен еркіне ғана сеніп қоймайды. Оны Аллаға деген ыстық махаббат кернейді және де ол оның қолдауы мен назарында жүргенін сезініп, ақыр аяғында қалағанына қол жеткізіп, Алламен толықтай бірлеседі.

Яссауи рухани еңбекті ертеңге қалдыра беруге болмайтынын ескертуге шаршамады. Өмір жылдам, бір мезетті. Кеше ғана туылған сияқтысын, ал енді қарасаң бұл дүниемен қоштасатындай уақыт та келіп қалады:

*Білгейсің бұ дүние барша елден өтер,
Малға да сенбе, бір күні қолдан кетер.
Ата-ана, қарындас қайда кетті ойлап көр,
Төрт аяқты шабан ат бір күн саған жетер (10 хикмет)*

Адам «өмірге әлі тойып үлгермеді, дәмін де сезбеді, ал өмір өтті де кетті». Яссауи өз тәжірибесіне сүйене отырып, тән құмарлықтарынан тезірек құтылып, күнәға толы ойлар мен әрекеттерден арылу керектігін айтады. Күнәға толы қызықтар мен ләзаттарды ол пышақпен кесіп тастап, тура жолдан тайдыратын өз құмарлықтарын тоқтата білді. Адам үшін әсіресе екі құмарлық қауіпті – байлық (Яссауи оны «көң» деп атайды) және танымалдылық пен сый-сияпатқа тырмысу («нұрлы танымалдылықты қалайтындар – дарынсыз құлдар»). Осы нәпсілерінен айырылмайтын адам хайуандар болады. Мұндай адамдар «байлықпен және жалған бақытпен алданып, жануарларға айналып, күнәларға батады». Надан және тойымсыз адамдар осы дүниеде мәңгі өмір сүреміз деп ойлайды. Бірақ оларды ауыр жазалар күтіп тұр. Жақсылық жасауға асығу керек, өйткені, өмір жел сияқты зуылдап өтеді.

Нәпсілерінен айырылғаннан кейін сопы Алладан нағыз құнды нәрсені, оның жүзін көру мүмкіндігін алу үшін даналықтың мол сулы өзеніне енеді. Енді жиһанкез әдептілік, әділеттілік, сенім мен махаббатың алмаздарын жинай бастайды. Оның жаны құстар сайрайтын керемет бақшаға айналады.

*«Тарихаттың ләззатынан татқан кісі
Дуниесін дін жолында сатқан кісі».*

Яссауи жүректегі шынайы оты жоқ сенімнің сыртқы көріністерін жақтыртпайды. Оның айтуынша дінді жүрегі мейірімсіз, надан ниетті адамдар бүлдіреді. Ұлы шейх шарифатты ұстанбайтындарға, пайдакүнемділік үшін және байлықты ойлай отырып, басқа адамдарды дұғаларға үйреткісі келетін адамдарға қарсы шығады. Мұндай «қасиеттілерде» байлық дінге айналған, ал олардың жаны – өлі, дұғалары – күл.

*Сопы – мен деп лепірдің, сертке берік болмадың,
Обал тіпті гұмыр өтті, бір сәт ойға қалмадың,
Сыртың сопы болғанмен, өзің мұсылман болмадың.
Сопылық сондай ма еді дайым ісім қапыл болған,
Жалғыз тәспі – қолыңда, тіл деген – гайбат болған.
Қырық қабат сәлде орап, тексіз нәпсі – ергенің,
Сыртың сопы болғанмен, өзің мұсылман болмадың.*

Нағыз сопыға жақсылық Жаратушыдан келеді және күс – адам жаны аспанда сайрайды. Өйткені, ол Құдаймен бірлесетініне кәміл сенеді.

*Бастан-аяқ өкініштен бір құтқарды,
Жан-жүрегім, ақыл-есім Алла деді.*

Сопы «адамдар үшін азаптанып, күй» шеберлігіне үйреніп, шыңдық пен әділеттілікті қорғап, кезінде Мұхаммед Пайғамбар сияқты кедейлер мен мүсәпірлерге көмектесуге үйренеді. Яссауи өзінің таза, жоғары мәнді сөздерін рухани дарынды, көзі ашық адамдар үшін арнайды, олар үшін бұл нағыз қазына.

Түркілік сопылықтың негізін қалаушысы Қожа Ахмет Яссауи өзінің ұлы еңбектерімен халықтың махаббаты мен құрметіне бөленіп, барлық замандардың адамдары үшін Қасиетті деп танылды. Оның атымен Қазақ хандары ант ететін. Оның ілімі ұлттық менталитетті, қазақи руханилықты, қазақи ұлттық мінезді қалыптастырды. Кеңес билігі кезінде дін қудаланған жағдайда да Ұлы пайғамбардың аты халықтың жүректерінде өмір сүрді. Бүгінгі таңда қазақ жерінің пайғамбарының еңбектері мен қызметтерін ғалымдар жан-жақты зерттеп, олардан жаңа да ерекше ойлардың

рухани қазынасын тауып келе жатыр. Қожа Ахмет Яссауидің Түркістандағы мазары Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар барлық түркі әлемнің рухани орталығы болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Неліктен Қазақстандағы ислам көп жағдайда сопылық формада таралды?
2. Қожа Ахмет Яссауидің рухани жетілуінің кезеңдерін ашып көрсетіңіз.
3. Қожа Ахмет Яссауидің түркілік сопылығының негізгі қалыптары қандай?
4. Қожа Ахмет Яссауи шынайы сенім туралы не айтады?
5. Неліктен Қожа Ахмет Яссауи барлық замандардың Әулиесі деп аталады?

Исламдағы құқық мектептері және Қазақстанда қабылданған Әбу Ханифа мазхабы

Сүнниттік исламда төрт құқықтық мектеп (мазхаб) қалыптасып, өз негізін қалаушыларының атымен, яғни маликиттік, шафииттік, ханбалиттік және ханафиттік болып аталды. Бір ортақ рухани негізге иелене отырып, олар құқықтық мәселелерді шешу әдістерін қолдану бойынша және өздерінің дүниетанымдық бағдарларымен ерекшелінеді.

- Мәлік ибн Анас негізін қалаған **маликиттік мазхаб** сенімнің келесі қайнар көздерін, яғни Құранның анық аяттары (насс); Мұхаммедтің сүннетте көрсетілген әрекеттері мен сөздерін; оның серіктестерінің құқықтық ережелерін (пәтуә) мойындайды. Құқықтық мәселені шешу барысында қиыншылықтар пайда болған жағдайда **артықшылығы басым пікірге** (истисләх) сүйену керек.

- Ибн Идрис аш-Шафи негізін қалаған **шафииттік мазхабта** Құран мен Сүннет бір уахи ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бұрмалауға келмейтін анық сүрелер (насс) де бөлініп көрсетіледі. Құқықтық мәселелерді шешу жағдайында ақиқаттың өлшемі ретінде насстарды қарастыру керек.

Ахмад ибн Ханбаль негізін қалаған **ханбалиттік мазхаб** анық аяттардан бөлек Құранның түсіндірмесі болып табылатын хадистерге басымдық береді. Мұхаммед Пайғамбардың кезінен бастау алып келе жатқан және бірнеше ұрпақтар арқылы жеткен хадистер сенімді деп саналады (иснад).

Мәселелерді шешуде ақылға жүгініп, шектен шыққан ұстанымдардан бас тартып, сабырлық танытып, құқықтық жанжалға қатысушы адамдардың көзқарастарын түсіну талпысымен ерекшелінетін **ханафиттік мазхаб** Қазақстанда ең танымал және беделді мектептердің бірі болып табылады. Қазақстан территориясында ислам дәл осы формада тарағандықтан, біз бұл мектепке бөлек тоқталып, талқылап өтеміз.

Ханафиттік мазхабтың негізін қалаушысы – миллиондаған мұсылмандармен көп ғасырлар бойы дәріптеліп келетін ғалым-теолог және құқықтанушы Әбу Ханифа (699–767 жж.). Ол исламның тарихына еніп қана қоймай, сунниттік исламның қазіргі ұрпақтарының іскер және қажымас ұстазы болып табылады. Исламдық дәстүр бойынша ол өзінің руханилығын Мұхаммед Пайғамбардың серіктестерінен мирас етіп алады. Ол қасиетті мәтіндерді терең білу қабілетімен, өзінің ақиқатты және қажымас сенімімен, өзінің теолог сынды білімін қалам білгірі қасиетімен ұштастыру қабілетімен, ізгіліктік-құқықтық мәселелерді және күрделі тұрмыстық жағдайларды, яғни отбасылық, іскерлік және қоғамдық мәселелерді шешумен адамдардың санасы мен жүректерін баурап алды. Ол исламның рухын білдіріп, сақтай алды. Бұл бір Құдайға сену және діннің өмірдің барлық салаларына, яғни отбасылық-некелік, мұрагерлік-меншіктік, саяси және т.б. салаларға енуі болуып табылады.

Әбу Ханифа өзінің адалдығымен, қайырымдылығымен, тектілігімен, мейірімділігімен, ал ең бастысы – әділдігімен танымал болды. Ол әрдайым әділ шешім қабылдайтын, өйткені, пәтуә құқықты ізгіліктен бөліп қарастырмайды. Құқықтық сұрақтарды шешудегі ең жоғарғы қазы – Алланың өзі мен оның қасиетті мәтінінде көрсетілген еркі болып табылады. Әбу-Ханифа халықтың махаббатына кенелді, өйткені, дінге деген мызғымас сенімді көрсете білді. Ол сынбай, ең ауыр сынақтарда да құламай, Алла бұйырғандай өзінің адами ұждандылығы мен рухани батылдығын сақтап қалды.

Әбу-Ханифаның өмірі мен әрекеттерін көптеген аңыз-әңгімелерден байқауға болады. Сол аңыздар бойынша оның атасы мен әкесі Мұхаммедтің серіктесі әділ халиф Али ибн әбу Талиппен кездескен болатын. Оған қоса, оның тақуалы ата-анасының кездескені жайында баяндайтын аңыздар да бар. Бір күні бозбала Сәбит өзен жағалауымен жүре отырып, суда жүзіп келе жатқан қызыл алманы байқап қалды. Сәбит алманы қолына алып, оның жылы және хош иісті екенін көріп, оны жегісі келді. Кенеттен оны бір нәрсе тоқтатқандай болды. Ол ағым бойынша жоғары қарай жүріп, бақша мен алма түскен ағашты тауып, болған жайттың бәрін бақшаның иесіне айтып берді. Ол өз кезегінде бозбаланың адалдығына таң қалды. Бірақ, оны сынағысы келіп, оның өз адалдығын қайта дәлелдеп, бақшада жеті жыл бойы тегін жұмыс істегісі келеді ма деп сұрады.

Сәбит келісімін беріп, аталмыш мерзім біткеннен кейін қожайын оған өзінің қызына үйленуді ұсынып, «оның бір көзі көрмейтінін, қолы ұстамайтынын, аяғы жүрмейтінін» ескертті. Бозбала бұл ұсынысты да қабылдады. Ол өзінің алдында сұлу бойжеткенді көргенде оның өзінің жары болатынына сенбеді. Дегенмен, бақша қожайыны өз ұсынысын растап, қыздың арам ниетке соқыр болып келетінін, қолы қажетсіз заттарға тиіспейтінін, ал аяғы күнәлармен арамдалған жерді баспайтынын түсіндірді. Бұл Әбу-Ханифаның ата-анасының кездесуі болды. Олардың тақуалығы мен таңғажайып адалдығын балалары қабылдап, өмір бойы ұстанып келді.

Ол Ирактың тамаша Куфа қаласында, діни-философиялық білімдердің орталығында дүниеге келіп, өсті. Онда экзотикалық тауарлар ғана сатылып қоймай, медресе болмағандықтан, мешітте діни тақырыптарға қызу пікірталастар жүргізілді. Алдында бозбала ғылымға қызығушылық танытпай, әкесінің кәсібімен, жібек матасын сатумен айналысты. Кейін оның бүкіл өмірін өзгерткен және исламға танымал ғалымды сыйлаған кездесу орын алды. Оны көрнекті факих ал-Шаби ибн Әмір Ибн Шарахиль байқап қалып, *«Саған ғылымды игеріп, ғалымдардың арасында болу бұйырылған»* деген әулиелік сөздерді айтқан болатын.

Бұл сөздер бозбаланың жүрегін жаулап алып, сол кезден бастап ол сияқты қалам ғылымымен, яғни ислам теологиясымен

құштарлықпен айналысатын адам болған емес. Әбу-Ханифа теологиялық пікірталастарға қатысып, әр кезде жеңімпаз болып шығатын. Ол кейін өзінің атын танымал еткен көптеген діни кітаптарды жазды, солардың қатарында «Фикх-әл-Ақбар», «Кітап әл-Әлім», «Марифат әл мазахиби», «Муснад аби Ханифа».

Бірақ бір күні мешітте оған бір әйел жақындап, ажырасумен байланысты қиын өмірлік жағдайды шешіп беруге көмектесуді сұрайды. Күрделі теориялық пікірталастарға еркін түсетін Әбу Ханифа ойланып, көмекке мәжбүр әйелге жауап бере алмайтынын ұғынды. Сол кезде ол әйел танымал білгір фикх Хаммадан ибн Әбу-Сүлейменге жүгінді, ол өз кезегінде еш қиындықсыз жауап бере алды. Осы жағдайды көрген ғалым-теолог, сол кездің ең білімді адамдарының бірі тағы да шәкірт болуды ұйғарады.

Адамдар қолданбалы, нақты білімді, яғни олардың өмірлік сұрақтарын шеше білу өнерін қажетсінеді екен. Осыны ескере отырып, Әбу-Ханифа 28 жыл бойы Хаммаданның жетекшілігімен мұсылмандық құқықты зерттеп, нағыз шеберліктің шыңына қол жеткізе алды. Ол оқыған фикх құқықтық дәрежедегі дін, яғни нағыз мұсылмандық құқық болып табылды. Әбу-Ханифа фикх әдіснамасын әзірлеуге зор үлесін қосып, қасиетті қайнар көздер мен ақылды әдістердің негізінде исламның құқықтық доктринасын жүйеледі. Ал Хаммаданың өлімінен кейін оның лайықты ізбасары атанды.

Құқықтық сұрақтарды шешуде Әбу-Ханифа ең алдымен Құран мен Сүннетке, ал кейін Мұхаммедтің тікелей сахабаларына және олардың ізбасарлары, табиндердің сөздеріне сүйенді. Ол мектептің әдіснамалық негіздерін әзірлеп, ерекше сүнниттік тәсілдерді күрделі құқықтық мәселелерді шешуде ептілікпен қолданды. Осы тәсілдердің алғашқысы **иджма** болып табылады («ортақ пікірге келу»). Иджма Мұхаммед пайғамбардың өлімінен кейін, оның сахабалары даулы жағдайды талқылауда ұжымдық пікірге келу негізінде дүниеге келді. Дегенмен, Құранға сілтеме жасау міндетті болды, өйткені, тек Алла ғана заң шығару қызметіне иеленіп келеді.

Иджамамен байланысты екінші маңызды тәсіл – қияс. Белгілі бір мәселе бойынша исламдық қайнар көздерде тікелей нұсқаулар

келтірілмеген жағдайда баламалау әдісін қолдану керек. Бұл тәсіл бойынша Құранда осы іспетті жағдайды тауып, соның негізінде ізделіп отырған сұраққа жауап табады.

Құқықтық жағдайлардың күрделілігі мен көп мағыналылығы жеке жағдайларда қиясқа қарама-қайшы әрекет етуге, яғни баламалаудың нәтижесіне қайшы шешім қабылдауға – **истихсанға** әкеліп соқтырады. Оған қоса, әдіснамалық қағидалардың жүйесіне **урф** (ғұрып) немесе **адат** (әдет), яғни дәстүрлі пікірлер мен әдет-ғұрыптарға бағдарлану кіреді. Осы тәсілдердің барлығын қолдану ең шиеленіскен жағдайдың шешімін тауып, ислам дінінің рухы мен мағынасына сай әділ шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Әбу Ханифа ресми сот қызметкері болып табылмады. Бірақ, оған адамдар үздіксіз келе беретін, ал ол сол адамдардың бетін ешқашан қайтармайтын. Халықтың барлығы оның әділдігіне тәнті болды. Өйткені, оның жетекшілікке алатын ережелері Алланың өзімен бұйырылған болатын. Және күрделі жағдайларда да әр адам өзінікін жөн көргенімен бәрібір ең әділ шешім шығарушы және ең жоғары әділеттілікке иеленуші Алла болып қала береді. Сол себептен Әбу-Ханифа өз ар-ұжданына кір келтірмей, Ақиқатқа ғана рақымшылықпен қызмет етті.

Оның білімі мен тәжірибесі тек қарапайым адамдарға ғана керек емес еді. Билеушілер оны бірнеше рет мемлекеттік қызметке сот қызметкері ретінде шақырды, бірақ Әбу-Ханифа осы ұсыныстан әрдайым бас тартып, өз еркіндігін сақтап қалуға тырысты. Деспоттық билік көздерімен нағыз қақтығыс орын алды, ғалым сол шайқаста жапа шеккенімен, ізгіліктік жеңіске жетті. Омейяда халифтерінің билеген шағында Куфаның наменгері Ибн-Хубайра Әбу-Ханифаның басқа амалы жоқ, ол билеушілердің саяси мақсаттарын жүзеге асыруға септігін тигізу үшін мемлекеттік қызметке тағайындалуы тиіс деп жария салды. Бірақ имамның басқа да таңдауы болды. Ол өзінің бас тартатынын кесіп айтты. Оның жазаланғаны әр аңызда әртүрліше келтіріледі. Біреулер имамның қайыршыланып, зынданға тасталғаны туралы айтса, екіншілері, оны он күн бойы қамшымен ұрып шыққанын айтады. Тек бір нәрсе күмәнсіз: имам өзінің табандылығын көрсетудің арқасында Меккеге қашуға мәжбүр болды.

Бұл іспетті оқиға көп жылдан кейін Аббасидтер кезінде қайталанды. Олардың билік өкілі әл-Мансұр имамның мемлекеттік

сот болуын талап етті. Бұл жағдайда да ғалым бас тартады, сондықтан ол қайыршыланып, зынданға тасталды. Осы ретте оның денсаулығы сыр беріп, ол өмірден жеңімпаз ретінде озды. Ол әрдайым діннің, яғни Алланың қалауы және бұйрығымен әрекет етіп, өмір сүрді.

Әбу-Ханифа тек ұлы ғалым ғана емес, сонымен қатар көрнекті ұстаз да болды. Ол оқытудың ерекше әдісін қолданды. Дәрістерді оқымай, ол белгілі бір мәселені ортаға тастап, оны шәкірттерімен талқылап, бір-біріне қарама-қайшы көзқарастарды таңдайтын. Бұл сенім білдірушілік әдісі еді. Осы тәсіл арқылы Ұстаз өзі мен шәкірттерінің арасындағы аралықты қысқартатын. Және де бұл әдіс керемет нәтижелерді көрсетті. Ұстаз ақыр аяғында қорытындылап, бірде бір мәселе, қаншалықты күрделі болғанымен, шешілмей қалмады.

Сабақ мешітте өткізілетін. Кейбір кезде мұндай талқылаулар сағаттап, апталап созылатын. Аңыз бойынша әбу-Ханифаның Аллаға деген берілгендігі соншалықты, ол 50 реттен артық қажылық жасап, түндер бойы мешітте намаз оқитын. Оның шәкірттері фикх өнерін игеруде одан үлгі алып, ал олардың ішіндегі мықтысы Әбу-Жүсіп мұсылмандық құқықтың қыр-сырын игеріп, үш халифтердің билеген шағында ресми сот болып қызмет атқарды.

Әбу-Ханифа өзінің еңбектерінде дін деген не және ол әрекетпен, яғни ғұрыптық тәжірибемен қалай байланысатыны туралы ой толғайды. Ол дінді сенушілік, сенімділік, куәлік ету және бағынушылық деп атайды. Осы орайда ғалым адамдардың үш түрін бөліп көрсетеді. Біреулер жүрегімен сеніп, сөздерімен дәлелдейді, яғни ғұрыптылықты сақтайды. Олар нағыз мұсылмандар. Басқалары жүректерімен сенсе, діни ережелерді орындамайды. Олардың сенімі туралы адамдар ешнәрсе білмегенімен, Аллаға мәлім болып келеді. Және де, жүректерінде сенімі жоқ, бірақ ғұрыптарды барынша орындайтын адамдар да болады. Олар Алланың алдында емес, ал адамдардың алдында сенім білдіреді. Мұндайларды Әбу-Ханифа екіжүзді деп атап, оларды әшкерелеуге шақырады.

Аллаға шынайы бағынған адам, ең алдымен оған сенім артады, кейін ғұрыптық әрекеттерді орындайды. Адамға ең алдымен

сенім ұялау керек. «Намаз, зекет, ораза және қажылық адамдардың Аллаға сенуін емес, ал керісінше Аллаға деген сенім адамдарды намаз оқып, зекет жасап, ораза ұстап, қажылыққа барып, Алланы еске алып отыруға баулиды»¹. Әбу-Ханифа осыны айта отырып, ғұрыптарды сырттай, іштей сенбей орындау Аллаға апарар жол емес екенін белгілеп өтеді. Діни тәжірибемен жолдамаланатын шынайы сенім – нағыз шынайы жол.

Ұлы имам діни алауыздыққа қарсы болды. Ол «Алла Тағала өзінің елшісін адамдардың арасында алауыздық орнатып, мұсылмандарды бір біріне айдап салу мақсатында емес, ал бақталасушыларды татуластырып, келісім орнату үшін жіберді» деп айтып, үйрететін². Оған қоса, Әбу-Ханифа барлық діндердің өкілдерін келісімге шақырып, Құранға сүйеніп, былай дейді: «Діндерді ұстанып, өзара бөлінбеңіздер».

Біршама қорытындылап кетейік. **Біріншіден**, Әбу-Ханифа діннің мәнін діни ғұрыптармен байланыстырып, зерттеді;

- **екіншіден**, исламдық құқықтық доктринаны негіздеп, жүйеледі, сонымен қатар оның әдіснамасын жасап шығарды;

- **үшіншіден**, түрлі діни ілімдердің келісімі мен өзара түсіністігінің қажеттілігін дәлелдеді. Сондықтан да қазіргі Қазақстанда мұсылмандардың көбісі ханафиттік мазхабтағы исламды ұстанады.

Әбу-Ханифаның ізбасары ретінде «Ағартылған исламның философы» Имам Әбу Мансұр әл-Матуриди мойындалады. Оның ілімін түркілік мұсылмандар ұстанады. Ол 870 жылы Самарқанд қаласында дүниеге келіп, сол кездегі ұлы ойшылдардан теология және құқықтан сабақ алады. Әл-Матуриди Әбу-Ханифаның дәстүрін жалғастыра отырып, қарастырылатын мәселелердің аясын кеңейтіп, дәстүр (нақыл) және сананың (ақыл) арақатынасына ерекше көңіл бөледі. Оның ең танымал шығармасы – «Кітап ат-Таухид» (Бір құдайға сену кітабы). Ол: «Зерттеуге ақылымен немқұрайлы қарайтындар сана жұмысының негізінде осы

¹ *Абу Ханифа*. Учитель и ученик (трактат) // Батыр Рустам. Абу Ханифа. Жизнь и наследие. Часть 1. – Атырау: Көк жиек. – С. 198.

² *Абу Ханифа*. Учитель и ученик (трактат) // Батыр Рустам. Абу Ханифа. Жизнь и наследие. Часть 1. – Атырау: Көк жиек. – С. 196.

тұжырымды шығарады. Алла Құранда ақылды қолданудың қажеттілігін бірнеше рет басып айтса, оған қалайша қарсы шығуға болады» деп айтқан болатын¹. Дін жолындағы ақылдың рөлін белгілей отырып, әл-Матуриди Құдайдың сөзіне, яғни Құран мен Сүннетке басымдық берді.

Әбу-Ханифаға қосыла отырып, әл-Матуриди түрлі діни ілімдерді өзара келісімге шақырып, ол Алланың қалауы деп нандырды. Ұлы ислам ғалымдары, теологтар мен құқықтанушылардың рухани мұрасы қазіргі Қазақстандағы діни жағдайға игі ықпалын тигізіп отыр.

Бақылау сұрақтары

1. Исламдағы төрт құқықтық мектептерді атаңыз.
2. Әбу-Ханифаның рухани дамуының негізгі кезеңдерін ашып көрсетіңіз.
3. Әбу-Ханифа діни сенімді қалай анықтайды?
4. Ханафиттік мазхабтың әдістері қандай?
5. Ханафиттік мазхаб Қазақстанның территориясында неліктен кең таралды?

Исламның Қазақстан территориясында таралуы. Тарихи кезеңдер

Ислам таралуының бастапқы кезеңі. Жаңа дін түріндені исламның таралуы белгілі бір күнмен байланысты. Бұл – 714 жыл, ол кезде араб қолбасшысы Күтейба ибн Мүсілім Қазақстанның оңтүстік аймақтарына басып кірді. Бірақ түркілік халық басып кірушілерге барынша тойтарыс беріп отырды. Түргеш қаған Әбу Мұзахим (Сүзеген) арабтардың бітпес жауы болып, олардың басып кіруіне қарсылық көрсетуде ерлік пен батылдықты көрсетті. Оның талпыныстарының арқасында түргештік атты әскер Қазақстанның оңтүстігін 737 жылға қарай толықтай босатты. Бірақ Әбу Мұзахим жауларының қолынан қаза тапқаннан кейін арабтардың шабуыл-

¹ Дәйексөз алынған еңбек: «Знание и вера в культурно-исторических концептах Востока и Запада». – Алматы, Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – С. 164.

дары қайта жаңғыра түсті. Олардың шабуылдары әсіресе Испиджаб қаласының батыс аумағында сәтті өтті. Ол жерде мұнаралы мешіттер қарқынды салына бастады.

Исламның кең таралған екінші жері Жетісу аймағы болды. Тарихшылар исламның Қазақстанның территориясында барынша таралуын белгілі бір оқиғамен байланыстырады. Бұл арабтардың әскербасшысы Зияд ибн Салих пен қытайлық қолбасшы Гао Сяньчжи (751 ж.) араларындағы шайқас болды. Шайқастың нәтижесі көп жағдайда Ұлы даладағы қай күштің басымдық танытатынын анықтайтын. Сол кезде қытайлардың құрамындағы қарлұқтар көтеріліске шығып, ол өз кезегінде қытайларды әлсіретіп, арабтардың жеңісіне алып келді.

Ислам Ұлы даланың территориясында қарқынды дами бастады. Бұл үрдіс көп ғасырларға жалғасып, көшпенділердің жаңа діндерімен және исламға дейінгі наным-сенімдерімен тығыз байланысты болып келді. X ғасырдың басында ең бірінші болып Қараханидтер династиясының негізін қалаушысы Сатұқ Қарахан (Сатұқ Боғрахан Ибн әл-Керім) қабылдады. Бұл мемлекет X ғасырдың ортасында Жетісудің аймағы мен Шығыс Түркістанның бір бөлігінде пайда болып, дамыған әлеуметтік жүйесімен ерекшелінді. Ол қарлұқ конфедерациясының тайпаларын – қарлұқтарды, шігілдер мен яғмаларды біріктірді. Оның меншігіндегі жер Мәуереннахрдан (Әмудария мен Сырдарияның өзен аралығы) бастап Батыстағы Жетісу мен Шығыстағы Қашғарға дейін созылды. Боғраханнның ұлы Харұн Мұса исламды мемлекеттік дін ретінде жариялады (960ж.), ол өз кезегінде исламға дейінгі көптеген наным-сенімдердің қарама-қайшылығын еңсеріп, ортақ дүниетанымдық қағида негізінде әлеуметтік қоғамдастықты қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Исламның жаңа жағдайы түркі тайпалардың Шыңғысханның империясына өтуімен байланысты болды. Моңғолдардың XIII ғасырдағы шапқыншылығы көптеген апаттардың орын алып, қалалар, мешіттер мен медреселердің бұзылуына себеп болды. Шыңғысханның өзі бон дінін тұта отырып, христиан дініне де құлшылық жасады. Моңғолдар пұтқа табынып, ал олардың бір бөлігі несториандықтар мен басқа діндердің жақтастары болды. Олар дінге деген беріктілігімен ерекшеленіп, христиан, буддизм

және ислам діндерін ұстанатындарды ғана мойындайтын. Бұл діндердің дінбасылары салықтан босатылды. Бастапқыда несториан дініне артықшылық берілген болатын.

Бірінші болып ислам дінін Берке хан (басқару уақыты 1255–1266 жж.) қабылдап, бұл дінге Дешті-Қыпшақтың көпшілік бөлігін тартты. Ханның дін бойынша тәлімгері кубравийа бауырластығының сопылық шейхі Сайф әл-дин Бахарзи болды. Жаңа дінді қабылдай отырып, хан танымал ғалымдармен кездесу үшін Бұхараға қажылық жасап, оралғаннан кейін өзінің айналасына мұсылмандық теологтар мен дінбасыларды жинады. Берке үшін ислам діні сондай іштей түйсінген дін болғандықтан, оның жақын туысқандары мен әйелдері оның дінін ұстана бастады. Бірақ оның өлімінен кейін далада діни синкретизм қайта жаңғырып, ендігі тәңірлік, зороастризм, несториан діні өзара үйлесіп, билеушілер де осы дүниетанымдарға ортақтасатын.

Тек жарты ғасырдан кейін Өзбек ханның басқаруы кезінде ислам Алтын Орданың мемлекеттік діні деп жарияланды. Өзбек хан Мұхаммед сұлтанның мұсылмандық атын қабылдады. Оның басқаруы кезінде алтынордалық хандықтың астанасы Сарайшықта 13 мешіт болды. Тарихи деректерде хан өзінің қол астындағылары көзінше дінді бірнеше рет сынға да алды. Бір күні ол пұтқа табынатын тәуіптердің біреуін жанып тұрған пешке кіруін сұрады, содан кейін бұл ұсынысты исламдағы әулие Баба-Тукласқа жасады. Тәуіп пешке кіре сала жанып кетті, ал әулие оттан тірі және ешбір зақымсыз шықты. Деректердің айтуынша, осыны көргендердің барлығы исламды қабылдады.

Өзбек хан исламды орнықтыру мен дамытуда қажырлық пен ептілікті танытты. Одан кейін барлық алтын ордалық билеушілер мұсылман атанды. Және сол заманнан бастап-ақ осы әлемдік дінге «дінге еріктілік» қасиеті тән болып келді. Қазіргі таңда ол «толеранттылық» деп аталады. Моңғол хандарының патшалығында түрлі діндердің, оның ішінде несториан дінінің жақтастары көп болды. Мысалға, Бату ханның ұлы Сартақ христиан болып, өзінің ағасы Беркемен мұсылманның келбетін көргісі келмейтіні жайында дауласты. Бұл туралы хабар француз патшасы ІХ Людовикке жетіп, ол моңғолдарға өзінің елшісі Гильом Рубрукті жіберді. Христиан дінін ұстанған Гуюк патшасының қысқа уақыт ішіндегі

билігі кезінде христиандардың жағдайы жақсы болды. Оның патшалығына араларында түрлі діни тақырыптарға пікірталас жүретін әр алуан діндердің өкілдері келетін.

Бірітіндеп ислам қала тұрғындары мен көшпенді элитаның ғана санасына еніп қоймай, дала халқының өмірі мен тұрмысына етене араласып кетті. Жаңа дін исламға дейінгі наным-сенімдермен, тәңірлікпен, шаманизммен, зороастризммен өзара әрекеттесіп, түркі тайпаларының мінезі мен рухани мүдделеріне сай өзіндік бір кейіпке енді. Көшпенділер өздерінің жандары мен жүректеріне Алла мен оның елшісі Мұхаммедті қабылдай отырып, Пайғамбардың сахабалары, төрт әділетті халифтері – Әбу Бәкір, Омар, Осман және Әлиге аса құрметпен қарады. Олардың өмірлері мен қызметтері туралы аңыз-әңгімелер құралды. Бірақ соның өзінде жергілікті және исламға дейінгі наным-сенімдер ұмытылмады. Мәселен, қойлардың жебеушісі Шопан атаны ұлы шейх Қожа Ахмет Яссауидің ізбасары ретінде есептеді. Аңыз бойынша Шопан ата Маңғыстауда әулиенің асатаяғын тауып, осы орында кейін Қорым салынды. Басқа исламға дейінгі құдайды, ірі қара малдың жебеушісі Зеңгі бабаны Қожа Ахмет Яссауи шәкірті болған Хәкім атаның атымен атай бастады.

Ислам моңғол ортасына кіргеннен кейін дүниетанымдық өзгерістерді басынан кешіріп, соның нәтижесінде оның жаңа формасы – шыңғыстық ілім пайда болды. «Шыңғысханның шығу тегі және оның ата-бабасының руы туралы аңыз-әңгімелер адамзаттың жаратылуы жайындағы мұсылмандық түсінікке, сол арқылы әлемнің мұсылмандық сипатына енгізілді. Адамзаттың мұсылмандық тарихи шығармалардағы шығу тегінің тарихы Оғыз туралы аңыздардың топтамасымен, түркі-моңғол тайпалардың шежіресімен, Шыңғысхан тұқымының шежіресімен және көшпенді әлемнің тайпалары және халықтарының одан әрі тармақталуымен толықтырылды»¹.

Исламды қабылдай отырып, көшпенділер өздерінің отбасылық және қоғамдық өмірлерінде қарапайым әдеттің ұстанымдары және олардың тәндері мен қандарына әбден сіңген және терең діни бастауларды білдіретін ұстанымдарды жетекшілікке алды. Тәңір-

¹ История Казахстана. – Алматы: Атамұра, 1996. – Т. 1. – С. 244.

Алланы дәріптеу, табиғат пен жер құнарлылығының ғибадаты, от пен ата-бабалардың әруақтарына табыну, шаманизм – осының бәрі халықтың тірі жанының құрамдастары болып табылады. Адамның туылуымен, той ғұрыптарымен, жерлеу рәсімдерімен байланысты өмірлік айналымы мұсылмандыққа дейінгі діни дәстүрлермен жолдамаланды. Ауылшаруашылықты ғұрыптарда құрбандық шалу әдегіне, әсіресе құрғақшылықты еңсеру (тасаттық) рәсіміне үлкен маңыздылық берілді. Ерекше магиялық тастар – джеде, таш, яд арқылы жанбыр шақыру ежелгітүркілік магиялық ғұрыптардан бастау алады.

Көшпенді ортаға ислам орныққан діни ғұрыптармен өзара әрекеттесу арқылы сіңісіп кетті. Түркілік халықтар бұрыңғыдай отты дәріптеді. Археологтардың олжалары, мысалға, IX–XII ғасырлардағы қазақстандық қалалардағы керамикалық ыдыстың жиынтығы көшпенді халықтардың исламды қабылдағанымен бақыттың, жоғары құдайлық күштің, сәттіліктің, нұр мен шұғыланың зороастризмдік символдары фарнға және қораз бен қой түрінде көрініс табатын мейірімді әруақтардың көмекшілеріне деген сенімін сақтап қалғанын көрсетті. Авестаның айтуынша, үйде қораздың болуы жындардан сенімді қорғанысты қамтамасыз етеді екен.

Түркі халықтарының өмірінде қой маңызды орын алды. Кейбір тайпалар оны өзінің тотемі деп есептеді. Қазақтар үшін қой – құрбандыққа шалынатын жануар, оның қаны арқылы шаман ауруларды емдеді. Көшпенді халық, исламды қабылдай отырып, өздеріне тиісті көшпенділердің рухани өмірінің терең мәнін білдіретін дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тастамады.

Мұсылмандық әдет-ғұрыптарды орындай отырып, қазақтардың ата-бабалары өздерінің де дәстүрлі мейрамдарын, әсіресе, көктемгі күн мен түннің теңелуі, табиғаттың қысқы ұйқыдан оянуын білдіретін Наурыз мейрамын тойлайтын. Ежелгі Ираннан ұлы далаға келген бұл мейрам түркілік түсіндірмеге иеленді. Аңыз бойынша, Наурыз – туған жерлерін ержүректі қорғайтын, қазақтардың жауларға мейірімсіз, ал өзінің бауырластарына қайырымды ата-бабасы болып табылады. Соны еске ала отырып, қазақтар құрбандық шалып, дастарқан жаяды.

Сол кезде синкретизм түріндегі діни наным-сенімдер адамдар өмірінің қосымшасы емес, ал жеке және қоғамдық өмірдің туылу-

дан бастап өлімге дейінгі барлық оқиғалар орын алатын рухани орта болып есептелді. Бұл үрдісте ислам таза түркілік дін болып табылатын тәңірлікпен өзара әрекеттесе отырып, маңызды рөл атқара бастады. Соның есебінен XVI ғасырға қарай Қазақстанның территориясында мәдени-өркениеттік бірліктің жаңа түрі – түркілік-исламдық өркениет қалыптасады. Қазақи әлеуметтік этностық қауымдастықтың қалыптасуы діни бірегейліктің, яғни ханафиттік мазхабтағы сунниттік исламның қалыптасуымен белгіленді.

Ислам және Қазақ хандығы. Ислам Қазақстанның келесідегідей маңызды тарихи кезеңінде жаңа қызметтерге иеленеді. Ірі кейінгі ортағасырлық мемлекетті, яғни Қазақ хандығын қалыптастыруда ислам түрлі қазақ тайпаларын ортақ этностық қауымдастық пен ортақ саяси біртұтастыққа біріктіретін қызметті атқарды. Хандықтың негізін қалаушылар Жәнібек пен Керей исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Қазақ хандығының қалыптасуы – көшпенді халықтың тарихындағы маңызды оқиға, күрделі этносаяси және әлеуметтік экономикалық үрдістердің нәтижесі болып табылады. Ортақ саяси бірлестіктің шеңберінде қазақ хандығы құралып бітеді.

Қазақ хандығы өзінің қол астына миллионнан астам адамды жинаған Қасым ханның кезінде гүлдене түсті. Халықтың жадында «Қасым ханның қасқа жолы» («Қасым ханның таза жолы») заңдары туралы аңыз сақталынған. Олар жазылмай, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізіліп отырды.

Қазақ хандығы заңдарының жиынтығы шарифат, ислам дінінің құқықтық және ізгіліктік нормалары, әдет және көптеген ғасырлар бойы көшпенділердің өмірін реттестіріп келген қарапайым құқықтың өзара үйлесуін білдірді. Мемлекеттілік негіздерінің мұндай өзгешелігі әсіресе Тәуке ханның (1680–1718) «Жеті Жарғы» заңдарынан көрініс тапты. Аңыз бойынша Тәуке хан Күлтөбе шатқалына үш жүздің өкілдерін жинап, Қасым мен Есім хандарының дәстүрін жалғастырып, оны жаңа заңдармен толықтыра түсті. Бұл заңдар әдеттің негізінде сол замандағы қазақ қоғамы өмірінің барлық салаларын реттестіріп отырды.

Әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқықтар, салық туралы ережелер және біздің зерттеу аямыздағы ерекше маңызды діни

ұстанымдар. Әкімшілік, қылмыстық және азаматтық құқықтардың нормалары шариғаттың ережелеріне сай келді. Мемлекет мемлекеттік дін болып есептелетін исламды қолдауы тиіс болды. Сол уақытта қалыптасқан ерекше әлеуметтік қабаты бар әлеуметтік құрылым да құқықтық тұрғыдан ақталды. Бұл қабатты шығу тегі Мұхаммед Пайғамбардан басталатын қожалар мен Шыңғысханның ұрпақтары болып саналатын шыңғыс ұрпағы құрады. Екеуі де қоғамның жүздер мен руларға дәстүрлі бөліну шеңберінен шыққан. Мұхаммед Пайғамбардан бастау алатын қожалардың рухани қауымы мен шыңғыс ұрпағы құқықтық тұрғыдан саяси элита және сұлтандармен теңестірілді. Аллаға тіл тигізу үшін қатал жазалану туралы бап енгізіліп, онда: «Куәгерлермен әшкереленген Аллаға тіл тигізуші адамды таспен атып өлтіру керек» деп айтылған. Ал басқа дінге ауысып кеткен қазақтардың (қазіргі тілмен айтқанда конверсия жасағандардың) барлық меншік мүлкін туыстары алып алатын: «Христиан дінін қабылдағандардың бар мал мүлкін туысқандары тартып алсын» делінген.

Соныменен, шариғат формасындағы ислам қазақ мемлекеттілігінің құқықтық негізіне айналды. Және осы деңгейде қазақ халқына тән үрдіс – түркілік исламға дейінгі дәстүрлермен, осы жағдайда, қарапайым құқықпен, әдетпен өзара әрекеттесу орын алды.

Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіру жылдарындағы ислам. Бұл кезең ислам үшін жаңа діни-мәдени және саяси жағдаймен ерекшеленеді. Ислам мемлекеттік дін болудан қалады. Қазақстан мемлекеттік дәрежеде басқа дін, яғни православие орныққан империяның құрамына кіреді. Бұл жылдар исламдағы екі маңызды фактормен белгіленген.

Біріншіден, патшалық үкімет қазақтардың діни ұстанымдарына әсер ету және жағдайды өз мақсаттарына қарай қолдану үшін заңды сипаттағы шаралардың бірқатарын қабылдайды. Сол себептен исламға деген қатынас тарихи оқиғаларға байланысты көп рет өзгеріп отырады.

Екіншіден, мемлекеттік деңгейде ислам дінін «реттестіруге» қарамастан қазақ халқының басым көпшілігі аталарының дінін, дала өмірінің рухани негіздерін ғасырлар бойы құрап келген

дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтап қалды. Дәл осы жылдары тарих сахнасына танымал қазақ ойшылдары мен философтар – Абай мен Шәкәрім шығып, олардың шығармашылығы ең алдымен ислам дінінің бастауларынан нәр алды.

Бірінші бөлімді нақтырақ талқылап өтейік. Қазақстан Ресей құрамына қосылғаннан кейін патшалық үкімет жергілікті халық арасына православие дінін таратудан үміттенді. Ол үшін православие дініне ауысқысы келетін қазақтар үшін материалды жәрдемақыларды қарастыратын бірқатар жарлық қабылданды. Олар қоныс аударғандардың дәрежесін алып, алты жылға салық төлеуден босатылып, қалада тұру мүмкіншілігіне иеленді, ал олардың мүлкі әкімшілік түрде қорғалды. Бірақ барлық жәрдемақыларға қарамастан, бұл үрдіс қазақтардың арасында қолдау таппады. Патшалық саясаттың «арбауына» түскен бірнеше жағдай ғана орын алды. Қазақтар өздерінің ұлттық мүдделеріне жауап беретін дінді, яғни исламды ұстануды қалады.

Өздерінің алғашқы тұтқындау шараларының іске асырылмағанына көзі жеткен патшалық үкімет басқа стратегияны ойлап тапты: исламды «қолға үйретіп», өз мақсаттарына қол жеткізу үшін оны ыңғайлы діни жүйеге айналдыру. Қазақстанға татар молдалары жіберіліп, оларға жалақы төленіп, көптеген медреселер де ашылады. Бірақ исламға қатысты осы саясат та басқа бағдарға ауысып кетеді. XX ғасырдың басында Ресей Осман империясынан келген «панисламизм» идеялары, яғни түркітілді халықтардың түрік сұлтанының қол астына бірігуі үшін қатты алаңдайды. Осыған байланысты патшалық үкімет мұсылмандардың діни еркін шектеу үшін бірқатар шара қабылдайды. Әсіресе, ол бес діңгектің біреуі – Меккеге қажылық жасауға қатысты болып келді. Қасиетті қалаға апарар жол Стамбул арқылы жатты, ол өз кезегінде патшалық әкімшілікті ерекше алаңдатты.

Исламдық білімге қатысты жаңа саясат енгізілді. Ислам мәдениетінің діңгегі болып саналатын мұсылмандық мектептерді орыс-қазақ мектептеріне өзгерту жайында шешім қабылданды. Шын мәнісінде ол мектептердің орыс бағыттағы зайырлы болатынын білдірді. Оқу орындарында мұсылмандық құқықтың нормаларына қайшы келетін императордың суретін ілу ұсынысы жасалды.

Бірақ, мұсылмандардың діни өмірін реттестіру талпыныстарына, яғни ислам дінін қолпаштаудан бастап, оны әлеуметтік

кеңістіктен ысырып шығару шараларына қарамастан, дін қазақ халқының жүрегінде өмір сүруді жалғастырып, оның рухани тәуелсіздігі мен діни бірегейлігінің негізіне айналды.

Кеңестік билік кезіндегі ислам. Осы жылдары ислам КСРО құрамындағы басқа да діндер секілді жаңа саяси және мәдени-әлеуметтік жағдайларға түседі. Ресей империясында дін әлеуметтік мәдени құбылыс ретінде мойындалып, әлемдік діндердің бірі – православие түріндегі христиан діні мемлекеттілік болып бекітіледі. Кеңестік билік орнағаннан кейін дінге деген қатынас түбегейлі өзгереді. Ол мемлекеттен (білім беруден де) бөлініп, әлеуметтік саладан жеке салаға ығыстырылып, репрессия мен қуғын-сүргінге түседі.

Тарихта бұрын соңды болмаған анық атеистік ұстанымы бар, материалистік философиялық доктринаға негізделген мемлекет қалыптасады. Дін «таптық жау» ретінде қабылданып, барынша басып жаншылады. Атеистік мемлекеттің дінсіз жаңа социалистік идеологияны орнықтыруға бағытталған діни конфессияларға деген қатынасының құқықтық және идеологиялық негіздері жасалынып шығарылады.

Алғашқы кезеңдерде Қазақстандағы жалпы атеистік ұстаным толықтай жұмыс істемеді. Билік халықтың өз дініне деген ерекше беріктілігін есепке алатын. «Исламдық фактормен» санасуға тура келді. Жиырмасыншы жылдардың ортасына қарай Республикада ондаған діни мектептер ашылып, мұсылмандық сот істерін жүргізу қызмет етіп, сопылық тәжірибенің жаңғырылуы байқалды. Билік атеистік дүниетаным жақсы даярланған үгіт-насихат арқылы бұқараны біртіндеп жаулап алып, мұсылман дінбасыларының таптық табиғатын әшкерелеп, діни пікірлерге ғылыми білім мен ағартушылық идеяларын қарсы қояды деп сенді. Дегенмен, бұл үміттер орындала алмады. Ислам да өз ұстанымдарынан бас тартпады.

Сонда діни белсенділікті басып жаншуда қаталдық пен аяусыздық қағидасын қолданып, дінді «таптық жау» деп ашық жариялау шешімі қабылданды. Дінбасыларын репрессиялау мен қуғындау шаралары басталып, мешіттер бұзылып, медреселер жабылып, зайырлы мектептерде діни тұғырнамалар «ғылыми»,

«күрескер материализм» тұрғысынан жоққа шығарыла бастады. Мұсылман дінбасыларының ресми құрылымдары әкімшілік-бюрократиялық жүйенің құрамдастарына айналады. Мұсылмандық қауымдастық өмірінің барлық сұрақтары – қаржылық қызмет, Меккеге қажылық жасау, оқушыларды Бұхарадағы діни оқу орындарына жіберу ендігі белгілі бір мемлекеттік органдармен шешілді. Дінді «таптық жау» ретінде толықтай жоя алмағандықтан, мемлекет діни өмірді діни бақылау мен әкімшілік шараларға бағындырғысы келді.

КСРО-да мемлекеттік деп бекітілген атеистік идеологияға қарамастан ислам мен дінді халықтың өмірінен атеистік насихатпен, мешіттерді бұзумен, дінбасыларды қуғындаумен де ығыстырып шығу мүмкін болмады. Мыңдаған жылдар бойы дін рухани болмыс пен өмір сүру мәнінің түйіні бола тұрып, дүниетанымдық әмбебаптылықты, рухани-ізгілікті құндылықтар жүйесін, мәдени өркениеттік қауымдастықтың ерекшелігін қалыптастыра алды. Әкімшілік жүйе мен білім беру шараларының күш қуатымен бекіген атеизм ақыр аяғында халық өмірінің көпғасырлық рухани негіздері мен халық жанының тереңінде жатқан сенім алдында қауқарсыз болып қалды.

Ислам мен басқа да діндерге қатысты жаңаша жағдай әлем картасында өзінің зайырлылық сипаты мен жоғары рухани құндылықтарға бағдарланатынын жария еткен жаңа мемлекет – тәуелсіз Қазақстанның құрылуымен орнады. Бұл туралы оқулықтың екінші бөлімінде айтылады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақстанның территориясына исламның енуі қандай оқиғалармен байланысты болып келеді?
2. Исламның моңғолдар шапқыншылығы кезінде басқа діндермен қалай өзара әрекеттескенін сипаттаңыз.
3. Ислам Қазақ хандығының мемлекеттік діни ретіндегі атқарған жаңа қызметтері туралы айтыңыз.
4. Қазақстанның Ресей империясына кіруіне байланысты исламның жағдайы қалай өзгерді?
5. Кеңес билігі жылдарындағы ислам жағдайының ерекшеліктерін атап өтіңіз.

4 тарау. ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ИУДАИЗМ МЕН ХРИСТИАН ДІНДЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Иудаизм және оның Қазақстандағы басқа діндермен өзара әрекеттесуі

Алдыңғы тарауларда біз қазақ халқының діни санасының генезисін (қалыптасуын) қарастырып өттік. Осы орайда екі маңызды кезеңді бөліп көрсетуге болады. **Біріншісі** – түркі әлемінің рухани негіздерін қалыптастыру және **екіншісі** – түркі-исламдық өркениеттің қалыптасуы. Енді қазақ руханиятының құрамдастары болып табылмайтын діндер туралы айтсақ болады. Олар қазіргі Қазақстанның территориясын бұрынғы заманнан бері мекендеп келген басқа этностармен қабылданған болатын. Олардың Ұлы даланың рухани атмосферасына әсер етуі түркі-исламдық діни санамен өзара әрекеттесуімен негізделді.

Ғалымдардың пайымдауынша, діндер тек этностармен ғана байланысты болып келмейді, бірақ, этностардың белгілі бір діндерге деген тартымдылығын аңғартатын анық үрдіс байқалады. Тарихта белгілі бір халықтың діни бірегейлігін қалыптастырушы ұлттық және әлемнің көптеген халықтарына ортақ, әлемдік діндер де болатынын ескеру керек.

Бұл бөлімшеде ұлттық сипатқа иеленетін, бірақ екі әлемдік діндердің, яғни христиан діні мен исламның діни аясын қалыптастыратын ежелгі діндердің біреуі туралы сөз қозғалады. Бұл – иудаизм, иудейлердің (еврейлер) б.з.д. екінші мыңжылдықта пайда болған діні болып табылады.

Иудаизм, христиан діні мен ислам ортақ рухани бастамаға ие болып, бірыңғай рухани қайнар көзге иеленіп, ортақ бабасының, үш діннің атасы, Авраам пайғамбардың атымен авраамдік деп аталады. Үш діннің барлығы да – аяндардың монотеистік діндері болып табылады. Бұл аяндарда Құдайдың адамдарға өз елшілері, Пайғамбарлары арқылы келіп, өзінің еркі мен талаптарын хабарлайды делінеді. Аврамдық діндердің рухани бастамаларының бірлігі ортақ рухани-ізгіліктік құндылықтар жүйесінің негізінде олардың өзара әрекеттесуі мен сұхбаттастығының нағыз мүмкіндігін тудырады.

Түркі-ислам әлемінің рухани негіздері қалыптасып бекіген Қазақстанның территориясы сонымен қатар түрлі наным-сенімдері, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бар көптеген этностардың белсенді мәдени өзараәрекеттесуінің негізгі орталығы болды. Шығыс пен Батысты байланыстырған Ұлы Жібек жолы тауарлармен ғана емес, сонымен қатар мәдени құндылықтармен, идеялармен және діни пікірлермен алмасатын ұлы өркениеттерді байланыстырушы болды. Еврейлер сол кезден-ақ шебер саудагерлер ретінде танымал еді, ал римдіктермен болған соғыстан (б.з.67–73 жж.) жеңілгеннен кейін олар сауда керуендерімен қазіргі Қазақстанның территориясына еніп, қарқынды түрде таралды. Олардың сол кезде Ұлы далада болғандары туралы археологиялық қазбалар баяндайды. Мәселен, Арыста ежелгі еврей тілінде жазылған жазбалары бар екінші ғасырда салынған құрылымның қалдықтары табылған болатын.

Еврейлердің діні, иудаизм түріктердің санасына органикалық құрамдас ретінде ене алмады. Тек бір тайпа, хазарлар осы дінді қабылдаған болатын. VIII ғасырда иудаизм Хазар қағанатының мемлекеттік діни ретінде жарияланды. Бірақ бұл дінді негізінде қаған мен оның жақын айналасы ғана ұстанатын. Басқа тұрғындар үшін ол жат және өзгеше дін күйінде болып қала берді.

IX–X ғасырлардағы Тараз қаласының мұсылман емес тұрғындарының арасында еврейлер болғанын мәлімдейтін тарихи жазбалар да бар. Көшпенді халық діни сеніміне қарай бөлінбесе де, иудаизм таралу ауқымына байланысты сол кезден-ақ өз ықпалын тигізе бастады.

XIX ғасырда қазіргі Қазақстанның территориясына Парсы елінен еврейлер келе бастайды. Археологиялық қазбалар бұл пайымдауды да қайта дәлелдейді: Түркістанда иудаизмнің қасиетті кітабы – XII ғасырға жатқызылатын Таураттың көшірме данасы табылған.

Иудаизм неге үйретіп, неге шақырады? Бұны еврейлердің қасиетті кітабынан білуге болады¹. Ол Танах деп аталады. Бұл сөз Танахтың мазмұнын құрайтын үш бөліктен тұрады: «Таурат»

¹ Иудаизм // История религии в двух томах. Под общей редакцией Яблокова И.Н. Т. 1. – М.: Высшая школа, 2007. – 463 с. – С. 448–463.

(«Заң»), «Пайғамбарлар» («Невиим») және Жазбалар («Кату-вим»). Ең маңызды бөлік деп Тора немесе Мұсаның Бес кітабын қарастырады. Құдайға құлшылық ету рәсімінің алдында әлемнің барлық синагогаларында дін қызметкерлері қолдан пергаментте жазылған Тауратты сүйеді. Осы орайда Танахтың Інжілдің Көне өсиетіне кіретінін белгілеп өту керек.

Иудаизмде жеке еврейлік діни қайнар көздер де бар. Біздің ғасырымыздың алғашқы бес ғасыры барысында Тауратқа көптеген түсіндірмелер жазылған, олардың жиынтығы Мишна деген жинақты қалыптастырған. Онда өмірдің барлық жағдайларына, шаруашылық, отбасылық, қоғамдық өмірге қолданысты нақты даярланған ережелер мен Құдаймен тілдесудің әдістері, яғни ауыз бекіту, діни мейрамдар, құрбандық шалу жолдары көрсетілген. Мишнаға қатысты кейінгі жылдары көптеген түсіндірмелер жазылды, олардың жинағы Гемара (екі нұсқада – Иерусалимдік және Вавилондік) деген атау алды. Мишна мен Гемара бірлесе отырып, 19 ұсақ қаріппен жазылған мәтіннің көлемді томдарынан тұратын Талмудты құрайды. Еврейлердің діни өмірінің көпғасырлық тәжірибесін қорытындылай отырып, Талмуд діни-ізгіліктік, құқықтық және әлеуметтік ережелердің, ақыл кеңестер мен шектеулердің күрделі жүйесін құрайды. Оларды адамдар тақуалы өмірдің барлық жағдайларында, туылған сәттен бастап өлімге дейінгі шағында жетекшілікке алуы тиіс.

Иудаизмнің қасиетті мазмұны ең бастысы Танахта көрсетілген. Ол иудейлік дәстүр бойынша Құдайдың өзімен еврей халқына жіберілген. Бұл қасиетті мәтінде Құдайдың адам мен әлемді жаратып, Құдай мен оның таңдауына түскен халық, яғни еврейлер арасындағы Одақ-Өсиет туралы айтылады. Қасиетті кітапта осы Одақ-Өсиеттің белгісі астындағы еврей халқының тарихы баяндалады. Құдай өзінің халқына бір, бірақ міндетті талап қояды, яғни оның діни-ізгіліктік өсиеттерін орындауды сұрайды. Сонда ғана ол халық тарихында орын алып, оның гүлденуіне септігін тигізіп, олармен күресіп, солармен жеңіске жетіп, оның тарихи әрекеттерінен мән-мағына табады.

Таңдаулы халықтың тарихы діни сипатқа иелене бастайды. Бұл жерде Құдайдың әлем мен адамды ғана жаратып қоймай, сонымен қатар таңдаулы халық кейпіндегі адамзат тарихы ту-

ралы да айтылады. Құдай өзінің таңдаулылары арқылы басқа халықтардың тарихына жақсылық пен әділеттілікті әкеледі. Оның ғарыштық пейілі осындай болды. Одақ-Өсиет біржақты сипатта емес. Құдай өз халқын олар бағынып, адал болып, құдайдың өсиеттерін орындағанда ғана қолдауға уәде береді. Еврейлердің тарихы драмалық оқиғаларға, әскери қақтығыстарға, теократиялық мемлекеттің көтеріліп, құлауына, бірнеше рет тұтқындалып, босатылуы, халықтың әлемнің түрлі мемлекеттеріне таралып кетуі сияқты қасіреттерге толы болды. Иудаизм бойынша халықтың шарықтауы мен тарихи жетістіктері Одақ-Өсиетке адалдығын сақтап, Құдайдың өз халқымен бірлесе әрекет ету кезеңдерімен байланысты болып келеді. Ал жеңілістер, тұтқындалу мен ауыр азаптар еврейлердің Өсиетті орындамай, қылмыс жасап, күнәларға батқанда ғана бастарына түсіп, соның нәтижесі ретінде Құдай оларды қамқорсыз қылатын.

Құдай мен оның адамдармен өзара қарым қатынастарын оның атауының эволюциясынан байқауға болады. Алдымен оның аты Эл (Құдай), барлық семиттік халықтар үшін ортақ болатын. Кейінірек, Құдай еврейлерді таңдағаннан кейін, ол Яхве деп атала бастайды. Иудаизмде Құдайдың атын атауға тыйым салынғандықтан, еврейлер Адонай (Жаратушым) деп айтады. Яхве және Адонай аттарының үйлесуінен Иегова (Жаратушы, мен) деген ат пайда болады. Сонымен қатар Йошуа (Ягве – құтқарылу) және Саваоф атаулары да танымал.

Яхвені көріп, суреттеуге болмайды. Ол тақуалы адамдардың түсіне кіріп, оттың жалыны, желдің құйыны кейпінде келуі мүмкін. Оның дауысы тарихтың ең шешуші сәттерінде естілінеді *«...Яхве сендерге оттан сөйледі: дауысын естігенімен, бейнесін көрмедіңдер... Яхве Хоридағы оттан сөйлеген күні еш нәрсе көрмес үшін рухтарыңа берік болыңдар – сонда ғана сендер азғындалып, өздеріңе оның тұлғасын келтіріп жасамайсыздар»* (Втор. 4, 12 және 15–16). Құдайдың адамнан басқа «серігі» мен «досы» болмайды. Құдай мен еврейлік қауымның қатынастары өзара адалдықты талап ететін неке одағы сияқты. Егер адам Өсиеттен шегінсе, ол қатал жазаға тартылады.

Бірінші Өсиет Құдай өзінің бейнесі бойынша адамды, яғни еркек пен әйелді жаратқанда құралған болатын. Олар жәннаттың

тамаша бағын мекендеп, Құдаймен тілдесуден рақат алады. Оларға жақсылық пен зұлымдықты тану ағашынан жемістерді жеуден басқа барлық амалдарды жасауға болатын. Азғырған жылан адамдарды тура жолдан тайдырып, олар Құдаймен құрған Өсиеттерін бұзады. Тыйым салынған жемісті жей отырып, олар «күдай тәрізді» боламыз, тәуелсіздік пен даналыққа қол жеткіземіз деп ойлады. Бірақ, нәтижесінде олар өздерінің жалаңаштығын, яғни Құдай алдындағы қауқарсыздығы мен тәндеріне деген құлдық тәуелділікті сезінеді. Өсиетті бұзғандар жәннаттан қуылып, Адам атаға қажырлы еңбегімен нан тауып, ал Хауа анаға қиналып бала табу бұйырылады. Бағынбаудың алғашқы күнәсына бата отырып, адамдарға ең үлкен зұлымдылық – уақытша өмір сүру, яғни өлім тағайындалған.

Діни мән мағынаға иеленетін еврей халқының тарихы, сонымен қатар адамзаттың тарихы да ең маңызды оқиғаларда, яғни ұлы пайғамбарлардың қызметімен байланысты рәміздерде қайта жаңғыртылды. Ең біріншісі, Авраам (евр. Abraham). Ол Нұхтың ұрпағы болып, Оңтүстік Месопотамияда (інжілдік аты Ур Халдейлік) өмір сүрді. Оның жанұясы мен ортасы пұтқа табынды. Бірақ бір мезетте ол туған жерді тастап, Құдайдың шақырып тұрған даусын естіп, оның көрсеткен жеріне аттанды. Авраам Құдайға деген терең сенімге бөленеді. Ол өзінің өткен шағын ұмытып, пұтқа табынушылықпен байланысты күнделікті өмірдің инерциясынан шығуға тиіс болады. Ол шын дінді қабылдау үшін Құдай ретінде сайланады және де Авраам өзінің әйелі Сарамен жолға аттанады: Құдай Өсиеті орындалды.

Балаларының жоқтығына қапаланған Авраам Құдайдан бала тілейді. Құдай оған: «сенің ұрпағыңды жердегі құм сияқты қыламын, жердегі құмды біреу санай алса, онда сенің ұрпағың да санаулы болады». Және де: «Аспанға қарап, жұлдыздарды санашы, егерде оларды санай алсаң, ұрпағыңда сонша болады». Авраамның терең сенімі, оның пұтқа табынушылықтан түбегейлі қол үзуі мен тақуалығы ғажайып нәрсенің орын алуына септігін тигізеді. Оның бедеу әйелі Сара Исаак атты ұлды туады.

Бірақ, иудаизм бойынша, құдай Одақ-Өсиеттің беріктілігін сынаққа алады. Авраам Құдайдан Мориа жеріне барып, сол жердегі тауға шығып, өзінің аңсап күткен ұлы Исаакті құрбандыққа шалу

бұйрығын естиді. Авраам торыға түсіп, күмәнданып, онда Құдайды дұрыс түсіндім ба деген ойлар пайда болады. Бірақ, діннің ішкі күші басымдық танытты. Ол не болса да Иссақтың өзімен бірге қалатынына сенеді. Өйткені Құдайдың көмегімен мүмкін емес заттар мүмкін болады. Авраам Құдайдың тілегін орындайды. Ол енді қол аяғы байланған ұлына пышақ апара бергенде, ақырғы сәтте оны періште токтатып, Иссак ақыр аяғында құтқарылады. Осы жағдайда Авраам өзінің Құдайға деген сенімінің тереңдігін дәлелдейді.

Иудейлер Авраамның тақуалығы арқасында Құдай оның алдындағы уәделерін орындап жатыр деп сенеді. Жанұясымен бірге ол Құдай нұсқаған жерге барып қоныстанады (Ханаан). Құдай оған және оның ұрпақтарын қолпаштап отырады. Інжілде Авраамның немерелері, Иааковтің ұлдары адалдықтың сертін бұзып, көреалмаушылық танытып, ағалары Иосифті құлдыққа сатып жібереді. Сол жерде Иосиф өзінің таңғажайып қабілеттерін аңғарып, фараонның сарайында басқарушы қызметіне тағайындалады. Ол фараонның түстерін жорамалдай білгендіктен келер жылдағы қуаншылықтың алдында жемнің қоры уақытында жиналды. Қуаншылық түскен жағдайда Египетке Иосифтің ағалары көмек сұрап келеді. Сонымен, ағалар өзара жарасып Аврамның жанұясы Египетке қоныс тебеді. Осылайша еврейлердің тарихи парақшасында жаңа бет – Египетте 430 жыл бойы өмір сүру кезеңі басталады. Олар алғашында сол елде Иосифтің арқасында дамып, гүлденеді.

Бірақ, уақыт өте келе бәрі өзгереді. Еврейлердің Египеттегі ықпалының өсуі фараондардың көңілінен шықпады. Еврейлерді қуғын сүргіндеп, басына бастайды. Бірақ, бұл жағдайда да Құдай оларды тастамай, Аврааммен жасалған Одақ-Өсиет өз күшін сақтап қалады. Еврей халқына көсем және ұлы Пайғамбар бола алатын және Құдайдың құдіреттілігіне бөлене алатын Мұса жіберіледі.

Фараонның қызымен асырап алынған Мұса қырық жыл бойы сарайда тұрып келеді. Бірақ еврейлердің қуғындалуына ашынған ол наразылық танытып, келесі қырық жылды өзінің қайынатасы Иосфордың үйінде тұрып, қой бағады. Сол кезде таңғажайып керемет пайда болады. Бір күні ол шөл далада қалып қойғанда, Хориву тауының бөктерінде Құдай оған тікенді бұтаның жанып тұрған

жалынынан сөйлейді. Мұса бұтаның жанып, бірақ өрттенбей тұрғанына таң қалады: «Жаратушы Мұсаға: Мен халқымның Мысырдағы азабын көріп, зар жылаған дауыстарын естідім... .. оларды Мысырлықтардың қолынан босатып, оларды сол жерден алып шығып, сүт пен бал ағып тұрған Хананеев жеріне алып баруды шештім» [Исход 3:7–8]. Мұса Құдайдың ниеті бойынша онымен бірге еврей халқын азаптан құтқаруы тиіс болды.

Еврейлердің Мысырдан кетуі (б.ғ.д. XIII ғ.) – Таураттағы негізгі оқиға. Иудаизм бойынша бұл әрекетте Құдай мен оған сенген адамның мәні көрініс табады. Құдай еврейлердің барлық әрекеттерін бағыттап, өз құлдарын уыстарынан шығарғысы келмеген мысырлықтарға ауыр азаптар жолдайды. Фараон өзінің атты әскерімен сондарына түскен болатын. Қызыл теңіз еврейлердің алдында қаққа айырылып, арттарынан қуып келе жатқан мысырлықтарды жұтып қояды.

Иудейлердің Мысырдан кетуі Өсиет-Одақты орындаудың, Құдайдың таңдаулы халықтың тарихына қатысуының символы болып табылады. Мұса аңсаған Ханаан жеріне жету үшін көптеген ұрпағымен қырық жыл бойы жаһан кезіп келді. Еврейлер Өсиетке деген адалдықты бұза отырып, көп рет наразылық білдірткен болатын. Соның нәтижесі ретінде олардың басына қасірет пен бақытсыздықтар жіберілді. Бірақ әрбір жағдайда да Мұса Құдаймен байланысын орнына келтіріп, еврейлерге көктен «аспандық ұнтақ жармасы» түсіп, таулардан шөл қандырап таза бұлақ аға бастады.

Қырық жылдан кейін олар Ханаанды тапқанымен, Мұсаға ол жерге аяқ басу бұйырмады. Оны Мұсаның жақын жақтасы Иса Навин атқаруы керек болды. Сол жерде Құдайдың қатысуымен көп оқиғалар орын алады. Олардың ең негізгісі – Дәуіт патшаның кезінде гүлденген Израиль-Иудейлік патшалықты қалыптастыру болып табылады. Оның ұлы Соломон Иерусалимде Құдайдың құрметіне Ғибадатхана салады, бірақ бірітіндеп Құдайдан алыстап, пұтқа табынушылыққа бас ұрады.

Құдаймен орнатылған Өсиетті бұза отырып, еврейлер ауыр кезеңдерге тап болады: Вавилондағы тұтқындалу, Александр Макендонскийдің басып кіруі, римдықтардың үстемдігі, еврейлердің әлем бойынша ыдырап кетуі. Бірақ халық кезінде еврей халқының даңқы мен ұлықтылығын қайта қалпына келтіре

алатын Дәуіттің ұрпағынан шыққан Машиахтың (Құтқарушы) келетініне үміт үзбейді.

Иудаизмнің негіздері, діни және ізгіліктік-құқықтық қағидалардың біртұтастығы Мұсаға шөл далада адасып жүргенінде Құдаймен берілген тас тақталарындағы жазбаларынан көрініс табады. Жаңа аян, Заңдылықтар еврей халқының Синай тауына келген кезінде пайда болды. «Синай тауы Құдайдың от болып келу себебінен түтіндеп тұрды; ол пеш іспетті түтіндеп, жұмарланып қалды. Керней үні барған сайын қатты шыға бастады. Мұса сөйледі, ал Құдай оған дауыспен жауап берді» (Исход 19-18:19). Бұл оқиға Құдайдың еврей халқына деген сенімі мен оған ізгіліктік-құқықтық кодексті, яғни он уағызды орындау талабының жаңадан қойылғандығын білдірді.

Алғашқы төртеуі **Құдай мен Адамның** өзара қатынастарының сипатын, яғни қатаң монотеизмді ашып көрсетеді. Алғашқы өсиетте Құдайдың «Менен басқа құдайларың болмасын» деген талабы көрсетіледі. **Екіншісі** осы ережені қолдай түседі: «ешкімге де табынбай, аспандағы, жер үсті мен жер асты, судағылардың мүсінін жасап, суреттеме».

Үшіншісі Құдай атын негізсіз атай беруден сақтандырады: «Құдайыңның атын текке атай берме». **Төртіншісінде** адамның күн көріп, күнделікті істерге кірісіп кеткен кезінде де өзінің өмірінде Құдаймен тілдесуге уақыт қалдыру керек екенін атап өтеді: «Оны сенбі күні дәріптейтінін есте сақта. Алты күн бойы жұмыс істе, ал жетінші сенбі күні Құдайыңды дәріпте».

Келесі алты өсиет иудаизмнің ғана емес, сонымен қатар ислам мен православие діндерінің рухани-ізгіліктік құндылықтарының негізін құрай отырып, ізгіліктік-құқықтық сипатқа иеленеді:

• *Жер бетіндегі өміріңді ұзартамын десең, әкең мен анаңды қадірле....*

• *Өлтірме*

• *Зина жасама*

• *Ұрлама*

• *Жақын адамыңа жалған куәгерлік жасама.*

• *Өз жақыныңның үйін, әйелін, құлын, өгізін, есегін, жақыныңда бар нәрсенің ешқайсысын тілеме* (Мысырдан шығу 20–2:17).

Иудаизмнің тағы да бір кейінгі қайнар көзі Қаббаланың қасиетті мистикалық кітабы «Зоғар» (Шұғыла) болып табылады. Оның авторлығы Талмуд заң тәлімгерлерінің бірі Шимон Бар-Йохайға (II век) жүктеледі. Оларға Тораны оқып, сенбі күнінің рәсімін орындауға тыйым салды. Діннің негіздері теңселді. Және де бұл жағдайда иудаистік мистицизмнің теориялық негіздерін жазып шығарған Раби Шимон шығып, сөз сөйлейді. Ол құдайлық аянның шынайы мәнін ұғыну үшін ежелгі еврей тілінің әріптік символикасын қолдану керек деп есептеді.

Ивритте 22 әріп бар, олардың әрқайсысы құпиялы мағынаға иеленіп келеді, әріптердің үйлесіп, тіркесуі құдайлық аянды ашып көруге мүмкіндік береді. Қаббаланың жақтастары Құдайдың құпиясына иеленіп, оның Тауратта тыйым салынған тіршілікті жарату күшін игеруге ниеттенді. XIII ғасырдың аяғында «Зоғар» кітабы Мұса Леонмен Испаниядағы арамейлік тілде жазылып шығарылды.

Еврей халқының діни өмірі мен негізгі оқиғалары еврей күнтізбесі бойынша тойланатын жыл сайынғы мерекелердің тізбегінен байқалады. Олардың негізгілері – Рош-Ашан, діни Жаңа жыл; шабоут – Құдайдың Синай тауында Таурат кітабын сыйлауының құрметіне арналған мейрам, Пейсах – құлдықтан құтылып, Мысырдан кету жағдайына орайласқан мереке.

Иудаизм адамның негізгі өмірлік кезеңдеріне ғана емес, сонымен қатар күнделікті өміріне қатысты: не жеп, не ішіп, қалай киініп, отбасыда, қоғамда және синагогада өз-өзінді қалай ұстау керек деген сұрақтарға жауап беріп, ережелер мен шектеулердің толықтай әзірленген жүйесі болып табылады. Әсіресе тамақтану жүйесіне қатысты қатаң ережелер көрсетілген. Сүттің еттен бөлініп, еттің қанның қалдықтарынсыз ерекше жолмен өңделіп, ал нанның ашытқысыз пісірілуі арқылы дайындалатын тағамды ғана жеуге болады.

Барлық осы шектеулерді қазіргі жағдайларда орындау оңай емес. Сол себептен иудаизмде бірнеше бағыт пайда болды. Дәстүршілдіктер Таурат пен Талмудта жазылған барлық ережелерді орындауға көндіргісі келеді. Олардың ішінен ХА-БАД мектебінің хасидизм бағыты бөлініп шығады. Оның негізін

калаушы раввин Шнеур-Залман (1745–1812 жж.) болып табылады. Ол өзінің «Ой-толғаулардың жиынтығында» еврейлерді «цадик» болып, Құдаймен тікелей тілдесу қабылетіне ие болу үшін тақуалы өмірге шақырады.

Иудаизмдегі басқа бағыт – реформизм. Оның өкілдері қазіргі өмірдің шарттары мен талаптарына бейімделу мақсатында дін тұтушыларды нақты жазылып кеткен еврейлік ғұрыптың ережелерін орындау қажеттілігінен босатқысы келеді.

Қазақстанға еврейлер XIX–XX ғасырдың басында қоныс тебе бастайды. Бұл Ресейден келген саудагерлер, қолөнершілер мен дәрігерлер болатын. 1897 жылғы халық санағының мәліметтерінен Қазақстанда сол кездері 5074 еврей тұрғаны белгілі болды. Верный қаласындағы діни қауымдастық шамамен 1876 жылы пайда болды. Революцияға дейінгі кезеңдегі Қазақстанда еврейлік мектептер (хадерлер мен иешивтер) болған жоқ.

Кеңестік билік жылдарында, әсіресе, сталиндік репрессиялар барысында Қазақстанда еврей халқының саны ұлғая түсті. Негізінен, ол интеллигенция болды. Еврейлер өздерінің діндерін отбасында сақтап, ұрпақтан ұрпаққа ата бабасының діни өсиеттерін жеткізіп отырды.

Иудаизмнің Қазақстанның территориясында көптеген ғасырлар бойы қызмет етіп келуі, Шығыс пен Батыс, Оңтүстік пен Солтүстік мәдениеттері мен діндерінің өзіндік бір көпірі, шыдамдылық пен дін еріктілігінің нағыз көресткіші болып табылатын Ұлы даланың діни әр алуандылығын байыта түсті.

Бақылау сұрақтары

1. Қандай діндер авраамдік ден танылады?
2. Иудаизмнің қасиетті қайнар көздерін атаңыз.
3. Неліктен еврей халқының тарихы діни мағынаға иеленеді?
4. Он уағыздың мазмұнын ашып көрсетіңіз.
5. Иудаизмнің Қазақстан территориясындағы тарихы қандай?

Христиан діні: діни ілімнің негіздері

Екінші бөлімде біз христиан дінінің Қазақстан территориясында қашан және қай формада пайда болғанын қарастырып өттік. Ежелгі сириялық православие, меликиттік түріндегі христиан ілімінің III ғасырдан бастап, ал несториандық пен яковшылдықтың V ғасырдан бастап енгені белгілі екенін естеріңізге салайық. Бұл ілімдер Ұлы даланың түркі тілдес тұрғындарына әсер етіп, қазақ халқы ата бабасының діни синкретизміне құрамдас бөлік ретінде кірді.

Бұл бөлімде христиан дінінің әлемдік дін ретінде қалыптасу тарихы қарастырылып, діни ілім негіздері мен ғұрыптық тәжірибенің ерекшеліктерінің мәні ашып көрсетіледі. Христиан діні ендігі басқа этностың аясында, яғни орыс руханилығының түркі әлемімен және басқа этностардың діни сенімдерімен өзара әрекеттесуі арыққылы қарастырылады.

Христиан діні I ғасырда Палестинада пайда болды. Бұл радикалды түрде өзге діни дүниетанымды жариялаған, адамзат тарихының түбегейлі өзгерісіне айналған, көптеген мемлекеттер мен халықтарды қамтыған ірі христиан өркениетінің түйіні мен негізі болған жаңа дін болатын.

Ең алдымен әлемдік тарихта жаңа кезенді қалыптастырған христиан дінінің көрініс табуының саяси себептерін атап өтейік. Палестина сол кезде барлық Жерорта теңізін бағындырған қуатты Рим империясының құрамына кіретін. Вавилондық, парсылық және македониялық билікті бастарынан кешірген палестиналық еврейлер римдіктердің билігіне түсті. Саяси дербестігінен айырылғандарына қатты күрсінген еврей халқы Құдайдың Дәуіт кезіндегі Иудейлік-Израильдік патшалықтың бұрынғы қуаттылығы мен әйгілігін қайта жаңғыртатын елшіні жіберетіндігіне үміттері өшпеді.

Христиан дінінің пайда болуының **әлеуметтік-экономикалық алғышарттары** сол кезде Палестинаны мекендеген еврейлердің басым бөлігі мен басқа да этностардың мүшкіл күйімен байланысты болды. Құл иеленушілік қоғам ретінде танылған Рим империясы басып алынған халықтарға қатысты қанаушылық пиғылдарын ашық білдірді. Римдықтар салықтардан босатылып,

ал олардың меншігіндегі адамдар алым-салықтан әлсіздене бастады. Осының бәрі әлеуметтік наразылықты тудырып, шарасыздық пен торығушылық көңіл-күйді қалыптастырды.

Рухани феномендердің пайда болуы саяси және әлеуметтік үрдістермен байланысты болғанымен, болмыстың басқа өлшемінде орналасқан. Христиан дінінің пайда болуы ең алдымен, рухани үрдістермен байланысты болып келеді. Рим империясында пұтқа табынушылық мемлекеттік дін ретінде қарастырылды. Сонымен қатар әр-түрлі мистикалық ілімдер, ырымшылдық пен оккультизм кең таралды, ол өз кезегінде пұтқа табынушылық дүниетанымға адамдардың іштей наразы болғанын білдіреді.

Императорлық Римдегі жалпы жағдай әдет-ғұрыптардың азғындалып, тән ләззатының асқақталып, маңыздылыққа иеленуімен сипатталды. Императорлық билікке діни мән-мағына берілді. Билеушілер шектен шыққан қаталдығымен және азғындығымен ерекшеленді. Иудейлер өз кезегінде монотеизмнің, яғни әлем мен адамдарды жаратқан Бір Құдайға сену қағидасын берік ұстанды. Бірақ, оларда Құдай мен адам қатынастарын жаңаша түсінуге байланысты терең діни қажеттілік пайда болды. Өмірлік жағдайлардың барлық көріністерін реттейтін Талмуд діни ережелерінің күрделі және көптармақты жүйесі діннің шынайы рухынан айырылып, әріпке, сыртқы және ресми ережелер мен ғұрыптарға баса мән берді. Бұл жағдайда дін адам үшін емес, ал адам дін үшін қызмет етті.

Осы орайда адамзаттың болмысының тереңінен шығатын нағыз дінге деген ішкі қажеттілік туындады. Бұл алдыңғы ұрпақтардың Құдайдың осы әлемге жақсылық пен әділеттілікті орнату үшін Құтқарушы, Пайғамбарды жібереді деген тілектері мен болжамдарын орындайтын дін болды. Алайда жаңа дін ретінде христиан дінінің мәні Құдай мен адам баласы Иса Пайғамбар туралы ілім болды, ол өмірге еврей патшалығы мен Дәуіттің танымалдылығын қайта жаңғырту үшін келген жоқ. Иса барлық адамдар мен халықтарға үндеу тастап, оларды Құдаймен бірлестіріп, оның патшалығына тартқысы келді.

Тауратта Құдайдың таңдаулы яхудилер халқымен құрған Өсиет-Одағы туралы айтылған. Құдай өз өсиеттерінің орындалғанын талап етіп, соның негізінде еврей халқына

көмектесіп, оның тарихында белгілі орын алып, өміріне діни мағына береді. Бірақ Құдайдың таңдауындағы халық бұл өсиеттерді бұзады. Олар үшін Пайғамбарлар арқылы жіберіліп отырған Құдай сөзі жеткіліксіз болады. Сонда христиан діні бойынша Құдай өзінің сөзін іске асыру үшін жалғыз ұлын жібереді: «Сендерге айтып жүрген сөздерім өзімдікі емес, Әкемдікі. Сол сияқты Менімен тығыз байланыстағы Әкем Өзінің істерін де Мен арқылы істеп жатыр» (Жохан, 1:14). Ежелгі христиандар Иса Пайғамбар үйреткендей өмір сүрді. Олардың қауымдастықтары күнәһар, азғындалған әлемдегі «құдай патшалығының» аралдары болды. Ортақ мүлік, дүние қызықтарынан бас тарту, махаббат пен мейірімділіктің өсиеттерін орындау, Иса Пайғамбардың екінші келуі мен Қиямет күнін күту, жәннатқа түсу үміті – осының барлығы римдік қоғамдағы діни ұстанымдар мен әдеттерге тым қайшы жағдай болды.

Сол себептен ерте христиан қауымдастықтары катал және ауыр қуғын-сүргіндерге тап болды. Христиандарды қайыршы қылып, қазыққа отырғызып, жабайы аңдардың жемі қылып, ата-аналарының көзі алдында балаларын қинап, діндерінен бас тартуын талап етті. Бірақ, христиан рухының қуаттылығы сыр бермей, барған сайын жаңа діннің ішкі сәулесімен келген көптеген адамдар христиан дінін қабылдады.

Кейбір императорлар христиан дінін қуғындаушылар деген жағымсыз атаққа иеленді. Өзінің арсыздығы мен азғындылығымен танымал Нерон (54–68 жж. басқарды) христиандарды Римді өртеді деп айыптады, ол өз кезегінде христиандарды аяусыз жазалауға, олардың мал-мүлкін жойып, крестке салып өлтіруге себеп болды.

Ал Диоклетіан (284–304 жж. басқарды) императорына ешқандай себеп-сылтаулар керек болмады. Оның мақсаты христиандардың көзін құртып, оларды қинап, жазалап, кітаптарын, ғибадатханаларын өртеу болды. Сойқандықтың шектен шыққаны соншалықты, Кіші Азияда тұтас бір христиан қаласы талан-таражға салынып, оттың астында қалды. Осының бәрі христиандардың рухани беріктілігі, олардың сынбас еркінен қорқу мен махаббат пен мейірімділік таныту өсиеттерінің арсыздық пен азғындылықтың билеуші нормаларына қарсы бекітілуінен пайда болды.

Ешқандай қуғын-сүргіндер мен басып-жаншулар христиан дінінің жеңістік шеруін тоқтата алмады. Бейшаралар мен

мүсәпірлердің қатарына ықпалды және текті адамдар қосыла бастады. Осының нәтижесінде билеушілерге ортақ дін бірегей мемлекеттің тірегі бола алатынын мойындауға тура келді. IV ғасырдың аяғында христиан діні Рим империясында мемлекеттік дін ретінде қабылданды.

Рим империясы орталығы Рим болып табылатын Батыс аймаққа және орталығы Константинополь болып саналатын Шығыс аймаққа бөлінгенде, христиан шіркеуінде ілімді түсіндіру және Батыс пен Шығыс шіркеулерінің арасында ғұрыптық тәжірибені орындау бойынша келіспеушіліктер пайда болады. Бірақ XI ғасырға дейін христиан діні келіспеушіліктерге қарамастан бір дін ілімін білдірді. Оның рухани қайнар көздері – **Қасиетті Кітап** (Інжіл) және **Қасиетті Өсиет** (Бүкіләлемдік жеті жиналыстың қаулыларымен және II–VIII ғғ. шіркеу аталарының еңбектерімен бекітілген).

Інжіл (грек тілінде *Biblia* – кітап) құдайдың құдіретімен шабыттандырылған деп есептеледі. Бұл – Құдайдың адамға пайғамбарлар, апостолдар мен ізгі хабаршылар арқылы айтылатын сөзі. Христиан діні бойынша Інжілдің жалғыз авторы Құдайдың өзі болып табылады. Інжіл екі бөліктен – **Көне Өсиет** пен **Жаңа өсиеттен** тұрады. Ескі өсиеттегі мазмұны бойынша әртүрлі кітаптар (сонымен қатар Таураттың мәтінін құрайтын мәтіндер) б.з.д. I мыңжылдықта, ал Жаңа Өсиеттің кітаптары бірінші ғасырда жазылып шығарылды. Інжілдің екі бөліктерінің атауында Қасиетті кітаптың рухани мағынасы жатыр. Екі бөлігі де Өсиет деп аталады, яғни Құдайдың адамдарға қатысты ниеті неге негізделетінін ашып көрсетеді. Құдай олармен келісім орнатып, жер бетіндегі сұрақтар мен істер бойынша өзінің көмегі мен қолдауын білдіріп, соған жауап ретінде өзінің өсиеттерінің орындалуын күтеді.

Бірінші өсиет Көне деп аталады, өйткені, ол тек бір таңдаулы халықпен келісіліп, еврейлерге пайғамбарлар арқылы берілген болатын. Онда Құдайдың аяны өзінің толық күйінде көрініс таппағанымен, болашақ Пайғамбардың келуі туралы айғақтар сол кездің өзінде болатын.

Христиан шіркеуінің ілімі бойынша екінші өсиет Жаңа деп аталады, өйткені, ондағы Құдайдың аяны толық көрсетіледі.

Құдай өзінің жалғыз ұлы арқылы барлық адамдарға үндеу тастайды. Исаның кешірілу үшін құрбан болуы олардың бойынан алғашқы күнәларды жойып, өлімнен қашып-құтылудың амалсыз екендігін еңсереді. Инжілдің екі бөлігі де өзара тығыз байланысты. Ескі өсиет Жаңаның алғышартты тарихын ашып көрсетіп, Жаңа өсиет өз кезегінде ескі өсиетті мәтіндердің мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Көне өсиет 50 кітаптан тұрады. Мазмұны бойынша оларды шартты түрде төрт бөлімге бөлуге болады. Біріншісі – Мұсаның бес кітаптығы, онда Құдайдың әлем мен адамды жаратқаны, еврей халқымен келісім орнатқаны, діни және ізгіліктік өсиеттердің еркіндігі туралы айтылады.

Екінші бөлім – еврей халқының діни сипаттағы тарихы қайта жаңғыртылған тарихи кітаптар.

Үшінші – дидактикалық кітаптар. Оларда діни өмірдің негізгі ережелері ашып көрсетіледі.

Төртінші – Пайғамбарлық кітаптар. Оларда Пайғамбар, Құтқарушы Исаның келуі туралы болжамдар айтылады.

Көне өсиет әдеби жанрлардың әр-алуандылығымен және жоғары көркемдік артықшылықтарымен ерекшелінеді. Тарихи хроникалар, еврей халқының ата-бабаларының өмірбаяндары, аяндар мен болжамдар, дұғалық әуендер, махаббат туралы поэма, философиялық трактаттар, ізгі қара сөздер, мысалдар мен аллегориялар, осы аталған барлық әдеби жанрлар рухани күшке толы және құдайлық нұрға бөленген. Христиандар мәтіндерді Құдайдың аяны, Құдаймен дұға арқылы сұхбаттасу деп қабылдап оқиды.

Жаңа Өсиеттің қағидасы 27 кітаптан тұрады. Бірінші бөлімі – Матфейден, Марктан, Лукадан және Иоаннан сынды төрт евангелиеден (Пайғамбардың келуі туралы жақсы хабар) тұрады. Бұл христиан ілімінің асыл мәнін құрайтын төрт евангелистермен арқылы берілген жалғыз куә болып табылады. Қасиетті рух пен Мариамнан жаратылған және осы дүниеге келген Құдай адамға Құтқарылу туралы Ұлы Ақиқатты ашқанымен, қуғындалып, ауыр азаптарды басынан кешіріп, қайта тіріліп, Даңқтылықтың тағында қайта көрініп, Құдайдың патшалығын орнату үшін шарықтайды. Тірі Құдай өзінің жер бетіндегі өмірінде адамдарға өзара орнатылған Одақтың асыл мәнін ашып көрсетеді.

Жаңа Өсиетке сонымен қатар Қасиетті апостолдардың әрекеттері мен олардың ерте христиандық қауымдастықтарға деген Соборлық жолдаулары кіреді. Осы қасиетті мәтіндерде Иса Пайғамбар шіркеуінің тарихы, Иерусалим мен барлық жақын және алыс аймақтарда құдайлық ақиқатты бекітетін және терең сенімге бөленген Иса шәкірттерінің қызметі қайта жаңғыртылады. Қолдарындағы барынан айырылып, өлім аузында жүрген олар рухани міндетін орындау үшін жаһанды айналып, әлемге Құтқарылу күнінің келе жатқандығын жар салды.

Жаңа Өсиет Жохан уағыздаушының аянымен (Ақыр заман) аяқталады. Ол Иса Пайғамбардың сүйікті шәкірті, төртінші евангелиенің авторы император Доминицианмен Патмос аралына жіберіледі. Онда оған Иса Пайғамбардың екінші келуімен, Жердің өзгеріп, Көктегі Иерусалим, таңғажайып нұры жауып тұрған жаңа жұмақтың көрініс табуымен байланысты оқиғалар туралы аяны берілді. «Иеміз, Иса келе гөр» (Аян 22: 20).

Қасиетті Өсиет те Құдай құдіретіне толы деп есептеледі. Ол жеті Бүкіләлемдік жиналыстарда даярланып, бекітілген христиан ілімінің догмалық ережелері мен II–VIII ғасырларда жазылған шіркеу әкейлерінің еңбектерінен тұрады. Алғашқы **Бүкіләлемдік жиналыста** (325 ж. Никея) **Құдайдың үштұғырлығы туралы догмат** талқыланып, дінге қайшы сандырақтар, яғни христиан ілімінің рухы мен мән мағынасына сай келмейтін түсіндірмелер сынға алынды. Бұл жағдайда Ұлы Афанасийдің Бір Құдайдың үш тұғырлығының бір мәні туралы ұстанымы жеңіске жетті. Христиан догмасының негіздерінен тұратын Дін символының алғашқы баспасы қабылданды.

Екінші (Константинопольдік) жиналыста (381 ж.) редакция нақтыланып, сөзсіз және шүбәсіз деп соңғы нұсқасында қабылданды. Дін рәмізі әлі күнге дейін шіркеудегі күнделікті шоқынуларда оқылады.

Дін рәмізінің толық мәтінін келтіріп өтейік:

¹Бір Әке Құдайыма, бәріне де көрініп, көріне бермейтін Аспан мен Жер Жаратушысына сенемін. ²Құдай ұлы, жалғыз Иса Пайғамбарға, Әкемізден барлық ғасырлардан бұрын, Нұрдан нұр болып, Ақиқатты Құдайдан ақиқат болып туған, жасанды емес,

Әкеміздің ұлы баласына сенемін. ³Біз және біздің құтылуымыз үшін Аспаннан түскен, Қасиетті Рух пен Мариам анадан жаратылған және адам кейпіне енген. ⁴Біз үшін Понтий Пилат кезінде крестке керіліп тасталған, қиналып, жерленген. ⁵Қасиетті жазбалар бойынша үшінші күні қайта тірілген. ⁶Аспанға шарықтап, Әкеміздің қасынан орын тапқан. ⁷Қасірет күнінде өзінің даңқын асқақтатып келетін. Патшалығы мәңгілік өмір сүретін Иса Пайғамбарға сенемін. ⁸Пайғамбарларымыздың айтуынша, Тіршілікті жаратқан, Әкемізден бастау алатын, Әкеміз бен оның Баласымен бірге құрмет пен табынушылыққа бөленетін Қасиетті Рухқа сенемін. ⁹Ортақ Қасиетті, Соборлық және Апостолдық Шіркеуге сенемін. Күнеларымыздан арылтатын шоқындыруға ғибадат қыламын. ¹¹Өлілердің қайта тірілуіне, ¹²Болашақ ғасырдың өміріне сенемін. Әмин».

Құдай кейпіне ену догматы, Иса Пайғамбардың құдайлық және адами болмысының арақатынасын қалайша түсіну керек жөнінде өткір христологиялық даулар орын алды. Осыған қатысты көптеген жаңсақ түсіндірмелер қабылданбады. Нәтижесінде **үшінші Эфестік жиналыста** (451 ж.) Иса Пайғамбарға қатысты ереже қабылданып, ол бойынша Иса құдай ретінде Құдайдан, ал адам ұлы ретінде Мариамнан туылады. Бұл екі жаратылыс – Құдайылық пен адамзаттық – Иса Пайғамбардың бойында ажырамаған, біртұтас күйінде қалыптасты.

Ғұрыптық тәжірибе бойынша да дау дамайлар орын алды. Бастапқыда шіркеу Құдай мен қасиеттілердің қандай да болсын суреттеріне тыйым салып, Ескі өсиеттің ережелерін ұстанды. VII ғасырда иконалар діни ғұрыптан ресми түрде шығарылып тасталды, өйткені, оларды дәріптеу пұтқа табынушылықпен тең болды. Тек **Жетінші Бүкіләлемдік жиналыста** (Никея, 787 ж.), бұл ұстаным қайта қарастырылды. Иконалар шынайы мен рухани әлемдердің көрінбейтін байлығы ретінде түсіндіріле бастады және иконаға табыну Құдай мен қасиеттілерге табынумен тең болды. Император Константин керіп тастау жазасын алып тастағаннан кейін крест мәңгілік өмірдің символы ретінде VII ғасырда қабылданады. Исаның крестегі суреті бірден емес, ал VIII–IX ғасырларда ғана пайда болды.

Негізгі христиан догмалары¹. Жаңа Өсиетте Жалғыз бір Құдайға деген сенім сақталынып, нығая түседі. Ендігі Құдай үш кейіптегі біреу, яғни Әке Құдай, жаратушы және әлем мен адамды жаратушы; Жоғары мағынаны іске асырушы Бала Құдай (Логос) және де жігерлендіруші Қасиетті рухтың құдайы (үштұғырлық туралы догмат) деп түсіндіріледі. Бір құдайдың үш кейпі рухани махаббатпен байланысқан тұлғалар деп ұйғарылады.

Үштік туралы аян Авраамға үш жолаушы күйінде келіп, олар оған әйелі Сарра ұл туады деп айтады. Авраам осы үш жолаушыларға көз салып: «...*О, Тәңірім сенің рақымдылығыңа бөленсем, өз құлыңды көрмей өтпе*» деп айта отырып, олардың шын мәнінде үш кейіпте келген бір Құдай екенін түсінеді (Болмыс, (18:3). Жаңа өсиетте Құдай Баланы шоқындыру кезінде үш кейіпте келеді. Бұл бала Исаның өзі, оған көгершін түрінде Қасиетті рух түсіп, аспаннан: «*Бұл менің сүйікті ұлым, менің рақымдылығымды Ұлымнан көресіңдер*» (сол себептен православие дініндегі Шоқындыру мейрамы Құдайдың түсуі деп аталады) деген дауыс естілінеді. Құдай баласының мәңгілік табиғаты мен «әлем болмысы» даңқы бар. Құдайды ажырамас, бір мәнді Үштік ретінде түсіну – православие дінінің **бірінші және негізгі догматы** болып табылады.

Екінші негізгі догмат – құдай кейпіне ену. Құдай адамға тек көрегендік пен қасиетті кітаптардан көрініп қоймайды. Оның өзі адамға айналады, бірақ Құдай болып қала береді. Енді оның алдында күнделікті күйбең тіршілікке әрі жоғары рухани мәнге толы адами өмір сүру тұр. Православ дінін ұстанатындардың сенімі бойынша, адамзат тарихында тек бір рет қана ұлы құт болған болатын. Олардың араларында Құдай болды. Онымен сөйлесуге де болар еді. Ол таңғажайып нәрселерді жасады. Ол адамдарды емдейтін. Ол адамдарды қайта тірілтетін. Оның аты – Иса (яхудейлік аттың гректік айтылуы Иешуа. Сонымен қатар – Христос (грек тіліне аударғанда Пайғамбар дегенді білдіреді). Оны сонымен қатар Құтқарушы деп атайды, өйткені, ол адамдарды күнәлардан арылтып, құтқару үшін келді; екінші аты Күнәларды өтеуші, өйткені, ол зұлымдық күшінің құлдығынан құтқарады; үшінші аты «Аспан

¹ Христианство // История религии в двух томах. Под общей редакцией Яблокова И.Н. Т. 2. – М.: Высшая школа, 2007. – 667 с. – С. 66–97.

мен жердегі бар билік берілген патша». Ол өзін адамның баласы деп атап, барлық істерді оны жерге жіберген Әкесінің атынан істеп отырғанын әрдайым еске салып тұрады. Баланың атақ даңқынан Құдай, Әке Құдайдың бейнесі көрінеді.

Иса Пайғамбардың өмірі. Христиан дінінің дәстүрі бойынша Исаның туылуының өзі әлемге кіршіксіз аналықтың ғажабын сыйлады. Жәбірейіл Періште Құдайдың таңдауына түскен Мариамға жақсы хабар әкелді: Оған Қасиетті рух өзінің нұр сәулесін шашып, дүниеге Құдайдың баласы келеді. Сол кезде Мариам Давид тұқымынан шыққан Иосифпен сөз байласады. Періште оның түсіне кіріп, оның Қасиетті Рухтан бала туатынын айтады. Ер адамның қатысуынсыз әйелге бала біту ақылға сыймайды, өйткені ол табиғаттың заңдылықтарына қайшы келеді. Бірақ, православ дінін ұстанатындардың ойынша, Құдайдан түскен барлық нәрсе табиғилықтың шеңберінен шығады, сол себептен ол құт пен аян арқылы қабылданады.

Иса Давид патшаның туылған жері Вифлеемде дүниеге келеді. Көне Өсиетте Пайғамбарлар дәл осылай деп кеткен. Назареттен Вифлеемге келе отырып, рим биліктерінің бұйрығы бойынша халық санағы жүрген кезеңде Мариам мен Иосиф қонақүйден орын таппайды. Сәби мал-қорада дүниеге келіп, сол жерде оны бесікке бөлейді. Осы және о дүниенің патшасы, Құдайдың баласы байлық пен молшылықтың айналасында емес, ең қарапайым жерде дүниеге келеді, ол өз кезегінде христиан шіркеуінің ілімі бойынша момындық пен бойсұнудың символы, күллі адамзатқа ғибратты сабақ болып табылады. Бірақ, жарық жұлдыздың жетелеуімен келіп отырған шығыстың даналары Сәбиге бас ию үшін келіп, оған сый-сыяпаттар – Патшаға деп алтын, Құдайға деп ладан (хош иісті май) және адамға деп смирна әкеледі.

Кейін оқиғалар тез өрістей түседі. Ирод патша ерекше Сәбидің дүниеге келуі туралы біліп, айналадағы барлық сәбилерді өлтіріп шығуды бұйырады. Жоғарыдан хабар алып, алдын-ала хабардар болған Иосиф Мариаммен және Исамен бірге Мысыр еліне қашады. Олар тек Иродтың өлімінен кейін ғана туған қалалары Назаретке қайтып оралады. Исаның балалық шағы туралы канондық евангелиелер нақты ақпарат бермейді. Оның тек тәрбиелі бала

болғаны және ағаш шебері болған әкесінің кәсібін меңгергені ғана белгілі.

Иса 12 жасқа (діни кәмелеттіліктің жасы) толғанда, оның жанұясы Иерусалимге Пасха мейрамын тойлау үшін зиярат жасайды. Бұл жерде алғаш рет Иса туылғаннан кейінгі оның Құдай баласы екенін білдіретін оқиға орын алды. Иерусалим қаласында Мариам мен Иосиф оны мейрам тойлап жүрген халықтың арасында жоғалтып, уайымдаған күйі ғибадатханадан табады. Ол шіркеу ұстаздарымен беймарал сөйлесіп, ал олар оның ақылы мен құдайлық ақиқатты тану қабілеттеріне таң қалып отырады. Анасының ұрысқанына ол: «Сіздер менің әкеме тиісті күйде болу керектігімді білмедіңіздер ма» деп жауап береді.

Көне Өсиетте Исаның қызметін Ишаяның жорамалын орындайтын Жохан шоқындырушының уағызы алдын ала ескертіп кетеді: «Құдайға жол дайындап, оны оның жүріп өтетін жолдарын тік қылыңдар». Иоанн, одан кейін жүретін, яғни Құдай ұлы енді сумен емес, Қасиетті Рухпен шоқындырады.

Исаның өзін шоқындырғаннан кейін, яғни Құдайдың келгенін білдірген таңғажайып оқиға орын алған кезде, ол эзәзілмен рухани жекпе-жекке шығу үшін 40 күнге шөл далаға кетіп қалады. Христиан шіркеуінің ілімі бойынша Иса азғынудың барлық түрлерінен, яғни адами қажеттіліктерді қанағаттандырып, құдайлық табиғаты дәлелдеу үшін ғажайып қабілеттерін қолданудан бас тартады. Ұзақ уақытты аштығын қандыру үшін тастарды нанға айналдыру ұсынысына ол Көне өсиеттегі: «адам нанның арқасында ғана емес, ол Құдай сөзінің қуатымен өмір сүреді» деп жауап береді.

Сонда эзәзіл Исаның құдайлық қасиетіне күмән білдіріп, оны өз қасиетін дәлелдеу үшін Иерусалимдегі ғибадатхананың үстінен құлауды ұсынады. Егер ол шынымен Құдай болса, онда періштелер оны өзінің қанаттарымен аман қалдырады деп ойлайды. Сонда Иса өзіне тән құдіреттілігі мен ішкі күшімен оған Көне Өсиеттегі «Өз Құдайыңды арбама» деген сөзбен жауап қайтарады. Сонда эзәзіл Исаға «осы әлемнің патшасына бас иіп, бағыныштылық танытсаң, «әлемнің барлық қазынасы мен даңқын сыйлаймын» деген уәде береді. Бірақ, Иса зұлымдылықтың әміршісін жеңіп, оған: «*Өзінің Құдайыңа табынып, соған ғана қызмет ет*» деп жауап береді.

Азғындырушыны жеңгеннен кейін Иса өзінің уағыз-насихаттық қызметін бастайды (ол сол кезде 30 жаста еді, Дәуіт

те осы шағында патша атанған). Иса өзінің адал ізбасарлары мен апостолдарға айналған алғашқы шәкірттерін Палестина елін аралап, Евангелияларды үгіттеп, таңғажайып амалдарды бірге орындауға шақырады.

Неке кию рәсіміне анасы екеуі шақырылған Галилей Кана-сында ол алғашқы ғажайыптарын көрсете бастайды. Үйде шарап жетпегендіктен, ол анасының сұрауы бойынша суды шарапқа айналдырып, барлық қонақтарды оның дәмімен таң қалдырады. Христиан діні бойынша Канадағы таңғажайып жағдайлар мейірімділіктің шексіз қатарын ашты. «Қорғаушы», «Қасиетті», «Аспан ханшайымы» деп аталған Мариам барлық дұға етушілерге шексіз мейірімділігін танытып келеді. Оған қайғы-қасірет шегіп жүргендердің барлығы да өз жүректерін ашқан болатын. Ал «Суық әлемді жылы лебізімен қорғаушы» (Лермонтов) Мариам болса олардың уайымдарын басып, тыныштандырады.

Бірінші ғажайыпты жасай отырып, Иса Құдай сөзін үгіттеп, әлемге өзінің адами-құдайлық табиғатын паш етеді: өлілерді қайта тірілту (Лазарь мен Иаирдің қыздары), жан күйзелісінде жүрген адамдарды емдеу («жындарды шығару»), құйындарды тоқтату, су бетімен жүру, мыңдаған адамдарды бес (жеті) тілім нанмен тойдыру. Өзінің жақын шәкірттері Петр, Жақып пен Жоханға Иса кейпін өзгерту қасиетін көрсетті. Ол солармен Фавор тауына көтеріліп, оның жүзі «күндей жарқырап», үстіндегі киімдері жарқылдай бастайды. Оларға Илия мен Мұса Пайғамбарлар келіп, Иса жарқыраған сәуле күйінде олармен тілдесті. Сол кезде аспаннан *«Бұл менің сүйікті ұлым»* деген Құдайдың даусы шықты.

Исаның өсиет-насихаты фарисейлердің, яғни көне өсиеттің заңы мен ғұрыптық рәсімдер жүйесінің жақтастарының қарсылығына тап болады. Осы орайда Жаңа Өсиеттің Көнемен тығыз байланысы (Пайғамбардың келуі туралы көрегендіктердің орындалуы) ғана емес, сонымен қатар рухани-ізгіліктік құндылықтардың тым өзге жүйесі байқалады. Иса үшін ғұрыптарды сырттай орындау емес, ал жүректі жылытатын ішкі сенім маңызды болды. Ол сенбі күні адамдарды емдеп, олардың күнәларын кешіріп, қоғамнан шеттетілгендермен сөйлеседі. Шәкірттерге құдайдың адам кейпіндегі қызметінің құпиясы ашылады. Ол өзінің қанымен, өмірінің символымен адамдардың

күнеларын өтеп, адамды Құдаймен жарастыру үшін осы дүниеге келген болатын.

Исаның ғибадатханадан өгіздер, көгершіндер мен ақша айыр-бастайтындарды қуып шыққанын көрген яһудилер: «Осылай істеуге қандай құқығыңыз бар деген?» сұраққа: *«Бұл ғибадатхананы бұзыңдар, мен үш күннің ішінде қайта тұрғызамын»* деп жауап қайтарады. Олар бұл жауапты күлкіге айналдырып жіберді. Өйткені, ғибадатхана 50 жыл бойы салынып келе жатқан еді. Ал Иса өз тәнінің ғибадатханасын меңзеген болатын. Шәкірттер оның крестке байланғаннан кейін үш күн өтіп, қайта тірілген кезде ғана бұл жайтты естеріне түсірді.

Бірақ бұл жайтқа дейін христиандар үшін адамзат тарихының шыңы және негізі болып табылатын оқиғалар орын алған болатын. Яһудилік Пасха мейрамы алдында, бейсенбі күні Иса өзінің шәкірттерін «Құпия кешіне» шақырады. Оның иығында сүйікті шәкірті Жохан отырады. Иса шәкірттерінің аяғын жуып, оларға бойсұнып, ағалық махаббатты паш етеді. Ол нанды сындырып, оны шәкірттеріне таратып, оны өзінің тәні дейді. Ал ішінде шарабы бар ыдысты тарата отырып, оны өзінің қаны дейді. «Құпия кеш» – христиан дініндегі басты құпияның, қатыстырылудың (евхаристия) түп бейнесі. Дін тұтушылар Құдаймен бірлескенде, олар жанды тазартатын және шарықтататын рақатқа бөленеді.

Кештен кейін Иса Пайғамбар «Гефсимандық күресті» басынан кешіреді. Өзінің жақын шәкірттерімен ол Зәйтүн тауына көтеріледі. Гефсимандық бақшада өзінің қатты қиналатынын біле тұрып, ол өзінің Әкесіне жалбарынады: *«О, Тәңірім! Мүмкін болса, мені бұл азап мен емес, Сен қалайтындай айналып өтсе екен»*. Қатты қиналғаны соншалықты маңдайына қанды тер шығып кетеді.

Иуданың сатқындығынан кейін Исаны тұтқынға алады. Ол Яһудилердің прокураторы Пилаттың алдына барады. Сот ісі Пасха мейрамының алдында болғандықтан прокуратор сотталғандардың біреуін ақтап шыға алар еді. Өзін Құдай баласы деп атаған адамға қол көтеруге дәті бармаған ол Исаны босатқысы келді. Бірақ, бұқара халық Исаны емес, адам өлтірген бұзақыны ақтап шығаруды талап етті. Иерусалимге есектің үстіне мініп кірген кезде (жауынгерлік аттың орнына есекпен кірді, ол өз кезегінде момындықты білдірді) қуана-қуана қарсы алғандар осы жолы қатыгездікпен «Керіп тастаңдар, керіп тастаңдар оны!» деп айғайлады.

Исаны қамшылап тастайды. Қарауылшылар оны мазақ қылып, «Яхудилер патшасын» дәріптеп тұрғандай, оның басына «тікенді тәж» кигізеді. Ол өзінің Крестін Голгофаға қиналып, әр қадамын әзер басып апарады. Оған жазалаудың ең сорақы түрі түседі – Крестке байлап, екі бұзақының ортасында керіп, шегелеп тастайды. Олардың біреусі үстінен күлсе, екіншісі аяушылық танытады. Оған Иса: *«Бүгін менімен жәннатқа түсесің»* деп айтып үлгереді.

Кресттік азапталу шамамен алты сағат бойы жалғасады. Иса сөзбен жеткізе алмайтын күйінішті білдіріп: *«О, Құдайым! О, Құдайым! Мені неге қалдырып кеттің»* деп айтады. Оның өліп бара жатқанда жер қозғалып, аспан түңіреніп, Иерусалим ғибадатханасында шымылдықтар ашылып кетеді. Христиандықтар Құдайдың өз жалғыз ұлын құрбандыққа шалғанына сенімді, өйткені, тек Құдайдың қаны ғана адамды Құдаймен ажыратқан алғашқы күнәні өтей алады.

Алайда, ең түсініксіз ғажайыпты жағдай үшінші күні орын алады. Әйелдердің мәйітке хош иісті май жағамыз деп барғанда, оның орнында Періште жатқанын көреді. Оның түрі найзағайдай болды, және ол үрейі қашқан әйелдерге Исаның жоқтығын, оның уәде еткеніндей қайта тірілгенін айтады.

Христиандықтардың айтуынша, Исаның керілуі адамзаттың күнәларын өтеді. Иса өз өлімімен өлімді жойып, әлемге ғажап ақиқатты әкелді, яғни адам Құдай тәріздес өлімнің бұғауынан құтылып, арман еткен мәңгі өмірге қол жеткізеді. Сол себептен Қайта тірілу – христиандық күнтізбедегі ең маңызды мереке болып табылады. Адамдар бір біріне «Иса қайта тірілді» – «Шынымен де, қайта тірілді» деп айтады және олардың жүректері адамзаттың ең зұлымды жауы өлімді жеңу шаттығына толады.

Қайта тірілуден кейін Иса Мария Магдалена мен өзінің шәкірттеріне келді. Олар оны бірден тани қойған жоқ. Оның денесі өзгерген. Ол жабық есіктерге кіріп, бір мезетте пайда болып, жоқ болып кететін. Бірақ, сонымен қатар ол тірі адамдай еді және де Апостолдардың біреуі Фома оның тірілгеніне көз жеткізу үшін оның жараларын қолмен ұстап көрді.

Өзінің шәкірттерінің қасында өткізген 40 күннен кейін Иса жоғары рухани қабатқа көтеріліп: *«Мен әрдайым сіздермен біргемін»* деп кетеді. Сол кезден бастар христиандықтар Исаның

екенші келуін, яғни Өлілердің қайта тірілуі мен Қиямет күнін күтуде.

Күнәларды өтеу догматы. Жаңа Өсиет адамның болмысын өзгеше түсінеді. Христиан діні бойынша, алғашқы Адаммен бірге барлық адамзат күнәға батқан болатын. Адам осы әлемге өз күнәсын алып келді, сол себептен мәңгілік өмір сүру сыйы да өз күшін жойды. Исаның арқасында күнә өтеліп, мәңгілік өмір сүру сыйы қайта жаңғыртылды.

Адам Құдайынан айырыла отырып, өз табиғатының екіжүзділігінен жапа шегеді. Ол Құдайдың бейнесі бойынша жаратылған, сол себептен де өзінің бойындағы мейірімділік пен жоғары ақиқатқа деген терең рухани талпыныстарды сезінеді. Алайда, сонымен қатар ол тәндік нәпсілерге иеленіп келеді. Оның бойында ақыл мен еркінділікке қайшы келетін надан, қара ниеттер де болады. Ол Исаға бар ішкі жан дүниесімен сенсе, өзінің осындай екіжүзділігін еңсере алады. Өзінің рухани еңбегімен адам өзінің бойындағы әлеуетті, яғни Құдай іспетті бола алу қабілетін іске асыра алады. Бірақ, оның күш-жігерінсіз құт-берекенің сыйлары оны құтқара алмайды. Күнәлар мен нәпсілерден арылуда ауыз бекіту мен дұғалар көмектеседі. Тәндік, өзгеріске ұшырамайтын табиғаты, нәпсілер мен азғындықтарды жеңіп шығу рухтың күшін нығайтып, адамды шынайы еркін қылады.

Христиан ілімі бойынша Жаңа Өсиетте адамға оның азаптан құтылатындығы туралы ақиқат беріледі. Адам Исаның күнәлардан арылу үшін жасаған құрбандығы арқылы Көкке шарықтап, өлімнен құтыла отырып, Антихристтің зұлымдылығынан арылып, оны Христостың екінші келуі барысында құдай күдіретімен жеңіп шығатын уақытқа таяп қалды. Сол кезде Өлілер қайта тіріліп, Қиямет күні орнап, әділеттілік қайта орнап, әр адам өз ісіне қарай жазаланатын болады.

Иса өзінің шәкірттеріне өлілердің қайта тірілуі қалай мүмкін болып келетінін көп рет түсіндірген болатын: жерге егілген бидай өлмесе, тірілмейді, яғни мол тұқымы мен жемісін бермейді. Жер бетіндегі тәніміз – ол рухани тәніміз, яғни біздің уақытша қонысымыз болып табылады. Қайта тірілуден кейін адам рухани тұрғыдан өлмейтін, яғни мәңгілік қонысқа иеленеді. Өзінің

жанды тәнін жерге бере отырып, адам егілген бидай секілді рухтандырылған тәнге иеленеді.

Иса тура жолда жүргендерді күнәһарлардан бөліп қарастырады. Біреулер Жәннатқа түссе, екіншілері Тозаққа түседі. Жәннат туралы христиандық түсініктемелер оның Көне өсиеттегі бейнесін өзгертеді. Ондағы жәннат – Шығыстағы, Мессопотамияның солтүстігіндегі гүлденіп тұрған ғажайып бақша. Құдай ол жерге алғашқы адамдарды қоныстандырып, олар қорқыныш үрей мен уайымның не екенін білмей шығып, алаңсыз рахат өмір сүреді. Күнәға батқаннан кейін Жәннаттың қақпалары алдына жалынды қылышы бар Періште шығады.

Жаңа Өсиетте Жәннат жердегі Иерусалим ретінде көрсетілген. Ондағы барлық нәрсе меруерт тастар мен таза алтын іспетті жарқырап, жарқылдап тұрады. Онда ғибадатхана, яғни Құдайға табынатын ерекше орны жоқ, өйткені, ол тұтасымен Құдайдың қамқорлығында. Құдайдан өмір өзені ағып, соның жағасында Өмір ағашы өсе бастайды.

Жәннатта күтіп тұрған Тақуалардың орнын, Рахатын сипаттауға келмейді: *«Құдайдың өз сүйікті құлдарына дайындап қойғанын бірде бір көз көріп, бірде бір құлақ естіп, бірде бір жүрек сезбеген»* (1 Кор. 2:9). Жәннатта адамдарға Құдайдың жүзі ашылып, жердегі мүмкін емес нәрселер ендігі орындала бастайды. Адамның Жәннатағы табиғаты қатты өзгереді: *«Өйткені, қайта тірілуде ешкім үйленіп, тұрмыс құрмайды, бірақ Періштерлер іспетті аспанның аясында өмір сүреді»* (Матай. 22:30).

Күнәһарлардың тағдыры мүлдем өзгеше: *«Ол жерде жылағанның дауыстары мен тістің шықырлаған дыбыстары естілінеді»* (Матай. 8:12). Тозақ «қараңғылық», «шексіз азап», «отты пеш» ретінде түсіндіріледі. Бұл азаптардағы мәңгілік өмір емес, ал мәңгілік өмірдің ауыр азабы болып табылады.

Жаңа Өсиетте адам христиандық түсініктер бойынша өзінің болмысын түсінеді. Ол Құдаймен жаратылып, күнәға батып, Жәннаттан қуылып, өлімнің мөрімен жазаланған адам болып табылады. Ол сонымен қатар Иса Пайғамбардың күнә өтеу үшін жасаған құрбандығының арқасында алғашқы күнәнің жүгінен, соның нәтижесінде өлімнен де құтылады. Оның жер бетіндегі өмірі адамзат тарихы деп аталып, өлім арқылы Құдаймен қайта қауышу жолы және ең жоғары дәрежедегі Ақиқат болып табылады.

Христиандық этика. Христиан дінінің негізі Исаның Таулы өсиетінен көрініс табатын рухани-ізгіліктік қағидалардың жүйесі болып табылады. Иса ізінен еріп келе жатқан адамдар оның даусын, яғни Құдайдың даусын ести алатындай биік тауға көтеріледі. Ол Мұса заңын (он уағыз) жоққа шығармайды, оның нағыз мәнін анықтайды. Ол бұл заңды бұзуға емес, орындауға келгенін түсіндіреді. Сонымен қатар ол өз шәкірттерінің әдептілігі заңды үстіртін, ресми түрде орындайтын адамдардың әдептілігінен асып түсу керектігін басып айтады. Өзінің заманында Мұса Құдайдың өсиетін естіп, адамдарға оның әмірін жеткізгенімен, оның шын мәнінде орындалуына сенбейді. Бірақ, көп ғасырлар өтіп, Мұсаның уағыздары адами қатынастардың мызғымас негізіне айналады. Бұл уағыздарды орындамайтын адам ізгілікке қарсы қылмыс жасаушы деп есептеледі.

Бірақ, христиан діні бойынша Иса адамзаттың тарихында жаңа кезенді ашады. Құдай енді адамдарға бұрындары Мұса айттып кеткен уағыздардан асып түсетін талаптар қояды. Адамдарға Құдайдың бұл ережелері тағы да орындалмайтындай көрінеді. Бірақ, осы жолы олардың рухани күштерін оятатын нұр болады.

Иса Көне Өсиеттің мазмұнын күшейтіп, оның уағыздарына жаңа мән-мағына береді. **Біріншіден**, Мұсаның заңдарында Құдайдың талаптары ізгіліктік-құқықтық тыйымдар түрінде қалыптасып, қандай әрекеттер істемеу керектігін көрсетеді. Таулы Өсиетінде Құдай адамды әдепсіз қылықтардан сақтандырып қана қоймай, жақсылық пен ізгілікті орындауға баулиды. Иса зұлымдықтан бас тартып, жақсылықты игеру қағидасына көшу керектігін үйретеді. *«Кез-келген әрекетсіздік қандай да бір іс-әрекеттен жеңілірек болып келеді. Мысалға, өлтірме, зина жасама, ұрлама... Өз мүлігіңді сатып, кедейлерге таратып бер; кімде-кім сені өзімен бірге тартса, бар, оның ізінен ере бер – бұл тақуаларға тән әрекеттер болып табылады»¹.*

Екіншіден, Көне Өсиеттің уағыздары заңды іштей түйсінбей, жүрекпен сезінбей орындауын талап етеді. Ал Иса үшін ең бастысы – ережелерді сырттай орындау емес, ал олардың адам жаны мен болмысына енуі болып табылады.

¹ Три Святителя. Василий Великий. Григорий Богослов. Иоанн Златоуст. Православное братство Святого Апостола Иоанна Богослова. – М., 2012. – С. 33.

Алдын-ала жасаған түсіндірмелерден кейін Таулы Өсиеттің кейбіреулерін мысал ретінде келтіріп өтейік. «Бұрындары өмір сүрген адамдарға не айтылғаны естідіңдер ме: *«өлтірме»; біреудің өмірін қызған адам сотталады. Ал мен сіздерге өзінің ағасына ашуланған адам да сотқа тартылады деп айтып отырмын»* (Матай 5:21–22). Ойланыңыздар, Құдайға енді адамның өзгенің өмірін кию қылмысына бармауы жеткіліксіз. Тек қылмыстық әрекет қана емес, ал қылмыстық сезім, ой, ниет те күнә болып табылады.

Келесі уағыз туралы да осыны айтуға болады: *«Сіздер бұрындары тұрған адамдарға «зина жасама» деп айтылғандығын естідіңіздер ма? Ал мен сіздерге әйелге көрсе қызарлықпен қараған адам онымен өзінің жүрегіне зина жасады деп айта аламын»* (Матай. 5:27–28). Мұсаның заңы бойынша зинақорлық күнә болып табылады. Бірақ одан да артығын, яғни жүрек, ой және көзқарас тазалығын талап етеді. Адам тек өз әрекеттері ғана емес, ойлары мен ниеттері үшін де жауапты болып келеді.

Бірақ Таулы Өсиет де ізгіліктік ережелердің сипаты мен бағыттылығын түбегейлі өзгертетін уағыздардан тұрады. Көне Өсиетте көптеген ежелгі халықтарға таныс талион немесе «қанға қан» кек алу ережесі көрсетіледі. Бұл ережені Иса толығымен алып тастайды. *«Ал мен сендерге былай деймін: зұлымдық жасағаннан кек алма! Егер біреу бетіңнің оң жағын ұрса, оған сол жағыңды тос; кейбіреуі соттасып, көйлегіңді тартып алғысы келсе, оның шапаныңды да алуына қарсы болма!»* (Матай 5: 38–40).

Махаббат заңы туралы уағыздар да осы мағынада көрсетіледі: *«Сендер «маңайындағы кісіні» жақсы көріп, жауыңды жек көр дегенді де естідіңдер. Ал мен сендерге былай айтамын: жауларыңды жақсы көріңдер. Өздеріңді қудалағандар үшін Тәңір иеге сиынып мінәжат етіңдер!»* (Матай 5: 43–44). Екі ақырғы уағыз Көне Өсиетте айтылғанға қайшы келетін қағидаларға үйретеді. Олар «ізгіліктің алтын ережесіне» бірлеседі: *«Сонымен, көктегі Әкелерің қандай мүлтіксіз болса, сендер де сондай мінсіз болыңдар!»*.

Діндар адамдар Таулы Өсиетте христиан ілімінің мәні көрсетілген деп ойлайды. Бұл жүрек, махаббат, іштей күй және Құдайды таза, мықты сеніммен даңқын шығару діні болып табылады. Құдайдың патшалығы Құдайды таныған әр адамның іші мен жүрегінде орналасқан.

Сол себептен Көне Өсиетті жетік білетін адам Исаны бірнеше сөзбен жаңа ілімнің мәнін түсіндіруді сұрағанда, Иса оған: *«Шың жүрегіңмен, бойындағы бар жаныңмен және ой-санаңмен Жаратқан иеңді сүйе біл. Бұл ең бірінші және негізгі өсиет; екіншісі, де соған ұқсас: «Өзіңді қалай сүйсең, жақыныңды да солай сүй»* (Матай 22, 36:40).

Христиан діні адамның Құдайға жақындастыратын жетілу жолын бойсұну, өз нәпсілерінен бас тарту, қарапайымдылық, рақымдылық, мейірімділік, ізгіліктік арықыл анықтайды. Христиан дінінің ең негізгі ізгі қағидалары – сенім, үміт және махаббат. Осы қағидаларды ұстанған адамның өмірі нұрға бөленіп, құтылу мен мәңгілік өмір сүру мүмкіндігіне иеленеді. Павел апостолы өзінің асқақтатылған әнұранында махаббатты әндетеді. Егер адам көп тіл біліп тұрып, оның бойында махаббат болмаса – онда оның барлық талпыныстары бекерге кетеді. Егер ол дүниенің құпияларын танып, дінді тауды қозғалта алатындай игеріп, ұстанғанымен, бірақ, махаббат дегенді білмесе – онда ол текке де тұрмайды. Егер ол өзінің бар мүлкін таратып тастап, денесін өрттелуден аямаса, бірақ, махаббаттың не екенін білмесе – онда оның бұл әрекеттерінің құны болмайды. *«Махаббат шыдамды да мейірімді, ол еш қызғанбайды, мақтанбайды, паңданбайды. Махаббат не жүгенсіз, не өзімшіл, не ашушаң емес, ол кек те сақтамайды»* (Қорынттықтарға арналған 1 хат, 13: 4–7).

Сенім, үміт және махаббат ізгіліктерінің ішінен Апостол махаббатқа артықшылық береді. Өйткені, үміт те, сенім де, білім де, көрегендік те Құдайдың патшалығында орындалады. Тек Құдайға деген шексіз махаббат мәңгілік өмір сүреді. Апостол жер бетіндегі өмірді меңзей отырып, «мұнда үш ізгілік, яғни сенім, үміт және махаббат бар; бірақ махаббат олардың ішіндегі ең ұлығы».

Догматикалық ілім мен ғұрыптық әрекеттердің жүйесін бекіте отырып, христиан діні күллі әлем бойынша таралды. Бірақ, ХІ ғасырда Батыс пен Шығыс шіркеулері арасындағы көп ғасырлар бойы өршіген келіспеушіліктер шіркеулердің бөлінуіне алып келді. Шығыстық шіркеу православие деп атанса, Батыс шіркеуі католиктік деп танылды. Біздің ендігі міндетіміз олардың догматика мен ғұрыптық тәжірибені түсіндірудегі айырмашылықтары неге негізделетінін анықтау болып табылады.

Қазақстан территориясында ежелгі ғасырлардан бері христиан дінінің осы екі тармағы қалыптасып, дамып келді. Бірақ, православие діні екі маңызды себеп бойынша басым рөлге иеленген болатын. **Біріншіден**, православие құрамында Қазақстан болған (XVIII–XIX ғғ.) Ресей империясының мемлекеттік діні болып табылды. **Екіншіден**, тәуелсіз Қазақстанда православие діні көлемі және ықпалы бойынша екінші конфессия болып табылады, ал ислам мен христиан діні арасындағы конфессияаралық сұхбат елдегі діни жағдайдың сипатын анықтайды. Ол туралы біз оқулықтың екінші тарауында нақтырақ айтып өтеміз.

Бақылау сұрақтары

1. Әлемдік христиан дінінің пайда болуының негізгі әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын атап шығыңыз.
2. Христиан дінінің пайда болуына қандай үрдістер септігін тигізді?
3. Христиандық ілімнің рухани қайнар көздеріне қысқаша сипаттама беріп кетіңіз.
4. Негізгі христиандық догмалардың мәні неге негізделеді?
5. Рухани-ізгіліктік құндылықтардың христиандық жүйесінің мазмұнын ашып көрсетіңіз.

Православие және оның Қазақстан территориясында таралуы

Үш мыңжылдық бойы көптеген халықтар православие дінін ұстанып келе жатыр. Ең алғашқы шығыс шіркеулері Александриялық, Антиохиялық және Иерусалимдік болды. 988 жылы Владимир («Қызыл күн») князінің басқаруы кезінде орыс халқының ұлы өркениеттік таңдауы, яғни Русь елінің шоқинуы іске асырылды. Православие діні орыс мәдениетінің рухани негізіне айналып, ұлттық мінез бен орыс тарихының ұлықтылығын анықтап, ислам мен басқа да діндерге қатысты толеранттылықты тәрбиелеуге септігін тигізді.

Православие дінінің шежіресі Иса Пайғамбар жетекшілік еткен ерте апостолдық қауымдастықтан басталады. Христиандық догматика мен құндылықтар жүйесі туралы жоғарыда айтылғандардың барлығы православие ілімінің мазмұны болып табылады.

Православие дінінің ғұрыптық тәжірибесінің ерекшеліктері қандай?

Православиялық ғұрып – бұл діндарлардың өзара бірлесе отырып, Құдаймен бірлесудің жоғары дәрежесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін құпиялар, ғұрыптар мен рәсімдердің жиынтығы болып табылады. Діни өмірдің негізгі оқиғалары православие дініндегі жеті құпия болып табылады. Оның аты жасалынып жатқан әрекеттерді шынайы ақыл арқылы толық ұғынуға келмегенімен, олардың құпия және қолжетімсіз болып келетіндігін білдіреді. Аталмыш құпияда сенімнің арқасында қарапайым әрекеттер мен деректі заттар арқылы дерексіз, табиғилықтан жоғары тылсым дүниелерге, рухани әлемге қол жеткізуге болатыны шүбәсіз болып келеді. Құпиялық (лат. sacramentum) – христиан дініне тән ерекше ғұрыптық әрекеттер. Егер ғұрыптарда Құдаймен бірлесу символикалық тұрғыдан іске асырылса, онда құпиялықта Құдай шын мәнісінде адамның өміріне еніп, оны рухани түрде өзгертеді.

Бірінші құпияшылдық – Шоқындыру, ол кезде адамды үш рет суы бар купельге түсіріп, «Қасиетті Әке, Ұл және Қасиетті Рух атымен бастаймын» деп айтады. Бұл шіркеуге келетін әр адамның өміріндегі басты оқиға болып табылады. Ол Аспаннан Қасиетті Рухтың көгершін түрінде түсіп, Құдайдың: «Бұл менің сүйікті ұлым» деген даусы шығып, Жоханның Иса Пайғамбарды Иорданның суларында шоқындыруын еске салады. Шоқындыру адамның бойынан барлық күнәһарлық ойлар мен әрекеттерді жойып, рухани тұрғыдан тазалап, шарықтатады.

Бұдан былай ол христиан дінін қабылдап, шіркеуде көрермен емес, ал барлық құпияшылдықтар, шіркеулік қызметтер, рәсімдер мен мерекелерге толыққанды қатысушы ретінде үлесін қоса алады. Сол себептен шоқындыру адамның рухани тұрғыдан дүниеге келуі деп есептеледі. Ол өмірде бір-ақ рет болады.

Шоқындыру кезінде адамға Иса Пайғамбармен бірге жаңа өмірге енгенін білдіретін шіркеулік есім беріледі. Шоқындырылған адам христиан ілімінің орталық символын білдіретін крестті киімінің ішінде тағады. Бұл символдың мәні адамзат тарихының өркениетті тұрғыдан үзілді-кесілді өзгергенін білдіреді: адамды күнәлар мен тәндік нәпсілер азғыртатын пендешілдік өмірден Құдаймен бірлесуге асығатын рухани өмірге жетелейді.

Тарихта бұрындары крестте ең ауыр қылмыскерлерді керіп тастайтын. Жаңа тарихта Иса Пайғамбар крестке керіліп, өзін жазасын өтеу құрбандығына шалынған болатын. Крест енді осы құрбандық пен Исаның өлімді жеңіп, соның негізінде барлық адамзаттың өлімнен құтылуын білдіретін болды. Бұл мәңгілік өмірдің символы болып табылады.

Құпияшылдық кезінде киімнің ішінен киетін крестті таға отырып, діндар оны өмір бойы қорғап өтетін қасиетті христиандық символмен ортақтасады. Енді ол өміріне қауіп төніп тұрған кезде, шіркеуге кіріп, Құдайға дұға қылғанда крестті таға алады. Крест оның сенімді қорғаны, барлық бәлелерден құтылып, шаттық және рухани салтанатты күндерде Құдайдың рақымшылдығына бөленетіндігін білдіреді. Шоқындыру кезінде **миро майын жағу құпиясы** іске асырылады. Адамның маңдайы, кеудесі мен қолдарына дұғалармен тазаланған қасиетті миро майы жағылады (хош иісті май).

Күнәлардан арылу құпияшылдығы адамның өмір бойы қайталанып келетін рәсімі болып табылады. Ол өзінің күнәлары үшін әр сағат немесе әр минут сайын кешірім сұрауы мүмкін. Бірақ, осының барлығы – шіркеуде күнәлар үшін кешірім сұрау алдындағы дайындық болып табылады. Православтықтар үш күнгі ауыз бекітуден кейін таза ниетпен өзінің ішкі жан дүниесін шіркеу қызметкеріне ашып, ағынан жарылып, сол арқылы Құдайдан күнәларын кешіруді сұрайды. Православтықтар Құдай алдында тұрып, күнәлары үшін кешірім сұрау қажеттілігі туындаған кезде ағынан жарылып, шіркеу қызметкеріне өз күнәларын ашық айта алады.

Ағынан жарылып, күнәларды ашық айтқаннан кейін адамдар шіркеудің діни өміріндегі ең асыл да қасиетті рәсіміне, яғни **тазалану құпияшылдығына** жіберіледі. Ол литургия (грекше бірлесіп жасалатын әрекет), таңғы қызмет кезінде жүргізіліп, ежелгі грек тіліндегідей евхаристия (алғыс білдіру) деп аталады. Бұл құпияның түпкі үлгісі құпия Кеші болып табылады. Өздерінің ортақтасуын, яғни дұғалар және ерекше әрекеттер арқылы Иса Пайғамбардың тәні мен қанына айналатын нан мен шараптың дәмін тата отырып, православтықтар Құдаймен және шіркеумен бірлесеміз деп сенеді. Православтықтар үшін бұл рәсім Иса Пайғамбардың за-

маны арасындағы уақыт аралығын еңсеретін жоғары рухани акт болып табылады. Олар шын мәнінде Құпия кешке қатысып, оның «Мен сендердің тұла бойларыңдамын, ал сендер менің тұла бойымдасыңдар» деп айтқанын естіп отырғандай болады.

Ең салтанатты, мерекелі рәсім **неке құпиясы** болып табылады. Күйеу жігіт пен қалыңдықты қосудың құдайы мағынасын мадақтайтын дұғалар оқылады. Олардың бастарына тәж киіліп, шіркеу қызметкері олардың саусақтарына сақина кигізеді. Бұдан былай олар қуаныш пен қайғыда да, дендерінің сау және сырқат кезінде де, бақыт пен бейнетте де бірге болуы тиіс.

Жеті құпияшылдыққа сонымен қатар **абыздық мәртебе беру** мен **соборшылдық** жатқызылады. Ең ақырғы құпияшылдық сырқатты адамның азабын жеңілдету немесе оның өмірмен қоштасу мүмкіндігі үшін жасалады. Соборшылдық ғұрпы Ұлы ауыз бекіту күндері пайда болған еді.

Православие дінінде түрлі уақыттық циклдармен, тәулік, апта, жылдармен байланысқан нұрлы мейрамдар өте көп. Олардың мәні адамдарды Иса Пайғамбар, Мариам, шіркеу әкелері мен қасиетшілердің бұл дүниелік өмірлерінің басты кезеңдерін білдіретін ұлы діни оқиғалар мен шіркеудің қалыптасу мен дамуының тарихи кезеңдеріне тартып, қатыстыруға негізделеді. Православдықтар құдайға құлшылық ету рәсімдеріне жай қатысып қана қоймай, шіркеудің тарихи дамуының қатысушылары мен замандастарына айналады.

Жер бетіне Құтқарушының келуін хабарланған алғашқы оқиға Иса Пайғамбардың туылған күні (Рождество) мейрамы ретінде тойланады. Оның алдында ет және сүт тағамдарын жеуге тыйым салатын ауыз бекіту ғұрпы болады. Ол дегеніміз рухани өрлеу, игі істер жасау, шынайы сенімді нығайтып, әдепті әрекеттерді жасауға деген дайындық. Ауыз бекіту кезінде православтықтар жиі ағынан жарылып, күнәларын ашып айтып, тазаланады. Кейін осы күнде келеді. Барлық православтық ғибадатханаларда құдайға құлшылық етіліп, түнде Рождествоның алдында Кресттік жол және түнгі құлшылық ету қызметі атқарылады.

Православтықтар үшін **Иса Пайғамбардың шоқындырылуы** ұлы мейрам болып табылады. Бұл күні барлық табиғи бұлақтардағы,

көл, теңіз, өзендердегі және қраннан ағатын су физиологиялық және рухани ауруларды емдейтін қасиетті суға айналады. Православтықтар Крещение кезінде физиологиялық сергектік пен ерекше рухани күштің күшеюін сезіну үшін ойықтарға сүңгиді.

Православие дінінде ең басты мейрам **Пасха** болып табылады. Ол Исаның ұсталып, қамшыланып, Крестке керіліп, өлімді жеңіп, үшінші күні қайта тірілу күндерінің оқиғаларын елестетіп, жаңғыртады. Пасханың алдында Үлкен ауыз бекітіледі: православтықтар Құдайға дұғалар бағыштап, күнелары үшін кешірім сұрап, Иса Пайғамбарды болашақтағы рухани ерлігімен байланыстырып өздерінің жандарын тазартуға тырысады.

Үлкен ауыз бекіту Исаның қайта тіріліп, өлімді жеңіп, ұлы махаббаттың орнағандығын жариялаумен аяқталады. Барлығы қуанып, шаттанып, Құтқарылу мен мәңгілік өмірге деген үміттері жандана түседі. Бұл күні жұмыртқаларды бояп, Пасха (Крест деп аталатын ірімшік қосылған нан) пісіріп, пасхалық дастарқан жайып, Құтқарушыны дәріптейді.

Пасхадан кейін 50 күн өткеннен кейін тағы да бір салтанатты мерейтой – **Үштік** аталып өтеді. Бұл күні ғибадатханалар гүлдермен және ақ қайындардың жасыл бұтақтарымен безендіріледі. Бұл шырайлы мереке Қасиетті Рухтың Иса Пайғамбардың шәкірттеріне келуімен байланысты орын алған. Оның Елеон тауынан Аспанға шарықтауынан кейін шәкірттер Исаның анасы Мариаммен Сиондық қонақ үйге жиналды. Бір кезде қонақ үйге жел ұшып кіргендей қатты дыбыс шығып, күйдірмейтін, тек рухани сәулесімен жан жылытқан жалын пайда болады. Сол бір мезетте апостолдар Құдайдың еркін орындап, Евангелиены уағыздау үшін бұрындары білмейтін тілдерде сөйлеп кетті. Сонда Иерусалимге қонақ болып келгендер олардың бұл қабілеттерін көріп, өз тілдерінің апостолдарға қалай мәлім болып келетініне таң қалды.

Қасиетті Рухтың арқасында апостолдар емдеу, жын шайтандарды шығару, жабайы аңдарды қолға үйрету қабілеттеріне иеленді. Олар Рим империясының барлық аймақтарын аралап, қазіргі Израиль, Түркия, Грекия мен Италия елдеріне дейін жетіп, сол жерлерде христиандық қауымдастықтар құрған болатын. Осылайша Иса Пайғамбардың ілімі түрлі ұлт пен дін адамдарының жүрегін баурап, өзінің әлемдік сипатын нығайта түсті. Үштік

(Елулік) жер бетіндегі және аспандағы Иса шіркеуінің туылған күні болып есептеледі.

Православтық құдайға құлшылық ету иконалар, рухани әндер, бірлескен дұғалар, Евангелиелік оқу сияқты нұр шашатын сұлулыққа толы. Владимир князь үшін өркениетті таңдау жасаудағы шешуші аргументтердің бірі православтық құлшылық студің эстетикасы болғанын еске алайық. Оның Византияға барып келген елшілері жәннатқа түскендей тамсанып келген еді.

Дұға – адам мен Құдайды байланыстыратын, діннің негізі болатын шартсыз және ең бірінші орындалатын рәсім. Иса Пайғамбар дұғаны жұрттың алдында емес, шын жүректен, зейін қойып, екіжүзділіктен арылып барып, оқу керектігін айтты. Тек сонда ғана Құдай адамды естіп, сеніміне сай ырыздық береді. Шіркеуде ортақ дұғалар оқылып, олардың күші бірлескен рухани әрекетке, соборлыққа негізделеді.

Православтықтар иконалардың алдында тұрып дұғаларын оқиды (бірақ, иконаларға табынбайды, онда ол пұтқа табынушылық болар еді). Иконаға қарап отырып, адамдар ғайып әлемге өтіп кетіп, Үштікпен, Иса Пайғамбармен, Құдай анамен, Орыс шіркеуінің қасиеттісімен тілдеседі. Дұға бағыштағандарды бірнеше рет өлім аузынан құтқарған, жауды жеңу үшін күш-қуат берген, ауруларын емдеген ғажайып иконалар көп. Қасиеттілер иконалардан түсіп, діндарлардың үндеулеріне жауап берген жағдайлар да болған.

Ресейде дәріптелетін иконалардың біреуі –Аса қасиетті Құдай ананың ғажайып Феодор иконасы. Оның тарихы келесідей. Шайқастардың біреуінде, жау орыс әскерін жеңе бастаған кезде Құдай ананың бейнесінен жауларды тоқтатқан көз шағылысарлық сәулелер шыға бастады. Феодор иконасы – Романовтар әулетімен ерекше дәріптелген ұлықты қасиетті зат. Феодор иконасының алдында бояр Михаил Федорович Романов Земство жиналасының сайлауымен Ресей мемлекетінің тағына отырды. Кейін патшалыққа ғажайып иконаның атына ғибадатхана салынды.

Православтық шіркеу қасиеттілерді дәріптейді, ал олардың қатарына тақуалар, азап шегушілер, сенімі үшін құрбан болғандар, орыс князьдары, Отанын қорғаған жауынгерлер, әлемнен оқшаулана отырып, оның зұлымдықтан тазаруы үшін дұға оқып, тілеген тақуалар кірді. Қасиеттілердің мәйіттері мен қалдықтары

бүлінбеген күйінде қалады. Дұға мен оларға қол тигізу адамдар үшін қасиетті деп танылды.

Православтықтар қасиеттілердің аспанды, яғни Құдайдың маңын мекендейтініне сенеді және де дұға бағыштай отырып, оның өзінің сүйікті құлдарына рақымын сыйлауын сұрайды. Сонымен қатар ғажайып иконалардың пайда болуымен және маңызды шіркеулік оқиғалармен байланысты қасиетті орындар да бар. Діндар адамдар ол жерлерге Құдайға құлшылық ету мақсатымен барады. Солардың ең бастысы – қасиетті Иерусалим қаласы.

Қазақстан территориясындағы православие дінінің тарихы. Қазақстанның Ресейге қосылуымен байланысты оның территориясындағы діни жағдай түбегейлі өзгере бастайды. Ханафиттік мазхаб формасындағы ислам мемлекеттік дін болудан қалса да, қазақ халқының діни болып қала берді. Православие мемлекеттік дін деп қабылданады. Ресей империясының заңдары бойынша бірде бір азамат православие болсын, ислам болсын, ешбір діннен тыс қалмауы керек болды. Дінге қатысты балағатты, жағымсыз сөздер айту ең қатал заңмен жазаланды – 15 жылға дейін каторгалық жұмыстарға тағайындалу. Мемлекет православие және Орыс православтық шіркеудің басымдығын қамтамасыз ете отырып, діни өмір мен діни білімді қолдауға бағытталған саясатты іске асырды.

Қазақстанда патшалық үкімет тұрғылықты халықтың ерекшеліктерін есепке ала отырып, исламның Далалық аймақ үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсініп отырды. Сол себептен патшалық үкімет исламға қатысты өзінің саяси бағытын бірнеше рет өзгертті. XIX ғасырдың ортасына дейін мешіттер мен медреселер еркін салынды. Православие дінін әскери елді мекендердегі орыс тұрғындар ғана ұстанды. Онда ең алдымен кішігірім дұға оқу үйлері, ал кейін тастан жасалған ғибадатханалар салына бастады. Сол себептен Қазақстанның территориясында православие діні кең таралған жоқ.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы діни жағдай өзгерді. Патшалық үкімет мемлекеттің территориясына көрші елдердің миссионерлері еніп, орталығы Стамбул қаласы болатын бірегей Түркі мемлекетін құру идеяларын таратып жүргеніне

алаңдады. Православие дінін тек орыс тілді тұрғындар арасында ғана емес, сонымен қазақтар арасында да күшейту керек деген шешім қабылданды. Бұл шешімді орындауға Қазақстанға көшіп келген православие дінін ұстанатын орыстар өз үлесін қосты деп айтуға болады. Православтық ғибадатханалар қарқынды салына бастады. Шіркеулік ұйымдарды реттеу бойынша шаралар қабылданды. 1871 жылы Түркістандық епархия қалыптасып, кейін соның тармақтары болып қазіргі Алматылық, Шымкенттік және Ташкенттік епархиялар қалыптасты. Верный қаласына аймақтың бірінші архиепископы, танымал діни жазушы және миссионер Софоний (Сокольский) келді.

Бірақ, исламның ықпалына қарсы шара ретінде қазақи ортаға православие дінін енгізу үрдістеріне ерекше көңіл аударылды. Қасиетті синодтың (Орыс православиялық шіркеудің басқармасы) шешімімен ерекше Қырғыздық миссия құрылды. Оның қызметі өте қарқынды дамыды. Жаңа Әсиет, қасиеттілердің өмірбаяндары, құдайға құлшылық етудегі түрлі әндер қазақ тіліне аударылған болатын. Миссиялардың ғибадатханаларында рәсімдер қазақ тілінде жүргізілді, ал еркектер мен әйелдердің монастырларына жаңадан шоқындырылған қазақтар қабылданды. Бірақ, билік қазақтарды православие дініне қанша тартуға тырысса да, үлкен жетістіктерге қол жеткізу мүмкін болмады.

Кеңестік билік орнаған сәттен бастап дінге деген ашық теріс қатынас орнайды. Социализм үстемділік ететін мемлекетте марксистік-ленинистік атеистік идеология қабылданады. «Шіркеудің мемлекет пен мектептен бөлінуі туралы» үкіметтік үкім қабылдайды (1918 жылдың қаңтары). Дүниетаным, өмір сүру салты, діни және мәдени дәстүрлерді түбегейлі өзгертуге бағытталған кең идеологиялық операция басталады. Мыңдаған жылдар бойы өмірлік негізді құрап келген, халықтардың ғұрыптық және рәсімдік тәжірибесін құнарландырған нәрселер олардың рухани-ізгіліктік құндылықтарының көрінісі болғанымен, көргенсіздік, білімсіздік, оған қоса буржуазиялық көңіл-күйлердің көрінісі деп жарияланды. Ендігі тұста бұқаралық ақпарат құралдары мен білім беру жүйесі арқылы Құдай мен барлық діни ілімдерді жоққа шығаратын атеистік идеология таралды.

Дінмен идеологиялық тұрғыдан күресу шаралары дінбасылар мен діндар адамдарға қатысты қатал жазалау шараларымен

сүйемелденіп келді. Оларды таптық жаулар ретінде аяусыз қудалап, жер аударып, атып өлтіретін. Шіркеудің мүлкі тәркіленіп, тоналды. Ғибадатханалар мен мешіттер қиратылып, бұзылатын. Бұл православиe, ислам мен басқа да діндердің тарихында қара басқан, қайғылы заман болатын. Егер Ресей империясында барлық азаматтар белгілі бір дінді ұстауға тиіс болса, онда кеңестік кезеңде барлық азаматтар атеист болып, Құдайға деген сенімін марксизм-ленинизмге деген сенімімен алмастыруға тиіс еді. Бірақ, ішкі дүние мен мыңдаған жылдар бойы дамыған рухани дәстүрлерді не идеологиялық басқыншылықпен не жазалау шараларымен түбегейлі өзгерту мүмкін емес еді. Дінді әлеуметтік өмірден ығыстырғанымен, комсомол, партия және өмірден айырылу қаупін сезе отырып, кейбір адамдар үйінде Құран мен Інжілді тығылып оқып, Құдайға деген сенімдерін жүректерінде сақтап қалатын.

Отызыншы жылдары Қазақстанға Ресейден репрессияланған және барлық мүлкі мен азаматтық құқықтарынан айырылған шіркеу қызметкерлері мен діндар адамдар келе бастады. Ол қазақ халқының өмірінде ауыр және зардабы мол, ауылдар жұтап, өмірдің көпғасырлық дәстүрлі салты өзгеріп, миллиондаған адамдардың өмірін әкеткен аштық әбден күшейген кезеңімен сай келді. Халықтың басына түскен бұрын соңды болмаған қиын кезеңдер халықты рухтандырып отыратын діннің қудалануына кейін одан сайын ауырай түсті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тарихтың өзі кеңестік билікті дінге деген қатынасын өзгертуге итермеледі. 1941 жылы гитлершілер екіжүзділік танытып, Кеңес Одағына басып кірді. Ел жұмылып, фашистік басқыншыларға қарсы соғысқа тұрды. Орыс православ шіркеуі өз Отанын қорғап, халыққа рухани күш беріп отырды. Олар тарихтың ең жауапты кезеңдерінде ылғи қамқорлықтары мен көмектерін беретін. Шіркеудің қолдауынсыз, Құдайға бағышталатын қасиетті дұғаларсыз жауды жену мүмкін емес екені айдан анық бола бастады.

Қазақстанда, басқа елдердегідей, мешіттер мен ғибадатханалар қайта орнына келтіріліп, медреселер мен шіркеулік мектептер ашыла бастады. Шіркеуге бұрындары тәркіленіп алынған мүлік қайтарылды. 1945 жылы астананың діни өмірінде ең маңызды оқиға орын алады. Алматылық және Қазақстандық епархиялар

ашылып, оларды кейін әулиелердің қатарына кірген Николай (Могилевский) митрополит басқарады.

Сайланғанына дейін дінбасы Николай Ақтөбе облысындағы шалғай Шалқар теміржол станциясына жер аударылған болатын. Оны ауыл арасындағы жолда ес түссіз жатқан жерінен бір жұмысшы мұсылман тауып алған еді. Ол оны аураhanaға апарып, өзінің үйінде тұрғызды. Сол себептен православтық Епархияның қалыптасуында дәстүр бойынша православтарға жылы шыраймен қарайтын мұсылмандардың орны маңызды және ерекше.

Мұндай мысал біреу ғана емес. Басқа алматылық Митрополит пен Көкшетауға жер аударылған қазақстандық Иосиф (Чернов) (1954 жылдан бастап 1956 жылға дейін) қазақи мұсылмандық отбасыда тұрып, олардың қонақжайлылығы мен жайдарлықтарын әрдайым сезініп отырды.

Биліктің шіркеуге деген қатынасының өзгеруі атеистік заманның осымен аяқтала қойған жоқ. Дінді мойындамайтын марксизм-ленинизм ілімі әлі де болса ресми дүниетаным болып қала берді. Сыртқы қуғын-сүргіндердің қаупі басылғаннан кейін шіркеу қайтадан қыспаққа алынды.

Республиканың тәуелсіздік Қазақстанның діни өміріндегі жаңа кезең орын алды. Мемлекеттің конституциясында Қазақстан заңды тұрғыдан дін бостандығына кепілдеме беретін зайырлы демократиялық мемлекет ретінде жарияланған. Жаңа әлеуметтік және мәдени кеңістікте дін ерекше мәртебеге иеленіп, азаматтық қоғам мен оның рухани-ізгіліктік саласының жаңаруының маңызды факторына айналды. Ол туралы оқулықтың екінші бөлімінде нақтырақ айтып кетеміз.

Бақылау сұрақтары

1. Православтық ғұрыптың ерекшеліктері мен сипаттамасы қандай?
2. Православие дінінде қабылданған жеті құпияшылдық туралы айтып беріңіз.
3. Ең басты православтық мейрамдарды атап шығыңыз.
4. Қазақстан территориясындағы православие дінінің негізгі кезеңдерінің сипаттап беріңіз.

Қазақстан территориясындағы католицизм

Католицизм бүгінгі таңда саны бойынша христиан дінінің ең ірі тармағы болып табылады. Әлемнің көптеген мемлекеттеріндегі, Еуропа, Азия, Америка мен Африкадағы миллиардтаған адамдар католик шіркеуінің әлемдік деңгейдегі бірыңғай бөлшегін білдіреді. Олар түрлі мемлекеттерде өмір сүріп, тиісті заңдарға бағынғанымен, оларды бір католиктік діни ілім байланыстырады.

Ерте христиан дінінің өзіндік бағыттары болмады. Ұлы Василий, діни уағызшы Григорий, Иван Златоуст, Августин Блаженный сынды Шіркеу әкейлерінің мұралары барлық христиан шіркеулеріне теңдей жатады. Бірақ, 1054 жылы, естеріңізге салып кетейік, догматтық ережелерді түсіндіру бойынша өршіген келіспеушіліктердің нәтижесінде шіркеулер бір-бірінен бөлінді. Византия Шығыс Орталық болып, православтық деп атала бастады, ал орталығы Рим қаласында орналасқан Батыс католик діні (*katholikos* – әлемдік) деп танылды. Сол күннен бастап христиан дінінің әр бағыты өз тарихына қадам басты.

Католиктер шіркеудің Иса Пайғамбардың алғашқы апостолдық қауымынан бастама алатынына сенеді. Құтқарушы өзінің мирасқоры ретінде қасиетті Апостол Петрді таңдаған болатын: «*Сен – Петр, және де сол таста мен Өзімнің Шіркеуімді тұрғызам*» (Матай 16:18). Жаратушының еркін орындай отырып, апостол католик шіркеуінің бірінші папасы (басшысы) болып тағайындалды. Тарихта болған кейінгі папалар Иса Пайғамбардың бастапқы басшылығын қабылдап, оны бір біріне жеткізе отырып, Құдайдың жердегі өкілдері ретінде саналды.

Католицизм бойынша жаратушы күллі католик шіркеуіне Ақиқат пен береке сыйлағандай болды. Шіркеу – Құдайдың халқы, ал Иса Пайғамбар Құдай және бірінші дін қызметшісі болып табылады. Католиктер Қасиетті Кітап (Інжіл) пен Қасиетті Өсиетті (Жеті Бүкіләлемдік жиналыстардың, Жергілікті жиналыстардың қаулылары мен шіркеу әкелерінің еңбектері) өздерінің рухани қайнар көздері ретінде қарастырады. Өзіндік тарихқа қадам баса отырып, католицизм догмаларды өзгеше түсіндіріп, алғашқы жалпыхристиандық жиналыстардың тізімін католиктік жиналыстармен толықтырып, ғұрыптық тәжірибені өзгертіп, ерекше

шіркеулік иерархияны құрып, өздерінің ыңғайына қарай монахтық өмір салтын қалыптастырып, қасиеттілердің қатарына адалдығы мен дінге деген беріктілігімен ерекшелінген ізбасарларын қосады. Руханилықтың жалпы күйі мен сипаты батыс халықтарының мәдени дәстүрлері мен ұлттық сипатына сәйкестеле бастайды.

Көп ғасырлар бойы католик шіркеуі әлемдегі ең ықпалды саяси күш болып, көптеген елдердің діни жағдайына әсер етіп қана қоймай, ең беделді саяси орталық ретінде болды. Католик шіркеуінің басшысына, Рим папасына ең мықты патшалар бағынып, оны Жер бетіндегі Құдайдың мұрагері деп қарастырды.

Сонымен қатар католицизм адамзатқа өнер мен әдебиеттің, бейнелеу өнерінің, поэзияның, музыка мен архитектураның керемет шығармаларын сыйлады. Католик діні адамзат рухының әлем мәдениетінің қазынасына мәңгі кірген туындыларын жасауға шабыттандырды.

Жалпы католик діні тек Ортағасырлық Еуропаның ғана емес, ол әлемнің көптеген аймақтарындағы тарихи оқиғалардың сипаты мен бағытын анықтаған болатын. Жаһандық оқиғалар шіркеудің белгілі бір ұстанымымен байланысты болды. Ал жеке адамдардың өмірі шіркеулік қауымдастық пен діннен тыс қарастырылған жоқ. Адамның туылған сәтінен бастап өлгенге дейін өмірі дінмен өлшеніп келді. Барлық ғұрыптар, рәсімдер, іс-әрекет нормалары, тандаулары мен үміттері Құдайдың атымен байланысты болды. Оның атына арнайы дұғалар бағышталып, деннің саулығы мен құтқарылу, астықтың молшылығы мен бала сүю, құрлық пен теңізде де бейнет көрмеу және о дүниеге кеткен адамдардың күнәларын кешіру жайында тілектер тіленді. Дін мен шіркеу күнделікті тұрмыстық істерді толықтырып қана қоймай, ол өмірдің нағыз ортасы болды. Дін жанды асқақтатып, бұл дүниелік өмірдің жүгін жеңілдетіп, өмір мен өлімнің ұлы құпиясын ашып, Құдайға дұға бағыштаудан ұлы рухани бақыт алуға мүмкіндік берді.

Католицизм христиан дінінің догматикасын түсіндіруде қандай өзгертулер енгізді? Ең бірінші және маңызды айырмашылық Қасиетті Үштіктің мәнін түсінуге қатысты болып келеді. Католиктердің ойынша, Қасиетті Рух, Үштіктің үшінші бейнесі Әкеден де Баладан да шықса, ал православ діні бойынша Қасиетті

Рух тек Әкеден ғана шыға алады. Бұл католиктік догмат филиокве деп аталып (грекше «Баладан»), 1013 жылы VIII Бенедикт папасының кезінде қабылданған болатын.

Оған қоса Мәриямға «ер адамның қатысуынсыз бала біту» туралы догмат та маңызды болып келеді. Православие дінінде «ер адамның қатысуынсыз бала біту» тек Иса Пайғамбарға қатысты айтылады. Осы орайда Мәриямға қатысты «ер адамның қатысуынсыз бала біту» жағдайы басқаша түсіндірілетіндігін анықтау қажет. Ол дегеніміз Мәриям күнәдан арылып туылған жалғыз адам (догмат 1854 жылы бекітілген). Католицизмде сонымен қатар Мәриямның жаны және тәнімен бірге Көкке шарықтауы туралы догмат та бар (1950 жылы қабылданды).

Екі католиктік догмат Папаның қызметімен байланысты болып келеді. Ол Бүкіләлемдік шіркеудің басшысымен мойындалып, (342 ж.) дін және ізгілік мәселелері бойынша мүлдем жаңылысып, қателеспейді деп жарияланады.

Адамның өмірі мен өлімін анықтайтын догматтар да бар. Бейкүнә адамдар жәннатқа, ал күнәһар адамдар тозаққа түседі деген қағиданы ұстанатын православие дініне қарағанда католицизмде ғарасаттың (жұмаққа кірердің алдында тазалану) болуы мойындалады. Ол жерде адамдардың жандары тазарып, күнәларынан арылғаннан кейін олар үшін жұмақтың есіктері ашылады (XV ғ., Лиондық, Флорентиялық және Триденттік Жиналыстар).

Діндар адамдарға қатысты міндетті істер туралы тағы да бір догмат бар. Бұл догмат бойынша Иса Пайғамбар, Мәриям, апостолдар мен қасиеттілер сонша игі істер жасап, өмірге нұр мен шарапат сыйлағаны соншалықты, қасиетті дұғалар арқылы осы рухани қазынадан адамдардың күнәларын кешіріп, ғарасатта жүрген адамдардың жүгін жеңілдету үшін батасын ала алады. Осының негізінде индульгенция сату дәстүрі пайда болған еді (күнәлардың кешірілгенін растайтын арнайы грамоталар).

Католицизмнің ғұрыптық тәжірибесі өзіндік бір ерекшеліктерге ие. Католиктік ғибадатханалар мен кафедралды жиналыстар ерекше архитектуралық артықшылықтарға да иеленіп келеді. Оларды салуға ұлы сәулеткерлер қатысып, бояудың шеберлері ғибадатхана қабырғаларын өздерінің керемет туындыларымен әшекейлетін. Католиктік құлшылық ету барысында ғибадатханада орган мен ша-

бытандырушы дұға әндер айтылады. Ал діндарлар өз Әкелерінің үйінде жүріп, оның рақымына бөленгендерін сезінеді.

Католицизмде де жеті құпия түсінігі бар: шоқындыру, миро майын жағу, күнәлардан қайту рәсімі, тазалану, абыздық мәртебеге иелену, неке және соборшылдау. Бірақ, олар өзгеше түсініліп, түсіндіріледі. Шоқындыруға арналған суы бар купельге үш рет сүңгумен емес, су құюмен орындалады. Миро майын жағу шоқындыру рәсіменен бөлек жасалынады. Ол өз кезегінде сәби шағында шоқынған адамдардың шіркеуге саналы түрде кіргенін білдіретін салтанатты акт болып табылады.

Ең басты құпияны, яғни тазалауды (евхаристияны) орындауда да айырмашылықтар бар. Католиктік шіркеуде шарап қосылмаған тұзсыз нанмен ғана тазалайды. Католик шіркеуінің Катехизисінде: «Исаның құпиялы түрде әрбір Евхаристияның түрінде көрініс табуының арқасында тазалаудың тек жалғыз түрі, яғни нанмен Евхаристия рақымшылдығына толықтай бөленуге болады» деп айтылады.

Православие дініне қарағанда католик дінінде Иса Жүрегін дәріптеу ғұрпы қабылданған. Монах әйел Маргарита Мария Алялоктың түсіне Иса Пайғамбардың жүрегі кіріп, соның негізінде XVIII ғасырда ол ресми түрде қабылданды. Оған қоса, Қасиетті Құдай ана үш португалдық қой бағушы әйелдерге аян ретінде берілгеннен кейін Мәриям жүрегін дәріптеу ғұрпы да қабылданды.

Католицизмде жалпы христиандық мейрамдардан өзге Иса Пайғамбардың тәні мен қаны, Қасиетті Мәриямға еркектің қатысуынсыз бала біту, Қасиетті Евхаристия күні, Қасиетті Иса Пайғамбар жүрегінің мерекесі сияқты бөлек ерекше мейрамдар да қосылған.

Католик шіркеуінің өміріндегі ең маңызды оқиға Екінші Ватикандық Жиналыс болып табылады (1962–1965 жж.)¹. Жиналыстың шешімі бойынша шіркеу қайта жаңғыртылып, өзгеріп, жаңарып, әлемге ашылып, мәселелер мен үрей-қорқыныштарға құлақ асуы тиіс болды. **Біріншіден**, рәсімдердің мәнін сақтай отырып, оларды жеңілдету; құпияны заманның талаптарына сай

¹ Документы II Ватиканского Собора. – М.: Паолине, 1998. – 589 с.

бейімдеу; құдайға құлшылық ету барысында ұлттық тілдерді қолдана отырып, римдік ғұрыптың негізгі тілі ретінде латынды сақтап қалып, литургиялық реформа жүргізу; литургияны түрлі халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына бейімдеу сияқты шешімдер қабылданды.

Екіншіден, католиктік ұстанымдардың құндылықтардың либералды, зайырлы жүйесімен жақындасу үдерісі байқалды. Ол өз кезегінде дін еріктілігі туралы ілімнен көрініс табады: дін еріктілігінің құқығы адам табиғатына байланысты болып келеді.

Үшіншіден, католиктердің басқа христиан шіркеулерімен жақындасу, оған қоса барлық адамдардың көзін ашатын басқа да христиандық емес діндермен сұхбаттасу талпынысы жарияланған болатын. Оған қоса, католиктік шіркеу Құдайға сенбейтін адамдармен сұхбатқа түсуге талпынуға тиіс болды.

Төртіншіден, шіркеудің міндеті – адамдарға Иса Пайғамбар туралы хабар айтып қана қоймай, сонымен қатар бар заттардың тәртібін періштелік рухпен жетілдіру болып табылды. Христиан дінін ұстанушы адам белсенді әлеуметтік ұстанымда болып, адамзатқа қарсы қылмыстарға төтеп беру үшін дін бойынша өмір сүру керек болды.

Бесіншіден, католиктік шіркеу өзінің әлемдік сипатынан бастау ала отырып, халықтар мен мәдениеттер арасында байланыс орнатып, дүниені қорғаушы рөлін атқару керек.

Жалпы, католицизм діні бойынша христиан дінінің міндеті өркениет қағидаларын түбегейлі өзгертіп, Құдай мен адамның байланысын орнына келтіретін бірлестіруші, шынайы гуманизмге алып баратын өзгерістерді орнатуға негізделеді.

Қазақстанның территориясында католицизм алғашқы рет XIII ғасырда Ватикан шығыс халықтарды христиан дініне күштеп тарта бастаған кезінде пайда болды. Ұлы хандарға францискандық орденінен шыққан монахтар – Джованни дель Пано Картини, Гильом де Рубрук жіберілді. Жергілікті жағдайлар мен әдет-ғұрыптарға бейімделуге тырысатын миссионерлер де пайда бола бастады. Олар киіз үйлерде тұрып, көшпенділердің арбаларымен тасымалданып жүретін алтарьларын алып жүріп, Евангелиены уағыздады. Католиктер хандар мен жергілікті халыққа ықпалын тарату үшін несториандықтармен күресті.

Дін еріктілігі орнаған Шыңғыс ханның сарайында католиктер басқа діннің өкілдері іспетті мойындалатын. Олардың ғибадатханалары заңмен қорғалып, ал миссионерлер салықтан босатылған еді. Исламның Қазақстан территориясына кеңінен ене бастауы несториан діні мен католицизмді ығыстыруға әкеліп соқтырды.

Қазақстандағы католицизмнің жаңа тарихы ХІХ ғасырдың аяғынан басталады. Ол немістердің миграциясы мен 1863–1864 жылдарындағы ереуілге қатысқаны үшін Сібірге жіберілген поляктардың көшіп келуімен байланысты болды. ХІХ ғасырдың аяғында Қостанай қаласында Омбылық махаллаға қарайтын католиктік ғибадат салынды. Бұл ғибадатхананың дін қызметкерлері көшіп келген неміс пен поляктар тұратын Семей және Ақмола аймақтарында да қызмет ететін. Сонымен қатар Петропавл қаласында Қасиетті Иса Пайғамбар жүрегінің католиктік ғибадатханасы салынды. Бұл революцияға дейінгі салынған ғибадатханалардың ішінен әлі күнге дейін сақталынып келген жалғыз ғибадатхана болып табылады.

Қазақстан территориясындағы католиктердің діни өмірінің белсенділігі ІІ Николайдың дін еріктілігі туралы үндеу хатымен арта түсті (1905 жылдың 17 сәуірі). Қазақстанның Верный, Жаркент, Қапал және басқа қалаларында да католиктік ғибадатханалар салына бастады.

1917 жылғы көтерілістен кейін Қазақстандағы католицизм басқа да діндер секілді басып жаншылды. Ғибадатханалар қиратылып, дін қызметкерлері репрессияға ұшырады. 30–50 жылы Қазақстанға мыңдаған немістер, поляктар, литовшылар депортацияланды, ол өз кезегінде католиктік діндарлық әлеуетінің артуына әкеліп соқтырды. Бірақ сол кездері құдайға құлшылық ету рәсімдеріне ресми рұқсат берілмейтін. Сол себептен көптеген дін қызметкерлері жасырын пасторлық қызмет атқаруға бел буған болатын.

Католиктер тек 70 жылдардың аяғында ғана ғибадатханаларды салуға рұқсат алды. Сол кезде Қарағанды қаласында Қасиетті Иосиф ғибадатханасы салынды. Шамамен сол уақытта Алматының католиктері қауымдастықты заңдастырып, өздерінің қаржыларына жер үйді шіркеу қылып өзгертті.

Алайда католиктік діннің толықтай жаңғыртылуы Қазақстанның тәуелсіздік алып, діннің зайырлы мемлекетте жаңа мәртебе мен қызметтерге қол жеткізгеннен кейін ғана мүмкін болды.

Бақылау сұрақтары

1. Шіркеулердің шығыс (православтық) және батыстық (католиктік) деп бөлінуінің себебі неде?
2. Қандай догматтар католиктік шіркеумен қабылданып, бекітілді?
3. Католицизм бойынша христиан дінінің өркениеттік міндеті неге негізделді?
4. Қазақстанның территориясындағы католицизм тарихының негізгі кезеңдері туралы айтып беріңіз.

Қазақстан территориясындағы протестантизм

Протестантизм – әлемнің АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Швейцария, Канада, Австралия сияқты мемлекеттердегі көптеген шіркеулердің басын қосатын христиан дініндегі ірі бағыт болып табылады.

Оның пайда болуы XVI–XVII ғасырлардағы Батыс және Орталық Еуропа мемлекеттерінің басым көпшілігін басып алған әлеуметтік-саяси және діни қозғалыспен, яғни – Реформациямен (латынша *reformation* – өзгеру, дұрысталу) байланысты болып келеді. Өзгеріске өмірдің жеке, екінші деңгейлік көріністері емес, әлеуметтік-экономикалық формацияның өзі және оның идеологиялық негіздері, әсіресе, католиктік доктрина ұшырады. Тіреуі католицизм болған феодалдықтан өзге идеологиялық және діни ілімдерді қажет еткен капитализмге өту үрдістері жүре бастады.

XI ғасырда христиан шіркеулерінің шығыстық православтық және батыстық католиктік болып алғашқы рет бөлінгенін естеріңізге түсіріңіз. XVI ғасырда екінші бөліну орын алады. Католицизмнен протестантизм бөлініп шығады. Шіркеулердің бөлінуі қоғамның әлеуметтік және мәдени өміріндегі түбегейлі өзгерістермен, заманның қажеттіліктеріне жауап беретін құндылықтар жүйесін бекіту қажеттілігімен негізделетіні белгілі.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, протестантизмнің пайда болуының **екі негізгі** себептерін ашып көрсетейік.

Біріншіден, әлеуметтік-экономикалық формацияның ауысуы, өмірдің барлық өткен негіздерін дүниетанымдық тұрғыдан қайта ұғыну талаптарын алдыға қойған шаруашылықтың жаңа түрінің қалыптасуы.

Екіншіден, рухани және діни салада жүріп жатқан үрдістер. католицизм дінідегі Папаны ұлықтау, индульгенцияларды сату, дін басыларының өз қызметтерін асыра пайдалануы, сенімнің ішкі мазмұнын артқа қойып, ғұрыптарды сырттай ғана орындауы тұрғындардың арасында ғана емес, сонымен қатар шіркеу қызметкерлері мен монахтардың арасында да наразылықты тудырды.

1517 жылдың 31 қазанында неміс теологы және монах Мартин Лютер (1483–1546 жж.) бәрінің көзінше өрістеп бара жатқан наразылықты білдіріп, Виттенберг қаласындағы Собор есіктеріне индульгенция сату мен католик шіркеуінің ілім рухына қайшы келетін әрекеттерін сөгетін 95 тезисті қорықпай іліп тастаған болатын. Бұл барлық қорқыныш пен үрейді еңсеріп, басқа жолға түсу жігерлігін талап ететін батыл да өжет қадам болды. Лютердің бүлігі Папаның ызасын тудырып, Германияға бүлікші монахты шіркеуден тайдыру үшін Булла жіберілген болатын. Лютер бәрінің көзінше Булланы (1520 ж.) өртеп, өзінің бастаған ісін аяғына дейін жеткізетінін және католицизмнен толықтай бас тарту ниетін білдірді.

Ол христиан дінінен емес, католицизмнен бас тартты. Лютер Иса Пайғамбардың сөздері мен өсиеттеріне құлақ асып, оның көптеген түсіндірмелері мен мындаға жылдар бойы қалыптасқан қарама-қайшы пайымдауларына мән бермей, ерте христиан дінін жаңғыртқысы келді. Бұл оның рухани қайнар көз ретінде тек Қасиетті Кітапты (Инжілді) ғана мойындап, екінші христиандық қайнар көз – Қасиетті Өсиеттен бас тартуын білдірді. Шіркеудің даңқы мен беделіне күмән келтірілді.

Лютердің ілімі бойынша адам Құдаймен тілдесу үшін делдалдар қажет емес. Ол үшін ең бастысы – ауыз бекіту, иконалар мен ұлықтарды дәріптеу емес, іштей күнәлары үшін өкініп, шынайы таза сенім білдіру болып табылады. Оның қалағаны күнәдан арылу мен мәңгілік өмір, ал оған тек сенім арқылы қол жеткізуге

болады (шіркеу емес, ал сенім арқылы құтқарылу). Әрбір христиан басынан кешкен қайғысы, қуанышы және үміттерімен Құдай алдына барып, шіркеулік иерархияның араласуынсыз-ақ бүкіл жауапкершілікті өз мойнына алады. Сонымен, Лютер шіркеудің беделіне қарсы шығып, оны сенімнің беделімен алмастырып, діндарлықты адамның ішкі дүниесі ретінде қалыптастырды.

Оның ілімі бойынша православие мен католицизмде қабылданған жеті құпияшылдықтың орнына Інжілде айтылатын шоқындыру мен тазалау құпиясын ғана қалдыру керек. Осы екі құпияға ол жаңадан бір мән беріп, жалпыға ортақ қасиет туралы ілімді дамытады. Ол шоқындыру кезінде әр адамға құдайдан құт-береке беріледі деп сендіреді. Сол себептен дін қызметкерлері мен қарапайым адамдар арасында айырмашылық жоқ және де Інжілге қол қою арқылы, сонымен қатар апостолдық ырыздықты тек таңдаулыларға өткізу құпиясын орындаудың ешқандай қажеттілігі жоқ екені айтылады.

Лютер тазалау құпиясын да өзінің доктринасына сай түсінетін. Ол бойынша Иса Пайғамбардың тәні мен қанынан тұратын Қасиетті сыйды қабылдап жатқан адамның жүрегінде шынайы сенім болмаса оның күші жойылады. Қалған бес құпияшылдықты Лютер ғұрып ретінде қарастыратын. Ол ауыз бекітуді алып тастап, қасиеттілер мен шіркеу мейрамдарының басым көпшілігін дәріптемеуді ұсынды. Ол шіркеулік өмірдің қайта құрылып, дін қызметкерлерінің қауымдастық арқылы сайлануын жақтады.

Өз ілімінің қағидаларын орындау үшін Лютер Папаны католиктік әлемде латын тілінде (Вульгата) ғана мойындалған Інжілді оқып, халыққа түсіндіру дәрежесінен айыруға бел буды. Жалпы неміс әдеби тілінің негізін қалаушыларының бірі бола тұрып, ол Інжілді неміс тіліне аударды (аудармаға өмірінің 15 жылын жұмсады). Бұл адамдарға Қасиетті Кітапты шіркеудің көмегінсіз-ақ оқып, Құдаймен сұхбаттасуға мүмкіндік берді.

Лютердің идеяларын Германияның сол кезде бөлек княздықтарға ыдыраған көптеген неміс княздары қолдаған болатын. Олардың жалпы жиналысында, Шпеердағы рейхстахта (1526 ж.) әрбір князь өзінің ұйғарымы бойынша қол астындағы адамдары үшін дін таңдай алады деген шешім қабылданды. Бірақ, үш жылдан кейін сол қаладағы рейхстахта бұл шешім жоққа шығарылды,

өйткені, католицизм өз ұстанымдарынан бас тартпады. Сонда бірнеше князь аталмыш заңсыз шешімге қарсылық білдірді. Осылайша жаңа діни бағыттың атауы қалыптасты. 1855 жылы протестанттарды қуғындаудан кейін император Карл V олармен келісім жасап, содан кейін княздар дінді өздерінің қалауы бойынша таңдайтын болды. Нәтижесінде Германияның солтүстігінде протестантизм, ал Оңтүстігінде католицизм орнады.

Шіркеуді реформаландыру қозғалысы жалпыеуропалық сипатқа иеленді. Протестантизмнің тағы да бір ірі идеологы Жан Кальвин (1509–1564 жж.) болатын. Ол ілімге әлеуметтік-экономикалық және өркениеттік өзгерістердің рухына жауап беретін мағына берді. Ол «тағдыр» догматын негіздеді. Осы догматқа сәйкес Құдай әлемді жаратқанға дейін адамдардың қайсысы таңдалып, рақымшылдық пен құтқарылу нұрына бөлінетінін, ал қайсыбірлерінің тозақтағы мәңгілік азапқа түсетінін анықтап қойған болатын. Ешқандай талпыныстар, ізгі істер мен асыра діншілдік Құдайдың бұл жазмышына әсер ете алмайды. Адамның қолынан келетін тек жалғыз нәрсе – ол өзінің осы дүниедегі «мақсатын» іске асыру, яғни өз күшін кәсіби қызметке жұмсау болып табылады.

Құдайға монахтық қызмет пен дұғаларға берілу емес, белсенді іскерлік, кәсіпкерлік, пайда мен капитал көзі болып табылатын еңбегінің жетістігі керек. Дүниетанымдағы мұндай түбегейлі өзгерісті бұрынғы дәуірлер көрмек түгіл елестете алмайтын. Бұл дүниенің кәсіби қызметі – Құдайдың адамзат алдында қойып отырған міндеті. Соның нәтижелері бойынша адам өзінің Құдаймен таңдалғанын әлде таңдалмағанын біле алады. Ой-өрісі ерекше және соған тән әрекет ететін мүлдем басқа адам қалыптаса бастады.

Протестантизм бойынша өмірдегі жетістік Құдайға ғана қажет емес, сонымен қатар ол оған барар жолды да ашады. Сол себептен аскеттік өмір салты, өмірдің қуанышы мен шаттығынан бас тартып, діни міндетті орындауға бар күш-жігерді жұмсау, яғни осы дүниелік істерде жетістіктерге жету ұсынылады. Ұқыптылық, нақтылық, сабырлылық, еңбекқорлық және үнемшілдік сияқты қасиеттерін игеру талабы қойылады.

Капитализмге қажетті «Уақыт өмір екенін естен шығарма... Ақша табиғатынан көбейіп, жаңа ақшалардың көзін аша алатынын ұмытпа» деген өмір тұжырымдамасы қалыптасады. Адал еңбек, әсіресе табыс әкелетін еңбек Құдайдың адамзат алдына қойған міндеті, бұл жағдайда қарапайым жұмыс емес, ақылға негізделіп ұйымдастырылған қызмет қана Құдайдың көңілінен шыға алады. Тәннің рақаты мен күнәға толы шаттық үшін емес, Құдай үшін еңбек етіп, баю керек. Кәсіби борышты орындаудың нәтижесі ретінде байлық тек мораль тұрғысынан ақталып қана қоймай, сонымен қатар тағдыр деп те түсіндіріледі. Кальвиннің бұл ережелері оның негізгі «Христиан дініндегі ақыл-өсиет» атты еңбегінде айтылған.

Өзінің ұстанымдары үшін Франциядан қуылғаннан кейін ол Женева қаласында тұрақтанып, шіркеулік ұйымның жаңа формасын қалыптастырып, өзіне зайырлық билікті бағындырды десек те болады. Протестантизмнің жария еткен ар-ұждан бостандығы өмірді қатты шектеумен, мейрамдарға, ойын-сауықтар, билер, ашық түсті киімдер мен әшекей бұйымдарға тыйым салумен аяқталды. Женева тұрғындары әдет-ғұрыптардың қатал тәртібін қалыптастыратын қырағы бақылауға түсті. Кальвин өзінің іліміне әмбебап сипат беруге тырысты. Оның шіркеулік өмірді ұйымдастыру қағидалары көптеген еуропа мемлекеттерінің кальвиндік қауымдастықтарында қабылданды.

Лютер мен Кальвин ілімдерінің мысалы арқылы біз ерте тарихи дәуірлерде протестантизмнің бірыңғай ілім болмағандығын аңғарамыз. Көптеген шіркеулер үшін ортақ қағида Қасиетті өсиет пен католик шіркеуінің делдалдық қызметінен бас тарту болды. Басқа жағдайларда протестантизмнің ағымдары мен бағыттары діни мәселелер мен діни қызметті өздігінше түсініп, шешетін.

«Бірінші толқыннан» кейін (лютерандылық, кальвинизм және англикандылық¹) біраз уақыт өткен соң «екінші толқын» (баптизм, адвентизм), ал содан кейін үшіншісі – неопротестантизм (Иегова куәгерлері және т.б) пайда болады. Жаңа протестанттық шіркеулердің қалыптасу үрдісі әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

¹ Бұл католицизмге тән кейбір белгілерін мойындайтын, протестантизмнің ерекше бағыты. 1571 ж.ағылшын парламентимен бекітілді.

Бұл бөлімде біз Республиканың тәуелсіздік алғанына дейін Қазақстанның территориясында протестантизмнің қандай бағыттары болғанын қарастырып өтеміз. Екінші бөлімде біз осы бағыттарды талқылап, олардың зайырлы мемлекеттегі мәртебесі мен қызметі қалай өзгергенін анықтаймыз. Оған қоса, елімізден тыс қалыптасып, әлемнің басқа аймақтарында тарихы қалыптасқан және Қазақстанның территориясында Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қызметін жүргізе бастаған жаңа протестанттық бағыттардың қызметі көрсетіліп өтеді.

Қазақстандағы лютерандылық дінін әдетте неміс тұрғындары ұстанатын. Немістер Қазақстанда әскери елді мекендер мен форттар пайда болған кезде келген болатын. Лютерандық қауымдастықтар XIX ғасырдың жартысында Өскемен, Семей, Петропавл, Ақмола қалаларында пайда болды. XX ғасырдың басында мұндай қауымдастықтар Әулие ата, Шымкент және Верный қалаларында да қызмет ете бастады.

Кеңестік кезеңде лютерандық басқа діндер сияқты қудаланды. Сенушілер биліктің күдігін тудырмас үшін біресе дұға оқу үйінде, екінші күні басқа үйде жасырын жиналып жүрді. Лютерандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жағдайы тым нашар болды. Оларға сатқындылық деген кінә тағылып, катал жазалану қаупі тұрды. 1956 жылы Целиноград қаласында лютерандық қауымдастық ресми түрде тіркелді. Ал 70–80 жылдары лютерандық қауымдастықтар Қазақстанның түрлі қалаларында пайда болып, тарала бастады. Жалпы, КСРО дағы лютерлік қауымдастықтардың жағдайы атеистік мемлекеттегі діннің теріс бағалануымен анықталды. Қауымдастықтар жабық күйінде өмір сүріп, әлеуметтік дәрежеге иеленбей, басқа конфессиялармен өзара әрекеттеспеді. Олардың өмірі бір сенімдегі адамдармен діни тақырыптарға сөйлесіп, әңгімелесуімен өтіп жатты.

Баптизм (грекше *baptize* – суға сүнгімін). Протестантизмдегі бұл бағыт XVII ғасырдың басында Англия және Голландия елдерінде пайда болды. Оның негізін қалаушысы ағылшын шіркеуінің діни қызметкері, Кембридж университетінің түлегі Джон Смит (1554–1612 жж.) болатын. Баптизм діннің қайнар көзі

ретінде Инжілді мойындап, Иса Пайғамбарды өз шіркеуінің негізін қалаушысы деп есептейді. Ол Кальвинның «тағдыр» догматын қайта қарастырған болатын. Баптизм сабырлықтың сарындарын жандандыра түседі. Иса Пайғамбардың күнәні өтеу жолындағы құрбанына сенетін адам Құтқарыла алады. «Евангелдік христиан-баптисттер кешіру мен мәңгілік өмір сыйы әр адамға беріледі деп сенеді». Құтқарылу ырыздығы бізге сый ретінде беріледі, өйткені, Иса Пайғамбар өзінің қанымен бізді күнә мен өлімнен арашалап қалды. Құтқарушы бізге тиісті жазалауды өзіне қабылдап, бізге мәңгілік өмір сыйлады.

Баптисттер шоқындыру мен ортақтасу ғұрпын мойындағанымен, оларды құпияшылдық емес, қарапайым ғұрыптар ретінде түсінеді. Суға сүңгу арқылы жасалынатын шоқындыру адам өз сенімін түйсінген кезде ғана жасалынады (16 жастан бастап). «Адам өзінің сеніміне сай қайта туылу белгісі ретінде Қасиетті Әке, Ұл және Қасиетті Рух атымен шоқындыруды қабылдайды. Ол Құдайға ізгі ар ұжданның антын беріп, онымен өсиет одақ құрады». Баптисттердің сенімінше, тазалануда (евхаристия) нан мен шарап Исаның тәні мен қанына айналмайды. Дін тұтушы адам Құдаймен тек символикалық түрде бірлеседі деп айтуға болады. Баптизм сенімді сананың жоғары деңгейіне көтереді, сол себептен әлемнің көптеген мемлекеттерінде танымалдылыққа иелене бастайды. Мәселен, Лондонда Баптисттердің Бүкіләлемдік одағы қызмет етеді.

Қазақстанның территориясында алғашқы баптистер шаруалар мен түрлі шендегі қызметкерлер, патшалық Ресейден Қазақстанға көшіп келген адамдар болатын. XX ғасырдың басында баптистер Қазақстанның Украина мен Орынбордан келген адамдар тұратын Тараз, Верный, Николаевка сияқты қалалырында өз қызметтерін бастаған болатын. Олар өздерінің миссионерлік қызметтерінде табандылық пен белсенділікті көрсетіп, көршілері, достары мен туысқандарын тартып, өздерінің діні әр адамның Құдайдың назарына ілініп, күнәларының кешірілуін қалайтын талпыныстарына жауап беретін нағыз ашық дін деп түсіндіреді.

Жетінші күннің адвентисттері (латынша *adventus* – қиямет-қайым). Протестантизмнің бұл бағыты XIX ғасырдың 30-шы

жылдарында қалыптасты, ал олардың негізгі шыққан тегі Америка мен Еуропа болатын. Оның негізін қалаушысы – Уильям Миллер, Хэмптон қаласындағы (АҚШ) баптистік қауымдастықтың уағыздаушысы. Ол діндарлардың назарын Иса Пайғамбардың екінші келуін күтуге бағыттайтын, жаңа бағыттың аты осыдан да пайда болады. Көне Өсиеттің әулиелік кітаптарын зерттей отырып, Уильям Миллер әлемнің барлық христиандары мыңдаған жылдар бойы күткен ұлы оқиғаның нақты уақытын – 1843 жылдың 21 наурызы беп бекітті. Бұл көрегендік орындалмаған соң, уақыт өзгертіліп, кейінгі адвентистер нақты мерзімдерді айтудан бас тартты.

Уильяма Миллердің ізбасары американдық әйел Элен Уайт болды. Ол ілімге бірқатар жаңа өзгерістерді енгізді. **Біріншіден**, ол апта күндерінің бұрынғыша Көне Өсиетте көрсетілген атаулармен атауды, яғни Құдайға толығымен арналуы тиіс аптаның жетінші күнін сенбі деп атауға ұсынды (осыдан – жетінші күннің адвентисттері). **Екіншіден**, «санитарлық норма» дегенді енгізген болатын. Екінші келуді күтумен байланысты адвентисттер оған тек рухани емес, ал сонымен қатар тәндік тұрғыдан дайындалу керек, яғни шошқа етін жемей, шай, кофе және алкоголь өнімдерін пайдаланбай, салауатты өмір салтын ұстанып, көбірек қыдырып, далада жүріп, дәрілердің белгілі бір түрлерін қолданбау керек деп ойлады.

Адвентисттер протестантизммен қабылданған христиандық догматтарды мойындағанымен, өздерінің түзетулерін енгізеді. Мәселен, олар адамның жаны тәнімен бірге өлетініне сенеді, яғни жанның мәңгілік өмір сүруіне сенбейді. Бірақ Иса Пайғамбардың екінші келуімен адамның жаны мен тәні бірдей қайта тіріледі деп ұйғарады.

Ресейде жетінші күннің адвентисттері XIX ғасырдың ортасында әдебиет көздерімен қамтамасыз етіп отыратын шетелдік қолдаушылардың ықпалымен пайда болды. XX ғасырдың басында (1902 ж.) бірінші адвентистік қауымдастықтар өздерінің қызметін Қазақстанда, яғни Өскемен, Семей, сонымен қатар Ақмола облысының кейбір елді мекендерінде бастаған болатын. Жетінші күннің адвентисттеріне шетелден демеушілік көмек көрсетіліп отырды.

Жоғарыда аталған барлық протестанттық бағыттар басқа мемлекеттер мен өзге мәдени және тарихи жағдайларда пайда

Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы

болғанымен, оларды Қазақстандағы белгілі бір этностық топтар үшін дәстүрлі деп есептеуге болады. Екінші тарауда осы діни бағыттардың зайырлы мемлекеттегі рөл мен функциялары қалай өзгергені қарастырылатын болады.

Бақылау сұрақтары

1. Протестантизм пайда болуының негізгі тарихи себептерін атаңыз.
2. Мартин Лютер іліміне қысқаша сипаттама беріңіз.
3. Жан Кальвин протестанттық ілімне не жаңалық енгізген еді?
4. Қазақстан тарихындағы лютераншылдық (тәуелсіздікке дейін).
5. Баптисттер мен жетінші күннің адвентисттері: олардың Республика тәуелсіздігіне дейінгі Қазақстандағы тарихы.

Бірінші бөлім әдебиеттері:

Авеста. Избранные гимны из Видевдата. – М.: Дружба народов, 1993. – 207 с.

Абуов А.П., Смагулов Е.М. Религии в Казахстане. – Астана, 2011. – 232 с.

Абуов А.П. Мировоззрение Ходжа Ахмета Ясави. – Астана: Международный центр культур и религий, 2009. – 243 с.

Аюпов Н.Г. Тенгрианство как открытое мировоззрение. Монография. – Алматы: КазНПУ им. Абая, «КИЕ», 2012. – 256 с.

Библия. Книги Священного писания Ветхого и Нового Завета (канонические). – М., 2001.

Бартольд В.В. Еще о христианстве в Средней Азии // Сочинения. Т. 2. – М.: Изд. вост. лит., 1964.

Бартольд В.В. Ислам и культура мусульманства. – М., 1992.

Бартольд В.В. Еще о христианстве в Туркестане в домонгольский период // Сочинения. Т. 2. 4.2. – М.: Изд. вост. лит., 1964.

Букейханов А.Н. Казахи: историко-этнографические труды. 2-е изд. доп. Том. 14. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 303 с.

Байпаков К.М. Христианство Казахстана в средние века / Из истории древних культов. Христианство. – Ташкент, 1994.

Батыр Р. Абу-Ханифа. Жизнь и наследие, часть 1. – Атырау: Көкжиек, 2013. – 288 с.

Васильев Л.С. История религии Востока.

Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. – В 5-ти т. Т. 4. – Алма-Ата, 1985.

Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1992. – 504 с.

Дхаммапада. Перевод с пали. Введение и комментарий В.Н. Топорова. – М.: Изд. вост. лит., 1960.

Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.

Ислам: историографические очерки / Под ред. С.М. Прозорова. – М.: Наука, 1991.

История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Т.1. – Алматы, 1996.

История Казахстана и Центральной Азии в мировой ориенталистике. К 550-летию Казахского ханства. Часть 1. – Астана: КИСИ, 2015; часть 2. – Астана: КИСИ, 2016.

Ислам. Словарь. – М., 1998.

Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь под ред. С.М. Прозорова. Т. 1. – М.: Вост. лит. РАН, 2006. – 655 с.

История религии. В 2-х т. под общ. ред. И.Н. Яблокова. – М.: Высш. шк., 2007. – Т. 1. – 464 с., Т. 2. – 676 с.

Коран, перевод акад. И.Ю. Крачковского. – М.: Наука, 1990. – 727 с.
Кляшторный С.Г., Султанов Г.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 378 с.

Классики мирового религиоведения. Антология. – М., 1996.
Колчигин С.Ю. Загадка Будды. (Книга – Гипотеза). – Алматы: Институт философии, 1997. – 128 с.

Корбэн А. История исламской философии. – Москва: Прогресс-традиция, 2009. – 408 с.

Кулаков А.Е. Религии мира. – М., 1996.

Кудайбердиев Ш. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских дианстий. – Алма-Ата, 1990.

Косиченко А.Г. Ислам и православие в Казахстане: история и концептуальные вопросы взаимодействия. – Астана: Ассамблея народа Казахстана, Комитет науки Министерства образования и науки РК, Академия управления при Президенте Республики Казахстан; Астана, 2016. – 224 с.

Лютер М. Краткий катехизис // Книга согласия. Вероисповедание и учение лютеранской церкви. – М., 1998.

Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1996.

Машкевич А.А. Евреи и мир. Штрихи к портрету еврейской цивилизации. В 2-х томах. – Алматы: Эдельвейс, 2006. – 184 с.

Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы, 1999. – 286 с.

Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. www.akorda.kz 12 сәуір 2017.

Нургалиева А.М. Очерки по истории Ислама в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 224 с.

Нуртазина Н.Д. Народы Туркестана: проблемы Ислама, интеграция, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX–XX веков). – Алматы: Қазақ Университеті, 2008. – 166 с.

Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). 1 том. (Қазақ философиясының қалыптасуы; ежелгі түркілік дәуір) – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2014. – 400 б.

Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). 2 том. (XV–XIX ғасырлардағы қазақ философиясының тарихи сипаттамасы) – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2014. – 304 б.

Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). 3 том. (Қазақтың ағартушылық философиясы) – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2015. – 388 б.

Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). 4 том. (XX ғасырдағы қазақ философиясы) – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2016. – 392 б.

І бөлім. Дін - өркениеттік бірегейліктің өзегі

Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). 5 том. (Тәуелсіз Қазақстан философиясы) – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2017. – 344 б.

Новая философская энциклопедия в 4-х томах. – М., 2001. – Т. 1. – 744 с., Т. 2. – 634 с., Т. 3. – 692 с., Т. 4. – 736 с.

Орынбеков М.Е. Предфилософия протоказахов. – Алматы: Ғылым, 1994. – 207 с.

Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 204 с.

Прозоров С.М. Ислам как идеологическая система. – М.: Изд. вост. лит., 2004. – 471 с.

Путешествие в восточные страны Плато Картины и Гильома Рубрика. – Алматы: Ғылым, 1993.

Религиозные верования и обряды казахов. Библиотека казахской этнографии. – Астана: Алтын кітап, 2007.

Религиоведение. Хрестоматия. – М., 2000.

Религиоведение / Энциклопедический словарь. – М.: Академический Проект, 2006.

Религиозные традиции мира. В 2-х томах. – М., 1996. – 640 с.

Сегізбаев О.А. История казахской философии: от первых архаических представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с.

Султанғалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. – А.: КИСИ при Президенте РК, 1998. – 188 с.

Святитель Иоанн Златоуст. Слава Богу за все. Сб. писем. – М.: Изд. Сретенского монастыря, 2006. – 312 с.

Степаненц М.Т. Мир Востока. Философия: прошлое, настоящее, будущее. – Москва: Восточная литература, 2005. – 375 с.

Тастанова З.Т. История религий в Казахстане / Учебное пособие. – Алматы: Айтумар, 2012. – 120 с.

Токарев С.А. Ранние формы религии и их развитие. – М., 1964. – 246 с.

Трофимов Я.Ф., Иванов В.А. Религиоведение / Учебное пособие. – Караганды: Болашак-Баспа, 2014.

Хадисы Пророка (перевод и ком. Иман Валерии Пороховой). – М., 2000. – 192 с.

Ходжа Ахмет Ясави. Хикметы. – Алматы: Дайк Пресс, 2004.

Хрестоматия по исламу. – М.: Наука, Вост. лит., 1994. – 234 с.

Христианство. Энциклопедический словарь в 3-х томах. – М., 1993. – 2320 с.

Энциклопедия религий. – М.: Академический Проект; Гаудеамус, 2008. – 1520 с.

II бөлім.
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН.
ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІН

1 тарау. ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ, ДІНИ СЕНІМ
БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ДІННІҢ ЖАҢА МӘРТЕБЕСІ

Зайырлы мемлекет пен діни сенім бостандығы

Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін еліміздің тарихында жаңа кезең қалыптасады. Әлемнің картасында халықаралық қоғамдастыққа конфессияаралық және этносаралық келісім мен өзара түсіністіктің кемел үлгісін сыйлаған жаңа егеменді мемлекет пайда болды. Әлемнің түрлі аймақтарында дінаралық шиеленіс өрістей түсіп, жалған діни экстремизм мен халықаралық терроризм жаһандық мәселеге айналып жатқанда, Қазақстан халқы «Бір ел, бір халық, бір тағдыр» қағидасы бойынша келісім мен бейбітшілікте өмір сүріп жатқан еді.

Конституцияның бірінші бабында Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде жарияланған. Ендігі тұста біз зайырлы мемлекеттің негізгі қағидалары қандай және біздің елімізде діннің қандай қызмет атқаратынын анықтап алуымыз керек.

Республикадағы діннің жағдайы *ішкі* және *сыртқы* себептермен анықталады.

Бірыңғай жаһандық кеңістіктің құрамдас бөлігі болып табылатын Қазақстанның сырттан енген түрлі ықпалдары мен әсерлері *сыртқы себеп ретінде* саналады. Халықаралық сипатқа діни сананың қандай үрдістері, қоғамдағы діннің қандай ахуалы тән екендігін ұғынып алу қажет. Ол үшін қысқаша тарихи шолу жасап өтейік. Ежелгі уақыттан бері діннің әлем мен адам қатынасын пайымдаудың, құндылықтар жүйесінің, мәдени дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың жүйесін қалыптастырудың негізгі, анықтаушы әдісі болып табылатынын еске түсірейік. Мыңдаған жылдар бойы адамдар діни ортада өмір сүріп, және оның өміріндегі барлық негізгі оқиғалар – туылу, тұрмыс құру, өлім – осылардың бәрі де діни

рәсімдермен сүйемелденіп келді. Тіпті мемлекет пен оның бірлігі, біртұтастығы діни доктринамен бекітілген. Діндер дүниетанымның діңгегі, өркениеттер мен мәдениеттерді қалыптастырудың негізі болып табылды.

Бірақ, XVI ғасырдан бастап Еуропада Реформация қозғалысы басталып, дүниетанымдық негіздер өзгеріп, діннің феодализмнің орнын басқан капиталистік қоғамның талаптары мен қажеттіліктеріне сай икемделуі орын ала басталды.

Бұл *секуляризацияны* (латынша *saecularis* – әлемдік, зайырлы) орнату жолындағы ең алғашқы шешуші қадам болды. Екінші қадам сәлден соң, Қайта Өрлеу кезеңінде жасалынып, бұл жағдайда діни идеялар прогресс идеясымен алмастырылды (XVIII ғ.). Бұл жаңаеуропалық ғылымның салтанатты кезі, жаңа құндылықтар жүйесінің қалыптасып, діндердің басым рөлден айырылған дәуірі еді. Ғылым, техника, технологиялар, неғұрлым жайлы өмір сүру ортасын құру – осының бәрі дәл осы кезеңнің ұранына айналды. **Секуляризация** күшейе бастады: діни институттар әлеуметтік қызметтерінен айырылып, ғұрыптық тәжірибе азайып, адам мен қоғам өмірінің барлық салаларының діни ықпалдан арылды, дін институционалды деңгейден жеке дара деңгейге өтті. Ғылым өмір сүрудің дің мәні мен мақсатына айналды.

Бұл өз жемісін бере бастады: алғашқы ғылыми-техникалық жетістіктерден бастап заманауи коммуникативті технологияларға, Интернет пен ұялы телефондарға дейін дамыды. Бұл үрдістермен қатар нағыз өркениеттік дағдарыс (XIX ғ.) – экологиялық, антропологиялық және рухани дағдарыс орнады. Ғылым мен техниканың дамуы махаббат, адамгершілік пен қайырымдылық жолындағы кері дамуға әкеліп соқтырды. Адамдар қуанып, бақытты болудан қалып, қатыгез, өзгенің қайғысына немқұрайлы қарап, өздерінің қара бастарын ойлап, баю мақсатын көздей бастады.

Ғылым жайлылық пен қолайлылықты орнатты, керемет мәдени жетістіктерге қол жеткізді, адамдардың араласуында шектеу болмай, саяхаттау мен алыс елдерді тану мүмкіндігін берген болатын. Сонымен бірге адамды рухани тұрғыдан құлазытып, адамның осы өмірдегі мақсаты қандай, адамзат тарихы мен сондағы адам өмірінің мәні неге негізделеді деген сұрақтар бойынша ойлану-

дан қалдырды. Оған қоса, ғылымның руханияттан алшақтауы оны антигуманды мақсаттарда (атомдық бомбалар, ғылыми және техникалық технологияларды қолдана отырып, адамдарды жаппай қыру) қолданылуына әкеліп соқтырды.

Үшінші мыңжылдықтың күн тәртібіне адамзаттың рухани тұрғыдан қайта жаңғыруы, діннің әлеуметтік және мәдени салаға оралуы, оның ғылым және философиямен одақтасуы сияқты мәселелер қойылды. Сол себептен біздің кезеңіміз **постсекулярлы** деп аталады. Бүгінгі таңда Еуропа мен Азия мемлекеттеріндегі діни өмірдің жандануы осы аймақтарға тән дәстүрлі діндердің қайта оралуымен ғана емес, сонымен қатар Құдаймен тілдесудің жаңа формаларын белсенді ізденумен сүйемелденіп келеді. Ислам, неопротестанттық, неоориенталистік бағыттардағы түрлі діни бірлестіктер пайда бола бастады. Осылайша діни тәжірибенің эралуандылығы салдарынан адамдардың көптеген қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дегенмен, рухани дағдарысты арылу қажеттілігіне байланысты орын алған талаптар діни ұстанымдарды баю, билікке қол жеткізу, геосаяси уәждемелер, мәдени және азаматтық бірегейлікті ыдырату сияқты діннен алыс мақсаттарда пайдаланғысы келетін күштерді қалыптастырды. Постсекулярлық кезең, адам өмірінің барлық салаларында діни рөлдің күшеюі, көптеген жаңа діни ұйымдардың пайда болуы сынды жағдайлар Қазақстандағы діннің дәрежесі мен жағдайын шарттайтын сыртқы себептер болып келеді. Осылардың қатарына тек жаһандану кезеңіне сай келетін яғни діни көзқарастарды коммуникативті технологиялар, Интернет және әлеуметтік желілер арқылы тарату мүмкіндігін қосу керек.

Енді Қазақстандағы діни өмірдің белсенді бола бастауының **ішкі себептері** туралы айтып өтейік. Біздің Республикамыз басқа да посткеңестік мемлекеттер сияқты шіркеуді мемлекет пен мектептен алшақтатқан әлемдегі ең алғашқы атеистік держава мұрагерлерінің бірі болып табылады. Атеизмді (французша *athéism* – құдайға сенбеушілік) марксистік-лениндік доктрина формасындағы ресми идеология ретінде бекіткен болатын. Құдай мен басқа да жоғары күштерді жоққа шығаратын мемлекетте «коммунизмді құрушылардың моральді кодексі» қабылданып, ғылыми-атеистік дүниетанымды жүйелі түрде үгіттеп, насихаттады.

Мыңдаған жылдар бойы халықтың сана-сезімі мен өмір салтына терең енген дін жеке салаға айналып, ресми түрде надандық пен сауатсыздықтың нәтижесі деп жарияланды. Қазақстандықтардың тұтас бір ұрпағы осындай атмосферада тәрбиелініп шықты. Бірақ ешқандай ресми жарлықтар мен білім беру технологиялары дінді халықтың өмірінен түбегейлі ығыстыра алмады. Ол халықтың жүрегінде, оның дәстүрлері, күнделікті әдет-ғұрыптарында өмір сүрді.

Атеистік идеологиядан арылу қазақ халқына тарихи бастауларға, мәдени мұраға оралып, тарихи жадыны, ерлік кезеңді, тарихтағы маңызды оқиғаларды қайта жаңғыртуға мүмкіндік берді. Республикада діннің қайта өрлеуі әрине де қалыпты жағдай. Бастапқыда атеистік дүниетанымға мәжбүрленген азаматтар енді өздерінің діни ұстанымдарын еркін тандап, еркін тыныстай алатын болады.

Бірақ, діни көңіл-күйлердің өрістеуі зайырлық мемлекетте де пайда болады. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа арнаған баяндамалары мен Жолдауларында Қазақстан Республикасының концепциясы **зайырлы мемлекет, жоғары рухани құндылықтар мен дін бостандығы** деп нақты аталып, көрсетілген.

Бұл қағидалардың мәні неге негізделетінін ашып көрсетейік. Мемлекет пен діннің қазіргі қатынастарының көптеген түрі болады. Кейбір мемлекеттердің Конституциясында діндердің біреуі ғана мемлекеттік деп танылады. Мәселен, ислам келесі мемлекеттердің ресми діні болып табылады: Алжир, Афганистан, Бангладеш, Бахрейн, Египет, Индонезия, Иордания, Ирак, Иран, Йемен, Катар, Мавритания, Марокко, Мальдивы, Бірлескен Араб Эмираттары, Оман, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Сомали, Судан, Тунис. Православие – Грецияның мемлекеттік діні, ал католицизм – Ватикан елінікі, буддизм – Бутане, Лаос, Камбоджа, Таиланд елдерінің мемлекеттік діні болып табылады.

Бірақ қазіргі әлемнің көптеген елдері мемлекеттіліктің зайырлы түріне артықшылық береді және де бұл үлгілер мазмұны және формасы бойынша бір-бірінен ерекшелінеді. Қазақстанда зайырлық мемлекеттің ұлттық үлгісі қалыптасқан.

Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның тарихи тандауы зайырлы мемлекет екендігін баса айтқан еді. За-

йырлы атеистік дегенді білдірмейді. «Менің ойымша, зайырлы дегеніміз бұл – озық, толерантты, ашық қоғам. Біз дәстүрлі діндерге қолдау көрсетіп, кез келген экстремизм түрін үзілді-кесілді мойындамаймыз. Жастарды бізге жат болып келетін, радикалды ағымдардан аулақ ұстауымыз керек» деп атап көрсеткен еді.

Зайырлы мемлекет ресми мемлекеттік діннің жоқтығымен және қандай да бір дінді міндетті немесе артық деп тану қағидасының болмауымен сипатталады. **Зайырлылықтың** концептуалды мәнін **атеистік** мемлекетпен салыстыру арқылы анықтауға болады. Мемлекеттің атеистік сипаты шіркеудің мемлекеттен бөлінуінен ғана емес, ал шіркеуді қоғамнан бөлу саясатынан көрініс табады. Мұндай саясат кеңестік уақыт кезінде қолданылып, соның негізінде дін қызметкерлері қудаланып, жазаланып, мешіттер мен шіркеулер талқандалған еді. **Зайырлық сипат** та шіркеудің мемлекеттен, мектептің шіркеуден бөлінуін ұйғарғанымен, дін азаматтық қоғамның маңызды факторы, қоғамда толеранттылық пен өзара түсіністік атмосферасын қалыптастыру мен рухани-ізгіліктік жаңартудың маңызды міндетін орындайтын маңызды әлеуметтік институт ретінде мойындалады. Зайырлық мемлекеттің мәні оның қарама-қайшы, билік дінбасылардың қолына шоғырланған **теократиялық** мемлекетпен салыстырылуы арқылы ашылып, түсінікті болады¹.

Қазіргі әлем зайырлылықтың көптеген үлгілерін ұсынады, яғни мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың бейтараптық пен қатаң бақылауға алмаудан бастап, діни бірлестіктердің қызметін реттеуге дейінгі түрлерін ұсынды. Қазақстандық заңда әлемдік тәжірибеге сай зайырлылықтың нормалары бекітілген:

- *азаматтардың діни ұстанымдарға қарамастан өмірдің барлық салаларында теңқұқылы болуы;*
- *мемлекеттің діни бірлестіктердің қызметіне араласпауы;*
- *азаматтардың дінде деген қатынастарын таңдау мәселесіне бейтараптылық таныту;*
- *мемлекеттік білім беру стандартының сақталуы;*
- *діни бірлестіктердің заң алдында тең болуы;*
- *ар-ұждан және дін бостандығының қағидасы.*

¹ Косиченко А. Религия: сущность и актуальные проблемы. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014.

Діни бірлестіктер өз кезегінде қысым көрсету мақсатында мемлекеттік саясатты іске асыруға мүлдем араласпауы керек. Мұндай жағдай мемлекеттік қызмет пен діни өмірдің мүлдем қиылыспай қызмет етуін білдірмейді. Қазақстанда мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың ұлттық үлгісі жасалынып, діни бірлестіктермен өзара әрекеттесудің құқықтық өрісі жетілдіріліп, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданды.

Мемлекеттің дінге қатысты қызметі ең алдымен Қазақстан Республикасының конфессионалды және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты болып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Стратегиясында «бүгінгі күні халқымыз үшін діни және жалған діни ағымдардың мәселесі өте маңызды болып келеді» деген болатын. Қазақстандық азаматтардың діни дүниетанымға деген қызығушылығының өсуін пайдалана отырып, жалған уағыз таратушылар біздің менталитетке жат пікірлер мен ұстанымдарды мәжбүрлеп, қазақстандық мемлекеттіліктің негіздерін құлдырату мақсатын көздейді. Азаматтардың діни ұстанымдарына қатысты бейтараптылық таныту қағидасын алға тарта отырып, мемлекет сонымен бірге қазақстандықтарды ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін діни ағымдардың жағымсыз әсерінен сақтайды.

Зайырлық үлгісін жетілдіру екі негізгі қағиданың, дін еріктілігі мен ұлттық қауіпсіздік кепілінің оңтайлы арақатынасын таңдауды ұйғарады. Зайырлық мемлекет үшін діндердің қызмет етуінің ең басты қағидасы, яғни олардың өзін-өзі реттей алу қабілетінің іске асырылуы маңызды болып келеді. Мемлекет зайырлығының жалпы концептуалдық мағынасын сақтай отырып, оны қазақстандық қоғамға тән ерекшеліктер мен ондағы діни үдерістерін есепке ала отырып, нақтыландыру керек. Одан басқа, діни идеологтардың Қазақстанның саяси-әлеуметтік кеңістігінде өздерінің ықпалын күшейтіп жатқанын есепке ала отырып, зайырлық қағидасын іске асырудың тиімді тетіктері де жасалынып шығарылуда.

Бұл қалыптардың мазмұнын кеңірек ашып көрсетейік. Қазақстандағы зайырлық мемлекет дінді әлеуметтік институт, азаматтық қоғамның маңызды факторы, этностық бірегейлік шарттарының бірі ретінде мойындағанымен, қандай да бір конфессияны экономикалық тұрғыдан қолдамай, діни негіздегі саяси партиялардың құрылуына жол бермей, зайырлы оқу орындарында діни пәндердің жүргізілуіне тыйым салады. Діни ілімдердің қасиетті, догмалық негіздеріне араласпай отырып, мемлекет ұлттық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, жалған діни экстремизмді еңсеру ұстанымына сәйкес діни бірлестіктердің қызметін құқықтық тұрғыдан реттейді.

Одан басқа, зайырлық мемлекет дінаралық келісімнің ұлттық үлгісін құра отырып, толеранттылық пен конфессияаралық сұхбаттың саясатын, сонымен қатар конфессиялардың зайырлық құрылымдар және институттармен сұхбат жүргізіп келеді.

Конфессиялар өз кезегінде мемлекеттік саясатты іске асыру мен ұлттық заңды әзірлеуге араласпайды. Олар зайырлық оқу орындарында діни пәндерді жүргізуге де таласпайды. Бірақ, мемлекетпен өзара әрекеттесе отырып, конфессияаралық сұхбатты жақсартып, қоғамда рухани қағидаларды орнықтырып, қайырымдылық акциялар мен сырқат адамдарға, мүгедектер, қарттар, көпбалалы отбасыларға көмектесу сияқты басқа да әлеуметтік жобаларды жүргізуге тырысады. Конфессиялар діннің адам мен Құдайдың тілдесуінің ерекше формасы екенін түйсіну қажеттілігін басып айтады.

Мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас – үнемі дамып, жетілдіріліп отыратын сала. Халықтың діндарлығыныдығын күннен-күнге артып, тіпті сәнді трендке айналып келе жатқа ескере отырып, діннің рухани мәні назардан тыс қалып жатқанда, елімізде Президент жарлығымен «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді.

Аталмыш бағдарламалық құжатта ағымдағы діни ахуалға талдау жасалынып, дамуының негізді үдерістері анықталып, діни саладағы мемлекеттік саясаттың ортақ тәсілдері мен принциптері қалыптастырылды. Басты міндет мемлекеттіліктің зайырлы негіздерін нығайтып, діни саладағы тұрақтылықты сақтап, кезкелген форма мен көріністегі экстремизм мен радикализм идео-

логиясына халықтың иммунитетін қалыптастыру болып табылады. Алға қойған міндеттерді шешу құқықтық, әдістемелік және ұйымдастырушылық шаралар сияқты кешенді тәсілді қажет етеді. Әсіресе, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның» заңнамалық базасын жетілдіру маңызды болып табылады (2011).

«Қазақстанда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттердегі сияқты мемлекеттік шешімдер белгілі бір діннің немесе оны ұстанушылардың емес, қоғам мүддесінің негізінде қабылданады»¹.

Енді **«ар-ұждан бостандығы»** қағидасының мәнін анықтап алайық. Бұл – әр адамның діни белгі бойынша азаматтық құқықтарының шектелмей дінді таңдау құқығы болып табылады. Мұндай құқықты мойындау – діннің қоғаммен және мемлекетпен орнатқан өзарақатынастарының көпфасырлық тарихының нәтижесі болып табылады. Тарихтың бастапқы кезеңдерінде мұндай сұрақ мүлдем қойылмайтын. Дін өмірлік, мәдени орта ретінде мемлекеттің беріктігі мен бірлігінің шарты болып табылады. Кейін мемлекет пен дін қатынастарының түрлі формалары пайда бола бастады. Кейбір қауымдастықтарда дін мемлекеттік деп жарияланып, әрбір азамат соны ұстануға міндетті болды (Ресей империясы – православие). Дүниетанымның негізі ретінде атеизмді қабылдаған басқа мемлекеттердің азаматтары ресми идеологияны қолдауға міндетті болды (Кеңес одағы мен социалистік лагерьдің мемлекеттері).

Қайта өрлеу кезеңінде (XVIII ғ.) философтар адамға ешкім және еш нәрсе де дінді күштеп мәжбүрлей алмайды деген сұрақты көтерген болатын. Бұл табиғи құқық, өйткені, ол тұлға болып табылады. Барлық діндер мемлекетте өзара тең болып келеді, және шіркеуді мемлекеттен қалай ажырату керек екенін дұрыс ойластыру керек. Бұл қағидалар 1789 жылы Францияда Құрылтайлық жиналыспен қабылданған негізгі құжаттың, яғни **«Адам мен азамат құқықтары декларациясының»** негізін қалап, демократиялық мемлекет теориясының концептуалды тірегін құрады.

Ар-ұждан бостандығы қағидасының заманауи түсіндірмесі БҰҰ, ЕҚБҰ және басқа да ұйымдардың қабылдаған халықаралық құжаттарында мазмұндалады. Олардың барлығы да БҰҰ-ның Бас

¹ Концепция государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017-2020 годы.

Ассамблеясымен бекітілген «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясындағы» негізгі баптарға сүйенеді (1948 жыл, желтоқсан).

Біздің тақырыбымыз үшін аса маңызды баптар:

2 бап. Әр адам, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан осы Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға теңдей ие болуы тиіс.

18 бап. Әр адам ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп тұтып, жария түрде, немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.

29. 1 бап. Әр адамның, адам баласының еркін және толық кемелденуіне мүмкіншілік беретін қоғам алдында міндеттері бар.

2. Өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда әр адам тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мақсаты көзделген жағдайда ғана және демократиялық қоғамдағы моральдің, қоғамдық тәртіп пен игіліктің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсаты көзделген жағдайда ғана, заңмен белгіленген шектеуге ұшырауы тиіс.

Заманауи зайырлық мемлекетте белгілі бір дінді тұту құқығы зайырлы ойлау салтымен толықтырылады. Дін бостандығының қағидаты сонымен қатар қабылданған діннің мемлекет, қоғам және өзге конфессиялардың өкілдері үшін ешқандай қауіп төндірмейтінін және толеранттылық пен ұлттық мүдделерге артықшылық беру стратегиясын білдіреді.

Зайырлы мемлекеттегі діни сенімге деген еркіндік жаппай дінге бет бұрумен қатар, керісінше бір діннен екінші дінге еркін өтуінен де көрініс табады. Бұл «күрделі әлеуметтік феномен, көп өлшемді бірегейліктің түйіні, оның тек жеке емес, топтық, қоғамдық өлшемі де бар». Қазақстандық ғалымдар діни, этномәдени және азаматтық бірегейліктің өзара байланысын зерттей отырып, қазақстандық қоғамдағы конверсиялық үдерістерді философиялық-әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеді. Нәтижесінде қазақстандық қоғамдағы конверсиялық үдерістер ұлғайып, діни ахуалды күрделендіре түседі, дінаралық және конфессияаралық

бірлік пен келісім мәселесін өзектендіре түседі деген қорытынды жасалынды.

Ар-ұждан бостандығы арсыздықты, ал өз ойын білдіру мен шығармашылық адамгершіліктік критерийлер мен гуманистік құндылықтардан босатылу дегенді білдірмейді. Ар-ұждан бостандығымен байланысты **толеранттылық қағидасының** шынайы мәнін түсіне білген дұрыс. «Шыдамдылық қағидаттарының декларациясына» сай толеранттылық (Юнеско, 1995) әлемнің мәдени әр алуандылығын мойындауды бекітетін жалпыға ортақ құндылық болып табылады. Бірақ, толеранттылық шыдамдылыққа ғана сайып қоймайды. Бұл – өзге дінге, ойлау және өмір сүру салтының ерекшеліктеріне құрметпен қарау, мәдени және діни ерекшеліктерге құқылы болуды мойындау болып табылады.

Толеранттылықтың да шектері болады. Мәселен, біз өз ойын білдіріп, өзін өзі жетілдіргісі келетін адамдардың мемлекеттің заңдары мен тәртібін бұзып, адамзаттың рухани тәжірибесі мен адамгершіліктік құндылықтарын жоққа шығаратын әрекеттеріне шыдамдылықпен қарай алмаймыз. Толеранттылық рухани және ізгіліктік құндылықтарға сүйеніп, бұл түсінікті мәдени және діни бірегейлікті құлдырату мақсатында қолданудың барлық амалдарынан бас тартады.

Қазіргі әлем саяси, мәдени және діни дамудың жалғыз бір үстемдік етуші үлгісін қаламайды. Біз халықтардың мәдени және өркениеттік ерекшелікке қатысты құқығын пайдаланып, әлемдік үрдістерді, мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың ұлттық үлгісін өздігінше түсініп, көру заманында өмір сүріп жатырмыз. Бірақ, сонымен бірге қазіргі уақыттың талабы заманауи әлемнің жаһанды мәселелерін шешуде бірлік пен өзара келісімділікті сақтап қалу болып табылады. Сол себептен ең қолайлы қағидат Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбектері мен Қазақстан халықтарына арналған жолдауларында көрсетілетін «әралуандылықтағы бірлік» қағидаты болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақстан Республикасындағы дін жағдайының ерекшеліктерін анықтайтын сыртқы және ішкі себептерді ашып көрсетіңіз.

2. Зайырлық қағидатының мәні неге негізделеді және қазақстандық зайырлық үлгісі қандай?

3. Ар ұждан бостандығы дегеніміз не және қазіргі Қазақстанда бұл қағидат қалай қамтамасыз етіледі?

4. «Толеранттылық» түсінігіне анықтама беріңіз және осы қағидатты қолданудың шамалары мен шектерін көрсетіңіз.

Қазіргі Қазақстандағы діндер: жаңа мәртебесі мен қызметтері

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихы мемлекеттің экономика, ғылым, мәдениет саласында таң қалдырар жетістіктерге, ең маңыздысы, жаңа Республиканың әрі қарай дамуы мен гүлденуінің кепілі ретінде халықтың бірлігі мен ауызбіршілігіне қол жеткізу тарихы болып табылады. Көпконфессионалды және полиэтностық қоғамның ауызбіршілігі мен бірлігі мәдени және діни айырмашылықтарды мойындаудың, зайырлық мемлекетте дін бостандығы құқығын іске асыру үшін нағыз жағдайларды қалыптастырудың арқасында ғана мүмкін болып келеді.

Бұрынғы Кеңес Одағының ыдырауы мен тәуелсіздікке қол жеткізу – Қазақстан Республикасының тағдырындағы тарихи жағдай, ғасырлар бойы халықтың аңсаған армандарының орындалуы болып табылады. Сонымен бірге тәуелсіздіктің бірінші сәттерінде ақ идеологиялық вакуум қалыптасып, ол өз кезегінде «бірегейліктің дағдарысына» әкеліп соқтырды. Бұрынғы идеологиялық жүйе құлдырап, жаңасы әлі қалыптаспаған кезде адамдар сенімсіздік пен берік өмірлік тіректерінің жоқтығын сезінді. Жаңа дүниетанымдық бағдарлар барған сайын қарқынды және белсенді ізделіне бастады.

Бұл жағдайларда жас мемлекет маңызды құжатты, яғни Қазақстан Республикасының «Дін бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңын (1991) қабылдап, онда мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың негізгі қағидаттары, яғни шіркеудің мемлекеттен бөлінуі, заңның алдында барлық конфессиялардың тең құқылы болуы, дінді таңдау еркіндігіне иелену сияқты қағидаттар белгіленген болатын. Республиканың 1995 жылғы Конституциясында бұл қағидаттар арнайы баптармен бекітілген: «Әр адам ар-ұждан бостандығына иеленіп келеді» (22 бап).

Діни салада демократиялық негіздерді бекіту діни іздеулердің қарқынды жүргізілуіне әкеліп соқтырды. Елге алыс елдерден көптеген миссионерлер келіп, өздерінің діни ілімдері бойынша уағыздар тарата бастады. Олар либералды қазақстандық заңды пайдалана отырып, белсенді қызметтерін кеңінен жая бастады. Нәтижесінде жаңа діни бірлестіктердің саны анағұрлым жоғарылады, ал олардың діни ілімдерінің мәні мен әрекеттерінің бағыты кейбір жағдайларда діни жағдайды тұрақсыздандыру мен қазақстандықтардың діни бірегейлігін жоюда күрделі қауіптерді тудыра бастады.

Сол себептен «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңды қабылдау қажеттілігі пайда болды (2011 ж.). Онда шіркеудің мемлекеттен бөліну, дін бостандығы туралы негізгі қағидаттар қайта бекітілді. Сонымен бірге мүлдем жаңа өзгерістер енгізілген болатын.

Біріншіден, барлық конфессиялардың теңдігін жария еткен бұрынғы қабылданған ережемен салыстырғанда, аталмыш Заңда Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа діндерге деген құрметті сақтай отырып, «ханафиттік бағыттағы ислам мен православтық христиан дінінің халықтың мәдениеті мен рухани өмірін дамытудағы тарихи рөлі» белгіленіп өтеді.

Екіншіден. Заңда азаматтарды жалған діни қозғалыстардың ықпалынан шеттетуге мүмкіндік беретін шаралардың бірқатары көрсетілген: миссионерлік қызметті тіркелусіз жүргізуге тыйым салынады; миссионерлер діни әдебиетті тек дінтанулық тексерістен өткеннен кейін ғана пайдалана алады.

Үшіншіден, азаматтар мен діни бірлестіктердің белсенді діни қызмет жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, Заң азаматтық құндылықтар мен ұлттық мүдделердің дамуына септігін тигізетін конфессияаралық сұхбаттасуға, мемлекет және қоғаммен ынтымақтасуға бағдарлайды.

«Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Заңды қабылдай отырып «мемлекет діни өмірді ішкі саясаттың маңызды саласы ретінде мойындап, конфессияаралық келісім мен діни сенімге деген азаматтардың еркіндігін қамтамасыз ету үшін барлық жағдайды жасады»¹.

¹ Назарбаев Н.А. Тәуелсіздік дәуірі. – Алматы: Қазақпарат, 2017. – 368 б.

Занды қабылдап қана қоймай, оны іске асырудың тетіктерін жасап шығару да маңызды болып келеді. Қазақстанда әлемнің бірде бір мемлекетінде жоқ ерекше әлеуметтік құрылымдар бар. Бұл Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша 20 жыл бұрын құрылған Қазақстан халықтарының ассамблеясы болып табылады. Оның міндеті – конфессияаралық және этносаралық келісімнің үлгісін жетілдіру болып келеді. Ассамблеяда Республикада тұратын 140 этностарының мүдделері ескеріліп, олардың үйлесуінен бір ұлттық мүдде пайда болады. Бұл әлеуметтік институттың ерекшелігі Ассамблеяның саяси билік пен азаматтық қоғам арасында байланыс орнатып, жалпыазаматтық және жалпыхалықтық өкілеттіліктің дәрежесіне иеленеді. Сол себептен оның діни саладағы сәтті келісім саясатына ықпал ету мүмкіндіктері көп.

Дінге қатысты салмақты, мақсатты мемлекеттік саясат азаматтардың діни қажеттіліктерін қанағаттандырып, сонымен бірге оларды жалған діни ықпалдардың қаупінен сақтау үшін оңтайлы мүмкіндіктерді тудырды. Тәуелсіздік жылдары ішінде республикадағы «діни ландшафт» айтарлықтай өзгерді. *Біріншіден*, дін тұтушылардың саны күрт жоғарылады. Әлеуметтанулық сауалнамаларға қатысқан түрлі әлеуметтік, этностық және жастық топтарға жатқызылатын қазақстандықтардың 90% астамы өздерін дін тұтушыларға жатқызады. *Екіншіден*, азаматтар арасында қоғамдағы үдерістің ықпалынан емес, ал саналы түрде ұстанатындардың пайызы өскені байқалады. *Үшіншіден*, Қазақстан халқының діни санасын зерттеу терең діндарлыққа деген бағдар ауыл аймақтарға қарағанда ірі қалалардың тұрғындарына сай келетінін анықтады. Және де бұл маңызды көрсеткіш, өйткені, Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының келешегі осы қалалық аймақтардың өсуімен байланысты болып келеді.

Қазақстанның «діни ландшафтысы» он сегіз конфессиялардың арақатынасымен қалыптасады. Олардың ішінде саны және ықпалы бойынша ислам бірінші орында тұр – дін тұтушылардың 70%. Христиан діні саны бойынша екінші орында тұр – 26%. Иудаизм мен буддизм жалпы дін тұтушылардың санынан 0,1% құрайды. Қалған діндер – 0,2% құрайды. Республика азаматтарының 3% өздерін атеисттер деп санайды. Ел азаматтарының діндарлық әлеуеті әрдайым өсіп келетінін белгілеп өтейік.

Сонымен қатар мемлекет бірітіндеп зайырлық қағидатын жүзеге асырып келе жатыр. Халық діндарлығы әлеуетінің өсуі жағдайында зайырлық қағидатын мемлекеттік саясат деңгейінде бекіту қазақстандықтардың менталитетінде діни және зайырлық құндылықтардың үйлесуімен, бірақ басымдық азаматтық бағытқа берілуімен қамтамасыз етіледі. Дінді өмірінің жоғары мағынасын анықтау мүмкіндігі деп түсінетіндер оған ортақтасып, зайырлық қоғамның атмосферасында өмір сүріп, қызмет етіп, еңбек және азаматтық борыштарын орындай отырып, мемлекет пен қоғамның өміріне ат салысады.

Егер адам шынайы ақиқатқа қол жеткізсе, онда ол өмірін іштей түйсіне бастап, мейірімді, еңбекқор, адал, жауапты бола бастап, азаматтық борышты ішкі қажеттілік ретінде ұғынып, Отанына деген терең махаббаты сезіне бастайды. Ол бақытты бола бастайды деп айтуға болады.

Зайырлық мемлекеттегі діни бірлестіктер жаңа дәреже мен жаңа функцияларға иелене бастайды. Өзінің жазымы бойынша Құдай мен адам тілдесуінің қасиетті саласы бола тұрып, Қазақстандағы дін мемлекетпен және басқа да конфессиялармен ынтымақтасу мүмкіндігіне иеленіп, әлеуметтік және рухани үрдістерге ықпалын тигізіп, діни білімнің саласын кеңейтеді. Тарихта конфессиялардың бағдарламалары жасалынып, іске асырылмайтын. Олар ешқашан да мемлекетпен ұйымдастырылған конфессияаралық сұхбаттасуға бармайтын. Заманауи әлемнің жаһанды мәселелерін біріге отырып шешудің осы іспетті кең құзырларына ешқашан иеленбейтін.

Осы орайда **дәстүрлі діндердің** қоғамның рухани атмосфера-сына тигізер ықпалын ерекше атап өту керек. Оларға Қазақстанның тарихы және мәдениетімен, өркениеттік үрдістердің сипатын және әлемдік тарихтың жолын анықтайтын мыңжылдықтардың рухани тәжірибесімен тығыз байланысты болып келетін діндер жатқызылады. Бұл – адамды туылған сәтінен бастап өмірден өткенге дейін сүйемелдейтін және халықтың күнделікті өмірінде әдет пен ғұрыптар формасында іске асырылған діндер болып табылады. Қазақстан үшін ол – ханафиттік бағыттағы ислам мен православие діні, ал басқа этностық топтар үшін (неміс, поляк) – католик діні мен протестантизм (лютераншылдық, баптизм, адвентизм).

Дәстүрлі діндер тарихи тұрғыдан өздеріне тән қоғамның рухани ұстазы рөлін сақтай отырып, қазіргі жағдайда жауапты міндетке тартылып отыр: яғни конфессияаралық сұхбаттасуда бірлесе отырып, мемлекеттік құрылымдар және қоғаммен байланыстарын қалыптастыра отырып, олар негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарды – өмір, отбасы, адамның абыройын, табиғатқа деген асыл қатынасын, аяушылық, мейірімділік мен ынтымақшылдық сияқты қасиеттердің қорғаушысы болып табылады.

Қазақстан жағдайындағы жаңа діндер деп республиканың діни өмірі саласына тәуелсіздік кезеңінен бастап келе бастаған діндерді атаймыз. Олардың көбісі тарихи қалыптасып, дамыған мемлекеттерінде жаңа деп қабылданбайды. Бұл діндер белгілі бір этностарға байлаулы емес, сол себептен мәдени және діни дәстүрлерімен бірге оның тарихына енбеген. Олар шетелдік уағыз таратушыларымен келеді, әсіресе Америкадан әкелінеді. Қазақстандықтардың бір бөлігі дін бостандығы құқығын пайдалана отырып, діни плюрализмге деген қажеттіліктерін соларды таңдау арқылы қанағаттандырады.

Сонымен бірге кейбір жаңа бірлестіктер діннің міндеттеріне жауап бермейтін қызметпен айналысады. Бұл жалған діни қозғалыстар, олардың басты мақсаты – діни және азаматтық бірегейлікті жою, қазақстандықтарға зайырлық мемлекеттің қағидаларына қарсы келетін жат пікірлер мен ұстанымдарды мәжбүрлеу болып табылады. Мұндай жалған діни ұйымдар рационалды даярланған технологиялар мен психологиялық айла амалдарды, адамдарды өз ауына тартып, отбасы, достары мен әріптестерінен ажыратып, өз еркінен айырып, шетелдік діни орталықтардың қаржылық қолдауын табатын харизмалы көшбасшының еркіне толық бағындыру үшін қолданады.

Бұл бөлімге қысқаша қорытынды жасап өтейік. Қазіргі Қазақстандағы мемлекет пен дін қатынастарының мазмұнын біз «зайырлық, дін бостандығы, толеранттылық, әр алуандылықтағы бірлік» сынды негізгі ұғымдардың көмегімен ашқан едік. Мемлекеттің «діни ландшафтысы» ұсынылып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қазіргі күнге дейінгі эволюциясы талданды. Қазақстандағы зайырлық мемлекеттің үлгісі өзара байла-

нысты қағидаттардың кешеніне негізделетінін тағы да баса айтып өту керек. Зайырлы мемлекеттің діннің доктриналық, ілімдік догматтарына араласпай, ал олар өз кезегінде мемлекеттік қызметтер атқармай, мемлекеттік органдардың қызметіне араласпай, саяси партиялардың қызметіне қатыспайтынын білдіреді.

Бұл мемлекеттің әлеуметтік және рухани өмірдің маңызды саласын бақылау мен реттестіруден басын алып қашады деген сөз емес. Керісінше, діннің мемлекетпен және қоғаммен өзара қатынастарын реттейтін мемлекеттік саясаттың ғылыми негізделген жүйесі қалыптасады. Ұлттық саясаттың негізгі қалыптары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен жоғарыда аталған заңдарында көрсетіледі. Олардың мазмұнын жақсы ойластырып, есте сақтау керек:

- Қазақстан Республикасында дін діни білім беру мекемелерін қоспағанда, мемлекет пен білім беру жүйесінен бөлінген.

- Мемлекеттегі ешбір дін мемлекеттік деп танылмайды. Қызметтері қазақ халқы мен Республика этностарының мәдени дәстүрлері мен рухани тәжірибесіне сай келетін барлық діндерге бірдей құрмет көрсетіледі. Осы орайда халықтың рухани өмірі мен мәдениетін дамытуда ханафиттік мазхабтағы ислам мен православтық христиан дінінің тарихи рөлі ерекше аталып өтеді.

- Сәйкесінше, мемлекет осы анықтаушы қалыптарымен діндер өздерінің қызметін іске асыратын құқықтық саланы қалыптастырады. Бұл құқықтық заңдар мен нормаларды қамтамасыз ететін ҚР Конституциясы (1995 г.), заңдар мен әлеуметтік институттар болып табылады. Құқықтық реттестірудің мақсаты – азаматтардың дін бостандығы, сонымен қатар ұстанымдардың зайырлық сипатына деген іргелі құқықтарын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен бірге мемлекет өз азаматтарын өздерінің негізгі міндеттері мен мақсаттарынан ауытқитын, ұлттық мүдделер мен ұлттық қауіпсіздікке сай келмейтін діни ұйымдардың қызметімен байланысты ықтимал тәуекелдер мен қауіптерден қорғайды.

- Зайырлы мемлекет этносаралық келісім мен өзара түсінісудің ұлттық үлгісін даярлап, іске асырады. **Бұл үлгінің негізгі қағидаты – мәдени және діни әр алуандылықты, конфессияаралық сұхбат пен толеранттылықты, яғни әралуандылықтағы бірлікті мойындау.**

- Зайырлы мемлекет қазақстандық құндылықтар жүйесі мен қоғамның рухани атмосферасын жетілдіруде діннің маңызды рөлін мойындайды. Сонымен бірге мемлекет жалған діни экстремизмді, қазақстандықтардың діндарлығын азаматтық бірегейлікті жойып, ұлттық қауіпсіздікті тұрақсыздандыру мақсатында қолдануды еңсеру үшін шаралардың кешенін қолданады.

- Зайырлық мемлекеттің дінге қатысты ұлттық саясаты қазақстандықтардың діни қажеттіліктерін, діни бірлестіктердің қызметін қанағаттандыру үшін мүлдем жаңа жағдайларды қалыптастырады.

- Діни бірлестіктер бұрынғы тарихи кезеңдерде қол жеткізе алмаған мүмкіндіктер мен әлеуметтік дәрежеге иеленеді.

Жоғарыда көрсетілгендей дін мемлекеттен ажыратылған. Дегенмен, ол қоғамнан, отбасыдан және тұлғадан бөлінбеген. Оның әлеуметтік-мәдени өміріндегі рөлі сандық және сапалық тұрғыдан артып келеді.

Діни бірлестіктер өз кезегінде қоғамның рухани және ізгіліктік жанаруының әлеуметтік мәселелерін шешудің, қайырымдылық пен мейірімділіктің негізгі бағдарлары қалыптасқан әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеп, іске асырады.

Діни бірлестіктер сонымен қатар конфессияаралық сұхбат пен келісім және толеранттылық қағидаттарының негізінде өзара әрекеттесуге тырысады. Егер бұрынғы тарихи кезеңдерде мұндай қатынастар стихиялық сипатта болса, онда зайырлық мемлекетте олар бірінші рет ойластырылып, мақсаттылы түрде іске асырылып отыр.

Заманауи әлемдегі діни бірлестіктердің маңызды міндеті геосаяси келіспеушіліктер мен генетика және нанотехнология саласындағы ғылыми жаңалықтарды орынсыз түсіндірумен байланысты соңғы кездері бұқаралық шабуылдардың астында қалып жатқан негізгі гуманистік құндылықтарды ортақтасып қорғау мақсатында бір бірімен, сонымен қатар мемлекеттік және әлеуметтік институттармен бірлесу болып табылады.

Діни бірлестіктер жалған діни экстремизмнің қаупін еңсеру, адами болмыс пен мейірімділік, махаббат пен рақымдылық сияқты жоғары құндылықтардың рухани негіздері мен мәнін түсіндіру бойынша әлеуметтік институттар және мемлекеттік органдар-

II бөлім. Қазіргі Қазақстан. Зайырлы мемлекет және дін

мен өзара әрекеттесуде маңызды рөл атқарады. Сонымен, зайырлы мемлекетте діндердің алдында бұрынғы тарихи кезеңдердегі діндерге мүлдем таныс емес қызметтің кең спектрі ашылады.

Қазіргі Қазақстанда дін мен мемлекеттің өзара әрекеттесуінің іске асырылуы және ылғи жетіліп отыруы азаматтарға көпұлтты және поликонфессионалдық мемлекетте тыныш және бейбіт өмір сүріп, мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және рухани дамуының негізгі мәселелері бойынша жанжалдар мен келіспеушіліктердің куәгерлері болмау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Этносаралық және конфессияаралық ауызбіршілік қазақстандықтардың алғашқы құндылықтарының бірі болып табылады. Еліміздің халықаралық қауымдастықтағы жоғары имиджі көп жағдайда Қазақстанның бейбітшілік пен келісімнің территориясы, көптеген мемлекеттер еліктей алатын үлгі болуының арқасында ғана іске асырылды. Азаматтық өмір мен конфессияаралық келісімді оңтайландырып, сақтау – қазақстандық мемлекеттіліктің стратегиялық міндеті болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Діни саладағы Республика заңының құрамдастарын атаңыз.
2. Қазіргі Қазақстанның «діни ландшафтысының» ерекшеліктерін көрсетіңіз.
3. Зайырлы мемлекетте діннің жаңа әлеуметтік дәрежесі мен қызметтері неге негізделеді?
4. Неліктен зайырлы мемлекетте діни өмірдің саласын реттестіріп отыру керек?
5. Конфессияаралық қатынастарда қандай қағидат негізгі болып табылады?

2 тарау. ҚАЗАҚСТАН СИЯҚТЫ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕГІ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР

Мемлекеттің жаңа тарихындағы ислам

Ислам – қазіргі Қазақстандағы ұстанатынарының саны мен қоғамның рухани және әлеуметтік өміріне ықпал етуі жағынан басымы дін болып табылады. Халықтың рухани тұрғыдан жаңғыруы тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап, ұлттық дәстүрлерге оралумен, барлық тарихи кезеңдерде исламды руханилық, ұлттық менталитет пен мінездің тірегі деп санаған қазақ халқының тарихи жадысы мен батырлық өткен шағының қайта қалыптасуымен байланысты болып келеді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстандағы ислам зайырлы мемлекеттегі діннің жоғары дәрежесі және жағдайымен анықталатын жаңа тарихқа иеленді деп айтуға болады. Мемлекеттік атеизм идеологиясы мен дінді әлеуметтік кеңістіктен ығыстыру саясатынан арылудың бірінші жылдарынан бастап-ақ қазақстандық қоғамда қарқынды діни жаңару, қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетінің ежелден келе жатқан рухани қайнар көздерге оралу үрдістері байқалады. Ислам тек діни емес, сонымен қатар этностық-мәдени жаңғырудың, ұлттық сана сезім мен құндылықтардың жаңа жүйесінің рәмізі болып табылады.

Мемлекетте мешіттер салынып, медреселер ашылып, діни білім берудің жүйесі дами бастады. 2005 жылы ең ірі Нұр-Астана мешіті ашылды. Оның ашылу рәсімінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Жаңа мешіт Қазақстанның жаңа астанасының шынайы рухани және діни орталығына айналады, ал оның ерекше әдемі ғимараты қаланың архитектуралық кейпін одан сайын көркейтіп, оның қайталанбас сұлулығын толықтыра түседі» деген болатын.

Бүгінде қазақстандықтар діни білімді Астана, Алматы, Ақтөбе, Павлодар, Орал, Шымкент, Тараз қалаларындағы медреселерде емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарында да ала алады. Олардың ең негізгісі – Араб Республикасының әл-Азхар университетімен бірлесіп білім беретін «Нұр Мүбәрак» қазақстандық-египеттік ислам университеті болып табылады. Имамдар Исламдық республикалық білімді жетілдіру институтын-

да өздерінің біліктілігін жетілдіру мүмкіндігіне иеленген (Алматы).

Зайырлы демократиялық мемлекет көрсеткіші болып табылатын дін бостандығы қағидасының жүзеге асырылуы азаматтардың діни қажеттіліктерін қанағаттандырып, рухани білім алу мүмкіндігін берді. Діни сана жаңа серпінге иеленді. Ислам қазақ халқының барлық тарихи кезеңдердегі әлемді рухани қабылдауының және өмір сүруінің салты ретінде ғана қабылданып қоймады. Исламның әлемдік тарихтағы орны анықталып, адамзатқа ғылымның, философияның, поэзия мен музыканың үздік жетістіктерін сыйлаған ұлы өркениеттердің бірі ретіндегі образы қалыптасты.

Зайырлы мемлекетте бұрындары болмаған исламның рухани мәні, толеранттылық пен бейбітшіліктің гуманистік құндылықтарының жүйесі, адам мен қоғамның рухани-ізгіліктік тұрғыдан жетілу этикасы, басқа конфессиялармен, сонымен қатар зайырлы институттар және құрылымдарымен сұхбаттасуға және ынтымақтастық орнатуға деген сұраныс қатты байқала бастады.

Тәуелсіздік жылдары ішінде исламды ұстанушылардың саны өсіп қана қоймай, исламдық сана сезімнің де түрі өзгере бастады. Бірінші бөлімде аталғандай, қазақ халқының көпғасырлық тарихында халықтық ислам қалыптасты. Оның негізгі сипаттамасы діни синкретизм, исламның халықтың наным-сенімдерімен, ең бастысы, тәңіршілдікпен үйлесуі болды. Діни синкретизм Ұлы даланың көшпенділік өмір сүру салтының ерекшеліктеріне сай келді. Кеңестік кезеңде ислам қалалардан ығыстырылып, ауылдық елді мекендерде өмір сүру салты, әдет-ғұрыптардың біртұтастығы ретінде сақталды.

Қазіргі Қазақстанда ислам өзінің әлеуметтік және мәдени дәрежесін, қоғамның рухани ахуалына деген ықпалын қайта қалпына келтірді. Оған қоса, жаһандық үрдістер мен мемлекеттің қарқынды әлеуметтік және экономикалық дамуы ауылдан қалаға бет алған қазақ халқының урбанизациясына әкеліп соқтырды. Осының бәрі діни синкретизмнен нормативті, ағартушы исламға көшудің себебіне айналды.

Қазіргі таңда Қазақстан мұсылмандарының басым бөлігі ханафиттік мазхабтағы сунниттік исламды ұстанады. Дәл осы

бағыт қазақ халқының рухани дәстүрлері және тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Біз ханафиттік мазхабтың негізгі қағидаларын оқулықтың бірінші тарауында қарастырып өткен едік. Бұл бағытқа ақылға сүйенушілік, діннің рационалды негіздемесі, сонымен қатар халықтық дәстүрлерді қабылдаушылық пен басқа конфессиялармен өзара әрекеттесуге тырмысушылық тән болып келетінін естеріңізге түсіріңіз. Ханафиттік мазхабтың осы ерекшеліктері оның Қазақстан мұсылмандары арасындағы үстемдігін арттырды. Оны ең алдымен тұрғылықты азаматтар, сонымен қатар өзбектер, ұйғырлар, татарлар мен Республиканың басқа да этностары ұстанып келеді.

Республикада мекен етіп жатқан шешен және ингуш ұлттарының арасында шафииттік мазхабтағы сунниттік ислам таралған. Бұл ілім бойынша Құран мен Сүннет бірыңғай Уахи ретінде қарастырылады. Олардың анық ұстанымдары (насс) рәміздік-аллегориялық түсіндірмеге берілмейді. Жалпы бұл мазхаб ханафиттік бағыттағы негізгі қағидаларды да ұстанады.

Қазақстанда аздаған исламның шииттік бағытын ұстанушылар бар, басым бөлігі азербайжандықтар мен ирандықтар болып табылады. Республикада сонымен қатар яссауилық бағыттағы сопылық бірлестіктер да қызмет етеді. Ұлы шейх Қожа Ахмет Яссауидің ізбасарлары зайырлық және рухани билік бір-бірінен ажыратылып, ал діндарлардың міндеті билеушілердің бекіткен ережелеріне қарсылық танытпай, керісінше олармен ынтымақтасып, қолдау керектігін алға тартады. Қазақстанның сопылары джахр рәсімін (Құдайдың атын айғайлап айту), сонымен қатар басқа да түрлі сопылық тәжірибелерді орындайды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қожа Ахмет Яссауи мазарына барып, «ұлы шейхтің мұрасы қазақ халқы мен барлық аймақ халықтарының рухани мұрасының бір бөлігі болып табылады» деген сөздері сопылық бірлестіктерді шабыттандырған болатын (2011 жылдың 11 наурызы).

Республиканың барлық аталған мұсылмандық қауымдас-тықтары **дәстүрлі исламға** жатқызылады, өйткені, Қазақстанның территориясында тарихи тамырларын жайып, талай ұрпақтардың халықтық дәстүрлері және рухани тәжірибелерімен байланысты болып келеді.

Сонымен бірге Қазақстан үшін дәстүрлі емес, басқа мәдени аймақтарда қалыптасқан, исламның басқа образындағы, көп жағдайда қазақ халқының этностық-мәдени және ұлттық ерекшелігіне тән емес жаңа исламдық бағыттарды да атап өту керек. Исламдағы бұл бағытқа суннизмдегі ханбалиттік мазхабқа тән идеялар жатқызылады. Ахмад Ибн Ханбаль Хадистерді артық көріп, оларды Құранның түсіндірмесі (тәпсір) деп есептеді. Белгілі бір пайымды дайындап шығару үшін Пайғамбардың сөзінен бастау алатын айғақтардың жүйелілігін қайта қалыптастыру ұсынылған болатын.

Ханбалиттік мазхабтың берік ұстанушылардың бірі арабиялық уағыз таратушы Мұхаммам Ибн Абд әл-Ваххаб (1703–1792 жж.) болды. Ол дінді тарихи кезеңдерден бері бұрмаланып келе жатқан пайымдардан тазартып, исламдық өркениеттің ерте кезеңдеріне оралуға бел буды. Өз кезеңіндегі діни ілімдерді ол қатал жалғыз (таухид) қағидасымен жоққа шығарып, Мұхаммед Пайғамбарға табынудан, қасиеттілердің атын дәріптеп, олардың жатқан жеріне ғақлия жасаудан бас тартты. Оның ойынша, бұл ғұрыптар исламның бастапқы қағидаларына сай келмей, таухидтің жүйесіне көпқұдай ілімінің құрамдастары мен қалдықтарын ендіреді. Тек Алла, Жаратушы ғана ұлықтау мен табынуға тұрарлық, ал Мұхаммед Пайғамбар – Құдай сөзін қабылдап, таратуы тиіс қарапайым адам болып табылады.

Ваххабиттік қозғалыс дін мәселелері бойынша өз ұстанымдарын берік ұстанып, толеранттылықтың жоқтығымен, исламдағы осы жалғыз ұстанымды қолдағысы келмейтіндердің барлығын жау қатарына жатқызуға деген талпыныстарымен ерекшелінеді. Дін мәселелерін ақылға салып шешетін ханафиттік бағыттағы ізбасарларға қарағанда ваххабиттер ұстаздардың шексіз мәртебесіне сеніп, өз пікірлерінен бас тартты, ал ол өз кезегінде соқыр сенім мен діни фанатизмді қалыптастырған болатын. Ваххабаның идеялары өз замандастарының көбін шабыттандырып, мұсылмандық әлемнің өміріне айтарлықтай әсерін тигізді. Бүгінгі таңда ваххабизм Сауд Арабиясы мен араб, азиялық және африкандық мемлекеттерінің бірқатарында ресми доктрина деп есептеледі.

Ханбалиттік мазхабтың идеялары исламдағы салафизм (араб. ата-баба, ізашарлар) сияқты бағыттың негізін қалаған болатын.

Түрлі тарихи кезеңдерде осы ағымның өкілдері уағыз таратып, исламды «тазартуға» шақырып, оның уақыттың толқындары және өзге діндегі адамдардың ықпалымен айнымаған шынайы, бастапқы мағынасына оралуды ұсынған болатын. Мұхаммед Пайғамбар және оның жақын сахабаларына тән дін мен өмір сүру салты – Құранды түсіндірудің аллегориялық және рәміздік әдістері мен жаңа өзгерістерден бас тартып, барлығының талпынуы тиіс мінсіз үлгісі болып саналды.

Қазақстанның этностық және мәдени ортасында тамырын жаймаған исламдағы дәл осы бағыт Республиканың территориясына еніп, шетелдік мемлекеттермен өз байланыстарын кеңейте бастады. Оның жақтастарына көшбасшының абыройына табыну, Құранның мәнін өздігінше түйсінбей сыртқы ережелерге бағыну және оларды мүлтіксіз орындау тән болып келеді. Осылайша адам мен Құдайды байланыстыратын және мұсылманға Алланың алдында өз ойлары мен әрекеттерінің салты үшін жауап беру талабын қоятын рухани актілердің біртұтастығы ретінде діннің мәні жоққа шығарылады. Осы іспетті діни көңіл күйлерден фанатизм мен жалған діни экстремизмнің қауіптілігі аңғарылады.

Салафиттік қозғалыста өздерінің экстремистік бағыттарын көрестіп үлгенген, Қазақстанда заңмен тыйым салынған бірнеше бағыттар бар. Салафизмнің ізбасарлары – көп жағдайда діндарлықтың дәстүрлі формаларына қарсы наразылық пен бұзақылықты білдірткенді қалайтын, өзін-өзі жетілдіріп, өздерін шынайы діннің өкілдері ретінде қалыптастыруға талпынатын жас адамдар болып табылады. Әдетте мұндай «өкілдер» өз діндерінің негізін білмей, бейбітшілік пен өзара түсінісудің діни болып табылатын исламның рухани мәнін түсінбейді.

Басқалардан ерекшеленеміз деп, олар өзгелердің бұйрығы бойынша әрекет етіп, өзіндік еріктен айырылып, кулық пен айла амалдарға оңай беріліп, мұхиттың арғы жағындағылардың бұйрықтарын мүлтіксіз орындайды, ол өз кезегінде адамның жеке басының трагедиясына айналып, Отанымыздың қауіпсіздігіне зардабын тигізе алады. Қазақстандағы жалпы жағдай тыныш болғанымен жалған діни экстремизм мен терроризмнің қатерлі эпизодтары аңғарылған, ол өз кезегінде мемлекеттік органдар мен барлық азаматтардан сақтануды және еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты әрдайым қорғауды талап етеді.

Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ) Қазақстан мұсылмандарын бірлестіріп, басқа конфессиялармен сұхбаттасуды жетілдіріп, қоғаммен және зайырлы мемлекетпен ынтымақтасуды дамытуда қажырлы еңбек етіп жатыр. Басқарма Қазақстан мұсылмандарының платформасын қабылдап, бекіткен болатын. Онда олардың зайырлық мемлекеттегі діни қызметтерінің негізгі қағидалары анықталып, көрсетілген¹.

Бұл бағдарламада ҚМДБ сунниттік бағыттағы исламды ұстанып, Республика мұсылмандарының басым көпшілігі сияқты Әбу Ханифа мазхабын қолдайтындары жарияланған. Исламның ең бірінші және жауапты міндеті – жалғыз құдіретті Жаратушыға деген сенімнің рухани қағидаларын бекіту. «Ислам» сөзі «Жаратушыға толықтай бағынуды», «бейбітсүйгіш адам болуды» білдіреді. Платформада сенімнің негіздері (ақидалар), шариғаттың негіздері (фикх) және исламның этикалық қағидалары (ақлақ) ашылып көрсетіледі.

Исламның қазіргі қоғам мен зайырлы мемлекеттегі рөліне бір тарау арналып отыр. Құжатта зайырлы мемлекет «дінсіз мемлекет» дегенді білдірмейді деп түсіндіріледі. Керісінше, зайырлы мемлекет әр адамның дін бостандығы құқығын қамтамасыз етіп, этностарды діни белгісіне қарай бөлмейді. Платформада зайырлық қағидасы Құранның өзінде келтірілген және дінде мәжбүрлік жоқ екенін растайтындығы жазылған.

Ислам мұсылмандарды мемлекет алдындағы парыздарын орындауға, яғни мемлекеттің заңдарын құрметтеп, Отан алдындағы әскери борышын орындауға, бейбітшілік пен азаматтық келісімділікті нығайтуға, мәдени дәстүрлерді жаңғыртып, қоғамда рухани және ізгілікті қалыптастыруға үлес қосуға шақырады.

«Дін мен Отан қасиетті ұғымдар болып табылады... Хадистердің бірінде: «Қиямет күні Тозақты көрмейтін көздердің екі түрі бар: өзінің жасаған күнәлары үшін жылаған көздер және өз Отанын қорғауда ерлік көрсеткен көздер» деп айтылады.

Платформада ислам толеранттылық пен басқа этностар мен діндерге құрметпен қарайтын дін болып табылатыны ерекшеленіп айтылады. Тарихта исламның басқа діндермен

¹ Платформа мусульман Қазақстана. – Астана. 19 февралы 2015 года.

сұхбаттасуының көптеген мысалдары бар. Ал бүгінгі күні бұл қағида көпконфессионалды қоғам мен зайырлық мемлекеттегі жетекші қағидаға айналды.

Ислам өзінің жақтастарын білім алуға баулиды: Қасиетті Құранда білім туралы алты жүз рет айтылған. *«...Білгендер мен білмегендер тең бола ма?»*, – де. *Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт ала алады»* (Құран, 39:12(9)). Қазіргі әлемде мұсылман табиғат пен адам жайлы ғылымдардың жаңа жетістіктерін оқып, бірақ оларды аса құдіретті Аллаға деген сенім мен өмірдің рухани негіздеріне басымдық бере отырып оқу тиістігі көрсетіледі. Платформада сонымен қатар «жиһад» ұғымының мәні түсіндіріледі. Бұл адамның өз нәпсілерімен күресіп, ішкі дүниесі мен жүрегінің тазаруы, әрдайымғы ізгіліктік жетілуі болып табылады.

Платформада Республиканың мұсылмандары зайырлы мемлекетпен ынтымақтаса отырып, қазақстандықтардың діни және азаматтық бірегейлігін сақтап, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарын дамытуды қолдайтыны айтылады. Сол себептен олар азаматтық бірегейлікті құлдыратып, Қазақстанның этностарына жат діни ережелер мен ғұрыптарды мәжбүрлеуге тырысатын жалған діни ұйымдардың қызметін қолдамайды.

Құжаттың негізгі идеясы – Қазақстан мұсылмандарының бірлігі, басқа конфессиялармен сұхбаттасуы және зайырлық мемлекетпен ынтымақтасуы. «Біздің міндет – мұсылмандар арасындағы бірлікті сақтап қалу және олардың араздығына жол бермеу». Құранда: *«Алланың ілімін тірек етіп, бөлінбеңдер және де Алланың сіздер бір-біріңе жау болғанда мейірімділік танытқандығын естеріңізге түсіріңіздер, Ол сендердің жүректеріңді жақындастырып, және сендер Соның рақымшылығының арқасында бір-біріңе бауыр болып кеттіңдер»* деп айтылады (Құран: 3(98/103).

Сонымен, мұсылмандар рухани келісімнің ұлттық үлгісі бойынша басқа конфессиялармен сұхбаттасуға бағдарлайтын жалпыға бірдей Платформаның негізінде біртұтас мүмкіндігіне иеленді. Бұл – зайырлы мемлекеттің ерекше белгісі болып табылады.

Қазіргі Қазақстанда діндарларға қасиетті жерлерге қажылық жасауға тыйым салынбайды. Бірінші мұсылмандық қасиетті мекен Пайғамбарымыздың қаласы Мекке болып табылады. Исламдық

өркениеттің рухани орталығына қажылық жасау исламның бес дінгегінің біреуі саналады. Қазақстаннан қажылықпен баратындардың саны жыл сайын өсуде. Ол да мемлекеттің дінге қатысты саясатының нәтижесінің көрсеткіші.

Қазақстанда әрбір мұсылманның қадір тұтатын, күллі исламдық әлемде екінші Мекке ретінде дәріптелетін қасиетті мекен – Түркістан орналасқан. Онда XIV ғасырда Әмір Темірдің бұйрығымен қазақ халқының рухани тәлімгері ұлы қасиетті Ахмет Қожа Яссауидің атына арналып мазар салынған болатын.

Тамаша архитектуралық ғимарат, Мазар туралы көптеген аңыз әңгімелер қалыптасқан. Олардың біреусі Мазар жоғарыдан бір белгі келмейінше көп уақыт бойы салынбай келгенін айтады. Ол белгі ең алдымен Қожа Ахмет Яссауидің тәлімгері Арыстан баб атына мазар салу керектігін білдірді. Дәл осы талапты орындағаннан кейін Қожа Ахмет Яссауидің Мазарын тұрғызу мүмкін болды. Сол себептен қажылар дәстүр бойынша Тәлімгердің мазарын, ал кейін оның ұлы Шәкіртінің мазарына барады.

Халық аңыздары бойынша қасиетті Арыстан баб Мұхаммед Пайғамбардың ізбасары болатын. Бір күні Пайғамбар өзінің қонақтарына құрма таратып берді. Бірақ, бір жеміс ыдыстан түсе берді. Сол кезде Пайғамбар өзіне аян берілгенін айтып, осы құрманың дәнегін төрт жүз жылдан кейін туатын Ахмет атты мұсылман алады деген әулиелік айтты. Арыстан Баб дәнекті Пайғамбардың ерекше құрметі ретінде жеткізуге сұранды. Оның өмірі төрт жүз жылға созылып, ол Ахметтің ұстазы болып, оған құрманың рәміздік дәнегін сыйға тартқан болатын.

Қажылар сонымен қатар адамдарды неше түрлі кеселдерден жазып шығаратын қасиетті Құлболды бабаның мазарына; тауда кесілген Бекет атаның жерасты мешітіне (соның маңында қонған адам түсінде мәселелерінің шешілгенін көреді) барады. Ғашықтар Қозы-Көрпеш және Баян-сұлу мазары мен Тараз қаласының маңындағы өзінің тамаша архитектурасымен тартымды Айша-бибі мазарына көбірек барады.

Енді Қазақстан мұсылмандарының діни санасының ерекшеліктері қандай деген сұраққа жауап берейік. Ғалым-дінтанушылар сенімді әлеуметтанулық зерттеулерге сүйеніп,

осы сұрақтың жауабын табуға көмектеседі¹. Зерттеу қоғамда ханафиттік мазхаб бағытындағы исламның қалыпты және жақсы бағалануын көрсетті. Ханафиттік мазхабтың қазақи бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі маңызды деген пікір қалыптасты.

Қазақ мемлекеттілігінің тарихында дәл осы бағыт заңға әсер етіп, қазақ хандарының шешімімен ресми дін ретінде қабылданды. Қазіргі Қазақстанда ханафиттік мазхаб мұсылмандық үмбеттің бейбітшілігі мен ауызбіршілігін қамтамасыз етіп, қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын сақтап қалуға септігін тигізіп, қазақстандық қоғамды бірлестіреді. Қазақстандықтардың ойынша, ханафиттік мазхаб түркілік бірегейліктің қалыптасуына әсер етіп, көптеген түркі халықтарының тандауы болып табылады.

Қазақстандықтар ханафиттік мазхабтағы исламның қазақ мәдениетінің ерекшелігін сіңіріп, қазақи дүниетаным мен исламның рухани құндылықтарын орынды үйлестірді деп ойлайды. Сол себептен ханафиттік бағыт өзге конфессиялардың өкілдеріне жоғары деңгейдегі толеранттылық танытып қазақстандық қоғамның ұжымдасуы мен конфессияаралық бірлігіне септігін тигізіп, заманауи әлемнің өзекті мәселелерін шешу үшін мемлекеттік институттармен әртарапты сұхбат құрудың дайындығын аңғарады.

Салафизм мен ваххабизмді қарастыратын болсақ, онда бұл бағыттарды қазақстандықтар теріс бағалап отыр. Қазақстандықтардың көптеген мұсылмандары бұл ағымның дінге ешқандай қатысы жоқ мақсаттарды көздейтінің түсініп отыр. Әсіресе жастардың діни санасына әсер ету мақсатында барынша жетілдірілген технологияларды қолдана отырып, шетелдік эмиссарлар қазақстандықтардың діни бірегейлігін ыдыратып, елеміздің рухани қауіпсіздігінің негіздерін осылайша бұзғысы келеді.

Сұралғандардың бір бөлігі исламдағы дәстүрлі емес діндерге сыни көзқараспен қарамайтындарын білдіріп, дін бостандығына деген құқығы осылайша іске асырылады деп есептейтіндерін мойындады. Шетелдік уағыз таратушылар жеке жағдайларда елдегі жағдайды пайдалана отырып, өздерінің мақсаттарына қол жеткізеді: әсіресе жастардың діни қажеттіліктері өсіп келеді, ал діни сауаттылық пен білім бәрінде бірдей жетілдірілмеген.

¹ ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты ғылыми-зерттеу жобасы: «Традиционная религия Казахстана: суть и отличия суннизма ханафитского мазхаба» (2012-2014 гг.).

Қазақстандықтарға жат діни бірегейлікті мәжбүрлегісі келген адамдар осындай ортаға келуге тырмысады.

Ислам дінінің негіздерін терең білу, исламның ұлы бітімгерлік міндеті мен оның мәдени және рухани үрдістерге деген ықпалдарын түйсіну, қазақ халқының тарихи тамырларына, оның дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына оралу ұлттық менталитеттің ерекшеліктеріне және діндарлықтың тарихи қалыптасқан түрлеріне сай келмейтін діни ілімдерді қазақстандық қоғамға енгізу амалдарына нағыз тойтарыс беретін шара бола алады. Сыртқы ықпалдарға төтеп беру үшін зайырлы және діни тұрғыдан да білімді болу керек.

2011–2012 жылдары Қазақстан халықаралық Исламдық ынтымақтастық ұйымында (ИЫҰ) төрағалық етті. Исламдық ынтымақтастық ұйымы ірі үкіметаралық мұсылмандық халықаралық ұйым болып табылады. Ол жалпы саны 1,5 млрд. адамды құрайтын елу жеті мемлекеттің басын қосып отыр. ИЫҰ халықаралық аренада қазақстандық бастамаларды қолдап, олардың іске асырылуына үлесін қосып, біздің Республикамыз «Шығыс-Батыс» желісі бойынша өзара сұхбаттасудың көпірі ретінде саналатын өркениетаралық және дінаралық байланыстарды дамыту саласында Қазақстанның маңызды бағдарлаушы рөлін мойындайды.

Сонымен, ислам зайырлық мемлекетте азаматтық қоғамның маңызды факторы мен ықпалды әлеуметтік институтқа айналды. Өзінің басты мақсатын, яғни рухани салаға деген әсерін бере отырып, ислам конфессияаралық келісімнің ұлттық саясатын орындауға септігін тигізіп, дәстүрлі құндылықтарды жаңғырту және бейбітшілік пен толеранттылық қағидаларын орнықтыруда мемлекетпен қарқынды ынтымақтастық шараларын жүргізеді.

Исламның жоғары гуманистік міндетін белгілей отырып, Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» кітабында былай жазады: «Біздер, қазақтар үшін ислам – ең біріншіден, біздің дүниетанымызды анықтайтын жоғары идеал мен фактор, бұрындары толықтай ұмытылудың қауіпі төнген мұсылмандық мәдениет пен ата-бабамыздың соны сақтап қалудағы қажырлық қайратын дәріптеуге мүмкіндік беретін өзіндік бір Символ болып табылады.

Шынайы дін адамның бойында адалдық, ұяттылық, әдептілік, мейірімділік, жанашырлық, өз Отанына деген махаббат деген қасиеттерді оятып, дамытады. Сол себептен зайырлы мемле-

Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы

кет халықтың діни қажеттілігі мұхиттың арғы жағынан келген ілімдермен емес, қазақ халқының және Республиканың басқа да этностарының ұлттық даралығы мен рухани тәжірибесін көрсетететін діндермен қанағаттандырылуын көздейді.

Бақылау сұрақтары

1. Исламның зайырлы мемлекеттегі жаңа мәртебесі мен жағдайы қандай?
2. Қазіргі Қазақстанда исламдық сана сезімнің түрі қалай өзгеріп жатыр?
3. Ханафиттік мазхабтың Қазақстанның мұсылмандық үмбетінің өміріне тигізер ықпалын сипаттаңыз.
4. Қазақстан мұсылмандары платформасының мазмұнын ашып көрсетіңіз.
5. Қазақстандықтар исламдағы дәстүрлі емес ағымдарды қалай бағалайды (салафизм)?

Қазіргі Қазақстандағы православие діні

Ислам мен православие діні – Қазақстандағы екі ең ірі конфессия болып табылады. Бұл діндер Қазақстан үшін басқа дәстүрлі діндер мен (буддизм, иудаизм, католицизм, протестантизм) жаңа діни ағымдарға қарағанда бұқаралық сипатқа иеленіп келетінін айтып өту керек. Соңғылары көп болғанымен, оларға ұстанатындардың қатары аз.

Республикада басымдыққа ие ислам іспетті православие діні де – шетелдік миссионерлермен әкелініп, таратылған дін емес. Керісінше, православие діні Қазақстанның территориясында ерте кездерден бастап неше түрлі формада қалыптасып, дамыған. Қазақстан мемлекеттік діні православие болып табылатын Ресейге қосыла отырып, Ресей империясының құрамдас бөлігіне айналды. Бірінші тарауда көрсетілгендей, кеңестік кезеңде православие басқа діндер секілді репрессиялар мен қудалауларға ұшырады. Шіркеу мемлекеттен ажыратылды, ал мектеп шіркеуден бөлінді, өйткені, мемлекеттік деп ғылыми тұрғыдан Құдайды және оның адамдарының істеріне деген әсерін жоққа шығаратын атеистік идеология қабылданды. Тарихты алғашқы рет дінді әлеуметтік өмірден жеке салаға ығыстырып, оны «таптық жау», «халыққа

арналған апиын» деп жариялаған мемлекеттер пайда болды (алдымен КСРО, кейін Шығыс Еуропа мемлекеттері) Православтық ғибадатханалар мешіттер секілді қиратылып, дін қызметкерлері қудаланып, өлім жазасына кесілді. Бұл туралы сіздер оқулықтың бірінші тарауынан біле аласыздар. Бұл тарихи айғақтарды еске сала отырып, бірнеше мыңжылдаған уақыт бойы үстемдік етіп келген атеистік дүниетанымнан ар ұждан бостандығы, демократия мен зайырлы мемлекет қағидаларына негізделген жаңа құндылықтар жүйесіне өту қалайша қиын болғанын анығырақ түсіндіргіміз келеді.

Мыңжылдаған уақыт бойы адамдардың, халықтардың, өркениеттердің тағдырларын анықтап келген өмірдің діни бастауларының жаңғыруы орын алды. Бұл өз кезегінде діни ілімдерді ұлықтауға оралу болған жоқ, сонымен қатар зайырлы мемлекеттің жаңа мәдени-тарихи аясына өтуі болып табылады. Зайырлы мемлекетте бұл ілімдер жоғары әлеуметтік дәрежеге, түрлі қоғамдық маңызды бағыттар бойынша мемлекетпен ынтымақтасу мүмкіндігіне, басқа діндермен, әсіресе, исламмен сұхбаттасу мүмкіндігіне ие болды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің еңбектері мен баяндамаларында ислам мен православие діндерінің Республикадағы рухани үрдістерді белсендіре түсудегі маңызды рөлін бірнеше рет белгілеп өткен болатын. 2012 жылдың қаңтарында Президент Астана қаласындағы Қасиетті-Успенск Соборына барып, өзінің баяндамасында бұл рөлді ерекше атап өтті: «Құс бір қанатымен ұша алмаса, мемлекет те бір қанатпен қозғала алмайды. Екі қанат – ислам мен православие діні – еліміздегі негізгі діни конфессиялар болып табылады. Біз барлығымыз да жер бетінде бір болғанымен, тіл, сыртқы келбетіміз және дініміз әр түрлі болып келеді. Осы орайда асқан сабырлы бейбіт өмірдің негізі болып табылады».

Зайырлы мемлекеттегі діндарлықтың жаңғыруының маңызды көрсеткіштерінің бірі жаңа ғибадатханалардың тұрғызылуы болып табылады. Соңғы жылдардың ішінде өздерінің архитектурасы бойынша керемет ғибадатханалар – Астанадағы кафедралды Қасиетті-Успенск Соборы, Алматыдағы Құтқарушы Иса Пайғамбар ғибадатханасы, Павлодар қаласындағы Благовещенск Соборы, Екібастұздағы Серафим-Иверск Соборы, Талдықорған

қаласындағы Иоанн-Богословск Соборы бой көтерді. Алматыдағы Покровск-Всехсвятск шіркеуінің территориясында Қасиетті Құдай ананың соборы салынып жатыр. Ол өз кезегінде оңтүстік астананың керемет ғибадатханаларының бірі, рухани және ізгіліктік ағартушылық пен қайырымдылықтың орталығына айналады. Орыс православтық шіркеудің дәстүрлеріне сай ер адамдар мен әйелдер монастырлары жұмыс істейді.

Ғибадатханалар мен Соборлар – ғұрыптық әрекеттер, құпиялар, рәсімдер мен бірлесе дұға оқу, Жаратушы және күллі православтық әлеммен рухани жақындықты жүзеге асыратын Құдай үйлері болып табылады. Сонымен қатар ғибадатханалар – рухани білім берудің орталықтары деп те саналады. Әрбір шіркеудің жанында балалар мен ересектер үшін жексенбілік мектептер ашылып, православтық дін мен құдайға құлшылық етудің негіздерін ашып көрсететін дәрістер оқылады. Алматы қаласында Рухани семинария қызмет етіп, олардың түлектері жексенбілік мектептерде сабақ беріп, миссионерлік қызметті атқару мүмкіндігіне иеленеді. Зайырлы мемлекеттегі шіркеу өз избасарларын көбейтуге және қоғамдық өмірге кірігу формаларын кеңейтуге тырысады, олар: жастардың діни қызметі, фестивальдар, қасиетті жерлерге бару және т.б.

Ескі соборларды қайта қалпына келтіру де маңызды шара болып табылады, өйткені, олардың тарихы Қазақстандағы православие шіркеуінің тарихын қайта жандандырады. Бұл, ең алдымен, Верный қаласының бірінші ғибадатханасы – 1855 жылы салынған София ғибадатханасы. Оның тарихы орыс православтық шіркеудің өмірінде трагедиялық сәттерді ашып көрсетеді. Православие дініндегі қасиеттердің бірі бола тұрып, мәдениеттің керемет ескерткіші басқа да ғибадатханадар секілді 1937 жылы жабылып, дінге ешқандай қатысы жоқ мекемелерге берілді. Тек 2007 жылы ғана Алматы қаласының православтары, яғни ғибадатхананың жабылуын өз көзімен көргендердің немерелері қуанышқа толы жүректерімен және ашық пейілдерімен Құдайға бірлесе отырып, дұға бағыштау үшін қалпына келтірілген ғибадатханаға қайта аяқ басады.

Вознесенск кафедралды Собордың Орыс православ шіркеуінің Алматы қаласына өтуі Жетісу аймағындағы діни өмірдің жарқын оқиғасы болды. Ол Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың шешімі бойынша жасалынып, мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың

зайырлы үлгісін қалыптастыру жолында маңызды қадамға айналды. 1907 жылы тұрғызылған Вознесенск соборы Қазақстан территориясындағы православие дінінің символы, Верный қаласының сәніне айналды. Оны ең жақсы сәулетшілер мен архитекторлар шын жүректен және православтық ақиқаттарды шын дәріптей отырып, салған болатын. Ол өзінің әдемі күмбездерімен, ашық және жарқын кейпімен тамсандырып, таң қалдыратын. Оны шіркеулік сәуегейліктің керемет үлгісі, тарих пен мәдениеттің ескерткіші деп атады. Оның керемет сұлулығы діндарлардың жүрегіне ғибадатханада айтылған дұғалар Құдайдың құлағына шалынады деген үмітті сыйлайтын.

1922 жылы Ғибадатхана жабылып, ал ізгі хабарды жариялайтын қоңыраулары күмбезді мұңарадан құлатылған еді. Кеңестік билік ғибадатхананың діни белгілерін жойып, оған түрлі мекемелердің, өлкетану мұражайы, концерттік зал және т.б. атауларын іліп қоятын. Бірақ, собордың рухани мәні кеңестік кезеңде де құлдырамай, ешбір өзгерістерге бағынбады. Оның нақты айғағы – Собордың Орыс православтық шіркеуге оралуы және оның 2007 жылдағы салтанатты жүзжылдық мерейтойының аталып өтуі.

Собордың тарихымен көптеген трагедиялық, сонымен бірге рухани маңызды оқиғалар байланысты болып келеді. Азаматтық соғыстың ауыр жылдары Жетісудағы билік біреулердің қолынан екіншілерге өте бергенде Вознесенск соборында өзінің дінге деген беріктілігі үшін құрбан болған және қасиетті азап шегушілердің қатарына кіргізілген Қасиетті Пимен қызмет атқарды. Биліктердің тарапынан түскен қауіп-қатерге қарамастан ол өзінің қызметінен бас тартпай, уағыз айтуын жалғастырып, Жетісулық дінбасылар мен келушілердің съездін ұйымдастырып, құдайы жоқ билік пен II Николай мен оның жанұясының жаппай өлтірілуін сөккен болатын. Билік оның бұл әрекетіне діндарларды репрессиялаумен және оның өзін атып өлтірумен жауап берді. Бірақ, дінді мұндай жолмен өлтіру мүмкін болмады. Ол адамға ерекше жігерлік пен рухтың беріктігін сыйлайды.

Вознесенск соборының тарихымен Серафим мен Феогност азап шегушілерінің тағдыры да байланысты болып келеді. Олардың екеуі де Қасиетті Троицк монастырынан (Ыстық көл) Вознесенск соборына жіберілген болатын. Монастырьға кетеміз деп бел буып, олар Медеуде скит (монахтар тұратын шағын монастырь) жасап,

ал кейін оны әйелдердің монастырына беріп, Ақсай шатқалына аттанады. Аңыз бойынша олар Қызылжар тауындағы жалынға, яғни Құдайлық құт берекенің нұрына үш күн бойы қарап отырады. Осы жерде олар скит жасап, күйбең тіршіліктен аулақ ортада оңашаланып Қазақстан жеріндегі халық, бейбітшілік пен игілік үшін жатпай тұрмай құлшылық етіп, дұға оқығылары келді. Бірақ бұл жерде де оларға қасиетті дұғаларды қылмыс деп есептейтін және сол үшін ең ауыр жазалауды тағайындайтын құдайы жоқтардың оғы жетеді. Бүгінгі таңда кінәсіз өлтірілгендердің скиті табыну орнына айналды.

Қазақстандағы православие діні өзінің рухани қызметін «Орыс православтық шіркеуінің әлеуметтік концепциясының негіздері» атты бағдарламалық құжатқа сәйкес жүргізеді¹. Бұл құжатты қабылдаудың өзі шіркеудің қоғаммен және мемлекетпен өзара әрекеттесуінің жаңа тарихи кезеңін білдіреді. Ресей империясында да, атеистік кеңестік мемлекетте де шіркеудің өз әлеуметтік қызметінің іргелі қағидаларын қалыптастыруын елестету мүмкін емес еді. Зайырлық мемлекеттілік, керісінше, жалпыға бірдей әлеуметтік мәселелерді шешуде діни конфессиялармен өзара әрекеттесуді ұйғарады. Мемлекет құқықтық өрісті, тиісті заңдар мен нормативті актілердің кодекстерін қалыптастырып, конфессияаралық және діни-зайырлық сұхбаттың ұлттық үлгісін іске асыруға септігін тигізеді. Конфессиялар өз кезегінде мемлекетпен ынтымақтасуының формалары мен әдістерін даярлап, заңның барлық ережелері мен ескертпелерін орындайды.

Орыс православтық шіркеуінің әлеуметтік концепциясы шіркеу мен қоғамның, мемлекет пен азаматтардың, тек православие дінінің ізбасарлары ғана емес, сонымен қатар өзге конфессиялардың өкілдерімен, оған қоса зайырлы өмір салтын қолдайтындармен «бірлесіп, қызмет істеу» қағидасын жетекшілікке алып отыр. Шіркеу өмірдің барлық салаларын руханиландыруға тырысып, қазақстандықтардың жүректерін уағыз, білім беру жобалары арқылы ғана емес, сонымен қатар нақты шараларға қатысып, игі істер жасап, қоғамға қызмет ету арқылы да тазартуға тырысады.

¹ Основы социальной Концепции Русской православной Церкви. Архиерейский Собор 2000 года. – М.: Изд-во Московской патриархии, 2000. – 68 с.

Шіркеу мен мемлекеттің қатынастары Концепцияда «екі жақтық әріптестік», өзара қолдау мен өзара жауапкершілік, бір жақтың екінші жақтың құзырындағы істеріне араласпау» ретінде сипатталады. Шіркеудің мақсаты адамдардың мәңгілікке құтқару болса, онда мемлекеттің мақсаты – олардың жер бетіндегі игілігі. Бірақ зайырлық мемлекет жалпыға бірдей құндылықтарға сай ізгіліктік нормаларды жетекшілікке алатын болса, онда бұл мақсатқа қол жеткізе алады. Мемлекет зұлымдықтың күшін шектеп, ізгіліктің күшін қолдауы тиіс. Оның ізгіліктік мәні осыған негізделеді.

Көптеген мыңжылдықтар бойы Орыс православтық шіркеуі халықты патриотизм рухында, өз Отанына деген сүйіспеншілік, тарихи мұраға ұқыптылықпен қарау бағдарында тәрбиелеп келді. Зайырлы мемлекетте шіркеу патриотизм мен өз халқының қуаныштары мен сынақтарына ортақтасуын қолдайтын рухани тірегі болып табылады.

Шіркеу мен зайырлы мемлекеттің өзара бірлесіп, қызмет етуінің салалары өзара әріптестіктің кең аясын қалыптастырады:

- халықаралық, этносаралық және азаматтық деңгейлердегі бітімгершілік, адамдар мен халықтар арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа үлес қосу;

- қоғамда адамгершілікті сақтау;

- рухани, мәдени, ізгіліктік және патриоттық білім беру мен тәрбие;

- мейірімділік пен қайырымдылық істері, бірлескен әлеуметтік бағдарламаларды дамыту;

- мәдени мұраны сақтау, орнына келтіру және дамыту;

- ана және бала институттарын қолдау;

- адам мен қоғам үшін қауіпті жалған діни құрылымдардың қызметіне қарсылық таныту.

Христиандық этика мен зайырлы құқықтың арақатынасының негізгі қағидаларын мазмұндай отырып, Концепция мемлекеттің заңдарымен кепілденген адамның дінге, өмірге, отбасыға деген құқықтарын айқын көрсетеді. Құжатта басқа да негізгі сұрақтар қарастырылған: шіркеу мен саясат, еңбек пен оның жемісі; жеке меншік; соғыс пен бейбітшілік; қылмыс, жаза, түзелу; жеке дара, отбасылық және қоғамдық адамгершілік; адам мен халықтың денсаулығы; биоэтика мен экологияның мәселелері; зайырлы

ғылымдар, мәдениет, білім беру; шіркеу және зайырлы бұқаралық ақпарат құралдары; халықаралық қатынастар; жаһандану мен секуляризмнің мәселелері.

Бірнеше пунктеріне нақтығырақ тоқталып өтейік. Концепция-да жеке меншік туралы не айтылған? Қасиетті Кітап адамның жеке меншікке деген құқығын мойындайды. «Ұрлама», «біреудікін тілеме» және басқа да уағыздар «жақыныңды өзіндей жақсы көр» деген бір сөзге негізделеді (Рим. 13:9). Сонымен бірге Православ шіркеуі адалдық пен әділеттіліктің шегінен шыға отырып, байлықтың соңына түсуден сақтандырады. Мұндай бағдар адамға жағымсыз әсерін тигізіп, оның тұлғалық қасиетінен айырылуға әкеліп соқтыруы мүмкін. Иса Пайғамбар: «Абайландар, дүниеқор болудан сақтаныңдар! Байлығы қанша зор болса да, адам сол арқылы өз өмірінің иесі бола алмайды» деп ескерткен болатын (Лұқа. 12:15).

Концепцияда соғыс пен бейбітшілік туралы не айтылған? Соғысты зұлымдық деп санай отырып, шіркеу отбасы мен Отанды қорғау қажеттілігі жағдайында әскери әрекеттерге қатысу мүмкіндігін мойындайды. Православие діні барлық кезеңдерде өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаған жауынгерлерге аса құрметпен қараған болатын. Олардың көбісі Қасиеттілердің қатарына кірген.

Халықаралық мәселелер бойынша маңызды ережелер көрсетілген. «Халықтар мен мемлекеттер арасындағы қатынастар бейбітшілікке, өзара көмек пен ынтымақтастыққа бағытталуы тиіс. Апостол Павел христиандарға: «Қолдарыңнан келгенше, барлық адамдармен тату болыңдар» (Рим. 12:18) деген уағыз жолдаған еді. Шіркеу саяси ккшбасшылардың әрекеттеріне рухани және ізгіліктік тұрғыдан әсер ету қажеттілігінен бастау алып, халықаралық ұйымдармен сұхбаттасып, өзара әрекеттесуге тырысады.

«Орыс православтық шіркеуінің әлеуметтік концепциясының негіздерінде» мазмұндалатын қағидалар конфессиялардың бірлікте болуына, Қазақстан халықтарының ұжымдасуы мен бірлігіне септігін тигізетін белсенді діни қызмет үшін барлық жағдай жасалған зайырлы мемлекетте жүйелі және мақсаттылы түрде іске асырылуға.

Әсіресе қайырымдылық қызмет, аз қамтылған әлеуметтік топтар, көпбалалы отбасылар, балалар үйі мен қарттар үйіне көмек

көрсету мен оларға ақшалай қолдау істері нәтижелі жүргізіліп келеді. Орыс православтық шіркеуі кеңестік кезеңде де қайырымдылық жасап, табиғи апаттардан зардаб шеккен, денсаулықтары нашар, түрлі себептер бойынша үйі мен мүлігінен айырылған адамдарға ақшалай көмектесетін. «Әлеуметтік концепцияның негіздерінде «Қайғы қасіреттегі адамдарға көмек көрсету Иса Пайғамбарға көмек көрсеткенмен тең, және әр адамның мәңгіліктік тағдыры осы өсиетті орындаумен байланысты болып келеді» деп айтылған. Зайырлы мемлекетте шіркеудің қайырымдылық қызметі жүйелі, мақсатты түрде жүзеге асырылып отырды. Арнайы акциялар, қайырымдылық концерттері, жастар фестивальдары өткізілетін. Бұл қызмет әсіресе православ мейрамдарды тойлауда қарқынды атқарылады.

Шіркеу қызметінің басты бағыты – қоғамды руханиландыру. Ғибадатханалар мен жексенбілік мектептер рухани қызметтің орталықтары, кездесу және өзара көмек көрсету орындарына айналады. Православтықтар әдепті және мейірімді болып қана қоймай, олар үшін сонымен қатар өздерінің әрекеттері, ойлары мен тілектерін құдайлық нұрмен жарықтандыру да маңызды болып келеді. Православтықтардың ойынша Құдайға шарықтау идеясы жақсы әрекет идеясымен алмаспауы тиіс. Адамдар діннің дәлелі ретінде ғажайып нәрселерді күтеді. Ал ең басты ғажайып шіркеуде, адам Құдайға сене отырып, рухани өзгерген жағдайда ғана пайда болады.

Православ шіркеуі қазақстандықтардың күнделікті тұрмыстық өміріне магияның, ырымшылдық, пұтқа табынушылық, жұлдыз жорамалдарға аса қызығушылық білдіру, көріпкелдер мен экстрасенстердің әрекетін қолдамайды. Адамдардың рухани ағартушылығымен айналыса отырып, шіркеу ақша табу мақсатын көздеп, ақ көңіл сенушілерді алдайтындарды әшкерелеу үшін көп күш жігер жұмсайды. Осындай көріпкелдердің айла амалдарына түсе отырып, адам өзінің ақшасын жоғалтып қана қоймай, қауіпті психологиялық қысым көріп, қара күштер ықпалының зонасына тартылуы мүмкін.

Орыс православтық шіркеудің білім беру қызметі балалар мен ересектер үшін жексенбілік мектептердің қызмет етіп, қарапайым адамдар үшін дәрістерді ұйымдастырып, сонымен қатар Алматы рухани семинариясының жұмыс істеуіне негізделеді. Бұл жоғары оқу

орнында жексенбілік мектептердің ұстаздары мен миссионерлер оқытылып шығарылады. Семинаристтер көбіне құрамы жағынан көпұлтты болып келеді: орыстар, қазақтар, норвегиялықтар, латыштар. Олардың барлығы рухани білім ала отырып, Қазақстанды өздерінің отаны деп қабылдайды.

Қазақстанның орыс православтық шіркеуі Мәскеулік патриархаттың құрамдас бөлігі болып табылады. 2010 жылдың қаңтар айында Мәскеу мен Күллі Ресейдің патриархы Кирилл Қазақстанға келген болатын. Ол Астана қаласындағы кафедралды Қасиетті Успенск соборын тазалау рәсіміне қатысып, Астана мен Алматы қалаларындағы ғибадаттарда құдайға құлшылық ету ғұрыштарын орындап, қазақстандық қоғамның алдында сөз сөйледі. Өзінің баяндамасында Орыс православтық шіркеудің басшысы заманауи әлемде әр адам жақсылық, махаббат пен мейірімділіктің өсиеттерін орындап, қоғамның рухани өмірінің негізін құрайтын іргелі құндылықтарды қорғауы тиіс деп атап өтті.

«Патриарх қазіргі Қазақстандағы діни және ұлттық әр алуандылық адамдардың қарым қатынастарына жағымсыз ықпалын тигізбейді, өйткені, мұнда адамдарды олардың рухани қасиеттері бойынша бағалап үйренген деп атап өтті. Мемлекетті даналық арқылы басқарумен сәтті үйлесіп отырған қазақ халқының ділі, тарихи тәжірибесі мен керемет дәстүрлері ұлтаралық және дінаралық қатынастары үйлескен мемлекеттің пайда болуына септігін тигізгеніне күмәнім жоқ. Қазақстан Президентінің әрбір мемлекет пен әрбір халық – өркениеттің құнды қазынасы болып табылады деген сөздерін еске салып өтейін. Назарбаев әлемнің байлығы оның әр алуанды болып келуіне негізделеді, және де біз өзіміздің үлгіміз арқылы түрлі халықтар мен түрлі діндер бейбіт өмір аясында бірге өмір сүріп, дами алатынын айқын көрсетіп жатырмыз деп айтқан болатын».

Қазақстан Ресейдегі ең ірі православтық собор, яғни Құтқарушы Иса Пайғамбар ғибадатханасын тұрғызуға үлесін қосты. Ғибадатхананың қабырғаларын әшекейлеуде Қордайлық кен орнынан шыққан гранит Республикамыздың орыс православие дініне арналған сыйлығы ретінде ұсынылды.

Қазақстандағы ислам мен православие діндері мемлекетпен және басқа да діндермен бірлесе отырып, өмір, отбасы, адамның

II бөлім. Қазіргі Қазақстан. Зайырлы мемлекет және дін

абыройы, патриотизм, азаматтық ауызбіршілік пен қазақстандық халықтың бірлігі сияқты жалпы іргелі құндылықтарды қорғайды.

Бақылау сұрақтары

1. Православие дінінің зайырлы мемлекеттегі жағдайы, мәртебесі және қызметтері қалай өзгерді?
2. Алматыдағы Вознесенск соборының тарихы туралы айтып беріңізші.
3. «Орыс православтық шіркеудің әлеуметтік концепциясының негіздерінің» түйінді ұстанымдарын атап беріңіз.
4. Неліктен заманауи Қазақстан үшін ислам мен православие діндерінің сұхбаты маңызды болып келеді?

Қазіргі Қазақстандағы католицизм

Оқулықтың бірінші тарауында айтылып кеткендей, католицизмнің Қазақстан территориясындағы тарихы ежелгі уақыттардан бері дамып келеді. XIII ғасырда Ұлы Хандарға көшпенді түркі халықтарымен байланыс орнату мақсатымен римдік дінбасының миссиясы жіберліген еді. Бұл байланыстар орнатылды, ол туралы Хандардың католиктік шіркеудің дінбасылары IV Николаймен және XXII Иоаннмен жазған хаттары мәлімдейді.

Қазақстан территориясындағы католицизм тарихының келесі кезеңі католик поляктардың көшіп келуімен байланысты болып келеді (XVIII–XIX ғғ.). XX ғасырдың 30–50 жылдары Қазақстанға немістер, поляктар, латыштар, украиндықтар, яғни католик дінінің өкілдері жер аударылды. Олардың құдайға құлшылық ету рәсімдері жасырын жүргізілді. Тек 70-ші жылдары ғана Қарағанды қаласында Қасиетті Иосифтің ғибадатханасы салынды. Қазақстан территориясындағы католицизм тарихын қысқаша шолып өтіп, жаңа тарихтың қазіргі кезеңін қарастыруға көшейік.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін католицизм басқа діндер секілді рухани және әлеуметтік қызмет көрсетудің жаңа мүмкіндіктеріне иеленеді. Қазіргі католик шіркеуінің жетекшілікке алатын басты қағидасы – әлемге ашық болып, мемлекетпен ынтымақтасып, өмірдің рухани негіздері мен жоғары ізгі мұраттарды, халықтар, мәдениеттер мен конфессиялар арасындағы өзара түсіністік пен сенімді қалыптастыруда қоғамға, оның ішінде

діндар да, діндар емес адамдарға да бірдей көмектесу болып табылады.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары католицизм католик қауымдастығының басым бөлігін құрайтын неміс тұрғындарының Германияға көшіп кетуімен байланысты үлкен қиыншылықтарды басынан кешірді. Бірақ, ұлттық заң мен діннің зайырлы мемлекеттегі рөлінің өзгеруінің арқасында католицизм белсенді миссионерлік қызметін жүргізіп, өзінің іліміне басқа этностардың өкілдерін тарта бастаған болатын. Католиктік шіркеулердегі қызмет орыс, неміс, украин, ағылшын және поляк тілдерінде жүргізіледі. Осының нәтижесінде католик дінін ұстанушылардың саны көбейіп, құрамы көпұлтты бола бастады. Келушілердің арасында жиырма ұлттың өкілдерін атап көрсетуге болады.

Ватиканның мемлекеттік деңгейде Қазақстанмен байланыстарын орнату бастамасы қазіргі Қазақстандағы католицизмнің күшеюіне өз септігін тигізді деп айта аламыз. 1994 жылы Қазақстан және Ватикан арасында дипломатиялық қатынастар орнатылып, мемлекетке папалық нунций, Ватиканның елшісі іс сапармен келген еді. Төрт жылдан кейін «Қазақстан Республикасы мен Қасиетті тақтың қарым-қатынастары туралы келісімге» (конкордат) қол қойылды. Бұл құжатта ортақ қызметтің негізгі бағыттары көрсетілген: «Тараптар өз құқықтары мен құзырларын орындауда еріктілікті мойындап, халықтардың игілігі үшін өздерінің қатынастары мен әріптестіктерінде осы қағиданы сыйлауға міндетті болып келеді» (1 бап). Оған қоса Қазақстан территориясындағы католик шіркеуінің рөлі мен қызметі қарастырылып өтеді. Ол әлеуметтік және қайырымдылық қызметпен айналысып, өзінің пікірлері мен ұстанымдарын еркін білдіріп, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып, мәдени үрдістерді дамытуға қатыса алады.

Католицизм тарихында алғашқы рет Қазақстан территориясында діни қызметті еш кедергісіз атқарып, қоғамдық атмосфераға жақсы ықпал етіп, мемлекетте рухани және ізгіліктік қағидалардың орнығуына септігін тигізе алу мүмкіндігі пайда болды. Естеріңізде болса, ортағасырларда католицизм түркі әлемінде үзілді кесілді қызмет етіп, Ресей империясында жеке этностардың, яғни неміспен поляктардың діни қажеттіліктерін қанағаттандырып, кеңестік

кезеңде қудаланып, ығыстырылған болатын. Тек зайырлы мемлекетте ғана католицизм Қазақстан үшін дәстүрлі діндер секілді мемлекеттік қолдауға иеленді, ол өз кезегінде тиісті ұлттық заңнамалар мен Ватиканмен дипломатиялық қатынастар орнатудан көрініс тапты.

Осының барлығы Римдік католиктік шіркеудің Қазақстандағы қызметінің қарқынды дамуына әкеліп соқтырды. Бүгінгі таңда ескі ғибадатханалар қалпына келтіріліп, Астана, Алматы, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай және Атырау қалаларында жаңа ғибадатханалар бой көтеріп жатыр. Католиктік шіркеу сонымен бірге Германия, Польша, Франция мемлекеттерінің шетелдік діни ұйымдарының көмегіне сүйенеді. Католиктік шіркеуде жұмыс істейтін діни қызметкерлер де шетелден жіберіледі: олардың ұлттық құрамы әртүрлі – поляктар, итальяндықтар, немістер, американдықтар, испандықтар, кәрістер, швейцарлар. Шіркеу діни қызметкерлердің төл мамандарын дайындап шығару үшін діни білім беру ұйымдарын дамытуға тырысады. Мысалға, Қарағандыда Мария – Шіркеу анасы атты епархиалды жоғары рухани семинария ашылып, костелдардың жанында балалар мен ересектер үшін жексенбілік мектептер жұмыс істеп, онда католик дінінің негіздері, литургика, догматика және шіркеу тарихы бойынша сабақтар жүргізіледі.

Шіркеуге келушілердің саны нақты көрсетілмейді, себебі олардың саны тұрақсыз. Тек бір нәрсені ғана сенімділікпен айтуға болады: мұсылмандармен және православтықтармен салыстыратын болсақ Қазақстанда католиктердің саны көп емес. Бірақ, олар рухани қауіпсіздікті нығайту мен қазақстандық қоғамның тұрақтылығына орасан зор үлесін қосып отыр. Ғибадатханалар келушілердің жас көрсеткіштеріне аса мән беріп, жастарға ерекше көңіл бөледі. 2000 жылы шамамен жүз жас қазақстандық католиктер Ватикандағы Бүкіләлемдік Жастар күніне қатысып, әлемнің түкпір түкпірінен келген миллиондаған діндарлармен бірге Рим папасының мейірімділік пен конфессияаралық сұхбаттасуға шақырған баяндамасын тыңдаған болатын.

Католик шіркеуінің әлеуметтік қызметінің негізгі бағыттарының бірі – қайырымдылық, жалғызбастыларға, қарт адамдар мен мүгедектерге көмектесу болып табылады. Көптеген

қауымдастықтардың жанында тегін асханалар мен дәріханалар қызмет етеді. Осы орайда мейірімділік діни мағынада түсіндіріледі, яғни оларға материалдық көмек қана көрсетіліп қоймай, сонымен қатар психологиялық және рухани қолдау көрсетіледі. Мысалға, Алматыда «Жүрек үйі» атты ерекше орталық ашылды. Оның негізгі міндеті – «қарапайым қатысу ғана». Ол өз кезегінде жалғыз басты, сырқат, аз қамтылған, қарта адамдарды тауып, оларға азық түлікпен, киіммен, дәрі-дәрмекпен көмектесу, ал ең бастысы – олардың қасынан табылып, тыңдап, әңгімелесіп, сырласып, күш жігер беріп, олардың жалғыз емес екендерін, қастарында жанашыр жақын адамдарды бар екенін білдірту болып табылады.

Жастар үшін де қайырымдылық жобалар қарастырылған. Алматыда католик Жастар орталығы қызмет етіп, онда тегін қайта даярлау курстарын оқып, жаңа мамандыққа ие болып, еңбекпен қамтылу бойынша қажетті кеңес алуға болады. Орталық халықаралық католиктік ұйымдардың қаржылық қолдауымен салынып, шетелдік мамандарды сабақ жүргізуге шақырады. Жаңа мамандықты алу мүмкіндігі католиктік ілімнің негіздері оқытылатын үшжылғы діни уағыздар курстарын игерумен үйлесіп келеді.

Қазақстанның территориясында католиктердің дәріптейтін ерекше қасиетті жерлері бар. Ең бастысы, ол Солтүстік Қазақстан облысындағы Тайынша ауданындағы Озерное ауылы. Ол Әлем Ханшайымы Мариамның әруақ қонған жері деп есептеледі. Бұл жерді католиктер таңғажайып деп есептейді. 1941 жылы осы шөл далаға поляктар жер аударылып, өлім аузында болған. Кенеттен далада ішінде мыңдаған балықтар жүзіп жүрген үлкен көл пайда болды. Жер аударылған поляктар осылайша аман қалды. Бүгінгі күні Озерное ауылында «Құдай ананың балықтармен» тұрған ескерткіші орнатылған. Жыл сайын бұл жерге Қазақстанның жастары жиналып, туған елдеріндегі бейбітшілік пен келісімділікті қолдаудың өзекті мәселелерін талқылайды.

Озерное ауылының қасындағы Ахимбеттау төбесінде католиктік шіркеу сталиндік репрессиялар құрбандарына арнап ескерткіш орнатқан болатын. Бұл ескерткіш – келесі жазбасы бар он екі метрлік крест:

Құдайға – даңқ

Адамдарға – бейбітшілік

Азаптанушыларға – Аспан патшалығы

Қазақстан халқына – алғыс

Қазақстанға – гүлдену.

Еліміздің конфессияаралық келісім үлгісін іске асырудағы, зайырлы мемлекеттегі діндарлықты дамытудағы жетістіктері халықаралық қоғамдастықтың жоғары бағасына иеленді. Әлемді рухани жаңарту, конфессиялар мен діндердің сұхбаты үшін күресуші атымен белгілі II Иоанн Павел папасының Қазақстанға келуі соның айғағы болып табылады (2001 ж. қыркүйек). Папа Астана қаласындағы репрессия құрбандырының ескерткішіне барды, ал оның Қазақстан жерінде сапармен жүруі барысында болған ең басты оқиға Отан Ана алаңындағы салтанатты месса болып табылады. Бұл жерге тек католиктер ғана емес, басқа діндердің өкілдері де, оған қоса Папаның діни ұстанымдарын қолдамайтын зайырлы адамдар да жиналған болатын. Бірақ олардың барлығы да оның негізгі идеясын, жанжалдар мен келіспеушіліктерден бас тарту, бейбітшілікте өмір сүру және бір біріне сене білу үндеуін қолдады. Папаның баяндамасы жұрттың бәрін таң қалдырып, жиналған адамдардың жүректерін жылытып, жандарын рухтандырғаны соншалықты осы кездесуден кейін адамдар әлемге басқа көзқараспен қарайтын болды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің көңіл күйін «Мен сіз өткізген мессаны басынан бастап аяғына дейін мұқият тыңдап шықтым. Сіздің сөздеріңіз менің жан жүрегімді қозғады. Сіз өркениеттер келісім мен сенім жолымен жүруі тиіс деп айтқанда мен өзімді сізбен пікірлес екенімді сезінемін. Сіздің Құдай бәрімізге ортақ және біз де бірлесуіміз керек деген ескертпемен католиктерге ғана емес, сонымен қатар басқа діннің өкілдеріне үндеу салғаңызды мен ерекше бағалаймын» деген сөздерімен жеткізген болатын.

Рим Папасы Қазақстан Республикасындағы діни тұрақтылыққа, Елбасының бейбітшілік пен келісімді сақтау, Батыс пен Шығыстың көптеген мемлекеттерінің еліктеу мысалы ретінде толеранттылық алаңын құру бойынша кең бастамаларын жоғары бағалады. Әсіресе ол әлемдік діндердің үстемдік етуші діндердің бірі исламмен сұхбаттасудың қажеттілігін белгілеп өтті. «Мен ка-

толик шіркеуінің Исламға, яғни дұға бағыштап, көмекке мұқтаж адамдарға жанашырлық танытатын нағыз Исламға деген құрметін растағым келеді... Құдай адамдардың мүдделерімен негізделмес үшін барлық сенушілер бірлесуі тиіс. Жек көру, фанатизм мен терроризм Құдайдың атын арамдап, адамның нағыз келбетін бұрмалайды».

Папаның іс-сапарынан кейін Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев II Иоанн Павел папасымен конфессияаралық және этносаралық келісімді орнату саласындағы ерен еңбегі үшін Пия Орденімен марапатталды. Орден Елбасына апостылдық нунциймен (елші) табысталды. Бұл акт халықаралық қоғамдастықта рухани келісімнің ұлттық саясатын іске асырудағы жоғары жетістіктердің мойындалуын білдірді.

Понтификтің қайтыс болуы келісім мен бейбітшілікті қалайтын адамдардың қайғысына айналып, соған байланысты Астанадағы кафедралды собордың территориясында оның құрметіне үлкен ескерткіш орнатылды.

II Иоанн Павелдің ізбасарлары Бенедикт XVI пен Франциск діндердің, мәдениеттер мен өркениеттердің жаһанды сұхбаттасуын жақсарту міндетін жалғастырып келеді. Осы орайда олар көп ғасырлар бұрын әлемнің барлық діндерін бірлестірген аспандық соборды аян ретінде көрген Қасиетті Николай Кузанскийдің сөздеріне сүйенеді.

Ватикан сонымен қатар Қазақстандағы орыс православтық шіркеумен байланыстарын жақсарту бойынша бірқатар іс-шараларды атқаруда. Мысалға, Астанадағы ЕҚЫҰ Саммиті барысында Қазақстандық митрополиттік округтің басшысы митрополит Александрға Қасиетті Тақтың атынан қасиетті Андрей апостолы мүрдесінің (мощи) бір бөлігі сый ретінде берілді.

Осы оқиғалардың барлығы тек католиктік қауымдастықтардың діни өміріне ғана емес, сонымен қатар православие діні мен басқа конфессияларға жақсы ықпалын тигізіп, дін мен зайырлы мемлекеттің өзара әрекеттесуінің жаңа көкжиектерін ашқан болатын. Католиктік шіркеу үшін әлеуметтік қызмет көрсету мен мемлекетпен ынтымақтасудың барлық бағыттары маңызды болып келеді. Бірақ бұл қызмет формаларының сипаты діни мазмұндылықпен, шіркеудің әлемді рухтандырып, Құдайға жақындастырып, олардың жүректеріне құтқару үмітін арту рөлімен анықталады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазіргі Қазақстанда католиктік шіркеу қызметінің белсенді жүргізілуіне қандай жағдайлар себеп болып отыр?
2. Иоанн Павел II папасының Қазақстанға мемлекеттік іс сапармен келуі қандай маңыздылыққа иеленді?
3. Қазақстандағы католиктердің қасиетті жерлерін атаңыз.
4. Католицизмнің Қазақстан Республикасының конфессияаралық сұхбаты құрылымына қосатын үлесі қандай?

Республика жеке этностарының діндері

Жоғарыда айтылғандай, дәстүрлі діндер этностық-мәдени қауымдастықтардың дүниетанымдық іргетасын қалап, тарихтың дамуына әсер етіп, өркениеттердің бейнесі мен оған белгілерін қалыптастырады. Олар көптеген ұрпақтардың өмір сүру салтының негізі болып, ғұрыптар мен рәсімдер жүйесінің ішкі мәнін анықтап, мыңдаған жылдар бойы миллиондаған адамдардың өмірлік қарқынына еніп отыр. Қазақстан үшін, бұл ең алдымен ислам мен православие діні. Олардың сұхбаттасуы еуразиялық кеңістіктегі рухани келісімге септігін тигізді. Қазақстанның территориясында тарихы ерте кезеңдерден бастап дамымаған, бірақ елімізде тұратын аздаған этностардың мәдени және рухани үрдістеріне ықпал еткен діндерді Республика үшін дәстүрлі діндер деп есептеуге болады. Бұл протестантизмнің кейбір бағыттары болып табылады. Қазақстан үшін дәстүрлі деп сонымен қатар қазақ халқының тарихи ата-бабаларының діни синкретизмін қалыптастыруға орасан зор үлес қосқан буддизм діні және еврей халқының ұстанып келген иудаизм діні де қарастырылады.

Бұл діндердің Қазақстанның жеке этностары үшін дәстүрлі болып келетінін тағы да бір рет белгілеп өтейік. «Бұның негізі ретінде олардың таралуының ұзақ тарихы; осы діндердің этностық белгімен және де сәйкесінше, ұлттық тарих және мәдениетпен арақатынастығы қарастырылады (...католицизм – поляктар, немістер, литовшылар; лютерандық – немістер; иудаизм – еврейлер)»¹.

¹ Религии в Казахстане. – Алматы: Международный центр культур и религий, 2011. – 147 с. – С. 113.

Зайырлы мемлекетте бұл діндердің дәрежесі мен жағдайы қалай өзгергенін қарастырып өтейік.

Буддизм. Қазақ халқының тарихи бабаларының діни синкретизмін қалыптастыруға едәуір ықпал еткен діндердің біреуі болып табылады. Осы орайда Таспар Қағанның басқаруы кезінде буддизмнің Түрік Қағанатының мемлекеттік дін болып саналғанын еске түсірген жеткілікті.

Қазіргі Қазақстанда буддизмнің екі діни ұйымы қызмет атқарып келеді (тибеттік ламаизм мен корейлік вон-буддизм). Буддистік доктринаға қызығушылық танытатын адам саны аз емес. Алматы қаласының маңындағы Тамғалы тас шатқалы әсіресе танымал. Онда буддалардың мүсіндері мен таудағы буддистік жазбалар табылған болатын. Оралдағы Тибеттік-буддистік орталық буддистік мұраға деген қызығушылықтарды қанағаттандыра алады.

Иудаизм. Басқа діндер іспетті иудаизм зайырлық мемлекетте өз қызметін атқару үшін жаңа дәреже мен мүмкіндіктерге иеленді. Негізгі бағыты – ұлттық еврей мәдениеті мен дәстүрлерін қолдап, дамыту болып табылады. Осы мақсатта арнайы орталықтар мен ұйымдар құрылған. Мысалға, Алматыда Менахем Шнейерсон атындағы Еврейлік мәдени орталық қызмет етеді. Еврей халқының мәдени мұрасының сақталуына сонымен қатар Қазақстанның еврейлік конгресі өз септігін тигізіп отыр. Соның бастамасы бойынша ай сайын шығатын «Шалом» газеті басылып, иудейлік күнтізбе шығарылады.

Иудаизмнің діни қызметінің екінші маңызды міндеті – конфессияаралық сұхбатты жақсартып, оны күшейтуге барынша үлесін қосу. Евро-Азиялық еврей конгресі (ЕАЕК) иудаизм мен исламның, сонымен қатар Республиканың басқа да конфессиялары және зайырлы институттарымен конструктивті сұхбатын кеңінен тарату үшін ерең еңбек етіп келе жатыр.

Діни аралық сұхбаттың концепциясы бойынша иудаизмнің өкілдері Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндердің барлық съездеріне қатысып, (2003, 2006, 2009, 2012 және 2015 жылдары) көптеген мемлекеттердің діни қайраткерлерімен қазіргі

әлемнің маңызды мәселелерін тікелей талқылау мүмкіндіктеріне иеленді.

Иудаизм зайырлық мемлекетте толеранттылық пен өзара құрмет әлеуетін көрсетіп, конфессияаралық келісімнің ұлтты үлгісін іске асыруға үлесін қосып келуде. Республикада иудаизмнің бірнеше діни бірлестігі қызмет етіп келеді.

Протестантизм. Евангелистік-лютерандық шіркеу, Қазақстан территориясындағы немістерді XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап біріктіріп келгенін естеріңізге түсірейік. Ресей империясында бұл діни бағыт мемлекеттік емес діндердің қатарын толықтырды. Кеңестік кезеңде ол тым ауыр жағдайды басынан кешірді. Тек 70–80 жылдары ғана кейбір оң өзгерістер байқалып, лютерандық қауымдастықтар Қазақстанның түрлі қалаларынан ашыла бастады. Бірақ, діндарлардың қандай да бір әлеуметтік дәрежесінің мәселесі мүлдем қозғалмады. Олар діни ғұрыптарды шағын ортада ғана атқаратын.

Қазақстанда ар-ұждан бостандығы қағидатын іске асырумен байланысты жаңа кезең қалыптасты. Соның нәтижесінде енді тығылып, жасырынып, өз діни ұстанымдарын жасырудың қажет болмады. Евангелистік-лютерандық шіркеуді Қазақстанның көпконфессионалдық кеңістігі құрамдастарының бірі ретінде мойындау бірінші болып іске асырылған жетістік болды. Бүгінгі таңда Республикада 13 лютерандық қауымдастық ресми түрде тіркелген, ол өз кезегінде лютерандықтардың діни қызметі заңдастырылғанын білдіреді.

90-шы жылдары діндарлардың саны немістердің Германияға жаппай көшуімен байланысты күрт төмендеп кетті. Бірақ, миссионерлік қызметтің арқасында сенушілердің саны басқа этностық топтардың өкілдерімен, орыстармен, украиндықтар және башқұрлармен толықтырылды. Евангельдік қауымдастықтар бір шіркеудің астына бірігіп, Епископтың басқаруымен қызмет етті. Олардың негізгі қызметі – құдайға құлшылық ету және тазалану құпиясы. Лютерандықтар басқа конфессиялармен байланысып, діндер мен мәдениеттердің арасына сұхбат орнатуына өз үлесін қосу үшін дебаттарға, пікірталастарға, діни съездерге қатысады.

Баптизм – Қазақстанда кеңінен таралған протестанттық ағымдардың бірі болып табылады. Бүгінгі күні баптисттердің көптеген қауымдастығы тіркелген. Негізінде, бұл қауымдастықтар көп ұлтты, олардың арасында қазақ қауымдастықтары да бар.

Баптистік ілімнің танымалдылығы бірнеше себептермен негізделген. *Біріншіден*, баптисттер енді адамның өмірін толықтай анықтап қойған тағдыр туралы айтпайды. Керісінше, Құдайдың еркіне бағыну құтылудың сенімді жолы деген тұжырамдама кең таралған: «Құдай махаббатты білдіреді», «Иса Пайғамбар бәрін бірдей жақсы көреді». *Екіншіден*, баптистер белсенді евангелистік қызметін атқарып, шетелдік діни орталықтардың көмегіне жүгінеді. Қазақстан евангелистік идеяларды таратудың қолайлы жері деп есептеледі. Осы мақсатпен Германия, АҚШ және Канада миссионерлерінің қатысуымен өтетін конференциялар мен кездесулер ұйымдастырылады.

Түрлі шығармашылық жобаларды жүзеге асыру әсіресе тиімді болып келеді. Мысалға, «Күллі Қазақстанға – Евангелие» жоспары сәтті жүргізіліп келеді. Уағыз таратушылар сапарлардың бағытын әзірлеп, осы бағыттар бойынша палаталық қалашықтар жасалынады. Қарапайым адамдарға әдебиет таратылып, материалды көмек көрсетіліп, олардың алдында шіркеулік хор ән айтады. Қауымдастықтарды «Свет на Востоке», «Эммануил», «Каждый дом для Бога» атты шетелдік діни бірлестіктер түрлі әдебиеттермен қамтамасыз етіп отырады. Тұрғылықты азаматтарға ықпал етуге ерекше көңіл бөлінеді. Қазақ тілінде Инжілдің қомақты көлемі басып шығарылды.

Баптистік уағыздардың танымалдылығы белсенді қайырымдылық шаралардың арқасында арта түсті. Шіркеулердің жанында балалар үйі, қарттар үйі, тегін асханалар, маскүнемдерге арналған оңалту орталықтары қызмет етеді. Жаздың күні діндарлар, олардың көршілері мен туысқандары өз балаларын сауықтыру лагерьлеріне жібере алады. Осы орайда көпбалалы отбасыларға басымдық беріледі.

Баптисттердің қауымдастықтары Шіркеулердің одағымен біріккен, ал олардың басты орталығы Сарань қаласында орналасқан. Зайырлы мемлекетте баптистік қауымдастықтар қызметтерін заңдастырып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес діни қызметін жүргізіп, шетелден демеушілік көмек алып,

шетелдік діни орталықтармен белсенді жұмыс істеп, миссионерлік және қайырымдылық қызметке қатыса алады. Осының барлығы зайырлы мемлекетте ар-ұждан бостандығының шынайы іске асырылып жатқандығын білдіреді.

Жетінші күннің адвентистері. Протестантизмдегі бұл бағыт Қазақстанның территориясында XX ғасырдың басында пайда болды, ал 2002 жылы олардың Қазақстанда қызмет етуінің жүзжылдық мерейтойы тойланып өтті. Зайырлы мемлекетте осы бағыт үшін алғашқы рет діни қызметті еркін жүргізіп, қайырымдылық істеріне қатысып, шетелден қаржылай көмек алу мүмкіндігі пайда болды. Адвентистік шіркеулер әлемнің 200-ден астам мемлекеттерінде қызмет етеді.

Адвентистерде сонымен қатар білім беру жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі де бар. Қауымдастықтардың жанында әйелдер қызметі, сенбілік мектептер, балалар және жастар бірлестіктері жұмыс істейді. Уағыз таратушылар Окалық Рухани Академияда тәлім алып, уағыз таратудың ерекше шеберлігін игеріп келеді. Қазақстанда адвентистердің 42 қауымдастығы тіркелген.

Сонымен, қазіргі Қазақстанның діни картасында ең алдымен рухани мұраның қорғаушысы, адамзат мәдениетінің құндылықтарын, ұрпақтардың мәдени сабақтастығы мен тарихи жадының сақтаушысы болып табылатын дәстүрлі діндер көрсетілген. Зайырлы мемлекеттің жағдайында олар өздерінің әлеуметтік бағдарламаларын іске асырып, маңызды әлеуметтік мәселелер бойынша қоғаммен және мемлекетпен ынтымақтасып, қазақстандық қоғамның рухани келісімі мен ауызбірлігін күшейтуге септігін тигізу мүмкіндіктеріне иеленді.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақстандағы ислам, православие діні мен католицизмнен басқа қандай діндер дәстүрлі деп есептеледі?
2. Қазіргі Қазақстандағы буддизм.
3. Зайырлы мемлекеттегі иудаистік ұйымдардың қызметін сипаттаңыз.
4. Зайырлы мемлекеттегі протестанттық шіркеулердің дәрежесі қалай өзгерді?

3 тарау. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА ДІНИ ҰЙЫМДАР

Қазақстан көпконфессиялық және көпмәдениетті қоғам ретінде мәдениеттер мен діндердің әралуандылық факторын өзінің маңызды құндылықтарының бірі деп мойындайды. Республиканың көпконфессиялы картасын көзге елестетіп көрелік. Бұл заңмен мойындалған 18 тіркелген конфессия болып табылады. Олардың тізімі бірінші қосымшада көрсетіледі. Оларды екі негізгі топқа бөліп қарастыруға болады. **Біріншісі** – тарихы қазақ халқы мен Республиканың басқа этностарының мәдениеті, дәстүрлері және рухани мұрасымен тығыз байланысты болып келетін дәстүрлі діндер. Оларға әдеттегідей еліміздегі бұқаралы діндер, яғни ислам мен православие діні жатқызылады. Олардың сұхбаттасуы мен ынтымақтастығы көп жағдайда қоғамдағы рухани және ізгіліктік атмосфераның үлгісін анықтайды. Қазақстанның дәстүрлі діндеріне сонымен қатар буддизм, иудаизм, католик діні және протестантизмнің кейбір бағыттары жатқызылады. Бұл діндер қазақстандықтардың дүниетанымдық негіздері мен құндылықтық ұстанымдарына әсер ете отырып, зайырлы мемлекетте жаңа дәреже пен қызметтерге иеленіп, маңызды әлеуметтік институт пен барлық топтар мен таптарды толеранттылық пен рухани келісімге үгіттеп, бірлестіретін азаматтық қоғамның факторы болып табылады.

Діндердің **екінші тобы** – жаңа діни ұйымдар. Дәстүрлі діндердің ғасырлар бойы өркениеттің түрін, ділдің сипатын, құндылықтар жүйесі мен адамның өмірін жолдамалап келетін ғұрыптардың ерекшелігін қалыптастырып келгені бәріне де белгілі. Осы орайда дәстүрлі діндердің этностық-мәдени мәнділігі туралы айтуға болады. Жаңа деп салыстырмалы түрде бертін пайда болған және дәстүрлі діндер сияқты тарихқа иеленбейтін діндерді атайды. Батыста олардың тарихы ХХ ғасырдың ортасынан басталады, ал Қазақстанға олар өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап енеді. Жалпы алғанда олардың жасы бір ғасырды құрағанымен, олар Қазақстан үшін жас діндер деп есептеледі, өйткені, олар тәуелсіздікті алғаннан кейін ғана таныла бастады.

Жаңа діндердің тағы да бір ерекшелігі – олардың барлығының да қазақи, қазақстандық мәдени және өркениеттік кеңістігінен тыс

пайда болуы және де сол себептен этностық-мәдени үрдістерге араласпай, қазақ халқының мінезі мен рухын білдірмей, оның тарихи мұрасы мен жадысына қатысы болмауы. Олар Қазақстанның этностарына қатысты дәл осындай саясатты ұстанады.

Бұл ілімдердің ғұрыптық тәжірибесі мен қасиетті мазмұндылығын айтатын болсақ, онда осы ұйымдардың «жаңашылдығы» олардың қалыптасқан діни тәжірибенің тарихына, әлемдік діндердің діни тұғырларына ортақтасуы және олардың бөлек қалыптары мен ілімдік тезистерін өздігінше түсіндіру болып табылады. Ғұрыптық тәжірибеге келетін болсақ, онда оның жаңашылдығы заманауи өмірдің талаптарына сәйкестелуі болып табылады. Жаңа діндер азаматтардың дінді ұстанудың әдісі мен формасын еркін таңдау қажеттілігін қанағаттандырып отыр.

Неопротестантизм. Өткен ғасырдың 90 жылдарына дейін Қазақстанның территориясында қызмет етіп келген протестанттық шіркеулерден басқа (лютерандықтар, баттисттер, адвентисттер) қазіргі таңда мемлекетте көптеген неопротестанттық ұйымдар қызмет етіп келеді. Олар Қазақстаннан тыс жерде, оның тарихы және мәдениетімен бұрын байланыспай, мемлекетте ар-ұждан бостандығы жарияланғаннан кейін пайда болғанын естеріңізге түсірейік. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанға енген діндерді біз Қазақстан үшін жаңа діндер деп атаймыз. Олардың ішіндегі ең кең таралғаны **елушілдік шіркеулер**.

Бұл шіркеулердің шығу тегі – американдық. 1901 жылы Канзас штатының інжілдік мектебінде оқушылардың біреуі ұзақ уақытты дұға оқу рәсімінен кейін өзіне таныс емес тілде сөйлеп кетті. Бұл оқиға жоғарыдан түскен белгі, Иса Пайғамбардың қайта тірілуінен кейінгі елуінші күнде Қасиетті рухтың апостолдарға түсуі туралы ескертпе ретінде қабылданды. Сонда олар өздеріне таныс емес тілдерде сөйлеп кетіп, басқа да қасиетті дарындылықтарға, яғни әулиелік, емшілік және ғажайып жасаушылық қабілеттеріне иеленді.

Елушілдіктер христиан дінінде Қасиетті рухтың көп ғасырлар бойы еленбей келуінен кейін, олар Үштіктің үшінші кейпіне тиісті құрметті көрсетеміз деп ойлайды. Әрбір сенуші дәстүрлі шоқындырудан бөлек Қасиетті рухтың шоқындыруынан өтіп,

апостолдар тәрізденіп, осы ғажайып рәсім арқылы көптеген қабілеттерге иеленуі керек болды. Ойлағандарын іске асыру үшін елушілдіктер ғұрыптық тәжірибенің ерекше әдістерін қолданып, жүйке қозуы мен экзальтация қалпына енеді. Естерінен айырылып, олар түсініксіз сөздерді айтып, кей жағдайларда айғайлайды да. Бұның барлығы Қасиетті Рухтың олардың бойына еніп, өзге тілдерде сөйлеу қабілетіне иелену, сонымен қатар әулиелік пен емшілік қасиеттерінің қонуының нәтижесі ретінде қабылданады.

Осы доктринаның ортақ платформасына иелене отырып, елушілдік бірыңғай ілімді білдірмей, ерекшеліктері көп қауымдастықтарға ыдырайды. Бұл қауымдастықтар бір бірімен әрекеттеспей, жабық күйінде қызмет етеді. Кейбір елушілдіктер өздерін «толық Евангелиенің» ізбасарлары деп атайды. Олардың ойынша, әрбір сенуші өзінің діни тәжірибесінде Иса Пайғамбардың басынан кешірген азапты қайталауы керек.

Елушілдіктер қозғалысының шеңберінде ХХ ғасырдың басында харизмалық қозғалыстар бөлініп шыға бастады. Олар уағыздардың ерекше эмоциялық сипатымен және қауымдастықтағы уағыз таратушыға табынуымен, дәріптеу атмосферасымен ерекшеленді. Бұл қозғалыс АҚШ, Латын Америкасы, Еуропа мен ТМД мемлекеттерінде қарқынды тарала бастады.

Елушілдіктің өзге мемлекеттердегі тарихы екі ғасырды құрағанымен, Қазақстан үшін ол жаңа діни ағым болып табылады. Ол Республикада 90-шы жылдардың аяғында пайда болып, өзінің діни ұстанымдарын таратуда ерекше белсенділікке иеленді. Елімізде «Апостол рухындағы евангелиялық христиандар», «Евангелие сенімі христиандарының одағы» және т.б. қауымдастықтар қалыптасқан. Харизмалық бағыттардың ішінен «Агапе», «Жатва», «Толық евангелие шіркеуі» шіркеулері танымал болып келеді. «Новая жизнь» шіркеуі ең ірісі. Онда діни қызметтердің жас критерийлері бойынша бөлінген, ойластырылған ұйымдасуы тән болып келеді. Бөлек топтарға сұраныстары мен қажеттіліктерінің ескеруімен балалар, жастар, зейнеткерлер жатқызылады. Мысалға, балалар үшін ғұрыптар қуыршақ театрының сахналық көріністері арқылы жеткізіледі, ал жастар үшін концерттердің әртарапты бағдарламасы, табиғатқа бірлесіп шығу шаралары ұсынылады. Өзінің ілімін әрі қарай дамыту үшін «Новая жизнь» шіркеуі

коммуникативті технологияларды қолданады, яғни Интернетте арнайы сайт жасап, «Новая жизнь» және «Для тебя» журналдарын басып шығарады.

Өзінің уағыз таратушылық қызметіне қарамастан, бұл ұйымдар салыстырмалы түрде аз сұранысқа иеленеді және қазақстандықтардың басым көпшілігінің менталитеті мен әлеуметтік өміріне айтарлықтай әсер етпейді.

Пресвитериандық шіркеулер. Бұл кальвинизмнен бастау алатын протестанттық бағыт болып табылады. Оның негізін қалаушысы шотландтық реформатор **Джон Нокс** (1514–1572 жж.) болып келеді. Оның аты бірлестіктің негізі бағыттылығымен, яғни шіркеуді ерте христиандық қауымдастықтардың (Көне Өсиетте Пресвитер – ақсақал) өміріне жақындастыру мақсатымен шіркеулік құрылымды реформалаумен байланысты. Бұл бағыттың жақтастары сенушілерге шіркеулік құрылымды жақындастырып, оны жеңілдетуге тырысады. Сол себептен Пресвитерлер қауымдастықпен сайланады.

Ілімнің басты қайнар көздері Інжіл мен Вестминстерлік ілім болып табылады. Пресвитериандық ілімі Кальвиннің Құдайдың әлемді жаратпай тұрып, кімнің құтқарылып, кімнің өлетінін анықтап қойғаны қағидатынан бастау алады. «Тағдыр Құдайдың барлық тіршілікке қатысты құдайлық ниетінен шығады. Әлемді қозғалысқа келтіре отырып, Құдай болуы тиіс нәрселердің барлығын ұсақ түйегіне дейін ойластырып қойған»¹. Шотландия, Канада, Австралия, Оңтүстік Корея елдерінің көптеген пресвитериандық шіркеулері «Пресвитериандық құрылымды ұстанатын әлемдік реформаторлық шіркеулер бірлестігінің» басқаруымен жұмыс істейді.

Қазақстанның территориясында пресвитериандық бірлестіктер мен топтар өткен ғасырдың 90-шы жылдары американдық және оңтүстік корейлік уағыз таратушыларының қызметімен байланысты пайда болды. Алғашқы ұйым «Грейс-Благодать» шіркеуі болды, ол кейін екі бірлестікке, яғни пресвитериандық «Грейс» пен елушілдік «Благодать» шіркеуіне бөлінді. «Галбори», «Он-сезан», «Коре», «Надежда», «Сион», «Алматылық аймақтық

¹ Отис Джон М. Особенности библейского пресвитерианства. – Одесса, 1988. – С. 27.

пресвитериандық шіркеу» сияқты қауымдастықтар пайда болды. Оңтүстік Кореяның уағыздаушылары өз ізбасарларын корей тілі мен ұлттық әдет ғұрыптарға үйретуде. Қызмет сонымен қатар соқыр сенушілердің («Онсезан») және керең сенушілердің («Галбори») белгілі бір санаттарының ерекшеліктеріне бағдарланады. Пресвитариандар белсенді түрде қайырымдылық қызметтермен айналысады.

Иегова куәгерлері. Көптеген конфессиялар бұл бағытты христиандық деп мойындамайды, өйткені оның мазмұны дәстүрлі ілімге сай келмейді. Иегова куәгерлері өз кезегінде христиандық конфессиялардың қызметін сыни тұрғыдан бағалайды.

Бұл бағыт ХІХ ғасырдың 70-шы жылдары АҚШ-тың Питсбург қаласы тұрғындарының бірі Чарльз Тейз Рассел Інжілді жүйелі түрде оқу үшін бір топ адамдарды («Інжіл зерттеушілерінің қоғамы») жинаған кезде пайда болды. Кейін 1931 жылы бұл ұйым «Иегова куәгерлері» деп аталып, олар өз ілімдерінің басты қағидатын осы атаумен белгіледі. Иегова – Көне Өсиетте кездесетін жалғыз Құдайдың аты. Сөйтіп, куәгерлер Бір Құдайға деген өз сенімдерін осылайша білдірді. Олар христиан дінінің негізін құрайтын, яғни Құдайдың үштұғырлығы, құдайлық келбетке ену және күнәларды өтеу туралы басты догмаларды қабылдамайды.

Куәгерлер үшін Христос – Үштіктің екінші келбеті емес, ал алғашқы құдайлық туынды болып табылады. Оны сонымен қатар Қасиетті Михаил Архангел деп те есептейді. Иса Пайғамбар Құдай адамдардың күнәларын кешірсін деген ниетпен кресте емес, ал бағанада тұрып жан тапсырады (кресті діни символ ретінде жоққа шығару осыдан пайда болады). Иса өзінің тәндік формасында емес, ал рухани түрде қайта тіріледі. Ал Қасиетті рух – Үштіктің үшінші келбеті емес, ал Иегова жетекшілікке алатын күш болып табылады.

Сәйкесінше Құдайды осылай түсіну арқылы адамның да тағдыры анықталады. Егер Иса Пайғамбар өзінің қайта тірілуі арқылы өлімді жеңбесе, онда адам өлімнен басын алып қаша алмайды. Оның тәнімен бірге жаны да өледі. Бірақ Қиямет күні өлілер қайта тіріліп, тірілермен бірге Құдайдың алдына барады. Күнәһарлар бірден құртылады, өйткені, ешқандай да тозақ жоқ, ал

тақуалар Құдаймен мәңгілікке бірлесіп қалады. Тақуалардың санына кіріп, құтқарылудың жалғыз бір амалы – Иегованың куәгері болу.

Бұл ілімнің өкілдерінде шіркеу болмайды. Олар «Патшалықтың залдары» деп аталатын ғимараттарға жиналады. Сол жерде олар дұға оқып, әнұрандар айтады. Оларды діннің екі қайнар көзі біріктіреді: өз аудармасындағы Інжіл («Қасиетті Кітап. Жаңа әлемнің аудармасы») және «Сторожевая башня» журналы. Ол Бруклиндік орталықта үшінші ғасыр бойы шығарылып, өсиеттік діни мақалаларды авторлардың аты-жөндерін көрсетуінсіз басып шығарады. Ол әлемнің 118 мемлекетінде түрлі тілдерде, соның ішінде қазақ тілінде де таратылады.

Куәгерлерге қойылатын басты талап қарапайым өмірдің нақты даярланған ережелерін орындау болып табылады. Отбасының табысы екіге бөлінеді. Біріншісі отбасының негізгі қажеттіліктерін жапса, екіншісі қауымдастықтың меншігіне өтеді. Ішімдік өнімдерін қолдануға тыйым салынады, ал құмарлық ойындарға қатысу ұйымның өкілдігінен шығарылуға әкеліп соқтырады.

Куәгерлердің мемлекетке деген қатынасы да ерекше болып келеді. Оларға мемлекеттік әнұранды айтып, мемлекеттік рәміздерді мойындап, әскерде қызмет етіп, әлеуметтік құрылымдарға қатысу тыйымға салынады. Оларға тек салық төлеуге рұқсат етіледі. Куәгерлер әлеуметтік және медициналық қызмет көрсетулерді жаратпайды. Олар қан құюдан бас тартады, өйткені, Көне Өсиетте қанды қорек ретінде пайдалануға болмайтыны көрсетіледі. Жақындардың денсаулығына қауіп төндіретін өлім қаупі де оларды өз ұстанымдарынан бас тартуға мәжбүрлей алмайды.

Бірлестікке белсенді, рационалды жоспарланған уағыз таратушылық қызмет тән болып келеді. Жаңа мүшелерді тарту үшін аптасына, айына белгілі бір сағат көлемін өтеу әрбір өкілдің міндетіне кіреді. Куәгерлер оларды кез-келген жерде – көшелерде, саябақтарда, кейбір кезде пәтерлерінен іздеп тауып, оларға тек куәгерлердің жақтастары құтқарылып, ал қалғандары Қиямет күні құртылып кететіндеріне сендіреді. Үздіксіз уағыз таратушылық қызметі өзінің нәтижелерін көрсетуде. Куәгерлер әлемнің жүздеген мемлекеттерінде уағыз таратып, Бруклиндағы орталыққа бағынады. Олардың қатары күн сайын көбеюде.

Қазақстанда бұл бағыт ХІХ ғасырдың аяғынан бастап қызмет етіп келеді. Сол кезде Семей облысының Өскемендік уезіне өмір бойлық каторгалық жұмыстарға рухани семинария түлектерінің бірі Семен Козлицкий жіберіледі. Ол Америкадағы іс-сапарынан кейін куәгерлердің ілімін қабылдап, православтық Ресейде тарата бастағаны үшін жер аударылған болатын. Каторгада бола тұрып, Козлицкий өз ниетінен қайтпай, уағыздарын жасырын таратуды жалғастырды. Оның сөзіне басқа да жер аударылғандар құлақ аса бастады.

Кеңестік кезеңде Иегова куәгерлерінің қауымдастығы заңсыз түрде Қостанай, Павлодар, Шымкент, Ақтөбе және Қазақстанның басқа қалаларында да қызмет етті. Билік көздері олардың қызметін мемлекеттіліктің негізін құлдырататын және күллі қоғамға зардабын тигізетін антикеңестік деп бағалады. Мұндай ұстаным біріншіден, қауымдастықтардың Бруклиндік орталықпен байланыс орнатуымен негізделді. Өйткені, ол кеңестік құрылымға жат идеялардың ену мүмкіндігін білдірді. Екіншіден, куәгерлердің діни ұстанымдар бойынша әскерде қызмет етіп, басқа да азаматтық борыштарды орындаудан бас тартуымен байланысты.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен және Конституция жариялаумен байланысты Иегова куәгерлері ресми тіркелуге қол жеткізе алды. 1992 жылы алғашқы рет бірінші қауымдастық мойындалып, кейін Қазақстан Республикасындағы Иегова куәгерлерінің Діни орталығы қалыптасты. Қазақстанда Иегова куәгерлерінің 60 қауымдастығы қызмет етіп келеді.

Жаңаапостолдық шіркеу. Бұл шіркеудің тарихы ХІХ 30-шы жылдары Англияда басталады. Сол кезде Римдік католиктік шіркеудің қарамағында ерекше бағыт қалыптасты. Оның негізін қалаушылар алғашқы апостолдар Иса Пайғамбар аманат етіп кеткен міндетті орындамады деп есептеді. Сол себептен ол жер бетіне жаңа апостолдарды жіберіп, оларға адамдарды христиан дініне тарту міндеттерін жүктеді. Нәтижесінде барлық шіркеулік ережелер мен мансаптар жоққа шығарылды. Олардың орнына он екі апостол мен олардың Басшысы сайланды.

Иса Пайғамбардың екінші келісі олардың өмір сүру шақтарында орындалмағандықтан, қозғалыс күшінен айырылды,

бірақ, кейін Германияда қолдауға иеленіп, ықпал ету дәрежесі бойынша лютерандық пен Римдік католиктік шіркеуден кейінгі үшінші орынға иемденіп, «жаңаапостолдық» атауына иемденді.

Бұл шіркеуде өзіндік «Діннің жаңаапостолдық символы» қабылданған. Оған үштұғырлық, Қиямет күні мен өлілердің қайта тірілуі туралы баптар кірген. Сонымен қатар діннің Никейлік-Константинопольдік символына сай келмейтін баптар да бар. Оларда Иса Пайғамбардың алдағы Қайта тірілу мен Аспан патшалығында ерекше рөл тағайындалатын апостолдарды жер бетіне жіберуді жалғастырып келе жатқаны айтылады.

Басқа протестанттық шіркеулерге қарағанда жаңаапостолдық шіркеу Інжілді Дін символынан кейін тұратын қайнар көз деп есептейді. Избасарларға Інжілді өздігінен оқып, түсіндіру жөн емес. Олар үшін жаңа апостолдармен мақұлданған арнайы әдебиет басып шығарылады. Осыған байланысты діни білім алу көп жағдайда қолдау таппайды.

Қазақстанда алғашқы Жаңаапостолдық шіркеу Шығыс Қазақстан облысындағы неміс уағыздаушысымен қаланды. Қазіргі таңда 25 жаңаапостолдық бірлестіктер қызмет етеді. Оларға дербестіктің жоқтығы мен Ақмола облысындағы Алексеевқа ауылындағы орталыққа бағыну тән болып келеді.

Методизм. XVIII ғасырдың екінші жартысында ағылшын шіркеуінің шеңберінде пайда болған протестанттық бағыт. Ағылшын шіркеу қызметкері Джон Уэсли сенушілердің Інжілді зерттеуде төмен белсенділікті танытады деген қорытындыға келді. Ол Қасиетті кітапты жүйелі, жиі, методикалық зерттеудің қажеттілігі туралы қалыпты орнықтырды. Қауымдастықтың да өмірі осылайша методистік және ойластырылған болуы тиіс.

Сенушілер жетекшілері бар аздаған топтарға бөлініп, Інжілді зерттеуде қандай ілгері дамушылық бар екенін және қандай сұрақтардың пайда болғанын жүйелі түрде айтып отырады. Методизм діннің ағылшын символының қысқартылған түрін қабылдап (39 баптың орнына 25), ағылшын шіркеуінен бөлінді.

Методисттер кез келген діндар адам өзінің діни тәжірибесінде үш кезеңнен өту тиіс деп ойлайды. Біріншісі – үндеу, өзінің күнәһарлығын мойындау мен өкіну. Екіншісі – Құдайдың адам

жанында жаңғыртылуы. Үшіншісі – дәріптеу, бұл жағдайда адамдар Иса Пайғамбардың қасиеттілігіне қол жеткізе алады. «Біз Құдайға ішінара емес, ал толықтай барлық жан тәнімізбен берілгенбіз, басқаша айтқанда, Иса Пайғамбарда болған түйсінудің толыққандылығын игергенбіз, және де ол бізге Оның жолдарымен жүруге мүмкіндік береді». Қасиеттілік игі істерді міндетті түрде орындауды білдіреді. Методизм әлемнің көптеген мемлекеттерінде – Англия, АҚШ, Ирландия, Канада, Австралияда таралған, ізбасарларының саны 50 миллионды құрайды.

Қазақстанда методизмнің пайда болуы Корей методистік шіркеуі мен Ресей біріктірілген методистік шіркеудің қызметімен байланысты болып келеді. Қайырымдылықтың әлеуметтік акцияларын жүргізу, тегін ауруханалар мен мектептерді ашу дәстүрлерін орындай отырып, методистер денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімін құрды. Осы бағыттағы маңызды акцияларының бірі кезінде ядролық сынақтардан зардаб шеккен Семей аймағына гуманитарлық көмекті бағыттау болды.

Қазақстанда методисттердің 13 шағын қауымдастықтары қызмет етеді.

Меннониттер. Бұл протестанттық бағыттың негізін қалаушысы – голландиялық католиктік шіркеу қызметкері Менно Симонс (1490–1561 жж.). Оның негізгі идеясы – шынайы шоқындырудың әктісі сенушілерге нағыз қасиеттілікті хабарлау керек екендігіне негізделеді. Сол себептен шоқындыру адамның сәбилік емес, ал саналы, ересек шағында қабылдануы керек. Шоқындырудың алдында сенушілер жұптарға, «ағалар» жұбына және «қарындастар» жұбына бөлініп, бір бірінің аяқтарын жуу керек. Мұны Иса Пайғамбар Құпиялы кеште өзінің шәкірттеріне істеген болатын. Меннониттер өздерінің пікірлерін «Біздің ортақ христиан дініміздің басты баптарының декларациясында» (1632 ж.) атап кеткен еді.

Қазақстанда меннониттердің таралауы кеңестік кезеңде немістердің жер аударылуымен байланысты болып келеді. Бүгінгі күні немістердің эмиграциясы нәтижесінде қауымдастықтар жабылып жатыр. Қалған сенушілерді (4 ұйым) Қарағанды қаласының қауымы бірлестіріп отыр.

Ақырғы күндер қасиеттілерінің Иса Пайғамбар шіркеуі (мормондар). Бұл шіркеудің тарихы құпиялы оқиғаларға толы. Оны 1830 жылы американдық Джозеф Смит (1805–1844 жж.) қалыптастырды. Оның идеясы жаңа жерлердің алғашқы тұрғындары шабыттанып, Батысқа қарай жылжып, Юта деп аталатын отарды құрды. Қазіргі таңда американдық штаттардың бірі осы атаумен аталып, олардың мормондармен негізі қаланған орталығы – Солт-Лейк-Сити болып табылады.

Смит жоғарыдан белгі алып, Ютаның төбесінде тұрған ұмыт болған халықтың жылнамасын іздеп табу керектігін айтқан еді. Сол белгі бойынша жүре отырып, ол кейін кілтін тауып оқи алған белгісіз жазбалар көрсетілген металлдық қағаздарға тап болады. Бұл қайта тірілуден кейін Иса Пайғамбар келіп, өзінің рақымшылдығына бөлеген халықтың тарихы болып табылды. Исаның ғибратнамасын Пайғамбар Мормон жазып алып, ол халықтың өлімінен кейін жылнамада сақталынып қалды.

Смит пайғамбар Мормонның кітабын басып шығарып, оны Інжілдің қасиетті мәніне тең кітап деп мойындады. Мормондықтар Мормонның әулиелігімен жаңартылған алғашқы Иса Пайғамбар шіркеуінің қайта қалыптасуын жария етті. Олардың Үштік пен басқа да христиандық догматтарды түсіндіруі православие мен католицизм дінінде қабылданған ережелерден айырықшаланады. Ғұрып неотілдік элементтерден тұрды. Мормондықтар «орынбасарлық шоқындыруды», яғни тірі кезінде шоқынып үлгермеген адамдарды өлі кезінде шоқындыруды мойындады. Ауқатты мормондық әйелдердің бірі танымал тарихи қайраткерлердің жандарын, нақтығырақ Александр Македонский, Юлий Цезарь, Клеопатра, Наполеонның жандарын құтқару үшін мыңдаған рет шоқындырылғаны белгілі.

Шіркеудің негізін қалаушысы діндарлардың санын табиғи өсім арқылы көбейту мақсатында көп әйелділікті заңдастырды. Дегенмен, Штаттарда полигамияға рұқсат етілмеді және мормондықтар бұл ережеден бас тартты. Кейбір қауымдастықтарда Смиттің көп әйелділікке берген рұқсатын пайдаланып жүргендер бар екенін айта кетуге болады.

Мормондықтардың Иса Пайғамбар шіркеуі әлемнің көптеген мемлекеттерінде қызмет етіп, миллиондаған ізбасарларға иеленіп

келеді. Қазақстанда бұл қауымдастық алғаш рет 2000 жылы тіркелді. Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында олардың екі ұйымы қызмет етеді. Олар біздің елімізге келіп тұратын мамандар мен дипломаттар арқылы американдық орталықтардың ықпалымен құрылған болатын.

Мормон қауымдастығының қызмет етуі – ар-ұждан бостандығының іске асырылуы, мемлекеттің қоғамның рухани және ізгіліктік атмосферасына жағымсыз әсер етпейтін және экстремистік ұстанымдары жоқ қауымдастықтардың қызмет етуі жағдайында дін еріктілігі құқығын ұсынудың тағы да бір айғағы болып табылады.

Бірлесу шіркеуі («Әлемдік христиан дінін бірлестіру үшін Қасиетті рухтың ассоциациясы»). 1954 жылы Оңтүстік Кореяда Сан Мен Мун өзінің ілімі бойынша баяндама оқыған болатын. Ол өзінің он алты жасында оған Иса Пайғамбар келіп, оны діни қызмет етуге шақырғанын айтты. Мунның ілімі бойынша адамзаттың тарихы негізгі үш кезеңге бөлінеді: Көне Өсиет кезеңі, Жаңа Өсиет кезеңі және Мунмен ұсынылып отырған Тамамдалған Өсиеттің қазіргі кезеңі. Христиан дінінің элементтерін түрлі шығыстық ғұрыптарымен байланыстыра отырып, Мун өзінің өкілдерінен толықтай бағынушылықты, жеке меншік пен отбасыдан бас тартуды, нағыз ата-ана Мун және оның әйелімен басқарылатын жалпыға бірдей отбасының игілігі үшін тегін еңбек етуді талап ететін жаңа дінді қалыптастырды.

АҚШ-та өмір сүріп, өз ілімін әлемнің көптеген мемлекеттеріне (160), тарата отырып, Мун дінді табыс көзі мен миллиардтаған қаржы табудың амалына айналдырды. Қол астындағыларының тегін еңбегі есебінен ол әрдайым өзінің қаржылық жағдайын жақсартып, ізбасарларына бұл олардың діни парызы мен міндеті екенін сендіретін.

Мунның ілімі миссионерлердің белсенділігінің арқасында Қазақстанға да енді. Бүгінгі таңда әйел мен күйеуді таңдау құқығы тәлімгердің өзіне берілетін жалғыз бір діни ұйым тіркелген.

Неоориенталистік ұйымдар

Кришна санасы қоғамы. Бұл неоориенталистік бағыт ведалық діни дәстүрді жалғастыруға ниетті болып келеді¹. Бірақ, индуизмнің негізгі мазмұны мен мәні заманауи діни ізденістер рухында қайта түйсініп, түсініледі. Егер Ведалардағы Кришна құдайы көптеген құдайлар арасында екінші орынға иеленетін болса, онда заманауи нұсқа бойынша ол көптеген келбеттерге иеленетін (аватар) жалғыз Құдай ретінде мойындалады. Өйткені, кришнаизм барлық халықтар, әлеуметтік топтар мен түрлі дін өкілдеріне үндеу сала отырып, әмбебаптылыққа, әлемдік дін дәрежесін алуға тырысады.

Кришнаизмнің философиялық-теологиялық алғышарттары діни қайраткер Чайтаньямен қаланған еді (1486–1533 жж.). Ол конфессиялар мен этностарға бөлінбей, бәріне де рухани махаббат пен Құдайға, яғни Кришнаға бағыну жолына түсуді ұсынды.

Осы өсиеттерді орындай отырып, үндіс Абхай Бхактиведанта Свами Прабхупада отбасын тастап, монахтық өмір салтын қабылдап, АҚШ еліне аттанып, сол жерде 1966 өзінің уағызын бастап, Кришна халықаралық қауымдастығын қалыптастырған болатын. Оның қызметінің жетістігі хиппи, нашақорлар мен өзінің рухани жолымен анықтамаған адамдар арасында ерекше байқалды.

Кришнаиттердің басты қасиетті кітабы «Бхагавадгита» болып табылады, ол өз кезегінде ежелгі үндіс эпосы «Махабхаратаның» бір бөлігі болып табылады. Бірақ, бұл б.з.д. II ғасырда санскритте жасалынған мәтін емес. Прабхупаданың ағылшын тілінде жазған жаңа нұсқа «Бхагавадгитаның шын нұсқасы» деп аталады.

Ілімнің негізгі түйіні – ежелгі үнді философиясының барлық бағыттарында кездесетін жанның реинкарнациясы туралы тұжырымдама болып табылады. Кришнаиттерде ол түрлі формаларда, яғни өсімдік, жануар және жәндік күйінде кездесе алады. Тек адам кейпіне жеткен кезде ғана ол жаңа күйге түсу шамасын орнатып, карманы құртып, рухани тазаланып, Кришнамен бірлесу мүмкіндігіне иеленеді. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін қатал аскетика талап етіледі: ет жемеу, ішімдіктен бас тарту, тәннің нәпсілерімен, ашушандықтың белгілерімен және бау құмарлығымен күресу.

¹ Ведалар – құдайларды құрметтейтін гимні бар және индуистік салт-жораларды сипаттайтын ежелгі Үнділердің қасиетті кітабы.

Ғұрыптық тәжірибе Құдайдың трансценденттік энергиясын оятуға мүмкіндік беретін ерекше амалдарға негізделеді. Бұл – белгілі бір сөз тіркесін, Ведаларда келтірілетін Құдай атынан тұратын мантраларды көп рет қайталау болып табылады («Харе Кришна, Харе Харе Кришна Кришна Кришна, Харе Харе, Харе Рама, Харе Рама, Рама Рама, Харе Харе»). Мантраны күн сайын он алты рет, 108 моншақтан тұратын таспикті қозғай отырып айту керек. Жалпы көлемде ол күн сайын оқылатын 1728 мантрадан тұрады, бұл рәсімге шамамен екі сағат кетеді. Нәтижесінде адам трансқа түсіп, қоршаған ортадан толықтай алшақтайды. Адамдардың алдында, көше мен саябақтарда айтылатын әндер және билеумен жолдамаланатын бірлескен ғұрыптық рәсімдер атқарылады.

Қазақстан территориясында Кришна санасы қоғамының бірнеше жергілікті бірлестіктері тіркелген.

Бахаи діні. Негізін қалаушысы – парсы Мырза Хусейн Әли немесе Бахаулла (1817–1892 жж.). Шах сарайындағы текті шенеуніктің баласы бола тұрып, ол білім алып, жастайынан өзінің жоғары ізгіліктік қасиеттерімен танылған болатын. Шахтың ұсынған барлық мейірімділіктерінен бас тартып, ол жаңа ілімді уағыздап, сол үшін тұтқындалып, түрмеге отырғызылады. Бірақ, Бахаулла рухымен құлазымай, өзінің діни ұстанымдарын әрі қарай дамыта бастады.

Оның ілімінің негізгі мәні – оның Құдай жалғыз және де ол барлық тарихи кезеңдер бойы пайғамбарларды әлемнің түрлі халықтарына жіберіп отырды деген тұжырымдамасы. Мұса, Будда, Иса, Мұхаммед – олардың әрбіреуі адамдарға ақиқаттың бір бөлігін жеткізді, ал олардың барлығы Бахаулла сенімінің мазмұнын құрайды. Бірақ, бұл жерде аса маңызды өзгерістер көрсетіледі. Қасиетті қайнар көздердің ішінде бірінші орынға Бахаулланың кітаптары қойылады: «Кітап-и-Ағдас» («Жоғарғы кітап»), «Калимат-и-Макнуне («Асыл сөздер»), «Кітап-и-иғнан» (Күмәнсіздік кітабы) және тағы басқалар. Маңыздылығы бойынша екінші орынға басқа діндердің қасиетті кітаптары, яғни Інжіл, Құран, Бхагават – Гита орналасады.

Бахаулланың мақсаты – әлем діндерін байланыстырып, бірлестіріп, бір ілімге синтездеу және сол арқылы адамдарды жанжалдар мен келіспеушіліктерден арылтып, рухани келісімнің

сенімді негізін табу болып табылады. Сол кезде ғана соғыстар мен әлеуметтік теңсіздікті еңсеріп, әйелдердің экономикалық және білім алудың қайнар көздеріне деген құқықтарын қамтамасыз ету мүмкіндігі пайда болады. Осы міндеттердің барлығы да рухани даму, адамзаттың бірлігі, жалпыға бірдей әлем, діннің ғылымға араласпауы, махаббат пен мейірімділік қағидаларын ұстанудың артықшылығын бекітетін бахаи сеніміне ортақтасу арқылы шешіледі.

Бахаи қауымдастықтарында дін қызметкерлері жоқ. Әр адам Құдайға деген жолын өздігінен табу керек. Бірақ, қауымдастықпен сайланатын рухани жиналыс бар. Қазақстанда бахаи ілімінің бірінеше діни бірлестіктері Алматы, Ақмола, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында қызмет етеді (барлығы – 6). Олар Алматыдағы «Қазақстан бахаиларының ұлттық рухани жиналысы» діни орталығымен басқарылады. Бахаи қозғалысы заманауи Қазақстанның діни ландшафтысына өз үлесін қосып, дін бостандығы құқығының мүлтіксіз орындалуын айғақтайды.

Сонымен, Қазақстанда түрлі бағыттағы көптеген жаңа діни ағымдар қызмет етеді: неопротестанттық, неориенталистік, неоисламдық. Азаматтар заңда көрсетілген дін бостандығы құқығын қолданудың барлық мүмкіндіктеріне иеленіп келеді. Көптеген жаңа діни ұйымдар мемлекетпен ынтымақтасып, қайырымдылықпен белсенді айналысып, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресуге септігін тигізеді. Сонымен қатар кейбір діни бірлестіктер, тіркелгендеріне қарамастан, Қазақстан халықтарының мәдени дәстүрлеріне жат ұстанымдарды мәжбүрлеу мен азаматтық бірегейлікті құлдыратудың жағымсыз әлеуетін білдіртіп отыр. Осы орайда бағдарламаларында бір идеяларды үгіттеп, шын мәнінде соған қарама қарсы әрекеттер жасайтын жаңа діндердің шынайы келбеттерін ажырата білу үшін қырағылық пен діни сауаттылықты қалыптастырып, дамыту қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Діндердің екі негізгі топтарына, яғни Қазақстан үшін дәстүрлі және жаңа ұйымдардың қызметіне сипаттама беріңіз.

2. Қазақстандағы неопротестанттық бірлестіктерге сипаттама беріңіз.
3. Неоориенталистік ілімдердің ерекшеліктері неде?
4. Қазіргі Қазақстандағы Бахаи діні.
5. Неліктен жаңа діни ұйымдардың шынайы мәні мен рөлін анықтау үшін діни сауаттылық керек?

Қазақстандықтардың дәстүрлі діндер мен жаңа діни ұйымдардың қызметін бағалауы

Дәстүрлі және жаңа діни ұйымдар өздерінің біртұтастығында қазіргі Қазақстанның күрделі діни ландшафтысын қалыптастырады. Елімізде не бәрі 18 конфессия тіркелген және де біз олардың негізгі рухани мәні, ғұрыптық тәжірибесінің ерекшеліктері мен зайырлы мемлекеттегі қызметтерін ашып көрсетеміз. Олардан бөлек біздің елімізде заңмен тыйым салынған діни бірлестіктер қызмет етеді. Олардың қызметі ұлттық қауіпсіздік пен қазақстандық қоғамның тұрақтылығы үшін тәуекелдер мен сын-қатерлерді тудырады. Бұл заңсыз ұйымдарды экстремистік бағыттағы деструктивті ағымдар деп атайды. Олар жайлы біз псевдодіни экстремизммен күресу бөлімшесінде нақтырақ айтып кетеміз. Біздің қазіргі міндетіміз – қазақстандықтардың заңды тұрғыда қызмет ететін дәстүрлі діндер мен жаңа діни ұйымдарға қалайша қарайтынын анықтау болып табылады.

Әлеуметтанулық зерттеулердің мәліметтері бойынша сұралған қазақстандықтардың тең жартысы қоғам өміріндегі дін рөлінің өсуін белгілеп, оны жағымды үдеріс деп бағалайды¹. Осы орайда респонденттер дәстүрлі діндер мен жаңа діни ұйымдардың қызметін әр түрліше бағалайды. Қазақстандық қоғамға деген дәстүрлі діндердің жағымды ықпалы жаңа діни ұйымдармен салыстырғанда еке есе артық. Сонымен қатар қазақстандықтар дәстүрлі діндердің енжарлық танытып, өздерінің ықпалын сақтап қалуға тырыспай, өзіндік миссионерлік қызметінде табандылық пен белсенділікті көрсететін жаңа діни ұйымдардың халықтың менталитетіне тигізер ықпалының өсіп бара жатқанына тойтарыс бермейді деп ойлайды.

¹ Бурова Е.Е. Тренды новой религиозности: опыт социогуманитарного измерения. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 200 с.

Жалпы респонденттер ЖДҰ қызметін әртүрліше бағалайды. ЖДҰ ерекшеліктерін дәстүрлі діндермен салыстыра отырып, талқыланғанда қарама-қайшы пікірлер айтылғанымен, көп жағдайда сыни бағалаудың басым болып келуі байқалады. Респонденттер рухани мазмұндылық бойынша діндарлықтың екі түрін, яғни дәстүрлі және жаңаны қарсы қойып, салыстырды. Бірнеше пайымдауды мысал ретінде келтіріп өтейік. «Жаңа діндер бейімделіп, діннің жалпы жағдайын өзгертеді. Олар өз беттерінше Құран мен Інжіл мәтіндерінің мағынасын өзгертіп, діни ғұрыптарды түсіндіруде өздеріне ыңғайлы жеке, қолайлы кестені пайдаланады». «Олар тек Қасиетті Кітапқа ғана сүйенеді. Бірақ, әрбіреуі өзінің бағдарламасын, ілімі мен пікірлерін алға тартады». Керісінше, «дәстүрлі діни ілімдер адамның бойында рухани құндылықтарды қалыптастырады. Олар ғасырлар бойы дамып, ең бастысы тарих пен аңыздарға негізделеді. Олар уақытпен сыналып, осы дінді қабылдағысы келетіндерге қолжетімді және оңтайлы болып келеді».

Жақтастардың санына келетін болсақ, «жаңа діндер бұқаралық қолдауға иеленбейді», ал «дәстүрлі діндерге адамзаттың басым бөлігі сенеді, өйткені, ол уақытпен тексеріліп, оған деген мықты сенім қалыптасты». Респонденттердің біреуі миссионерлік қызмет туралы былай деді: «Мен Иегова куәгерлерімен, кришнаиттермен, саентологтармен көшеде көп кездесетінмін. Олар менің үйіме келіп тұрып, үгіттейтін. Ал ислам діні мен христиан діні бір бөлек. Олардың ешқайсысы менің үйіме келіп тұрып, менің отбасымды және мені өздерінің қатарына тартып, шақырмайтын».

Оған қоса екі діндарлықты ұстанатын адамдар әрекеттерінің ерекшеліктері де көрсетілген болатын: «Жаңа ұйымдарға келушілер тұйық, олардың әрекеттері бір түрлі, өте ұяң, жабық. Олармен ілімдерді үгіттеу арқылы байланыс орнатуға болады». Дәстүрлі діндер туралы мүлдем басқа пікірлер айтылады: «олар дәстүрге баулып, тәртіпті талап етіп, адамның көзін ашып, адамсүйгіштік қасиетке тәрбиелейді».

Діндарлықтың екі түрлерінің психологиялық аспектісі туралы белгілі бір пікірлер айтылған болатын. «Жаңа дінде сен өзіңнің барлық тілектеріңді айтып, олар саған барлық тілегіңнің орындалуына уәде береді. Олардың сенің бетіңнен қағып, тыңдамай,

көмектеспейтін кездері болмайды». Енді осыған қайшы пікір: «Жаңа діндер тек уәде берумен ғана айналысады». Дәстүрлі діндердің психологиялық ықпалы жайында респонденттер былай дейді: «Олар сенім білдіріп, ізгілікке, махаббатқа тәрбиелеп, рухани-ізгіліктік құндылықтарды дамытуға бағдарланып келеді».

Діндарлықтың осы екі түрлерінің коммерцияландыруға деген қатынастарын респонденттер былай түсінеді екен. «Шын мәнінде, жаңа діни ілім (бірлестік) – бұл коммерциялық құрылым, бизнес... Бұл желілік маркетинг: адам көп жинаған сайын, табыс та көбірек түседі... олардан руханисыздық білініп тұрады, олар өздерінің қара бастары үшін жұмыс істейді». Керісінше, дәстүрлі діндерде «ешкімді ақша үшін тартпайды».

Респонденттер ЖДҰ-на түсу салдарларына қатысты түрлі пікірлерін білдірді. ЖДҰ өкілдеріне «отбасының құлдырап, туысқандарымен жанжалдасып, отбасы мен туыстардың олардың өмірлерінде екінші маңыздылыққа ығысу» қауіпі төніп тұр деген пікірлер тіркелген. Сонымен қатар «Мен жаңа діндер өмірге пайдалы сабақтар бергенін қалаймын». Және: «Біз еркін, демократиялық қоғамда тұрамыз. Жаңа діни ұйымдардың қалыптасуына ешқандай кедергі жоқ. Олардың қайсысы қалып, қайсысы өшетінін уақыт көрсетеді» деген пайымдаулар кездесті.

Діни ұйымдардың өз ілімдерін үгіттеу белсенділігін салыстыратын болсақ, онда дәстүрлі діндердің әлбетте жаңалардан қалысатыны байқалады. Әсіресе, протестанттық ұйымдар – «Иегова күәгерлері» шіркеуі, «Жаңа өмір», «Благодать», баптисттер белсенді болып келеді. Оған қоса олардың миссионерлік қызметі қайырымдылық акцияларымен жолдамаланып келеді: тегін түскі астар, есірткі мен ішімдікке тәуелді адамдармен жұмыс істеу.

Әлеуметтік қызмет етуде сарапшылар мұсылмандық, православтық және католиктік қауымдастықтардың белсенділігін атап өтеді. ҚМДБ құрамына кіретін мұсылмандар діни ілімнің негіздері мен олардың рухани мәнін түсіндіру үшін көп еңбек етіп, діни әдебиетті таратып, БАҚ пен Интернет порталдарда сөз сөйлейді.

ЖДҰ халықтың түрлі топтарына несімен қызғылықты немесе тартымды болып келеді деген сұрақтың жауаптары ерекше. Респонденттер қарама-қайшы, бірде жағымды, бірде жағымсыз

баға бергенімен, қарапайым адамдар мен сарапшылар арасында әдетте сыни ойлау мен бағдар басым болып келеді. **Магистранттар** төмендегідей пікір білдірді: «Жаңа діндердің адамдардың қажеттіліктерін орындап жатқандарынан еш жамандық көріп тұрған жоқпын... Қазіргі таңда дін қызметкерлерінің қандай да бір бағдарламаларға қатысып, билейтіндері ешкімді таң қалдырмайды. Олар өздерінің дінін адамдардың қажеттіліктеріне сай икемдестіреді». Осы пікірді басқа да респонденттер қолдайды: «Қазіргі таңда адамдардың шешілмеген мәселелері өте көп. Материалды болсын, рухани болсын. Қиын кезде адам өз дінін іздеп, оның көмегіне бөленсе, оның несі жаман?».

Бұл ұстанымды бәрі бірдей қолдамайтын болып шықты. «Мен келіспеймін. Бұл шын мәнісінде адам өміріндегі ең өзгерісті сәт болып табылады. Ал секталар болса осы адамдарға жармасып, оған не жетіспейтінін алдын ала байқап тұрады. Олардың тек психологиялық тұрғыдан көмектесіп, адамның жүйкесі тозған кезде қол ұшын беретіндері жақсы. Бірақ, олар көмектескеннің бейнесін ғана қалыптастырады. Шын мәнісінде олар оның санасын баурап алады. Олар пайдакүнемдік мақсаттарды көздейді. Кейін адамды үйінен таппай, туысқандары байбалам салып, іздеп жүреді».

Журналистердің тобында жаңа діндердің сананы баурау технологиясын игеріп, адамдардың осал тұстарын пайдаланып, оларды жеңіл және оңай нәрселерге итермелейтіні туралы пікірлер айтылды. ЖДҰ «тыйымдардың аздығымен, діни догмаларды қабылдау мен орындаудың жеңілдігімен, олардың ғұрыптары қарапайым бола тұрып, керемет сезімнің пайда болуына әсер етіп: тек біз ғана құпия сырын білеміз деген айдаларымен адамдарды тартады». ЖДҰ өздерінің айналасында шоу бизнестегідей ерекше атмосфераны қалыптастырып, Интернетте, әлеуметтік желілерде белсенділікті дамытып, осы дүниеде болмаса да, о дүниеде «тәтті өмірге» деген кепілдеме береді.

Қаржы ұйымдарының қызметкерлері ЖДҰ-дың адамдарды алдап-арбайтындарына сенімді болып келеді. «Тек бірінші көзге ғана олардың қол ұшын беріп, кедейлерге көмектесіп, қиын кезде қолдайды деп көрінеді. Ал шын мәнісінде олар адамдардың санасын баурайды».

ЖОО оқытушылары ЖДҰ тартымдылығының бірнеше себептерін көрсетеді. *Біріншіден*, «қанағатсыздандырушылық, адамның ішкі беріктілігі мен өзін-өзі іске асыру амалдарының жоқтығы». «ЖДҰ-на өзін-өзі төмен бағалайтын адамдар кіреді. Оларды қоғам қабылдамайды. Ал олар бір нәрсенің құрамдасы болғысы келіп, басқа біреулердің назарын талап етеді». *Екіншіден*, адамдар діни білімдері жоқтығынан миссионерлердің үндеулеріне жауап қатады. *Үшіншіден*, ЖДҰ алдында адамның өз беріктілігін сақтап қалуы қиынға соғады, өйткені, оларға қарсы заманауи талаптарға сай неше түрлі технологиялар қолданылады. Түрлі психологиялық айла-амалдар қолданылады, мысалға, кумирлар мен шоу-бизнес жұлдыздарының жаңа бірлестігіне қатысу мүмкіндігі туралы аргументтер келтіріледі.

Тағы да бір ерекшелік: қулыққа толы қайырымдылық стратегиясы. Алдымен тегін ағылшын курстарын жүргізіп, компьютерлік сауаттылыққа үйретеді, кейін осыны үлгі тұтып, қолдан келерлік төлемдерді салып тұруға шақырады. «Адамдар ұйымға кіргеннен кейін, өздерінің табыстарын өздері реттестіре алмайды: қайырымдылық үшін пәтерлері мен машиналарын кепілге қояды. Бастапқы кездері адам қайырымдылықты қолдап отырады, кейін өзінің қалайша қайырымгер болып кеткенін байқамай қалады. Алдымен аямайтын нәрсенің бәрін әкеледі, ал кейін қолындағы бәрін бере салады».

Зейнеткерлер жоғарыда аталғандармен келісті. ЖДҰ «тән нәпсілерінен бас тартқызбай, тәртіптің жоқтығымен, құдайлық өсиеттердің орындалмауымен» адамдарды өздерінің қатарына тартады. Оған қоса орынды психологиялық өңдеу немесе баурау жұмыстары ерекше белгіленіп өтеді: «Олар жұмыстан айырылу, мемлекет пен қоғамның адамға немқұрайлық танытуы сияқты күйзеліс сәттерін пайдаланады».

Жаңа діндердің бұрыңғы өкілдерінің көзқарастары мен хабарламалары өте маңызды болып келеді. «Құтқарылып, күнәларын кешіріліп рақаттанғандай боласын. Осыдан кейін адамға өзінің құтқарылуы үшін амал-әрекет жасамау керек сияқты болып көрінеді. Ол «құдайлық орынға» қол жеткізгендей болады, яғни жаңа діндер рухани қызмет қажеттілігінен айырып, тек олар ғана Қасиетті Кітапты дұрыс түсініп, түсіндіреді деген ойды

қалыптастырады». Мұндай жеңілдетілген нұсқаға қарағанда дәстүрлі діндерде «адам өзінің рухани өсуі мен құтқарылуы үшін көп күш-жігерін жұмсайды».

ЖДҰ болған адамдар «жаңа діндер маркетинг туралы заманауи ілімдердің негізінде құралып, өз діни ілімдерінің жетістікті және заманауи бейнесін қалыптастырып, осы амалдарымен келушілерді ұстап қалғысы келіп, мерекелер ұйымдастырып, акциялар мен ойын-сауық кештерін жасайды. Ал дәстүрлі діндерді олар ескірген және қажетті емес деген ұстаныммен сипаттап көрсетеді». «Осы ұйымдарға түскен әрбір адам өзінен кейін көбірек адам тарту қажеттілігін сезініп тұрады».

Бұл зерттеу сонымен қатар қазақстандықтардың дәстүрлі діндер мен жаңа діни ұйымдар лидерлерінің қызметін бағалауды салыстыруға мүмкіндік берді.

Магистранттардың барлығы да бірдей жауап берді: «Жаңа діни ұйымдардың басым көпшілігі қоғамдық және діни емес, ал өздерінің мақсаттарын орындауды көздеп отыр. **Студенттер:** «Жаңа секталардың кейбір лидерлері өздерін құдаймын деп, оған құлшылық етуге мәжбүрлейді» деп қосты. Әскери бөлімнің **курсанттары:** «Жаңа діндердің лидерлері – бұл, арнайы дайындалған адамдар. Олар жақтастарды көбірек тартып, оларды өз еркіне толықтай бағындырып, ұйым құру сияқты міндеттерді орындайды. Олар дінді жабылып қызмет етеді. Сол себептен ғұрыптар үстіртін атқарылып, діни өсиет дұрыс түсіндірілмейді». **Қаржы ұйымының қызметкерлері** ЖДҰ тек «ірі ақша мен билік көзіне қызығушылық танытады». **Зейнеткерлер** олардың әрдайым, құдайға құлшылық ету кезінде де ақша жинайтынына назар аударып отыр. **Журналистер** ЖДҰ лидерлерін адамдарды билеп төстеуді қалайтын талапты адамдар деп сипаттайды. Олар идеалдары мен ізгіліктік қағидаларды ұстанбайтын сұм адамдар. Олар тек кеңселердің, қымбат пәтерлерінің және джиптерінің болуымен ерекшелінеді».

ЖДҰ-ның бұрынғы ізбасарларының көзқарастары әсіресе маңызды болып келеді: «жаңа діндердің басым көпшілігі батыстан бастау алады... Олардың лидерлері мұнда батыстың мүдделерін іске асырып отыр. Бұл ұйымдарда миссионерлер, хабаршылар, ұлтты тығырақтан шығарушылар сияқты рөлдер толып жатыр!».

ЖДҰ лидерінің портреті тартымды болып шықпады. Ақша, билік, мүдделер және де батыстық мүдделерді алға тартып, қазақстандықтарға жат идеялар мен көзқарастарды мәжбүрлеу. Бұл портрет респонденттердің ойынша, дін қызметкерінің рухани-ізгіліктік жетілуге деген талпынысты қалыптастыру, дәстүрлі мәдени құндылықтарды сақтауға септігін тигізу, адамдардың өмірін руханиландырып, белсендік өмірлік позицияны тәрбиелеу сияқты міндеттеріне мүлдем сәйкес келмейді.

Жоғарыда көрсетілген пікірлермен пайымдаулардың жүйесінен қандай қорытынды жасауға болады? **Біріншісі** – дәстүрлі діндерге артықшылық берілетіні айдан анық, бірақ олардың шіркеу немесе мешітке келуші адамдармен діни ағартушылық жұмыстарын жүргізудің шикілігі байқалады. **Екіншісі** – ЖДҰ жағымды және жағымсыз ықпалдарын есепке ала отырып, адамдар оларды бірдей жақсы, немесе бірдей жаман деп бағаламайды. Бірақ олардың сөздерінен сыни пікір байқалады. Жоғарыда көрсетілген жағымды үрдістерді атап өтейік: бұл жаңа, қызғылықты іс, басқалармен тілдесіп, бірге серуендеп, спортпен айналасып, өмірдің қиын жағдайларында қолдау мен жұбаныш табу, құдайға құлшылық ету мен ғұрыптар қолжетімді және оңай, ЖДҰ қазіргі жағдайлар мен адамдардың қажеттіліктеріне жауап береді. Жағымсыз үрдістердің қатарына: отбасы мен жұмыс ұжымынан алыстатылуы, лидердің еркіне бағыну, бөтен көзқарастар мен ұстанымдарды мәжбүрлеу, батыстық ықпал, мүлік пен пәтерден айырылу, дәстүрлі діндерге деген қарсылықты қалыптастыру, маркетинг пен бизнес-жоспарлардың үйреншікті кестесі бойынша ақша сору.

Бұл «артықшылықтар» мен «кемшіліктерді» арифметикалық түрде қосу мүмкін емес. Осы орайда басты үдеріс байқалады: діни қызмет, қайғыру сәттеріндегі жұбатушылық арқылы кейбір ЖДҰ қазақстандықтардың құндылықтық бағдарларын өзгертіп, дәстүрлі мәдениетке, тарихи мұраға сай емес пікірлерді, әдет-ғұрыптарды, іс-әрекет түрлерін мәжбүрлеуге тырысады. Діни тәжірибенің әр алуандылығы арқылы қажеттілікті қанағаттандыруды сымақсынған осы іспетті ЖДҰ дінге мүлдем тән емес міндеттерді шешіп, ақша, билік және ЖДҰ басшыларының мүдделері сияқты мақсаттарды іске асыруға қызмет етежі. Бірақ, бұл – тек құрал ғана. Ең бас-

тысы – қазақстандықтардың менталитетіне әсер етіп, олардың ойлары мен таңдауларын қажетті арнаға бұру болып табылады. Бұл жағдайда қазақстандық бірегейлік, құндылықтар жүйесі мен ұлттық идеяға қарсы рационалды технологиялармен қамтылған бұқаралы шабуыл меңзеліп отыр. Бұған қарсы шара ретінде ЖДҰ шынайы мақсаттары мен міндеттері туралы ақпараттандыру, діни және дінтанулық білімді дамыту керек. Сол кезде діннің өз ізбасарларының қалауы мен талаптарына сай икемделіп, олардың рухани жалқаулығы мен псевдодіни ыңғайлылыққа деген талпыныстарын қолдай алмайтыны түсінікті бола бастайды.

Қазіргі заманның сын-қатерлеріне жауап бере отырып, дін адамды рухани тұрғыдан жоғарылатып, оны асылдандыра түсіп, күрделі рухани еңбекке, ізгіліктік тұрғыдан тазаланып, әрдайымғы рухани өсімге, әлеуметтік жауапкершілікке, Құдай, мемлекет және қоғам алдында өз борыштарын орындауға бауулу керек. Дін махаббат секілді басқа біреудің еркімен мәжбүрлене алмайды. Бұл – адамның тұлғалық қасиеттерінен, яғни сана, жүрек, сезім мен еріктен тұратын, жеке басты рухани тәжірибенің нәтижесі болып табылады. Тек ішкі рухани тәжірибе ғана псевдодіни айғақтар, технологиялар мен тәжірибелерге тойтарыс бере алады.

Бұл бөлімде біз Қазақстанның діни ландшафтысы қандай күрделі, әркелкі және әртарапты болатынына, яғни дәстүрлі діндер мен жаңа діни ұйымдардың өзара үйлесіп, қызмет ететініне көз жеткіздік. Зайырлы мемлекетте діни ұстанымдарды таңдаудың еріктілігі, яғни зайырлы немесе діни өмір салтын ұстану, ал ақырғы жағдайда кез-келген дінді таңдау құқығы сақталынады. Бұл демократиялық, зайырлы мемлекетке тән діни әр алуандылық нағыз ауызбіршілікті, алуантүрліліктің бірлігін сақтаудың шарты болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақстандықтар діндарлықтың екі түрін, яғни дәстүрлі және жаңа түрін қалайша бағалайды?
2. Қазақстандықтар дәстүрлі конфессиялардың лидерлері мен жаңа діни бірлестіктердің қызметі туралы не айтады?
3. ЖДҰ қызметінің негізі болып табылатын үдерісті қалайша аңғаруға болады?

**4 тарау. ДІН, ҚОҒАМ, МЕМЛЕКЕТ.
АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ БАСЫМДЫЛЫҒЫ**

Дінаралық келісімнің ұлттық үлгісі

Зайырлы мемлекетте дін саяси міндетті атқармайды, себебі ол мемлекеттен бөлінген. Дін мен мемлекет бір-біріне араласпау қағидасын ұстанады. Бұл дегеніміз, екеуінің қызметі мүлдем екі бөлек бағытта дегенді білдірмейді. Мемлекет ар-ұждан еркіндігін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ұлттық саясатты жүргізіп отыр, дінаралық сұхбатты қамтамасыз етіп, әлеуметтік-экономикалық өзекті мәселелер бойынша әлемдік дін көшбасшыларының ұстанымын ескереді. Мемлекетте мемлекет пен дін ара-қатынасын реттейтін заңнамалық базамен қатар осы қабылданған заңдарды жүзеге асыруға септігін тигізетін бірқатар әлеуметтік институттар құрылды. Дінаралық келісімнің ұлттық үлгісі қағидаларын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі құрылым еліміздің бас қаласы Астанада 2003 жылдан бастап әрбір үш жыл сайын өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезді болып табылады.

Өткен кезеңдерде түрлі діннің өкілдері пікірталасқа түсіп, әркім өз көзқарастарының дұрыс, қасиеті ерекше жоғары екендігін дәлелдеп, өзгелердің діни ұстанымдарын ауыстыруға үгіттегені тарихтан белгілі. Мұндай оқиғалар көбіне билеушілер кезінде орын алып, кейде тіпті қанды қақтығыспен аяқталып жататын. Ол кезде дінаралық сұхбаттасудың мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктері әлі де назарға алынбаған еді.

Сұхбаттасу қағидасын бірлесе іздену жолы антикалық кезеңнен белгілі. Оның авторы әйгілі антикалық данагөй Сократ саналады. Ол сұхбатқа түсу өнері ретінде диалектиканы пікірлерді таластыратын софистикаға қарсы қойды. Сұхбатқа түсу барысында оның қатысушылары ақиқатқа сай келмесе де өздерінің ойларын мойындату үшін емес, ақиқатты ізденумен айналысады. Ал пікір таластыру барысында жағдай өзгеше. Мұнда ешкім ақиқат жайлы ойламайды, олар өз ойларымен әлек және олар өз беделдерін ойлап, бірінші болуға, қарсыласын жеңуге ұмтылады. Сократ өзінің сұхбаттасының «Менің білетінім – ештеңе білмейтіндігім» сөзін

ұрандата отырып білім жолына саяхатты бірлесе жасаулар үшін сұрақ-жауап диалектикасы сияқты ерекше өнердің негізін қалады.

Діни қатынастарда бұл әдісті негізінен қолдануға келмейді. Әрбір дін қашанда өзін өзгелерден жоғары қойып, өз қасиетін Құдайдан алып, тек сол дін ғана діндарларды Жаратушымен табыстырады деген сенімде. Түрлі дін өкілдері арасындағы негізгі догматикалық қағидалардың сұхбатқа түсуі мүмкін емес, себебі мұндай жағдайда бір адам өз дінінен бас тартып, өзге ұстанымды ұстануына тура келеді. Сократ бойынша айтсақ, ізденіс-сұхбатының орын алуы мүмкін емес, себебі догматикалық қағидалар алдын-ала анықталып қойған, олар сынға алынбайды және оларға күмән келтіруге болмайды. Міне осы себептен, дін тарихында дінаралық келісім үнемі сәтті бола қойған жоқ.

Есесіне, қазіргі әлемде дінаралық келісім құрметті орынға ие. Сұхбаттасу стратегиясы конфронтация мен діни төзімсіздік идеологиясына қарсы тұрады деуге де болады. Бұл неліктен мүмкін болды? Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары дінаралық сұхбаттасудың мүлдем **ерекше мазмұнда** болуы керектің мойындады.

Өзінің діни ұстанымын ғана дұрыс деп дәлелдеуге тырысқан діни сенімдердің бір-бірімен таласқа түсуінен арылу керек. Діни сұхбаттың мазмұны өзгеше және мақсаты да мүлдем басқа: ол қазіргі заманда орын алған жаһандық мәселелер, әсіресе барлық елдер мен құрлықтағы бейбітшілік пен келісімді сақтап қалу мәселесін шешу үшін бірлесе күш жұмылдыру болып табылады.

Осындай әрекеттерді ұрандаған діни сұхбаттың тарихы 1893 жылы Чикагода Бүкіләлемнің діндер Парламенті құрылған кезден, яғни ХІХ ғасырдың соңынан басталады. Оның басты негізгі қағидасы Құдай алдында барлық діндер теңдей екендігін мойындау және олардың әлеуметтік пен мәдени өмір саласындағы маңызды мәселелер бойынша келісім орнату қажеттілігі. Сол кезеңнен бастап осындай жиындар әлемнің түкпір-түкпірінде өткізіліп отырады. ХХ ғасырдың басында танымал неміс теологы Рудоль Оттоның бастамасымен құрылған Адамзаттың діни Одағының әрекеті көпшіліктің назарына ие болды. Бұл Одақтың мақсаты – әлемдік діндердің гуманистік құндылықтарының саясаты арқылы халықаралық шиеленісті азайту еді.

Келісім мен серіктестік мәселесі бойынша шығыс және батыс діндерінің салған күштерінің нәтижесінде 1960 жылы «түсіністік храмының» құрылуына алып келді, оның қызмет етуіне тибеттік Далай-Лама, Рим Папасы Иоанн XXIII, Үндістанның көшбасшысы Джавахарлал Неру атсалысты. Кейіннен «Храм» өз қызметін кеңейтіп «Адамзаттың өмір сүруі жолындағы рухани және парламенттік көшбасшылардың жаһандық форумы» деп аталды.

Жаһандық мәселелерді шешу үшін адамзаттың рухани мұрасын өзектілеу мақсатында Италияның Ассизи қаласында Рим Папасының бастамасымен 1986 жылдан бастап үнемі кездесулер ұйымдастырылып отырды. Осы кездесулерде қазіргі әлемнің қауіп-қатері мен тәуекелдерінің алдын-алу үшін әлемдік діндердің бірігуі мәселесі жаңа серпінге ие боды.

Әлем картасында Қазақстан атты жаңа егемен мемлекет пайда болғалы бері еліміз діндердің жақындасуы, мәдениет пен өркениет сұхбаттасуы бойынша бүкіл халықаралық қауымдастық мойындаған көшбасшыға айналды. Ежелгі керуен жолдары арқылы Шығыс пен Батысты, Оңтүстік пен Солтүстікті біріктірген, Еуразияның жүрегінде орналасқан Қазақстан мемлекеттер мен халықтар арасындағы жаһандық көпірге айналды. Өзара түсіністік пен келісім, бейбітшілік пен ынтымақтастық әуелбастан-ақ қазақ халқына тән құндылықтар, ал бүгінде мәдениет пен өркениеттің жақынадаса түсуінің ғылыми жүйесін құра отырып, егемен Қазақстан бұл құндылықтарды әлемге жариялап отыр.

Бейбітшілік пен келісімді орнатуға, мәдениет пен діннің жақындасуына үндеген жас мемлекеттің белсенділігі Халықаралық қауымдастықтар тарапынан жоғары бағаға ие болды. 2010 жылы Қазақстанға Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сияқты ірі халықаралық құрылымды басқару сеніп тапсырылды. «Мәдениетаралық және өркениетаралық сұхбаттасу идеяларын жақтайтын, көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет ретінде Қазақстан ұлтшылдықты, діни төзбеушілікті, нәсілшілдікті, ксенофобия мен антисемитизмді тиімді еңсеру үшін ұйымның айтарлықтай қуатты әлеуетін пайдаланбақ». Мемлекеттердің серіктестігі, құндылықтар жүйесі мен саяси-құқықтық нормалардың оңды тәжірибесін салыстырмалы зерттеудің арқасында ақырындап жүзеге асты.

2011 жылы Ислам Ынтымақтастығы ұйымын басқару мүмкіндігіне ие болған кезде Қазақстанның халықаралық беделі жоғары екендігі тағы да дәлелдене түсті. Ислам әлемінің бір бөлігі ретінде мойындалған Қазақстан ИЫҰ аясында гуманитарлық және экономикалық ынтымақтастық, экстремизм, діни төзімсіздік, гендерлік теңсіздік мәселесін көтерді.

Кезіндегі еліміздің бас қаласы Астанада Елбасының Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездін өткізу жайлы шешімі ең маңызды, ауқымды бастама болды. Осы бастаманың бойында Елбасының саяси ерік-жігері мен Шығыс пен Батыстың көп діндерінің рухани тәжірибесі жатыр. Ендігі тұста біз Съезд тарихы жайлы қысқаша мәлімет беріп, қазақстандық тәжірибенің халықаралық маңыздылығы мен ерекшелігі қандай екендігін талқылаймыз.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі – қазіргі заманның жаһандық әлеуметтік мәдени аясындағы жаңа феномен болып табылады. Бұл әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары бас қосатын сұхбаттасу алаңы, мұнда маңызды мәселелер талқыланып, қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін серіктестік пен ынтымақтастық орнатудың нақты шаралары анықталады. Съезд дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісі ретінде болып, халықаралық қауымдастыққа үлгі болып отыр.

Бірінші Съезд 2003 жылдың 23–24 қыркүйегінде Қазақстанның бас қаласы Астанада өткізілді, осы уақыттан бері әрбір үш жыл сайын өткізіліп отыр. 2013 жылдың күз айында Съездің 10 жылдығы аталып өтті. Осы жылдар аралығында тек қатысушылардың саны ғана емес, Съездің теориялық және тәжірибелік әлеуеті де жоғарылап, дінаралық қатынастың халықаралық субъекті ретінде жоғары беделге ие болды. Бұл өз кезегінде бүкіл әлемдегі өзара сенім мен өзара түсіністіктің қалыптасуына жағымды ықпал етеді.

Съездің концептуалды идеясы – барлық әлемдік және дәстүрлі діндердің негізгі құндылықтары саналатын мейірімділік, сүйіспеншілік, рухани келісім аясында сұхбаттасу, өзара түсіністік пен келісім стратегиясына дінаралық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылық пен лаңкестік әрекеттерді қарсы қоюда жа-

тыр. Бірінші Съезд барысында ислам, христиан, иудаизм, синтоизм және буддизм діндерінің өкідері Бәйтерек монументінің жанында адамзаттық құндылықтар мен өз діндерінің гуманистік мұратының ортақ екендігін жариялап, Жаратушыға арнап, діни құлшылықтарын орындады.

Екінші Съезде, 2006 жылдың 12–13 қыркүйегінде өтті, бұл жиын Елбасының тікелей тапсырмасымен тұрғызылған Бейбітшілік пен келісім сарайында өткізілді, бұл жолы 29 делегация келді. Олар «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» мәселесін талқылады. Съезге қатысушылар «Дінаралық келісімнің қағидаларын» дайындап және зорлық – зомбылық әрекеттерін әлем және келісім мәдениетімен алмастыруға шақыратын Декларация қабылдады.

Үшінші Съезд 2009 жылдың 1–2 шілдесінде өткізіліп, әлемнің 35 елінен 77 делегацияның басын қосты. Жиынның басты тақырыбы дінаралық шиеленістерді шешу және толеранттылық пен сенім көпірін орнатудағы әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің рөлін көтеру мәселесі болды. Съезд барысында өзекті мәселелерді терең талқылау мақсатында «Моральдық және рухани құндылықтар», «Әділдік, бейбітшілік және қауіпсіздік», «Қоршаған орта мен үйлесімділік», «Сұхбаттасу мен ынтымақтастық» тақырыбындағы секциялар өткізілді.

Төртінші Съезд (2012 жылдың 30–31 мамыры) өзінің халықаралық беделінің артқандығын тағы да дәлелдей түсті. Бұл жиынға 26 елден келген 85 делегация қатысты. «Бейбітшілік пен келісім адамзат таңдауы ретінде» атты халықаралық қатынастың маңызды тақырыбына арналды. Барлық дін өкілдері шиеленістер мен зорлық-зомбылықтың алдын-алудағы діннің рөлі мен интегралды ынтымақтастық және келісімнің жаһандық стратегиясын қалыптастырудағы діннің шешуші рөлі жайлы айтты. Секцияларда «Тұрақты дамуға қол жеткізудегі дін көшбасшыларының рөлі», «Дін және мультимәдениет», «Дін және әйел: рухани құндылықтар мен заманауи қауіп-қатерлер», «Дін және жастар» атты қазіргі замандағы діннің өзара әрекеттесуіндегі неғұрлым терең тақырыптар қозғалды.

Бесінші Съезд 2015 жылдың 10-11 маусымында өтті. Бұл жылғы жиынның ұраны – сұхбаттасу негізінде бейбітшілік және

даму жолында бірлесе күш жұмылдыру. V съезд жұмысына 42 елден келген 80 делегация қатысты. Олар – діни көшбасшылар, саясаткерлер, мемлекет басшылары, халықаралық ұйымдардың бас жетекшілері. Жиынның пікір таластыруға ұсынған басты тақырыбы ретінде «Бейбітшілік және даму жолындағы діни және саяси қайраткерлердің сұхбаттасуы» болып белгіленді. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев дін халықтың санасы мен жүрегіне әсер ететін ықпалы жоғары күш болып отырғандығын атап өтті. Wallup Институтының мәліметтері бойынша, үміт пен торығу деңгейінің жаһандық өлшемін көрсететін есепте Жер бетінің басымы көпшілігі өздерін діндарлар санайтындығы анықталды. Бұл дегеніміз, қазіргі заман адамы интернет әлеуметтік желілеріне жүгіне отырып, өмірдің мәнін іздейді және Құдайдан көңіліне медеу сұрап, оған үміт артады.

Сонымен қатар, әсер ету ауқымын кеңейту, территорияларды жаулап алу, бір елдің экономикалық және зияткерлік қорына қол жеткізу үшін дінді теріс мақсатта қолдану үрдісі де кең қанат жайып кетті. Әлемде шиеленісті жағдайларға орын алып, тынышсыз, қауіпке толы болып барады. Діннің атын жамылып, белгілі бір саяси күштер жан түршігерлік қылмыстар жасап, интернет қауымдастықтардың өзге ойды ұстанушыларды жәбірлеген көріністерін «тамашалуға» шақырады. Халықаралық терроризм «Ислам мемлекеті» деген ұранмен қасиетті Құрандағы қағидалар мен өсиеттерді бұзып, әлемнің ежелгі өркениетінің мәдени және діни жәдігерлерін қиратып жүр.

Қазіргі заманда орын алған осы бір айуандық жалған діннің ұранымен өздерін «таза сенімнің» қатарына жатқызып, наразылық туындатып отыр. Елбасының ойынша, осындай күрделі жағдай аясында әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының рөлі күшейе түседі, олар мемлекет қайраткерлерімен сұхбаттаса отырып, қайырымдылыққа, мейірімділікке, бейбітшілікке шақыратын діннің негізгі мәнін анықтағандары абзал. Діни қызметкерлер мен саясаткерлердің өркениет тағдыры алдындағы, псевдодіни экстремизм мен терроризмді жоюдағы жауапкершіліктері өте жоғары. «Рухани дипломатия» арқылы бүгінгі әлемнің басты ақиқаты анықталады: бүгінде қақтығыстар мен қантөгіс емес, мәдениет, өркениет пен діннің серіктестігі, өзара қолдауы, өзаратүсіністігіне

деген қажеттілік адамзаттың басты әрі маңызды мұқтаждығы болып қала береді.

Өзге көзқарастар және діндегілермен көп араласқан сайын, рухани байып, көп ақпараттарға ие боламыз, төзімді әрі ұстамды бола түсеміз. Діннің атын жамылып, адамзатқа қиянат жасаушылардың құрсауынан өз күшімізбен шығуымыз қажет. Съезд форматында «діни және саяси көшбасшылар: адамзат алдындағы жауапкершілік», «Діннің жастарға әсері: білім, ғылым, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары» тақырыбында секциялық отырыстар өтті.

Сұхбат орнату үшін ең біріншіден, ортақ негіз бен ортақ ақиқат қажет. Ондай ақиқат Сенім болып табылады, яғни, өздерінің догматикалық ілімдеріне қарамастан әлемдік діндердің рухани жолға бағытталуы: сенімге түсінік беруге қарағанда, сенім жолындағы күрес әлдеқайда көп адамның басын біріктіреді. Сұхбаттасу барысында әркім өз ұстанымын сақтап қалады, ал сенім рухани феномен ретінде діни тәжірибе мен мәдени рәміздер әралуандылығынан көрініс табады, сондықтан әралуандықтағы бірлік, көпұлттылық пен көпдінділік қағидасы неғұрлым тиімді болып келеді.

Әлемдік және дәстүрді діндер көшбасшылары Съездінің қазақстандық феноменін оның негізінде жатқан сұхбаттасу тұжырымдамасының жүйелілігі мен жоғары ғылыми деңгейі ерекшелейді. Адам қашан да өзін-өзі түсінуге және өзара түсіністік орнатуға тырысады. Адамзат тарихының сыртқы көрінісін беретін соғыс, жанжал, зорлық-зомбылық, шиеленістер сұхбаттасу мен ынтымақтастық, келісім мен серіктестік сияқты оның ішкі жасырын мәнін өтей алмайды. ХХІ ғасырда әлемдік дәуірдің көп полярлық, көп орталықтық, әралуандылыққа негізделген жаңа құрылымы қалыптасып келеді.

Егер де мәдени және діни саналуандылық – жаңа кезең тарихының айқын мәселесі болса, адамзат өркениетін сақтап қалудың жағыз әдісі әралуандылықтағы бірлік, сұхбаттасу мен ынтымақтастық болып табылады, бұл соғыс пен діни жанжалға қарсы тұрудың бірден-бір жолы. Съездің тұжырымдамасы бойынша ислам мен христиан дініндегі өркениеттік қақтығыстың орын

алуы идеясы жоққа шығарылады. Қазіргі әлемде өркениеттердің қақтығыстары емес, ал бір-біріне жақындасып, түсіністік пен ынтымақтастыққа бірлесе талпынуы орын алып отыр.

«Қазіргі Қазақстан территориясындағы діндер тарихы жерлерді басып алуға байланысты күрделі кезеңдермен қатар бірқалыпты өмірдің ұзақ кезеңдерін кешті, ол кездерде алуан түрлі діндер бірлесе өмір сүріп, өзара қолдау да көрсетіп отырды». Біз басқа уақытта тұрғанымызбен бұл тәжірибені қайта қолданыла аламыз. «Біз үшін құнды және өнімді элементтерді өзекті қылу керек – олар дәстүрлі мәдениеттерде, діни идеалдар мен практикаларға негізделген»¹.

Адами қатынастың ортасы ол сұхбаттасу, сұхбаттасу ортасы болып табылады. Біз Құдаймен, адамдармен, кезеңдермен, өнер туындыларымен, қоршаған әлеммен сұхбаттасып жатамыз. Түсіністік, заманауи философиялық герменевтика жайлы ғылым бойынша сұрақ-жауаппен алмасу үдерісі арқылы адами тіл қатысудың негізінде жатқан және сұхбаттасудың негізгі құрылымы анықталады. Бұл феномен адам түсінігінің мәнін құрайды.

Сұхбаттасудың бірнеше типі бар. **Біріншісі**, неғұрлым аз тиімді, мұнда адамдар бір-бірін тыңдап отырады, бірақ айтылған ойдың маңыздылығына мән бермейді. **Екіншісі**, олар айтылған сөздерге аса қатты назар аудырап, олар үшін бұл ойлар қызықты әрі маңызды болып бастайды. Ал **үшіншісі**, неғұрлым тиімді, ол бойынша ортақ қызығушылық туындап, көзқарастары да бір жерден шығып, бірдей өзгереді, бұл тип екі жақтың да ішкі рухани дамуына септігін тигізеді. Бұл жағдайда сұхбаттасушылар өз пікірлерін сақтап қалуға емес, қозғалып отырған мәселенің ортақ шешімін табуға тырысады. Кез-келген түсіністіктің мақсаты – келісімге келу. Ол үшін біз өзара тіл қатысып, бір-бірімізбен келісеміз.

Діни сұхбаттасудың қағидалары қандай? Сұхбаттасуға түспей тұрып, стереотиптерден, араздықтан, қырағылықтан арылып, өзара түсіністікке дайындалып, жүректі аша білу керек. Егер сіз теріс пікіріңізден арылмай, өзімдікі ғана дұрыс деген ниетпен сұхбаттасуға түсетін болсаңыз, онда сіз уақытыңызды бекерге кетіресіз.

¹ Назарбаев Н.А. Тәуелсіздік дәуірі. – Алматы: Қазақпарат, 2017. – 429 б.

Міндетті психологиялық дайындықтан кейін қасиеті жоғары тақырыптарға тимей отырып, сұхбатты бастай беруге болады. Өйткені, дінаралық сұхбат догмалық ілімдердің ішінде емес, ал экология, рухани және ізгіліктік деградация, псевдодіни экстремизм мен терроризм, нашақорлық, қылмыстың өсуі сияқты жаһанды мәселелер саласында жүреді. Мұндай сұхбаттың маңызды және негізгі тақырыбы – бейбітшілік пен келісімге, өзара түсіністік пен әріптестікке қол жеткізу.

Және де ең маңыздысы, дінаралық сұхбатта тарихи сабақтастықты үзудің, мыңжылдық рухани дәстүрлерді басып жаншудың, адамзатты құдайды іздеу мен суперзаманауи генетикалық технологияларды қолданудың қатерлі тәжірибелері кеңістігіне тартудың кез-келген және барлық қадамдарына біріге отырып тойтарыс беру мүмкіндіктері анықталады. Ол ең алдымен, адамның кім екенін, оның болмысы мен тағдыры қандай, ол құдайлық өсиеттерді естен шығармай, Құдайдың жазғанына қарсы шықпай отырып, отбасыда қалай тұрып, балаларды қалай тәрбиелеу керектігін түсініп алуға негізделеді. Бұлай болмаған жағдайда, адам өзін жоғалтып, Құдай ұмытқан белгісіз ағзаға айналады. Бұны болдырмау керек.

Әлемдік дәстүрлі діндердің бірлескен әрекеттері мен шешімдеріне, олардың өркениет пен адамдамды қорғаудағы зайырлы мемлекеттермен және қоғамдық бірлестіктермен сұхбаттасуына көп нәрсе байланысты екені осыдан ақ байқалады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақстандағы дінаралық келісімнің ұлттық үлгісінің қағидаларын жүзеге асыратын негізгі құрылымды атаңыз.
2. Әлемнің және дәстүрді діндер көшбасшыларының бес Съезінің қысқаша тарихын айтып беріңіз.
3. Дінаралық сұхбаттың негізгі қағидаларын атаңыз?
4. Дінаралық келісім мазмұнын қандай мәселелер құрайды?
5. Әлемнің және дәстүрді діндер көшбасшылары Съезіндегі сұхбат алаңының ерекшелігі қандай?
6. Барлық бес Съездің қатысушылары қолдаған басты идея қандай?

Псевдодінилік экстремизмге қарсы әрекет ету туралы

Псевдодіни экстремизм мен терроризм бүкіл бейбіт өмірге жаһандық қауіп төндіріп және бүкіл халықаралық қауымдастықтың тұрақтылығын бұзады. Экстремизм адамзаттың қас жауы, ол ешқандай да ашық соғыс жарияламай-ақ басып кіретін, қарапайым бейбіт халықты аяусыз қорлап, адамдарды тұтқындыққа алатын, террористік қастандықты ұйымдастырып, үрей тудыратын ХХІ ғасырдың үлкен дертіне айналған, бұл қауіп барлық мемлекеттердің алдына қарсы әрекет ету мәселесін қойып отыр.

Қазақстан көптеген жылдар бойы дінаралық келісімнің ұлттық саясатын жетілдіріп, жүзеге асырып отыр, бұл көптеген мемлекеттер үшін діни бейбітшілік пен тұрақтылықтың үлгісіне айналды. Алайда Қазақстанның географиялық орналасуы экстремистік элементтердің еніп және террористік қастандықтың орын алу қауіпін туындатып отыр. Сондықтан, бүкіл әлемнің псевдодіни экстремизмнің алдын-алуы – ұлттық келісім саясатының маңызды құрамдас бөлігі.

Ең бастысы терминдерді анықтап алу қажет. Көптеген әдебиеттерде «діни экстремизм» термині қолданылып жүр. Бірақ бұл ұғымды қолданудың ешқандай мәнісі жоқ. Қазір сөзімізді дәлелдейміз.

Экстремизм (лат. *extremus* – «шеттету») яғни орталықтан ауытқу) экономика, этникалық, саясат сияқты түрлі әлеуметтік салада көрініс табады. Экстремизмнің мәні – бәріне ортақ ережелерді қабылдамай, қоғамды дүрліктіріп, конституциялық құрылымды жоюға дейінгі түрлі теріс әрекеттерге барады. Экстремизм келісім мен мәмілеге келуден бас тартып, басқыншылық пен аяусыздық танытып, зорлық-зомбылықты ақтайды және терроризмді белгілі бір геосаяси мүдде мен мақсатқа қол жеткізу үшін қолданады.

Алайда «діни экстремизм» бір-бірімен мүлдем үйлеспейтін сөз тіркесі. Дін мен экстремизм – мазмұны бойынша әр түрлі, бір-біріне қарама қайшы құбылыстар. Дін татулықты, сүйіспеншілік пен мейірімділікке, рақымшылдыққа үндейді. Ол тек адамның кемшіліктер мен күнәләр жасамауына шақырады. Ешқандай да ақиқат діни өшпенділікке, араздыққа, кісі өліміне шақырмайды. Әрбір дін өзінің қасиеттілігін, діни доктринасын сақтап қалуға

тырысып, оларды Жаратушыдан берілген жоғары ақиқат екендігін насихаттайтыны түсінікті. Алайда бұлардың экстремизмнің өсуіне ешқандай да қатысы жоқ. Себебі өз дінін ғана ақиқат діні деп санау арқылы діндарлар, адамдардың өзге де таңдауға құқы бар екендігін және сол құқықты құрметтеп, маңызды деген мәселелерді бірлесіп шешу жолында сұхбатқа түседі.

Экстремизм, керісінше, тек өз ұғымдарын ғана мойындап, өзге адамдардың еркін таңдауын жоққа шығарады, өзге ойларды ұстанушыларды жер бетінен жойып, кез-келген әдіспен, тіпті қан төгіс пен жантүршігерлік қылмыс әрекеттері арқылы өз қағидаларын басты қағида ретінде орнатуға тырысады.

Дін жарқындық пен бейбіт өмір сүрудің бастауы. Ал экстремизм, зорлық-зомбылықтың, зұлымдықтың, жаппай өлімнің, адамгершілікке жат әрекеттердің бастауы. Осы бір-біріне қарама-қайшы мәні бар құбылыстарды қалайша байланыстыруға болады? «Псевдодіни экстремизм» деп айтқан дұрысырақ, яғни адамның күдіретті және қасиетті сенімін билік, үстемділік, геосаяси мүдделер сияқты діннен алшақ мақсаттарда қолданатын «бетперде» деп түсінген абзал. Бұл жағдайда діни лексика қолданылады, бұрыс мағынадағы діни доктриналар тартылып, арнайы әдістер арқылы адамдардың санасына өз өмірінді аямай, «таза дінді» ұстану идеясы сіңіріледі. Ал шындығында олар дінді емес, белгілі бір топтардың мүддесін насихаттап, өздерінің экономикалық және саяси қорларын көбейту қажеттіліктерін қанағаттандырады. Терминологиялық тұрғыдан тек, «псевдодіни экстремизм» деген сөз тіркесін ғана қолдануға болады.

Соңғы жылдары Қазақстанда «исламдық фактор» мен «саяси ислам» рөлінің жоғарылауына байланысты жағымсыз элеуметтік құбылыстар орын алып отыр. Бұл ұғымдардың мазмұны қандай? Тәуелсіздік алғаннан кейін, құдайды терістеген бұрынғы идеологиялық жүйенің құлдырағанын еске алайық. Елімізде «исламның қайта жаңғыруы» басталып, рухани шөл басты, халықтың тарихи жадысын қалпына келтіру үшін рухани мұраны жаңғыртуға деген қадамдар жасалды. Ислам ұлттық, этномәдени бірліктің рәмізі ретінде қабылданды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары исламдық сана біршама өзгерістерге ұшырады: діни синкретизм орын алды яғни, исламдық

догматтар халықтық сенімдермен, салт-дәстүрмен ұштасты. Исламдағы ханафи мазхабын Қазақстан мұсылмандарының басым көпшілігі ұстанды. Сонымен қатар, радикалды көзқарастарды, «саяси исламды» насихаттайтын исламдық ағымдар ағылып келе бастады. Олардың көпшілігіне заңды түрде тыйым салынған.

Бұлар көбіне экстремистік топтар, себебі олар Құранға теріс бағыттағы түсініктеме беріп, оның терең рухани мәні мен жоғары адамгершілік құндылықтарын қарастырмайды. Олар осы теріс көзқарастарын өмір қиюға тұрарлықтай нағыз ақиқат деп сендіреді. Ал оның артында шындығында, дінге қатысы жоқ, адамдардың санасын улау арқылы, теріс пиғылды көздеген «ойын иелері» тұр.

«Саяси ислам» экстремизмнің, одан кейін терроризмнің пайда болуына алып келіп, исламмен байланысын экономикалық, саяси, әлеуметтік салада пайдаланады. Басты идеясы – зайырлы және діни билігі бір болған, теократия билеген ортағасырлық халифат дәуірін, өткенді кезеңді қайта оралту. Бұл ұстанымның иелері аталған билік формасы сол кезеңдегі тарихи жағдайларға байланысты болғанын және Мұхаммед Пайғамбардың жоғары рухани беделінің болуымен жүзеге асқандығын ескеріп отырған жоқ. Ал кейіннен, тарихи даму барысында халифат билігі зайырлы және діни билік болып екіге бөлінді.

Ұзаққа жалғасқан тарихи үдеріс әлемнің көптеген елдеріндегі саяси даму нәтижесінің бөлінуіне алып келді. Бір-бірімен өзара әрекеттескен зайырлы әлем мен діндарлық – бұл заманауи өркениеттік құрылымның сипаттамасы. Ал оларды жоққа шығару, өткен дәуірлердегі теократияны қайта жаңғырту – бұл геосаяси құрылымдардың күштеп ендіріп отырған қауіпті әрекеті. Алайда адамдардың санасына олардың «әділеттілік жолындағы күрескер», «таза сенім жолындағы күрескерлер» екендігі сіңіріледі, ал бұл ұстаныммен келіспейтіндері ислам негіздерінен бас тартқандар ретінде саналып, қатаң жазаға ұшырайды. Дін ислам радикализмі деп аталатын саяси құрал ретінде қолданылады.

Неліктен адамдар қоғамға, адамгершілік әрекеттерге қарсы, адамзатқа жасалынатын қастандықтың орын алуына алып келетін жалған идеологияның құрығына ілініп жатады?! Осылардың барлығы ішкі қанағатсыздықтан, материалдық жағдайына көңілі толмау себебінен, әлеуметтік жағдайдың теңсіздігі,

әлеуметтік дәрежесінің болмауы және өзін тұлға ретінде көрсету мүмкіндігінің болмауы есебінен болады. Адам не қоғамнан, не өзінің отбасынан қолдау таба алмайды. Дінге бет бұрайын десе, діннен де көңілі қалған. Оның ойынша, дәстүрлі ілімдер оның сұраныстарына толық жауап бермейтін сынды. Дәл осы торыққан, өмірге деген үміті сөнген сәтте адамдар, басындағы қиындықтарды шешуге және әлеуметтік әділдік пен игілікке қол жеткізуге сөз беретін жалған дінді таратушылардың уағызына сеніп қалады. Тек өткен кезенді жаңғыртып, теократиялық елдегі зайырлы және діни билікті байланыстыру қажет.

Осындай дәлелді аргументтер әсерінен адам санасындағы құндылықтар бағыты өзгереді. Адамдар осындай «үлкен мақсат» жолында кез-келген қылмысқа бару, тіпті бейкүнә адамдарды да өлтіруге болатындығына сенеді. Осылайша санасы толық өзгеріске ұшыраған, жеке басы еркіндігінен айырылған тұлғаның экстремистік типі пайда болады. Ендігі тұста кез-келген бұйрық, тіпті ең сорақы, миға қонымсыз қастандықтар ешбір кедергісіз-ақ орындалады. Осы әрекеттердің астарында не жатқаны экстремистерден жасырылып, тек игі істердің атын жамылады. Ал экстремистік әрекеттердің шын мәні – өз биліктерін, байлығы мен саяси ықпалы күшейту мақсатында қоғамға қарсы антигуманды шерулер өткізу үшін адамдарды экстремистік құрықтарына түсіру.

Экстремистердің қармағына көбіне дінді тек үстіртін ұстанатын адамдар ғана ілігіп жатады. Олар өздерінің ұстанатын діндерінің негізін білмейді, оны толық қабылдамайды, қасиетті мәтіндерді теріс бағытта насихаттайтын беделді тұлғалардың уағызын бар ынтасымен тыңдайды. Сондықтан да өз ойы, ішкі рухани дүниесі жоқ адамдар идеологиялық қармаққа ілініп, экстремистік топтардың олжасына қалай айналғандарын білмей қалады. Діни сауаты төмен, өз ілімінің негіздерін терең білмейтін соқыр сенім иелері – экстремистік бағыттың пайда болуының тағы бір себебі.

Біз адамның ішкі сипатының екі себебін атап берейік: біріншісі – адамдардың тыныш өмір сүруіне мүмкіндік бермейтін әлеуметтік-экономикалық себеп, екіншісі діни ілімдердің негізі жайлы толық білім бермейтін білімдік себеп. Сонымен қатар сыртқы себептер де баршылық. Қазақстан көптеген мәдени-өркениеттік ағымдардың

тоғысқан Шығыс пен Батыстың ортасындағы маңызды геосаяси тұраққа ие. Бұл – түрлі елдер мен мемлекеттер арасындағы жаһандық көпір. Олардың арасында Қазақстан территориясына кіріп, іштей өзгеруге дайын тұрған адамдарды өз қатарларына қосқан экстремистік топтар белсенді әрекет етуде.

Деструктивті яғни, қоғамдық және отбасылық ұстанымдарды бұзуға бағытталған діни ағымдардың ғылыми әдебиеттерде сипатталғандай ортақ белгілері бар:

- Харизмасы жоғары көшбасшының болуы (грек. *charisma* – қабілет). Бұл қаржылай қолдауы бар және әдебиеттер, діни мазмұндағы парақшалар, видеокассеталар сынды барлық керек жарақтарымен қамтамсыз етілген шетелдік орталықтардың арнайы дайындаған адамы. Көрсеткен жоғары қабілеттеріне сүйене отырып, оны арнайы сайлап, адамдарды өзін Құдайдың елшісі екендігіне және әлем жайлы жаңа аяндарды оларға жеткізуді мақсат ететіндігіне сендіру үшін жібереді. Әсіресе, қиямет күннің жақындағанына және кімде-кім «жаңа елшіге» сенім білдірмесе апатқа ұшырайтындығына сендіреді.

- Жабық қауымдастық құрып, отбасынан, жақындарынан, көршілерінен, әріптестерімен қатынарудан бас тартып, қоғам мен мемлекетке қарсы балама әлеуметтік құрылым қалыптастыру. Мұндай «отбасылар» бар тапқан таянғанын, пәтерлерін, ұзақ ебектінің арқасында жинаған табыстарын жаңа сенім жолындағы ортақ істердің игілігіне жұмсайды. Ал ұйымның көшбасшысы болса, барлық ақшаны өзі иемденіп, еш ұялмастан емін-еркін, шалқып өмір сүруін жалғастырады.

- Ұйымның құрамындағылардың ойын, әрекетін, тәртібін ерекше технологиялар мен әдістер арқылы қатаң бақылауда ұстап, тіпті есірткі мен жыныстық қатынас арқылы байлап ұстау әдісін де қолданады. Осындай әдістерді қолдану нәтижесінде адамдар өздерін жоғалтып, жансыз роботтарға айналады да «ұстаздың» барлық бұйрықтарын еш қарсыласпай-ақ орындайды.

- Бастапқыда алға тартқан рухани сипаттағы мақсаттары мен шынайы әрекеттері бір-бірінен мүлдем бөлек, олар осы теріс бағыттағы сенімді ұстанушыларға ғана емес, қоғамдық тәртіп пен ұлттық мүддеге де қауіп төндіреді.

- Адамдардың психологиялық және қаржылай қиыншылықтарын, өмірден түңілген сәттерін пайдаланып, «әділеттілік

орнату жолындағы күрес», кез-келген әдіс, жол арқылы зайырлы және діни билігі ортақ болған кезеңді қайта жаңғырту, тіпті лаңкестік әрекеттерді ұйымдастыру идеясын санаға сіңіртеді.

Соңғы он жыл ішінде бұқаралық санада исламның бейнесі көбіне экстремизм және терроризммен байланысты бола бастады. Көбісі бейбітсүйгіштікке үндейтін ислам мен ілімін экстремистік мақсаттарда пайдалануды ажырата алмай жүр. Мұсылмандардың өзі жоғары рухани қағидаларға негізделген исламның бейбітсүйгіш мәнін алға тартады. Халықаралық ғылыми орталық әлемнің 39 елінде 80 тілде «Әлем мұсылмандары: бірлігі және айырмашылығы» атты жаһандық әлеуметтанулық сауалнама жүргізді. Сауалнаманың нәтижесі халықтың 80 пайызы зорлық пен зомбылықты, әсіресе лаңкестік әрекеттерді қатаң сынға алатындығын көрсетті. Ислам өкілдерінің пікірінше, исламның бойында толеранттылық дәстүрі бар және ол бейбітшілік пен келісім орнатуға септігін тигізіп, түрлі діндер мен мәдениеттің өзара түсінісуі мен сұхбаттасуына жетелейді.

Оны елімізде жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулер де көрсетіп отыр¹. Сұраққа жауап бергендер дәстүрлі исламның мәнін терең түсініп, оның бойында экстремизмнің жоқтығын және өзге сенімдегілерге толерантты қарым-қатынаста екендігін, бейбітшілік пен әділеттілікке ұмтылатындығын атап өтеді. Осы бір анықтаманы ханафи мазхабындағы сүннеттік исламға да беруге болады; қазақ халқының рухани-мәдени ортасы осы бағыт шеңберінде қалыптасты; оның ғұрыптық тәжірибесі қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетімен ұштасқан. Қазақ қоғамы үшін дәстүрлі болып келетін әлеуметтік-мәдени және саяси институттар ханафи мазхабының аясында қалыптасып келді. Мысалы, Жеті Жарғы мен Қасым ханның заңдар жинағы осы мазхабтағы ұғымдармен астасып отырды (шариғат пен адат). Қазақстандағы мұсылмандардың басым көпшілігі исламның діни төзімділік, толеранттылық, сұхбаттасуға деген ашықтығы тән осы бағытын ұстанады.

¹ ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты. «Қазақстандағы дәстүрлі дін: ханафи мазхабындағы сүннизмнің мәнісі мен айырмашылығы» атты ғылыми-зерттеу жұмысы (2012–2014 жж.) – Жетекшілері – Н.Л.Сейтахметова және Б.М. Сатершинов.

Сұраққа жауап бергендердің 90 пайызы «ханафи мазхабының өкілдері өзге діндегілерге, өзге мәдени құндылықтарға, қазіргі заманның демократиялық қағидаларына деген толеранттылығымен және саяси үдерістерге араласпай, зайырлы билікке оң көзқарас танытуымен ерекшеленетіндігін», «ханафи мазхабының толерантты әлеуеті бар және ең маңыздысы, коммуникативті рационалды қағидасы бар, себебі ол өзге мазхабтар мен діни дәстүрлерге ашық», «Қазақ халқы өзінің табиғатынан толерантты, ал ханафи мазхабы оны одан әрі де толықтыра түсті» деп атап өтеді.

Жауаптар көрсетіп отырғандай, Қазақстандағы ханафи мазхабын ұстанатын мұсылмандардың көпшілігі, исламдағы бейбітсүйгіштікті және өзге дінге төзімді болу қағидасын ұстанады. Экстремистік бағыттағы әрекеттер ханафи мазхабындағы идеяларды емес, радикалды саяси исламның ұстанымдарын қолдаудан бастау алады. Бұл көбіне сананы улаудың арнайы технологиясын меңгерген және сәйкес орталықтармен құрылымдардан қаржылай қолдау көретін шетелдік эмиссарлардың күшімен қалыптасады.

Олардың міндеті – халықтың әлеуметтік жағдайларына қанағатсыз болуын пайдаланып, оларды одан да бетер күшейтіп қоғамға және мемлекетке қарсы бағыттау. Әсіресе бұл жастарға қатысты, оларды жалған ерлік жасауға үгіттеп, дәстүрлі исламдағы ханафи мазхабына қарсы әрекет етуге шақырады. Мұндай әрекеттердің басты мақсаты – Қазақстандағы мұсылмандық үмбеттің дүниетанымдық сипаты мен бағытын өзгерту, бейбітсүйгіштік пен толеранттылықтан саяси исламға, экстремизм мен терроризмге бұру, дінаралық келісімнің ұлттық саясатын бұзу, қазақстандық бірегейліктің негізін жою, нәтижесінде конституциялық құрылымды құлату болып табылады.

Әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесі бойынша, сұраққа жауап берушілердің жартысы сәләфизм идеологиясының қазақстандықтардың өміріне қалай әсер ететіндіктеріне қатысты ештеңе айта алмай отыр. Қырық пайызы бұл бағытты жағымсыз деп таныса, он пайызы сәләфизмді жақтап, оның оң әсер тигізетіндігін айтып отыр. Бұл көрсеткіш алаңдатады, себебі жалған дінді таратушылардың жұмысы бекерге кетпей, елде экстремизмнің әлеуеті қалыптасып отырғандығын байқатады.

Қазақстандықтар, көптеген жастардың радикалды бағыттың жетегінде кетіп отырғандығын анықтап отыр, себебі жалған дінді

уағыздаушылар арнайы технологияларға жүгініп, өте белсенді, табандылықпен жұмыстарын атқарады. Ал дәстүрлі ислам осы бір деструктивті элементтерге қажет деңгейде қарсылық таныта алмай отыр.

Ұлттық қауіпсіздік пен қазақстандық қоғамның тұрақтылығын нығайту үшін псевдодіни экстремизмге қалай қарсы тұруға болады? Сұралғандардың пікірінше, ең бастысы дәстүрлі исламның рухани әлеуетін, мәдениет саласындағы үлкен жетістіктерін, бейбітсүйгіштік пен толеранттылық дәстүрін пайдалана отырып, осы негізде радикалды исламның идеологиясы мен тәжірибесіне қарсы күресті күшейте түсу болып табылады. Идеяны идеялармен жеңуге болады, зорлық-зомбылық пен терроризмді насихаттауға қарағанда, бейбіт қатынасқа, әділдік пен келісімге шақыру арқылы адамдардың жүрегіне әлдеқайда әсер етуге болады. Сұралғандардың 70 пайызы ханафи мазхабының рухани мазмұны бар екендігін және оның көмегімен псевдодіни, экстремистік идеологияны жоюға болатындығына сенімді.

Исламдық құдайтанушылардың пәтуаларында (діни ережелер) исламның бойында радикалды исламға қарсы ықпалды аргумент бар екендігі айтылады. Құран қоғамдық тәртіпті бұзуға, қантөгіске, өлімге, тонауға қатаң тыйым салады. *«Жер бетінде зұлымдық жасамаңдар, күнә таратпаңдар»* (Құран, 57(60)). Бейкүнә адамға жасалған қастандық ол – бүкіладамзатқа жасалған қастандық. Ал бір адамды құтқару барлық адамды құтқарумен теңдей. Алла алдында зұлымдық пен зорлық-зомбылықты емес, игі мақсаттарды орындау үшін бар күштерімізді жұмылдыру қажет. Құранда күнә жасау мен алауыздықта емес, жақсы, игі істерді атқаруда бір-бірімізге көмектесу керектігі айтылған. Мұсылмандар өз отбасын, Отанын қорғап, ешқандай да себеппен бейбіт адамдарды нысанасына алмауы қажет. Алла бізге қарсы шыққандарға қарсы күресуге шақырады, бірақ рұқсат етілген шеңберден шықпау керектігін айтады.

Діни экстремизмге қарсы тұру – бұл тек дәстүрлі ислам көшбасшыларының ғана міндеті емес. Қазақстандағы барлық діндер осы бір қауіп-қатердің алдын алу үшін бірігіп отыр. «Экстремизм мен терроризмге қарсы Орыс Православие шіркеуінің Архиерейлік хабарламасында» бұл құбылыстың әлемді өзгертіп,

экстремистік қылмыстар мен бейбіт халыққа шабуыл жасаған шабуылдық әрекеттерді тамырымен жою жолында барлығының күш жұмылдырып, атсалысуына алып келгендігі айтылған. «Ұлттық және діни сезімді паразитше қолданып келетін экстремизмнің қоректі ортасы ғасырлар бойғы діни ғұрыптардың негізінде сақталынып келген діни білім мен рухани тәжірибенің жеткіліксіздігі болып отыр...Білім беру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарына рухани-адамгершілік тәрбиені енгізу қажет»¹.

Экстремисттер өз ілімдерінің аргументі ретінде «жиһад» ұғымын кеңінен пайдаланады. Экстремизмнің жалпы атауы «жиһадизм» осы жерден шығады. Бірақ бұл бағыттың жетегінде тек ислами ілімдерден хабары жоқ, діни сауатсыздар ғана кетеді. «Исламдағы жиһад ұғымы жоғары мақсатқа, соның ішінде екі маңызды мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылады. Біріншісі, дінді, жаныңды, Отаныңды, ар-намысың мен жаратушы Алла бұйырған барлық адами қасиетінді қорғау. Екіншіден, қиыншылыққа тап болған адамға қолдау көрсету және әділетсіз адамның жолын бөгеу болып табылады»².

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III Съезінде «қоғамның жаңа қауіп-қатерлеріне қарсы тұру және жаһандық тұрақтылықты орнату үшін мемлекеттер, ұлттық қауымдастықтар мен діндер бірігуі керектігі» баса айтылды. Съезге қатысушылар «заңды айырмашылықтарды құрметтеу негізінде қоғамның бірлігін сақтау үшін дінді немесе дін айырмашылығын саяси мақсатта деструктивті пайдалануға қарсы тұруға дайын екендерін» айтып, бірауыздан осындай үндеу тастады.

Әлемдік және дәстүрлі діндер экстремизм мен терроризмге қарсы күресу үшін мемлекетпен бірлесе жұмыс жасап, лаңкестік қатерлерді тамырымен жоюды көздейді. Біздің елімізде Президент жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013–2017

¹ Роль традиционных религий в противодействии экстремизму и терроризму. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2011. – С. 93–94.

² Сол жерде, 106 б.

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» сәтті орындалып келеді. Бағдарламаның басты міндеті ретінде азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында алдын – алудың тиімді шаралар жүйесі анықталды. Осы шаралардың қатарында бірінші кезекте, қазақстандық жастардың санасы мен құндылықтар жүйесіне, дін мен діни білімге әсер ету керек, бұлар өз кезегінде толеранттылық пен діни төзімділік құндылықтары бар дәстүрлі діндер догматының негіздерін игеруге мүмкіндік береді. Бұл үдеріске БАҚ пен Интернеттегі әлеуметтік желілер де белсенді араласулары керек.

Терминологиялық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, дін мен экстремизмді бір ұғым деп қарастыратын қылмыстық элементтерді әшкерелеу, терең білім негізінде діннің мәнінде экстремизм жоқтығын дәлелдейтін доктриналық ережелерді түсіндіру қажет. Білім бағдарламалары сенімнің ақылға, сезім мен ерікке негізделген ішкі рухани белсенділік екендігін, дінде адамның қашанда беделді тұлғаға әсіресе, күмәнға толы бағыттарға бағынышты болмайтындығын жеткізу қажет. Экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудың алдыңғы қатары – идеологиялық күрес жүргізу, адамдардың жүрегі мен ақылын жаулап алу әрекетіне қарсылық таныту, қайырымдылықты, ар-намысты, патриотизм мен өзіндік тарихи сананы насихаттау. Экстремизмге шынымен де тойтарыс беруді қоғамдағы толерантты діни сана мен радикалды көзқарастарға тұрақты иммунитет қалыптастыру арқылы іске асыруға болады.

Қарсы тұру шараларының екінші тобы – экстремизм мен терроризмнің көріністерін болдырмау бойынша құқық қорғау мен күш саласының арнайы дайындаған жүйесінен тұрады, ал қатерлі жағдай орын алғанда – лаңкестік әрекеттердің ошағын лезде тоқтату және жою болып табылады. Барлық аталған кешенді шаралар ұлттық қауіпсіздікті нығайтып, жаһандық лаңкестік әрекеттерді алдын-алу мақсатында халықаралық институттар және ұйымдармен ынтымақтастық орнатуға бағдарланған. Радикалды идеологиялар мен елдегі экстремистік көріністерге қарсы әрекет ету жұмысын үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы құрылды.

Енді қорытынды келтірейік. Біздің еліміз халықаралық қауымдастықтың мойындауынша, азаматтарына тыныш өмір сүріп, болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік беретін тұрақты, бейбітсүйгіш атмосфераның табысты үлгісі болып табылады. Дінаралық келісімнің мемлекеттік саясаты маңызды қазақстандық құндылық, біздің басымдығымыз бен ұлттық мақтанышымыз ретінде діни және мәдени әралуандылықты мойындауға негізделген. Алайда жаһандану дәуіріне аяқ басқан елімізде қауіпсіздік мәселесін қозғайтын үдерістер орын алып жатыр. Қазақстандық қоғамның тыныштығын, діни және азаматтық бірігейлікті бұзуды көздеген алып геосаяси күштер де баршылық. Қазақстанның шекарасы қарулы қақтығыстар орын алып жатқан және радикалды діни топтары бар елдерге едәуір жақын орналасқан. Қалың бұқараның санасын уландыру мақсатында елімізге арнайы әдебиеттер мен технологиялармен жабдықталған топтар басып кіруде. Қазақстандық жастардың біршама бөлігі олардың жүргізген үгіт-насихат жұмыстарына көніп отыр, ол өз кезегінде құндылықтар жүйесін, тұлғаның болмысы мен туған Отанына деген қатынасын өзгертіп жібереді. Егер де мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар, білім мекемелері, әлемдік және дәстүрлі діндер мен жеке азаматтар экстремизмнің қазақстандықтардың санасын іштей қайта құрылымдауына қарсы бірлесіп, келісімді әрекет етсе ғана бұл күрес тиімді жүзеге асады. Біз бәріміз бірлесіп, экстремистік және террористік құрылымдауға қарсы тұруымыз керек.

Бақылау сұрақтары

1. «Псевдодіни экстремизм» терминінің мазмұнын ашып беріңіз.
2. Деструктивті ілімдердің ерекшеліктерін атаңыз.
3. Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында экстремизммен күресу туралы не айтылған?
4. Псевдодіни экстремизм мен терроризмге қалай төтеп беруге болатынын түсіндіріп беріңіз.

Түркі-ислам мәдениетінің «ислам фобиясына» қарсы тұруы

Алдыңғы тарауларда ислам – исламды саясиландыру – исламистік идеология – экстремизм – терроризм сияқты заманауи әлемге тән идеологиялық үлгілер мен әлеуметтік стратегиялардың байланысы көрсетіліп берді. Супердержава, аймақтық бірлестіктер, трансұлттық топтар сынды белгілі бір саяси күштер адам үшін қасиетті болып табылатын Құдайға деген сенімін пайдалана отырып, территорияларын кеңейту, байлыққа кенелу, ықпалын жоғарылатудағы геосаяси мақсатты көздейтіні анықталды. Өз сеніміне берік емес адамдардың санасына діни ілімнің мазмұны мен рухани мәнінен алшақ, жалған, қасиетті мәтіннің бұрмаланған ұғымдары ендіріледі. Олардың Құдайы да, аяныш сезімі де, арнамысы да жоқ, олар өзгенің өмірін құрдымға кетіріп, геосаяси мақсаттарын жүзеге асыру үшін оларды «тірі жарлығыш зат» түрінде қолданады. Жан түршігерлік алдап-арбаудың экстремистік тұзағына түскендер өздерін «ислам діни жолында азап шегушілер» ретінде санап, Алланың қалауымен деген ұранмен бейкүнә адамдардың өмірін қиюға барады. Алайда дін мен лаңкестік әрекет идеясы мүлдем бөлек ұғымдар, мәнісі де қарама-қайшы келеді. Дін адамның жүзі мен жүрегін Құдайға бағыттайды, сүйіспеншілікке, мейірімділікке шақырады. Лаңкестік әрекеттер болса, діни терминдерді жамылып, дін қатаң тыйым салған әрекеттерді жүзеге асырады.

Жоғарыда айтылған ұғымдардың қатарына экстремизм мен терроризмнің нәтижесінде пайда болған «ислам фобиясы» ұғымын да жатқызуға болады. Осы бір күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыстың мазмұнын анықтап алған жөн. Жалпы анықтамасы бойынша, **фобия**, белгілі бір оқиғаның, адамдардың, не идеяның алдындағы адамның үрейі. Оның үстіне, бұл жағдайда адам өзінің неден және неге қорқып тұрғанын түсініп, ұғына алмайды. Тұла бойын үрей жаулап, ерігін әлсіретіп, ойлау, сезіну, әрекет ету қабілетінен айырады.

Фобияның осындай көріністерінің бірі **ксенофобия** деп аталады. Бұл ұғым бойынша, мейлі үрей, қорқыныш сезімі, тіл, образ, ой, мәдениет болсын барлығы белгісіз себептерден туындайды. Оның үстіне ксенофобия тек үрей, қорқынышпен ғана

шектелмейді. Адам алғашында белгілі бір құбылысты қабылдай алмайды, кейін төзімсіздік, алауыздық, агрессия танытады. Ксенофобия әлеуметтік-психологиялық белгілерге ие болып, белгілі бір әлеуметтік ортаның, ұлттың, діни ілімнің сипатына айналуы мүмкін.

«Ислам фобиясы» осы ксенофобияның бір түрі. Бұл ұғым тек жүйке ауруымен ауыратын жеке адамның психологиялық жағдайы емес. Ислам фобиясы – әлеуметтік-психологиялық стереотип, ол соңғы он жыл ішінде қалыптасып, ең бастысы батыстық елдерді, кейіннен Қазақстанды да жаулап алды¹.

Бұл стереотиптің мәні кейбір адамдардың бойында исламның алдында үрейі пайда болып, оның кейін тіпті өшпенділік пен ашық алауыздыққа алып келуіне негізделеді. Мұндай адамдар ұлы жаһандық діннің түпкі мәнін, Құрандағы рухани-адамгершіліктік құндылықтар жайлы білмей жатып, экстремистер мен террористердің адамзатқа жат әрекеттері мен исламды теңдестіре бастайды. Діндарлардың санасын улап, оларды құрбандарға айналдыру арқылы өз дегендеріне қол жеткізетін саяси күштер идеологиялық тұрғыдан адам санасын бұзудың тағы да бір жолын қолдана бастады. Олар өздеренің теріс пиғылдарының барлығын исламмен бүркеніп жүзеге асырады да, адамгершілікке қарсы мақсатта жасаған әрекеттеріне исламды жауапты етеді.

Нәтижесінде, исламның мәдени және діни мұрасын бұрмалап, оған теріс баға беретін қоғамдық қарсы көзқарастар ұлғая түсуде, олардың ойынша, ислам діні елдер мен мемлекеттердің бейбіт өмір сүруі мен тұрақтылығын бұзады.

«Ислам фобиясы» термині алғаш рет өткен ғасырдың басында шығыстанушы Этьен Диненің «Шығыс батыстың көзқарасымен» деген еңбегінде көрініс тапты. Бұл еңбекте крест жорығы мен отаршылдық дәуірінен бері келе жатқан Шығыс пен Батыс арасындағы ауқымды қарама-қайшылықтар төңірегіндегі мәселе қозғалған болатын. Бірақ «ислам фобиясы» құбылысы өткен жиырмамыншы ғасырдың ортасы мен аяғы кезінде әлеуметтік-

¹ Сатершинов Б.М. Ислам фобиясы және стереотиптер. Монография. – Алматы: ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014; Соның «Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБО, 2011. – 291 б.

мәдени тұрғыдағы **жаңа феномен** ретінде пайда болған болатын. 1996 жылы Англияда «Британдық мұсылмандар істері мен ислам фобиясы бойынша арнайы Комиссия» құрылды, бұл сол кезеңдегі қоғамдағы исламға қарсы жағдайлардың орын алуы себебінен құрылды. Бір жыл өткеннен кейін «Runnymede Trust» зерттеу орталығы «Ислам фобиясы – баршаға тасталған сын-қатер» деген баяндамасын жариялады. Бұл баяндамада ислам фобиясыны «ислам Батыс өркениетінен ерекше емес, ал артта қалған деп; мұсылмандық мәдениет көп келбетті және прогрессивті емес, қатып семіп тоқырауда қалған, бөтен ой мен пікірлерге төзімсіз, патриархалды, әйелдерді қанайтын, фундаменталистік және басқа мәдениеттерге әлеуетті түрде қауіп төндіретін мәдениет» деп анықтады.

Ислам образы түбегейлі бұрмаланып, үрейлі қорқыныш сөйлітіп және оған жауап ретінде агрессияны туындататын жаудың бейнесіне айналды. Ислам фобиясы сол кезде-ақ жағымсыз бағаланып, мемлекеттік және қоғам қайраткерлері оны әлеуметтік қауымдастықтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін және толеранттылық пен діни төзімділікке жаһандық қауіп туындататын құбылыс ретінде көрді.

«Ислам фобиясы» ұғымының негізгі белгілері қарастырылды. Ендігі тұста осы құбылыстың пайда болу себебін анықтап көрейік. Өткен ғасырдың орталарына таман отаршылдық жүйе құлдырап, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталысымен Босния, Косово, Түркия, Солтүстік Африка мен Оңтүстік Шығыс Азия және Пәкістан елдерінен мұсылмандардың Орталық және Батыс Еуропа аймағына қарай жаппай еңбек эмиграциясы басталды. Мәдени және діни бірегейліктердің арақатынасына қатысты күрделі мәселелер туындады. Еуропадағы мұсылмандар өздерінің тілін, дінін, мәдени құндылықтарын сақтап қалуға тырысты. Ал еуропалықтар болса, елге келіп жатқандар олардың еуропалық өмір сүру үлгісіне, ережелерге, заңдылықтарға, қағидаларға қажетті деңгейде бейімделе алмай жатқындықтарын алға тартты. Оның үстіне, мұсылмандардың саны күннен-күнге артқандықтан, әлеуметтік-экономикалық шиеленістерді осы мәселелермен байланыстыру оңай болды. Осылайша «ислам фобиясы» немесе «исламның қауіп-қатер жайлы аңыз» пайда болды.

«Ислам фобиясының» алып толқыны тек Еуропада ғана емес, әлемнің түкпір-түкпіріне таралды, лаңкестік әрекеттер ұйымдастырылып, барлық ұлт пен дін өкілдерін өзінің асқан қатігездігімен дүрліктіріп алды. Мысалы, 2011 жылдың 11 қыркүйегінде болған қайғылы жағдайдан бастап, адамзат бұрындары білмеген, кез-келген жерге кез-келген уақытта басып кіретін жауыздыққа, алауыздыққа тап болды. Түрлі қалалар мен елдерде лаңкестік әрекеттер орын алып, адамдардың тыныштығын бұзып, адамзатқа қарсы бағытталған осындай теріс пиғылдарға жаһандық тұрғыдан қарсы әрекет етіп, алдын-алудағы халықаралық жүйенің қажеттілігін туындатқызды.

Террористік қылмыстың артуы «ислам фобиясының» үдей түсуіне алып келді. Исламның шынайы мәнін білмей, діннің атын жамылып, құндылықтарды жоюға бағытталған әрекеттерді кім жүзеге асырып жатқандығын білмей жатып, барлық қылмыстық әрекеттер мен қайғылы жағдайларға исламды кінәләді.

Біз дінді пайдаланып, мұсылмандарды батысқа, батысты мұсылмандарға қарсы қойып, ислам әлеміндегі қантөгіске дейін әкелген алауыздықты туындату бұл тек – осы қылмыстық әрекеттер нәтижесінде ықпалын күшейтіп, жаңа пайдаға, табиғи және интеллектуалдық қорға қол жеткізетіндерге ғана тән әрекет екенін қайталаудан шаршамаймыз. Ислам фобиясын туындатудың қайнар көзі әлемді билеуді өз қолдарына алғысы келген елдер, топтар мен адамдар болып табылады. Ал БАҚ, Интернет, киноиндустрия, шоу-бизнес те солар арқылы қаржыландырылып, «ислам фобиясы» ұғымын кеңінен таратуды көздеп, адамзатқа жасалған қастандықтың жауапкершілігін исламға артып қоюда.

Кейінгі уақыттарға дейін ислам фобиясы қазақстандық қоғамға жат құбылыс болды. Еліміздегі халықтың 70% мұсылмандар. Олардың басым көпшілігі ханафи бағытындағы исламды ұстанады, тек аз бөлігі ғана шетелдік дін таратушылары арқылы келген исламның жаңа бағыттарын ұстанады. Елімізде дінаралық сұхбаттасу мен рухани келісім саясаты тиімді жүзеге асып келеді, тіпті соңғы уақыттарға дейін қазақстандық қоғамда исламға теріс баға беру үрдістері орын алған емес.

Ішкі жағдайды тұрақсыздандыруға және ұлттық қауіпсіздікті жоюды көздеген жалған уағыз таратушылардың әрекеті

нәтижесінде тыныштық бұзылып, елдің бірқатар қалаларында террорлық жарылыстар орын алды. Соның салдарынан боевиктер бейбіт халыққа шабуыл жасап, оларды кепілдікке алып, әйелдер мен балаларды жазалайды деген қорқыныш, ислам үрейі тарай бастады. Осы үрей өзге дін өкілдерінің, зайырлы адамдардың тіпті мұсылмандық ортаның санасын жаулап, жастардың дәстүрлі исламнан бас тартып, «таза исламистердің» жетегінде кетуіне алып келді.

Қазақстандық қоғам үшін жаңа болып табылатын ислам фобиясы мәселесін зерттеумен дінтанушылар айналыса бастады. Олар ислам фобиясының пайда болуының мәселелік тұстарын анықтап, әлеуметтанулық зерттеу жүргізді және алынға материалдан ғылыми талдау жұмысын жүргізді. Дінтану салсындағы сарапшыларға бірқатар сұрақтар қойылды: «Ислам фобиясы неге пайда болады, оның пайда болу себептері, бастаулары қандай?». Жауап нұсқалары мынадай: «Ислам фобиясы – бұл Батыстың белгілі бір идеологиялық саясаты»; «Бүгінгі террористік топтар әрекеттерінің салдары»; «Ислам (қоғамдық деңгейде) өзінің жағымды қасиеттерін тиісті деңгейде көрсете бермейді, ал жағымсыз жағы көшіріліп көбейтіле береді. Ислам фобиясының негізгі себебі міне осы»; «Исламды бұрмалау, оның ұғымдарын бұрмалап түсіндіру, діни ыдыраңқылық – ислам фобиясы таралуының негізгі себептері».

Ислам фобиясының негізгі және маңызды себептері аталып көрсетілді: діннен алшақ белгілі бір саяси күштердің адамдарды сенімінен ажыратып, экстремизм мен терроризмге итермелеу, нәтижесінде ислам фобиясының туындауы, ислам дінін адамзатқа қарсы бағытталған жауыздық күш екендігіне сендіру. Бұл нағыз бұқаралық психоз. Ол бастапқыда баяу басталып, кейіннен БАҚ пен Интернет технологияларының көмегімен шиеленісе түседі. Осылайша әлемді дүрліктірген оқиларға нағыз кінәлі адамдар жазадан жалтарып кету үшін жасалған қастандықтың жауапкершілігі исламға артылып келеді.

Сарапшылардың берген жауаптарында Ислам фобиясының стереотипінен арылу әдістері анықталып көрсетілген. Бұл ең алдымен, жоғарыда айтылғандай, жаһандық ауқымда, аймақтық және

мемлекет деңгейінде барлық әдіс пен мүмкіндіктерді пайдаланып, экстремизм мен терроризмге қарсы тұру. Алайда, ең басты тиімді әдіс – ғасырлар бойғы ұлы түркі-ислам мәдениетінде қалыптасқан ислам дінінің, Құран мен сүннеттің рухани бастауына бет бұру. Ол әлемдік мәдени мұрасына өзінің жарқын тұлғаларымен, биік шығармашылықтарымен кірді. Рухани мәнісі бұрмаланған ислам жайлы өзгелердің аузынан естіп емес, тарихын оқып білсек, негізінде оның рухани әлеуеті жоғары екендігін түсініп, ол арқылы қоғамға күшпен ендіріліп жатқан ислам фобиясыдан арылуға болады.

Ислам мәдениетінің ұлылығы оның рухани мазмұнымен, гуманистік бағытымен анықталады. Құран ислам мәдениетінің жүрегі, сондықтан оның мазмұныныңда руханияты төмен, прагматикалық ғылым, діннен алшақ философия жоқ. Барлық жаратылыс иесі рухани мәнге толы және Құдай мен адамның сұхбаты арқылы жоғары ақиқатты тануға бағытталған. Алла адамдарды білімге, кінәраттан арылуға, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге, сүйіспеншілікке, мейірімділік пен жасампаздыққа шақырады.

Мұсылмандардың өздерін «өзіміздікі-жат» кестесі бойынша өзге дінге қарсы қою идеясы исламға тән емес. Керісінше, Құранда Алланың адамның әрекетіндегі әралуандылықты қолдайтыны жайлы айталады, тек рухани мәнін жоғалтпаса болғаны. Исламның өзге діндер мен халықтарға қарама-қайшы еместігінің дәлелі ретінде «дар-уль-Ислам» (Ислам территориясы) және «дар-уль-Харб» («дінсіздер» территориясы) сөдері жиі келтіріледі. Бірақ бұл түсініктер не Құранда, не хадистер жинағында, не Мұхаммед пайғамдардың өсиетінде келтірілмеген. Бұл белгілі бір тарихи кезеңде сол дәуірдегі жағдайларға байланысты исламның ерекшеліктерін көрсету үшін пайда болды және оның бүгінгі күннің әлеуметтік-мәдени аясында қолданылуы орынсыз болып табылады. Жаһандану әлемінде мәдениетті, өркениетті және дінді бір-бірінен ажырататын шектеу жоқ. Мұсылмандар қалаған мекен ету орнын таңдап, көбі өз елдеріне қарағанда, батыстық елдерде әлдеқайда жақсы өмір сүріп жатыр.

Тарихи тұрғыдан да қарастыратын болсақ, ислам өзін «территорияларға» бөлмеген, ол діни төзімділікке, бейбіт

катынасқа, сұхбаттасуға шақырған. Түрлі тарихи дәуірлерде ислам мемлекеттерінде өзге дін өкілдері бейбіт әрі тыныш өмір сүрді, олар: иудаизм, христиан, зороастризм діндері, себебі ислам бейбітшілік пен мейірімділік діні.

Ислам этикасының негізгі қағидаларының бірі – жоғары әділдік («адалат-и махза»). *«Негізінде Аллах әділеттілік пен игілік-жақсылықты және ағайын-туысқа қарасып, жәрдем етуді әмір етуде. Және де арсыздыққа, жамандық жасауға һәм азғындыққа тыйым салуда. Сөздерінде тұрар, ойланар деп Ол сендерге насихат беруде (Құран, 16:90).* Исламдағы әділеттілік дегеніміз, адам қашан да өз ісіне жауапты, оның көздеген мүддесін қоғамның игілігі үшін құрбан етуге болмайды. Ол Алланың алдында өз ойына, әрекеттеріне, ісіне жауап береді, оның өмірі жоғары құндылық және оған ешікімнің да қол жұмсауына құқығы жоқ. Құран тек өзіне ғана емес жауларына да әділетті болуға шақырады. Соғыс кезінде жаралы, жығылған әсіресе бейкүнә адамды өлтіруге болмайды. Ислам сонымен қатар, қанды кек алу сияқты болмысына, гуманистік қағидасына жат әрекетті тамырымен жойды.

Әһли сүннеттік діни ілімі Құранның әділдік пен мейірімділік рухына толықтай сай. Оның негізінде сыртқы себептер мен жағдайлар емес, адамның, жеке тұлғаның рухани тұрғыдан қайта жаңаруы жатыр. Адам баласы зұлымдықтан, іштарлықтан, пайдакүнемдіктен, сараңдықтан арылып, сүйіспеншілік, рахымшылық, ар-намыс арқылы жанын тазарта отырып, Жаратушының еркіне сай қоршаған ортаға жағымды әсерін тигізеді, оны оңынан өзгертеді. Бұл Алланың ең қалаған жолы саналады, себебі осылайша адамдар жағымсыз қылықтардан арылып, әлемді өзгертуге қадам жасайды.

Құран мен Сүннеттің негізгі рухани мәнін тану арқылы ислам фобиясын таратудың алдыңғы қатарлы технологиясына бөгет болуға болады. Ислам экстремизмге, терроризмге, руханиятсыздыққа, алауыздық тіліне қашан да «жоқ» деп жауап береді. Ислам толернаттылыққа, әділдікке, сенім артуға, рухани келісімге құшағын айқара ашады.

Ислам мәдениетінің рухани мұрасын игерген адам жұмаққа түсу үшін Алланың еркіне қарсы шығып, өзіне экстремистік әрекеттерге баруға жол береді ме? Ғасырлар бойы есімі күллі

әлемге тараған біздің жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбегімен сусындаған, әлемдік мәдениетке шексіз үлесін қосқан әл-Фарабидің ізбасары Ибн-Синаның шығармасымен таныс, Әбу Хамид әл-Газалидің рухани-адамгершілік өсиетіне құлақ салған және Омар Хайямның рубаиларын жатқа білетін адам ислам фобиясына, үрей мен өшпенділікке ұрынады ма? Түркі мәдениетінің өкілі Қорқыт-Ата, рухани ұстаз Қожа Ахамет Йассауи, қазақ жыраулары мен ақындары, Абай мен Шәкәрімі бар қазақ халқының рухани мұрасы қашан да гуманизм мен адамгершілікке үндейді. Абайдың әйгілі «Адам бол!» деген ой тұжырымы рухани ізденістің негізгі төркіні. Ал экстремист, террорист немесе исламнан үрейленген адамды адам деуге болады ма?

Біз исламның жоғары әлеуетін, оның адамгершіліктік құндылықтарын, қасиетті дінді бұрмалап, беделін түсіруге, исламды терроризммен тең қоюға және осылайша ислам фобиясын туындатуға қарсы гуманистік үндеуін көрсету үшін **түркі-ислам мәдениетінің тарихына қысқаша** тоқталуды жөн санап отырмыз. Айқындылық және ақиқаттылық, дәлелділік пен тарихи дәйектік қажет, және олардың бәрін түркі-ислам мәдениетінің тарихынан алуға болады.

Ислам мәдениеті VII–X ғасырда орталығы Бағдад қаласы болып табылатын, араб Халифатының шеңберінде қалыптасты. Ислам ғасырлар бойғы мәдени дәстүрдің рухани бастауын біріктіріп, бірігу нәтижесінде ерекше, таңғажайып өркениеттік кешен қалыптасты. Сауд Арабиясы, Сирия, Иран, Ирак, Египет, Үндістан, Қазақстанның оңтүстік облыстары бірыңғай ислам мәдениетін қалыптастыруға ұлттық ерекшеліктерін және шексіз үлестерін қосты. Ислам мәдениеті адамзат рухының биік шыңы саналады, себебі, әлемге теңдесі жоқ әдебиет пен өнердің құнды жәдігерлерін, ғылым мен философиялық еңбектерді сыйлады.

Осы орайда біздің жерлесіміз **Әбу Насыр әл-Фарабидің** (873–950 жж.) орны ерекше. Бүгінде ол Шығыс пен Батыс бірлігінің рәмізіне, мәдениетаралық пен дінаралық сұхбаттың тиімділігінің дәлеліне айналды. Шығу тегі түркі халықтарына жататын әл-Фараби антикалық мұраны, Платон мен Аристотель еңбектерімен терең танысып, еуропалық ортағасырға қолжетімді етті және ислам

ілімімен шабыттанған ірі философиялық жүйенің негізін қалады. Ол Құран өсиеттерін негізге ала отырып, бар күшін әлемнің, табиғаттың үлкен кітабын зерделеуге бағыттап, ғылымдағы үлкен жаңалықтардың иесіне айналды. Логика, математика, астрономия, медицина, музыка теориясы, лингвистика – міне осы ғылымдар төңірегінде салмақты ойларын айтып, Құранның негізінде жатқан бар жаңашылдыққа, шығармашылыққа, талмай ізденуге құштар болды.

Әл-Фарабидің 160-тан астам трактаты бар, олар қазіргі таңда Бағдад, Дамаск, Стамбұл, Париж, Лондон, Нью-Йорк қалаларында сақталған. Олардың ішіндегі ең танымалы «Қайырымды қала тұрғындары туралы трактат», «Мемлекеттік қызмет жайлы нақыл сөздер», «Бақыт жолына нұсқау» еңбектері. Екінші ұстаздың ғылыми және философиялық мұрасын зерттейтін көптеген халықаралық орталықтар ашылды. Оның еңбектері Шығыс пен Батыстың біршама тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне де аударылды. Біз ең алдымен оның шығармашылығына тән жоғары руханият, ұлы істерінің өзегі болып табылатын ислам мәселесі Фараби ілімінің өзге діни және мәдени әлемге ашық болуына, сан алуан өркениеттік кешендермен белсенді сұхбаттасуына итермелегенін атап өтуіміз керек.

Әл-Фарабидің философиялық ілімінде әлеуметтік концепция ерекше орын алады. Осылайша шығыс ойшылы әр адам бақытты болуға лайық қоғамның үлгісін қалыптастырды. Ол шынайы бақыт пен жалған бақыттың айырмашылығын көрсетіп берді. Адамдар әркімнің өз бақыты барына сенеді. Бірі байлыққа, атақ-даңққа, ал екіншісі тыныш, оңаша өмірді аңсайды, ал үшіншісі болса, билік пен сый құрметке қол жеткізгісі келеді. Егер адам қалағанына кезкелген жолмен қол жеткізіп, осы жолда кездескендердің барлығын бақытсыз етсе, бақытты бола алмайды, бақыт ол адам үшін тек елес болып қана қалады. Әл-Фараби бойынша шынайы бақыт ол – рухани өлшеммен, адамның биік, таза, Құдайға жақын болуға ұмтылумен өлшенеді, сонымен қатар, ол Жаратушының ерігін танып, Алла бізден нені қаласа, соны орындауға шақырады.

Әл-Фарабидің қайырымды қала үлгісі бойынша, билеуші байлық пен билікке ұмтылмайды, ол өзінің қол астындағыларды тәрбиеге шақырып, рухани кемелдену жолындағы шынайы

бақыттың көзін бірлесе іздеуге үгіттейді. «Даналық – нағыз бақыт болып табылатын дүние жайлы білім береді».

Қайырымды қала тұрғындары «бақытсыз бейбақтар мен кедейлер есебінен бақытты болуға болады» деген бұрынғы ұстанымдарын өзгертеді. Ал жаңа ұстанымдары бойынша тек өзгелерге қамқор болу арқылы ғана бақытты болуға болады. Олардың игілігі – өз бақытыңның басты шарты. Қайырымды қала тұрғындары бақытқа жету жолында бір-біріне көмектеседі. Ал бұл дегеніміз өмірдің рухани бастауын тануды білдіреді.

Бақытты негізгі мәнін ұғынудың теориялық өнері – философия болып табылады. «Біз көркемділікке ие болғанда ғана бақытты бола аламыз, ал көркемділік бізге философия өнері арқылы келеді, осылайша біз тек философия арқылы ғана бақыт иесі атанамыз». Адамды бақытқа жетелейтін тәжірибелік өнер – саясат болып табылады «Тәніңді емдейтін дәрігер тәнің барлық бөлшегін білуге тиіс. Сол сияқты адамның жанын емдейтін мемлекеттік қайраткер немесе билеуші адамның бүкіл жанын, оның кемшіліктерін, жетіспейтін тұстарын білуі тиіс».

Қайырымды қала тұрғындары бақыт жолында бір-біріне қамқор болады яғни, рухани-адамгершіліктік тұрғыдан кемелденіп, үндесуге талпынып, ислам ілімінің бейбітсүйгіш сипатын насихаттай отырып, өзге халықтар мен мәдениетпен өзара ықпалдасып отырады. «Түрлі қайырымды халықтар мен қалалардың діндері әр түрлі болуы мүмкін Бірақ олардың барлығы бір бақытқа сенеді»¹.

Батыс пен Шығысты біріктірген ұлы ғалымның шығармашылығы жайлы көптеген еңбектер жарық көріп, диссертациялар, монографиялар жазылды. Алайда әлемдік мәдениеттің мұрасына айналған еңбектерді игеру үшін әлі талай жұмыстарды атқару керек.

Экстремизмге немесе ислам фобиясының үгіт-насихатына ұрынған адам тым құрыса, аты әлемге мәшһүр бабасының еңбегін өз қолында ұстап көрді ме екен? Ол тек Фараби есімін тек даңғылдар мен көшелердің атауынан ғана естуі мүмкін. Есесіне, олар өздерін исламды жетік білетін, таза сенімді ұстанатын мұсылмандар ретінде жариялайды. Әл-Фараби мұндайларды басқаша атайды.

¹ Философия аль-Фараби и исламская духовность. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2005. – 25 б.

Әл-Фараби жалған мұсылмандарды «хайуанға» теңеп, қайырымды қаладан қудалауды ұсынады. Ұлы ойшылдың, пікірінше, Құран діндарларды мәдениетке, кітапқа құмар болуға, білімге шақырады.

Ұлы ислам ойшылдарының үндеуін ұғынғандар өздерін «тірі жарлығыш затқа» айналдырады ма? Сонымен қатар, адам жанын тербендіретін, жарқын ғажайып музыка іспеттес шығыс поэзиясы бар. Осы тұрғыда әл-Фарабидің ізбасары, танымал философ, логик, дәрігер, астроном Ибн Синаның мына бір жолдарын келтіруге болады:

*«Жаныңды білімге құштар ет,
Ол сені жұлдыздарға, биікке жетелейді.
Адам жаны –шырақ, ал білім оның нұры,
Алланың даналығы – осы шырақты тұтаушы.
Шырақ сәнсе – сенің де өшкенің»¹.*

Ал ұлы Омар Хайямнің еңбегімен кім таныс емес? Ол - өмірдің шаттығын, рухани даналықпен өткізу керек бір сәттік ғұмыр екендігін жырлайтын ойы терең тұңғыық ақын, танымал математик, астроном, философ.

*«Күн секілді махаббат алауы лаулап тұр,
Махаббат ол – аспан жұмағының құсы секілді.
Ал бұлбұлдың үні – әлі де махаббат емес-ті.
Ал үнсіз ғана махаббат жолында өмір құшу – бұл нағыз махаббат»².*

Ислам мәдениеті – бұл қатаң ғылым, жаныңды тербетер поэзия, логика мен терең философия, ғылыми жаңалықтар, ұшқыр қиял. Теңдесі жоқ рухани байлық сенім, сүйіспеншілік, өзара түсіністік сәулесімен нұрланған. Осы қасиетті игерген адам экстремизм мен ислам фобиясынан алшақ болады.

Қазақ мәдениеті ислам құндылықтармен астасып, түркі руханиатының тәлтумалығымен байланысты. Бұл – қазақ

¹ *Ибн Сина*. Избранное. – Ташкент, 1981. – С. 22.

² *Омар Хайям*. Рубайат. Перевод Германа Плисецкого. – М.: Восточная литература, 1975. – С. 175.

мәдениетінің космосы, ал осы кеңістікке ену ислам фобиясынан берік қорғайды. Табиғатқа деген қатынас, салт-дәстүр жүйесі арқылы қазақ мәдениетінің рухани құндылықтарға деген қатынасы анықталады. Мұның басты мәні – тылсым күшпен үйлесіп, олардың ықыласына бөлену.

Қазақ халқының ұлы тұлғалары туған жердің, өз халқының рухани дәстүрінен нәр алып өсті. М. Әуезовтың өзінің шығармасында **Ұлы Абайдың** дүниетанымы қазақтың дәстүрлі мәдениеті, шығыстық араб-мұсылман поэзиясы мен философиясы, орыс мәдениеті сияқты үш мәдениеттің тоғысында қалыптасқандығын айтады. Абайдың өмірі мен шығармашылығында «орыстық» сарын айқын болғанымен, кей-кездері шығыс мәдениетінің әсері күшейіп отырды. Әсіресе Абайға әл-Фарабидің музыка, философия, жаратылыстану ғылымдары бойынша трактаттары қатты әсер етті. Абай қазақ тіліне «Шахнаме», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Көрөғлы» сияқты шығармаларды қазақ тіліне аударып шықты.

Ойшылдың шығармашылық даму жолындағы басымдықты анықтап алайық. Ол қашан да қазақ халқының ұлы ойшылы мен данасы болып қала береді. Бұл оның шығармашылығын қуаттандырып отыратын басты мәселе. Ал қалғаны болса, оның шығармашылығының негізгі тұстарын толықтырып қана отырды. Олардың қатарына халықтың даналығы мен тарихынан сыр шертетін батырлар жыры, ғажайып ертегілер, мақал-мәтелдерді ғана емес, өлімді жеңіп, мәңгі өмір сүрудің жолын іздеп, қобызды жаратқан Қорқыттың аңыздары мен күйлерін де жатқызуға болады (Қорқыттың пікірінше, музыка адамды өлімнен сақтап қалады).

Сонымен қатар, энциклопедиялық шығарма болып табылатын Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» де адам мен қоғамның ерекше философиясы жайлы, министр, қолбасшы, елші, аспаз да, ғалым, емші, қазынашы сияқты қоғамның барлық сатысындағы адамдардың өзін – өзі ұстау ережелері мен тәжірибелік бағдарлары туралы айтылған.

Түркі халқының өшпес мұрасының қатарына Махмұд Қашғаридің «Түркі тілінің сөздігін» де жатқызуға болады. Бұл түркі халқының шаруашылығы мен тұрмысы, тілі мен фольклоры, этнографиясы жайлы алғашқы еңбектердің бірі және XI ғасырдағы түркілердің өмірі жайлы ақпарат беретін бірден-бір құнды әрі жалғыз еңбек.

Қожа Ахмет Йассауи есімімен байланыстырылатын сопылық философия жайлы да айта кетуге болады. Сопылық Абайды өзінің астарсөздерімен, рәмізділігімен, метафоралығымен еліктірді. Йассауи бойынша Ақиқат рәміз бен белгілер арқылы танылады.

*«Әуелі хаят, хәдис – сөздің басғы,
Қосарлы бәйітмысал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы».*

Абайдың философиялық идеясы оның барлық шығармашылығынан, өлеңдерінен, лирикасы мен дастандарынан көрініс тапқан. Бірақ, оның ең басты еңбегі – «Қара сөздер» ойлар жинағы¹. Өз халқының дәстүрін ұлықтаған данышпан философиялық терең ой тұжырымдарын көркем формада жеткізе білді.

Абайдың орталық философиялық мәселесі – адам мәселесі. Көк аспанның көркі ай мен күн, таудың әсемділігін орман мен жеміс-жидек берсе, жердің көркін адам береді. Абайдың мақсаты адам болып қалыптасу үшін нені жасап, нені жасамау керектігін үйрету. Осы тұрғыда ол «Адам бол!» – деп үндейді. Ұлы Абай бақыт пен мұратқа жетудің жаңа ұғымын көрсетіп береді. Абайға дейін, бақытты болуды – бай, ауқатты, астында жүйрік тұлпарының, айдай сұлу жарының болуы деп ұғынса, Абай бойынша бақытты болудың мәні таза еңбекпен, шығармашылықпен айналысуда, білімге, таза сенімге деген талапта жатыр.

Ол өзінің он жетінші сөзінде адам жанының үш бастауы болып табылатын ақыл, қайрат, жүректің өзара айтыса келіп, ғылымға жүгінгендігі жайлы жазады. Сонда қайрат: онсыз білімге де, малтаппаққа да, байлық пен құрметке де қол жеткізе алмайтындығын айтып, жоғарғы сатыға көтерілгісі келеді. Ал ақыл болса: онсыз адамның ерік-қайраты көр соқыр болып қалатындығын алға тартады. Жүрек: ар-ұждан да, мейірімділік те, қайырымдылық та жүректен шығатындығын айтады. Осы айтысқа төрелік етіп отырған ғылым ақыл мен қайрат бірігіп, жүрекке бас иілту керек – деп шешеді. «Адами қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды».

¹ *Абай*. Қара сөздер. – Алма-Ата: Жазушы, 1992. – 123 б.

Ақыл, қайрат пен жүректің бірігіп, соның ішінде жүректің билеуін алға қоюдағы ойын тұжырымдай келе, Абай Құдайға бет бұрады. Абайдың гуманистік ойларының рухы Аллаға деген терең, жүрекжарды сенімге толы. Ол тек діни рәсімдерді орындап қана қоймай, жүректе Аллаға деген шексіз, берік иманның болу керектігін айтады. «Иман деген – Алла табарака уа тағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллаллаһу ғалайһи уәссәләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, иланбақ» деген болатын. Құдайдың бар екендігінің ең басты дәлелі – адамдардың мыңжылдаған уақыттар бойы оның күдіретіне сеніп артуы.

Алланы тану қасиеті барлық адамдарға дарымаған. «Алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап танымаққа керек. Егерде ол сипаттар бірлән тағрифламасақ, бізге мағрифатулла қиын болады. Біз алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес». Адамның ақылы қанша жерден күдіретті болса да, ақиқат болмысын танып біле алмайды.

Алланың ақылмен танудан бөлек жүрекпен тани алатын бізге қолжетімді махаббат дейтін қыры бар. Рахымшылық, қорған болу, сүйіспеншілік Алланың бір бейнесі болып табылады. Біз Алланың сүйіспеншілігінен жаратылдық және оған да өзіміздің игі істері арқылы жауап қайтаруымыз қажет. «Адамшылықтың алды – махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі». Нағыз иман адамға құдай ерігіне бағытталған жол ашады, оның жанын сүйіспеншілікке бөлеп, қоршаған әлемін өзгеріске ұшыратады. Иман адамды табиғатпен үндесуге, өзге мәдениет пен дін өкілдерімен ынтымақтас болуға шақырады.

Қазақ ойшыл жарық жұлдыздарының қатарын, **Шәкәрім Құдайбердіұлының** есімі толықтырады, ол өз заманының алдыңғы қатардағы білімділерінің бірі. Шығыс пен Батыстың даналығын игеріп, өмірдің тауқыметін көріп, жаны қанша азаптанса да жүрегіндегі иманын, арын сақтап қалған, адамдардың мейірлене түсуіне, арлы болуына көмектесіп, зорлық-зомбылықтан, өтіріктен,

қатыгездіктен арылуға үндеген биік тұлға. Шәкәрім көптеген идеялар мен теорияларды ой елегінен өткізді, алайда олардың бірін де өзі қолдамады. Адам болмысын қалай өзгертуге болады? Адамзат бейбітшілікте өмір сүру үшін не істеу керек? «Адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұрудың негізі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болу керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ».

Қазақ ойшылының пікірінше, тәрбиедегі ең бастысы ар ілімі болуы шарт. Ар – адамды теріс әрекеттерден қорғап, түзу жолға бағыттайтын құдай өсиеті. Әдет-ғұрыптарды, бес уақыт намазды жүрекпен емес тек сырттай ғана орындауды Жаратушы құптамайды. Адамның ары құдаймен үндес. Бұл таза иманның белгісі. Адамның ары оларды өзге адамдармен бейбіт қатынаста, ынтымақтас болуға итермелейді. «Адамның көзін байлап қоюға болады, ал жүрек көзін ешқашан таңып қою мүмкін емес».

Әр адамның бойында ар қасиеті бар, себебі ол адам. Бірақ, адамды тура жолдан тайдырып, адастыратын жалған пайғамбарлардың уағызы әсерінен экстремистер мен террористердің бойындағы ар қасиеті жойылған. Осындай теріс әрекеттерге ұрынбас үшін, адамдардың қолына Абайдың «Қара сөздері» мен Шәкәрімнің «Бәйшешек бақшасын» ұстату керек. Сол кезде бұл еңбектер олардың жүрегіне жетіп, көздері ашылып, ары оянуы мүмкін. Себебі бұлар діннің атын жамылып, Алла жолында зорлық-зомбылық пен лаңкестік әрекетті насихаттайтын діни сауатсыздардың емес, өз ғұламаларымыздың риясыз еңбектері.

Заманауи қазақ мәдениеті адамгершіліктік, руханилық, толеранттылық дәстүрін жалғастыра отырып, ұлы даналардың есімін жадысында сақтап келеді. Әлем әлі күнге дейін барлық елдер мен мәдениетке қазақ халқының рухани байлығының есігін ашатын көркем сөз иелерінің шығармаларына қызығушылық танытады, олар: **Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуэзов, Әбдіжамал Нұрпейісов, Илияс Есенберлин, Олжас Сүлейменов.**

Біздің еліміздің жастары экстремистік топтардың жетегінде кетпей тұрып, рухани ізденіс жолында осы құнды еңбектермен таныс болуы абзал. Сонымен қатар исламды бұрмалап, одан үрейленетіндерді түркі-ислам мәдениетінің мұрасымен таныстырып, ортақтастыру өте тиімді.

II бөлім. Қазіргі Қазақстан. Зайырлы мемлекет және дін

Қорытындылай келе, ислам фобиясы алдындағы стереотиптерден арылу төменде көрсетілгендерді бағамдайды:

- **біріншіден**, экстремизм мен терроризмнің алдын-алып, кешенді түрде қарсы тұруға;

- **екіншіден**, әлемдік ұлы діндердің бірі ретінде исламның шынайы рухани мәнін айқындау үшін дінтанулық және діни ағартушылық жұмыстарын жүргізу;

- үшіншіден, қайырымдылық, әділеттілік, ар, адамгершілік, рухани келісімді насихаттайтын түркі-ислам мәдениетінің мұрасына белсенді назар аудару.

Бақылау сұрақтары

1. «Ислам фобиясы» терминіне анықтама беріңіз.
2. Осы бір әлеуметтік стереотиптің пайда болу себептерін атаңыз.
3. Ислам фобиясымен күресудегі неғұрлым тиімді әдістер қандай?
4. Түркі-ислам мәдениеті ислам фобиясыға қалайша қарсы тұра алады?
5. Әл-Фарабидің әлеуметтік концепциясы, Ибн-Синаның ілімі, Омар Хайямның поэзиясы ислам мәдениетіндегі өркениеттік маңыздылықтың дәлелі ретінде.
6. Заманауи қазақ мәдениеті: «Ислам фобиясыны» жоққа шығару.

Қазақстандық отбасындағы зайырлы және діни құндылықтардың ара-қатынасы

Адамзат тарихында түрлі отбасының типтері қалыптасты. Оның негізгі типі «патриархалды» деген атауға ие, яғни, әкенің отбасының асыраушысы мен басты табыскері ретінде болуы, әйелдің жар және ана ретінде бағынышты әрі ошақтың тірегі ретінде болуын айтамыз. Қазіргі таңда патриархалды отбасы әйел мен еркектің, ата-ана мен баланың тең құқық пен мүмкіндіктерге қол жеткізу идеологиясына негізделген эгалитарлы (эгалитендік) отбасы үлгісіне өтіп отыр.

Көптеген адамдар отбасының өзгеруі үдерісін дағдарыс, отбасы құндылықтарының жоғалуы ретінде қабылдайды. Алайда, қазіргі заман үлгісіндегі отбасы рухани бірлік, бір-біріне психологиялық және эмоционалдық тұрғыдан қолдау көрсету сияқты табиғи бол-

мысына ие болуға талпынадындықтарын байқатып отыр. Әйел де, еркек те отбасы аясында ғана өздерін қалыптастырып, ал отбасы тек бала арқылы ғана толыққанды бола алады.

Қазақстандық ғалымдар, қазақстандық отбасының орны мен даму үлгісін зерттеу бойынша бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізді¹. Қазақстандықтар үшін отбасы басты құндылық болып саналады. Оны отбасының маңыздылығын «Сіз үшін не маңызды болып табылады?» деген сұраққа жауап беру барысында барлық әлеуметтік топтағы, түрлі жас көрсеткіштегілер, барлық ұлттар да атап өтті. Респонденттерге «Тату-тәтті отбасылық қатынас», «Денсаулық», «Материалдық жетістік», «Мәнсап» және т.б. бірнеше қажеттіліктерді өз қалауларына қарай орналастыру ұсынылған болатын. Барлық әлеуметтік топтағы, түрлі жас көрсеткіштегілер, ұлттардың «Тату – тәтті отбасылық қатынастар» бағанасын таңдағандары еш таңданыс тудырған жоқ, одан кейінгі орындарға «Денсаулық» пен «Материалдық жетістік» орналасты. Бұл жерде жәй ғана отбасы емес қазақстандық отбасы тұрақтылығының басты негізі болып табылатын тату-тәтті, бақыт пен шаттыққа толы отбасы жайлы айтылып отырғандығын атап өту қажет.

Қазақстандықтар отбасы институты қоғамдық және мемлекеттік деңгейде маңызды екендігін бірауыздан мойындап отыр. Респонденттердің 80,3%-ы Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің тұрақтылығын отбасы ұйытқысымен тікелей байланыстырады. Олар «Отбасы махаббат пен сыйластыққа негізделген кішігірім топ, мемлекет пен қоғам тұрақтылығы осы отбасының берік болуына байланысты» деп пайымдайды. Гендерлік көрсеткіш бойынша бұл мәселе төңірегіндегі көзқарастар бір бірінен қатты ерекшеленбейді. Түрлі ұлттардың берген жауаптарына қарасақ, қазақ ұлты қоғамдық өмірдегі қазақстандық отбасының рөлін жоғары бағалайтыны анықталады. Жағдайы төмен отбасылар қоғам мен отбасы байланысын басқалардан гөрі төмен бағалайды. Қазақстандықтардың 17,2%-ы отбасы әркімнің жеке ісі, оның қоғам мен мемлекетке қатысы жоқ екендігін айтады. Оны көрсеткіштерден-ақ қазақстандықтардың басым бөлігі отбасы институтының қоғамдағы маңыздылығын жоғары бағалайтынын көруге болады.

¹ Казахстанская семья как базовая ценность общества: состояние и тенденции развития. – Алматы: ИФПИ КН МОН РК, 2013.

Сонымен қатар «Сіз қазақстандық отбасының болашағы туралы не ойлайсыз?» атты сұрағына берілген жауап та жоғарыдағы тезисті дәлелдей түседі. Респонденттердің 99,6%-ы қазақстандық отбасының дамып, нығая түсіп және мәнісі жоғарылай түсетіндігін айтады. Сонымен қатар, олар отбасы құрылымының типі өзгеріп, азаматтық неке, толық емес отбасы, қайта құрылған некенің саны арта түсетіндігін болжайды. Қоғамдағы отбасы феноменінің үдей түсетіндігін алға тартатын жауаптар арқылы әлеуметтік қатынастардың дамуына байланысты отбасы құрылымының типін өзгертетін үрдістер орын алуы мүмкін деген пікірлерді де байқауға болады.

«Сіздің отбасыңыз өз болашағын Қазақстанмен байланыстырады ма?» сұрағына берілген жауаптар көңіл қуантарлықтай. Сұраққа жауап бергендердің 80%-ы өз отбасыларының Қазақстанды «Отаным» деп санап, елден кетуді жоспарламайтындықтарын айтады. Ал 15,3%-ы болса, білім алу немесе уақытша жұмыс жасау мақсатында елден кететінін айтса, респонденттердің тек аз бөлігі ғана мүлдем кетуді жоспарлайтынын білдірді. Бұл қазақстандық отбасының қоғам және мемлекетпен арасында орнаған тығыз байланыстың дәлелі болып табылады.

Келтірілген мәліметтер арқылы қазақстандық отбасының «дағдарысына» қатысты қазақстандықтардың ұстанымы анықталады. БАҚ-да жарияланған түрлі қатерлі болжамдарға қарамастан, қазақстандықтардың ойынша, оларды дұрыс бағыттан тайдыру оңайға соқпайды: сұраққа жауап бергендердің басым бөлігі қазақстандық отбасы дағдарысты емес өзгерісті басынан өткеріп жатқандығын айтады. Олар отбасы тұлғаның да, қоғам өмірінің де берік негізі болып қала беретіндігін айтады. Отбасы үлгісінің өзгеруі қажеттілігін де айтып өтті.

Қазақстандық отбасындағы зайырлы және діни құндылықтардың арақатынасы, дүниетанымдық ұстанымы мәселесі отбасы өміріндегі, қоғам тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздік саласындағы аса маңызды мәселелер болып табылады.

Орташа есеппен қазақстандық отбасылардың 30%-ы өздерін толығымен зайырлы отбасылардың қатарына жатқызады. Бұл сандық көрсеткішті этностық тұрғыдан ашып көрсетсек, басым бөлігі қазақ ұлтының, ал қалғандары өзге ұлттың өкілдері болып

шығады. Респонденттердің 30%-ның жас көрсеткіштері әр түрлі. Жас және егде жастағы респонденттердің зайырлы менталитетке деген бейімдерінің төмендігі байқалса, орта жастағылардың басым бөлігі өздерін зайырлы отбасы ретінде санайды. Гендерлік көрсеткіші жағынан, қазақстандық ер-азаматтардың зайырлы өмір салтына бейім екендігі байқалады.

Басым көпшілікті аралас отбасылар құрайды: респонденттердің 20,1%-ы өз отбасыларының зайырлы да, діни бағытта да екенін мәлімдеді, яғни, олардың отбасыларында діндарлар да, діндар еместер де бар және сол себептен отбасының дүниетанымдық ұстанымы әлі анықтала қоймаған. Қазақстандық отбасылардың 50%-ы өздерін діндар ретінде санайды. Бұл топта түрлі ұстанымдар мен арақатынас байқалады. Конфессиялардың ішінде ислам діні басым рөлде. Ұлттық көрсеткіштер бойынша оны әдетте қазақ отбасылары мен өзге ұлттардың отбасылары ұстанатыны анықталды. Жас көрсеткіші жағынан исламға бет бұрған жас отбасылардың пайызы жоғары.

Отбасытобы, оның өмір сүру үлгісі және отбасы әлеуметтенуінің стратегиялары деңгейінде діндарлықтың үдеп бара жатқаны байқалады. Сараланған сұрақтар қазақстандық отбасының діндарлығының сипатын анықтайды. Респонденттердің тек 13,6%-ы дін жолымен жүреді (намаз оқу тәжірибесі, мінәжат ету, діни қауымдастықтың өміріне араласу және т.б.), ал бұл өз кезегінде діндар отбасылардың қатарына жатқызытындардың санын азайтады. Қазақ отбасыларының қатарында діндар отбасылардың саны көп, ал ең азы орыс отбасыларында тіркелген. Ал жалпы зайырлы отбасылардың саны мәлім етілген 30%-дан әлдеқайда аздау екендігі де анықталды.

Қазақстандық отбасылардың басым бөлігі құрамында діндарлары да, діндар еместері де бар «аралас» отбасылар және дүниетанымдық бағдарлары әлі де анықтала қоймаған отбасылар. Бірақ, дәл осы топтағы отбасыларда діндарлық әлеуетінің өсу үрдісі байқалады. Сол себептен қазақстандық отбасы дамуындағы жалпы үрдіс діндарлықтың өсуіне негізделеді. Діни тұрғыдағы қазақстандық отбасының өзгеруі – ол қоғам діліндегі терең дүниетанымдық өзгерістердің болып жатқандығының дәлелі және діни бағдардағы қазақстандық отбасының зайырлы мемлекетпен өзара қарым-қатынасының үлгісін жасау мәселесін алға қояды.

Қазақстандық отбасылар діни сенімді отбасын біріктіруші фактор деп есептейді. Респонденттердің 40%-ы діни сенімді отбасы мүшелерін қандай конфессияға жататындығына қарамастан бір қанаттың астына біріктіреді деп санайды, сұралғандардың 27,3%-ы діни сенім отбасы мүшелерін тек бір дінге жатқан кезде ғана біріктіреді, ал сауалнамаға қатысқандардың тек 17,9%-ы ғана зайырлы отбасыларда жанжалдар аз болады дейді.

Респонденттердің шамамен тең жартысы дін отбасындағы қайырымдылық, төзімділік, өзаратүсіністікке әкелетін қолайлы, рухани-өнегелі жағдайды қалыптастырады дейді. Респонденттердің 9,2%-ы ғана рухани-өнегелік құндылықтар тек зайырлы отбасында қалыптасады деп ойлайды. Отандастарымыз діни дүниетанымның рухани-өнегелік әлеуетіне жоғары баға береді, және де бұл бағаны көбінесе қазақ отбасылары береді.

Талдау нәтижесі бойынша көптеген қазақстандық отбасылар дінді азаматтық қоғамның маңызды факторы ретінде жете түсіне қойған жоқ екені анықталады. Діндарлық әлі де отбасының жеке мәселесі ретінде ғана қарастырылып жүр. Респонденттер «Қазіргі заманғы жағдайларға қандай отбасылар тез бейімделе алады?» деген сұрақтарға жауап беру барысында, олардың 45,2%-ы бұл мәселеге діндарлықтың мүлдем қатысы жоқ деп жауап берсе, 11,2%-ы дәл осы діндар отбасылар ғана шынайы бақытты бола алады дейді. Діннің әлеуетін орыс пен өзге ұлттарға қарағанда, қазақ отбасылары жоғары бағалайды.

Қазақстандық отбасылардың діндарлығының өсуі қоғамдағы төзімділіктің көрсеткішіне әсер етеді. Қазақстандық отбасылардың 43,1%-ы зайырлы да, діни мерекелерді де тойлайды, 15,4%-ы тек діни мерекелерді тойлайды. Діндарлық отбасының өзара әрекеттесуіне, қарым-қатынастарына әсер ететін фактор болып табылмайды: сұралғандардың 63,8%-ы қарым-қатынастағы ең бастысы – қандай конфессияға жататындығы емес, өзара келісім мен сенімділік дейді. Қазақстандық отбасылар дінге бет бұра отырып, діни бірегейлікті азаматтық қоғам мен зайырлылық құндылықтарына қарсы қоймайды, қайта дін саласын қазақстандық бірегейлікпен қатар қарастырады, бұны өз кезегінде жағымды үрдіс деп бағалауға да болады.

Талдау нәтижесі бойынша қазақстандық отбасылардың жаңа діни ағымдарды бағалауы барысында олардың «сырқатты тұстары» белгілі болды. Респонденттердің 0,5%-ы ғана жаңа діни сенімде екенін айтқанымен, сұралғандардың 23%-ы қазақстандықтардың біздің ділімізге сай келмейтін дәстүрлі емес діни көзқарастар мен сенімдерді қабылдай алатындарын айтты, себебі мұндай сенімдерді демократиялық және қазіргі заманға сай деп есептейді. Бұл отбасылар жаңа діни ағымдардың ықпалын арттырып, әлеуетін құрап отыр. Олар мұндай ағымдардың псевдодіни екендігін және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіре отырып, олардың міндеттері қазақстандық отбасы институтын жою екендігін ескеріп отырған жоқ.

Осылайша, қазақстандық отбасының діндарлығының жоғарылағандығы байқалады. Дегенмен, отбасылар діни бағыттарын зайырлы ділмен ұштастырып, ондағы зайырлы бағыт тіпті басым болып отыр. Зайырлы мемлекет азаматтардың діни қажеттілігін қанағаттандыра отырып, дін әлеуетінің өсуінде жағымды ықпал көріп отыр. Сұраққа жауап берушілердің пікірінше, діндарлық отбасындағы сүйіспеншіліктің, өзара түсіністік пен ауызбірліктің орнауына алып келеді, нәтижесінде бұл қадамнан қазақстандық қоғамның да, зайырлы мемлекеттің де ұтары көп.

Бүгінгі таңда, отбасы институтын күшейтудің қазақстандық тәжірибесі әлемдік қауымдастықтың жоғары сұранысына ие. Батыс елдерінде заңның рұқсатымен отбасы институтын әлсіретіп, құлдырату үрдісі байқалып отыр, бұл адамзат өркениетіне орны толмас қасірет алып келері анық. Көптеген еуропалық мемлекеттер біржынысты некеге тұруға заңды түрде рұқсат берді, ата-ана қарым-қатынасы, қасиетті «ана» және «әке» ұғымы өзгертіліп, жынысы жоқ «А ата-анасы» мен «Б ата-анасы» терминдерімен алмасты, мектептерде жыныстық тәрбие берілуде – міне осының барлығы рухани-адамгершілік өлшемді өзгертіп, адамның жануарға айналуына мақсатты түрде бағытталған сұрапыл саясат.

Адам өміріндегі негізгі құндылықтардан, қасиетті некеден бас тарту «адам құқығын қорғауға» негізделген зайырлы қағидалардың алға шығуына алып келеді. Алайда адам құқығы діни құндылықтардың жүйесінде бекітілгендей, адамгершілікке, рухани өлшемге негізделуі шарт. Мұндағы ең бастысы, өз сенімін таңдауға деген құқықтың болуы, әділеттілік, сүйіспеншілік, өзара

қолдау көрсету яғни, адам болып қалыптасуға деген құқыққа ие болу. Егер де адам үшін дін өз мәнін жоғалтса, құдайдан бас тартса, күнә, зұлымдық, бұзақылықтың барлығы заңды ретінде саналып, ғасырлар бойы ұрпақтар тәжірибесіне сүйенген өркениетті әлемнің негіздері бұзылып, адамзат болмысының мәні жойылады.

Қазақстандық отбасы, керісінше ана болу, әке атану құндылықтарын, адамзаттың адамгершілік-рухани негіздерін алдыңғы қатарға қояды. Сенім отбасының да, қоғамның да, мемлекеттің де басын біріктіреді, адамның және оның айналасындағылардың ішкі әлемін рухандырады. Отбасы институты діннен бас тартса, ол құлдырап, заңдастырылған кері әрекеттерге әкеліп соқтыратыны анық.

Қазақстандық отбасы көбіне сипаты жағынан зайырлы-діндар отбасы болып келеді. Күннен-күнге адамдар дінге бет бұрып, оның бойынан келешек өмірінің мәнін іздейді. Сонымен қатар, отбасылар зайырлы мемлекетте өмір сүріп, зайырлы мекемелерде қызмет атқарады, діни ғана емес, зайырлы тұрғыдағы мейрамдарды да атап өтеді, толеранттылыққа, өзге діндерге деген ашық қатынасы мен атеистік ұстаным қағидаларына да сүйенеді. Тек осылай ғана көпдінді қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтап қалуға болады.

Қазақстан, дінаралық келісімнің ұлттық үлгісін жүзеге асыра отырып, өркениеттің негізгі құндылықтарын, соның ішінде ең бастысы отбасы мен ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, рухани адамгершілік құндылықтарды, құдай өсиеттерінен бас тартып, адамзаттың тағдырына қауіп төндіріп отырғандарға үлгі көрсетіп, қайырымдылықты, ізгілікті насихаттап отыр. Бұл қазіргі таңда адам мен оның рухани мәні жолындағы үлкен күрестің алдыңғы қатарлы майдан болып отыр. Осы күресте біздің еліміз исламдық және христиандық құндылықтарға, мәдени мұра мен тарихи жадыға, қазақ халқының және өзге ұлттардың да әйел-анаға деген құрметі сияқты ғасырлар бойы қанына сіңген дәстүрлер мен қасиеттерге арқа сүйейді.

Бақылау сұрақтары

1. Неліктен отбасы институтының дағдарысы емес, қазақстандық қоғамдағы отбасы үлгісінің өзгеріске ұшарауы жайлы айту қажет екенін түсіндіріп өтіңіз?

2. Қазақстандық отбасындағы зайырлы және діни құндылықтардың ара-қатынасы қандай?

3. Неліктен батыс елдерінде отбасы құндылықтары құлдырау үстінде?

4. Өркениеттің негізгі құндылықтарының құлдырау үрдісіне қалай қарсы тұруға болады?

5. Неліктен қазақстандық тәжірибе халықаралық маңыздылыққа ие?

Қазақстандықтар діндарлығы мен менталитетінің зайырлы сипаты туралы

Қазақстандықтардың діни менталитетінің ерекшеліктері мен қазақстандық қоғамдағы дінаралық келісім стратегиясын жүзеге асыру мүмкіндіктері қандай? Дінді қазақстандық азаматтар құндылықтар жүйесінің негізі мен өзегі деп қарастыруға болады ма? Зайырлы мемлекет тек конфессиялармен ғана емес, сонымен қатар күннен-күнге діндарлығы артып келе жатқан халықпен өзара қатынас үлгісін қалайша қалыптасыруы қажет?

Осы сұрақтарға жауап беру үшін, қазіргі заманға сай діндарлықтың ерекшеліктерін анықтап алған жөн. Біріншіден, өздерінің догматикалық ілімдері мен ғұрыптарын сақтап келе жатқан әлемдік дәстүрлі діндердің орны күннен-күнге нығайып, өзгеріске ұшыраған әлеуметтік-мәдени ортадағы жаңа бедел мен орынға ие болып келеді. Екіншіден, күрделі және бірыңғай емес діни жағдайды қалыптастырып отырған түрлі діни ілімдері мен ғұрыптары бар жаңа діни, псевдодіни ағымдар пайда бола бастады.

Постиндустриалды және түрлі байланыс тәжірибесі бар Интернет желісі билеген ақпараттық қоғам жағдайында діндарлықтың заманауи түрі қалыптасып, қызметін жүзеге асырып жатыр. Түрлі дін бағыттағы діни сайттар интернет пайланаушыларының назары мен қолдауына ие болу үшін бәсекеге түсуде. Қазіргі заманға сай жаңа діндарлықтың қалыптасуына күрделі геосаяси жағдай өз әсерін тигізіп отыр. Демократия мен «адам құқығы» ұранымен өз мүдделерін елдер мен мемлекеттерге таратып, әлемнің бір бағытта қалыптасуын сақтап, нығайту жолында күш салып жүргендер мен геосаяси экспансия, ашық, тиімді сұхбаттасу негізінде ұлттық

мүдделердің арақатынасын теңдестіруге талаптанғандардың арасында «Қырғи-қабақ соғысынан» асып түсетін талас-тартыс жүріп жатыр.

Осындай жаһандық деңгейдегі қатыгез талас-тартыс аясында заманауи діндарлық басты нысанға айналып отыр. Бір жағынан, оны түпкі мәнін жоққа шығарып, геосаяси мүддеде қолдануға тырысса, екінші жағынан халықаралық шиеленістерді шешу мен қазіргі заманның жаһандық мәселелері бойынша ортақ мәмілеге келу мүмкіндігі ретінде қолданып отыр. Заманауи діндарлықтың ерекшеліктері діни догматтар мен уағыздардың өзгеруімен емес, ал әлеуметтік-мәдени және геосаяси өзгерістер әсерінен туындаған оның жаңа сұраныстары және рөлдерімен түсіндіріледі. Адамзаттың рухани-адамгершіліктік тұрғыдан жаңғыруына, саясатқа, ғылымға, мәдениетке, экономикаға, адамның тұлғалық әлеміне діннің ықпалы артып келе жатқандығын айтуға болады. Осы сан алуан ықпалдардың барлығы «постсекулярлы дәуір» терминін жинақтайды, яғни бұл дегеніміз діннің жеке өмірден әлеуметтік кеңістікке қайта оралып, болмыстың зайырлы және діни бөлігін оқыту үдерісін өзара толықтыратын үлгіні қалыптастыруды білдіреді¹.

Қазіргі таңда аты шулы «діни экстремизм» ұғымын ұрандатып, діннің қасиеттілігінен хабары жоқ белігілі бір геосаяси «ойыншылар» жаппай және жан түршігерлік қантөгістерге әкеліп соқтыратындай діннің мәні мен мазмұнын бұрмалап жатыр. Бұл дін мен оның жаңа формасындағы діни догматтар мен өсиеттерге мүлдем қайшы келеді. Экстремизм аңғал, діни және зайырлы тұрғыдағы сауатсыз адамдардың сенімін пайдаланып, арбауға түсіп, өздігінен ойлап, сене алмайтындарды, жолдан жаңылысқандарды өздерінің империялық мақсаттарында пайдаланытындықтан, оны «діни» деп айтуға мүлдем келмейді.

Осы орайда әлемдік дәстүрлі діннің жаңа статусы мен рөлі қандай? Олар адамзат тарихындағы әлемнің ірі өркениеттерінің сипатын анықтап, мәдени-өркениеттік кеңістіктегі ең маңызды «ықпалды күштер» болып табылады. Ал қазіргі таңда пайда бо-

¹ Бурова Е.Е. Тренды новой религиозности: опыт социогуманитарного измерения. – Алматы: ИФПР, 2014; Ценности и идеалы независимого Казахстана. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2015.

лып жатқан сансыз діни ағымдардың тек атауы ғана «жаңа», ал шын мәнінде олар дәстүрлі діни ілімдерді өзге кейіпте жаңғыртып, мазмұнын өзгертіп, қалың көпшілік арасына кеңінен таратып отыр. «Жаңа» ағымдардың біреуінің тарихи маңыздылығы мен ықпалы жоқ, олардың ұстанымдары мен қағидаларының күші тек кішігірім орталарда ғана іске асады.

Бүгінде қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешуде ортақ күш жұмылдыру үшін әлемдік дәстүрлі діндердің мойнына үлкен тарихи жүк артылып отыр. Түрлі діни ілімдердің өзара әрекеттесуінің өнегелік үлгілері болғандығы тарихтан мәлім. Еуразиялық әлем үшін – ол ислам мен православиенің сұхбаттасуы. Алайда ол кезеңде, мұндай өзара әрекеттесу үдерісі жоспарланбаған, аяқ асты орын алып отырды. Ал қазіргі таңда, керісінше, ғылыми тұрғыдан арнайы талданған көпсатылы сұхбаттық құрылым қалыптасып, соның негізінде тұрақты сұхбаттық алаңдар қызмет атқарып келеді. Бірнеше дәрежедегі сұхбаттық ынтымақтастықты іске асыру міндеті орындалып келеді: бір конфессияның кеңістігінде (православие – католик діні – протестантизм, суниттер-шейіттер), түрлі конфессиялар қатынастарында, және діни-зайырлы ынтымақтастықтың жаһандық аясында.

Көпсатылы сұхбаттық өзара әрекеттесудің басты міндеті қазіргі әлемдегі рухани-адамгершілік құндылықтарды кеңінен уағыздау, адам болмысының негізін қорғау болып отыр. Жаратушының өсиеттеген және адам әлемінің өзегін құрайтын жалпыадамзаттық берік құндылықтар «адам құқығын» қорғау мен демократиялық еркіндіктің атын жамылған күштердің қатеріне ұшырап отыр. Адам болмысын, өмірді, өлім мен отбасының мәнін түсіну сияқты ұғымдар түрлі ғылыми тәжірибелердің мен зерттеулердің пәніне айналды, олар өз кезегінде ешқандай шектеусіз-ақ, адамның қасиетті әлеміне қол сұғып отыр. Адамзат үшін осындай қауіпті жағдайда әлемдік дәстүрлі діндер мен зайырлы институттардың бірігіп, Құдай мен адамзат алдындағы жауапкершігінен бас тартып, шектен шыққандардың мастығын тарқатып, естерін жинауына ықпалын тигізе алады.

Әлемдік дәстүрлі діндердің зайырлы әлеммен бірлесе отырып шешетін тағы бір маңызды мәселесі – ол экстремистік пиғылдар мен

лаңкестік әрекеттердің алдын-алу. Бұл әрекетті тек діни білімді тарату, діни сауатсыздықтан арылу, мейірімділік пен бейбітсүйгіштікке толы діни догматтардың мән-мазмұнын түсіндіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Адамдарды жаңылысудан құтқаратын тек осындай ағарту жұмыстары ғана оларға сананы улайтын шебер технологиялар мен жалған уәделерге алданбай, діннің атын жамылған қылмыстық пиғылдардың шынайы келбетін көрсетіп, қарсыласуда иманның жоғары қасиеттілігін алға тартуға мүмкіндік береді.

Діни ағымдарға келетін болсақ, жоғарыда айтылғандай, олар әлемдік діндердің серіктері болғанымен, олардың барлығы да адал ниетті болып келмейді. Оларды әлі талай зерттеу керек. Олардың шын мәніндегі мақсаты қандай, көздегендері не? Олардың әрекеттерінің адамға, отбасыларға, қоғам мен мемлекетке тигізер әсері және қызметтерінің нәтижелері қандай? Олардың талмай әрекет етуінің пайдалы тұстары бар ма? Әлде олар тек, қомақты қаржы жұмсап, қазақстандық мәдени-өркениеттік және діни бірегейлікті іштей бұзуға ниеттілердің тапсырмасын ғана орындап жүр ме? Олардың барлығы арнайы дайындалған технология бойынша жұмыс жасайды, мысалға отбасын ойрандатады, ұйым мүшесін баспанасынан, мүлігінен айырып, ең бастысы өзіндік «Менінен» айырып діни-өнегелік әрекетке жат нұсқауларды еріксіз, автоматты түрде орындайтын тірі жанға айналдырып жібереді.

Қазақстанның ерекшелігі діннің күрделі мәдени және тарихи жағдайлар аясында қызмет етуіне негізделіп отыр. діни аумағын да жоғарыда аталған мәселенің сипаттары орын алуда. Елдегі басты ықпалды дін ислам болып табылатыны көрсетілген болатын. Еуропада да католик діні де өз ықпалын жоғалтып келеді, шіркеулер жабылып, діндарлардың саны азайып, исламның рухани ықпалы күннен-күнге артып келеді. Қазақстанда көптеген жылдар бойы ислам діні де бірсыпыра діндер сияқты ығыстырылып, әркімнің жеке мәселесіне айналды. Мешіттер қиратылып, дін басылары қудаланған кезеңнен кейін діннің қайта өрлеу дәуірі басталып, халық өзінің рухани дәстүріне оралды. Бұл өзінің толеранттылығымен, дінді ақылға жүгініп негіздеуімен ерекшеленетін ханафи мазхабындағы ислам болатын. Қазақ халқы үшін ханафи мазхабы халық сенімін, соның ішінде ең бастысы, тәңіршілдікті біріктірген сенім болды.

Қазіргі таңдағы жаппай исламға бет бұрудың ерекшелігі онжылдаған атеистік дәуірдің әсерінен діни ағартушылық жүйесінің болмауына негізделіп отыр. Исламға деген қазіргі таңдағы талпыныс, оның күрделі діни-өнегелік пен құқықтық нормалар, уағыздар кешеніне деген қызығушылық діни білімнің қажетті қорымен бекітіліп жатқан жоқ. Бұл адамдарды тірі нысанға айналдыруды мақсат ететіндердің алдында өздерін берік ұстай алмай, солардың жетегінде кететіндердің бойындағы соқыр иманның қалыптасуына алып келеді.

Қазақстандықтардың зайырлы менталитеті қалайша қалыптасады? Әлеуметтанулық сауалнама нәтижесі бойынша, халықтың басым бөлігі – әр ұлт, жас пен әлеуметтік топтардың өкілдері өздерін діндар деп санайды. Діндарлығы бойынша қазақтар алдыңғы орында, солардың ішінде еркектерге қарағанда әйелдер дінге көбірек бет бұрған, ал жас көрсеткіші бойынша жас ұлғайған сайын діндарлық деңгейі де жоғарылай түсетіні анықталды¹.

Діндарлар санының өсуі есебінен, діни сана да ұлғайып келеді және дінге сенбейтін, алайда ғибадат ету орындарына барып тұратын атеистердің саны азайғаны байқалады. Алынған мәліметтер бойынша, ел тұрғындарының діндарлығы айтарлықтай өскен, сондықтан жақын арада атеистерді май шаммен іздесек те таппайтын боламыз.

Діндар халқы бар зайырлы мемлекет зайырлы саясатты қалай жүзеге асыруы қажет? Мұндай қарама-қайшылығы бар мәселені шешуде арнайы жүргізілген сауалнаманың көмегіне жүгіне отырып, фильтрлік сұрақтар арқылы халықтың 90% өздерін діндар санайтындардың ішінде көбісі діни догматтарды және олардың тұтастығын да білмейтіндері, мешіт, шіркеу, синагоға жиі бармайтындары, ораза тұтпайтындары, отбасында да, жұмыс пен қоғамда да діни ережелерге сүйенбейтіндері, оның үстіне мінәжәт етпей, Жаратушымен рухани байланысқа түспейтіндері анықталды. Осыған қарамастан олардың өзін діндарларға толықтай сәйкес келмесе де, өздерін сондайларға жатқызатыны таңқалдырады.

¹ Философия, саясаттану және дінтану институтының «Оценка религиозного сознания в стране: основные проблемы и рекомендации по совершенствованию религиозной политики» (2014-2015 гг.) атты ғылыми зерттеу жобасы.

Бұл көрсеткіш «зайырлы мемлекет – діндар қоғам» мәселесінің өзектілігін төмендетеді, себебі халықтың басым көпшілігінің діндарлығы ресми болып келеді.

Біріншіден, қазақстандықтардың діни санасы біртұтас емес, жүйелі әрі мазмұнына сай емес, қарама-қайшы. Өздерін діндар деп есептейтіндер діни ілімнің негізгі догматтарынан бейхабар, бірі өзара байланысы бар постулаттарды қабылдаса, екіншілері бас тартып отырады. Сауалнама барысында басым көпшілігі Құдайға сенетіндіктерін мойындады, солардың ішінде ұлт белгісіне қарай өзге ұлт өкілдерімен қазақ халқы бірінші орында. Ал әзәзілдің, жын-перінің бар ма екендігіне қатысты сұраққа, халықтың тек аз бөлігі ғана сенетіндігін айтты. Адам жанының мәңгі өмір сүруі мен о дүниенің барына сену көрсеткіші де осындай. Респонденттердің басым көпшілігі Құдайға сенсе, тек аз бөлігі ғана Құдай сенімінен шыққан постулаттарға сенеді. Бұл кеңестік кезеңдегі атеистік сенімнің салдары, ол кезде діни білім мен ағарту ісі жүргізілмей, қалың бұқара санасына дін мен білім бір-біріне сай келмейді деген стереотип ендірілген еді.

Діни сананың қарама-қайшылығы, жүйелі болмауы діни догматика мазмұнына ғана емес, догматтарға сай емес көзқарастар мен ұстанымның енуінен байқалады. Жартысынан көбісі, әсіресе орыстар, ырым-тыйымдарға әрдайым немесе кейде сенетін болып шықты. Мұндай көрсеткіш аян беретін түске сену/сенбеу сұрағына берілген жауаптардан да аңғарылып отыр. Мұндай сенімдер пұтқа табынушылықтың элементі болып табылады, бұл өз кезегінде догматикалық бағдар тұрғысынан діндарлардың діни санасы «таза» күйінде еместігін аңғартады.

Дуа мен сиқырға сенуге қатысты да маңызды көрсеткіштер анықталды. Сұралғандардың жартысынан көбі, әсіресе қазақтар бұл сенімнен бас тартады, бұл олардың ислам ережелеріне сай әрекет ететіндіктерін дәлеледеп отыр. Ал орыстар басқаларға карағанда дуа мен сиқырға қатты сенетіндіктерін көрсетті.

Сауалнамаға қатысушылар парапсихология мен астрология сияқты дәстүрлі емес ғылымға әр түрлі баға беріп отыр. Діни догматика мұндай тәжірибені мойындамағанымен, зайырлы қоғам дәстүрлі емес ғылымға басқаша баға беріп отыр, ол өз кезегінде діни сананың мазмұнына әсерін тигізеді. Жартысынан көбі бұл

тәжірибеге бейтарап қараса, біразы қолдап отыр. Діни сананы талдау нәтижесі, оның жүйелі еместігін, діни догматика тұрғысынан да және оның бойына белгілі бір догматикалық жүйенің мәніне сәйкес келмейтін жат элементтердің енуі тұрғысынан да қарамақайшы екендігі анықталып отыр.

Қазақстандықтардың діндарлығын зерттеу барысы логикалық ретпен жылжып келеді: мазмұны – діни ғұрыптар – өмір салты, міне осының барлығы «діндарлықты» құрайды. Бірніші кезекте респонденттерге қаншалықты жиі құдайға құлшылық ететіндіктері жайлы сұрақ қойылды. Алынған жауаптар діндарлардың санын күрт төмендетіп отыр. Олардың 90%-ның ішінен тек 7,9% ғана мешітке, шіркеуге, синагогаға барады. Бұлардың арасынан қазақтардың саны көп, ал қалғандары мүлдем немесе тек кейде ғана құлшылық ететіндері анықталды.

Діннің тереңдігі мен сипатын ораза тұтуға қатысты қойылған сұрақтар анықтап отыр, олар діни тәжірибеде рухани өмірді белсендіре түсетін әдістер деп есептеледі. Респонденттердің 11,5% үнемі ораза ұстайды, олардың ішінде де орыстарға қарағанда, қазақтардың саны көп. Жас көрсеткішінің динамикасы бойынша, жас ұлғайған сайын ораза тұтушылардың да саны арта түсетіндігі байқалды.

Діни ғұрыптардың ішінде діни мейрамдарды атап өту респонденттердің жүрегіне әлдеқайда жақындау. Сұралғандардың 70% діни мейрамдарды атап өтеді, солардың ішінде өзге ұлт өкілдері мен қазақтар алдыңғы орында, ал жас көрсеткішіне қарай егде жастағылар көрсеткіші бойынша анағұрлым белсендірек болып отыр. Діни мейрамдарды атап өтуге деген құлшыныс күнделікті тұрмыс жағдайын өзгертумен ғана емес, еліміздегі басты діндерді жақындастыру мақсатындағы мұсылман және православтық діни мейрамдарды жалпыұлттық мейрам деп жариялаған мемлекеттің қатынасымен түсіндіріледі.

Алайда сенім, діндарлық дегеніміз – догматиканы жетік білу, ғибадатханаларға бару және діни мейрамдарды атап өту дегенді ғана білдірмейді, барлық іс-әрекеттерінде діни ережелерге жүгіну дегенді білдіреді. Осы тұрғыда, өздерін діндар деп санайтындардың саны – 16,8%, бұл көрсеткіштің ішінде қазақтар басымдыққа ие, ал жас көрсеткіші жағынан егде жастағылар тағы

да алға шықты. Ал қалған халық болса, діни рәсімдерді орындамайды немесе тек кейде ғана орындайды.

Соңында жұмыс орнындағы (қызметте, оқу орнында) діни ережелерді ұстануға қатысты сұрақ қойылды. Бұл сұраққа берілген жауап бойынша діни ережелер тұрмыстық деңгейде әлдеқайда жоғары орындалып келетіні анықталды. Ал ұлт белгісіне қарай өзге ұлт өкілдері мен қазақтар белсендірек, ал жас көрсеткіші бойынша орта жастағылар озып отыр.

Догматиканы білу, ғұрыптарға қатысу, діни ережелерді орындау бойынша халықтың діндарлық деңгейін талдау нәтижесі көрсеткендей, өздерін діндар санайтындардың 90% осы аталғандардың бірде бір емтиханына шыдай алмайды. Діни сананың мазмұны жүйесіз, қарама-қайшы және үзілді-кесілді, сонымен қатар догматика мен діни ұстанымдар бойынша қайшы көзқарастарға толы. Ғұрыптарды орындау деңгейі де жоғары сапта тұрған жоқ. Отбасында, жұмыста, оқу орындарында діни ережелер мен парыздарды барлығы орындай алмайды. Осылайша, Қазақстандағы халықтың діндарлығына қатысты көрсеткіштерге толық күмән келтіруге болады, осы тұстан зайырлы мемлекет пен діни қоғам арақатынасына қатысты мәселе де өз шешімін табады.

Алайда, мұндай қорытынды шығару әлі ерте. **Біріншіден**, діндарлықтың құрамындағылардың ішінен ең маңыздысы адамның ішкі болмысы, рухани сенімі болып табылады. Діни парыздарын үзбей орындап, ал іштей діннің не екенін білмей, тек сырттай ғана діндар көрінетіндерге қарағанда, барлық діни ережелерді ұстанып, ораза тұтпаса да Жаратушыға деген жүрегіне иман үйіре алатындардың сенімі әлдеқайда жоғары. Бұл көз бояушылық діндарлықтың белгісі. Сондықтан, діни парыздарды орындамауына еш қарамастан, өздерін діндар деп санайтын 90% **респонденттерге** сеніммен қарауға болады.

Екіншіден, қазақстандықтардың діндарлығы зайырлы мемлекеттің аясында іске асырылып отыр. Сондықтан діни сананың мазмұнына зайырлы мазмұн да еріксіз кіреді. Халық зайырлы мемлекетте өмір сүретіндіктен діни ережелерді жүйелі түрде әрі толық орындай алмайды, ал дін жолымен жүретіндер зайырлы құндылықтар тарапынан әрқилы көзқарастарға ұшырауы мүмкін.

Діндарлықтың қазіргі ахуалына қатысты айтылғандардың барлығы қанағаттанарлық және мемлекеттік саясат тарапынан белгілі бір шара қолдануды қажет етпейді дегенді білдірмейді. Айқын діни және дінтанулық сауатсыздықтың әсерінен діни бастауға деген іштей әуестік біріншіден, діни фанатизм мен терроризмге ұрындырса, екінші жағынан псевдодіни ағымдардың жетегінде кету қауіпіне алып келуі мүмкін. Сондықтан да зайырлы мемлекет діни және дінтанулық білімді аса қажет етіп отыр.

Біріншісіне қатысты айтатын болсақ, бұл мәселе толығымен діни білім беру орталықтарының құзырында, себебі діни білім беру тек білім беруді ғана емес, сонымен қатар діни ғұрыптарды орындауды да мақсат етеді. Ал зайырлы мемлекет болса, діни білімді халықтың діни сауатын көтеру үшін пайдаланбақшы, себебі діннің мәнісін Жаратушымен байланыстыратын рухани нақты дүние ретінде қабылдаған діни сауатты адам, ешқашан да экстремистер мен террористердің жетегінде кетпейді. Оның үстіне діни сауаттылық ешбір қиындықсыз-ақ қазақстандықтардың діни және азаматтық бірегейлігін бұзуға бағытталған «псевдодіни ағымдардың» пиғылын бірден ажырата алады.

Ал дінтанулық білім болса, бұл зайырлы білім беру мекемелерінің құзырындағы мәселе. Білімнің бұл түрінің басты міндеті діни білімнің міндетімен үндес, яғни, тұлғаның рухани дамуына септігін тигізу, олардың тек әдістері ғана өзгеше, себебі дінтанулық білім діни-зайырлы білім беру кеңістігінде жүзеге асып, білім алушыларға діни ғұрыпты орындауды міндеттемей, зайырлы бағыт пен азаматтық бірегейлікке басымдық берген **сананың зайырлы-діни үлгісін** қалыптастыруға талпынады.

Діннің қазіргі әлемге ықпалы рөлі мен орнына қатысты қойылған сұрақ арқылы қазақстандықтардың менталитетіндегі діни-зайырлық сипатты анықтайды. Сондай сұрақтардың біріншісі – дін әркімнің жеке ісі ме әлде қоғамдық және саяси өмірге ықпал етеді ме? Мұнда жауаптар екіге бөлініп кетті: бірі дінді әркімнің жеке ісі десе, екіншілері ол қоғамның рухани-адамгершілік (бұл бағананы орыс ұлтының өкілдері белсендірек атап өтті) пен саяси ахуалына жағымды әсер ететіндігін айтады (бұл бағананы қазақтар көбірек таңдады). Жас ұлғайған сайын дін адамның жеке ісі деп саналуда.

Бұл көрсеткіштер барлығы болмаса да, сұраққа жауап бергендердің басым көпшілігі тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары атеистік бағыттан зайырлы-діни бағытта ойлау үлгісіне өту сияқты дүниетанымдық парадигманың ауысу үрдісін бастан кешіргенімізді ескертіндігін анықтады. Оның үстіне, дін кеңес заманында әркімнің жеке ісі болып, ресми билік тарапынан қолдауға ие болмағанымен, ал бүгінде ол жеке ғана емес, әлеуметтік және саяси өмірге қайта оралып, азаматтық қоғамның ықпалды факторына айналып, ең маңыздысы рухани – адамгершілік ахуалға жағымды ықпал етіп отыр.

Қазақстандықтар діннің ұлттық мәдениет пен дәстүрді сақтап қалуына әсер етуіне қатысты сұрақтарға да өз пікірлерін білдіріп отыр. Олардың 70% дін әлемнің ірі өркениеттерінің ұлттық бейнесі мен өзіндік сипатын анықтап, тарих жүктеген міндетін орындағанын айтады. Ал бүгінде дін зайырлы мемлекеттің дүниетанымдық кеңістігіндегі негізгі анықтаушы буын болмаса да, халықтың мәдени дәстүрі мен рухани тәжірибесіне бет бұруға септігін тигізеді, бұл қазіргі әлемдегі ұлттық және мәдени бірегейлікті сақтап қалу үшін қажет делінеді.

Қазақстандықтар бір діндегілердің басын біріктірудегі діннің рөлін жоғары бағалайды, басқаларға қарағанда осы пікірді қазақтар барынша қолдаса, ал жас көрсеткішіне қарай талдау нәтижесі, жас ұлғайған сайын осы пікірді қолдайындардың саны арта түсетіндігін көрсетіп отыр. Бұл пікірге теріс көзқарас білдіретіндер де бар, олар дінді экстремистік бағыттағы технологиялармен теңестіріп отыр.

Бір діндегілердің емес, өзге діндегілердің өзара түсінісіп, бірлесуіне қатысты сұраққа берілген жауаптары бірыңғай бола қайған жоқ. Олардың басым көпшілігі діннің терең мәнін қозғамай, діндердің өзара сұхбаттасуы тек үстіртін ғана жүзеге асырылатындығын айтып, оның мүмкіндігін жоққа шығарады. Егер әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары үшін жаһандық мәселерді сұхбаттасу арқылы шешу мәселесі шынайылыққа айналса, «жаңа діндарлық» деңгейі бойынша бұл мәселені жүзеге асыру мүмкіндік ретінде қалып отыр. Зайырлы сипатты қоса алғанда халықтың діннің біріктіруші әлеуетін мойындайтындығы белгілі болып отыр. Олар «дінді» әралуандықтағы бірліктің рухани рәмізі ретіндегі сенім феномені ретінде қабылдайды, себебі белгілі бір

дін көпдінді қоғамдағы біріктіруші бастау ретінде бола алмайды. Зайырлы-діни келісім тек осылай жүзеге асуы мүмкін.

Қазақстандықтардың діндарлығы батыс әлеміндегі діни жағдайдан әлдеқайда өзгереді. Батыс әлемінде екі қарама-қайшы ұстаным байқалады, бірі, отбасымен қоса мәдениеттің негізгі құндылықтарын сақтап қалуға тырысса, екіншісі дінді «адам құқығын» бұзды деп айыптап, өркениеттің бастапқы құрылымдарын ыдырату үрдісі болып отыр. Қазақстандағы респонденттердің көбісі дінді «адам құқығын» бұзады деп санамайды, бұл – адамзат қоғамының басты құндылықтарын сақтап қалуға тырысқан «жаңа діндарлықтың» жағымды көрінісі.

Әлеуметтанулық сауалнаманың қорытындыларын талдау нәтижесі қазақстандықтардың менталитетін қалыптасу үдерісін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. «Адамның өмірлік маңызы бар ұстанымдарына қандай факторлар көбіне ықпал етеді?» деген сұраққа берілген жауаптар екіге бөлінді. Бірі олардың өмірінде орын алған қасіретті жағдайлардан кейін дінге бет бұрғандарын айтады. Материалды жағдайдың төмендігі, ертеңгі күнге деген сенімсіздік, қоғамдық моральдің төмендеуі, қылмыс пен нашарлықтың артуы есебінен адамдар өмірлерін жақсарту үшін дінге бет бұра бастайды. Аталған факторлардың барлығы да әлеуметтік сипатта екенін ескере кетейік. Бұл топта орыс дінінің өкілдері алдыңғы орында, ал қазақтар жағымсыз себептерді атаған жоқ, бұл олардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен байланысты болып отыр.

Екінші топтағылар, оларды дінге бет бұруға итермелеген руханиатқа ие болу, өмірдің мәнін түсіну, өмірінде орын алған игіліктер үшін Жаратушыға алғыс білдіру сияқты жағымды себептер итермелегенін айтады. Бұл тек жеке бастың себептері ғана. Осы тұстан шығар қорытынды: адамды дінге бет бұруға итермелейтін қайғы-қасірет пен бақытсыздық қана емес. Тіпті бұл мәселенің әлеуметтік тамырын жойсақ та (марксизм бойынша), адамның рухани қатынасқа, өзара қолдауға, үміт артуға деген қажеттілігі қала береді. Дәл осы себептер адамды дін жолына түсіреді.

Сауалнамаға қатысушылар олар үшін діни беделді тұлға кім болып табылатындығына қатысты қойылған сұраққа, олар дін және иман тақырыбында ең алдымен отбасымен, жақын туы-

старымен, достарымен, көршілерімен сұхбаттасатындығын айтып өтті. Ал діни қайраткерлер, дінтану пәнінің оқытушылары, діни сайттардың көрсеткіші төмендеу, бұл сенім феноменінің ерекшелігімен түсіндіріледі, себебі сенім өзгелерге, тіпті догматикадан хабары барларға да ашылмайтын жеке болмыстың ішкі қасиетті тұсы болып табылады.

Достар, әріптестер, туыстар, көршілер арасында діни көзқарастарға қатысты пікірталастар адамның діни ұстанымы қаншалықты берік екендігін аңғартып отыр. Бұл жағдайда адамдар өздерін қырағы ұстайтындығы анықталды. Сұралғандардың жартысынан астамы пікірталастан өздерін аулақ ұстап бұл мәселені қозғамайды, өзгелері не айтарын білмей, үндемей қалуды дұрыс деп шешеді, тек аз бөлігі ғана өз ұстанымдарынан бас тартпай, оларды белсенді дәлелдеуге тырысады. Бұл біріншіден, адамдардың осындай пікір таластыру үшін қажетті деңгейдегі білімінің жоқтығын, екіншіден қалың бұқараның сұхбаттасу мәдениетінің жетік игермегені және олардың өзге көзқарастарды мойындағылары келмейтіндігін дәлелдеп отыр.

Діни сенімнің адамның өмір сүру үлгісі мен сипатына қаншалықты әсер ететіндігіне қатысты қойылған сұраққа көптеген ұлт өкілдері мен жас көрсеткіштегілер, мінезге, іс-әрекетке дін жағымды ықпал етіп, жүрекке үміт отын сейілетіндігін айтады. Респонденттердің тек аз пайызы ғана шынайы дін мен жалған діннің ара-жігін ажырата алмай, дінді төзімсіздік шақырып, экстремизмге ұрындыратын құбылыс ретінде қарастырады. Бұл нәтижелер, нағыз діннің мәні мен бағдарын және оның сырттан келген, діни тәжірибесі төмен жалған діннен айырмашылығын түсіндіріп беретін жүйелі дінтанулық білім мен ағарту жұмыстары қажет екендігін тағы да дәлелдей түсті.

Діни-зайырлы сұхбаттасудың мүмкіндігін анықтауға бағытталған тағы бір маңызды сұрақ: атеист және діндар емес адамның адамгершілігі жоғары болады ма? Қазақстандықтардың көбі төзімділік танытып, адам тек сенім арқылы ғана емес, шынайы рухани мәдениеті арқылы да қайырымды бола алатындығын айтады. Мұндай ұстаным түрлі дүниетанымдық платформадағы адамдардың өзара түсінісуі мен діни-зайырлы сұхбаттасудың мүмкін екендігін көрсетеді.

Қазақстандықтар діндарлығының сипатын анықтау мақсатында «білім Жаратушыға деген сенімді жоймайды ма?» деген білім мен сенімнің арақатынасына (мұнда жағымды, ғылыми дегенді білдіріп отыр) қатысты қойылған сұрақ жауаптарының көрсеткіштері жетерлік. Олардың көбісі дін сауатсыздардың еншісіндегі дүние, ал ғылымен айналысу діннен бас тартуға әкелетіндігімен келіспейді. «Жаңа діндарлықтың өкілдері» өздерін постсекулярлы дәуірдегі ақыл-пайымның өкіліне жатқызады, мұнда дін мен ғылым, білім мен сенім бұрынғы қарама-қайшылықтан арылып, мәдени-өркениет аясындағы бірін-бірі толықтырып отыратын, біртұтастыққа айналды. Мұндай қоғамда ғылымдар кешенін игерген адам ғана емес, рухани білімнің негізін білетін адам да сауатты саналады.

Осындай ұстанымды «Жаратушы болмысын дәлелдеп немесе жоққа шығару үшін ғалымдардың көмегі қажет пе?» деген сұрақ та анықтап отыр. Сұралғандардың басым бөлігі мұндай қадамдардың нәтижесіз екендігін пайымдайды, себебі діннің мәнін терең ұғыну үшін ғылыми дәлелдер қажет емес.

Осылайша, қазақстандықтардың діндарлық феномені күрделі дүниетанымдық кешен, мұнда өзінді бір дінге жатқызу өзге діндермен де өзара түсінісіп, зайырлы әлемге басымдық бере отырып, осы әлеммен сұхбаттасу дегенді білдіреді. Діни сана мазмұнының жүйесіздігі, ғұрыптардың орындалмауы, діни ережелерге сай емес өмір үлгісі, төзімсіздік элементтері, дінаралық сұхбаттасу мүмкіндігіне сенімсіздік таныту, өз ұстанымыңды дәлелдей алмау белгілері – бұның бәрі Қазақстандағы діндарлықтың енді ғана қалыптасып келе жатқандығын көрсетеді. Алайда ең бастысы, келешекте діндарлықтың қалыптасуы қоғамның рухани-адамгершіліктік тұрғыдан жаңғырып, өзара түсіністік пен келісімге жетелейтін діни-зайырлы дүниетаным үлгісінің қалыптасуына алып келуі мүмкін.

Діни әлеуеті артып келе жатқан зайырлы мемлекет пен қоғамның мәселесі өз шешімін тапты деуге болады: діндарлық «таза» діни сана мен тәртіптің ерекше құбылысы болып табылмайды, ол сонымен қатар діни-зайырлы мазмұнмен сипатталады, ол өз кезегінде зайырлылық қағидасына сүйенген мемлекетпен өзара қатынас орнатуына жағдай жасайды.

II бөлім. Қазіргі Қазақстан. Зайырлы мемлекет және дін

Зайырлы елдің азаматтары түрлі дін өкілдері бола отырып, ортақ мемлекеттік заңдарға бағынып, еңбек етудің зайырлы тынысына ортақтасып, діни және зайырлы мейрамдарды қатар тойлап, қажет болған жағдайда Отанды қорғауға дайын екендерін көрсетіп отыр. Осының барлығы түрлі ұлт пен конфессия өкілдерінің бірлігі мен біртұтастығының негізін құрап, ұлттық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың қажеті шарты болып отыр.

Алдымыздағы жылдардың ең басты міндеті – мемлекеттің зайырлық негіздерін, азаматтық бірегейлікті нығайту.

Бейбітшілік, тыныштық, балаларды өсіру мүмкіндігі, және олардың жарқын болашақтарына сену – осылардың бәрі біз үшін аса маңызды әрі қажетті дүниелер емес пе? Ал бұл өз кезегінде мемлекеттің зайырлығын қолдау жағдайында ғана мүмкін бола алады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазіргі әлемдегі дәстүрлі діндердің тарихи миссиясы қандай екенін түсіндіріп беріңіз
2. Қазақстандықтардың діни санасының ерекшеліктерін атаңыз.
3. Қазақстандар үшін ғылымға бет бұру діннен бас тарту дегенді білдіреді ме?
4. Қазақстандық қоғамда діни және зайырлы бағдардағы азаматтардың өзара түсіністікке келуіне қалай қол жеткізуге болады?
5. Неліктен қазақстандықтардың дүниетанымын діни-зайырлы деп сипаттауға болады?

Екінші бөлім әдебиеттері

Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 с.

Абай. Книга слов. – Алма-Ата: Жазушы, 1992. – 123 с.

Абу Хамид Мухаммад ал-Газали ат-Туси. Эликсир счастья. – Санкт-Петербург: Центр «Петербургское Востоковедение», 2002. – 332 с.

Абуов А.П., Смагулов Е.М. Религии в Казахстане. – Астана: Международный Центр культуры и религий, 2011. – 232 с.

Актуальные проблемы государственно-конфессиональных отношений в Республике Казахстан. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 72 с.

Али-Заде А. Исламский энциклопедический словарь. Серия «Золотой фонд исламской мысли». – М.: Ансар, 2007. – 400 с.

Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 400 с.

Артемьев А.И. Религиоведение: основы общего религиоведения, история религий, религии в Казахстане. В 2-х т. – Алматы, 2011. – 324 с.

Барлыбаева Г.Г. Эволюция этических идей в казахской философии. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2011. – 216 с.

Бурова Е.Е. Тренды новой религиозности: опыт социогуманитарного измерения. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 200 с.

Влияние религии на современный мир: материалы международной научно-практической конференции / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 406 с.

Влияние религии на современный мир: пленарные доклады международной научно-практической конференции. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 374 с.

Второй Ватиканский собор. Конституции, Декреты, Декларации. – Брюссель, 1992. – 573 с.

Джалилов З.Г. Ислам и общество в современном Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 204 с.

Евроислам как диалогическая стратегия современности (к философскому вопросу о диалоге культур). – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 164 с.

Закон Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» // Государство и религия. – 2011. – №1–2.

Знание и вера в культурно-исторических концептах Востока и Запада. Коллективная монография / Руководитель проекта Г.Г. Соловьева. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 254 с.

Ислам и христианство. Возможности духовной консолидации народов Казахстана. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2001. – 195 с.

Конституция Республики Казахстан. – Алматы, 1999. – 282 с.

Косиченко А.Г. Религия: сущность и актуальные проблемы. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 220 с.

Косиченко А.Г. Возможности религии в снижении уровня вызовов и угроз современности. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 200 с.

Модели исламского образования в постсекулярном обществе: евразийские и европейские тренды. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2017. – 432 с.

Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. – Жеті жарғы. – 2005. – 144 б.

Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 с.

Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // www.akorda.kz, 12 апреля 2017.

Назарбаев Н.А. Основоположник казахстанской модели межэтнического согласия. – Алматы: Учебно-методический центр «Тіл», 2010. – 365 с.

Основы социальной концепции Русской Православной Церкви // Юбилейный Архиерейский Собор Русской Православной Церкви. Москва, 13–16 августа 2000 г. Сборник докладов и документов. – СПб, 2000. – С. 161.

Платформа мусульман Казахстана. – Астана, от 19 февраля 2015 г.

Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства // Казахстанская правда. – 2012, 15 декабря.

Радлов В.В. Тюркские степные кочевники / 2-е изд., доп. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 387 с.

Радлов В.В. Труды по казахской этнографии [Текст] / В.В. Радлов; М-во образования и науки РК, ПГУ им. С. Торайгырова. – Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005. – 390 с.

Религиозные объединения в Казахстане (информационный справочник). – Астана: РГУ «Научно-исследовательский и аналитический центр по вопросам религии»; Агентство Республики Казахстан по делам религий, 2013. – 111 с.

Религия в политике и культуре современного Казахстана. – Астана: Елорда, 2004. – 312 с.

Религиозные конверсии в постсекулярном обществе (опыт феноменологической реконструкции). – Алматы: «Институт философии, политологии и религиоведения» КН МОН РК, 2017. – 431 с.

Роль традиционных религий в противодействии экстремизму и терроризму. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2011. – 150 с.

Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы

Роль религии в историческом и духовно-культурном развитии Казахстана. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2016. – 360 с. iph@iph.kz

Сатершинов Б.М. Ислам фобиясы және стереотиптер. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2014. – 158 б.

Сейтахметова Н.Л. Ханафитский мазхаб // Казахстан-2050: терминологический справочник. – Астана, 2014. – С. 320–323.

Соловьева Г.Г. Светское государство // Казахстан-2050: терминологический справочник. – Астана, 2014. – С. 255–258.

Соловьева Грета. О человеке, его вере, любви, справедливости, богатстве, счастье. Часть первая «Знание, вере, диалог». – Алматы, 2016. – 307 с.; Часть вторая «Обретение смысла». – Алматы, 2016. – 349 с.

Социальная позиция протестантских церквей России. – М., 2003. – 72 с.

Шакарим. Записки забытого. – Алма-Ата: Ел, 1993. – 122 б.

Эко У. Миграция, терпимость и нетерпимое // Пять эссе на темы этики. – Астрель, Corpus, 2012. – 192 с.

ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

Бұл сөздікке оқулықта пайдаланған термин сөздер ғана кірген. Терминдер материалды мазмұндаудың логикасына сай іріктеліп алынды.

Анимизм (лат. *anima, animus* – жан, рух) – жан мен рухтарға деген сенім. Ежелгі діннің формаларына, сонымен қатар Қазақстанның территориясындағы ежелгі діни сенімге тән ерекшелік.

Атеизм (грек. «а» – жоққа шығару и *theos* – құдай) – діни ұғымдарды (құдайға, адам жанының мәңгі екендігіне, өлілердің жер бетіне қайта келетініне деген сенім) жоққа шығаратын көзқарастар жүйесі. Атеизм бұрынғы Кеңестік Одақтың үстем идеологиясы ретінде қабылданды.

Ар-ұждан еркіндігі – әрбір жеке адамның діни белгісіне қарамастан, еш кедергісіз, қалаған дінге өту құқығы. Қазақстан Республикасының Конституциясындағы 22 бапта «Әркімнің ар-ұждан еркіндігіне құқығы бар» екендігі бекітілген.

Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі – қазіргі замандағы жаһандық әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі жаңа құбылыс, мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қазақстанда құрылып, үнемі жүзеге асып отыратын сұхбат алаңы. 2003 жылдан бастап, Астанада әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары, мемлекет басшылары, әр елдің қоғам қайраткерлері арнайы ұйымдастырылған форум аясында заманауи жаһандық мәселелерді, әсіресе псевдодіни экстремизм мен терроризмге қарсы тұру, тұрақтылық пен қауіпсіздік мәселесін талқылайды (5 съезд өткізілді). Съезд халықаралық қауымдастыққа үлгі болып табылатын дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісі.

Баптизм (грек. *baptizo* – суға толық бағыру) – протестантизм бағыттарының бірі. Олар діни қызметкерлерді адам мен Жаратушы арасындағы елші ретінде, қасиетті күштерді, икона, крест белгілерін, тақуалықты, шіркеу құпияларын мойындамайды. Қазіргі Қазақстанда евангелиелік христина-баптистердің 150 діни бірлестігі қызмет етеді.

Бахаи – Баха-Улла ізбасарларының діні (Мырза Хусейн Әли. 1817–1892 гг.). Ол әлемнің барлық діндерінің бірігіп, Кришна,

Зороастр, Мұса пайғамбар, Будда, Иса пайғамбар, Мұхаммед пайғамбар, Баба (исламдағы шейіттік бағыттың өкілі) сияқты жер бетіндегі Құдайдың елшілерін мойындауды насихаттайды. Осындай бір синкреттік діннің жоғарғы сатысы жаратушының елшісі (Махди) Баха-Улла болып жарияланды. Бірқатар мемлекеттерде исламды бұрмалағандықтан бұл діннің қызметіне тыйым салынған. Қазіргі Қазақстанда осы бағыттағы бірнеше қауымдастықтар тіркелген.

Буддизм – Б.э.д I-мыңжылдықта Үндістанда пайда болған әлемдік үш діндердің бірі. Бұл ілімнің негізі бойынша жер бетіндегі өмір азапқа толы. Өнегелік және азаматтық тазару арқылы осы азаптан арылып, нирванаға қол жеткізу керек.

Діни сенім – нәтижесінде адам мен Құдай арасына байланыс орнайтын рухани іс-әрекет.

Дінаралық сұхбат – Қазіргі Қазақстандағы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен әзірленген және жүзеге асырылып жатқан рухани келісімнің ұлттық үлгісінің негізгі қағидасы. Дінаралық сұхбат догматикалық ілімдерге араласпайды, ол әлемдік және дәстүрлі діндердің, сонымен қатар зайырлы құрылымдардың өкілдерімен бірлесе отырып қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешуге тырысады. Сұхбаттың бұл түрі – псевдодіни экстремизм мен терроризмге қарсы тұрып, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап қалуға бағытталған.

Діни ғұрып (лат. *cultus* – табыну) діни ғұрыптар мен рәсімдер жүйесі, нәтижесінде, олар арқылы тылсым күштерге жүгініп, игілікті көздейді.

Дін (лат. *religio* – діншілдік, сонымен қатар *religare* – байланыстыру) қоғамдық сананың формасы, әлеуметтік институт, дүниетаным мен дүниеге деген қатынастың ерекше типі, Құдайдың бар екендігіне және мәңгі ғұмыр кешуге деген сенім негізіндегі догматтар, діни ғұрыптар, өзін-өзі ұстау тәртібінің жиынтығы. Дін адамның Құдаймен байланысын қайта қалпына келтіріп, мәңгі өмір сүру мен азаптан құтылу мақсатында адамдарды адал істерді атқаруға шақырады.

Діни бірегейлік – белгілі бір діннің догматтарымен келісіп, өзін сол дінге жатқызу, діни ғұрыптарын, нормалары мен ережелерін орындау.

Елушілдіктер – АҚШ-та пайда болған протестанттық дін. Оның негізінде, Пасхадан (Үштік) кейінгі елуінші күнде әулиелердің сезген Қасиетті Рухтың әсерін әрбір діндар басынан өткізу қажет идеясы жатыр. Қазіргі Қазақстанда «Жаңа толқын», қазақы «Жаңа Әмір», ұйғырлардың Йени Хаят, Әулие рухындағы Евангелиелік христиандар, Сун Бок Ым сияқты елуінші күннің шіркеулері бар.

Иегова куәгерлері – Көне өсиет Құдайының атымен аталған ХІХ ғасырдың 70-ші жылдары АҚШ-та пайда болған діни ұйым. Ұйымның әлем бойынша көптеген өкілдіктері бар, Бруклиндік Орталық (АҚШ) басқарады. Мықты қаржылық қоры бар бұл орталық бірнеше журналдарды шығарады («Күзет мұнарасы», «Қарауылда», «Ояныңыздар»). Иегова куәгерлері христиан дінінің Құдай үштігі жайлы негізгі догматын жоққа шығарады және Иса пайғамбар мен Қасиетті Рух Иеговадан тарайтындығын алға тартады. Олар діннің қайнаркөзі ретінде Інжілді мойындайды және адам жаны оның денесімен қоса өліп, соңында Иегова өкілдерінен өзге барлық адамзаттың қырылатындығын насихаттайды. Қазіргі Қазақстанда Иегова куәгерлерінің Діни орталығы тіркелген, олар бірнеше қауымдастықты басқарып отыр.

Жаһандану – қазіргі әлемнің экономикалық, мәдени, ғылыми саласының интеграциялану үдерісі, ақпараттық технология негізінде бірыңғай өзарабайланысты әлем қалыптастыру, адамның өзіне, табиғатқа, өзге адамдарға деген қатынасының түбегейлі өзгеруі. Жаһандануды екіге бөліп қарастыруға болады; бірі, жеке мемлекеттер жаһанданудың нәтижесін өз мүддесінде қолданса, екіншісі, «өзге жаһандануды» ғылыми-техникалық жетістіктерді адамзат мүддесіне бағыттайтын стратегиясы ретінде қабылдайды.

Жаңаапостолдық шіркеу. ХІХ ғасырда Германияда негізі қаланды. Бұл шіркеудің ізбасарларының түсінігі бойынша, алғашқы әулиелер, яғни апостолдар Иса Пайғамбардың оларға жүктеген міндетін орындай алмағандықтан, олар жаңа әулиелерді жіберіп отыр. Олар осы қауымдастықтың өкілдері. Қазақстандағы бұл шіркеудің негізі неміс уағыз таратушылары арқылы қаланды, ал қазір бірнеше қауымдастықтары бар.

Жаңа діни ағымдар – Қазақстан үшін бұл тәуелсіздік алғаннан кейін шетелдік уағыз таратушылардың миссионерлік

әрекетінен кейін пайда болған діни ағымдар. Бұл ілімдердің Қазақстан территориясындағы мәдени-тарихи, ұлттық тамырлары жоқ. Олардың кейбірі Қазақстан халқының діни және азаматтық бірегейлігін жоюға бағытталған деструктивті сипатта болып отыр.

Жетінші күні адвентистері – (лат. *adventus* – пайда болу) – АҚШ-тағы XIX ғасырда пайда болған протестанттық ілімнің өкілдері. Бұл діннің доктринасының негізіне – Иса пайғамбардың екінші рет жер бетіне келетініне, Қиямет күніне, Иса Пайғамбардың өмірге қайта келіп өз іліміндегілері үшін мыңжылдық патшалық құратындығына деген сенім жатыр. Қазақстанда адвентистер 1902 жылдан бастап пайда бола бастады, қазіргі таңда Астанда Жетінші күн Адвентистерінің республикалық орталығы құрылған.

Зайырлы мемлекет – көпдінді қоғамдағы мемлекеттік құрылымның бір түрі, оның екі түрлі сипаты бар. *Біріншісі* – мемлекет дін ісіне араласпайды, олар өз кезегінде мемлекеттік қызметті орындауға тырыспайды. *Екіншісі* – мемлекет заңды түрде бекітілген ар-ұждан қағидасын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасайды, ал діндер өз кезегінде ортақ маңызды мәселелерді шешуде мемлекетпен бірлеседі. Қазақстанда зайырлылықтың ұлттық үлгісі жүзеге асырылып отыр.

Зороастризм (парсизм) – б.э.д. 7-6 ғғ. Ежелгі Иран территориясында пайда болған дін. Негізгі идеясы – әлемнің тәртібі жақсылық пен зұлымдық, жарық пен түнек, өлім мен өмір күресіне тікелей байланысты. Адамның таңдау еркіндігі бар және ол белсенділік таныту арқылы әлемге әділдік орната алады. Зороастризм қазақ халқының діни синкретизмінің қалыптасуына ықпал етті.

Зиярат ету – (лат. *palma* – пальма ағашы) – діндарлардың діни ережелерді орындап, Жаратушының рахымына бөленуі үшін қасиетті орындарға баруы (Мұсылмандар Меккеге барып қажылық сапарын жасайды, Христиандар пальма бұтағын алу үшін Палестинаға аттанады), Католиктер Римге, Компостеллоға (Италия) Лурд қаласына (Франция) барады.

Ислам (араб. – бағыну) – 7 ғ. Араб елінде пайда болған әлемдік үш діннің бірі. Ислам өзіндік діни ережелері, этикалық және құқықтық нормалары, рухани-адамгершілік құндылықтары мен салт-рәсім тәжірибесі бар күрделі кешен болып табылады. Исламның ілімдері Мұхаммед пайғамбарға аян арқылы түскен

Қасиетті Құранның ішінде баяндалған. Қазіргі Қазақстандағы халықтың 70% ислам дінін ұстанады.

Иман – исламдағы сенім.

Ислам фобиясы – исламды жағымсыз қабылдаудағы әлеуметтік-психологиялық стереотип, экстремистік және лаңкестік қылмыстардың жауапкершілігін негізсіз исламға жүктеу. Бұл стереотип көбіне батыс елдерінің халқына тән және псевдодіни экстремизмге қарсы тұру, ислам әлемінің бай құндылықтарын насихаттау арқылы осы стереотиптен арылу қажет.

Иудаизм – Палестина территориясында (Ханаан) мекен еткен, семит тайпасынан (еврейлік) шыққан ежелгі діндердің бірі. Бұл діннің басты идеясы: Құдай еврей халқымен одақ құрып, құдай өсиетін орындау шартымен оларға қолдау мен көмек көрсету. Қазіргі Қазақстанда бірнеше иудаизмдік қауымдастықтар қызмет етеді.

Католицизм – 1054 жылы шіркеуден бөлініп (схизм) шыққан христиан дінінің бір бағыты. Католик дінінің догматикасы христиан дінінің негізгі қағидаттарын православиеден мүлдем бөлек түсіндіреді. Қасиетті Рух тек әкеден ғана емес, баладан (филиокве) да келеді; Иса пайғамбарға ғана емес, Мәриямға да мұғжиза ретінде, яғни ер адамның қатысынсыз әйел затынан ғана жаратылуы тән; шіркеу басшысы Папаның өз уағыздарын таратып жатқан сәті нағыз таза, күнәсіз сәт болып табылады. Католик діні – қазіргі Қазақстандағы ықпалды діндердің бірі.

Конфессия – өзінің діни ілімі, әдет-ғұрыпы бар ұйым.

Кришнаизм (Кришна санасының қоғамы) – ежелгі үнділердегі индуизм дінінің қазіргі америкаланған нұсқасы. Шри Кришна құдай басты құдай ретінде саналады. Оған арнайы сөздер (мантралар) арқылы қол жеткізіп, нәтижесінде діни экстазда болады. Қазіргі Қазақстанда бірнеше Кришналық сана қоғамының бірлестіктері бар.

Креационизм (лат. *creation* – жарату) – иудаизм, христиан, ислам дініндегі құдайдың әлемді жоқтан жаратуы туралы діни ілім.

Лютерандық – XVI ғасырда Еуропадағы католик дінінен бөлінудің, реформацияның нәтижесінде пайда болған протестанттық ағымның бір түрі. Лютерандық сенімнің басты қайнаркөзі Инжіл бола тұра, діни дәстүрлерді жоққа шығарып,

шіркеу мен әулиелерді мойындамайды. Ол тек діндардың Құдаймен тікелей қатынас орнатуын болжайды.

Магия – қоршаған әлемге әсер ете алатын тылсым күштерді пайдаланатын әрекеттер мен рәсімдер жиынтығы.

Мазхабтар – исламның сүннеттік бағытындағы ханафилік, шәфиттік, ханбалиттік, мәликиттік сияқты діни-құқықтық мектептер. Қазақстан мұсылмандары бейбітсүйгіш, сұхбаттасуға ашық болып табылатын сүннеттік бағыттағы ханафи мазхабын ұстанады.

Манихейшілдік – III ғасырда Иранда пайда болған діни жүйе, ол мифологиялық негізде тәңіршілдік, зороастризм, христиан дінінің элементтерін біріктірді. Манихейшілдіктің басты идеясы – жарық пен түнектің, жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресі жүріп жатыр. Әлем күнәғә толы болғандықтан, өз болмысыңды, денсаулығыңды және еңбекті, өмір мәнін жоққа шығару керек.

Митраизм – ежелгі қазақ халқының діни сеніміне әсер еткен ежелгі ирандық дін Митра құдайы адамдардың басын қосып, бейбіт қатынас орнатуға шақырып, олардың шаруашылық, отбасылық, мемлекеттік істері бойынша келссөз жүргізетін делдал ретінде болды.

Миссионерлік – дінге сенбейтіндер мен өзге дін өкілдерінің арасына өз діни ілімін таратушы діни бірлестіктердің қызметі.

Меннониттер – протестантизм өкілдері, шіркеулік иерархияны мойындамай, есейген шақтағы шоқындыруды мойындайды. Олар Қазақстанда XVIII ғасырда пайда болды. Ал қазір Республикамыздағы неміс ұлтының көшіп кетуімен, қауымдастықтың саны азайды.

Методизм – XVII Англияда пайда болған протестанттық бағыт және шіркеу тәртібіне, Інжілді әдістемелік тұрғыдан зерттеуге ерекше назар аударады. Қазіргі Қазақстанда мұндай бірлестіктер аз, олардың пайда болуы Корея және Ресейдің методистік шіркеулерінен келген уағыз таратушылардың келуімен байланысты.

Мифология – мифтер жиынтығы (грек. *mythos* – аңыз), сонымен қатар шындық пен жалғанды, ақиқат пен ой қиялын, білім мен сенімді біріктіретін дүниеге деген синкреттік қатынастың ерекше типі. Мифология адамды қоршаған әлемінен бөлек қарастырмайды, субъект пен объект, материалды мен идеалды, табиғат пен әдебиет

ұғымдарын білмейді, ең бастысы эмоционалды белгілерімен, қасиеттерімен сипатталады.

Монотеизм – (грек. *monos* жалғыз, бір; *theos* – құдай) – политеизмге, көп құдайға табынуға қарама-қайшы келетін жалғыз Жаратушыға деген сенім

Монофизиттер – христиан дінінің бір ағымы. Догматикалық ілімдерде Иса пайғамбардың бір жағынан қасиетті бейнесі, екінші жағында қарапайым адам болмысына ие екендігі жайлы талас жүріп жатқанда, монофизиттер Иса пайғамбардың қасиетті болмысын ғана мойындайды. Ежелгі ортағасырдағы христиан діні Қазақстан территориясына монофизит және несториан формасында тарайды (олар жайлы төменде қараңыз).

Мормондар – (ағылш. *mormons* – «соңғы күннің әулиелері»). Бұл ілімдер Мормон пайғамбарға түскен аянға негізделген. Ол «Американың алғашқы тұрғындарының» қасиетті тарихын қайта жаңғыртып, Юта штатының (АҚШ) тұрғындарына Иса Пайғамбардан келген аянды жеткізген дейді-міс. Мормондар қиямет күнін күтіп және өздерін Израилдің таңдаулы халқы ретінде санайды. Қазіргі Қазақстанда екі кішігірім бірлестігі бар.

Мунниттер – корейлік уағыз таратушы Сон Мен Мунның ізбасарлары. Оның сөзіне сүйенсек, ол Иса пайғамбардың осы дүниедегі міндетін орындай алмағандықтан, енді бұл міндет Мунның өз мойнына жүктелгені жайлы аян алғандығын айтады. Бұл ілім жалған христандық, мистикалық және харизмалық идеялардың эклектикалық жиынтығы. Қазір Қазақстанда бір мунниттер бірлестігі бар.

Несториан діні – ежелгі христиан дініндегі бағыт, бұл ілім бойынша Иса пайғамбар адами әлсіздіктен арылып, құтқарушыға айналды. Қазақстан территориясына христиан діні алғаш рет несториандық формада келген болатын.

Ортодоксия – діни дәстүрді еш бұзбай, мүдірмей орындау.

Пәтуа – қазіргі замандағы жаһандық мәселелер, соның ішінде терроризм бойынша ислам дініндегі жетекші көшбасшылардың шариятқа негізделген діни шешімдері.

Политеизм – (гре. *poly* – көп және *theos* – құдай) – монотеизмнен бөлек көп құдайға табыну. Тарихтың ежелгі дәуірлеріне тән.

Православие – 1054 жылы батыстық бағыттағы католик діні (схизм) бөлектенгеннен кейін пайда болған, алғашқы

шығыс христиандық ілім. Православие католик дінідегі негізгі христиандық догматтарға берілген түсініктемелерді және ондағы пайда болған жаңа догматтарды мүлдем қабылдамайды. Замануи Қазақстанда православие саны жағынан және әлеуметтік өмірге ықпал етуі жағынан екінші орында тұр. Елдегі рухани ахуал көбіне православие мен ислам діні арасындағы сындарлы сұхбат арқылы анықталып отыр.

Провиденциализм (лат. *providentia*) – құдайдың әрекеті болып саналатын тарихтың теологиялық тұжырымдамасы, оның негізі бойынша орын алған тарихи оқиғалардың барлығы Құдайдың ерігімен орындалып, оның көздеген мақсатының жүзеге асырылуы болып табылады.

Пресвитериандық дін – XVI ғасырда Шотландияда негізі қаланған протестантизмнің бір бағыты. Басты – шіркеу құрылымын жеңілдетіп, басқару органдарын қауымның өзі сайлауы. XX ғасырдың 90 жылдарынан бастап, шетелдік уағыз таратушылардың күшімен «Грейс – Благодать», «Галбори», «Он-сезан», «Корё», «Үміт», «Сион» және т.б. сияқты пресвитериандық шіркеулер желісі пайда болды.

Прозелетизм (грек. *proselytes* – келімсек) – өзге діндегілер мен зайырлы бағыттағыларды өз дініне тарту.

Протестантизм – XVI ғасырда Реформация кезеңіндегі идеологиялық қозғалыстар мен католик дінін сынға алу нәтижесінде Еуропада пайда болған христиан дінінің бағыты. Протестантизм сенім көзі ретінде тек Інжілді ғана мойындайды және шіркеудің делдал рөлін атқаруын жоққа шығаруды талап етеді. Қазір әлем бойынша өзіндік жолмен құрылған протестанттық шіркеулер саны артып келеді. Жетінші күн адвентистері, баптистер, лютерандар біздің елімізде тәуелсіздік алған уақытқа дейін де болған, сонымен қатар біздің мемлекетіміз үшін жаңа болып табылатын, 90 жылдары шетелдік миссионерлердің күшімен келген неопротестанттық ұйымдар да бар.

Псевдодіни экстремизм – өзге діни ілімдерден радикалды түрде бас тартып, заңға қарсы шаралар мен лаңкестік әрекеттер ұйымдаруға дейін барып, өз ұстанымдарын күшпен ендіру. Дін сүйіспеншілікке, аяушылық сезімге және өзара түсіністікке жетелейтіндіктен, оның бойында экстремизмге орын жоқ. Алай-

да діни сауатсыздық белгілі күштердің, халықаралық топтардың, трансұлттық компаниялардың өз үстемдігін орнату мақсатында қолданып, псевдодіни экстремизмнің идеологиясына әкеліп ұрындырады. Діннің негізін білмейтін адамдарды арнайы технологиялардың көмегімен саналарын улап, «сенім жолындағы күрес» ұранымен бір сәтте қылмыскерлер мен террористерге айналдырып жібереді.

Реформация – (лат. *reformation* – қайта өзгеруе) – XVI–XVII ғасырдағы батыс және орталық Еуропаның көптеген елдерін жаулаған және католик шіркеуінің үстемдігіне қарсы идеологиялық қозғалыс. Бұл қозғалыстың нәтижесі христиандағы протестантизм бағытының пайда болуына алып келді.

Сәләфия (араб. – ата-баба, бұрынғылар) тарихтың түрлі дәуірлеріне тән және ежелгі мұсылмандар қауымдастығының сенімі мен өмір сүру салтын қайта жаңғыртуға шақыру жолындағы мұсылман қайраткерлерінің басын қосқан исламның бір бағыты. Бұл бағыттың танымал өкілінің бірі арабиялық дін уағызшысы әл-Ваххаб (XVIII ғ.). Оның жақтастары Пайғамбардың қасиеттілігін мойындаудан бас тартып, оны қарапайым адам санайды. Олар әулиелерге табынуды, қасиетті орындарға барып зиярат етуді мойындамай, өз қатарына қосылмағандардың барлығын дінсіздер, тура жолдан тайғандар деп айыптап, оларға төзімсіздік танытады. Қазақстанда кейбір сәләфилік бірлестіктер қызмет етеді, олардың жартысына заңмен тыйым салынған. (2 қосымшаны қараңыз).

Сүннизм – алғашқы төрт халиф Әбу Бәкір, Омар, Осман, және Әлиді Мұхаммед пайғамбардың заңды мұрагерлері ретінде санайтын исламның негізгі бағыты. Сүннизм Құран мен Сүннетті сенім көзі ретінде мойындайды (хадистер, Пайғамбар өсиеттері және оның өмір жайлы әңгімелер жинағы). Қазақстандағы мұсылмандардың басым көпшілігі сүннеттік бағыттағы исламның ханафи мазхабын ұстанады.

Сопылық – исламдағы мистикалық бағыт. Бұл ілім бойынша, адамгершілік пен рухани кемелдену жолы діндардың жүрегін тазартып, Алланың жүзіне бұрады. Сопылық идеясын халықтық сеніммен, тәңіршілдікпен біріктірген Қожа Ахмет Йссауи қазақ халқының қасиетті тұлғаларының бірі ретінде мойындалады. Бүгінде елімізде Қожа Ахмет Йассауидің әсеріне ұшырған сопылық қауымдастықтар қызмет етеді.

Тәңіршілдік – ежелгі түркілердің монотеистік діні, олардың ерекшелігі мен даралығын көрсететін түркі әлемінің дүниетанымдық өзегі. Тәңір дүние мен адам тағдырын билейді. Ол әлемді үшке бөлді: Жоғарғы әлемнің құдайы Тәңір, Жер-су – Ортаңғы әлемнің бас құдайы және төменгі әлем – Ерліктің жер асты патшалығы. Тәңіршілдік көшпенділердің дүниетанымы бойынша, әлем табиғатын рухтандырып отырды. Қазақстан территориясына ислам келісімен, тәңіршілдік жаңа дінге әсер етіп, араласып кетті.

Толеранттылық – өзге діни ұстанымдағыларға құрмет танытатын дінаралық сұхбаттың басты шарты. Төзімділік қағидасының Декларациясына (ЮНЕСКО, 1995) сәйкес толеранттылық әлемнің мәдени әралуандылығын мойындайтын жалпыға ортақ құндылық болып табылады.

Терроризм – заңсыз және адамгершілікке жат әдістерді пайдалана отырып, тіпті кепілдікке адам алып, бейкүнә адамдарды азаптап, өлтіретін аса ауыр қылмыстарға дейін баратын, тарихтың барысына әсер етіп, жаһандық ауқымда әлем қауіпсіздігіне қауіп тудыру әрекеті. Терроризм бұтақ тәрізді жан-жаққа тараған, ақпараттық және үгіт-насихат қорлары бар халықаралық желі, қаржылық қор. Теорроизм өзінің арсыз әрекетін жүзеге асыру үшін діни риториканы, радикалды діни ағымдарды, псевдодіни экстремизмді пайдаланады.

Фикк (араб. – түсіну) – мұсылмандық құқық. Фикк Құранға, Сүннетке, ижмаға (дінді уағыздаушылардың келісілген пікірі) мен аналогияға негізделген. Сүннеттік фикк ханафилік, мәликиттік, шәфиттік және ханбалиттік сияқты төрт құқықтық мектепке бөлінеді. Қазіргі Қазақстанда ханафи мазхабындағы фикк негіздері ұсынылған.

Фетишизм (от франц. *fétiche* – бойтұмар, пұт) – тылсым күштері бар жансыз заттарға табыну. Тас та, ағаш та, кез-келген зат табыну объектісі болып, тілектері орындалуы үшін оларға шеге қағып, құрбандыққа шалуы мүмкін. Фетишизм Қазақстан территориясындағы ежелгі діннің бір формасы ретінде болды.

Фундаментализм – ежелгі «таза» сенімді қайта жаңғыртуға тырысатын әр дінге тән діни сенімнің түрі. Фундаментализмді белгілі бір халықаралық ықпалды қауымдастық көбіне территори-

яларды, қаржылық және ақпараттық, зияткерлік қорларды жаулап алу мақсатында пайдаланады.

Ханафи мазхабы – сүннеттік исламдағы құқықтық мектеп, оның негізін қалаған әйгілі дінді уағыздаушы, құқықтанушы Әбу Ханифа болып табылады. Ханафи мазхабына сенімнің ақылға жүгінуі, ашықтық, өзге діндермен, сонымен қатар мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен сұхбаттасуға тырысуы сияқты сипаттар тән. Қазақстандағы мұсылмандардың басым көпшілігі осы бағытты ұстанады.

Христиан діні – I ғасырда Рим империясының шығыс ауданында пайда болған дін. Бұл діннің мазмұнын Құдайдың үштұғырлығы, құдай кейпіне енуі, күнәсін өтеуі жайлы догматтар құрайды. Христандар Құдайдың Иса пайғамбарды жер бетіне адамдардың күнәсін шайып, өлімді жеңу үшін жібергендігіне сенеді. Иса пайғамбардың жер бетіне Құдайдың ұлы ретінде әрі адам кейпінде келуі бүкіләлемдік тарихтың шарықтау шегі саналады. Христиан дінінің негізінде адамзатқа деген сүйіспеншілік, аяушылық сезімі, үміт, сенім, мейірімділік, қайырымдылық, зорлықтан бас тарту, отбасы беріктігі және ұрпақтар сабақтастығы сияқты христиан өркениеті мен христиандық құндылықтар жүйесі қалыптасты. Христиан құндылықтары өнер шеберлерін ақындарды, суретшілерді, мүсіншілерді, сәулетшілерді ұлы көркем шығармаларды туындатуға шабыт берді.

Шиизм (араб. *ши'а* – топ, партия) ізбасарлары жағынан сүннизмнен кейінгі екінші орында тұрған исламдағы бағыт. Шииттердің пікірінше, Осман халиф жинақтаған Құранның мазмұнында Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, күйеубаласы, төртінші халиф саналатын Әлидің аяттары жоқ. Шииттер Сүннеттің тек Әлиді ұлықтайтын мазмұнын ғана мойындайды. Мұхаммед пайғамбардың мойнына алған міндетінің мұрагерлері оның тікелей ұрпақтары саналады, олар: Мұхаммед пайғамбардың қызы Фәтима мен Әлидің балалары, немерелері, шөберелері.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дін және қазіргі әлем

Мыңжылдаған бойы дін өмірдің қайнар көзі, дүниетанымның өзегі, халықтық салт-дәстүрі және мыңдаған адамның мәңгі ғұмыр кешуге деген үміт оты болған еді. Бір дәуір екінші дәуірді алмастырды, ұрпақтар буыны ауысып отырды, ұлы империялар құлады, адамзат тарихының мәнісін, болмыстың қасиетті мәнін және дүниені тану жолында жаңа идеялар мен биік талаптар пайда болды. Осы орайда дін адам үшін қашан да өмір теңізіндегі жол сілтеушісі ретінде болды. Дін арқылы жақсылық пен жамандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің аражігі ажыратылды, оның бойынан жүрек жанына медеу іздеп, қайғысын басып, Жаратушымен жақындастыра түсетін биік руханиатқа жетелейтін күшті көрді. Бұл әлемдегі адам болмысының әуелбасты әмбебап құндылықтарын дін берді, ол скептицизм мен агностицизмге, күмән келтіруге жол бермей Ақиқат, Жақсылық пен Әсемдік сияқты абсолюттік өлшемдермен қамтамасыз етіліп отырды.

Біз, ежелгі түркілердің сенімі тәңіршілдіктен бастап, исламның келуі және оның өзге де халықтық сенімдермен өзара ықпалдасуының нәтижесінде өзгеріске ұшырауына дейінгі кезенді қамтыған Қазақстан территориясындағы діндер тарихын жаңғыртып, ұзақ жолды бастан кешірдік. Әлем тарихы аясында дін түркі-исламдық, буддалық, христиандық сияқты ұлы өркениеттер әлемінің өзегіне айналғандығына көз жеткізе отырып, Қазақстан аймағындағы исламның таралуының негізгі тарихи кезеңдерін қамтып өттік. Дін сонымен қатар, біртұтас мемлекет пен оның құндылықтар жүйесін қалыптастыратын бастауларды біріктірушінің рөлін атқарды.

Біз Қазақстан тарихындағы жаңа дәуірді де назарымыздан тыс қалдырмай, ар-ұждан еркіндігін қамтамасыз ете отырып, өзінің ұлттық саясаты арқылы азаматтардың рухани белсенділігін арттыруға септігін тигізіп отырған көпұлтты, көпдінді қоғамдағы зайырлылық қағидасы қалай жүзеге асатындығын талдап шықтық. Дін өз кезегінде мемлекетпен ортақтаса отырып, қоғам мен

адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелдене түсуіне үлес қосып отыр.

Әлемдік қауымдастыққа дінаралық келісімнің бірегей үлгісін ұсынып отырған Қазақстанның тәжірибесін ұғыну үшін өзге елдердің діни саласында не болып жатқанына көз жүгіртіп өтейік. Ең алдымен, біз өзіміздің әлемнің өзарабайланысты және өзара тәуелді болған жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатқанымызды назарға алуымыз керек. Ендігі тұста шетте қалған аралдар мен жердің бетіндегі жоғалған территориялар жоқ. Бүкіл ғалам жаһандық коммуникативті желімен шырмаланған, сондықтан шалғайда орын алып жатқан оқиға, жақын маңда болып жатқан секілді болып, өзіңді соның қатысушысына айналдырып жібереді.

Жаһандану бір қарағанда, тауар, инвестиция, несие, ақпарат ағынының қарқынды ұлғаюы, адамдардың идеялармен алмасуы, нарықтың, қаржылардың, технологиялардың интеграциясы, трансұлттық компаниялардың қалыптасуы сияқты құбылыстардың есебінен ықпалды экономикалық үдеріс болып отыр. Басқаша қырынан қарастырсақ, жаһандану – мәдениет, саясат, әлеуметтік институттар, демография, білім, ұлтаралық және дінаралық қатынас сияқты әлеуметтік саланы тұтастай жаулаған көпсатылы, көпаспектілі құбылыс болып табылады.

Алайда жаһанданудың сипатын анықтау үшін бұл анықтамалар да аздық етеді. Бұл құбылыстың мәні – өркениеттің үлгісін, адамның өмір сүру үлгісі мен оның әлеммен қатынасын өзгертуде жатыр. Адамдардың виртуалды кеңістіктерге көшіп, интернет-қауымдастықтардың, коммуникативті қатынастың заманауи үлгісі, гибридтік ақыл-сананың пайда болуы орын алып отыр. Ақпараттық ағындар тоғысында адам жаңа әлеуметтік орынға иеленеді, ол әлеуметтік желілер мен блогтар арқылы амбицияларын жүзеге асырып, бұрындары болмаған еңбек ету, білім алу, танысу мен кездесудің кең мүмкіндігінің арқасында қарым-қатынас көкжиегін кеңейтеді. Оның алдында барлық мұражайдың қазынасы мен әлемнің үздік кітапханаларының есігі ашылады. Ол үйден шықпай-ақ танымал сахна шеберлерінің концертін тамашалап, қалаған фильмдерін көріп, кітаптар жүктеп, интернет-романның қосымша авторына да айнала алады.

Бүкіл адамзаттың зияткерлік күшінің азығы болып табылатын жаһандану қарама-қайшы сипатқа ие. Оның бойында, адамзаттың

бірлесіп, бүкіл ғаламға төніп тұрған қауіп-қатерді ортақ шешуге талпынып, жер-жаһандағы ортақ әрекетін саналы ұйымдастырып, жүзеге асыра алатын әлеуеті бар. Бірақ өзінің осы заманауи үлгісіндегі жаһандану үрдісі барлық халықтар мен елдердің жетістігіне айнала қойған жоқ. Оның нәтижелері бай-қуаттылар мен қолында билігі барларға тиімді болып отыр, ал интернеттен мақұрым кедейлер болса, бұрынғысынан да бетер кедейлене түсуде. Осылайша, экономикалық, қаржылық, білімдік, ақпараттық қорлардың теңдей бөлінбейтіні одан сайын күшейіп келеді.

Ал жаһанданудың алаңдататын ең қауіпті тұсы – оның әлемнің мәдени ерекшеліктер мен ұлттық белгілерін жойып, бәрін бір үлгіге салуға тырысуы. Заманауи философтардың бірі: «Барлығы бірі-біріне ұқсап кеткенімен, біреуі де өзі-өзіне ұқсамайды... Әдебиет пен өнер жайлы көпшілік не айтса, біз де соны айтамыз, біз басқаларға қарап тобырдан қашуды үйрендік, өзгелер ерсі дегенді, біз де ерсі санаймыз, қалай рахаттанып, қалай жек көретіндіктерін көріп, біз де рақаттанамыз, жек көріп жатамыз. Әр артықшылықты бойымызға шегелеп аламыз. Кез-келген ақиқат бір күні өз күшін жояды», – деп айтқан болатын. Өзге сөздермен айтқанда, ерекшелік, даралық, тұлғалық бүгінде қауіпке ұшырап отыр.

Барлық нәрсені ортақ қалыпқа келтіріп, бірыңғайлап, бірдей етуге болады. Тек адам жаны ғана дара. Адам жаны бір қалыпқа келтірілмейді. Оның бойында ішкі рухани күш бар, оның алдында жаһанданудың өзі де әлсіз. Бұл адамның Жаратушымен рухани қатынасқа түсуге деген әуелбасты қажеттілігі, оны ештеңенің де күшімен жоя алмаймыз. Адам жаны қиналған сәтте, сәтсіздікке ұшырағанда Жаратушыға жалбарынады. Жанымыз қуаныш пен шатыққа бөленгенде, қуанғанда да Жаратушыға алғысымызды жаудыртамыз. Бұрындары да осылай болған, қазір де, тіпті жаһандану дәуірінде де осылай болады және осылай болып қала береді.

Бір қалыпқа келтіруге бой алдырмайтын, қарсы тұратын күш – бұл адамның жаны, яғни дін мен оның негізгі құндылықтары және осы құндылықтарға негізделген мәдени дәстүрлер. Сондықтан да қазіргі таңда дінді әлеуметтік кеңістіктен ығыстыратын секулярлы дүниетанымнан постсекулярлы қауымдастыққа өту үрдісі жүріп жатыр. Олардың бойында білім мен сенімнің, ғылым мен діннің, зайырлы мемлекет пен рухани құндылықтардың жана арақатынасы қалыптасып келеді.

Әлемдік ауқымдағы үрдістің негізі діннің әлеуметтік, мәдени және саяси салаға оралуында жатыр. Бірақ оның Жаратушымен үзілген байланысты қайта жаңғырту, кемшіліктерді жою, қайырымдылардың кемелденуі, мәңгі өмірге ие болу үшін рухани тұрғыдан өсу сияқты терең мәні мен мазмұны сақталып қалады. Сүйіспеншілік, мейірімділік, аяушылық, әділдік, ар, патриотизм, шығармашылықпен айналысу құқығы, адалдық пен абырой, мәдениет пен ұлттық дәстүр, бейбітшілік, еркіндік - міне осы құндылықтардың барлығының бастауы кіршіксіз, таза Сенім болып табылады.

Дін экономика, мәдениет, саясат саласына қайта оралып, адамгершілікті оятып, рухани көз соқырлардың жанарын ашып, осы саланың барлығына жағымды ықпал етіп отырғандығын қайталап өтейік. Бірақ та бұл үдеріс әр елде әрқилы жолдармен жүзеге асып жатыр. Еуропада осы еуропалық өркениеттің сипаты мен ішкі мазмұнын қалыптастырған христиандық құндылықтардан ашық түрде бас тарту үрдісі күшейіп келеді. Әлем тарихында алғаш рет христиандық сенімнің болмысына жат шешімдер заңды түрде қабылданып отыр. Ендігі отбасы институты, ұрпақтар сабақтастығы, тұлға абыройы мен өмірдің рухани мәнінен бас тарту үрдістері байқалып келеді. Тарихтағы Еуропа мәдениетіне үлкен абырой берген іргелі құндылықтар қарамақайшы келбетке ие болды. Адамгершіліктен мүлдем алшақ адам құқықтары оңды-солды рұқсат етілуде. Ар ұждан еркіндігі – ар ұжданнан мүлдем алшақтады, отбасы келемежге айналды. Бұл барлық еуропалықтар үшін әділетті жағдай деуге келмейді. Алайда христиандық құндылықтардан бас тартып, өз ойын еркін білдіруді, адамгершілікке жатпайтын адам құқығын қамтамасыз етуге өтуді Еуропалық Одақ басшылығы толығымен қолдап отыр.

Ал Еуропадағы христиандық діндарлық дағдарысқа ұшырап жатқан кезде, ислам діні кең қанат жайып келеді. Мешіттер тұрғызылып, шарифат заңдылықтары кейбір елдердің заңнамалық ережелеріне кіріп, ислам дінін қабылдаған, еуропалықтардың саны артып, еуроислам концепциясы қалыптасуда, ал оның мәні «Мен мұсылманмын. Мен еуропалықпын» деген сөздерімен білдіріліп отыр. Исламның ықпалын саяси күштермен әлсірету мүмкін емес, себебі оның рухани әсері жоғары. Тұтас алғанда, Еуропадағы христиандық діндарлықтың төмендеуі, исламдық белсенділіктің

артуы есебінен орын алған. Бірақ, пайыздық көрсеткіші жағынан ислам алдыңғы қатарда тұрған жоқ.

Қазақстандағы жағдай мүлдем өзгеше. Христандық сенімнің деңгейі төмендеуде деуге келмейді. Қазақстандағы христиандық православие алдыңғы орында, ендігі ресми, сыртқы емес, ал ішкі терең сенім өзекті болып отыр. Католицизм туралы да осылай деуге болады. Неопротестанттық бірлестіктер аз тіркелмесе де, ондағы жалпы діндарларының пайыздық көрсеткіші төмен болып келеді. Исламның сүннет бағытындағы ханафи мазхабы қазіргі Қазақстандағы басты сенім, оның діндарларының саны – 70%. Тәуелсіздік алғаннан кейін рухани жаңғыру басталды, бүгінде ислам күннен-күнге халықтың жүрегіне жақындап, қазақстандық қоғамның нағыз руханиатына айналып отыр.

Әлемдік қауымдастықтың рухани кеңстігінде еліміз ерекше ұстанымда болып отыр. Еуропада, тағы да атап өтейік, христиандық діндарлықтың деңгейі түсіп, халықты рухани шөл басып, тұтынушылықтың кесірінен рухани тынысы тарылып, адамдар өмірдің мәнінен айырылуда. Ал Қазақстанда керісінше, руханият өзені өз арнасынан шығып асып-тасып барады. Мейірімділік пен сүйіспеншілікке толы дәл осы рухани өзеннен сусындап, экономика, саясат, мәдениет, білім сияқты қоғамның барлық салалары жағымды әсер алып, зұлымдықтан арылу керек.

Осы кезде ғана өзіңнің діни, мәдени және азаматтық бірегейлігіңді, тарихи сана мен жадыны сақтап қалу мүмкіндігі туады. Егер адам жаны тірі болса, ата дәстүрі мен тамыры терең мәдениетіндегі ұлттық код пен рәміздерге берік болса, өзіңнің ұлттық келбеті мен мәдени ерекшелігіңді сақтап-ақ жаһандану үрдістерінің азықтарына ортақтасуға болады.

«Жаңа типтегі жаңғырудың ең басты шарты – өз ұлттық кодына тән өз мәдениетіңді сақтап қалу. Сол себептен де жаңа жаңғыру дегеніміз– бұл өткеннің, қазіргі шақтың және келешектің платформасы»¹.

Қазақстан «Зайырлы мемлекет және жоғары рухани құндылықтар» қағидасын жетекшілікке ала отырып, жаһанданған әлемде нық сеніммен дамып келеді.

¹ Назарбаев Н.А. Тәуелсіздік дәуірі. – Алматы: Қазақпарат, 2017. – 368 б.

Қосымша 1

Қосымша 1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР (01.01.2017 жылдың көрсеткіші бойынша)

№	Діндер	Саны
1	Ислам	2550
2	Православие	294
3	Католицизм	109
4	Протестанттық храмдар мен ғибадатханалар: Елуінші күн шіркеуі; Евангелиелік баптист-христиандар; Иегова куәгерлері; Пресвитериандық шіркеулер; Жетінші күн адвентистері; Евангелиелік-лютерандық шіркеу; Методистер; Жаңа апостолдық шіркеу; Иса Пайғамбардың соңғы қасиетті күндері шіркеуі (мормондар); Меннониттер	495
5	Кришнаиттер мен Бахаилер	7
6	Иудаизм	7
7	Буддизм	2
	БАРЛЫҒЫ	3 464

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ¹

«Асбат аль-ансар» – Штаб-пәтері «Айн-аль-Хильва» (Сайда к., Ливан) палестиналық лагерде орналасқан, 1985 жылы құрылған террорлық ұйым. Бұл топ заңсыз әрекет ететіндердің қатарына жатады. Негізгі қызмет ету түрі «терроризмді саудалау» – тапсырыс бойынша шерулер өткізіп, өзге экстремистік ұйымдарға арнайы дайындалған әскерлерді ұсынады.

«Мұсылман бауырлар» қоғамы – 1928 жылы құрылған ұйым. Ұзақ уақыт бойы «бауырластықтың» идеологиялық ілімі болған жоқ, тек Құранның «қасиетті соғыс» жайлы негізгі іліміне ғана сүйенді. Тек 1980-190 жылдары ғана бірлестіктің құрамына кіретін ұйымдар уаххабизмді бірыңғай идеология ретінде қабылдап, олардың бірігуіне септігін тигізді. Негізгі қызметі: арнайы әскерлерді өз құрамдарына тартып, дайындықтан өткізу, түрлі елдердегі қарулы қақтығыстарға қатысу, сепаратистік элементтерге идеологиялық, әскери және қаржылай көмек көрсету.

«Әлеуметтік реформалар қоғамы» – штаб-пәтері Эль-Кувейтте орналасқан ұйым (Кувейт). Мемлекеттік емес қайырымдылық ұйым ретінде әрекет етеді, қайырымдылық бағдарламаларын жамылып, «Мұсылман бауырлар» қоғамының ислам елдеріндегі зайырлы билікті құлату сияқты басты мақсатын жүзеге асырады.

«Талибан» ультраконсервативті радикалды қозғалысы – 1994 жылы пакистандық колледж студенттері тобынан құрылған, оның мүшелері оңтүстік Ауғанстандағы Кандагардан шыққан пуштундардан құрылған. Талибандар елдердегі «мұсылмандыққа жатпайтын» тіпті мәдени жәдігерлерді де жою саясатын жүзеге асырады. Мысалы, 2001 жылы адамзаттың мәдени жетістігі ретінде Юнесконың құрамына кірген Бамиан алқабындағы Будда мүсінін жойды.

«Боз Гурд» – 1948 жылы Түркияда негізі қаланған радикалды бағыттағы пантүркілердің әскерилендірілген ұйымы. 1968 жылы «Идеалистік ұлы қоғам» мен «Түркілік демократиялық идеалистік

¹ Роль традиционных религий в противодействии экстремизму и терроризму. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2011. – 150 с. – С. 143–145.

бірлестіктердің федерациясы» сияқты жартылай әскери және диверсанттық-терроистік екі ұйыммен бірікті. Құрылған альянс «Ұлттық қозғалыстар партиясы» болып кейіннен өзгерді, оның бағдарламасы асқан ұлтшылдылық қағидасына сүйенді.

«Әл-Каида» («База») – 1988 ж. Ауғанстанда Усама бен Ладен негізін қалаған ұйым. Мақсаты – бүкіл әлемге «мұсылмандық мемлекет» орнату. Қазіргі таңда «Әл-Каида» көптеген тармақтары бар халықаралық ұйым. Ешқандай да «қызу жанжал орталықтары» бұл ұйымның қаржыландуруынсыз жүзеге аспайды.

«Орталық Азиядағы моджахедтер жамағаты» – «Әл-Каида» Халықаралық лаңкестік ұйымының қатарындағы құрылымдардың бірі. Заңсыз қаруланған әрекеттерге қаржылау қолдау көрсетіп, «Нағыз қызу жанжал орталықтарына» арнайы әскерлерді дайындап жібереді.

«Лашкар-и-Тайба» – уаххабиттік бағыттағы пакистандық әскериленген экстремистік топ, 1990 жылы Ауғанстанның Кунар аумағында негізі қаланды. Басты мақсаты – Орталық Азиядағы, өзге елдердің мұсылмандық аймақтарындағы ықпалын кеңейту.

«Шығыс Түркістандағы Ислам партиясы» – ҚХР СУАР-дағы ұйғыр халқының әскериленген діни-саяси ұйымы, өткен ғасырдағы 90-шы жылдарында негізі қаланған. Мақсаты – Шығыс Түркістандағы тәуелсіз ислам Мемлекетін құру. Негізгі қызметі арандатушылық пен үгіт-насихат жұмыстарына бағытталған.

«Өзбекстанның ислам қозғалысы» (1995 ж.) – ұйымның негізгі қызметі Өзбекстандағы және ТМД-ның өзге елдеріндегі экстремистік діни ұйымдарды құруға бағытталған және шетелдік клерикалдық орталықтармен қаржыландырылады. Басты мақсаты: қастандық, лаңкестік әрекеттер арқылы Өзбекстанның ішкі саяси жағдайын тұрақсыздандыру, әскер шерулерді жоспарлау мен ұйымдастыру, шекаралардағы арандатушылық әрекеттерді ұйымдастыру, кепілдікке адам алу. Қару-жарақ пен есірткіні заңсыз тасымалдауға қатысады.

«Хизб-ут-Тахрир-аль-Ислами» – 1950 жылдардың басында Палестинада құрылған. Бірнеше жыл бұрын ғана қарулы жихад ұйымдастыру бойынша ашық әрекеттерді жүзеге асырмайтын идеологиясы бар құрылым ретінде болса, ал қазір оның құрамындағылар бірден-бір лаңкестік әрекеттерді ұйымдастырушылар болып табылады. «Хизб-ут-Тахрир» өзін саяси партия ретінде жариялайды, мақсаты – бірыңғай

Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы

теократиялық мемлекет – халифат құру. Оның мүшелерінің басты ұраны «бүгінгі күнде бүкіл әлемдегі дінсіздерді билігінен азат етілу».

«Аум Сенрике» (қазір «Алеф») – 1984 жылы Жапонияда құрылған діни секта. Оның идеологиялық негізі әлеуметке қарсы идеяларды насихаттап, тіпті адамдардың психикалық, физикалық денсаулығына зақым келтіріп, өлтіруге дейін баратын кертартпа сенім.

«Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы» – 1996 жылы Түркияда құрылды. Қарулы күрес пен лаңкестік әрекеттер арқылы ҚХР СУАР территориясы мен Ортаазиялық аймақтағы елдердегі өзіндік мемлекет құру. Оның мүшелері сепаратистік идеяларды насихаттап, қару-жарак пен жарылғыш заттарды заңсыз тасымалдаумен айналысады, құрамына жаңа мүшелерді тартып, халықаралық лаңкестік ұйымдардың лагерінде дайындықтан өткізеді, қатыгез лаңкестік әрекеттер ұйымдастырады және бейбіт халықты өлтіреді.

«Күрд халық конгресі» («Күрдтік жұмысшылар партиясы») – 1978 жылы құрылған, Күрдістандық ұлттық азат ету фронты (ENRK), астаналық кек алу тобы, Күрдістанның халықтық азат ету фронты (ARGK) сияқты әскери құрылымдары бар әскери-саяси ұйым. Партияның ұраны «бірыңғай, тәуелсіз демократиялық Күрдістан мемлекетін» құру.

«Халифат әскерлері» – 2011 жылы жазда Қазақстан азаматтары Ринат Хабидолла, Орынбасар Мунатов пен Дамир Зиалиев негізін қалаған исламистік топ, мақсаты – ҚР территориясына жихад ұйымдастыру.

Белгілі мәліметтер бойынша, «Халифат әскерлері» – Өзбекстандық ислам қозғалысы ұйымының бір бөлігі болып табылады. Мақсаты – елдегі саяси жағдайды тұрақсыздандырып, лаңкестік операциялар жүргізу.

2011 жылдың 25 қарашасындағы Атырау қалалық сотының шешімімен бұл ұйым лаңкестік болып табылып, Қазақстан территориясында әрекет етуіне тыйым салынды.


КӨРНЕКТІ МАТЕРИАЛДАР

I тарау

1) Ұлы Жібек жолы бейнеленген Ортағасырдағы Қазақстан аумағының картасы (4 томдық Қазақстан тарихын қараңыз. Т. 1.).



2) Қожа Ахмет Ясауи кесенесі.



Ахмет Ясауи кесенесі – Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Ясауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп ету орнына айналды.

3) Қазақстандағы мұсылмандардың қасиетті орындары



Бекет ата – ескерткіш ғимараттары – Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет Ата есімімен байланысты жер асты ғимараттарының ортақ атауы. Олар туралы халық жадында алуан аңыздар сақталған.

Бекет Ата Мырзағұлұлы (1750–1813) – әулие, халық батыры, абыз көреген, ағартушы, сәулетші. Туып, өскен жері Жем өзені бойындағы Ақмешіт Құлжан, Маңғыстау өңірі. Бекет Атаның білімдарлық, батырлық, әділдік, еңбексүйгіштік, абыз көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған.



Бұл кесене Сайрамның солтүстік-шығысында орналасқан шейх Ибрагим-Ахмет Ясауидің әкесі мазарының үстіне салынған. Басындағы құрылысы (XII–XIV ғғ.) көп уақыт шыдамай, құлап қалды. Кесене XIX ғасырда қайта салынды. Бұл кісі көріпкел, әулие кісі болған. Сайрам мұражайында жазбалар сақталған.

II тарау

1) Әлемдік және дәстүрлі діндер Съезіне қатысушылардың суреті.



2) Нұр-Астана мешіті



Нұр-Астана мешіті – Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан мешіт.
«Нұр Астана» мешіті 2005 жылдың 2 наурызында ашылды.

Грета Соловьева

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН
АУМАҒЫНДАҒЫ ДІНДЕР ТАРИХЫ**

Дизайн жасаған және беттеген: ***Ж. Рахметова***

ҚР БҒМ ҒК «Философия, саясаттану
және дінтану институты»

Басуға қол қойылды: 26.08.2020.
Таралымы 100 дана. Пішімі 60x84 1/16
Офсеттік басылым.
Шартты баспа табығы 20,25.

ТОО «378» баспада басылып шығарылды.
Алматы қ., Райымбек көшесі, 212/1